



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ж. Тілепов

XIV-XV

ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Алматы, 2015

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Жұмат Тілепов

**XIV-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

Оқулық

Алматы, 2015

ӘОЖ 821.512.122.0(075.8)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 73

Т 93

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

Ысқақұлы Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Есембеков Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Тегенев Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор.

Тілепов Ж.

Т 93 XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық. – Алматы,
2015. – 388-бет.

ISBN 978-601-217-551-6

Қазақ халқының XIV ғасырдан XX ғасыр басына дейінгі әдебиет тарихы уақыт жағынан алып қарағанда алты жарым ғасырды қамтиды. Осы мезгіл ішінде бүгінгі қазақ елі небір «тар жол – тайғақ кешулі» жолдан өтті, халқымыздың тағдыры талай рет таразы басына тартылды. Бұл еңбек – XIII-XIV ғасыр перзенті Сыпырадан бастап Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз (Шәлгез), Доспамбет, Марғасқа, Жиёмбет, Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді, Көтеш, Шал, Абыл, Есет, Махамбет, Сүйінбай, Мұсабай, Қашаған, Мұрат, Жамбыл т.б. қазақтың жыраулық мектебінің ілгері-кейінгі өкілдерінің үлгісін көрген, өздері сол мектепті әр кездерде аяғынан тұрғызған жыр дүлдүлдерінен Ыбырай, Абай және оған жалғас өмір кешкен Ығылман, Байбатырларға келіп ұласатын жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан пайымдауды мақсат етеді.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Тілеповтің бұл оқулығы Республика жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттері мен магистранттарына, оқытушы ұстаздарына, сондай-ақ, халқымыздың ақын, жыраулар мұрасы мен ел тарихының өткеніне ықыласты көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0(075.8)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 73

© Тілепов Ж., 2015

© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2015

ISBN 978-601-217-551-6

МАЗМУНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
СЫПЫРА ЖЫРАУ (XIII ғасыр – 1391).....	11
АСАН ҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ (1370-1470).....	24
ҚЫДАН ТАЙШЫ (XIV-XV ғғ.).....	36
ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ СҮЙІНШІҰЛЫ (XV ғасыр).....	40
ШАЛКИІЗ (ШӘЛГЕЗ) ТІЛЕНШІҰЛЫ (XV-XVI ғғ.).....	47
ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ (XVI ғасыр).....	60
МАРҒАСҚА ЖЫРАУ (XVII ғасыр).....	67
ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ (XVII ғасыр).....	71
БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ (1684-1782).....	78
ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ ТІЛЕУҰЛЫ (1697-1786).....	95
АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ САРЫҰЛЫ (1695-1788).....	109
ТӘТІҚАРА АҚЫН (XVIII ғасыр).....	117
КӨТЕШ РАЙЫМБЕКҰЛЫ (1747-1838).....	122
ШАЛ АҚЫН ҚҰЛЕКЕҰЛЫ (1748–1819).....	131
ҚОБЫЛАН БӨРІБАЙҰЛЫ (1760-1840).....	149
АБЫЛ ТІЛЕУҰЛЫ (1777-1864).....	155
ЕСЕТ ҚАРАҰЛЫ (1779-1869).....	167
ТҮБЕК БАЙҚОШҚАРҰЛЫ (1785-1860).....	173
ӨСКЕ ТОРҚАҰЛЫ (1788-1857).....	182
МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1803-1846).....	189
ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ (1807-1867).....	213
СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ (1815-1898).....	221
НЫСАНБАЙ ЖАМАНҚҰЛҰЛЫ (1822-1883).....	234
МҰСАБАЙ ЖЫРАУ (XIX ғасыр).....	239
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841-1889).....	251
ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ (1841-1929).....	262
МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ (1843-1906).....	282
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904).....	294
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846-1945).....	319
НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫ (1860-1918).....	328
ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ (1863-1929).....	336
ЫҒЫЛМАН ШӨРЕКОВ (1876-1932).....	349
БАЙБАТЫР ЕРЖАНОВ (1895-1919).....	370
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	377

АЛҒЫ СӨЗ

Адамзат баласының тарих көшіне ілесіп ғасырлар бойы өмір кешкен кез келген ұлттар мен ұлыстардың жалпы тағдыры бір-біріне кей тұстарда ұқсас келіп жатуы заңды құбылыс. Бірақ, бір ұлттың жүріп өткен жолы, өзімен тұрғылас басқа бір халықтың тартқан тауқыметін, көрген қызығын дәл сол қалпында қайталамақ емес. Белгілі бір тарихи аймақты мекен еткен ұлт, ұлыс атанатын мыңдар мен миллиондардың дүниенің басқа бір қиырындағы атын естісе де тірлігін көзімен көрмеген бейтаныс елдің тұрғындарынан да, тағдырдың жазуымен, бірде ащы, бірде тәтті көршілікте тұрып жатқан іргелес елдің өзі тектес халқынан да негізгі өзгешелігі осында.

Қадім заманан бергі қазіргі Қазақстан мен оған іргелес аймақтардың негізгі басыбайлы тұрғыны, ата мекен иесі болып тірлік кешіп келе жатқан қазақтар тарихының шамамен отыз ғасырлық уақыт кеңістігін қамтитындығы аян (Арриан. Поход Александра. М-Л, 1962); Пьянков И.В. Средняя Азия в известиях античного историка Ктесия. Душанбе, 1975; Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992, т.б.). Бұл уақыт ішінде, әрине осы халықтың мәйегі болып табылатын көптеген қазақ рулары, яки қазіргілердің арғы аталары сандаған халықтармен майдан даласында айкасты. Жеңді. Жеңілді. Басқа жұрттардың санын толықтырды. Сапасын арттырды. Кей тұстарда белгілі бір уақытқа есімін де өзгертті. Қайтадан бұрынғы атын иеленді.

Діні мен ғұрпына да өзгеріс енбей қалған жоқ. Мұның өзі оның тілінің өзгеруіне де ықпал жасады. Бірақ, дүниеден мүлде құрып кеткен жоқ. Жүдесе де талай тарихи жұттарды басынан кеше отырып белін бекітіп, буынын қатайтты.

Бұл аймақтың талай жат жұрттық елдердің әр қилы азаматтарының назарын ертеден-ақ өзіне аударып келгені де ешкімге құпия емес. Өйткені, ең алдымен мұндай шалқар дала, апайтөс атырапты дүниеге тойымды білмейтін обыр көздер көреді. Қызығады, иеленсем дейді. Сол мақсатын жүзеге асыру үшін тездете бел шешіп әрекет етеді. Сосын мұндай елдерге жиһанкездер, саяхатшылар, ғалымдардың ынта ықыласы да аумамай тұрмайды. Ал, бұлардың көңіл күйі кейде тек танысам, білсем дейтін адал ниетті пенделік қызығушылықтан бастау алса,

кейде өзінің өмір сүрген қоғамы мен мемлекетінің байысам, өзімдікі етсем дейтін тойымсыз аранына қызмет етумен астасып отырады.

Қалай болғанда да қазақ сахарасына дүниенің әр қиырынан ат ізін салғандардың саны аз емес. Қылышын жарқылдатып жеткен парсылар мен македондықтардың, арабтар мен монғолдардың, т.б. ауыр қолдары сайын даланың үстін талай рет сайыс алаңына айналдырған. Олардың пәрменділері жорық жолдарын, билік жүргізген тұстарын хатқа түсіріп отырған. Сондай-ақ, жеке бір мемлекеттердің атынан елшілік сапарында болғандар да, қазаққа көрші жұрттардың әртүрлі дәреже, лауазымдағы тарихшылары да өздері құлағдар болған жайларын қағазға өрнектеуден тартынбаған (Бабыр, Әбілғазы жазбалары, т.б.).

Соңғы үш ғасыр мыңдарындағы қазақ елінің тірлігі Ресей жұртымен байланысты болып келгені аян. Бұл елдің де қазақ даласын аралаған саяхатшыларымен, ел билеген әкімдері көрген-білген мағлұматтарын қағазға түсіруден жалықпаған. Олардың бірсыпырасы, тіптен қазақтың өткен өмірі, салт-дәстүрін зерттеп жеке кітаптар жазды¹. Фольклорлық мұраларын жинақтатып, тасқа бастырып шығарды². Бертін келе Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, т.б. өзіміздің ұлт өкілдері қазақтың өткен өмірі, қол бастаған батырлары мен ел басқарған билеушілері, салт-дәстүрі жайлы қалам тербеп, еліне ой салар шығармаларды дүниеге келтірді. XX ғасырдың басында «Шайыр», «Көксілдір» сияқты өткен замандардың жыраулары мен ақындарының мұраларын елге таныстыратын кітаптар басылып шықты. XX ғасырдың басында, Кеңес дәуірінде қазақтың білімдар азаматтары М. Тынышбаев, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, С. Аспандияров, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, М. Дулатов, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан,

¹ Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 1-3, СПб, 1832; Харузин А.Н. Киргизы Букеевской орды. М., 1889; Григорьев В. Россия и Азия. СПб, 1876; Гродеков Н.И. Киргизы и Каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т. 1., Ташкент, 1889; Львович Дм. По киргизской степи. Петроград. 1914; Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Киргизский край. Т. 18, СПб., 1903; Туркестанский край. Т. 19. СПб, 1913.

² Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи, ч. 3. СПб. 1870; Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи. Оренбург, 1885; Алекторов А. Киргизская хрестоматия. Ч. 1. Оренбург. 1898; Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. СПб. 1894, т.б.

Е. Бекмаханов, С. Аманжолов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Сәтбаева, С. Қирабаев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Ә. Дербісәлин, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, Қ. Сыдиқов, т.б. өз жұртының әрі-берідегі әдебиеті мен тарихын іштей байланыстыра отырып, өзге ұлт өкілдерімен жарыса зерттеді. Батырлар жырындағы, ақын-жыраулар мұрасындағы тарихи кейіпкерлерге ерекше назар аударды.

Қазіргі еліміз егемендік алған дәуірде ұзақ уақыт бойы еңсесі езіліп келген халқымыз өзінің өткен тарихына қатты ден қоюда.

Есет, Қабанбай, Бөгенбай, Ескелді, Өтеген, Абылай, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым, Жанқожа, Кенесары, Бұқарбай, Шортанбай, Қабан, Дулат, Мұрат, Асау, Барак, Қарасай, Наурызбай, Шотан, Сүйінғара, Досан, Иса, Мұрын, т.б. көптеген халқының қамал бұзған ерлері, еліне пана болған ел басылары, сұңғыла ақын-жырауларының мейрейтойлары өз дәрежесінде аталып өтуде. Олар жайлы ел аузындағы аңыз әңгімелер мен тарихи жырлар жеке кітап болып³, республика ауқымында өткізілген ғылыми конференциялардың материалдары⁴, жалпы ел басынан өткен елеулі оқиғалар турасында ілгері-кейінді кезеңдердегі зерттеушілер лебізі қайтара жинақталып басылуда⁵. Сондай-ақ, соңғы уақытта бұрынғы кеңестік идеологияның әсерінсіз жазылған С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтың⁶, көне қытай, араб, парсы жазба деректері мен түрік, моңғол шежіре-жылнамаларына сүйене отырып түзілген, 1987 ж. Қытай халық республикасының Шинжаң халық баспасынан «Қазақтың қысқаша тарихы» деген ат-

³ Абылай хан Тарихи жырлар. I том, Алматы, 1993; Хан Кене. Алматы, 1993; Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Алматы, 1992; Мұрат ақынның сөздері. Жиымбет батырдың ашуы – Кітапта: Х. Досмұхамедұлы. Аламан, Алматы, 1991; Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. Алматы: 1992; Билер сөзі. Алматы: 1992; Бөлтірік шешен. Алматы, 1993; Дала кеменгері. Алматы, 1992; Кердері Әбубәкір. Қазағым. Алматы, 1993; Бұқар жырау. Алматы, 1992.

⁴ Абылай хан Кенесары. Ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, – Алматы: 1993.

⁵ Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы, 1993; Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. Алматы, 1992; Сәнік З. Қаракерей Қабанбай. Алматы, 1991; Сәтбаев Қ. Ер Едіге. – Кітап: Сапбаев К.И. Избранные статьи. Алма-Ата, 1989; Дулатов М. Қазақ, қырғыздың ата тегі туралы. Сұлтан Хазірет. – Кітапта: Дулатов М. Шығармалары, Алматы, 1991; Серета Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1837-1847). Кітапта: – Хан Кенесары. Атырау, 1992; Кенесарин Ахмет. Султаны Кенесары и Сыздық. Алма-Ата, 1992; Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века, Алма-Ата, 1992.

⁶ Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992.

пен жарияланып, 1993 жылы Алматы қаласынан ептеп атын өзгертіп, қайтара басылған⁷ еңбектер бүгінде республика оқырмандарының қолдарында.

Халықтың ғасырларды көктей жүріп өткен жолы, сөз жоқ оның тек қай атырапты мекендеп, қандай елдермен айқасып, кімді қол астында ұстағандығын, болмаса кімге бодан болғандығынан мәлімет беретін жылнамашы мен тарихшының жазбаларымен шектелмейді. Сәулет өнері, ауыз әдебиеті, саз өнері секілді негізінен, елдің естиярлығын, халықтың жады мен зердесін таразылайтын рухани қазыналарында да ел тарихының ізі сайрап жататыны хақ. Және бұлардың берер мағлұматтары, шынына келгенде, сырттан келген жиһанкез тарихшының сөзінен гөрі шынайы болуы әбден мүмкін. Ал, бұл тұрғыдан келгенде осы ортада өмір сүрген, оның қуанышы мен сүйінішіне ең алдымен өкінетін де, сүйінетін де, жыраулар мен ақындар шығармасында сөз болар оқиғалар мен тарихи мағлұматтардың қадір-қасиеті тіптен ерекше. Бәлкім, халқының мерейі үстем тұсын бұл адамдар көтеріп айтатын шығар, бақыты қайтқан кезеңін еңсесі түсе отырып баяндайтын болар, бірақ, соған қарамастан осы мұралар өзіне айрықша назар аударуды керек етеді. Өйткені, әр дәуір жыршысының өз заманының тарихи кескінін бейнелеуге әрекет еткен шығармасы, әрі белгілі бір ұлт әдебиетінің жасын межелелеуге, әрі сол әдебиеттегі көтерілген мәселелерінің мән-мағынасын ашуға қызмет көрсетіп қана қоймай, сол халықтың ұлт ретінде қалыптасу, ержетіп, есею кезеңдеріне де куәлік етеді.

XX ғасырдың аса көрнекті ақыл-ой иесі, белгілі мемлекет басшысы Джавахарлал Неру өзінің «Дүниежүзілік тарихқа көзқарас» атты еңбегінде: «самые великие и гордые короли и императоры лишь краткий миг выступают на сцене мира. А цивилизации живут долго»⁸ – дегеніндей, шындығында да небір есімімен елді тітіренткен атакты билеушілердің дүниеге келіп-кетіп жататын адам ретіндегі өмірінің қысқа, ал, өркениет пен мәдениеттің ұлы ескерткіштерінің оларға қарағанда әлдеқайда ғұмырлы болатыны даусыз.

Сондай өмірлі мұралардың қатарына адам ақыл-ойының кейінгіге қалдырар елеулі ескерткіші – жыраулар мен ақындардың толғау жырлары да жатады дер едік. Өйткені, осы мұра арқылы қысқа өмірлі, бірақ

⁷ Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993.

⁸ Неру Дж. Взгляд на всемирную историю. Перевод с английского в трех томах. Т.1. – М.: Прогресс, 1989. – С.50.

тірлігінде елеулі істерге мұрындық болған тарихи жандардың атқарған қызметі ел санасында жаңғырығып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, солар көшін бастаған елдің тарихы өзінің орнын басқандарға – олардың қандай қауымның жалғасы екендігін танытып, белгілі географиялық аймақты қоныс еткендігіне, кімдермен қандай қатынаста тірлік кешкендіктеріне куәлік беруде. Ал, иландыру күшінің ересендігінде шек жоқ. Өйткені, ол сөздерге сүлесоктық, енжарлық жат. Өйткені, ол халқына пана, жеріне қожа бола білген, соны өзгелерден де күтетін мәрт мінез, көшелі ақылға ие сардар ақынның лебізі. Олай болса осы лебізден ел тарихын, халықтың өткенін табу – сол жұрттың ұрпағы үшін ғана емес, оның рухани мұрасына енжар қарай алмайтындардың бәрінде ділгер ететін мәселе болса керек-ті.

Әлбетте, кез келген ұлт пен ұлыстың ел болып қауымдасу дәуірі – оның кейінгі заманға жеткен әдеби шығармаларымен салыстырғанда әлдеқайда ересек болатындығында дау жоқ. Мәселен, қазіргі күллі түркі нәсілдестеріне ортақ деп танылып жүрген VII-VIII ғасырлар мұрасы – ОРХОН-ЕНИСЕЙ жазулары ежелгі түркілердің естияр кезеңінің бір тұсына куәгерлік ететін жәдігерлік қана.

Ал, бұл халықтың сол ескерткішті өмірге келтіргенге дейінгі дәуірдегі аталарының талай буынының қоғамдасып тірлік кешкендігін де шүбә жоқ. Өйткені, талай замандар бойы тар жол, тайғақ кешуді бастан кешкен, өзін өзі халық ретінде қадірлеу сезімі қалыптасқан, елдік санасы бар қауымнан ғана осындай ескерткіштер тумак. Олай болатын себебі – азаматтық тарихы сәулеленген елдің әдебиеті неғұрлым естияр халықтың өз тарихы одан әрмен естияр, одан әрмен күрделі болатындығын да күмән жоқ.

Әдебиеттану ғылымы, әрине, ел әдебиетінің тарихын өзінің азаматтық тарихынан тысқары қоя алмайды. Ал, қазақ әдебиеттану ғылымының ұзақ жылдар бойы ел басындағы саяси ахуалға байланысты, бұл мәселені халқымыздың жеке отау болып шаңырақ көтерген тұсымен байланыстырып қарайтын мүмкіндіктердің өзінен де мақұрым болып келгені белгілі. Тек, ілгеріде айтқанымыздай, соңғы жылдардың межесінде ғана бұл тарапта біраз жаңа пікірлер, тың көзқарастар дүниеге келуде. Бұлардан шығар қорытынды қазақ әдебиетінің тарихын жеке қазақ ұлысы болып бөлінбей тұрған мезгілден бастауға, яки, қазір күллі дүние жүзі білетін бірсыпыра сол мұраларды өзгелермен еншілесе отырып, ортақ жәдігерлік ретінде меншіктеу қажеттілігіне саяды. Өйткені, қазіргі қазақ жұртының қазақ атанғанына да көп заман өткен.

Халқымыздың тарихын ХІХ ғасырда тиянақты зерттеуге тырысқан Алексей Левшин сынды ғалым Х ғасырдағы Фирдоуси шығармасында қазақ атауының кездесетініне қарап, қазақтар сол кезден белгілі дегенге меңзейді⁹. Өзіміздің ұлы Абай Құнанбаев «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде халқымыз осы күнгі есімімен VIII ғасырдан бері мәлім. Бұл атауды оған сол кездерде біздің атырапқа қадам басқан араб жауынгерлері берген дегенге саяды. Ал, С.Е. Малов болса өзінің «Енисей жазуларын» зерттеген еңбегінде VIII ғасырдың Ұйық-Тұран бойындағы тасқа жазылған түркі ескерткішінен «Қазақ оғлум» (алып ұлым, батыр балам) сөзін оқып, шындығында да ұлтымыздың арғы ата-бабаларының берісі осы тасқа есімі түскен кезінен бері белгілі жарандардың әулетіне жататындығына кепілдік тауып бергендей болды¹⁰.

Демек, қазіргі ұйғыр, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, түрікмен, хақас, алтайлықтар өз әдебиетінің тарихын бергі ұлт болып қалыптасқан шақтан емес, сонау күллі түркі жұртының іргесі бөлектенбей, бірге жүрген кезінен бастап жатқан тұста¹¹ VI-XIV ғасырлар межесін қамтитын, арқауы үзілмеген, мәйегі бұзылмаған Орхон-Енисей жазулары, Қорқыт ата кітабы, Оғызнама, Әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, А. Яссауи, А. Иүгінеки, С. Бақырғани, Рабғузи, Құтып, Хорезми, С. Сарай, т.б. қасиетті де қастерлі мұраларымызға өзгелердің еншісіндей жасқаншақтана қарай алмайтындығымыз белгілі.

Осы жағдайларды ескере келіп, республиканың әдебиетші ғалымдары еліміздің жоғары оқу орындарының филолог студенттеріне арналған оқулықтары мен оқу құралдарын ежелгі дәуірдегі, хандық дәуірдегі, ХІХ, ХХ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің уақыт кезеңдеріне байланыстыра отырып, рет-реттерімен жазып, жариялатып келеді. Бұлардың қатарында белгілі ғалым, профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 1997, 2006 жылдары жарық көрген VIII ғасырдан ХХ ғасырға дейінгі мезгілдің әдеби процесін қамтитын оқулығы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Тұрсынбек Кәкішев бастаған ұстаздар

⁹ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Ч. 2, СПб, 1832.

¹⁰ Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.Л. 1952. – С. 16-20; Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993. – 36-б.

¹¹ Жолдасбеков М. Алғы сөз. // Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991 – 4-б.

қауымы дайындаған «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атанатын 2001 жылы басылып шыққан ежелгі дәуірден басталатын екі томдық оқу құралының, белгілі ғалым, Халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» атты XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жыраулары шығармашылығына арналған (1968, 2006) еңбегі мен ілгеріректегі академик Қажым Жұмалиевтің, профессорлар Бейсенбай Кенжебаевтың, Әнуар Дербісәлиннің, кейінгі жылдардағы Алма Қыраубаеваның, Нәмет Келімбетовтің, Қабиболла Сыдиықовтың, т.б. еңбектері бар. Біздің оқырман назарына ұсынылып отырған 1995 жылы «Елім деп еңіреген ерлер жыры» атты республика жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралының толықтырылған нұсқасы да сол еңбектердің заңды жалғасы ретінде қабылданады деген ойдамыз.

СЫПЫРА ЖЫРАУ (XIII ҒАСЫР – 1391)

Қазақ халқының ежелгі жыраулық дәстүрінің басында тұрған шығармашылық ұлы тұлға – Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы. Академик В.М. Жирмунский оны шығармашылық тұлға ретінде «Қырымның қырық батыры» атанатын ноғайлы дәуірінің ұланғайыр көл-көсір жәдігерлігінің басында тұратын ұлы жырау деп біледі. Кейінгі Абыл, Нұрым, Мұрат, Қашағандар арқылы жалғасып келіп, Мұрын Сеңгірбеков айтуымен елге жеткен аталмыш туындының жай-күйі туралы ілгері-кейінді пікір айтқандар да, сондай-ақ, Сыпыра жырау аты мен шығармашылығына қатысты лебіз білдіргендердің (С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, С. Садырбаев, Қ. Сыдиықов, М. Мағауин, О. Нұрмағамбетова, Ж. Тілепов, т.б.) қай-қайсысы да жалпы оны өмірде болған адам деп біледі.

Ол туралы қазақ ғалымдары ішінде 1905 жылғы Ш. Уәлихановтың, 1927 жылы Қ. Сәтбаевтың жинақтарына сүйене отырып алғашқы рет мейлінше орнықты пікір айтқан адам – қазақ әдебиетінің классигі, өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы көрнекті мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин.

Жыраудың Алтынорданың XIV ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарындағы атақты билеушісі Тоқтамыс хан заманындағы лебізіне елі ділгер адамы екендігіне оның Тоқтамыс пен Едігенің араздасқан кезінде айтқан сөздері дәлел.

Ел билеушісі, яғни Тоқтамыс хан Алтынорданың іргесін шайқалтқалы тұрған аласапыранның алдында талай ақылгөйлерінің пікірлерін тыңдайды. Бірақ ешқайсысының сөзі көкейіне қонбайды. Тоқтамыс хан болғаныменен, оған өзі билеп отырған қалың ноғайлының осы сәттегі өз көкейіндегі ойды тауып айтатын өз перзенті, яки ноғайлы әулетінен шыққан дуалы ауызды жанның лебізі керек еді. Сол сөзді, Тоқтамыстың көкейіндегі ойды Сыпыра жырау тап басып айтады. Оның бұл лебізі, алайда Тоқтамыстың жылы көзқарасында болуды мақсат еткен арзан ақыл иесінің толғанысы емес екені кімге болса да түсінікті. Ш. Уәлиханов хатқа түсіріп, 1905 жылы жарық көрген, сондай-ақ, кейіннен «Ер Едіге» деген атпен Москвадан Қ. Сәтбаев бастырытып шығарған жинақтардағы Едіге батыр Тоқтамыс қарамағынан қашып шыққаннан кейін Ноғайлының ауыр жұрты абырайды. Сонда Тоқтамыс тоғыз ерін алдырып ақыл сұрайды. Бәрінің

де сөзін жақтыртпайды, ең соңында Сыпыра жырауды алып келуге пәрмен етеді. Ол төмендегіше берілген:

– Ноғайлының ауыр жұрт,
Абдырады айланды.
Айланып кеңес таппады,
Тіл мен жағы байланды...
Аузында отыз тісі жоқ,
Адам көрер түсі жоқ,
Сұм аяқты, сұп бөрікті
Сыпыра сынды сұм жырау
Жібекпен жағын тарттырып,
Салтанатқа үлде мен бұлде арттырып,
Алып бір келші деп еді.
Сұм аяқты, сұп бөрікті
Сыпыра сынды сұм жырау
Алып бір жетіп келгеннен,
Қол қусырып тұрғаннан,
Тұрады дағы толғайды,
Толғайды да сарнайды,
Сарнайды да жырлайды.
Толғап, сарнап жырласа
Сансыз ноғай қорлайды.
Өкіліне түскен жақсылар,
Не оқиға болды деп,
Қамыққаннан зарлайды.
Өкіліне түспес жамандар
Қартайғанда қазымыр
Сандыраққа басты деп,
Көңілсіз жүре тыңдайды.

Бұл келтірілген жолдардан біз қалың ноғайлының бірлі-жарым алда күтіп тұрған қантөгісті түсінетін «жақсылары» болмаса көбінің Едігеге іш тартып тұрғанын көреміз. Оған бола, бірақ, мүдіретін Сыпыра жоқ. Ол:

– Мен қартыңмын, қартыңмын,
Не көрмеген қартыңмын?
Бастыққа бастық бастық хан,
Оны көрген кәріңмін.
Онан соңғы Кедейхан...

Онан соңғы ер Шыңғыс
Оны да көрген кәріңмін...
Өзден сұлтан Жәнібек
Оны да көрген кәріңмін,
Ұлы бабаң Домбауыл
Соны көрген кәріңмін...
Жүз сексенге келгенде,
Шықпаған жан жүргенде,
Менен дәурен кеткенде,
Саған дәурен жеткенде,
Сонша хандар өткенде,
Кешегі кеткен еңселі
Ерні салпы құбаша ұл
Сонша жасқа келгелі
Осындай ер жігітті
Көре алмаған кәріңмін¹, – деп әңгімені алыстан бастайды.

Жыраудың өз сөзіне күдіктенбей сенер болсақ, ол 180 жасқа келген кісі. Өзі және ел ішіндегі осы бір аласапыран оқиғаны көтере алмағандай Тоқтамыс ханға берер соңғы кеңесін айтады да көз жұмады. Оның 1227 жылы өмірден өткен атақты Шыңғыс ханға дейінгі, одан кейінгі біраз хандарды алдынан өткергендігіне толық сену, сенбеу ол оқырманның өзінің ісі. Қалай болғанда да, осы жырау – Тоқтамыс пен Едіге заманында қанша жасқа келсе де, сол уалят өкілдерінің ішіндегі бірден-бір аузы уәлі абыз ақсақалы. Жасы жағынан да көпті көрген көнесі. Сондықтан да оның сарай ішіндегілердің алауыздығынан кейін атақты Темір билеушіге кеткен Едігені өзінің осы уақытқа дейінгі көргендерінің ішіндегі теңдесі жоқ айбынды ері етіп бейнелеуі көп нәрсені аңғартады. Сол арқылы ол Едігенің дүниеге сирек келетін жандардың тегінен екендігіне де, бұл араздасудан кейін ұлысты ұлы дүрбелең күтіп тұрғандығына да кепілдік береді. Ал, айтқан сөздерінің бәрі көріпкелдің лебізіндей:

– Сатемір хан қол берсе,
Аллатағалам жол берсе...
Алағаншық күндей боп,
Алды-артыңнан шығарды...
Ащылы сүрең салар-ды.

¹ Сәтбаев Қ.И. Ғылым мен мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 369-370 б.б.

Есілдің басы Қызылжар,
Аспадан суат салар-ды.
Ертістің басы Қарадөң,
Екі арасын қосар-ды.
Алтыннан соққан Ақордаң
Күмістен соққан ақ есік,
Түсі суық шым-болат,
Ұшыменен ашар-ды.
Төс аршынды сұлудың,
Сұлулығын аямай
Төс астына салар-ды...
Тоқсан басты ақ орда
Тонамай ие болар-ды...
Қаныкейдей көріктіңді,
Тінікейдей тектіңді...
Тегін олжа қылар-ды.
Сонау бір жалғыз құбаша ұл,
Әлі де ұзап кеткен жоқ.
Еділден ары өткен жоқ.
Тоғыз мынау еріңді
Тобыменен жібер де,
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да басын ал.
Есен-аман кетсе ол
Еділден арман өтсе ол
Сатемір ханға жетсе ол
Осы үшін сірәда
Кегін алмай қоймас-ды².

Жырау айтқан болжамдардың бәрі тарихта айна қатесіз келеді. Едіге барғаннан кейін Темір әмірші Алтын Орда билеушісі Тоқтамысқа қарсы қалың қол шығарады. Тоқтамыс әскері жеңіледі. Елдің билігі Едігеге көшеді. Тоқтамыстың қызын Едіге тоқалдыққа алады. Бірақ, Тоқтамыс қызының аты Қанікей де, Тінікей де емес Жанике болатын³.

Алтын Орда билеушісі мен Едіге бидің араздасқан уақыты –

² Сонда, 370-371 б.б.

³ Қадырғали би Қосымұлы Жалаири // Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 234 б.

Тоқтамыстың 1393 жылы Ягайлаға Дон бойынан хатқа түсіртіп жіберген пәрмен-жарлығында 1391 жыл деп көрсетілген⁴. Демек, Сыпыра жырау куә болып отырған оқиғаның тарихта болғаны рас. Атақты «Ер Едіге» атты тарихи жырда ұзақ сонар толғау айтатын абыз жырау осы туындының дүниеге келуіне қандай үлес қосты, ол өз алдына мәселе. Әйтеуір, қалай болғанда да ол сол кездегі так иесі Тоқтамысты да, оның ұлысын да, қасында жүрген достары мен дұшпандарын да қапысыз танытын адам. Ал, оның қасында жүргендер кімдер еді? Олар – Қарақыпшақ Қобыланды, арғын Қарақожа батырлар⁵. Қобыландының кім екендігін тарихшылар да, әдебиетшілер де аз жазған жоқ. Ал, Қарақожа атты батыр біздің эпос зерттеушілеріміздің де, тарихшыларымыздың да назары түспеген тарихи қаһармандардың қатарына жатады.

Осыған қарап, әйтсе де оны эпос авторының қиялының арқасында дүниеге келген кейіпкер деуге болмайды. Өйткені, атақты тарихшымыз Қадырғали Қосымұлы Жалаиридың: «Едіге... Темір бектің әскерін бастап келіп Тоқтамыс ханды қашырды. Темір бек күшінен (сипатынан) Тоқтамыш хан Солтүстік тарапқа қашты... Қарауылға Ятым батырды, одан кейін Тобал батырды, одан кейін арғын Қарақожаны қойды. Өздері бірнеше нөкерлерімен (дем алуға) жатып еді. Едіге – Кучук ұлы Нураддин әскер қолбасшысы еді. Ол қарауылды, әуелі Ятым батырды, содан соң бәрін қапысын тауып өлтірді. Хан нөкерлерімен бейқам еді, олардағы опат болды»⁶, – дейтін, Тоқтамыс ханның тағынан айрылғаннан кейінгі тағдырынан хабардар ететін тұсында аты мен тегі айқын айтылатын адам осы кісі. Демек, бұл мәліметке қарағанда ол Тоқтамыстың жанында ақырғы демі таусылғанша, яки 1406 жылға дейін, бірге болған сенімді серігі. Оның билеушісіне беріле қызмет еткен көптің бірі емес екендігіне Шереф-ад-дин Иезди Қарақожаның 1405 жылдың қаңтар айында Темір әміршіге Тоқтамыс атынан елші болып келгендігі арқылы куәлік береді⁷. Осыған қарағанда ол өз қандастарының топ бастаған көсемі, сөз бастаған шешені екені күмәнсіз.

⁴ Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 13-14 б.б.

⁵ Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы... 367-368 б.б.

⁶ Жамиғат – тауарихтың тексі. // Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 252-б.

⁷ Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. – Москва: Гураш, 1992. – С. 499-500.

«Ер Едіге» жырында сипатталатын Қобыланды мен Қарақожа шыққан Қыпшақ пен Арғын руларының бүгінгі қазақ ұлтының негізін құраған қабырғалы қауым екені белгілі. Бұл ретте Сыпыра жырауды қазақ жырауды, жыр кейіпкерлерін қазақ азаматтарының арғы аталары деуге болады. Бірақ, қазіргі қазақ ұлтын құрайтын кейбір рулардың жекелеген аталары өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, татар сияқты өзімізбен туыстас өзге халықтардың да құрамында кездесетіндігі рас.

Сондықтан тек осы жырда ғана емес, жалпы сол дәуірлердің әдеби мұраларында ұлыстың аты атала ма, тегінде соған да назар аудару керек сияқты. Өйткені, 1022 жылы орыс князі Мстислав Владимировичпен соғысқан, 1223 жылы монғолдар шапқыншылығы кезінде де «косоғ» атанып жүрген жеке жұрттың⁸ келесі ғасырда, яки, Тоқтамыс хан заманында мүлдем жер бетінен тегіс жайылып кетуі мүмкін емес. Ондай жағдайда оның араға жарты ғасыр өткенде Жәнібек пен Керейді өзіне хан көтеріп, табан астынан іргелі елдікке ие бола қалуының өзі күмәнді болған болар еді.

Байқап қарасақ, аталмыш туынды да қазақтар туралы – айтылады екен. Ол белгілі жырдың Тоқтамыс елімен қоштасатын тұсында былайша берілген:

– Ей, байтағым, байтағым,
Бастап сені алдырттым.
Ал, аман бол менен соң.
Байтағымның ішінде
Он сан елім ноғайлы
Сені тағы алдырттым.
Он сан ноғай ішінде
Үш жүз алпыс отау қазағым,
Сені тағы алдырттым,
Ал, аман бол менен соң⁹

Әлбетте, бұл үзіндідегі он сан ноғай ішінде, өз алдына жеке отау болған қазақты «үш жүз алпыс» деп атағанына қарап, оларды 360 үй деп есептеуге болмайды. Себебі, 360 атанатын сан сонау ежелгі Вавилония заманынан бері қасиетті ұғымды білдіреді.

⁸ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 111.

⁹ Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 383 б.

Кәдімгі 3, 7, 12, 60 деген сандардың киелі ұғымдармен байланыстырылатыны секілді, 360 саны да қастерлі мағынаға ие. Өйткені, әу баста Вавилон абыздары күн өзінің күндізгі жүру жолында 180 қадам жасап, шығыс көкжиегінен батыс көкжиегіне жетеді, ал сол жолды түнде жүргенде кері қарай тағы да 180 қадам жасап, баяғы келген жеріне қайта оралады деп есептеген. Сонан келіп бүгінгі күнге дейін пайдаланылып жүрген 360 градус, яки 360 «қадам», «адым» деген мағына шыққан¹⁰. Вавилон ойшылдарының бұл пікірі ежелгі дүниені жайлаған талай халықтарға тараған. Мекке маңын қоныстанған күллі араб тайпаларының ислам діні қашан аяғынан нық тұрып кеткенше 360 балбал тасты әз әулие тұтып табынуында да сондай ұғым бар¹¹. Тіптен дін өзгергенмен, заман, заң өзгергенмен сол әу бастағы қауымдық санаға сіңіп қалған 360 санымен байланысты қастерлілік ұғымы адамзат ұрпағының есінен бірден шығып кете қоймаған. ХІХ ғасырдың аркалы ақындарының бірі Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906) «Үш қиян» атты белгілі толғауында:

– Қаракұм, Борсық қасынан,
Мал суарып асқан жер.
Маңғыстаудың үш түбек,
Үш жүз алпыс әулие
Бес намаздың жайы үшін

Қадамдап аяқ басқан жер¹², – деп келетін жолдарында да әулиелердің санын 360 тіркесімен береді. Бұл тек Мұрат Мөңкеұлының ғана қолданып отырған тіркесі емес, күні кешеге, тіпті бүгінге дейін сол атырапты мекен ететіндер, Хорезм елі сияқты Маңғыстау аймағында 360 әулие жерленген деп біледі.

Ал, шын мәнісінде көне заманның ежелгі қойылымдықтары мен мазарлары көп мекенінде, бәлкім қасиетті кісілердің моласы одан да көп болуы мүмкін. Бірақ, ол «Ер Едіге» жырындағы Тоқтамыстың «360 отау қазағым» дегеніндей қастерлі, қасиетті, әздік ұғымды бере алмаған болар еді. Сондықтан да Сыпыра жырау заманының жәдігерліктеріндегі бұл тіркеске осындай көзқараспен қарауымыз керек. Сосын «отау» деген сөздің де астарында біраз мағына жатыр.

¹⁰ Муранов А. Величайшие реки мира. – Л.: Детская литература, 1968. – С. 143.

¹¹ Неру Дж. Взгляд на всемирную историю. Перевод с английского в трех томах. Т. 1. – М.: Прогресс, 1989. – С. 206.

¹² Мұрат ақынның сөздері // Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 109 б.

Бұл бүгінгі күннің түсінік тұрғысынан қарағанда конфедерация деген сөз болмағанның өзінде де, автономия деген ұғымды беретіндігіне күманданбауға болады деп білеміз. Өйткені, Темір әміршінің әлі қолына билік тізгіні тимеген кезде, яки 1356 жылы Маверанахрға шабуыл жасап жүрген қазақ деген жұрттың¹³ қандай дәрежеде болғанда да, сол кездің өзінде елінің басшысы бар әлеуетке ие қауымдасқан жұрт болғандығы күмәнсіз. Және бір назар аударар жай: бұл уақыт – Алтын Орда хандығында алғашқы аласапыранның басталар тұсына, яки оның билеушісі Жәнібек Өзбекұлының тағымен қоштасып, араға бір жыл түспей-ақ даңқы жер жаһанға жетіп тұрған Ұлы Орданың екіге айырылар мезгіліне сәйкес келіп тұрғандығы дер едік. Тарихта сол екіге жарылған ұлыстың бір бөлегі Мамайға еріп Қырым хандығына біріксе, бірі – Теңіз-Бұға деген қиятты басшысы етіп Сырдарияның төменгі сағасында жеке хандық құрған. Өтеміш қажының «Шыңғыс-намасының» мәліметіне қарағанда, сол Сыр бойындағы ұлыстың билігін 1359 жылы Қара Ноғай немесе Ноғай есімді Жошы тұқымы өз қолына алып, 1362 жылы қаза табады. Оның орнына тұрған інісі Туглы – Темірден хандықты көп ұзамай-ақ Орыс Бадық-оглан баласының қабылдағаны мәлім¹⁴.

Ал, Орыс ханның бүкіл қазақ хандарының династиясының басы екені, сірә белгілі. Әйтсе де, тақ үшін болатын талас үнемі бір тұқымның бағын жарқырата бермеген. Мәселен, біз сөз етіп отырған Тоқтамыс хан 1376 жылы, кейін күллі қазақ әулетін ХІХ ғасырдың бірінші ширегіне дейін бөліп-жарып та болса билеп келген осы әулеттің басы – Орыс ханнан Ақорданың билігін алған. 1381 жылы атақты Мамай ханды Қырым хандығынан тайдырып, Алтын орданы тұтас билеп, оның бағзы даңқын қайтадан қалпына келтіруге барынша тырысып бақты¹⁵. Бұл, сөз жоқ, Азияның жас жолбарысы Темір көрегенге ұнамайтын жай еді. Оны ардагер ақын, көрнекті ғалымымыз Сәкен Сейфуллин мінездегендей: «атқамінер партиягершілігімен»¹⁶ ерекшеленетін

¹³ Вельяминов-Зернов В. В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч. 2. СПб, 1864. С. 273; Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 114.

¹⁴ Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 154-156.

¹⁵ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I. – Алма-Ата: ҚСЭ, 1984, С. 369; Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті. 1993. – С. 125.

¹⁶ Сейфуллин С. Шығармалар. 6-т. – Алматы: ҚМКӨБ, 1964. – 185-б.

Едіге би пайдалана кетті. Бұл жерде біз Тоқтамыс – Едіге – Темір әмірші арасындағы қатынасқа тереңірек тоқтауды өзімізге мақсат етпейміз. Бірақ, сол жылдарда қалай болғанда да қазақ ұлысының ізі болғандығында дау жоқ. Оған аса көрнекті ғұлама ғалымымыз Шоқан Уәлиханов 1391 жылғы Темір әміршінің Алтын орда ханы Тоқтамысқа қарсы бірінші жорығы кезінде Қарақұм маңынан Әмет пен Сәмет хандық ететін Алаш ұлысын талқандағанын дәлелге келтіреді¹⁷. Қысқасы, қалай болғанда да, қандай дәрежеде болғанда да Тоқтамыс хан билеген Алтын орда хандығының құрамында қазақ жұрты болған.

Оны жоғарыда келтірілген «Ер Едіге» жырында сол ұлыстың билеушісі Тоқтамыс кейіпкер өз аузымен айтады, тарихи деректерде оны бекіте түседі. Олай болса, сол дәуірдің жыршысы, ата жырау Сыпыраны қазақ жұртының әзірге есімі белгілі бірінші өкілі деп білуімізден тіптен де қисынсыздықтың ізі аңғарылмайды. Сонымен бірге даңқты жырау «он сан ноғайлы» жұртының да сөз ұстаған абыз болып саналады. Бұған бүгінгі көзі ашық оқырманның шошына қарайтындай жөні жоқ. Өйткені, 1255-1300 жылдар аралығындағы Алтын орданың небір билік үшін болған қанды жорықтарында айқасып жүріп 1256 жылы бір көзінен айырылған, өз заманының аса даңқты перзенті, мұсылман дінін қабылдап, Бейбарыс сұлтанмен хат алысып тұрған Ноғай Моғолұлы Жошы немересінің¹⁸ қарамағындағы қауымының билеушісі өмірден озғаннан кейін де өздерін ноғайлы жұртымыз деуден айнымағаны хақ. Сол ноғайлы қауымы Сыпыра өмір сүрген заманда Алтын Орданың іргелі елі еді. Жыраудың бір ғана қазақ жұртының немесе ноғайлы қауымының ғана емес, бүкіл Алтын Орда – Дешті Қыпшақтың қара ормандай қалың елінің тағдырына бола «күндіз күлкі, түнде ұйқысынан» айырылған ел ақылшысы болып көрінетіндігі де сондықтан.

Жыраудың Тоқтамысқа қаратып айтқан мына сөздері де соған дәлел:

–Уа, Хан ием, Хан ием,
Құлағыңды сал, ием.
Талан болды біздерден
Сансыз дүние – мал, ием.

¹⁷ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. т. 2. – Алма-Ата: ҚСЭ, 1985. – С. 159.

¹⁸ История Казахстана в арабских источниках. Том 1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – С. 109-111.

Қанды көрсе, қалтырар
Қырғи құстың баласы.
Таңды көрсе шарқ ұрар
Бұлбұл құстың баласы.
Оқ жарасы бітсе де
Бітпес сөздің жарасы...
Жемтік болды дұшпанға
Көп Ноғайдың баласы,
Көздерімнің қарасы.
Жер жептесе еш саған
Жерің тұр ғой алдыңда.
Көл жетпесе еш саған,
Көлің тұр ғой алдыңда.
Қырғи болып құтырып,
Қызыл етті аңсама...
Қызыға берме ұрысқа
Зияны тиер ырысқа.
Себепсіз еш ұрыс болмас,
Ұрыс болса, тұрыс болмас.
Еліңді талап сен алдың,
Темірменен тең алдың.
Халқыңды жинап бір жерге,
Жеңімпаз хан атандың.
Елің әбден толықты,
Енді саған не керек?
Күн сайын қан төгіспе,
Зәрезап болды төңірек.
Ұрыстың болар өз заңы,
Қаншама қан төгілер,
Хан салығынан халқыңның
Қабырғасы сөгілер.
Күнәсіз қан жуылмас.
Біреудің малы бұйырмас.
Тентек ханды ел сүймес,
Шатақ ерге қыз тимес.
Қанды көйлек киілмес,

Тұтқын қатын сүйілмес¹⁹... – деген сөздері соған дәлел.

Тарихта Тоқтамыс пен Темір Тарағайұлы бірде дос, бірде жау болып 1390 жылдарға дейінгі уақыттың өзінде он бес жылдай Дешті Қыпшақ даласын талай рет қанға бояған²⁰. Жыраудың бұл жыры сол кезде айтылған. Сондайақ, ол осы кездегі Тоқтамыстың қарсыласы Әмір Темірге де риза еместігін білдіріп жыр толғаған. Оның үстіне сол туындысында Темірдің Едігемен байланысын да білдіретіндігін аңғартады.

– Әмір Темір Көрген,
Тоқсан алты хан дүреген.
Ханның зәулім сарайы
Ақ Орда деген жер екен.
Айналасы биік тау,
Батылы барып кірмес жау,
Алпыс биі бірігіп,
Ақ Ордада шешкен дау,
Бұларды көрген бабаңмын.
Көрдім қалың елінді,
Едіге деген еріңді.
Жамандық пен жөнсіздік
Қайыстырды-ау белімді.
Небір-небір билерің
Көргенсіз боп көрінді,
Бұларды көрген бабаңмын...
Өзінің елін бүлдірген,
Бәтуға келмеген,
Сүргін салған жұртына
Жесір қатын, жетім ұл
Тыңдамай датын жылатқан,
Әзезіл жолдан тайдырған,
Қайсыбірін айтайын,

Сіздерді көрген бабаңмын²¹, – деп толғанады. Жыраудың жоғарыда келтірген қай туындысын алсаңыз да, одан ел қамын жеген аса терең ой

¹⁹ Жеті ғасыр жырлайды. Құрастырған Есенбай Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2008. – 10-11 бб.

²⁰ История Казахстана в арабских источниках. Том 1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – С. 276-279.

²¹ Жеті ғасыр жырлайды...8 бет.

иесінің асқақ бейнесін көресіз. Оның бірнеше ғасырдың дәнінен аттап өтіп, бүгінгі күнге есімі мен ескірмес сөздерінің жетіп отырғандығы да оның осындай қастерлі қасиетінде болса керек.

Рас, біз қазақтың ел болу кезеңін – 1456 жылғы Жәнібек пен Керейдің Ақ орданың билеушісі Әбілқайырдан бөлініп шығып, Қаратау бойына қоныс аудару тұсымен байланыстырамыз. Тегінде Әбілқайыр секілді тұтымы қатты, құрығы ұзын ханның қаһарынан қаймықпай бостан ел болам деп бөлініп шығу дәрежесіне жеткен жұрт – бұл еңселі, өзгелер санасуға тиіс қауқарлы елдіктің белгісі. Сол бөлінгенге дейін де, бірақ, қазақ жұрты болғаны хақ. Өйткені, әлгіндей қауқарлы жұрт, ілгеріде айтқанымыздай, бірден пайда бола қалмайды. Оның үстіне Алтын орда хандығы, оның алдындағы Дешті – Қыпшақ уалаятының Ақ орда, Көк орда, Боз орда²² халқы «у жесең руыңмен» деп, ру-ру болып қаптай көшіп, жағалай жайлап жүрген бір-біріне туыстас, негізінен қазіргі қазақ қауымдастығын құраған арғы түбі қандас, бергі жағы құдандалы мидай араласып жатқан ел емес пе? Сондықтан ілгеріде келтірілген дәйектемелерге табан тірей отырып, біз қазақтың берісі Тоқтамыс заманынан бастап «отау» болып, оңашаланып, мүддесі бөлек болмағанмен, іргесі жиырыла оқшауланып тірлік кешкеніне күдіксіз иланамыз. Сондықтан да оның әдебиетінің тарихын да, тарихилығын да 1391 жылдың өзінде он бес мүшел жас жасаған кәрі тарлан Сыпырадан бастағанды орынды деп білеміз. Өйткені, дүниедегі қазіргі небір ересек халықтардың өзінің этнос ретінде қалыптасулары бір-жар ғасырдың ішінде жүзеге аспаған. Соның бірі – қазақ. Бүгінгі күннің биігінен қарағанда адам сенбестей болып көрінгенімен, бұл жұрттың да талай руы жарым-жартылай талай халықтың құрамында жүр. Тағдырдың жазуымен, қазіргі мекендерінде тұрып жатқан талай қандастарымыздың арғы аталарының бұдан бес ғасыр бұрын бүгінде қазақ атанбайтын жұрттармен көршілес көшіп, қоныстас болғандары да, бір хандықтың құрамында, бір шылбырдың шылауында болғандары да құпия емес. Сондай жағдайда жүріп қазіргі басқа халықтың ортасын толтырып жүрген емшектесінен еншісі бөлектеніп кеткен. Әсіресе, бұл – бір кезде Ноғай ордасының құрамында болған арғы түбі кіндіктес көптеген халықтарға ортақ жай.

Сондықтан біздер XIV-XVII ғасырлардағы әдебиетіміздің өкілдерін түгелдеген кезде кейбір жырауларымыздың бірде Ноғай жұртының,

²² Юдин В.П. Орды: Белая. Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 103-139.

бірде қазақтың жырауы болып жүрген жайларына өз тұсында бір елдік шаңырақтың астында болған тарихи тағдырымызға қарай түсіністікпен қарауға мүдделіміз. Өйткені, осыншама уақыт ішіндегі азаматтық тарихты да, ұлттық рухани мұралар қорын да ыңғай да бір қарыннан шығып, көшпей-қонбай тек бір атырапта тірлік кешетіндер ғана жасай бермеген. Халықтар қатынасқан жерде олардың рухани мұрасын да ауыс-күйіс болмай тұрмайды. Оның үстіне туыстас, қоныстас жұрттар да ортақ сюжеттердің, ортақ жырлардың, тіпті ортақ авторлардың жүруі заңды.

Ал, жалпы салыстырмалы түрде қазақ жұртының өзіне ғана меншікті әдебиетінің тарихы қарастырылатын, XIV-XVII ғасырлардағы өлең-жырдың өрнегімен безендірілген ел тарихы – ол қалай болғанда да қазақ этносының ұлттық есею жолының тарихи-әдеби диаграммасы іспеттес. Оған көз тоқтата отырып, біз рухани тарихымыз – әдеби мұрамыз арқылы азаматтық тарихымызды да тануға болады деп есептейміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сыпыра жыраудың Алтын Орда заманында өмір сүргендігін дәлелдейтін фактілерді атаңыз.
2. Шоқан Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырынан Қаныш Сәтбаев жариялаған 1927 жылғы «Ер Едіге» жинағының басты ерекшелігі немен сипатталады деп білесіз?
3. Сыпыра жырау жырлаған «Ноғайлының ауыр жұрты» туралы Қадырғали би Қосымұлының еңбегіндегі деректердің құндылығы неде?
4. 1376-1390 жылдар аралығында талай рет қанға боялған Дешті Қыпшақ елі туралы Сыпыра жырау толғауларының мәні мен маңызына тоқталыңыз.
5. Едіге би мен Тоқтамыс хан, Ақсақ Темір мен Едіге би, Тоқтамыс пен Ақсақ Темірдің арақатынасы туралы араб, қазақ ғалымдарының (Шереф-ад-дин Иезди, Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтбаев, С. Сейфуллин, т.б.) еңбектерінен қандай қорытынды жасар едіңіз?

АСАН ҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ (1370-1470)

Оның есімі кез-келген қазақ баласына, соның ішінде тек қазіргі қазақтарға ғана емес, бұдан бірнеше ғасыр бұрынғы баба қазақтарға да соншалықты таныс, соншалықты жақын еді. Өйткені, ол – біздің ел болып, есімізді жинап, халық болып, қауқарлы жұрт болу жолындағы қаһармандығымыз бен қайсарлығымызды шыңдаушы абыз тұлғамыз, мемлекеттік қайраткер, далалық өркениеттің данагөйі болатын. Ол тек өзі тұстас қандастарының ғана емес, айтқан сөзіне құлақ асар адамзат баласын тәрбиелеуге үлес қосып өткен кемеңгер еді. Оның «Есті көрсең кем деме, бәрі тұйғын табылмас. Қарындасың жамандап өзіңе туған табылмас. Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, күнінде өзім болдым деп, кең пейілге таласпа. Артық үшін айтысып, достарыңмен санаспа. Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама; жеңемін деп біреуді өтірік сөзбен қостама. Адам әзіз айтар деп, көңіліңді салмағыл. Нәпсі алдаушы дұшпанның насихатын алмағыл», – деп келетін сөздерін біреуге көңілің толмай, астамшылықта болу – өзінді жарға жығатын күпіршілік екенін ұқтыру, сондай-ақ кең пейілділікке, кемел ақылдылыққа бастайтын, даңғойлық пен сенімпаздықтан сақтандыратын құнарлы ойлардың мәйегі деп білеміз.

Асан қайғының осы күнге дейінгі қазақ әдебиетіндегі сабырлылық пен кешірімділікке үндейтін шығармалардың қайсысынан да өзінің нұсқалылығымен, оқ бойы озық тұрған «Еділ бол да, Жайық бол» деп басталатын туындысын да қаншама идея бар?! Соның бірі – адамзат баласына тән ашушаңдықтан сақтандыру. Жырау: «Ашу-дұшпан, артынан түсіп кетсең қайтесің түбі терең қуысқа», – деп тыңдарманын мүсіркегендей болады. Осындағы автор аузымен айтылып отырған «түбі терең қуыс» бұл – жердің жарығы – окпан шығар, көр болар... Қалай болғанда да ол азаматты елдің бетіне қарай алмайтындай, халықты назырқататындай жағдайдан аулақ болуға үндеу. Сондықтан да «Атадан алтау тудым деп, аскынып жауап айтпаңыз. Атамның малы көп-ті деп, атты басқа тартпаңыз. Есенінде, тіріңде – бір болыңыз бәріңіз. Ақыретке барғанда, Хақ қасына тұрғанда, Қыдырдың өзі болғай жарыңыз», – дейтін бүкіл елді тәубесінен жаңылмауға, татулықта өмір кешуге мүдделі қылатын лебізіне көз жүгірте отырып, оны тек бір мезгілдің емес, бар мезгілдің данагөйі деп тануға лайықты деп білеміз.

Ол – адамның сыншысы, жердің сыншысы. Туған жұртына жерұйықты іздеуші – ел қамқоры. Бұл ретте ол халқының қолын мамыражай тірлікке жеткізуді арман еткен утопист Томас Мор, Томмазо Кампанелла секілді. Уақыт жағынан алып қарағанда, осы идеялары тұрғысынан келгенде әлемге мәшһүр осы екі адамның қайсысынан да болсын жасы үлкен.

Елі алдындағы баба жырау Асан қайғының осындай ақниет асқақ тілегіне іңкәр болған ХХ ғасырдағы қазақтың дарынды ақыны, екінші дүниежүзілік соғыстың құрбаны Абдолла Жұмағалиев оның рухына үлкен полотнолық еңбек арнауды алдына мақсат етіп қойған. Қазіргі ел оқып жүрген Асан қайғы туралы аяқталмай қалған ақын поэмасы сол кең ауқымды, кемел ойлы кесек туынды болмақ еңбектің алғашқы фрагменттері болатын. Сондай-ақ профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің айтуынша, Ысқақов Ілияс деген азамат та 1948 жылы «Асан қайғы» атты поэма жазған¹.

Асан қайғы туралы Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллиннен бастап бірсыпыра адамдар пікір айтқаны белгілі. Солардың негізінде автор шығармашылығы жоғары оқу орындарының оқу программаларына енгізілді. Әйтсе де, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында жазықсыз жандар жазаланып жатқан кезде Асан қайғының болсын, соның алды-артындағы ақын, жыраулар мұрасына болсын күдікпен қарау бел алып тұрды. Сол мезгілде профессор Бейсенбай Кенжебаев 1942 жылғы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында Асан қайғының халықтың ойдан шығарған мифтік тұлғасы емес екендігін айтып, «тарихта болған адам, Жәнібек ханның ақыны, ақылгөйі», – деп, сондай-ақ Совет одағына белгілі тарихшы-ғалым, Сырым Датов туралы ғылыми зерттеу еңбегі үшін бірінші дәрежелі сталиндік сыйлықтың лауреаты атанған М. Вяткин 1942 жылғы «История казахской ССР» дейтін еңбекте жырау туралы ел аңыздарына сүйене келіп «Асан қайғы Жәнібек ханның тұсында жасаған қазақ поэзиясының бастаушысы, оның өлеңдерінде ақсүйек төрелерді әшкерелейтін, оларға қарсы сарынның кездесуі таңданарлық» деп жазды. Ал елдік мұраның қамқоры академик Әлкей Марғұлан сол тұста: «Асан қайғы белгілі ойшыл және ақын. Жәнібек ханның тұстасы... тарихта шын болған жырау, шешен...», – деген пікір айтады².

Тегінде авторлығы жоғалмаған шығарма эманда туынды иесінің

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 242-бет.

² Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 247-бет.

қай кезде өмір сүргендігін, ол кездегі жыраудың немесе ақынның елінің хәл-ахуалын, билеушісі кім екендігін анықтауға жәрдемін тигізетіндігінде дау жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде халқының тағдырын өзінен бұрын өмір кешкен Қорқыт атасы секілді көп ойлап, уайым жегендіктен Асан қайғы атанған³, тек бір ғана қазақ халқы ғана емес, көршілес қырғыз жұртына да⁴ белгілі: Өз-Жәнібек, Керей хандармен бірге Әбілқайырға қарсы күрестің басында болған қарт жыраудың орны айрықша. Бүкіл саналы тірлігі, кейінге қалдырған әдеби мұрасы қазақ жұртының өмірінен ажыратып алғысыз болып келетін оны қазақ жырауы емес еді деуге ауыз бармайды. Сондықтан да Құрбанғали Халидұғлының Құдабай ақыннан жазып алған:

– Асанның асыл түбі Ноғай деймін,

Үлкендердің айтуы солай деймін.

Бұл сөзге анық қанық емес едім,

Естігенім тақсыр-ау былай деймін.

Тегінде ноғай, қазақ түбіміз бір,

Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.

Орманбет хан ордадан шыққан күнде,

Асан ата қайғырып айтыпты жыр⁵, – дейтін туындыдағы оны Ноғай етіп көрсетіп, қазақ пен ноғайдың арғы жағы бір дейтін деректемеде де пәлендей қайшылық жоқ деп білген орынды.

Өйткені, ол тұста қазіргі қазақ ұлтын құрайтын, кезінде Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырдан бөлінуіне себепкер болыпты дейтін Дайырқожа мен Қобыландының аталастары Арғын мен Қыпшақ рулары әлі де болса Дешті-Қыпшақ ұлысының қарамағынан толық шығып кете қойған жоқ-ты⁶.

М. Әуезов сөзімен айтқанда бұл – XIII-XV ғасырлардағы қазақ руларының «Алтын орда, қазан хандығы, ноғайлы, өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып ірі тарихи оқиғаларды бастарынан бірге кешіріскен»⁷ тұстары болатын-ды.

³ Халидұғлы Қ. Тауарих хамса. – Қазан, 1910. – 222-б; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 146-б.

⁴ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. т. 1. – Алма-Ата: ҚСЭ, 1984. – С. 327.

⁵ Халидұғлы Қ. Тауарих хамса. – Қазан, 1910. – 261-б.

⁶ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: 1993. – С. 127-131.

⁷ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: Жазушы. 1984. – 46-б.

Тегінде мұндай атышулы бедел иелерін өзім деп, өзге деп бағамдауда халық өте принципшіл. Ол көсемім, ақылгөй азаматым аз еді деп, жат елдің әруағы асқан абыройлы перзентін өзінікі етуге тіптен де тырыспайды. Өйткені, қабырғалы халыққа өлермен даңғойлық жат. Жаттан жақын жасауға оның елдік ар-намысы жібермейді.

– Құйрығы жоқ, жалы жоқ,

Құлан қайтіп күн көрер?

Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жылан қайтіп күн көрер?

Міне, осы қырды қазақ халқы Асан қайғынікі дейді. Қазақта жырау аз ба? Ақылман аз ба? Солардың кез келген біреуіне осы туындыны қия салуға болар еді ғой. Жоқ, мұнда да сол кеңнен ойлайтын, кемел ақыл, үлкен адамның сөзі еді деп, оның пікірін, әруағын сыйлап, елдік тұрғыдан принциптілік көрсетеді. Бүгінгі заман адамының түсінігімен алғанда қоршаған ортаның фауна, флорасының қамын толғаған, толғаудың бір үзігіне солай қарағанда халық оның ел басы Жәнібек ханға арнап айтқан туындысын одан әрмен қорғаштап аялары хақ:

– Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаным көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар.

Аймағын көздеп көрмейсің.

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа хан жоқтай,

Елеуреп неге сөйлейсің?

Қорған салдың бейнет қып,

Қызметшің жатыр ішіп-жеп...

Мұны неге білмейсің?...

Әй, Жәнібек ойласаң,

Қилы-қилы заман болмай ма?

Әлгінде бүкіл дүниедегі жан иесінің жағдайын ойлап тұрған кемеңгер, бұл жолы Әз-Жәнібекке халқыңның қамын неге ойламайсың, қымыз ішіп қызынып, елеуреп сөйлеу не теңің, істеген ісіңнің оңып жатқан бірі жоқ, келешегің, еліңнің ертеңі не болмақ, деп күйіне тіл қатады.

Бір ғажабы: Асан қайғы авторлығымен сақталған жырлар мен ол туралы айтылатын аңыз-әңгімелердің мазмұндарында пәлендей айырмашылық жоқ. Мәселен, сондай аңыздың бірінде:

«Бұрынғы заманда Еділ мен Жайықтың арасында бір үлкен патшалық жұрт болған. Ханы Жәнібек хан деген екен. Оның жұртында бір Асан қайғы деген жұрттың қамын ойлаған данышпан адам болыпты. Өзінің ақылдылығы сондай екен, ілгері де не болатынын болжап, күні бұрын халыққа айтады екен, сондай-сондай болады деп... Жәнібек хан дегеніне жетіп тұрған кезінде Асан қайғы 95-ке келген кезі екен»... – делінеді де, одан әрі Жәнібектің сарай салдыру үшін Ресейден орыс шеберлерін алдырып, ғимаратты бітіртіп той жасататындығы, кейін Қарашаш атты күнін некелеп, әйелдікке алып, құладың құсты баулып, оған аққу ілдіріп, осылардың бәріне той өткізіп, соларға Асан қайғының риза болмай, сарайың оны салған орыстарға бұйырар, күнді әйел еткенің тұқымың хандықтан айрылар, құландыңға құдың олжа болғаны көліңнің, жеріңнің шын иесінен айырылып, жау жұрттыққа бодан болатындығына көрінер деген болжамдары әңгімеленеді⁸.

Екінші аңыз да осыған ұқсас. Тек онда Әз-Жәнібек ханды «ойлы кісі екен» деген тіркес бар. Сосын бұл әпсанада Асан қайғының қазаққа қоныс етер жайлы мекен іздеп 17 жыл дүние жүзін кезетіндігі сөз болады⁹. Ал, осы жайларды Асан қайғы былайша жырлаған:

– Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп...
Мұны неге білмейсің?
Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан,
Мұны неге білмейсің?
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу құстың төресі
Аңдып жүрген көп дұшпан,
Елге жау боп келеді.
Құладың құды өлтірсе,
Өз басыңа келеді!

⁸ «Дала уалаятының газеті», 1897 жыл, №47, Кітапта: Дала уалаятының газеті. Құрастырған: Ү. Сұбханбердина. – Алматы: Ғылым, 1990. – 509-511-беттер.

⁹ «Дала уалаятының газеті». Әдеби нұсқалар. 1899-1902 жж. – Алматы: Ғылым, 1992. – 413-415-б.б.

Құлың кеп сені өлтірер
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?

немесе:

– Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер,
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?...¹⁰

Аңызбен жырау сөздерін өзара салыстырғанда бірінде айтылатын ой екіншісінде түгелдей дерлік қайталанатын. Және көріпкел жанның айтқандарының кейін барлығының да іс жүзінде дәл солай болып шыққандығы таңқалдырады. Шынында тарихта Әз-Жәнібек қандай сарай салдырды, оны дәлелдерліктей біздің қолымызда дерек жоқ. Бірақ, қазақ аңызы Астрахань шаһарын Жәнібек салдырған¹¹ деп есептейді. Ал, тарихта Астрахань хандығының XV ғасырдың ақырында Алтын Орданың күйреуімен байланысты өмірге келгендігін¹² ескерер болсақ, тегінде бұл аңызды негізсіз деуге келмейді. Асан қайғы сөзі де соны тірілтіп тұр. Соған қарағанда қандай ғимарат болса да қазақ ханы Әз-Жәнібектің әйтеуір елеулі бір құрылыстарды орыс шеберлерін алдырып салдыртқаны шындыққа келеді.

Ал, орыс шеберлерімен, олардың билеушілерімен Жәнібек тұсында барып-келу араласы болды ма екен деп көңілге күмән жүгіруі мүмкін десек, бұл күдікті сейілтерліктей дәлелдер жеткілікті. Біріншіден, Асан қайғының Әз-Жәнібекке ақыл-кеңес айтып отырған мезгілі – Жәнібектің Кереймен бірігіп 1456 жылы Моғолстанға, Хантауына, елді бастап келген уақытында емес, 1465 жылы оларға теперіш көрсеткен Ақорда-Дешті Қыпшақ билеушісі Әбілқайырдың өліп, Жәнібектің

¹⁰ Халид Құрбанғали. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992. – 111-б.

¹¹ Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 57-б.

¹² Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 2. – Алма-Ата: ҚСЭ, 1985. – С. 371.

кері қайтып Астраханьда хандық құрып¹³ тұрған кезіне сәйкес келеді. Одан басқаша жорамал жасауға аңыздар мен Асан қайғы өлендерінің мазмұны мүмкіндік бермейді.

Екіншіден, «Орманбет хан Ордадан шыққан күнде, Асан ата қайғырып айтыпты жыр» деп Құдабай ақын жырлаған Орманбет есімін Тоқай-Темір тұқымы ұлығ Мұхамед хан деп есептейтін (1419-1432 жылдардағы Алтынорда билеушісі) Шәкәрім Құдайбердиев¹⁴, тарихшы Құрбанғали Халидұғлы¹⁵, Қ.И. Сәтбаев¹⁶, М. Мағауин¹⁷, Ш. Ыбыраев¹⁸, пікірлеріне ден қойсақ оның Орыс хан шөпшегі Кіші Мұхамедтен тізе бүккеннен кейін Солтүстікке барып тәуелсіз Қазан Хандығын құрғаны мәлім. Ал, бұл Орыс мемлекетінің іргесі. Асан қайғы біраз жыл бұрынғы билеушісін қимай, соның соңына ерген халқымен ілесіп ол бетте де болып қайтқан. Орыс жұртының құлқын да, сол кездегі жыл өткен сайын қайраттанып келе жатқан күшін де ел басшысынан әрмен біліп отырғандығы сондықтан.

Әз-Жәнібек хан – қазақ халқының тарихында есімі ілтипатпен еске алынатын хандардың бірі. Оның Әз-Жәнібек атануы да содан. Әбілқайырдан елін бөліп алып шыққан да өзіндей еңбек сіңірген деп есептелетін онымен бірге туған бауыры Керей хан туралы не Асан қайғы, не басқа жыраудың бір ауыз лебіз білдірмей, разы болса да, наразы болса да тек қана Жәнібектің жырлануын да көп мән бар. Өйткені, тарихи тұлға атаулының бәрі – әдеби кейіпкер бола бермейді. Ауызша жырланатын әдебиетте бірнеше ғасыр бойы есімі жоғалмай жүру үшін кейіпкер де, авторда сол халыққа айрықша еңбегі сіңген үлкен бедел иесі болуы керек.

Демек, қазақ ұлысының Жәнібекті де, ол хандық құрған кезенді жырлаған Асан сөзін де ұмытпауында осындай сыр бар.

Біз Асанқайғының Әз-Жәнібекке айтқан сөздерін қазақ жұрты Шу бойында жүргенде емес, Әз-Жәнібек Астрахань хандығын өзіне қаратып тұрған кезде шығарылған деп есептейміз. Шынында осы

¹³ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 131.

¹⁴ Шәкәрім қажы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі // Жұлдыз. №1. – Алматы, 1991. – 76-б.

¹⁵ Халид Құрбанғали. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992. – 74-75-б.б.

¹⁶ Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 354-б.

¹⁷ Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 21-б.

¹⁸ Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 161-б.

жаңылыс пікір емес пе екен? Мүмкін, Моғолстандағы Иса-Бұға ханға келе жатқан бетте айтылған шығар? Міне, осының бәрін анық-қанығын анықтау үшін жырау сөзіне құлақ тосу қажет:

– Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің,
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойыңды,
Отын тапсаң тойыңды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген
Еділ деген қиянға
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмасаң
Кеңестің түбі нараду...
Ақылды белден алдырдың
Көңілді жаман қалдырдың...
Нәлет біздің жүріске!
Еділ менен Жайықтың,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал, қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске!

Жоқ, көріпкел жырау Еділден бастап жылжып жайлы мекендерді кейінге қалдырып келе жатырмыз деп қайғырып, қапаланбайды, керісінше Шығыстан Батысқа қарай беттеген жолдарында ордалы жұрт болып орнығуға ылайықты Ойыл, Жем секілді сулардың бойындағы шұрайлы атыраптардан тоқтамай өтіп, бір қиыр шеттегі Еділ атты тар жерге келгендігінен, егер осында байырқамаса шаруаның түбі берекелі болмайтындығынан хабардар етеді. Көшпенді елге Жайық пен Еділді тастап әрмен барғанда береке табар жөн жоқ, енді осында аялдағын деп кеңес береді.

Аңызда да солай: Жәнібек ханның жұрты Еділ мен Жайықтың арасында болған дейді. Демек, бұл жерде жаңсақ айтылған пікір жоқ. Бұл сөздер шын мәнісінде 1465 жылы Әбілқайыр өліп, сол кезде қазақтардың баяғы өздерінің ата жұртына оралған кезеңінің көрінісі деп қорытынды жасауға толық негіз бар. Жырдың айтылған тұсы қалай болғанда да 1465 жылдан кейінгі мезгіл: шамамен оны 1465-1470 жылдар арасы деп межелелеуге болатын болар. Олай дейтін себебіміз: Жәнібек осы жұртта кейін қарамағындағы халқының саны өсіп, қарашысы көбейіп, хандық пәрмені төңірегіне түгел жүретіндей дәрежеге жетіп, әбден нығайған тұста, айрықша саят құрып (құладыңға қу ілдіріп), төсек жаңғыртып, сарай (қорған) салдырып бірсыпыра шаруалар істейді. Ол толғау Асан қайғының Еділ мен Жайықтың бойына көшіңді кідіртіп, халқыңды орнықтыр дегенді айтатын, біздің қазір ғана сөз етіп отырған жырдан басқа. Оны ілгері жақта келтіргенбіз. Тегінде осы жырдың мазмұнына іштей үңіле түссек бұл тұс аңызда айтылатындай: «Жәнібек хан дегеніне жетіп тұрған кезі. ... Асан қайғының 95-ке келген шағы». Бұл толғаудан Асан Атаның «Тіл алсаң іздеп қоныс көр, Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшір, Мұны неге білмейсің?... Қош, аман бол, Жәнібек, енді мені көрмейсің!» – деп Жәнібектің жоғарыда аталған үш қылығына риза болмай, басқа жақтан қоныс іздейтіндігіне, хан бұған ермесе, өзінің оған жолдас бола алмайтындығын айтып ат құйрығын шорт кескендігіне куәлік табамыз.

Шындығында мұны қалай деп білуге болады? Әбден билігі нығайған хан Жәнібекке 95 жастағы қария Асан Ата риза емес. Неге? Сол уақыттан 4-5 жыл ғана (әрине, мұның бәрі болжам ғой) осы тұсқа елінді орнықтырсаң дұрыс болады деп отырған жан, неліктен Жәнібектен шошынады? Мейманасы тасқандығынан ба, ақылының қашқандығынан ба? Оны дәйектерлік қандай дерек бар?

Біздіңше, бұл да тарихи шындықтан онша көп алшақ кетпейтін жай. М. Тынышбаев өзінің белгілі еңбегінде сол дәуірді зерттеген тарихшылар еңбегіне сүйене отырып, 1465 жылы Әбілқайыр өлісімен Жәнібек пен Керейдің Моғолстанда жүрген жұрты кері қайтып, оларға Әбілқайырдан қалған қазақ рулары қосылып, айбыны асқандығын, кейін Астраханьды билеген Жәнібектің 1477 жылы Қырым хандығына пәрменін жүргізгендігін, сол жақтан Ресей жұртына барып ақыры сонда қаза тапқанынан құлағдар етеді¹⁹.

Демек, Әз-Жәнібек ұлысының Еділ-Жайық атырабында саны

¹⁹ Тынышбаев М, аталған еңбек, 131-бет.

өсті, әлеуетті елге айналды, малы көбейді. Жаны өсіп, малы өскен елге қоныс тарлық етті. «Бір жігіттің қайратына қырық жігіт мас болар» дегендей, Әз-Жәнібек енді байтақ ұлыстың билеушісі болып алғаннан кейін Қырымға көз алартты. Бірақ, Қырымдағы тұрақты жұртты ығыстыра отырып көшпелі халыққа қонысын кеңейтердей далиған жайылым табу мүмкін емес еді. Оның үстіне бұндай тұста әліптің артын аңдып, ағайынды қауым араздаса қалса, өз пайдасына асырмақ болып, бағумен отырған Ресей жұртының да мұндай кезде қарап қалмасы ақиқат еді. Осының бәрін Асан қайғы жырау көре білді де соны Жәнібекке ескертті. Ханның қалың жұрты береке табу үшін қонысты басқа жақтардан іздеп кеңейту керек деп түсінді. Сондықтан өзінің желмая мініп, жер шолып, егер қоныс тапса, күн сайын аумағы өсіп бара жатқан елін сол бетке апару керек деп білді. Ал, ол ойын Жәнібек хош алмаған. Сонан кейін жырау ашуға мінеді. Бұл атырапқа енді қайырылып соқпайтындығын, ханның бетін көрмейтіндігін кесіп айтады. Яки, Жәнібекпен атқұйрығын үзіседі.

Әрине, Асан қайғы жырау халық аңызында желмаяға мініп, есілдерті жайлы қоныс тауып берем деп, әбігерге түсіп жүргеніне қарап, оны ел кезген кейуана дәруіш деп ойлауға болмайды. Ол соңынан ерер қабырғалы елі бар, берісі ру басы, әрісі кіммен қатар тұрса да өзі ешкімнің де көлеңкесінде көрінбей қала алмайтын дағуалы пікір, үлкен билік иесі. Сондықтан да оның қимылдары адуын, жалтақтықты білмейді. Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан және басқа ғалымдардың зерттеуінше, XV ғасыр басында Сарай, кейін Қазан қаласында, бергін келе Жәнібек маңында болған ақсақалдың ақырғы тұрақ етіп тепкен қонысы – қазақ даласы. Оның ішінде Жетісу өлкесі, Ұлытау бойы болып суреттеледі. Мүрдесі бірде Ыстықкөл жағасында, бірде Ұлытау бойындағы Ақмешіт әулие қорымына жерленген болып әңгімеленеді²⁰. Не болғанда да осынау өз атымен бүгінге шығармасы жеткен, елі үшін жанын шүберекке түйіп, от пен суға түскен аруақты Қазақ жырауы 1470 жылдардан кейін Еділ бойына қайтып оралмаған. Сол беті дүниеден көшкен.

Жыраудың осы күнге дейін өмір сүрген кезеңі туралы айтқанда, жобалап та болса ол қай кезде туып, қай тұста дүниеден өтті деген мәселе де көп күмілжитініміз аян.

²⁰ Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. – М.: Наука, 1986. – с. 29, 265, 346; Его же. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I. – Алма-Ата: ҚСЭ, 1984. – С. 327, 407; Т. 2, – Алма-Ата, 1985. – с. 165; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 144-146-б.б. Тарақты Ақселеу. Күй шежіре. – Алматы, 1992. – 154-157; Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 17-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 181-б; Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 24-31 б.б.

Ол заңды да. Бірақ, бір нәрсеге ден қою керек сияқты. Егер Асанның осы мезгілге жеткен шығармаларының өзінікі екендігін, оның Әз-Жәнібекке айтқан сөздерінің деректілігін мойындар болсақ, сол шығармалардағы барша мәліметтерді Әз-Жәнібек пен Асан қайғы туралы әпсаналар жарыса баяндап, көмескіліктің пердесін ысырып отыратындығы тегінен тегін емес деп білу керек. Сөйтіп, әпсананың берер дерегін мойындасақ, Әз-Жәнібектің абырой-беделі дәуірлеп тұрған тұс 1460 жылдардың ақырында Асан қайғы 95 жаста. Демек, көпті көрген көне көз жырау 1360 жылдардың соңы, берісі 1370 жылы дүниеге келген азамат болып шығады. Сонда ол 1432 жылы Алтын Орда тағынан тайып «Орманбет хан ордадан шыққан күнде, Асан Ата қайғырып айтыпты жыр» деп Құдабай ақын жырлайтын Тоқай Темір тұқымы Ұлығ Мұхамед (Өр Мұхамбет, Өрмәмбет, Орманбет атанып кеткен) ханның Орыс хан шөпшегі кіші Мұхамедтен тізе бүккен кезінде ғана емес, оның алдындағы Едіге мен Темір-Құтлық, Тоқтамыс кезінде де өмірде бар, ат жалын тартып мінген ересек кісі болып шығады.

Бір ескеруге тұрарлық жәйт: тарихшы Құрбанғали Халид Асан қайғының «өз аты Хасан, оны халық Асан Ата деп кеткен»²¹ деп жазады. Сондай-ақ, Тоқтамыс ханның басынан бағы қайтып, 1393 жылы 20 майда Польшаның королі Ягайлаға жазған Жарлығында аттары көрсетіліп, елшілікке жіберіліп отырған Котлубаға, Асан (Хасан) есімді адамдар бар екенін білеміз. Ол документті А. Казембек, И. Березин, Д. Банзаров, Ш. Уәлиханов²², В. Радлов²³, секілді ғалымдардың тарих ғылымының игілігіне айналдырғанына талай уақыт өтті.

Елшілікте жүретін Асанды, алайда, қазақтың тарихына қатынасы бар адам емес пе екен деп ойлауға кейінге дейін заманның, заңның қабағына қарап келгендіктен ғалымдарымыз тәуекел ете алмай келді. Тіпті, оны былай қойғанда Асан қайғының жыраулық бетін танытқан Әз-Жәнібекке айтқан ақыл сөздерінің өзін кертартпа феодалдық рухтағы тоңмойын кісінің лебізі еді деуге мәжбүр болды. Өйткені, дәуірдің күрзисі – талай ғұламаны солай сөйлеуге душар етті. Ал, шындығында осы кезге дейін Асандікі болып келген сөздердің бәрі де сонікі. Ягайлаға елші болып баратын екеудің біреуі де – сол Асан

²¹ Халид Құрбанғали. Тауарих хамса. – Алматы, 1992. – 93-б.

²² Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. – Алма-Ата. ҚСЭ, 1984. – С.105-106.

²³ Радлов В. Ярлыки Токтамышы и Темир-Кутлуга. Отдельный оттиск из записок восточного отделения императорского археологического общества. Т.III. Вып. I.

ақсақал. Өйткені, 1393 жылы біздің жырауымыз Асанқайғы Сәбитұлы ақсақал жиырманың ішіндегі жігіт. Ал, бүкіл алты ғасыр бойы ел есінде жүруге лайықты ақылға, көшелі сөзге ие данышпан азамат жиырманың ішінде өз қатарынан озып шығып, елінің елшілігіне жүретін екеудің біреуіне жарамайды, оған алысты болжар кемеңгерлік кейін қонған деп оңынан ойлайтын ешкім де дауласпақ емес. Демек, осыған қол қойсақ, Асан қайғы Сәбитұлы есімді абыз жырау шамамен 1370 жылы дүниеге келіп, 1470 жылдары жүзге таяу жас жасап, өмірден көшкен болып шығады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Асан қайғы Сәбитұлының мемлекеттік қайраткер, далалық өркениеттің данагөй философы екендігін көрсететін басты ерекшелігі қандай туындыларында көрініс берген деп есептейсіз?
2. Абыз жырау толғауларында өрнектелген Жәнібек хан бейнесіне қазақ хандығының құрылу, қалыптасу кезеңімен байланыстыра отырып сипаттама беріңіздер.
3. Асан қайғының адамның сыншысы, жердің сыншысы, туған жұртына жер ұйықты іздеген ел қамқоры ретіндегі аңызбен астасып жатқан тарихи тұлғасына сараптама жасаңыздар.
4. Асан қайғының өмір сүрген уақытын, туған, өлген жылдарын айқындай түсуге қызмет ететін жазба мағлұматтар жайлы өз пікіріңізді айтыңыз.
5. Тоқтамыс ханның 1393 жылғы Литва королі Ягайлаға барған екі елшісінің бірі екендігіне кепілдік беретін пәрмен-хаттың рөліне және соны зерттеген ғалымдар жайына сипаттама беріңіз.

ҚЫДАН ТАЙШЫ (XIV–XV ғғ.)

Жыраулар мен ақындардың творчестволық тағдыры да кәдімгі жұмыр басты адамдардың тағдырына ұқсас. Өз кезінде талайларды шалқар ой, шабытты жырларымен тәнті еткен небір дүлдүл жүйрік ақындардың кейбіреулерінен кейінгілерге бір ауыз да сөзінің жетпейтіні, ал екінші бір сондай автордан әжептеуір мұра қалып, оның ұрпақтан ұрпаққа ұласып жатуы соның айқын көрінісі. Дегенмен, бірнеше ғасырды көктей өтіп кейінгіге өз атымен шығармасы жету үшін – ол автор не өз тұсында керемет бедел иесі, лебізіне ел тоқтаған әрі би, әрі бек дәрежелес кісі болуы керек немесе бүкіл ұлыс басына, халық атанатын қабырғалы қауымның арқасына ауыртпалық түскен сын сағаттарда, сол жұрттың жүрегіндегі шері мен шеменін, ызасы мен кегін сыртқа паш ететін сәттің жыршысы болуы маңдайына жазылған азаматы болуға тиіс деп білеміз. Әйтпесе ауызша дәстүрлі әдебиетте жақсы атаулының бәрі ел жадынан орын тебуі қиын мәселе. Әйтеуір қандай жағдайда болғанда да халық атты қастерлі қауым өз тұсында өздерін нендей қасиетімен болса да тәнті етіп, сүйсінткендердің лебізіне құрмет көрсетіп, өзінен кейінгілерге жеткізуге еңбектеніп отырған. Сондай адамның бірі – Қыдан Тайшы есімді Асан қайғы жыраумен тұстас, ел ақсақалы. Бұл кісінің ел жадын да, әдебиет тарихында есімінің сақталуына мына бір жағдайдың үлкен әсері болған. Халық аңызы бойынша 1456 жылы Әбілқайыр ханның иелігінен Жәнібек пен Керей (Шаһгерей) хандардың қазақ жұртын Шу бойына бастап шығуын да төмендегідей гәп бар: Әбілқайырға жақын жүретін, әділ билігіне бола елі сүйсініп Ақжол би атаған Арғынның Дайырқожа есімді азаматы мен атақты Қарақыпшақ Қобыланды өзара іштей бір-біріне өшігіп жүреді. Қобыланды да Әбілқайырдың сыйлайтын адамы. Ақыры олар бір күні далада кездесіп қалған сәтте Қобыланды Дайырқожаны өлтіріп кетеді. Жәнібек «Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге» Әбілқайырдың келісімін сұрайды. Ондай қадам жасауға Әбілқайыр қалың қыпшақтың қабағынан қаймығады да, үш кісінің құнын алып бітісуге шақырады. Қарсы жақ оған көнбейді. Ағайын жұрт екіге айырылады. Сол кездерде Дайырқожаның жасы тоқсандарға келіп қалған әкесі Қыдан тайшы, көкірегіндегі шерін мынандай жырмен сыртына шығарған:

– Қара Қыпшақ Қобыландыда

Нең бар еді құлыным?
Сексен асып,
Таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай,
Үзілді ме жұлыным?!
Адасқанын жолға салдың,
Бұл ноғайлы ұлының.
Аққан бұлақ,
Жанған шырақ,
Жалғыз күнде құрыдың,
Қара Қыпшақ Қобыландыда,
Нең бар еді құлыным?!¹

Бұл жолдардан біз Қыдан тайшының әрі жырау екендігін, әрі оның шамамен 1370 жылдардың мөлшерінде дүниеге келген азамат екендігін аңғарамыз. Ал, осындағы Дайырқожаны Қобыланды өлтірді ме, ел іргесі соған бола сөгілді ме деген мәселеге келсек, әрине, Жәнібек бастаған топтың Әбілқайырмен билікке бола араздасып жүрген басқа да себептері болуы мүмкін, бірақ, қазіргі уақытта авторы белгісіз деп жүрген, сол кезден бүгінге дейін, ноғайлы-қазақтың айырылардағы жыры деп айтылатын:

– Жылау, жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй.
Қазақ пен ноғай айрылды.
Қазақ сартқа қайрылды.
Ноғайлының ну елі,
Күңіренді, қайғырды.
Қара Қыпшақ Қобыланды,
Қара орнынан айырды,
Ел қанаты қайрылды.
Зор күн туды, зор күндер,
Кетті күлкі мол күндер.
Жылау менен қоштасу...

Келер ме қайтып ол күндер² – сынды өлеңнен, шынында да, Қобыландының Дайырқожа өліміне де, елдің қара орнынан қозғалуына

¹ Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі. – Орынбор. 1911. – 31-32-б.б; Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: Жазушы, 1984. 48-49-б.б.

² Әуезов М. Аталған шығармасы, 15-том. – 46-47-б.б.

да қаншалықты болғанда да қатынасы барлығын аңғарғандаймыз. Өйткені, бұл жырдың ғасырлар бойы елдің жадында жүруіне, Қыдан тайшының жоқтауын тікелей Дайырқожа өлімімен байланыстыруына қарағанда аталмыш оқиға негізсіз емес. Бұл турасында белгілі мемлекет қайраткері С. Сейфуллин Қобыланды батыр туралы, оның Тоқтамыс ханның Алтын Ордаға билік еткен заманындағы тоғыз ерінің бірі болғандығына назар аударатын зерттеуінде, жоғарыда Ш. Құдайбердіұлы мен М. Әуезов еңбектерінде айтылатын жайларға төмендегіше тоқталады: «Қобыланды батыр – тарихта болған адам. Орынбор архив комиссиясының мағлұматы бойынша, Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде «Қобыланды» деген бекет бар. Соның жанында «Қобыландының бейіті» дейтін бейіт бар дейді, – деп, Қыдан тайшының баласын жоқтаған жырды келтіреді де, – ақырында Қобыландыны осы жырды айтқан кәрі ақын – Қыдан өлтірген дейді»³, – деп ой қорытады.

Демек, батырлығына күмән жоқ, бір елдің санаулы қолбасыларының бірегейі саналып, үлкен эпостың басты қаһарманы ретінде белгілі Қобыландының Елек бойындағы зиратына дейін⁴ жүздеген жылдар бойы қастерлеумен келген халқының оның ерлігін ғана дәріптеп қоймай, аяғын мүлт басқан тұсын да ұмыта алмағаны деп білеміз. Өйткені, тарихи тұлға неғұрлым ірі болған сайын, оның мінін де елі ескергіш келеді. Бұл әңгіменің өміршең болуының сыры осында. Ал, алда-жалда осы жайға қол сілтеп сенбеймін дегеннің өзінде де әңгіменің ұзын ырғасын бұл уақытқа дейін солай қабылдап келген халықтың бірнеше буын өкілінің өздерімен кеткен иланымын ешкім де өзгерте алмақ емес. Әдебиеттегі тарихилық дегеннің, фольклордағы тарихилық дегеннің құдірет күші негізінен осындай жерлерден көрінеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қыдан тайшының «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным?» деп басталатын жырының өмірге келу себептеріне тоқталыңыз.
2. Қыдан тайшы туындысының сол заманнан жеткен есімі белгісіз

³ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 331-332-б.б.

⁴ М. Әуезов. Аталған еңбегі. 48-б.

автордың «Жылау, жылау, жылау күй» деп басталатын толғауымен сабақтастығының сыры неде екендігіне сараптама жасаңыздар.

3. Қазақ хандығының құрылуына себепкер болған жайды ең бірінші рет жырлаған Қыдан тайшының шығармашылық бейнесі, азаматтық тұлғасы туралы Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин еңбектері туралы өз пікірлеріңізді айтыңыздар.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ СҮЙІНІШҰЛЫ (XV ҒАСЫР)

XV ғасырда өмір сүрген, әйтсе де, жеке басы туралы мәлімет дерек өте аз қалған жыраудың бірі – Қазтуған жырау Сүйінішұлы болып есептелегін-ді. Өйткені, бұл кісі туралы да нақтылы мәлімет жоқ болатын. Бірақ жырау туралы Мұрат Мөңкеұлының «Қазтуған» толғауында Қазтуған Жайықтың күнбатыс бетіндегі Нарын, Қабыршақты Қарасу жерлерін мекендеген Ноғайлы заманының батыры екен. «Күндердің күні болғанда жұрағатым таршылықта қалады» деп елін бастап Күншығысқа ауған екен. Сондағы «Қазтуғанның көшерінде қонысымен қоштасып айтқаны» дейтін жыр мен Мұрын жырау арқылы жеткен «Қарға бойлы Қазтуған» атты дастан мазмұнына бойлай отырып, ондағы деректерді тарихи деректемелермен салыстыра келіп, шамамен жыраудың қай заманда өмір сүргенін анықтап, не себепті қонысынан ауғандығына жауаптар тапқандай боламыз:

– Алаң да, алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің бұ Сүйініш,
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менім ордам қонған жер...
Жатып қалған бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер...
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас...
Сөйткен менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Мынау қалған Еділ жұрт.

Осы толғаудан жыр иесі, лирикалық қаһарман Қарға бойлы Қазтуған жыраудың салуалы елдің өкілі, анасы мен атасы өмір кешкен, жер жаннаты Еділ бойының перзенті екенін аңғарамыз. Жырау ата қонысын жан жүйесі елжірей жақсы көреді. Бірақ, осынау көркіне тіл жетпейтін, сондықтан да салыстыруға жер жетпейтін Еділден бұл кетуге бел байлаған. Бірақ, кінә жырау жағынан емес... Ал, кейінде қалып бара жатқан отандастарына, сол мекеннің бел баласы ретінде қайырлылық тілейді. Сонда қалай? Мұны қуып жатқан ешкім жоқ. Егер ондай болса ол қанша жаны нәзік, мейірбанды жаратылыс иесі болғанның өзінде де, әлгіндей басбұзарларға елжіремесе керек еді. Сонда оның көзіне не көрініп жылы орнын суытып жүр деп ойлаймыз. Сөйтсек, жырау бұған былай жауап береді:

– Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім,

Аузы түкті кәпірдің

Күшті болған салдары-ай!

Кәпірден теңдік алуға

Қайта келер деймісің

Мұсылманның баяғы

Шыңғыстан туған хандары-ай.

Бұл қоныстан кетпесең,

Атаңа нәлет кәпірдің

Пайдасына қалмаса игі еді,

Ноғайлы, қазақ жұртымның

Кейінгі туған балдары-ай!

...Бұл сөзіме құлақ сал,

Асан қайғы, ер Абат,

Бірге жүрген жолдасым!...

Соған коса жырау, өзінің кім екендігін төмендегіше толғайды:

– Бұдырайған екі шекелі,

Мұздай үлкен көбелі,

Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті.

Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,

Айдаса қойдың көсемі,

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,

Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,

Қалайылаған қасты орданың сырығы

Билер өтті – би соңы,

Би ұлының кенжесі,

Буыршынның бұта шайнар азуы.

Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!

Мұнда сөз иесінің жырау ретінде тапқыр сөз қолданыстары кімді де болса таң қалдырарлықтай. Ақындық қуаты тым әлеуетті. Бірақ, әңгіме онда емес. Батыр жырау мұнда өзінің өткен уақыттардағы ай тұтылып, күн мұнартып тұрғандай сәтсіз-сәнсіз кездің өзінде соны оңғарғандай, мұсылман мен христиан дініндегілер теке тіреске түскенде, өз дінінің бағын ашқан азамат болғанынан хабар береді. Демек, жырау өзге діндегілердің өз елін билеуіне бүкіл болмысымен қарсы. Мұсылман елінің Шыңғыстан тарайтын бұрынғы әлеуетті билеушілері енді қолына билікті қайта алар дейсің бе, деп көкірегі қарыс айрылады. Бұдан шығар қорытынды: жырау елінің келешегі, жерінің тағдыры туралы тебірене толғанып отырған тұстар да – бір кездегі әлеуетті ноғайлы, қазақ жұрты бұрынғы өздерінің көздері үйренген, бойы үйренген Шыңғыс әулеті билік тізгінінен айрылып, христиан дініндегілерге қандай дәрежеде болса да тәуелді болған сыңайлы. Бұл – оның басты қорқынышы. Әрине, жырау толғанып отырған кезеңнің өзінде де оның ұлысына сол сәтке дейін үстемдік жүргізіп келген аты шулы тұқымдар түгел құрдымға кетіп, құри қойған жоқ-ты. Болар-болмас үміт оты барлығын Қазтуған лебізінен де сезгендей боламыз. Бірақ, дағуалы пікір иесінің «қайта келер деймісің» сөзіне қарағанда, сол үміттен күдік, күмән, дүдәмал басым. Сол себептен де жырау жырлап отырған қай кезең болуы мүмкін деп тереңірек ойлануға тура келеді.

Жырдың мазмұнына қарасаңыз – жыраудың ноғай, қазақ жұртының ата-қонысынан кезекті бір босуын жырлап тұрғаны хақ. Бірақ, 1456 жылғы Әз-Жәнібек ханға ерген кезеңнің көрінісі емес. Одан біраз кейінгі уақыт. Өйткені, 1456 жылдың тұсында бұдан бір ғана ғасыр бұрынғы Алтын Орданың айбынды кезі келмесе кеткенмен, соның орнында отау тіккен Қазан хандығы, Қырым хандығы, Астрахань хандығы, Өзбек хандығы, Үлкен орда, Ноғай ордасы әлде де болса әлеуетті болатын. Ал, Шайбани тұқымы Әбілқайыр хан дүниеден өтіп, Асан қайғы жырау Жәнібекке еріп Еділ бойына оралатын 1465 жылдардан кейінгі тұстарда Ресей жұрты ес жиып, әлденіп келе жатқанмен, тап Қазтуған жырау уайым ететіндей дәрежеде христи-

ан дініндегілерден қауіп төніп тұрған жоқ-ты. Өйткені, Асан қайғы келешекте орыстың елін билеуі мүмкін екендігін сездірткенмен, тап Қазтуғанша шамырықпайтын-ды. Демек, Қазтуғанның Еділді тастап шығу кезеңі бұлардан кейінгі уақыт. Бірақ, жыраудың Асан қайғы мен оның баласы Абатты «бірге жүрген жолдасым» дейтін сөзіне құлақ ассақ, ол айтып отырған мезгіл – Асанның Жәнібекті Еділ бойында қалдырып, Шығысқа бет түзген кезден айта қалғандай алшақ емес. Сондықтан бұл оқиғаның болған тұсын айқынырақ ұғыну үшін сол кезеңнің тарихи ахуалына назар аудару керек деп ойлаймыз.

1237-1241 жылдардағы Бати жорығынан кейін Монғол-татар езгісіне ұшыраған орыс жұрты өзінің бас бостандығына жету үшін 240 жыл бойы үзбей күресумен келгені мәлім. Бұл жолда олар қарудың күшін де, дипломатиялық айла-шарғыны да аянбай жұмсап бақты. Бірақ, оның барлығы бірдей сәтті бола берген емес. 1380 жылғы Күлік айқасымен 1480 жылғы Уградағы оқиғаның арасын бір ғасыр бөліп тұр. Осы бір ғасыр ішінде Бати ұрпақтары бірнеше хандықтарға бөлініп күштері кеміді. Өзара қырқысудан араларына жік түсті, айбыны қайтты. Оны сырт елдерде пайдаланып бақты. Әсіресе, мұны ұтымды пайдаланған орыс елінің билеушілері болды. Әрине, осы дәуірде өмір сүрген орыс княздары да бір-бірімен тату болған жоқ. Оларда өзара айқасып, өзара шайқасып жатты. Бірақ, олар Бати ұрпақтары секілді ірі мемлекетін ұсақ хандықтарға бөлу жолымен емес, ұсақ княздықтарын бір-біріне қосып, билігін ұлғайту жолында күресті. Мәселен, Күлік шайқасының батыры Дмитрий Донскойдың баласы Василий Бірінші 1371-1425 жылдар аралығында ұлы Москва княздығына төменгі Новгород, Муром, Вологда, Коми атырабын қосты. Оның баласы Василий Екінші де Москва княздығының ұлғайуы үшін күресті. Бірақ, онымен билік үшін таласқан немере туысы Юрий Дмитриевич Донской арасындағы айқас ағайындылар арасында да, ел арасында да олардың беделін біраз әлсіретті. Осы кезде Василий Екіншінің баласы «аса сақ, бірақ, тұтымы қатты, Ресейдің барлық күшін өз қолында ұстап тұруға қабілеті жететін» азамат Иван үшінші мемлекеттің тізгінін өз қолына алады. Ол билеген қырық жылдан астам уақыт ішінде (1462-1505 жылдар) Ресей бірегей территориясы бар, ел болып қалыптасу процесін бастан кешті. Ярославль, Новгород, Тверь, Вятка, Пермь, т.б. бұрынғы жеке-жеке ұлыс болып жүрген өлкелерді бір орталыққа бағындырды. Москва қаласында үлкен құрылыс басталды. Ресейдің мемлекет ретінде халықаралық аренада беделі көтерілді.

Иван үшінші өзінің патшалық құрған тұсында әлде де болса төңірегіне сесі бар болып есептелетін Алтын Орданың орнында қалған шағынданған хандықтардың бір-біріне деген қырғи қабақ пиғылдарын да шебер пайдалана білді. Сонау Бати заманынан бермен қарай Ресей жұрты төлеп келген салықты Алтын Орданың соңғы ханы Ахметке төлеуден бас тартты. Москвадағы Ахметтің елшісін еліне қуды. Мұның бәрін, әрине, ол үлкен орданың билеушісі Ахметпен бақ талас, Қырым ханы Меңлігерейге сүйеніп жасады.

Үшінші Иванның Москвадағы елшісін қуғанына Ахмет хан шыдам тауып отыра алмай, тездетіп қол жиып Ресейге аттанды. Бұл – 1381 жылы Алтын Ордаға бағынудан бас тартқан ресейліктерге, 1382 жылдың тамызында ауыр қолмен аттанып, Москваның түгін қоймай қиратып, сөйтіп орыс жұртын бір ғасыр бойы Дешті Қыпшақ ұлысына тәуелді еткен Тоқтамыс ханның қанды қырғынын¹ еске түсіргенмен нәтижесі басқаша болған жорық еді. Оған Москвадағы орыс патшасы әскер алып қарсы жүрді. Екі жақ Угра өзенінің бойында кездесті. Иван үшінші, бірақ соғысты бірінші болып бастауға тәуекел етпейді. Ал, бұл кезде Ахметтің Москваға аттанғанын Меңлігерей хан білетін. Меңлігерей хан қасына Қасым хандығының билеушісі інісі Нұрдаулет пен өз әскерін, сондай-ақ, москвалық жасақтарды ертіп оның елін шауып, ордасын тонап жатты. Елден жеткен жаушы Ахметке сол хабарды жеткізді. Амалы құрыған Алтын Орданың ақырғы ханы ат басын жедел кейін бұрады. Мұнан кейін, әрине, Қырым жұрты мен Ахмет хан ұлысының арасында татулық туралы сөз болуы қиын. Бірақ, Ахмет келгенде Меңлігерейлер баяғыда шаруасын бітіріп еліне қайтып кеткен-ді. Уақыт қыс кезі болғандықтан Уградан оралған әскерді Алтын Орда ханы үйлеріне қайтарды. Міне, осы тұста соны аңдып отырған Ибақ, Мұса мен Жаңбыршы 16 000 қазақпен төтеден келіп, шабуыл жасап, Ахметтің басын алады². Мұнан кейін бір кездегі атағы жер жарған Алтын Орданың күйрегені, енді осыдан соң не істесе де Ресей жұртына жалтақтамай өмір кеше алмайтыны белгілі. Қазтуғанның аһ ұра күрсінуінің сыры, біздіңше, сол 1480-1481 жылдардағы өкінішті оқиғалармен байланысты.

Мұсылман дініндегі Шыңғыс тұқымынан шыққан әлеуетті хан-

¹ Бартольд В.В. Сочинения. Том 5. – М.: Наука, 1968. – С.565.

² Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т. IV. – Москва-Ленинград, 1948. – С. 403-408; Советский энциклопедический словарь, – М. 1979. – С. 198. 477, 669, 798; Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 128-129.

дарды аңсайтын, христиан дiнiндегiлердiң үстемдiгiне өлердей қарсы жыраудың аты шулы оқиға кезiнде кiмдi қолдағаны да белгiлi. Әрине, ол Иван үшiншiмен ауыз жаласып, дiндестерiне, қандастарына қарсы кiсәпiрлiкке барған Меңлiгерейге де, сағы сынып, бағы қайтып отырған Ахметке ажал таптырған елдестерiне де жақ емес. Оның «мен салмадым, сен салдың, қайырлы болсын сiздерге, менен қалған Едiл жұрт» деп отандастарымен нали қоштасуы соның дәлелi. Жырау жырының мазмұнына үңiлсек, оның Иван үшiншiнiң мемлекетiнiң күн өткен сайын жалы күдiрейiп бара жатқан әлеуеттiлiгiн де, елшiнi қуу себебiн де, бұдан былай Алтын Орданың баяғы қайтқан бағы қайтып оралмайтынын, шаруасы түзелмейтiнiн де айқын сезiнетiнiн аңғарамыз.

Сол себептен де ол ата қонысынан қайғыланып көшкен. Қалай болғанда да Қазтуғанның жырлаған, өзiнiң өмiр сүрген дәуiрi Әз-Жәнiбек заманынан кейiнгi былағайы көп кезең. Бiрақ, бергi, XVI ғасырдың басындағы дүрбелеңнен бұрынғы заманның әңгiмесi екендiгi даусыз. Өйткенi, ол Асан, Абаттарға жолдас болған азамат.

Солардың қоныс аудару сияқты iстеген iсiн олардан кейiн амалсыздан қайталап отырған қаһарман ер. Бiрақ, Асан мен Абат көрмеген құқайды көрген, қандас, дiндес билеушiлердiң өзiнiң бағы мен тағы үшiн жат жұрттықтарға қызмет еткен сұмдығына куәгер болған азамат. Ол содан жиiркенедi. Бiрақ, ол сол Меңлiгерейдiң кейiн орыс елiнiң территориясына жасаған жорықтарын, яки бастапқы принципi мен позициясының өзгергенiн көрген жоқ. Егер оны көрген болса ең алдымен дiндi қадiрлеген жыраудан сол жайды жыр еткен қандай да болмасын бiр шығармасынан үзiк жетер едi ғой деп ойлаймыз. Бiздiң, Қазтуғанды XV ғасырдың соңғы жылдары мен XVI ғасырдың басындағы ереуiлдi кездi көрмей, Едiл мен Жайық бойынан қоныс аударған деп жорамалдайтынымыздың бiр себебi осында.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазтуған жыраудың өмiр сүрген уақытын анықтауға қызмет ететiн автор шығармаларына тарихи деректердi байланыстыра отырып сараптама жасаңыздар.
2. Қазтуған жырау туралы мәлiмет беретiн Мұрат ақын Мөңкеұлы мен Мұрын жырау Сеңгiрбеков туындыларының мәнi мен маңызына сипаттама берiңiздер.
3. Қазтуғанның қазақ әдебиетi тарихында ең бiрiншi болып туған жерi туралы дерек беретiн автор ретiндегi ерекшелiгiне тоқталыңыздар.

4. Ежелгі эпостық туындылардағы батырлар тұлғасына Қазтуған жырау бейнесінің ұқсастығын салыстыра отырып, өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.
5. Қазтуғанның орыс елінің билеушілерінен теңдік алып беретін Шыңғыс ұрпақтарынан тараған хандарды аңсау себебін 1480 жылғы Иван үшінші, Ахмет, Меңлігерейлер арасындағы жағдайлармен байланыстыра отырып талдаңыздар.

ШАЛКИИЗ (ШӘЛГЕЗ) ТІЛЕНШҰЛЫ (XV–XVI ғғ.)

Шәлгез (Шалкиіз) жырау революциядан бұрын туындылары ең көп баспа бетін көрген авторларымыздың санатына жатады¹. Оның үстіне ол шығармалары біршама тиянақты зерттелген кісілердің бірі болып есептеледі². Жыраудың барша шығармасы, өмір сүрген кезеңі, бірақ түгелдей ашылып болды десек артық айтқандық болар еді. Ең ақыры дуалы ауызды қариямыздың аты Шәлгез бе, Шалкиіз бе деген мәселеден бастап, оның туған, өлген жылдарын шамамен болсада мөлшерлеп межелеудің өзінде де әрқилы болжамдар айтылып келеді. Бірақ, оған бола жырауды зерттеп жүрген мамандарды кінәлаудың қисыны жоқ. Өйткені, революциядан кейін Ахмет Байтұрсынов енгізген араб графикасы қабылданғанға дейінгі, яки революциядан бұрынғы біздің қадім (ескі) жазуларымыз да *и*, *ы*, *і* мен *е* дыбысы бір ғана таңбамен берілетін-ді. Сондықтан жырау есімін Шәлгез, Шалгез, Шалкиз, Шалкиіз деп, әркім әртүрліше оқуға қақылы.

Оның үстіне В. Радлов Шалкіз деп, башқұрттар Шалкиіз деп жазса, 1875 жылы «Императорлық орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің жазбаларына» берген Т. Сейдалин мен С. Жантуриннің орысша аудармасында (Жырау шығармасын жолма жол тәржімадан өлеңге айналдырған И.Н. Распопов) «Певец Шалкииз» деп таңбаланса, Шалкиізді тек қана Шәлгез деп жазған дұрыс деп отырып алуға болмайды. Сондықтан біз осы екі атауды да қатар алып отырмыз.

¹ Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества. – Оренбург. 1875, вып. III. С. 260-279; Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. – Оренбург, 1879. С. 69-79; Османов М. Ноғай шигырлары. СПб., 1883; Радлов В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. СПб., 1896, ч. VII. С. 210-226; Бекмұхамедов М. Жақсы үгіт. Қазан, 1908; Мұштақ Ғабдолла. Көкселдір, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уа ғайри мағыналы жырлар. – Орынбор, 1911.

² Сейфуллин С. Шығармалары. – Алматы: ҚМКӨБ., 1964. – 6-т.; Әуезов М., Ысмайылов Е. Батырлар жыры. Ақын-жыраулар, суырып салма ақындар, жыршылық дәстүр. // Қазақ ССР тарихы. – Алматы. 1957. – 219-228-б.б.; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы. 1985. – 144-146 б.б.; Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 84-94-б.б.; Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы тоғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 63-73 б.б.; Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 39-58-б.б.; Сыдықов Ғ. Шәлгез (Шалкиіз) Тіленшіұлы. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 197-248-б.б.; Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001.

Ал, жыраудың өмір сүрген уақытын нақтылау мәселесі, әрине, бұған қарағанда күрделі екендігі сөзсіз.

Әдетте, мұндай шиесі қиын мәселенің анық-танығын айқындау үшін алдымен көркем сөз иесінің мұрасына үңілу парыз. Сонан кейін сол дәуірге кейінгі заман өкіліне қарағанда жақынырақ тұрған кісілердің лебізі, мұраны хатқа түсірушілердің түсініктері мен ой түйіндері, сондай-ақ, солардың бәрін ой елегінен өткізіп, ескі дәуір перзентінің жүрген жолын анықтауға тер төккен зерттеушілердің қисынды пікірлері мәселенің тағдырын шешіп бермек.

Шалғез (Шалкиіз) Тіленшіұлының ең көп жырлаған, әрі беріле жырлаған кісісі Би Темір екендігі мәлім:

– Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым өзіңсің,
Жазылы алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсің.
Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсың...
Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін,
Сен сұлтансың – мен құлмын,
Сен сұңқарсың – мен қумын.
Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім аяман,
Саған дұспан – маған жау,
Керекті күні алдыңда
Ғазизлеген сұлтан жаным аяман!

Бұл қай Би Темір деген мәселеге келгенде, жырау сол билеушіні хажылық сапардан тоқтатуға арналған екінші бір туындысын да «Едігеден туған ұғылдың Мырзасы өзің болғансың. Атан қумас бурасың, һәр ісіңе турасың» дей кеп, оның тек әділдігін дәріптеп қана қоймай Едіге ұрпағы екендігіне де нақтылы жауапты өзі береді. Бұл жерде, әрине, «Едігеден туған ұғылдың мырзасы өзің болғансың» сөзін, Едіге балаларының ішіндегі билік иесі деп те, Едігеден туған кісінің балаларының ішіндегі беделді, билікке жеткен белгілісі, бедендісі өзіңсің деп те ұғуға болады. Өйткені, атақты Едіге тұқымдарымен аралас, оның ішінде Темір бидің қамқорлығын, өзіне деген айрықша пейілін көріп жүріп, сол кісінің Едігенің белбаласы немесе немересі екенін білмей қалуы мүмкін емес. Сондықтан екі

ұштылау мағына беретін, тіптен бір қарағанда Би Темір Едігеұлы деген ұғымда оқылатын бұл жолды осылай да түсінуге болады-ау деп ойлауымыздың жөні осында. Сосын жырау Темірді «Мансұрдан туғанның мырзасы өзің болғансың» деп айтуға тілі келмей қалып отырған жоқ, бірақ, ол кісіні елі Едігедей білмейді. Едіге есімі сол кездегі қастерлі атау. Оның үстіне «немеренің Едігеге ұл болмайтын несі бар?» деп те қорытындыға келуге болады. Қалай болғанда да жырау бұл сөзі арқылы ақиқаттан алшақ кетпейді.

1352-1419 жылдар аралығында өмір кешкен, Ноғай ордасының негізін қалаған атақты Едіге бидің ұрпақтарын қазақ тарихшысы М.Тынышбаев былайша таратады: Едігеден Нұреддин, Қазы (Қази), Мансұр, Қағбад, Наурыз туады. Соның Мансұрынан Темір туады³. Орыс зерттеушілерінің де біразының пікірі осыған ұқсас. Олар Едігеден Нұраддин (Мұраддин), Мансур (Мансыр) туады, ал Мансурден Тенсубуй би мен Темір би өмірге келген, олар 1480 жылы Уграда болған Ахмет жасағының ішінде еді деп көрсетеді⁴.

1481 жылы Ахмет өлтірілгеннен кейін билігі қайтқан Алтын Орданың орнында қалған елге біз сөз етіп отырған Темір би қожалық етеді. Оның Ахметті өлтіруге қатынасқан, өзінің Нұраддиннен тарайтын немере туыстары Мұса мен Жаңбыршы мырзаларға қалай қарағанын дәл кесіп айту қиын. Бірақ, солармен ниеттес, одақтас болып жүрген Қырым ханы Меңлігерей еліне 1485 жылы шабуыл жасағаны, одан жеңіспен олжалы оралғаны мәлім⁵.

Шөлгездің Арық ханға арнап айтылды дейтін:

– Арық хан!

Менің ием бұлай іс етсе,

Айналанды берік етер,

Жиған малың тәрік етер,

Атың, тоның бұлды етер,

Өз басыңды олжа етер...

Алтынды Бақшасарай, Қырымға,

Әзізленген сұлтан жаның шалт етер! – деп келетін толғауы тегінде, осы жорыққа байланысты оқиғалардың көрінісінен хабар беретіні

³ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 152.

⁴ Вельяминов-Зернов В.В. О Касимовских царях и царевичах. Ч. 2. – СПб, 1864. – С. 245; Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л.: Наука, 1974. – С. 430.

⁵ Смирнов В.Д. Крымское ханство под верховенством Оттоманской Порты до начала XVIII века. – СПб. 1887. – С. 242.

күмәнсіз. Демек, жырау бұл кезде Би Темірдің маңында жүрген сарай жыршысы. Ханның пікірлес кісісі. Жыраудың Қырым ханына сыртынан болса да айбат шеккен бұл жырда оны есімімен атамай Арық хан деп (сыртқы пішінін айтып отыруы мүмкін) кекете, мұқата, басың, малың алынар, Бақшасарай Қырымдағы құрметтелген жаның ұшып кетер деп өктем сөздің иесі болуының өзі тегін емес. Ол Темір би жүргізген саясаттан қақас тұрған жоқ.

Шәлгездің (Шалкиіздің) Би Темірдің ақылшы жырауы болғанына Республика Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, марқұм Ә. Дербісәлин де, қазіргі зерттеушілер Х. Сүйіншәлиев те, М. Мағауин, Қ. Сыдиықов, т.б. айрықша мән береді. Бірақ, жыраудың сол тұста шамамен қанша жастарда болуы мүмкіндігі турасында олар әрқилы пікір де. Мәселен, М. Мағауин Шәлгез 1465 жылы өмірге келіп, 1560 жылы өмірден озды деген ойды қуаттайды. Бірақ, ол жыраудың 1460 жылдың шамасында өмірге келуі мүмкін екендігіне бажайлап тоқтамайды. Ал, марқұм Ә. Дербісәлин болса Темірдің Меккеге баруға ниет еткен кезі «кем дегенде XV ғасырдың сексенінші жылдары. Шәлгез бұл тұста едәуір жасқа келген, уәлі ауыз, атакты әрі батыр, әрі жырау. Әйтпесе, оны жұрт Темірді хажы сапарынан тоқтауға жұмсамас еді»⁶, – деп, Шәлгездің сол уақыттарда біраз жастарға келген кісі болуы мүмкін деп жазады. Ал, белгілі ғалым бұл ойды ел аузындағы «Шәлгез Мұсаның қызынан, Орақпен тетелес апасынан туған»⁷ дейтін, кезінде М. Мағауин, Қ. Сыдиықов⁸ сөз еткен деректердің шындыққа қаншалықты алыс-жақындығын дәлелдеу үшін жазады.

Шәлгез (Шалкиіз) жыраудың Мұсаның қызынан туыпты деп ел аузында айтылуына қарағанда, оның шындыққа жанасаттындығына ден қоюға болады. Ал, қашан туғандығына дәлел іздесек, оның белгілі тұқым нағашыларына көз жүгіртпей болмайды. Едігенің үлкен ұлы Нүреддин, оның тұңғышы Уақас, оның тұңғышы Мұса⁹, одан Шәлгездің анасы, одан Шәлгез. Яғни, ол Едігенің төртінші ұрпағы болып саналатын қыздан туып отырған адам. Өзін санағанда бесінші буын Едіге 1352 жылы туған кісі. Әр ұрпаққа 22 болмаса 25 жастан

⁶ Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 66-б.

⁷ Қазақстан Республикасы ҒА ОҒК қолжазба қоры. 569-папка, 4-дәптер, 6-8 б.б.

⁸ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 39-б.; Сыдиықов Қ. Шәлгез (Шалкиіз) Тіленшіұлы. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 210-б.

⁹ Тынышбаев М. Аталған еңбегі. – 152-б.

бергенде Шәлгез сол 1460 жылдары дүниеге келген болып шығады. Бұл шындыққа келеді.

Ал, Темір биді Шәлгездің хаж сапарынан тоқтатуы туралы, оның алдында Темірдің жұрттың сөзіне еріп, оны қасынан кетіруі жырау творчествосында айқын бейнеленген. Ол:

– Көбең семіз торыңмын,

Көп құлыңның бірімін, – дегенде, өзінің Темір маңайына келіп «көбең» тартып, елге сыйлы болған, оған бағыныштының бірі екендігін айта келіп, сөзін одан әрмен былайша жалғастырып:

– Жақсыңнан мені кем көрдің,

Жаманыңмен тең көрдің,

Жақсыңнан мені кем көрсең,

Жаманыңмен тең көрсең,

Ұялы берікке қос артып,

Сен есенде, мен сауда,

Брысымды сындайын

Сегіз қиыр шартараптан іздермін, – деп, яғни кететіндігін айтады. Өзінің қатардағы көп қарашының бірі емес, ата-тегі сол билеушімен шамалас шаңырақтың өкілі екенін тепсіне тұрып мағлұм етеді:

– Еділден аққан сызашық

Мен көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді,

Телегейдей сайқалтып,

Жарқыраған беренді,

Теңіз етсе тәңір етті...

Тебінгінің астынан

Ала балта суырысып,

Тепсінісіп келгенде,

Тең атаның ұлы едің

Дәреженді артық етсе, тәңір етті.

Бұл сөздердің төркінінде, шынында да бізді ділгер етіп отырған жайдың шешімі бар емес пе екен деп ойлауға әбден болады. Жыраудың белді тұқымның, ақсүйектер әулетінің тегінен екендігі күмәнсіз. Бәлкім, «тең атаның ұлы едің» деп Темір биге айбар шақыруына қарағанда, немере қарындасынан туған жиені болып шығуы да ғажап емес.

Демек, Шәлгезді айбынды әулетке жиен етіп көрсету, көңілшектік жасап, кейінгі заман адамының қосқан сөзі емес, ертеден бері айтылып келе жатқан әңгіменің сарқыны.

Жырау Темір биді хаж сапарынан тоқтатуға айтқан сөзінде:

– Темір еді ханымыз,
Теңіз еді халқымыз,
Тебірлерге қалғанда

Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз, – деп толғанады. Яғни, бұл толғау айтылған тұста Темір би хандық дәрежедегі кісі. Сөз жоқ, осында 1485 жылы Қырымды шапқан, ноғай елінің толығып, «ауыр ноғай жұрты» болып, азғана мезгілге болса да Едіге әулетінің желі оңынан соғып тұрған шағынан белгі бар. Әйтпесе, ол Қырым жұртынан, Қазан хандығынан шабылып, шат-шәлекей кезеңнен оңғарыла алмай жүрген кезеңнің, яки 1485 жылға дейінгі уақыттың тұсы болса, жеке адамдар қанша ұпайын түгелдеп жүрміз десе де, басы мен малынан айрылып отырған халық, яки «Ноғай жұрты» «ауыр» ел, іргелі, тәуелсіз, мықты қауым болып бейнеленбес еді. Бұдан шығатын қорытынды: Шәлгез бұл шақта берісі жиырма беске келген азамат. Ал, бұл табиғатынан озық ой, кемеңгер пікір иесі болып жаратылған кісінің ел ұйырлық лебізді айтатын, қынабынан суырылған қылыштай нағыз дер шағы. Тіптен, оны Темір маңынан кетуге себепкер еткен де оның Темір би-мен ежелден пікірлес болып, бірге өмір кешіп келе жатқан жандардан гөрі өткір болғандығы. Бұл пікірге дәйектемені біз Қырым ноғайлары арасынан жазып алып, 1896 жылы баспаға шығарған В.В. Радловтың көп томдық еңбегінің 7-томынан табамыз: «Ша Темір ханның Шалкіз деген бір сақлау болған. Бұ бек батыр жігіт, бек ақылды жігіт. Ша Темір хан онсыз бір ас ішілмеді. Уәзірлер ағалар Шалкізді қуалады. «Темір хан, – деді, – бізді еш те бақмай, Жалаң Шалкізмен қызмет құра, – айтылар ағалар Ша Темір ханға. – Ие Шалкіз кетсін бұл жерден, Шалкіз кетпесе біз кетеміз бұл жерден, – деді. Ша Темір хан айтты Шалкізге: «менің халқым сені қуалады, сен кетпесең болмажақ» – деді. «Бек ару сұлтаным, – деді, – кетейім, – деді. Бұға мал бережақ болды. Шалкіз айтты: «маған мал керек емес» деді... Бір жыл, екі жыл жай отырды. Ша Темір хан іса үйінде отырды. Шалкізді наслы қайтарып әкелмектің есебін таппайды. Бір күні ақылына бұл келді. Қажыға кетуге ниет етейін деді. Шақырды мемлекетін, бек ару мысафыр етті. Ертесі күн Ша Темір хан айтты: «Ей, халқым, – деді, – ағаларым билерім, эфенділер, моллалар, сіз маған разы болыңыз, мен һажыға кетпекпін», – деді. Халық айтты: Ша Темір хан бұ наслы ші? Бұ халықты кімге сымыраш етерсіз? Халыққа кім болыр? Сен кеткен соң біздің әліміз не болыр?» Ша Темір хан айтты: «Илламен кетежақпын, – деді», –

Жүктерін кемеге тиетті. Халық бір жерге жиылып мәшаурат еттілер, айттылар: «Бұ Ша Темір ханды кім тоқтатар», – деділер. Іштерінен бірісі айтты: «Шалкізге барайық, Шалкізді әкелейік, ол тоқтатыр», – деді. Бес, он аға жиылып бардылар Шалкізге, жалбарындылар әмән: «Шалкіз сен білерсін, Ша Темір хан кетежақ болды, сен оны тоқтат». Барабар келділер. Сәлем берділер. Шалкіз келді Ша Темір ханға:

- Менің ием Ша Темір,
Ниет етті кебеге,
Жүк тиетті кемеге,
Ниет етсең, ием, сен кетерсің,
Жүк тиетсең, ием, сен жетерсің,
Тәңірінің үйі Меккеге,
Барсаң тәуәб етерсің,
Атақлап жиған көп халқың
Енді өзіңнен соңыратын
Кім сымыраш етерсің?

Сонда Ша Темір хан айтты: «Шалкіз келді, енді болмас, кете алмаймын». Әмір етті қызметкерлеріне: «бар жүктерді түсіріңіз» деді. Бардылар, түсірділер. Бұ Ша Темір хан мұрада һажы кетмек түгіл, Шалкізді қасына келтірмектік үшін еді. Соңынан бардылар, Шалкізді көшіріп әкелділер»¹⁰.

Мұнда бәрі де айқын. Ел ағалары дәрежесіне жеткен уәзірлер өздерінен ақылы артық, қимылы ерек Шәлгезді Темір ханның қасынан кетіруге себепкер болады. Бір-екі жылға дейін жырау ханның маңайынан аулақта өмір кешеді. Темір хан, бірақ, жатса-тұрса Шәлгезді қасына алдыртуды ойлап, ақылы пұшайман болады. Ақыры көп ойланған жан амал таппай қоймайды. Қажыға барам дейді. Ондағы ойы: қашан Шәлгез келіп үгіттегенше, елін билеушісіз тастайтындай етіп, қорқыту. Ақыры ол ішкі есебін жүзеге асырады. Қасына Шәлгезді көшіртіп алдыртады.

Мұнда бізге керекті мәселені айқындауға қажет, екі дерек бар: біріншіден, Би Темірдің қажыға барам дейтін кезі мен Шәлгездің екеуі арасындағы араздықтың шын мәнінде болғандығы және оның бір-екі жылға ғана созылғандығы.

Екінші жағдай: Би Темір Шәлгезбен араздасқан тұста, уәзірлері

¹⁰ Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, Т. VII, – СПб, 1896. – С. 224-225.

ақаусыз қызмет етуге іңкәр болардай, үлкен билігі бар хан. Демек, оқиға 1485 жылдан кейінгі мезгіл. Ал, Шәлгез болса хан қасындағы жақын адамдардың ең жасы. Оның «бек батыр жігіт, бек ақылды жігіт» болып, «Уәзірлер ағалар Шалкізді қудалады» деп бейнеленуі сондықтан.

Ал, Қырым ноғайлары мен қазақтардың Шәлгез жырлаған тарихи кейіпкері – Темір хан бір адам. Оған Ноғай нұсқасында «Менің ием... ниет етті кебеге» жырының жекелеген сөздері болмаса, түгелдей қазақтардың Шәлгез жырауының Би Темірді қажы сапарынан тоқтатқан толғауына дәл келіп отырғандығы дәлел болады:

- Қарабас күспен шалдырып,
Көк теңіздің үстінде,
Көтеріп желкен аштырып,
Уай хан ием, жүк тиеттің кемеге,
Ниет еттің тәнірінің үйі кебеге.
Жүк тиетсең кетерсің,
Ниет етсең жетерсің,
Жетсең тауап етерсің,
Етектеп жиған халқың,
Сұлтан ием, кеткенінде
Кімге асмар етерсің?

Екі нұсқада да жырау «елінді кімге тастап бара жатырсың», – деп, Темір би ханға сұрақ қояды да, қазақы жырда:

- Ақала таудың алдында,
Ақала жылқы жусайды.
Айналдырып қарасам,
Сол жылқының ішінде
Ат тапқандай бие жоқ.
Жолың да болсын ау, ием,
Сен де кетіп барасың,
Енді өзіңнен соңыратын

Жұртқа бір лайық, ие жоқ, – деп, еліңе ие болар жан жоқ, бірақ, жолың болсын, ал, менің өзім, сенімен ғана көркейіп, сенсіз сынымнан айырылғанмын деген ойын:

- Тіленшіұғлы Шалкііз,
Иесі би Темірдің тұсында,
Бұлтқа жете жазды бұл мүйіз.
Иесі би Темірден соңыратын,
Тұқылдықтан сартылдап,

Үзілер болғай сол мүйіз, – деген сөздермен жеткізе кеп, негізгі пікірін былайша түйеді:

Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі Кебені,
Сұлтан ием, қарсы алдыңнан жасапты.

Бұлайша ширыққан ой, кеңнен толғанған кемел пікірге, әрине, жыраумен қалай болғанда татуласам деп жүрген Темір бидің қуанары да, тоқтайтыны да сөзсіз. Сөйтіп, ол жыраумен татуласады. Темір билеуші, бірақ, мұнан кейін ұзақ өмір сүрмеген.

Шәлгез өмірі мен творчествосын зерттеген, осыған орай сол дәуірдің тарихи материалдарын қарастырған Ә. Дербісәлин, М. Мағауин, Қ. Сыдиықовтардың дәлелдеуінше, ол 1490 жылдың өзінде о дүниелік болған кісі¹¹.

Әрине, Шәлгез Темір би бұ дүниеден өткеннен кейін де халықтың өміріне араласып, әрқилы билеушілермен әрқалай қатынаста бола жүріп тірлік кешкен кісі. Арыстанғали Беркалыұлының «Ақын» жинағында «Шағырмақ бұлт жай тастар» атты ұзақ толғауына байланысты берген түсіндірмесінде, жырау ноғайлы жұртының бес-алты ханының тұсында өмір сүрген адам.

Жасы ұлғайған тұсында Мамай ханның жанына келіп өмір сүреді. Бірақ, мұнда да оны ноғайлының өзге билері күндеп, өлтірмек болады. Мамай оларға: «Сендер өлтірмей-ақ қойыңдар, ертең елге жау тигенде жалғыз өзін жаман торымен жіберейік. Сонда өзі-ақ жау қолынан өледі» дейді. Айтқанындай, ертеңіне елге жау тиеді. Шәлгезді жаман торыға мінгізіп, жауға қарсы жібереді. Бірақ, Шәлгез батыр жаудың қолбасы батырын өлтіріп, өзге әскерін қуып тастайды. Мұнан кейін тау басында осының бәрін қызықтап тұрған Мамайға келген жырау:

- Шағырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар,
Ақ желкенді жел бастар,
Ғаділ төре ел бастар...
Ау, бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүрерлер.

¹¹ Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 65-б.; Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 40-б.; Сыдиықов Қ. Аталған еңбегі. – 217-б.

Әрбіреудің баласы,
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар.
Абаданынан айырылса,
Олардың һәр біреуі
Әрбір итке жем болар...
Атайы ердің баласы,
Атадан жалғыз тудым деп,
Басына қиын іс келсе,
Ісін көпке саларма?...
Ағайынның ішінде,
Бір жақсысы бар болса,
Қоңқалаған көп жаман,
Сол жақсыны көре алмас.
Сол жақсыдан соңыратын,
Жамандардың басына,
Қиын-қыстау іс түссе,
Қос арғымағын қолға алып,
Сол жақсыны күнін де,

Күн-түн қатып іздесе де таба алмас..., – деп, жырды төгіп-төгіп жіберіп, жөніне жүре береді¹².

Арыстанғали Беркалыұлы айтып отырған жайдың шындыққа қисыны келеді. Би Темір өлгеннен кейін, ноғайлы жұртын Мұса, ол дүниеден өтісімен оның балалары Алшағыр, Шағым, Сейдақ, Мамай (Шах Мамай) мен Жүсіп (Сары Жүсіп), Смайыл биледі. Бұлардың қайсысы болғанда да Шәлгез батырға немере нағашысы Темір биден алыс емес еді. Өйткені, Мұса болса Шәлгездің туған нағашы атасы, ал оның балалары мен немерелері нағашы ағалары мен нағашы інілері болатын. XVI ғасырдың бірінші ширегінде Россияда екі рет болған Австрия дипломаты Герберштейн және тағы басқалар бұлар туралы нақтылы материалдар қалдырған. Мамай солардың ішіндегі ең көрнектілерінің бірі. 1540 жылдары «ноғайлының ауыр жұртына» алдындағы ағалары өлгеннен кейін өзі билік жүргізді. Темір би, оның алдындағы Ахмет хан кезінде де Шәлгездің кісі қатарына қосылғандардың санатында жүргендігін ескерсек, ол шынында да Мамай тұсында бес-алты ханды көрген кісі болып шығатыны сөзсіз. Және солардың бәрі де туған нағашылары. Бірақ, олар жырауды Би

¹² Арыстанғали Беркалыұлы. Ақын. – Қазан, 1912. – 10-15-б.б.

Темірден артық маңайына тартқан жоқ. Оған куәлікті Шәлгездің өз сөзінен табамыз. Ал, оның Мамай тұқымына алыс болмағандығын оның «ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, қоңқалаған көп жан сол жақсыны көре алмас» дейтін жолдарынан аңғарамыз. Өйтсе де осы пікірге бүгінгі күннің түсінігімен келіп, Шәлгез жырау, шынында Мұса балаларына жиен болса, олар қалайша оны сыртқа теппек деген түйткілді ойдың қылаң беруі де ғажап емес.

Ал, шындығында, Мұса балалары апаларынан туған жиені тұрмак билік үшін өзара қырқысып келген әулет ретінде тарихтан мәшһүр тұқым. Әсіресе, бұл өшпенділік Мамайдың інілері Жүсіп пен Смайыл арасында қатты болды. Соның ақыры 1555 жылы Жүсіп өлімімен тынып, ағайындылардың жарты ғасырға жуық арпалысынан шаршаған ноғай ордасының көп халқы қазақ хандығының қол астына қоныс аударуымен барып бітті¹³. Ондай жағдайда Мамайдың Шәлгездің қанына қолын былғамай, жаудан өлсін деп отырған тоқтамында пәлендей қаныпезерлік жоқ деп ойламысыңызға амал жоқ.

Қалай болғанда да 1555 жылғы Жүсіп өлімімен, 1557-1559 жылдардағы ұлы жұт салдарынан Ноғай ұлысының біраз елі Қасым хан баласы Хақназардың (1538-1580) Жем өзенінен Сыр бойына дейінгі атырапты алып жатқан қазақ хандығына келіп қосылғаны күмәнсіз. Солардың ішінде Шәлгез жырауда бар (Бәлкім, Шәлгез батырдың қазақ ішіне келіп сіңуі, сондағы ноғай ағайындары, Қояс әулетінің арасына келуі 1548 жылғы Орақтың, 1549 жылғы Мамайдың өлген тұстарынан гөрі аз да болса бұрын болуы да ғажап емес. Өйткені, А. Беркалыұлы келтіретін деректе Мамайдан бір ат құйрығын үзіскен жыраудың, онсыз да ойраны шығып жатқан елдің ішіне қайта барып, тағы да көзтүрткі болуға ықыласы болмайтыны белгілі). Қалай болғанда да Шәлгез батыр қазақ ұлысының арасына бір келгеннен кейін ноғайлы жұртына қайтып бармаған. Оның дәлелі: өзінен тарайтын ұрпақтары қазақтың Алшын атасының ноғайлы құрамына кіретін Қояс руының құрамында күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Соның айқын бір дәлелі Елеш Ақбаев деген ақсақал (Мұстафа Ысмағұлов пен Тоқаш Қиланбеков жазып алған деректерде) өзін Шәлгезден бері қарай былайша таратады: Шәлгез – Ержақай – Жанғабыл – Бекболат

¹³ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 132-153; Сапарғалиев М.Г. Распад золотой орды. – Саранск, 1960. – С. 225-227; Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л: Наука, Ленинградское отд., 1974. – С. 488-490; Сейфуллин С. Шығармалары. 6-том. – Алматы: ҚМКӘБ, 1964. – 34, 315-б.б.

– Аружан – Қараша – Қалмамбет – Шақа Сақ – Сәмет – Құдайберді – Қаз – Ақбура – Байғазы – Құрманғазы – Құлмұқамбет – Өтәлі – Ақбай – Елеш¹⁴. Ал, мұнан кейін Шәлгезді қазақ жырауы емес деп кім айтар? Оны ұлттық поэзиямызға тың өрнек, жаңа дәстүр әкелген ерекше сөз зергеріміз деп, мақтануымыздың бір себебі де осында болуы ғажап емес.

Жыраудың Бұқар мен Махамбет, кейінгі Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығына жасаған игі ықпалы жайлы, батырлық жырларға, қазақ эпосының дамуына қосқан үлесі қақында қалайша мақтап айтсақта артықтық етпейді. Жырау мұрасын асқан ұқыптылықпен зерттеген марқұм Ә. Дербісәлин¹⁵, М. Мағауин¹⁶, Қ. Сыдиықовтың¹⁷, Х. Сүйіншәлиевтің¹⁸, бұл турасында аса үлкен тебіреніспен жазғандары әдеби қауымға мәлім. Шәлгез-батыр жырау ретінде ерлік жырларының басында тұрған санаулы саңлақтарымыздың бірі. Оның кейінгі толқындарға жарық жұлдыздай құбыланама секілді қастерлілігі де творчествосының тот баспас асылдығында. Сөз жоқ, ол батыр мінезділікті паш етер толғаулардың ғана авторы емес, көлемді эпостарды да қолынан өткізген кісі. Ал, оның өзінен тікелей болмаса да, сөзінен рухани тәлім-тәрбие алған жандардың мықтылығы сонда, олар Шәлгез атымен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан жыр арнасын үзбей, кейінгілерге жеткізуге ақындық қуатын аяған емес. Шәлгездің аруағын тірілту үшін сол кісінің жыры еді деп, толғаулар толғаған шабытты тұстарда шамырқанған «мінезді сөздер» аузына түссе «мынау менің өз сөзім еді» деп пенделік ұсақтыққа бармаған. Өйткені, олар өздерінің абыройын ойлаудан гөрі ата жыраудың аруағын қабырғалы елдің көбірек, тереңірек сыйлағанына мүдделірек болған. Шәлгездің де, Шәлгез секілді ерте дәуірдің басқа да дуалы ауыздыларының жырау ретіндегі бақыттылығы осында.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шалкиіз (Шәлгез) жырау туындыларының жариялану, зерттелу мәселелеріне тоқталыңыз.

¹⁴ Сыдиықов Қ. Аталған еңбек. – 220-б.

¹⁵ Дербісәлин Ә. Аталған еңбек. – 63-73-б.б.

¹⁶ Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 40, 48-57-б.б.

¹⁷ Сыдиықов Қ. Аталған еңбегі. – 223-245-б.б.

¹⁸ Сүйіншәлиев Х. Аталған еңбегі. – 85-94-б.б.

2. Шалкиіздің Би Темірмен арадағы қатынастарын сипаттайтын толғауларының қазақтар мен Қырым ноғайлары арасындағы мәтіндеріне сараптама жасаңыздар.
3. Шалкиіздің Мамайға айтқан жырының мәні мен мағынасына тоқтала отырып, XV ғасырдың сексенінші жылдары мен он алтыншы ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ хандығы мен ноғай ұлысының жай күйіне түсінік беріңіздер.
4. Жырау туындыларының Бұқар жырау мен Махамбет, кейінгі Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығына жасаған игі ықпалы туралы қазақ ғалымдары айтқан пікірлерге қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.
5. Шалкиіз Тіленшіұлының Едіге тұқымдарына жиені болып келетініне қатысты, сондай-ақ, жыраудың ата-тегіне байланысты шежіре деректер мен тарихи мәліметтерге кеңінен тоқталыңыз.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ (XVI ҒАСЫР)

Жыраудың бізге жеткен мұрасының көлемі шағын. Бар болғаны 160 жолдың шамасында. Қазіргі қазақ әдебиетінен хабардар қауымның Доспамбет шығармаларына есептеп жүрген туындылар – негізінен 1908 жылғы Мақаш Бекмұхамедовтың Қазан қаласынан шыққан «Жақсы үгіт», Ғабдолла Мұштақтың (Ғұмар Қарашев) 1912 ж. Орынборда жарияланған «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» кітаптарында жарияланған. Ал, оған дейін оның кейбір туындылары М. Османовтың 1883 жылы СПб-тен баспадан шыққан «Ноғай уа құмық шиғырлары», В.В. Радловтың 1896 жылғы «Образцы народной литературы тюркских племен» атанатын еңбегінің 7-ші томында қарасөз нұсқасымен, ал, кейін осы нұсқаларды салыстыра отырып, 1967 жылғы «Ертедегі әдебиет нұсқалары», 1971 жылғы «Алдаспан», 1982 жылғы «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», 1989 ж. «Бес ғасыр жырлайды» атанатын жыр жинақтарында басылғаны мәлім¹. 1978 жылы белгілі қаламгер, әдебиет зерттеушісі М. Мағауиннің құрастыруымен, алғы сөзімен Ленинградтан шыққан «Поэты Казахстана» атты қазақ поэзиясының алты ғасырлық өмірінен хабардар ететін орыс тіліндегі антологиялық жинақтағы, сондай-ақ, Ә. Жәнібектің 1935 жылы Мақашқаладан шыққан «Ауыл поэзиясы иа де ноғай ел әдебиеті» кітаптарындағы Доспамбет сөздері де революцияға дейін жарияланған осы басылымдардағы текстерді ескере отырып жарық көрген.

Жырау өзі туралы:

- Айнала бұлақ басы тең,
Азаулының Стамбулдан несі кем?
Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның
Хан ұлына бәсі жоқ,
Би ұлынан несі кем?!
Алла өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менім тапқан несібем.
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,

¹ Бұл ретте тек Доспамбет туындыларының ғана емес, Асан қайғы, Қазтуған, Шалғез, Жиёмбет, т.б. осы еңбекте сөз болатын бірсыпыра авторлардың жыраулық тағдыры, яки баспа бетінде жарияланған жағдайы, қазір ғана атап өткен жинақтарға тікелей байланыстылығын ескертуді өзімізге парыз деп есептейміз.

Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді, – деп асқақтата жыр толғайды. Азаулы деген қаланың бүкіл түркі тілдестерінің поэзиясында теңдесі жоқ Стамбул шаһарынан несі кейін дей келіп, сол мекеннің иесі, елге аға болып танылғандардың бірегейі – «алмаға ат байлаған» ер Доспамбеттің хан ұлына тегін түгендесіп кетсе амалы жоқ, бірақ, би ұлынан бері емес, ал несібелілігі тіпті хан баласынан артық болатын деп, сөзді алыстан бастайды. Ең ақыры алған жары туралы жаны қарқараға келіп қиналып жатқан шағында:

- Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желке шашын өрмеген,

Серпіліп адам бетін көрмеген, – дей отырып, қазақтың авторлығы сақталған жыраулық поэзиясында тұңғыш рет әйел адамның, оның ішінде бауырына басқан аяулы жардың бейнесін жасайды, оның қандай кісінің перзенті екендігінен мәлімет береді. Ал, одан әрмен сол әйелден көрген Қосақай, Қосай, Ер Досай дейтін ұлдарының бар екендігінен хабардар етеді. Оларға қосып, тіптен ол өзінің жау қашырған батыр, сұлу құшқан сырбаз азамат болғандығын:

- Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Қол бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам,
Тұлпар міндім өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ақ шымылдық ішінде,
Тұлымшағын төгілтіп,

Ару сүйдім өкінбен, – деп толғай келіп, сөздің түйінін жүрек жұтқан нағыз батырдың батыры ғана аузы барып айтар сөздермен былайша түйіндейді:

- Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,

Ер Мамайдың алдында,
Шаһид кештім өкінбен..

Жалпы Доспамбет жырау өмірдің өкініші мен шүкіршілігі турасында көп толғанған үлкен философиялық өренің, белгілі бір пікірді тұжырымдап айтар, жаратылысына жалтақтық пен жасқаншақтық жат өр мінезді, өжет ойдың иесі. Өйтпесе, ол:

- Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес...
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес...
Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса.
Қан жусандай егілсе.
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары арқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес, – деп жырламаған болар еді. Әрине, жан қарқараға таялып жатқанда айтылар сөзбен жайшылықта сөйленер әңгімелер үнемі бір жерден шықпауы әбден мүмкін. Ол дәлелдеуді қажет етпейді. Ал, бас аман, ден сау кездегі лебізге жан алқымға таялып жатқан тұста айтылар ақырғы сөздің сәйкес келуі кісінің кісісінен ғана шығып, сол арқылы оның тірі қалса өзін, өліп кетсе әруағын сыйлауға мәжбүр етпек. Доспамбеттің замандастарына құрметті болып, сөздерін кейінгілерге жеткізуі, сөйтіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса отырып, үзіліп, қысқарған қалпымен болса да бүгінгі күнге ұштасуының осындай да бір сыры бар. Өйткені, ерлікті, өрлікті, кісілік биіктікті сыйлайтын ел-сол қасиеттер бойынан табылып тұрған өз ұлын, өз ұрпағын қастерлеуге парасаты жеткен. Өйткені, жеке адамның мұқтаж нәрсесі, пенде ретіндегі кем-кетігін емес, елдік, халықтық сапаны таразыға тартар мұндай мінезге бір ғана ұлт емес, күллі адамзат баласы зәру. Ал, зәрулік болған жерде құрметтеу, бағалау, қадірлеу қай кезде де табылған. Доспамбет жыраудың өршіл рухының жасымау себебі де осында.

Доспамбет өмір сүрген дәуір – оның ішінде «Арғымаққа оқ тиді – қыл мықынның түбінен, Аймадетке оқ тиді – отыз екі омыртқаның

буынынан.. Жара бір қатты, жан тәтті, жара аузына қан қатты, жарықшылар жоқпа екен, жармай білте саларға» деп қиналатын тұсы – Мамай батырдың, яки Едігенің шебересі Мұсаның ұлы атакты Ер Мамайдың өмір сүрген уақыты. Мамайдың 1549 жылы өмірден өткенін жоғарыда айтқанбыз. Демек, Доспамбеттің сол жолғы жарақатының аса ауыр болғандығы күмәнсіз. Жарадар болған уақыты – Мамайдың тірі кезі. Бұған жырау мұрасын зерттеген Ә. Дербісәлин де², М. Мағауин де³ қол қояды.

Толғау иесінің осы жыр айтылған тұстан кейінгі өміріне келгенде, бірақ, екеуі екі түрлі тұжырымға келеді: М. Мағауин «Доспамбет 1523 жылғы Астрахань түбіндегі туыстас түркі тайпаларының арасында өткен жойқын бір ұрыста опат болды» деген пікірге тірелсе⁴, Ә. Дербісәлин «Жырау ол жолғы жарақаттан өлмеген, өйткені, Азов теңізінің төңірегіндегі өздерін Азаулы атаған ноғайлардың ел болуы 1560 жылдардың мөлшері. Ол осы елдің иесі Қазимен бірге 1593, 1594 жылдары Москва мемлекетінің шеткі аймақтарына шабуыл жасаған. Оның Есақай, Қосай дейтін екі ұлы болған. Сол балалар кейін Азаулы жұртының тізгінін қолдарына ұстаған. Демек, Азаулы атанатын бір елде, бір ғасыр ішінде Доспамбет аға атты, балаларының да есімдері жыраудың перзенттерімен аттас екі кісі болуы мүмкін емес» деп, (белгілі тарихшы А.А. Новосельскийдің «Борьба Московского государства с татарами в XVII в.», М.Л., 1948, с. 13-15, 43.» дейтін еңбегіне сүйене отырып) дәлелдейді⁵.

Әрине, бұл мәселеге байланысты пікір айтқанда, тағы да сол Доспамбет жыраудың өз шығармасына құлақ түріңкіреуге мүдделі боламыз. Өйткені, ер жүрек жырау «Тоғай, тоғай, тоғай су» деп басталатын өзінің өр тұлғалы асқақ бейнесін өрнектеген туындысында, көкірегіне қанағат ұялаған жан екенін жариялай отырып, жорық кезінде, ел билеушісі ер Мамайдай ерекше тұлғаның алдында Шаһит боп, көз жұмып бара жатырмын, мұндай өлім кез келгеннің маңдайына жазылмаған, армансызбын, дейді. Бұл – еңіреп туған ердің жаңа жарақат алған кезде, қызу табымен айтқан сөзі. Бірақ, жырау бұл сөзді айтуын атқанмен, сол жолы өлемеген. Оның «Жағдайсыз жалғыз

² Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым. 1990. – 74-б.

³ Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1491. – 36-б.

⁴ Мағауин М. Аталған еңбегі. 36-б; Поэты Казахстана. – Ленинград, 1978. – С. 75; Бес ғасыр жырлайды. – 30-б.

⁵ Дербісәлин Ә. Аталған еңбегі. – 74-7-б.б.

қалып барамын – жанымда бір туғанның жоғынан» деп келетін, өзін ендіркелеп келіп қалған жауға амалсыздан қалдырып бара жатқан жолдастарына қарата айтқан мына сөздері соған куә:

– Озушылар озмаңыз,
Озсаңыз, бізім бетке бармаңыз.
Бізім бетке барсаңыз,
Есақай, Қосай екі ұл
Алдыңызға жер құшақлай
Жылай шықса, не айтарсыз?
Оларға айтарыңыз сол болсын,
Жәмішіден қос артып,
Жараға мамық тосатып,
Келе жата дегейсіз,
Оны айтқанда тимемсе,
Бұрынғылар түскен жора жол
Бұрылып соған түсті дегейсіз.

Доспамбет жыраудың осынау назырқаудан шыққан жан сырын паш етер күйініш пен қажырлы қайсарлық қосарлана өрілетін лебізін жорықтастары елге алып жеткен. Бұл жырдың жоғарыда келтірілген толғаулар үзігінен бір айырмасы – орта жолға тастап бара жатқан азаматтарға «мені өздеріңізден қалдырмаңыздар, ал оны істеуге жарамасаңыздар, біздің мекенге соқпаңыз, онда біздің екі бала бар, оларға не дейсіңдер, дегенмен оларға әкелерің жаралы болса да келе жатыр дендер» дей келіп, «оған болмаса өлді деп айтарсыңдар» деп дереу шамырқанған мінезге көшетіндігі.

Қалай болғанда да ауыр жарақат алған Доспамбетті жорықтас серіктері далаға тастап кеткен.

Дегенмен, ол жау қолына түскенмен, XVIII ғасырдағы грузин халқының атақты ақыны Давид Гурамишвилидің (1705-1792) дағыстандықтар тұтқынынан аман босанғаны секілді, тірі қалады. Тегінде, оны тұтқын еткен елдің адамдары сынықшы, оташыларына емдетіп, жанын азаптаған жарақатынан айықтырған. Әйтсе де, ол еліне, өзінің отбасына жете алмай алты жыл «екі көзі төрт болып» жаттың, жаудың қолында өмір кешкен. Оған жыраудың:

– Азау, Азау дегенің
Әл-Ғұсман паша жұрты екен.
Азаудың ер Доспамбет ағасы,
Азаудың бір бұрышындай нарты екен.
Не білейім мен жаман күн

Болатсыз қылыш кесерін,
Айналасы алты жылдың ішінде
Есақай, Қосай екі ұл,
Азау билеп өсерін, – деп келетін туындыларындағы деректері
куәлік етеді.

Бұл – алты жыл бойы еліне жете алмай: «перзенттерім қандай күй
кешуде екен, – деп уайым-қайғыға батып жүрген уақыт ішінде, «қасқа
айғырдың баласы қасқа болмаса да, төбел боп туады», – дегендей,
Есақай, Қосай сынды екі баласының Азауды билер ерге айналып,
ержеткендігін көрсететін мәлімет. Жырау бұған шүкіршілік етіп, тәубе
қылған болса керек. Бірақ, Доспамбеттің сонымен қатар өкінетіндей де
жағдайлары жетіп артылатындай еді. Соның ең бастысы: «Әли ағаның
қызы, хас арудың өзі... Серпіліп адам бетін көрмеген» тәрбиелі жары
алқалы топқа кірмеген, кісілік санатта жоқ біреуге әйел болыпты.
Жаны күйінген жырау бұл жайды төмендегіше сипаттайды:

– Серпіліп адам бетін көрмеген,
Қалай күні кешті екен?!
Есақай, Қосай, Ер Досайдың анасы
Хан қызындай сұлтанның,
Айдындықтай ақ білегін жастанып,
Ерен үйін тіктіріп,
Омыраудағы он түймесін ағытып,
Кейінгі қалған көпекке
Қалай да белін шешті екен?!

Демек, Доспамбет батыр алты жыл бойы әр басқан қадамы аңдулы
болып, еліне жете алмай жүргенде отандастары оны өлдіге санап, ең
ақыры жаратылысында міні жоқ деп есептейтін жарының өзі, ендігі
менің теңім осы дегендей қорланып, бұған үздігіп жүрген «Көпек» тек-
тес біреудің ұсынысына мойын ұсынған. Соның барлығын айна-қатесіз
түсініп отырған сияқты жырау, әйтсе де осы оқиғаның кілттипатына
бойлай алмай аласұрады. Ол «Хан қызындай сұлтанның», яки әдепті,
текті жердің перзенті – «Әли ағаның қызы», өз жарының ойына келмес
іске бел буып, жаттың ішіндегі де жаманына жар болғандығына шексіз
налиды. Әкелерінің тірі екендігінен мүлдем күдер үзген бөрі тектес
перзенттерінің аналарының бұл қылығына қарсы тұра алмағандығын
түсіне отырып, «Не білейім мен жаман күн» деп көкірегі қарс айы-
рылады. Ақыры амалы құрыған айдынды ер бұрынғы батырлық,
жорықшылық жолымен сол замандағы діні бөлек, пейіл-ниеті басқа
Москва мемлекеті сынды алып елге Қазі атты Азау жұртының ел

басшысымен бірге жорыққа аттанады. Жанында Есақай, Қосай атты батыр перзенттері... Бұл жайлар – А.А. Новосельский еңбегінде айтылатын Доспамбет жыраудың жау жасқаған батыр қалпында XVI ғасырдың ақырына дейінгі өмір сүргендігіне кепілдік береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Доспамбет жырау өмірінің грузин ақыны Давид Гурамишвили тағдырына ұқсастық жайына сипаттама беріңіз.
2. Қазақ әдебиетінің тарихында өзінің алған жарының бейнесін жасаған тұңғыш автор ретіндегі Доспамбет жыраудың адам тағдырына қатысты туындысының мәні мен маңызына сараптама жасаңыздар.
3. Ресей елінің тарихына есімі түскен тұңғыш қазақ жырауының ерлік жолына анықтама беретін – балаларына қатысты толғаулары жайлы өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.
4. Жыраудың «Тоғай, тоғай, тоғай су» деп басталатын жырындағы автордың өр тұлғасына қатысты қазақ әдебиеттанушыларының пікірлеріне, аталмыш шығарманың «Озушылар, озмаңыз» деп келетін толғаумен арадағы байланысына орай өз сараптамаларыңызды білдіріңіздер.

МАРҒАСҚА ЖЫРАУ (XVII ҒАСЫР)

XVII ғасыр бедерінде өмір сүрген жыраулар қауымынан қазіргі қазақ оқырманының білері – Марғасқа жырау мен Жиёмбет жырау. Екеуі де қазақ халқының «Еңсегей бойлы Есім хан» атанған, заманында ерекше билікке ие болған Ер Есімнің тұсында өмір сүрген кісілер. Бірақ, жыраулар туралы сол заманнан қалған жазба деректер жоқ. Сондықтан олардың өз ауыздарымен айтқан сөздеріне қарап қана Есіммен қандай қатынаста, өздері өмір сүрген ортада қандай бедел иесі болғандықтарына болжамдар жасауға болады. Ал, Есімнің өзі жайлы жазылған бірсыпыра мәліметтер бар¹. Бұлардың ішінде ел арасында аңыз – әпсана түрінде айтылар әңгімелер де, Есімнің өзінің көзін көрген Әбілғазы – баһадур хан секілді бірегей тарихи тұлғаның жазба мағлұматтары да кездеседі.

Солардың ішінде елдің ерекше көңіл бөліп, тілге тиек етер әңгімесі – Есім хан мен Тұрсын ханның арасында болған оқиғаға байланысты. Бұл тұрғыда тарихшылар мен әдебиетшілердің негізгі сүйенері – Әбілғазының деректері болуға лайықты: Ол 1625 жылы Хиуа ханы Спандиярдан басын қорғалап, Түркістандағы қазақ елінің билеушісі Есім Сығайұлының ордасына келеді. Онда үш ай қонақ болады. Бір күндері Есім ханға сол кезде Ташкентті билейтін Тұрсын хан келеді. Үшеуі әңгімелесіп отырған кезде Есім Тұрсынға Әбілғазыны өзіне паналатуға ұсыныс жасайды да, оны Тұрсын мақұлдайды. Сөйтіп, Әбілғазы Тұрсынмен бірге Ташкентке аттанады. Мұнда ол екі жыл тұрады. Бірақ, екі жылдан кейін, яғни 1627 жылы екі ханның арасы бұзылып, Есім Тұрсынның басын алады. Осыдан кейін амалы таусылған Әбілғазы Есімнен Бұхара билеушісі Имамқұлы ханға баруға ұлықсат сұрайды. Есім хан ризашылығын береді². Атақты тарихшы, әрі мемлекет қайраткері Әбілғазы – баһадур, бірақ, сол 1625-1627 жылдардағы қазақ билеушілерінің ішінен Тұрсын ханды

¹ Халид Құрбанғали. Тауарих хамса. – Алматы, 1992. – 103-б.; Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. 2-том. – Алматы: Ғылым, – 1992. 146-148-б.б.; Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 73-74. 78; Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 229-230-б.б.

² Вельяминов-Зернов В. Исследование о касимовских царях и царевичах. Ч. II. – СПб, 1864. – С. 372-373; Дулатов М. – Аталған еңбегі, 1991. – 229-230-б.б.

үлкен хан ретінде танитын сыңай білдіріп, төмендегіше сипаттайды: «Мен қазақ ішіне кеттім. Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Иадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақыт бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», – дейді... Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді. Есім ханға: «Сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, Сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Имамқұлы хан қасына кетейін», – дедім. «Жақсы айтасың, солай қыл», – деді... Тұрсын хан Имамқұлының дұшпаны еді»³.

Атақты Марғасқа жыраудың біздің заманымызға жеткен:

– Ей, Қатағанның хан Тұрсын,

Кім арамды ант ұрсын.

Жазықсыз елді еңіретіп,

Жер тәңірісіп жатырсың.

Хан емессің, қасқырсың

Қара албасты басқырсың.

Алтын тақта жатсаң да,

Ажалы жеткен пақырсың.

Еңсегей бойлы Ер Есім

Есігінде келіп тұр,

Алғалы тұр жаныңды,

Шашқалы тұр қаныңды, – дейтін жыры, міне, осы кезеңнің оқиғасынан хабар береді. Мұндағы Марғасқаның «Қатағанның хан Тұрсын» дейтін сөзінің түп төркіні: сол кезде Ташкент уалаятында Қазақтың Қаңлы, Қатаған рулары тұратын-ды. Ал, Тұрсын хан сол елдің билеушісі болатын⁴. Екеуінің не себепті бір-бірімен жауыққандығының себебін Әбілғазы хан түсіндірмейді. Ал, көрнекті ақын, ел шежіресін мұқият хатқа түсіруші Мәшһүр Жүсіп Көпеев

³ Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 189-бет.

⁴ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 73.

жинаған ел аңызында былайша баяндалады: «Еңсегей бойлы Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде Ташкентте Тұрсын хан қатаған деген жұртты билеп тұрады. Тұрсын хан ант етісіп, Есім ханмен бата қылысты бір-біріне жау болмасқа. «Күнбатыс Бұқар, Хоқан, Самарханмен жауласуға мен қарсы тұрайын. Сен Күншығысқа қосын қылып аттан. Ұзын аққан Ертістің суының басынан кір, аяғынан шық», – деген соң мың кісі қосын алып Күншығысқа бет қойды... Сол жүргеннен бәрі бас қосып алып жүріп, Ертіске түсіп, әртүрлі бөтен жұртпен соғысып, өлгені өліп, қалғаны қалып... Еліне жақындап қалғанда естіді: Тұрсын хан мұны алдап, қаңғытып жіберіп, Түркістанды шауып, талап, олжалап алып қойғандығын. Мұны естіген соң Есім хан жынданды дейді... Ташкентке кіріп, хан Тұрсынды өлтіріпті»⁵.

Әрине, бұл аңыздағы Есім ханның Күншығыста соғысып жүрген жұрты – қалмақтар. Ал, қатаған деген елдің кім екендігін жоғарыда айттық. Осы оқиға турасында ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов: сол соғыс болған тұстарда қазақ ханы Есім қырғыз жұртын Шоңбағыш руынан шыққан Көкем би арқылы билейтіндігін, қатаған мен шанышқылының әміршісі Тұрсынның көзін осы Көкем арқылы құртып, кейін Ташкентте оның құрметіне «Көкемнің көк күмбезі» атанатын атақты мұнара тұрғыздырғандығын жазады. Сондай-ақ, ол Күнгей Алатаудың Санташ асуы бойында биіктігі үш сажын, аумағы отыз бес сажын тас қорғанды қырғыздардың сол дәуірде Есімнің жоңғарларды жеңген жеңісінің ескерткіші ретіндегі белгісі деп аңыз ететіндігінен хабардар етеді⁶. Мұның барлығы, сөз жоқ, бір орталықтан басқарылатын әлеуетті мемлекет үшін күрескен Есім ханның сол ниетін жүзеге асыру бағытындағы күрес жолдарынан дерек береді. Ал, Марғасқа жырау болса сол оқиғаны жырлаушы. Есім ханның бұл жолда ұстанған саясатын қолдаушы, яғни қазақ жұртының біртұтас ел болуына үлес қосушы азамат.

⁵ Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Құрастырған С. Дәуітов. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1992. – 146-148-б.б.

⁶ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 2. – Алма-Ата: КСЭ, 1985. – С. 77; Его же. Избранные произведения. – М.: Наука, 1986. – С. 27-28.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Марғасқа жыраудың «Қатағанның хан Тұрсын» деп басталатын туындысының өмірге келген уақытын анықтауға мүмкіндік беретін Әбілғазы баһадүр хан еңбегінің маңызы туралы не айтар едіңіз?
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбасының Есім хан мен Тұрсын хан арасында болған тарихи оқиғаның себеп-салдарын анықтауға тигізер жай-күйіне баға беріңіз.
3. Марғасқа жырау толғауында айтылатын жайдың оқиғасына орай Ташкент қаласында қырғыздың Көкем биінің құрметіне тұрғызылған «Көкемнің көк күмбезі» атанатын мұнара туралы Ш. Уәлиханов еңбегінің мәні мен маңызын түсіндіріңіз.
4. Қырғыз халқы аңыз ететін Күнгеі Алатаудың Санташ асуына тұрғызылған атақты тас қорғанға байланысты Есім хан жорығын М.Ж. Көпеев, Ш. Уәлиханов еңбектері арқылы сараптаңыздар.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ (XVII ҒАСЫР)

Есім хан заманының жалынды жыршысы Жиёмбет жырау – XVII ғасырдың перзенті. Негізгі ата қонысы – қазіргі Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданының Байбарак, Байшерек аталатын жерлері. Жырау туындысы алғаш рет Мақаш Бекмұхамедовтың 1908 жылғы «Жақсы үгіт» жинағында жарияланған. Халық мұрасын көзінің қарашығындай сақтап келген ақын, жыршылар жырау шығармашылығымен жақсы таныс болған. Соның бірі – атақты Ығылман Шөреков. Профессор Х. Сүйіншәлиевтің жазуынша, ол «Жиёмбет батырдың ашуы» деген тақырыпта («Жиёмбет сөзі» деп) толғаулар айтқан. Сол лебізін 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Аламан» жинағына бере отырып, Жиёмбеттің әкесі Бортоғаш екенін, оның Есім хан тұсында қалмаққа қарсы қол бастаған батыр болғанын айтқан.

Әрине, Есім хан мен оның төңірегінде жүрген, қарамағындағы халқының бәрінің пікірлері үнемі бір жерден шығып отырмағаны белгілі. Және ел билеушімен өзгелердің пікір сәйкессіздігі, соның негізінде белгілі топтар арасында әртүрлі қарым-қатынастардың болуы да заңды. Өйткені, адамзат қоғамының тарихында мұндай қатынастар еш уақыт тосын оқиға болып көрінбеген. Сондықтан іргелі ел үшін күресіп жүрген Есім ханға, сол халықтың, сол мемлекеттің тұтастығына оның билеушісінен жаны кем ауырмаған Жиёмбет жыраудың толғауларынан осы жайды аңғарсақ, оған таңданарлық еш нәрсе жоқ:

- Еңсегей бойлы, ер Есім,
Есім сені есірткен
Есіл менің кеңесім.
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.

Бұл жолдардан Жиёмбет жыраудың Есім ханға ақыл-кеңес беріп, тар кезде қолтығынан демеген, әскеріне, төңірегіндегілерге сүйеу болған, ақыры соның нәтижесінде оны үлкен билікке қолын жеткізіп, «есіртуге» дейін апарған кәнігі сұңғыла абыз, қызметі өткен кісісі екенін байқаймыз. Демек, Жиёмбетке Есім хан осындай дәрежеге жетуімен борышқор. Бірақ, жырау сөзіне қарасаңыз оны

түсініп отырған билеуші жоқ. Қайта оған қатты қаһарлы. Аянар түрі байқалмайды. Жолымбетті өлім жазасына кеспек. Сондықтан жырау да тайсалмай, батыл сөйлейді:

- Мені өлсе құнсыз кетер деймісің,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген,
Тілеуберді құлыңдай.
Тілеуберді құлың мен емес,
Мұның, ханым, жөн емес.
Менің ер екендігімді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің.

Дегенімді қылғансың
Қайратымды білгенсің...
Сіздің естен кеткенмен
Біздің естен кеткен жоқ:
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр буырыл байталға,
Сонда бір жайдақ мінгенсің.
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде.
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған.
Қаз мойынды ханыша
Қалада тұрып жылаған.
Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан¹.

Мұнда жырау, әрине, Есім ханды батыр, ақылды етіп емес, керісінше бұрын өзінің дегенінен шықпаған, жау келіп қалған тұста жыраудың көз алдында «соқыр байталға мініп», абыржыған жай ғана кісі етіп көрсетеді. Қазір тас қорғанды қалада тұрып, құдайдың қолы, ажалдың оғы жетпейтіндей көріп, мейманасың тасып тұр ғой дегенге меңзейді:

- Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда...
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
«Жиёмбет қайда» дегенде,

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 294-б.

Не деп жауап бересің?

Меніңменен ханым ойнаспа, – дей келіп, өзінің «Жолбарыс пен аюдай, бекіре мен жайындай» ерлік бітімін сипаттайды. Ең ақырысында «қайрылып қайыр қылуға қылығың жоқ ұнаған» деп, енді неден болса да тайынбайтындығын:

– Қайратым қанша қайтса да,

Мұнына, ханым, шыдаман.

Арқаға қарай көшермін,

Алашыма ұран десермін,

Ат құйрығын кесермін..

Алыста дәурен сүрермін,

Қарамасаң, ханым, қарама,

Сенсіз де күнімді көрермін, – деген жолдармен ойын шорт қайырады. Жиёмбет жырау бұл жырды айтқан кезде («қайратым қанша қайтса да») бірсыпыра жасқа келген азамат. Бірақ, артында сөзін сөйлер қабырғалы халқы бар кісі. Бұл пікірге жырау мұрасын зерттеушілердің бәрі де қол қояды². Аталмыш жырдың шығу тарихын Мақаш Бекмұхамедов былайша түсіндіреді: – Бортоғашұлы Жиёмбеттің інісі Жолымбет Есім ханмен бастас қалмақ ханының оған жіберген сұлу қызын өзіне жеткізбей, орта жолдан барымталайды. Жиёмбет батыр әуелі інісінің бұл қылығын қостамайды. Көрместей болып ренжиді. Бірақ, Жолымбет ағасын сонда да қымайды. Жиёмбет жоқта оның үйіне келіп, хабар алып жүреді. Бір күні інісі ағасы ауылда бар кезінде келіп қалады да, Жиёмбеттің үйінде екенін көріп кері қайтады. Сонда Жиёмбеттің бәйбішесі Айсанқыз батырға: «Шырақтың келіп, сенің үйде екенінді көріп, шығып кеткенін білдің бе?» дейді. Жиёмбет: «Білсем қайтейін? Ол тентекті не қылайын?» дегенде, бәйбішесі:

– Би, бұрынғыдан қалған сөз бар-ау,

Арақы менен бал қосса,

Ем дейді жараға.

Екі жақсы бас қосса,

Жамандар кіреді араға.

Жаманды жаман деменіңіз.

Басыңа қиын іс болса,

² Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 81-б.; Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 61-63-б.б.; Сүйіншәлиев Х. – Аталған еңбегі. 97-б.

Жаман да шығар қараға? – деген емес пе, деп толғайды. Бәйбішесінен бұл сөзді естіген Жиёмбет батыр: «Бұ қалай, бауыры бөлек әйел еді, ол ойлап мұндай бірлік сөз айтқаны» деп ойланып, кетіп бара жатқан інісінің соңынан:

– Әй, қыңыр ер, қыңыр ер,
Қыңырайма, біздің ер.
Қыналы бозға мінген ер,
Қыз қалмақты құшқан ер,
Хан жалғыз да біз үшеу,
Қыңырайма, шіркін берікел, – деп шақырады.

Мұнан кейін жыраудың інісінің бейбастақ қылығына наразы болып жүрген Есім хан Жиёмбетке де қыр көрсетіп, өштесе бастайды. «Бұрынғы достық дұшпандыққа душар болды. Сырттан томырайғанша бетпе-бет, ауыз-ауызменен айтып, көкірекке келген сөзді айтып шығайын деп, – бір күні Жиёмбет ханға келеді. Және сол сапарында «Еңсегей бойлы, ер Есім» деген жырын толғайды»³. Демек, Жиёмбет Есім ханмен әу баста дос болған, беделді ру басы, билердің бірі. Оның қазақ жұртының біртұтас ел болуға сіңірген еңбегі жоғарыда Есім ханды қолдағандығын білдіретін, шамырқанған мінезбен айтқан сөздерінде тұр. Ал, ата тегін тәптіштеп кетсек Кіші жүздің Байұлы атасының Тана руынан. Тананың балалары – Бортоғаш пен Жабу. Бортоғаштан үш ұл: Жиёмбет, Жолымбет, Ахмет (бір деректерде Ақымбет) тарайды. Жиёмбет Тана атанатын бір арыс ел қазіргі Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданын мекен етеді. Жыраудың інісі Жолымбетке: «Хан жалғыз да, біз үшеу» деген сөзін әдебиет зерттеушісі, жазушы М. Мағауин жыраудың негізгі тірек тұтары – немере інісі Байбақты батыр⁴ деп біледі. Солай болуы да мүмкін. Қалай дегенде де Жиёмбеттің өзінің артынан ерер, сөзін сөйлер қауым бірталай. Осы оқиғаға байланысты сол елдің азаматы, кәрі құлақ ақсақалы Оразғали Сүйінбекұлынан жазып алып, проф. Х. Сүйіншәлиев жарияланған өлең жолдарында Жиёмбет былайша толғайды:

– Әмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып бұйырдың,
Басын бер деп батырдың,
Қанын ішіп қанбаққа,

³ Бекмұхамедов М. Жақсы үгіт. – Қазан, 1908. – 18-19-б.б.

⁴ Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 62-б.

Жанын отқа салмаққа.
Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісің жол емес,
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес.
Жол тосып алып кетіпті,
Қалмақтан алмақ сыйыңды...
Қаһарыңды басқалы
Қалың елім жиылды.
Бастап келген өзге емес,
Жиембет сынды биің-ді,
Малын салып алдына,
Әр саладан құйылды.
Он екі ата Байұлы,
Бір тәңірге сыйыңды⁵.

Мұнда ханнан кешірім, сауға сұрай «малын алдына салып» айдап келе жатқан елді көреміз. Олардың бәрі де Жиембеттің намысына шабушылар – он екі ата Байұлының өкілдері. Ал, ханның Жолымбеттің «басын алмақ» болған ниеті бұл жырда айқын. Есім ханның ондай шешімге бекінуі де түсінікті. Қарамағындағы халқы басқаны қойып, өзіне тиесілі әйел болмақ қызды жолдан барымталаса, ол да қойнындағы әйелін алғанмен бірдей. Ондай билеушіде мұнан кейін қандай бедел, қадір-қасиет болмақ? Бұл да басынудың бір түрі. Оның үстіне және ең сорақы түрі. Сондықтан оның Жолымбетті өлім жазасына кеспек болуы қарамағындағыларға «ханмен ойнағанның» арты неге соғарын ұғындыру үшін керек. Жиембет те, соңынан ерген халқы да мұны білмей тұрған жоқ. Тәңірге сиынып, қаптата мал айдап, кешірім сұрай келулері, оның ішінде ханға жұртты бастап келген басқа емес, «Жиембет сынды биіңді» деп айтуында да көптеген гәп бар. Бұрынғы өткен еңбегін алдына салып, жырау інісіне кешірім алмақ. Хан, бірақ, бұрынғы қабылдаған шешімінен қайтпайды. Сол кезде барып ол шамырқанады. «Есім сені есірткен, есіл де менің кеңесім» деп күйінеді. «Алашыма ұран десермін» деп қайратқа мінеді. Оқиғаның қисыны – осы.

Әрине, қай елде де тұқымды жалғастыратын жарға аз көңіл бөлмейтін шығар. Соның ішінде түрік, маңғол тектес халықтар бұл

⁵ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 98-б.

мәселеге қатты мән бере қараған. Әсіресе, бұл жай ел басысының от басымен байланысты болса, болмаса белгілі бір әйелден кейін белгілі тұқым өрбісе, оған ерекше көңіл бөлген. Халық соларға байланысты жайды ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып айтып жүретін болған. Мәселен, Есім ханның Ташкент билеушісі Тұрсынды шапқан тұсында Арғын руының батырлары қыз әкелген. Солардың бірі Қоңырбике деген кісіні ұлы ақын Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердиевтердің арғы атасы Тобықты Сары деген азамат әйелдікке алған екен деген аңызды атақты тарихшы М.Тынышбаев бірсыпыра жазба мәліметтерге сүйене отырып мысалға алады⁶.

Міне, бұл да – халқымыздың өзінің ұрпағын жалғастыратын анаға, жарға ерекше көңіл бөлетіндігінің бір белгісі. Сондай-ақ, бұл – Ташкент билеушісінің басын алу оқиғасының, соған байланысты өрбіген өзге де жайлардың халық зердесінен мықтап орын тепкендігіне де куәлік береді. Демек, Есім заманы кезінде өмір сүрген жырау ретінде Жиёмбетті заманымызға жеткізген, оның әдеби мұрасының осындай тарихпен байланысты болуы кездейсоқтық емес. Бұл, түптеп келгенде, күллі бір кезеңнің тарихи бедерін жете түсіну үшін керекті, күрмеуі күрделі проблеманың бір ұшы.

Сонымен біз бұл жерде – бүгінгі қазақ атты іргелі жұрттың өз перзентінің атымен сақталған XVII ғасырдағы ел тарихымен байланысты шығармаларын қарастыра отырып, ұлттық әдебиеттің тарихи мәселелерінің, түптеп келгенде, ең алдымен сол халықтың өзін өзі тануының басты белгісі екендігіне ден қойғандай боламыз. Өйткені, өзінің қадір-қасиетіне өзі жеткен қауымнан ғана ел іргесінің бүтіндігін, айбын-абыройының аяқ асты болмауын күн тәртібіне қойған шығармалар тұмақ.

Ол және, тек, тарихи санадан тамыр алып қана өмірге келмек. Ал, тарихи сана – ел тарихының басты атрибуты. Ол – қарапайым түйсініс пен сүйсіністен пайда бола қалатын пайымдық құбылыс емес, қоғамдасып күн көрген, іргелі ел болған қауымның ғана танымынан шығатын ұғым. Оның өзектілігі де, өзіне тән күрделілігі де осында. Ал, жалпы белгілі бір халықтың әдебиетінің тарихын қарастыру арқылы – сол қауымның саяси тарихы мен азаматтық өмір жолына – рухани мұраның көзімен әрқилы барлаулар мен талдаулар жасауға болады. Және мұның иландыру күші ерекше. Өйткені, ол сол халықтың өз

⁶ Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С. 78.

перзенттерінің қолынан шыққан, сол қауымның өткенін танытатын ешқандай алғаулығы жоқ тарихи құжат реуіштес – елдің пейілі мен зейінін, мүддесі мен мүмкіндігін таразылайтын дүниелер. Олай болса, XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Жиёмбет жырау мұрасындағы қазақ жұртының жеке ел болып қауымдасу, хандық құрылымды мемлекет болып қалыптасу кезеңдеріндегі тарихи тайталастарының ізі – тек сол дәуірдің, бір ортаның ел бастар, орда бұзар елеулі перзенттерінің өмірлерінің хроникасы ғана емес, бұл түптеп келгенде қазақ этносының өмір жолы ретінде қымбат.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Есім хан заманында өмір сүрген Жиёмбет жырау мұрасының өзімен тұрғылас Марғасқа туындыгерлігінен өзгеше болуының себептері неде?
2. Жиёмбет шығармашылығында өрнектелген Есім хан бейнесінің асқақтатыла жырланбайтындығын қалай түсіндірер едіңіз?
3. Жиёмбет жырауға Есім ханның қаһарын тігуіне себепкер болған Жолымбет батырдың қылығы туралы Мақаш Бекмұхамедовтің «Жақсы үгіт» жинағындағы өлең жолдарының көркемігі туралы пікіріңізді айтыңыз.
4. Жиёмбет туындыларындағы автордың өз бейнесінің асқақтата өрнектелуін поэтикалық тұрғыдан түсіндіріңіз.

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ (1684-1782)

XIV-XVIII ғасырлардағы жыраулар ішінен бүгінгі таңдағы қазақтар үшін Асан қайғыдан кейінгі елге ең танымалысы – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Оның шығармашылығының кеңінен қарастырылғандығын да, жоғары оқу орындарының оқу программаларына алғашқы болып кіргенін де көзі қарақты жұрт жақсы біледі. Өз жыршының тәбәрікке тән жыр мұрасы XIX ғасырда алғаш ұлы ғалымымыз Ш. Уәлихановтың, Шоқанның досы Г.Н. Потаниннің, XX ғасырда Қ. Халидовтың, М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, М. Ж. Көпейұлының ел аузынан жинаған материалдары мен ілгері-кейінді жарық көрген ғылыми еңбектері арқылы халықтық қазынаға айналды.

Бұл тұрғыда заманында көмекейі бүлкілдеп жырмен сөйлегендіктен «Көмекей әулие» атанған, «сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюптың сабыры, Қарынбайдың байлығы, Аплатонның ақылы керек»¹ деп, Бұқар жыраудың көл-көсір еңбегін түгел хатқа түсіре алмағандығына өкініш білдіретін ел мұрасының қамқоры М. Жүсіп Көпейұлының еңбегі орасан зор.

Жыраудың әкесі – Қалқаман – батыр болған кісі. Бұқардың өзінен Ақдербіс, Жарылғап, Жанта есімді үш ұл болған. Жарылғап ұрпақтарынан Күреке ақын, ғалым Б. Аяпбергенов, т.б. белгілі адамдар шыққан. Жыраудың ата-қонысы – қазіргі Павлодар облысының Баянауыл аймағы болып саналады. Зираты – сол өңірдегі Далба тауының ішінде. Өмір сүрген уақытын жырау мұрасын зерттеген авторлар әртүрліше көрсеткен. Біз, солардың ішінен профессор Х. Сүйіншәлиев еңбегіндегі жырау – 1684-1782 жылдар аралығында өмір кешкен деген деректі қабылдағанды орынды деп есептедік².

Жырау шығармашылығы М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, Б. Кенжебаевтың, Х. Сүйіншәлиевтің, Ы. Дүйсенбаевтың, Ш. Сәтбаеваның, М. Мағауиннің, Қ. Мұхаметхановтың, Ә. Кекілбаевтың, Ә. Дербісәлиннің, Қ. Сыдиықовтың, Ж. Тілеповтің, С. Негимовтің, т.б. әр кездерде жарық көрген

¹ Мәшһүр Жүсіп. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері. 7-том. – Павлодар, 2006. – 304-б.

² Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 341-бет

бірсыпыра ғалымдарымыздың еңбектерінде әралуан қырынан алынып зерттелініп келді³.

Кеңестік кезеңдегі әдеби шығармашылық процессі таптық тұрғыдан қарастырылып келгендіктен, сол еңбектердің бәрінде дерлік «Бұқар жырау Абылай ханның ақылгөйі»⁴, сарай жыршысы. «Бұқар жыраудың шығу тегі де, өмірге көзқарасы да сол кездегі үстемдік етуші феодалдық таптың тілегімен ұштасып жатады»⁵, – деген секілді пікірлер жиі айтылатын. Және сол кезде солай айтылуы заңды да болатын. Өйткені, тапсыз қоғам құрып жатырмыз, тапсыз қоғам тұсында өмір кешудеміз деп сендірілетін социалистік құрылыс дәуірінде, сол идеологияға имандай сенетін бүкіл елге революциядан бұрынғы заман адамының шығармашылығы туралы, соның ішінде XVIII ғасырдағы қазақ қауымының хал-күйін бүкіл жан-дүниесімен жырлап өткен Бұқар туралы басқаша айту сол кезеңде тіптен де мүмкін емес-ті. Сондықтан да ара-тұра әлгіндей сөздерді айта отырып, жыраудың елінің мүддесі үшін күресе білген кемел ойлы күрескер екендігін елге аңғарту үшін: «Хан, би, сұлтандар өздерін халықтың үстінен қараушы, ел тағдырын шешушіміз деп қаншама көкірегін көтерсе де, өздерін басқалардан жоғары санаса да, күш халықта екендігін Бұқар дұрыс ұғынып, ел билеушілеріне басалқылық айтады... Бұқардың өлеңіне қарағанда (бұл жерде «Ай, Абылай, Абылай... орыспенен соғысып, Басына мұнша көтерген, Жұртыңа жаулық сағынба» деп келетін туындысына орай айтып отыр – Ж. Т.), Абылайдың тыныштықты көздеген саясаттарының бір тамыры Бұқарда жатқанға ұқсайды. Бұқардың орыспен соғысуға қарсы болуы оның өз кезінде алыстағыны болжампаз адамның бірі болғандығын көрсетеді. Бұқар пікірінің дұрыстығын

³ Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991; Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007; Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлар әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы, 1942; Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967; Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӨБ. 1956; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1942; Дүйсенбаев Ы. Бұқар жырау Қалқаманұлы // Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1976; Сәтбаева Ш.Қ. Уақыт шуағы. – Алматы: Ғылым, 2000; Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы, 1990; Сыдықов Қ. Біртума жыр саңлақтары. – Алматы, 2002; Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995; Негимов С. Шешендік өнер, – Алматы, 1997.

⁴ Сейфуллин С. Аталған еңбегі, 266-бет.

⁵ Жұмалиев Қ. Аталған еңбегі, 42-бет.

сол кездегі өмір шындығы анықтап дәлелдей түседі»⁶, – дейтін тұжырымдарын ғалымдарымыз сыналап кіргізіп отырды.

Шындап келгенде, С. Сейфуллин айтатын, Бұқарды «Абылай ханның ақылгөйі» дейтін сөз оған берілген өте жоғары баға болатын. Кімге де болса, соның ішінде белгілі адамға ақылшы болу оңай шаруа емес. Ал, Абылай сынды XVIII ғасырдың ел билеген кемеңгер ханына ақылгөй атану, ол ілуде бір адамға, үлкен дана, кемеңгер кісіге берілетін баға. Бұл реттегі М. Әуезовтің пікірі де сол деңгейден көрінеді. Ол: «Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға алып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы да күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хәл, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан болғандықтан ақылының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады»⁷, – деп сонау 1925 жылы жазып, 1927 жылы жарық көрген белгілі еңбегінде ағынан ақтарылады.

Қалай болғанда да Бұқар жыраудың тек жеке адамдардың ғана емес, бүкіл ұлыстың, күллі қазақ елінің қамқоршы-ақылшысы болғандығы күмәнсіз. Оған оның елінің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған барша шығармасы куәлікке жүреді. Бұл ретте ол бүкіл жыраулар әулеті ішінде өле-өлгенше абырой-беделін жоғалтпай, қадірінен айрылмай өткен алты арыс Алаштың аузындағы сөзі, «көкірегіндегі көзі» іспеттес Асан қайғы бабасына өте ұқсас тарихи тұлға.

Бұқар жырау барша тынысын көзімен көріп, шығармасына өзек еткен XVIII ғасырдың қазақ ұлыстары үшін жан жадыратар қуанышты оқиғалармен басталмағаны мәлім. Әйтсе де, халықтың елдік тарихында бұл ғасырдың алар орны айрықша. Өйткені, қазақ қауымы бұл дәуірде атышулы «Ақтабан шұбырынды» сынды қайғылы оқиғаны басынан өткерді. Осы зілзаланы қазақтың басына түсірген, сол замандағы Орталық Азиядағы айбарлы мемлекет-жоңғарлармен ширек ғасырдан астам уақыт бойы табан тіресе күресе отырып, оның тарих аренасынан біржола шығып қалған тұсының куәгері болды. Осы халықпен қандас Еділ қалмақтары ата қоныстарына қайтқан тұста олармен айқасып бақты.

Ал, осы оқиғалардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты жай-

⁶ Жұмалиев Қ. XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 41-42-бб.

⁷ Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 202-бет.

лар еді. Өйткені, қазақ ұлыстарының жоңғарларға қарсы азаттық үшін күресі атышулы «Ақтабан шұбырынды» сынды қасіретті оқиғаның жалғасы, кек қайтару шайқастары болып қана қалған жоқ. Бұл күрес жолында қазақ халқы өзге бір әлеуетті ел тарапынан өзіне сүйенер тірек, дос табуды мақсат тұтты. Ресей, Қытай секілді елдермен араға елшілерін, хабаршыларын жүргізді. Соның барысында тек қатардағы ел қолбасыларының ғана емес, Абылайдың өзіне байланысты да халық жадында сақталған біраз жайлар болған. Соның бірінде жыраудың Абылайды орыс жұртымен соғыспауға үндей келіп, оны «тұрымтайдай» кезінен бері білетіндігін ежіктей, ара-тұра мұқата отырып «сен жиырма жасқа жеткен соң... Ақсұңқар құстай түледің... қылышыңды тасқа біледің» – десе, екінші бір тұста:

– Жиырма жасқа келгенде,

Оны да көрген жерім бар.

Жаныс Қарабайдың қолында,

Түнде туған үледің, – дей отырып, мәселені біраз нақтылаңқырайды. Ал, бұл шындап келгенде Абылайдың бала кезінде Сабалақ деген атпен Ұлы жүз ішіне келіп, кейін жоңғарлықтармен айқас болғанда «Абылайлап» жауға шауып, қол қашырыпты, сөйтіп, басына бақ қоныпты дейтін тарихи жырлар мен аңыз әңгімелер де айтылатын әңгіменің өзегі екені мәлім⁸.

Абылайдың жеке басын дәріптеуге себеп болған оқиғалардың бірі – 1771 жылы Алтайға қоныс аударған Еділ бойы қалмақтарымен қатынасты әңгіме. Бұқар жырау бұл жайлы Абылайға қаратып айтатын үш шығармасында да сөз етеді. Мысалы:

– Қырық сан қара қалмақты,

Жарлығына қаратқан..

Лабашы деген бір еліні

Антыменен улатқан

Ераншы мен Серенді,

Тозғындатып шулатқан..

Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп, – дейтін жолдардың басқа жұрт емес, Еділ қалмақтары жайлы сыр шертетіні хақ. Енді бұл тіркестердің ішкі мағынасына үңіліп көрген жөн сияқты.

Ресей мемлекеті он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысында Еділ бойында отарлау саясатын жүзеге асыра бастады. Патша

⁸ Қазақ әдебиетінің тарихы. Редакциясын басқарған М.О. Әуезов. 1-том. – Алматы, 1948. – 304-б.

үкіметінің тек орыс дворяндарының ғана емес, көпестерінің де мүддесін көздеген бұл қадамы қалмақтарға қолайлы тимейді. 1731-1732 жылдары Дон казактарының мыңнан астам семьясы Еділ мен Илі (Иловлей) өзендерінің аралығына кеп қоныстанады⁹. Көп ұзамай Жайық бойында да казак станциялары бой көтеріп, қалмақтар қоныстанған өлкенің солтүстігіне немістер келіп орнықты. Мұның өзі қалмақ феодалдарының қоныстарын біраз тарылтады. Соған төзім ете алмаған торғауыт ханы Убаши 1766 жылы Астрахань губернаторы Н.А. Бекетовке кеп осы жағдай жөнінде екі дүркін шағым етеді. Осыдан кейін патша өкіметі даулы аудандарды картаға түсіріп, қалмақтар қонысының шекарасын межелеуге бекінеді¹⁰. Бұл шаралар, бірақ тездетіп жүзеге аса қоймайды. Сөйтіп, Еділ қалмақтары 1771 жылдың 5 қаңтарында Алтайға қарай бет түзейді¹¹. Мұны көрген орыс мемлекеті оларды кері қайтару үшін Орск бекінісінен генерал-майор Трауренберг бастаған әскер шығарады. Бұл әскер Нұралы, Қайып, Есім, Пірәлі, т.б. қазақ билеушілерінің сарбаздарымен кей тұста біріге отырып, кей жерде өз беттерімен қашқандардың соңынан біраз жерге дейін қуып барып, кері оралады¹². Қашқан халық кері қайтпағанмен сол жолда ата жауларының қарсылығына кезігіп көп шығынға ұшырайды.

Әсіресе, қалмақтар үшін қиын тиген кез – олардың Мойынты өзеніне жеткен мезгілінде болған сияқты. Өйткені, осы жерде Убаши жұртын Абылай, Нұралы, Орыс, Әділ қолы қоршауға алады. Жоңғарияға барар жол кесіледі. Амалы құрыған торғауыт ханы Абылайға елшілер жіберіп, бодандық сұрайды. Өз қолындағы бір мыңнан астам тұтқындарды қайтаратындығын мәлімдеп, көшіп-қонып жүру үшін қоныс сұрайды. Осының нәтижесінде екі жақ келісімге кеп, қалмақтарға тұтқындарды қайтару үшін үш күндік мұрсат беріледі. Бірақ, қалмақтар үшінші күннің түнінде күтпеген жерден қазақтарға тап береді де, қарсыластарын біраз қаймықтырып алып, Балқаштың

⁹ Очерки истории калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. – М.: Наука, 1967. – С. 196.

¹⁰ Пальмов Н.Н. Этюды по истории приволжских калмыков. Ч. V. – Астрахань. 1932. – С. 3-4.

¹¹ Очерки истории калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. – М.: Наука, 1967. – С. 200-202, 215.

¹² Рычков Н. Дневные записи путешествия капитана Н. Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – СПб, 1772. – С. 3, 19.

батыс бетімен ілгері қарай бет түзейді. Әйтсе де олар сол жолы орасан көп адамдары мен малдарынан айырылады¹³.

Демек, Бұқар жырау бұл жерде «жарлығына қаратқан.. Антыменен улатқан» деген сөздер арқылы тарихи фактіні дәл көрсетіп отыр. Бір қарағанда торғауытты тізе бүктіріп, әмірін жүргізген билеуші деген сөз артықтау сияқты көрінгенмен түптеп келгенде оның жоғарыдағыдай тарихи негізі бар. Ал, жыраудың «қырық сан қара қалмақ» деген мәліметіне, яки сол жолы Еділден Алтайға қоныс аударған Убаши жұртының санына келсек, бұның өзінің осы мәселеге қалам тартқан авторларда әрқилы көрсетіліп жүргенін айта кеткен жөн. Мәселен, Н. Рычков пен А. Макшеев оларды отыз мың үй, яки жүз жиырма мыңдай адам еді деп жазады¹⁴. Ал, Иакинф Бичурин сол кездегі Убаши ханның қарамағында 580 мың түтін бар еді. Белгілі шеруде олардың үш жүз мыңдайы опат болып, екі жүз сексен мыңдай адамы ғана Алтайға жетті.

Малының үштен екісі жолда қырылды деп көрсетеді¹⁵. Яғни, бұл соңғы мәлімет Бұқар жыраудағы «Қырық сан» тіркесін, яки төрт жүз мыңдық адамды бес жүз сексен мыңға жеткізіп, көтеріңкіреп көрсетеді.

Соған қарағанда жырау бұл туралы да бір шамадан соққан деп есептеуге болады. Әрине, Бұқар Абылай қасындағы адам болғанмен, оның қолында торғауыттардың дәл саны болмағаны анық. Жыраудың сол сөзді тұтқынға түскен қалмақтардың өздері жайлы берген мәліметтері арқылы ғана айтуы мүмкін. Әйтпесе, қазақтың ауызекі сөзінде көп айтылатын қырық сан сөзін жырау мұқаған жауының санын біраз өсіріңкіреп көрсету үшін пайдалануы да ғажап емес. Ал, ондай өсіңкі сөзден дауалы ауыз жырау лебізінің бәтуасы кеміп қалмайтыны, сірә белгілі.

Бұқар жоғарыда аталған толғауында:

– Лабашы деген бір еліні,

Антыменен улатқан.

Ераншы мен Серенді,

¹³ Очерки истории калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. – М.: Наука, 1967. – С. 217-218.

¹⁴ Рычков Н. Дневные записи путешествия капитана Н. Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – СПб, 1772. – С. 55; Макшеев А. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб, 1890. – С. 107.

¹⁵ Иакинф. Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. – СПб, 1829. – С. 186-189, 192-193.

Тозғындатып шулатқан, – деп жырлайтынын ілгеріде айттық. Мұндағы Лабашы (Убаши) елінің мағынасы жоғарыдағы деректерден түсінікті болды. Ал, Ераншы мен Серен кім?

Бұлар қалмақ княздары болатын¹⁶. Әсіресе, Серен өзінің заманында айрықша белгілі болған адам. Ол 1755 жылы Цян-Луннің әскерлері Іле өлкесін қиратып, жоңғарлықтарды бастырып, тозғындатқанда өзі билейтін олот тайпасын, хоит, хошоуттықтарды бастап Еділ бойына жеткен олот тайшысы еді. Кейін торғауыттықтар Еділден кері қайтпақ боп көңлі бұзылған да ақпатша соғысқа әскер сұратып жатыр, деп, ел арасына сөз таратқан да осы кісі болатын¹⁷.

Кезінде Амурсананың ең бір жақын сыбайласы болған, кейін карамағындағы он мың үйлік Алтай қалмақтарын Ресейдің жаңа боданы еткен Шереннің (Серен)¹⁸ 1771 жылы халқының санының қаншаға жеткені белгісіз. Бірақ, қалай болғанда да Еділден қозғалған жұрттың біразын соның халқы деп шамалауға негіз бар. Себебі, Еділді қоныстанғанына бір жарым ғасырдай уақыт болған торғауыттарға қарағанда жаңа мекенді әлі жерсіне алмай, ескі ата қонысты ойлап қамығып жүрген жоңғарлықтардың әлгіндей қалмақтар ежелгі еске қонысқа барып ел боламыз, деп дүркірей көтерілген кезінде бір де бірінің ермей қалуы мүмкін емес сияқты. Олай болса бұл процесте Шерен мен оның ниеттестерінің атқарған ролі ерекше болар жөні бар. Сол себепті де ол 1770 жылдың соңғы айларында торғауыттар Еділден көшуге алдын ала қам жасап, соның дайындығына жасырын кіріскенде осы істің барша құпиясын білетін Цебек-Доржи, Бамбар секілді Убаши төңірегіндегі санаулы ақсүйектердің санатында болған¹⁹. Оны сол тұстағы орыс билеушілері қу, жырынды адам деп білген. Сондай-ақ, қазақ арасындағы сол кезден сақталған аңыз әңгімелерде де ол осы тұрғыда бағаланады²⁰. Сол әңгімелердің бірінде қанжығалы арғын Үйсінбай, Арқандар, Жанатай батырлар торғауыттардан қаза табады.

¹⁶ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. – Алма-Ата: Наука, 1961. – С. 171.

¹⁷ Иакинф. Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. – СПб, 1829. – С. 186-187.

¹⁸ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Ч II. – СПб, 1832. – С. 250-252.

¹⁹ Очерки истории калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. – М: Наука, 1967. – С. 215.

²⁰ Валиханов Ч.Ч. Записки ИРГО по отделению этнографии. Т. XXIX, – СПб, 1904. – С. 319-320.

Жанатай батырдың өлгенін естігенде Абылай хан «қайрау бермеген қара болатым-ай» деп жылайды.

Мұнан кейін аман қалған қазақ қолы шабуылдап отырып Іленің барлық өткеліне қалмақтардан бұрын жетіп, жауды алдарынан тосады. Қалмақтар жеті адам елші жібереді. Алдарында түлкі тымақты еңгезердей қара қалмақ. Ол Абылайға жуық кеп, өзін Уса мен Серен ханның жібергенін, татуласпақ, тарту-таралғы тартпақ ойларын айтады. Абылай бұл жайында батырларымен оңаша ақылдасқанда: «Ақ отауын алып, өздерін үміттендіріп отырып шабу керек» деген пікір айтады. Сонда Баян батыр: «жоқ, ақ отауын алмаңыз. Алдайын деп әлек болмаңыз. Өрдегі қытай мен ойдағы қытайды алдап жүрген Уса мен Серен сені де алдайды» – деп жауап береді. Хан өзінің шешімін екі рет қайталайды. Батыр да екі рет бұрынғы сөзін айтады. Өз ойын іске асырмақ болған Абылай тарту-таралғымен келеміз деген қалмақтарды екі күн күтеді. Олар келмейді. Сөйтсе, қалмақтар бұлардан елшілері оралған күні үйлерін жығып, тайып тұрған болып шығады²¹.

Бұл жердегі назар аударар жай: қазақ жұртының Серенді елдің бәрін алдап жүрген қу деп түсінетіндігі, алданған қазақтардың Серен адамдарын үшінші күнге дейін күтетіндігі.

Тегінде осы аңыз бен Бұқар өлеңінің Қалмақ АССР тарихында айтылатын Мойынты өзені бойындағы Убаши ханның Абылайдан бодандық сұрайтын әңгімесінің түп төркіні бір фактіден бастау алатындығын ерекше айту керек сияқты. Өйткені, Мойынты мен Іленің құяр сағасының арасы әнебір қашық емес жер. Оның үстіне Убаши Алтайға Балқаш көлінің батысымен, яки Іленің осы көлге құяр сағасына қарай жылжи отырып, ілгері асқан²². Және Бұқар жыраудың «Лабашы деген бір еліні атыменен улатқан» деп, Убаши жұртының тәуелділікке өздері мойын сұнып, ант бергенін аңғартқаннан соң Ераншы мен Сереннің «тозғындағанын» айтуы тегін емес.

Бұл жерде жырау, сөз жоқ, бодандық сұраған қалмақ елшілігінің Серен кісілері екенін, ал Сереннің Убашидың ең жақын әлеуетті серігі екенін анық байқаған деп түсінуге болады.

Сол жолы Еділ қалмақтарын сүріндіргеннен кейінгі әңгіменің қорытындысын Бұқар жырау өзге бір толғауында:

– Үшбу ердан бекдарун,

Жасыл көлге маслихатқа келтіріп, – деген жолдармен жырлай кеп,

²¹ Валиханов Ч.Ч. Сочинения. – СПб, 1904. – С. 319-320.

²² Очерки истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. – М.: Наука, 1967. – С. 217-218.

Абылайды ақсүйектері мен батырларына барлық олжаны үлестіруші кып көрсетеді. Және осы жолғы дүние-мүлік бөлісуде Абылайдың өзіне алған қалмақ қызынан Қасым туғандығын хабарлайды. Абылайдың сол ұлына құтты болсын айта барғандар атынан Бұқар жырау, сондағы қанды жорықты, ондағы Абылай қасында болған Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек, Тілеуке, Қылышбек, Сатай, Наурызбай, Қаумен, Дәлет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсыққожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл батырлардың есімдерін тізбектей, жаудың құтын қашырғандығын айта келіп:

– Шеп салған жерін бұздырып,

Ұрысты қатты қыздырып,

Қасым ханның шешесін,

Хан Абылай алған-ды...

Жабы деген қалмаққа

Тырнағын қатты батырды.

Бұзылып қалмақ кеткен соң,

Өңкей батыр жиыл деп,

Хан Абылай шақырды.

Бір төбеге жиылды,

Құм төбедей үйілді,

Бөліске олжа түссін, – деп, Хан Абылай бұйырды, – дейді.

Қасымның шешесінің сонда қолға түскен тұтқын қыз «бөліске түскен олжаның» ең негізгісі, басы екенін аңғартады. Одан әрі жырау:

– Басыңа біткен күніңіз,

Құтты болсын ұлыңыз.

Хан Абылай атандың,

Алтын тақтың үстінде,

Үш жүздің басын құрадың, – деп, міне, енді сол перзентіңіздің бауы берік болсын, сол жолы «жеті күн кіріп ұрысқа» жауыңның жанын қарқараға келтірген сенің «арманың бар ма, хан ием?» – дейді.

Иә, Абылайдың хан ретінде, пенде ретінде арманы болсын, болмасын, мұнан кейін жоңғарлықтар мен торғауыт жұртының бұрынғыдай айбынды болмағаны хақ.

Енді осы толғауды Бұқар жырау қай кезде шығарды, тарихи кейіпкер Қасым Абылайұлы қай шамада дүниеге келген деген мәселеге тоқталық. Жырда айтылатын жауды қуған оқиға, сонда қолға түскен тұтқын қызды «Қасым ханның шешесін хан Абылай алған-ды» деп, енді сол көрген перзент «құтты болсын ұлыңыз», яки Қасым құтты болсын деген сөздерге бақсақ, жыр 1772 жылы айтылған

болып шығады. Екі жырда да осы баланың анасы Абылайдың некелі әйелі болған жорықта Абылайдың қолының "жеті күн" жүргендігі айтылады. Ал, Қасым хан барон Услар жазбасында 1772 жылы туған деп ешбір дұдамал келтірілмей жазылған²³. Дұдамалсыз деп айтатын себебіміз, Услар жазбасы Қасым хан өлген соң он жылдай уақыттан кейін баспа бетін көрген. Ал, дүниеден өткеніне он жылға жетпейтін мезгіл болған сондай белді тұқымның белгілі перзентінің қай кезде өмірге келгенін оның артында қалған ағайындары, елі мен жұрты ұмытуы мүмкін емес.

Оның үстіне автор Қасымды Абылайдың алпыс жасқа келгенде үйленген тұтқын қыздан көрген перзенті екенін айта отырып, қартайған кісінің үйленіп, одан перзент сүюіне орай ол өзінің бұған таңғалатындығын жасырмайды. Демек, бұл тұрғыдан келгенде қазақ эпосындағы «Кенже тоқал баласы Қасым еді»²⁴ дейтін Қасымның 1772 жылы өмірге келгеніне, яки жыраудың осы толғауларды сол шамаларда айтқанына шүбә келтіруге болмайды. Оның үстіне Бұқар аталмыш толғауында жоғарыда келтірілген «Алтын тақтың үстінде үш жүздің басын құрадың» деген сөздер айтады. Ал, Абылай ханның өзін үш жүздің ханы санаған кезі Әбілмәмбет дүниеден өткен 1771 жылдан кейінгі мезгіл екені белгілі²⁵. Олай болса Бұқардың оған үш жүздің ханы болып есептелмей тұрып бұл сөздерді айтуы мүмкін бе? Әрине, жоқ. Бірақ, осынау белгілі тексте «Қалданменен ұрысып» деген тіркес бар. Сонда қалай? 1745 жылы өмірден өткен Қалданның бұл жерде аты аталуын қалай түсінуге болады? Әлде Қасымның шешесі сол Қалдан елімен соғыста қолға түскен тұтқын қыз болғаны ма? Олай болғанда әлгінде келтірілген тарихи фактілер қайда қалмақ?

Тегінде бұл жерде басқа бір түсінбестік бар ғой деп ойлауға негіз бар. XVIII ғасырдағы жоңғар жұртының тарихында Галдан Шерен есімді хан біреу болғанмен, онымен есімдес, онымен жекжаттығы бар адамдар да, жай кісілер де аз болмаған. Сондай аттас адамдардың бірі – оның туған қарындасына үйленген Галдан Черен Шыңғыс хан баласы деген кісі екенін білеміз²⁶.

²³ Барон Услар. Четыре месяца в киргизской степи. «Отечественные записки», – СПб, 1848, №10. – С. 147.

²⁴ ОФК қолжазбалар қоры. 53-папка, 17-б.

²⁵ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 81.

²⁶ Унковский И. Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цэван Рабтану капитана от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722-1724 годы. – СПб, 1887. – С. 186-191.

Жоңғар жұртының билеушілері Галдан Церен, Цэван Рабтан әртүрлі әдебиеттерде Галдан Цырен, Галдан Шерен, Галдан Черен, Қалдан Серен, Цыбан Рабдан, Сыбан Раптан, Цеван Рабдан секілді болып жазылады.

Әңгіме аттастық төңірегіне байланысты болған соң айта кетелік: атақты Галдан Цереннің әкесінің де, шешесінің де есімдері Арабтан немесе Рабтан деген кісілер еді. Ал, заманында қылышынан қан тамған осы Рабтанның бір ұлы Шуно Кашка атанса, бір қызы Ноен Хашга атанатын²⁷. Яки, бір ғана Цэван Рабтан семьясында екі Кашка, екі Рабтан, екі Галдан болған. Сондай-ақ, 1741-1761 жылдары Еділ қалмақтарын билеген, орыс документтерінде Дондукдаши деген атпен мәлім, Донроб – арши хан есімді адамның Россия тарапынан 1757 жылға дейін хандық атақ ала алмай, 1756 жылы Тибеттегі Далай-ламадан хандық титул сұрау үшін арнайы елшілік жөнелткенде, Далай-ламаға өз өтінішін білдіріп, одан мөр мен грамота алатын дүрбіт нойаны Галдан Цэрен – Чжич-жэтэн есімді князь де болған. Бұл – 1674 жылы Тобыл маңынан Еділ бойына төрт мың үйімен көшіп келетін Солом – Цэреннің, оның аржағында 1622-1623 жылдары Тобыл воеводасы Матвей Годунов арқылы Ресеймен байланыс жасайтын дүрбіт әкімі Далай – тайшының тұқымынан шыққан өз ұлысының билеушісі еді. Әрине, дүрбіттік Галдан Цэрен жұрты 1674 жылдары, өзінің төртінші атасы Солом-Цэреннің тұсында төрт мың үй болғанына қарағанда²⁸, арада 97 жыл мезгіл өткенде үш-төрт есе өсуі әбден мүмкін. 1756 жылы Тибеттегі Далай-ламадан мөр мен грамота алып жүрген адам, егер 1771 жылы Жоңғарияға көшу басталған кезде тірі болса бірсыпыра жасқа келген, ұлысы елде де өз атын иеленетіндей кісі болғаны сөзсіз.

Ал, Убаши 1762 жылы мұрагерлік жолмен хан болып сайланса да, оның әкесінен беделі еліне артық еді деу қиын. Өйткені, хан болып сайланғанда он сегіз жасқа²⁹ ғана жеткен ол 1770-1771 жылдары бар болғаны 26-27-ақ жаста. Демек, Галдан Церен – Чжич-жэтэннің ел арасындағы салмағы бұл кезде де бұрынғыша ханмен қарайлас. Демек, Бұқар шығармасында оның есімінің Убаши (Лабаша) атымен

²⁷ Сонда, 191-197 б.б.

²⁸ Позднеев А. Сказание о хождении в Тибетскую страну малодорботского База-Бакиши. – СПб. 1897. – С. VI, XI, 121-122.

²⁹ Очерки истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. – М.: Наука, 1967. – С. 195, 214.

қатар жүрердей-ақ жөні бар. Оның үстіне Дүрбіттер 1771 жылғы оқиға кезінде Еділ бойында қалып қоймаған³⁰.

Қысқасы аттас болу қиын емес. 1745 жылы дүние салған жоңғар билеушісі мен дүрбіт Шерен, Олот Шерендер аттас. Олот Шеренді біздің көзіміз түскен тарихи еңбектер де, әрине, жай ғана Шерен деп атайды. Шындығында, оның да толық аты Галдан Шерен болуы әбден ықтимал. Оның бер жағында Бұқар шығармасында қазіргі «Қалданменен ұрысып» деген тіркеспен келетін жол, бәлкім әу баста осылай да келуі ғажап емес, бәлкім «Шеренменен ұрысып» болып та жүруі мүмкін. Ал, егер біз айтқандай «Шеренменен ұрысып» болған жағдайда ел аузында ауызша сақталған осы сөздің қазақ қауымы үшін әлде қайда мәшһүр, қазақтарға тізесі батқан «Қалданменен» ауысып редакциялануы ғажап емес қой. Өйткені, олоттық Шерен, иә болмаса дүрбіт Шерен тарих сахнасында қысқа бір ғана сәтке көріне түсіп жоқ болған бейне де, Жоңғар ханы Қалдан Шерен өзін шамалы уақытта ұмыттырмайтындай етіп қазаққа тісін басып өткен кісі емес пе? Олай болса кейінгі қауымға қайдағы бір олоттықтан немесе дүрбіттіктен гөрі дүниеден күркіреп өткен Цэрэннің әбен маскара болғаны керегірек. Бірақ, Бұқарды «редакциялаушы» жыршы ондай жағдайда оның «үш жүздің басын құрадың» деген жолдарын да редакциялау керек екенін ескермейді.

Себебі, ол өзінен бұрынғы тұстың тарихын жете білмейді. Галдан ханның тірі кезінде Абылайдың ондай дәрежеге жете алмағанын аңғармайды. Содан келеді де бір оқиғаға арналған жырлар ішінде бір-біріне логикалық жағынан мүлдем қабыспайтын әркілы деректер жүреді. Ал, Бұқар сынды көне көз қарияның мұндай әбес нәрсені айтпайтыны өзінен-өзі түсінікті. Өйткені, ол басқаны былай қойғанда Галдан ханның қай кезде ол дүниелік болғанын, Абылайдың 1771 жылдан кейін ғана «үш жүзге билігім жүрер аға ханмын» деп ойлаған, жұрт солай мойындаған тұстарын жақсы-ақ біледі³¹. Сондықтан әңгіменің Еділ қалмақтарының билеушісі турасында екендігі даусыз.

Енді ақын, жыраудың айтқан толғаулары, жырлары кейінгі айтушылары арқылы өзгертіліп «редакциялануы» мүмкін бе деген күдікті ойға келсек, ондай жағдайдың болатынына пәлендей таңдануға болмайды. Оның дәлелін алыстан іздемей-ақ, осы біз сөз етіп отырған

³⁰ Бичурин Н.Я. (Иакинф). Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. – СПб, 1829. – С. 188.

³¹ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата: Наука. 1979. – С. 81.

толғаулардан-ақ табуға болады. Мұнда Бұқар аузымен мынандай сөздер айтылады:

– Қасым ханның шешесін,
Хан Абылай алған-ды...
Жабы деген қалмаққа,
Тырнағын қатты батырды.

Шындығында, жөргекте жатқан нәрестені Бұқар Абылайға қанша жақсы атты көрінейін дегеннің өзінде де хан деп атап соншама күпіршілікке аузы баруы мүмкін бе? Бесікте жатқан бала келешекте хан бола ма, басқа бола ма, оны алдын ала кім біліп жатыр? Сол кездегі түсінік бойынша хан баласы мұрагершілік жолымен хан болмақ дегеннің өзінде де Бұқар мұндай бала-шағаның сөзін айтпаса керек?!

Сондықтан бұл сөз де кейін арада көп жылдар өткен соң Қасым шын мәнісінде Ұлы жүздің Шымкент төңірегін билеген кездерінде³², сол жердегілер Қасымды хан деп ойлайтын пікір қалыптасқан уақытта, соның жылы қабағында болғысы келгендердің қоспасы болуы ғажап емес. Оған тағы бір дәлел: осы толғауда «Жабы деген қалмаққа тырнағын қатты батырды» деген сөз бар. Ал, Абылайдың оған тырнағын қатты батыруына қарағанда бұл да тегін кісі емес қой. Хан немесе соған жетеқабыл біреудің есімі болуы керек, болмаса тайпаның, рудың аты болуы да мүмкін-ау деп ойлайсыз. Әйтпесе, Абылай қайдағы бір белгісіз біреуге айрықша тізесін батырғанда не ұтпақ, одан не абырой алмақ? Қарапайым қатардағы көп қалмақтың біріне өшігетіндей оның оған не ақысы кеткен? Ел билеушісі ежелден қастасқан тұқымның белді жеріне шеңгелін салуы керек қой. Таптық қоғамдағы өмірдің заңы, әміршілердің психологиясы тұрғысынан қарағанда да дәл осылай болуға тиіс. Әйтпесе, Бұқардың бұлай жырлауы мүмкін емес. Ханның ата жауынан кегін алған жорығын мадақтап отырған кезінде оның тек тындаушы, естуші халық өкілі риза болар әрекетін ғана тізімдесе керек. Ал, сонда бұл кім? Біз Жаба деген атпен келетін не Галдан Церен хан төңірегінен немесе Убаши хан маңайынан сол тұс тарихында белгілі болған ешкімді кездестіре алмадық. Жоңғария мен Еділ бойының қалмақтары арасында да ондай тайпа аты кездеспейді. Сонда қалай болғаны? Әлде Бұқар жырау жаңылысқан ба?

Жоқ, көне көз қария бұл тұста да қателеспеген. Галдан Серенді

³² Пантусов Н.Н. Материалы к изучению казах-киргизского наречия. Вып. 2. – Казан, 1901. – С. 38.

жай ғана Қалдан, болмаса Шерен, Цэван Рабданды Рабтан дейтіні секілді қазақтар Аюкеннің тұңғыш ұлы Чакдур Чжабыны, онан тараған ұрпақты Чжаб немесе қазақша дыбыс үндестігіне сәйкес Чжабы (Жабы) атаған деген ойға келеміз.

Ал, Чакдур Чжабыдан Дондук Даши хан³³, одан Убаши хан³⁴ туған ғой. Сонда Убашимен немере жерден қосылатын барлық тұқым осы атауға сиып кетпей ме? Солардың бәрі Жабы калмақ атанбай ма? Олай болса Бұқардың «Убаши деген қалмаққа тырнағын қатты батырды» демей, бүкіл оның төңірегін қамти «Жабы» деп алуында осындай сыр бар. Егер біздің Жабы деген сөзге байланысты осы пікірімізге қол қоятын болсақ, онда Қасым Абылайұлының анасы туралы ойымыздың жаңылыс еместігіне бұл нағыз тиянақты дәлел болады деп есептейміз. Өйткені, бұл факті, яки Абылайдың Чакдур Чжабы тұқымына тырнағы батып отырған тұсы Қалдан Церен хан заманына келмейтіні айдан анық жай.

Біз Бұқар жыраудың ел қорғаған ерлерді, соның ішінде, әсіресе Бөгембай мен Абылай қатынасқан істерді тізбелеп көрсетуі арқылы XVIII ғасыр әдебиеті дәрежесінде адам образын жасағанын, соған талпыныс қылғанын ескермеуге болмайды деп есептейміз. Осы ретте белгілі ғалым Ә. Дербісәлиннің Бөгембай, Абылай бейнелері негізінде толғау жанрында адам бейнесін жасаудың алғашқы тәжірибесін көреміз дейтін пікіріне ден қою орынды³⁵. Ал, Бұқар жасаған тарихи кейіпкерлердің реңкі бірөңкей жақсы, не жамандығымен ерекшеленбейді. Өйткені, жырау өзінің кейіпкерлері – Абылайды, Қабанбай, Бөгембайды олардың тек дүние салған, не қатаң ауырып жатқан кездеріндегі халдеріне орайлас тұстарда ғана жырламаған. Өйтпесе, ол жаны қарқараға кеп жатқанда аяушылық етіп:

– Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бактырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен жаның-ай.
Болмаса:

³³ Позднеев А. Сказание о хождении в Тибетскую страну Мало-дорботского База-Бакши. – СПб., 1897. – С. 121.

³⁴ Очерки истории Калмыцкой АССР. – М., Наука, 1967. – С. 195; Бадмаев А. Калмыцкая дореволюционная литература. – Элиста, 1975. – С. 105.

³⁵ Дербісәлин Ә. Толғау жанры туралы. // Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 48-49-бб.

Ғаділдігін Наушеруан ғаділге жеткерген,

Жомартлығын Хатымтай жомарттан өткерген, – деп әрі жомарт, әрі әділ, елге пана, ақылға дана қылып суреттелетін Абылайдың басқа да «қырлары» бар екендігін көрсете алмаған болар еді. Сондай-ақ, жоғарыда сөз еткен Бөгембай өлімінің хабарын Абылайға естірту тұсынан өзге, оның басқа бір қылығына орай жырау айтқан толғау жолдарын халық есіне сақтамаған болса, Бұқар оның да өмірі бойынан мін таппаған, ел үшін ерге сын болған кездін барлығында да оған разы боп өткен деп есептер еді.

Мәселен, «Қабанбай батыр» туралы жырда әл үстінде жатқан батырдың көңлін сұрайтын Бұқар жыраудың оны қайнар бұлаққа, дүлдүл пыраққа теңей отырып, құрбандығына Арғын мен Үйсіннің, Керей мен Алшынның әрқайсысынан жүз кісі айттым, соның басы өзім болайын деп жылайтын эпизоды бар³⁶. Бәлкім, бұл сөз, Бұқар аузынан шыққан толғау – тираданың үзігі шығар немесе қарт жыраудың Қабанбаймен көз жұмбай тұрып қоштасуға келгенде айтқан лебізінің басқа біреу аузымен жырлануы болар, не болғанда да осы көріністің аржағында бір ақиқаттың ізі бар деп мөлшерлеуге болады. Ол – Қабанбаймен қоштасуға келген жыраудың осы мазмұндас сөзді айтуы. Ал, жыраудың мұнысын қалай түсіндірген жөн? Неліктен ол қарадан шыққан қолбасшыны ханның өзінен әлденеше есе қымбатқа бағалаған? Оның себебі не?

Біздіңше, жырау бұл жерде марқұм болғалы отырған кісінің халықтың қандай перзенті екендігін, оның орнының ертең қандай боп ойсырап қалатындығын қатты түсінгендіктен, жұртты солай түсіндіру ниетімен осылайша тебіренген, әсерлей жырлаған. Оның өзіндік негізгі себебі де жоқ емес.

Хандық құрылысты, Абылайды талай дәріптеген Бұқардың халық тағдыры таразыға түскен тұста:

– Ашуланба, Абылай,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген,

Жұртыңа жаулық сағынба, – деп ірі мінез көрсететіні мәлім. Ақылғой дана қарт Абылайдың өміріне шолу жасайтын бұл толғауында тек ханға сес көрсетіп қана қоймайды, оның ойын қостап,

³⁶ Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қоры. 53-папка, 74-75 б.б.

мақсатын жүзеге асырмақ болып отырған Бөгембайдың өзіне де сен: «тоқымы кеппес ұры едің...»³⁷. Қабанбайдан бұрын найзаңды қай жерде жауға тіредің», деп шүйіледі. Жыраудың Бөгембайды мұқатып, оған Қабанбайды үлгі ете, оны кемсіте сөйлеуінен, бұл арада екі батырдың бірінен бірінің озықтығын емес, басқа бір жайды – Қабанбайдың хан мен Бөгембай жағында емес, сол тұстағы Құлсары, Қазыбек би секілді ықпалды кісілермен бірігіп, 1761-1763 жылдарда³⁸ Бұқар пікірін ұстанғандығынан деп шамалауға болады.

Демек, бұл тұрғыдан Қабанбай Бұқар жырау үшін оны ел басына күн туған қысылшаң кезде пікірін қолдағаны үшін ғана емес, түбірлі мәселені өзі секілді түсінгендігімен де қымбат. Ал, Бұқар жыраудың орыс халқымен татулыққа үндеген бұл шығармасы идеясының сонылығымен қатар, поэзиямызда осы ойды алғаш жырлауымен де бағалы.

Абылай хан жайлы онымен тұстас та, кейінгі кезең жыраулары мен ақындарының да мадақ-мақтау шығармалары аз болмаған. Бірақ, осы орайда бір ескерер нәрсе – ол тек жағымды бейне ретінде ғана кейіптелген адам емес. Өйткені, оның өзінің өмірде, тұрмыста қандай қылықтар, әрекеттер, мінездер көрсетуіне сәйкес оған деген авторлар қатынасы да құбылып, өзгеріп отырған. Сол авторлардың басы – Бұқар жырау екенін айттық. Бұқардың билеушісіне қарсы келуі – орыс елімен татулықта тұруды діттеп, көксеген тілектен өрбиді.

Бір сөзбен айтқанда, өмір бойы қазақ қауымының іргелі ел болуын, ол үшін ел татулығы, үлкен-кішінің ынтымақта болуы басты критерий деп білген, ел абызы Бұқар жырау «Керей, қайда барасың» (М. Жүсіп жазбасында «Садыр, қайда барасың?») деп берілген) деп жырласын, болмаса «Кіші Қара қалмақ бұлерде, Бозылардың билігі – бұлт бұрқан болысты, Уағдадан жылысты... Сөйткен Қалмақ оңбаған» деп көрші елдің алауыздықтан арандап қалғанын айтсын, қалай болғанда да оның елім деп өткен кеменгер екендігіне бірауыздан қол қойдыртады. Бұқардың ұлылығы дегенде, Бұқардың көрегендігі дегенде, ең алдымен, осындай-осындай кемел кеменгерлігі елінің есіне түседі...

³⁷ М. Жүсіп жазбасында «тақымы кеппес ұры едің» деп берілген. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 7-том. – Павлодар, 2006. – 6-бет

³⁸ Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII – начале XIX в. – М.: Наука, 1960. – С. 418-424; Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1971. – С. 219-231; Вяткин М.П. Батыр Сырым. М. – Л.: Издательство АН СССР, 1947. – С. 167-169.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бұқар Қалқаманұлының бүкіл жыраулар қауымының тарихындағы Асан қайғыдан кейінгі елге ең танымал болған шығармашылық тұлға болуының негізгі себептеріне сараптама жасаңыз.
2. Бұқар шығармаларын бүгінгі ұрпаққа жеткізудегі М.Ж. Көпеевтің еңбегінің ерекшелігіне тоқталыңыз.
3. Бұқар жырау туындыларындағы Абылай хан бейнесіне сипаттама беріңіздер.
4. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы ел қорғаны болған ерлерін жырлаудағы Бұқар жырау шығармашылығының басты кредосы неде деп білесіздер?
5. Жырау туындыларында көрініс тапқан қазақ-жоңғар тарихының өзекті жайларын сол заманның куәгерлері мен тарихшыларының еңбектерімен байланыстыра отырып сараптаңыздар.
6. Бұқар жыраудың тарихи тұлғасын танытудағы Ш. Уәлихановтан басталатын ғалымдар еңбектерінің негізгі ерекшеліктеріне баға беріңіздер.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ ТІЛЕУҰЛЫ (1697-1786)

Үмбетей жырау – XVIII ғасырда өмір кешкендердің ішінде Бұқардан кейінгі, сол заманның елеулі оқиғалары туындыларында барынша мол қамтылған шығармашылық тұлға болып есептеледі. Автор шығармалары 1925 жылғы «Таң» журналының 4-санында, 1942 жылғы Сәбит Мұқановтың «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер», 1967 жылғы «Ертедегі әдебиет нұсқалары», 1971 жылғы «Алдаспан», 1982 жылғы «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», 1984 жылғы «Бес ғасыр жырлайды», 2008 жылғы «Жеті ғасыр жырлайды» атты кітаптарда жарық көрген.

Жырау мұрасы қазақ әдебиетінің классигі С. Мұқановтың, профессор Х. Сүйіншәлиевтің, Халық жазушысы, ғалым М. Мағауиннің және осы жолдардың иесінің әр кездердегі еңбектерінде сөз болып келеді¹.

Қазақ қауымына Үмбетейдің негізгі шығармашылық бетін айқын да, анық көрсеткен туындысы – Бөгембай батырдың қазасынан кейін өмірге келген «Бөгембай өліміне», «Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естірту» деп аталатын толғау жырлары. Мұнда бірнеше адамның, бірнеше оқиғаның жай-күйі көрініс тапқан.

Автордың қаһармандары өмірде болған нақтылы тарихи тұлғалар екені, олардың өздерін көрсете білген өмір сахнасы негізінен жоңғарлықтармен күрес кезеңі, онан кейінгі қазақ қауымы бастан кешкен бірсыпыра оқиғалармен байланысты екені мәлім. Ал, жоңғарлармен арада өткен айқас жолы «Ақтабан шұбырындыдан» бергі уақыттың өзімен есептегенде (1723-1758 жылдар) отыз бес жылды қамтитын ұзақ мезгіл. Бұл жолда талайлардың даңқы шықты. Олардың арасында тек билеуші қауым өкілдері ғана емес, бұқара халықтың өзінен шыққан – Саурық, Бөгембай, Тайлақ, т.б. сол сияқты көптеген батырлар да болған. Солардың ішінде ұзақ көрініп, небір шоқтықты оқиғалардың басты кейіпкерлерінің бірі болғаны да – Қанжығалы Арғыннан шыққан Бөгембай батыр. Сол тұстың әдебиеттерінде барынша жиі жырланғаны да осы кісі. Ал, ол жайлы шығармалар ішіндегі ең мәлімі Үмбетей жырау мен Бұқар жыраудың батырдың

¹ Мұқанов С. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы, 1942; Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 377-381-бб; Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 83-87-бб; Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 120-142-бб.

өлімін Абылай ханға естірткен толғаулары мен Үмбетейдің «Бөгембай өліміне» атты жоқтау жыры екені белгілі. Мұнда Бөгембайдың сол кездегі Шақшақұлы Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек, Қу дауысты Құттыбай, Қаракерей Қабанбай сынды батырлар мен бірге тізе қоса отырып жаудан қазақ жерін азат еткендігі жырланады.

Жаудың кім екендігін, оны қазақ қолын бастаушылардың қай жерлерден қуып, тартып алынған мекенді кімге қоныс етіп қалдырғандығын Үмбетей:

– Баянаула, Қызылтау,
Абралы, Шыңғыстау,
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ,
Арасы толған көп қалмақ.
Қалмақты қуып қашырдың
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың.
Ақшәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жинап алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың.
Қабанбай мен Бөгембай,
Арғын менен Найманға
Қоныс қылып қалдырдың, – деген сөздермен береді.

Тіптен, ол сол кездегі жыраулық поэзияда қаһарманының қанша жаста екенін, оқиғалардың қай жылдары болғанын, не жыл қайыру есебімен, не календарлық мөлшермен хабардар етпейтін дәстүрлі дағдысының өзіне өзгеріс енгізген. Оны Абылайға байланысты айтылған:

– Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда.
Қанжығана бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,

Абылайлап шапқанда... – дейтін Бөгембай өлімін Абылайға естірту жырынан табамыз. Ал, 1711 жылы туған боп есептелетін Абылайдың жиырма жасқа толған мезгілі белгілі. Қазақша жыл қайтару есебіне салғанда Григорьян календарынан жарты жыл төңірегінде артық-кем есептеле беретін бұл уақыт сонда атышулы 1730 жылғы Аңырақай оқиғасына келіп-ақ тұр. Олай болса, XVIII

ғасыр жырауынан бұдан артық оқиға нақтылығын талап етудің өзі артық-ақ шығар.

Жырау Бөгембай батырды «Құбыла көшкен байтақтың ордасындай Бөгембай, темір жұмсап, оқ атқан қорғасындай Бөгембай, қолтығы ала бұғының пәйкесіндей Бөгембай, Білегі жуан бүркіттің тегеурініндей Бөгембай, Алатаудай Ақшадан асып тудың Бөгембай, Болмашыдай анадан болат тудың Бөгембай» деп, жаужүрек, өжет, парасаттылық, қолбасылық ақыл-айласы мол кісі ретінде көрсетеді.

Автор мұнда сүйікті қаһарманның «тегеурінді» бейнесін жасау үшін эпос үрдісін кеңінен пайдаланады. Ең ақыры батырдың ата-анасының атын тізімдеп беруі де сол үрдісті еске салады. Бірақ, бұл жердегі айырма сол – егер ескі батырлардың әке-шешесінің кім екендігі халық аңыздары, т.б. материалдарда көбіне кезікпейтін болса, Бөгембай туралы оны айтуға болмайды. Өйткені, оның әкесі Ақша, арғы атасы Әлдекүн, анасы Баяу деген (жыраудың бұл жерде неліктен оны Болмашы атайтыны белгісіз. Бәлкім, көзге түспейтін, қарапайым, елеусіз адам еді деген мағынада осылай атауы мүмкін) кісілер екендігін халық әлге дейін жадынан шығармаған².

Әрине, XVIII ғасырдағы әдеби кейіпкер – тарихи тұлғаның бәрі Бөгембайды жырлаған үлгімен жасалына бермеген. Мысалы, XVIII ғасырдағы бүкіл өмір жолы барынша мол сипатталатын Абылай хан бейнесі – тек бір ғана жолмен – тарихи оқиғалар кезінде өзін қалай көрсетіп, қалай ұстай білгендігі (ара-тұра Бөгембайды жырлаған тұстағыдай авторлық баға арқылы ғана емес) тұрғысында беріледі. Яки, сол кездегі әдебиеттегі Абылайды негізінен тарихи оқиғалар арқылы танимыз.

Мәселен, ілгеріде Үмбетей жырау оның Шарышты өлтіргеннен кейінгі жайын:

– Қалдан ханның әскері,
Іздеп сені әрі-бері,
Қапыда ұстап алғанда,
Алып барып Тәшкенде,
Көр зынданға салғанда.
Елің қараң қалғанда,
Тоқсан жақсы үш жүзден,
Сені сұрай барғанда
Өлтірем деп Қалдан хан,

² ҚСЭ. 2-том. – Алматы: ҚСЭ, 1973. – 435-б.

Орайына Шарыштың,
Сөзіне қарсы сөз айтып,
Жауаптастың, қарыстың.
Қапияда тұтылдың.
Қалмаққа бітеу жұтылдың,
Шешендік жолын тұтындың,
Үш ауыз сөзбен құтылдың – деп толғайды.

Мұндағы Галдан Цереннің баласын жекпе-жекте өлтіргені, сол үшін оны жоңғар ханының қайдан да болса ұстап әкелуді тапсырған адамдарының қазақ сұлтанын аңда жүрген жерінде бірнеше биімен, құдайберді атығай руының атақты батыры Жанақпен бірге ұстап алып Галдан Церенге әкелетіні шындық жайлар³. Сондай-ақ, ханның «баламды неге өлтірдің» деген сөзіне «балаңды халық өлтірді, мен сол халық кескен жазаны орындаушы ғанамын» – деп жауап қатқанда, бұған Галданның риза болып, тұтқынын бас кесерлерінің ырқына бермей ағаш үйге қамататыны рас. Абылай сонда тұрып Шарыштың шешесінен талай қарғыс, балағат сөздерді естіп, бейбастақ қылықтарды көре-көре шыдай алмай «сенің ұлың секілді қаңғырған құлдың басы қайда қалмаған» деп жауап береді.

Бұл жайларды Ш. Уәлиханов өмірде болған істер деп есептейді⁴. Тегінде, жыраудың Абылайға «шешендік жолын тұтындың» дейтіні осы қылықтарына орай айтылса керек Ал, сол жолы тұтқындықтан «үш ауыз сөзбен құтылдың» деген сөзі ел аузындағы Абылайды дәріптеп көрсететін мынандай аңызбен төркіндес болуы мүмкін:

– Тұтқын Абылайды Галдан Церен Шарыштың құнына бола құрбан етпек болғанда Абылай:

– Тақсыр, менің үш арманым бар: әуелі – мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда жатқан жерімнен ұстап алып өлтіргелі отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді. Екінші – қазақ орнықпай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып, отырықшы өмірге кіргізіп өлсем, армансыз едім. Үшінші – төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнде өліп кетсем, не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой, – дегенде Қалдан хан төмен қарап отырыпты да, қасындағы уәзіріне: «Мынаның сөзінің бәрі рас. Әсіресе, соңғы сөзін қарашы. Менде төрт атадан бері жалғыз едім. Осы күнгі жалғыз балам Әмірсапа өліп кетсе,

³ Валиханов Ч.Ч. Сочинения. – СПб, 1904. – С. 314.

⁴ Валиханов Ч.Ч. Сочинения. – СПб, 1904. – С. 314.

мен де тұқымсыз кеткенім-дағы» – деп қалмақ тілімен айтқан екен. Абылай хан: «Алдияр!» – деп қол қусырып тұра келеді. Қалдан хан Абылайға:

– Сен неге «алдияр» дедің. Мен сені өлімнен босаттым ба? – десе: – Тақсыр, жалғыз балаңызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой. Мен қалмақша тілді білемін, – дейді. Қалдан хан Абылайдың сөзіне разы болып оны тұтқыннан босатады⁵.

Осы идеяны Абылай ханның өмірін дастан етіп жырлаған шығармасында Көкбай Жанатайұлы да пайдаланған.

Сонда Абылай сөзінен соң Қалданның «Әмірсана төрт атадан о да жалғыз...» – деп даусы шығып кетеді⁶. Бұған қарағанда сол кездегі жыраулар да, Абылайды дәріптеуші басқа адамдар да оны айырықша қабілет иесі етіп көрсетуге кейде артығырақ тырысқан сияқты. Ал, ол үнемі сәтті шыға бермеген. Соның салдарынан ақиқат әңгіменің арасына жалған сөздер, жансақ мәліметтер кіріп кетіп отырған. Басқаны былай қойғанда, осындағы Абылай айтты дейтін үш ауыз сөздің ең салмақтысы Абылайдың өзін Қалданның жалғыз перзенті Әмірсанаға ұқсастырып, басын құтқарып алуы ғой. Ақиқатында бұл шындыққа жуыспайтын әңгіме. Өйткені, Галдан Церен өлгенде оның соңында Лама дарчжа, Цэван дорцзи ажа намгял (оны қысқаша Ачжа деп те атайтын), Мокэши атты үш ұлы, Улан – баяр атты тұрмысқа шыққан қызы, барлығы төрт перзенті қалды. Ал, Амурсана болса Галдан Цереннің әкесі Цэван Рабтанның Тибет ханының баласына күйеуге берген қызынан туған қыздың ұрпағы, яки жиенінен туған жиеншары болатын⁷. Әрине, мұндай жансақ пікірдің халық аңыздарында, сол арқылы авторлы туындыларда кездесуі (бұл жерде, мысалы, Көкбай туындысында) автордың шын мәнісіндегі ақиқатты жете білмеуінен туындап жатады. Сол себептен де болар Үмбетей жырау осы толғауында: «Тоқсан жақсы үш жүзден, сені сұрай барғанда» дейді де, оның тұтқыннан босануына қаншалықты болса да, араласы болған орыс үкіметі, оның өкілі К. Миллер жайлы ешнәрсе айтпайды. Ал, оған қарағанда ХІХ ғасырдың аяғы, не ХХ ғасырдың басында дүниеге келген, негізінде халық ауызындағы естеліктер мен аңыздарға сүйенген, сондықтан да жансақ мәліметтер кездеспей тұруы

⁵ ӘӨИ қолжазбалар қоры. 890-папка. – 40-41-б.б.

⁶ Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қоры. 657-папка, 2-дәптер. – 32-33-б.б.

⁷ Иакинф. Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. – СПб, 1829. – С. 160-162.

қиын, жоғарыда аталған Жанатайұлы Көкбай шығармаларында, орыс мемлекетінің бұл іске деген қатынасы анық аңғарылады⁸.

Тегінде мұны осы оқиғаға байланысты орыс мемлекетінің араласын білдіретін кейбір еңбектердің аталмыш шығарма дүниеге келген тұстарға дейін жарық көріп⁹, оның көзі ашық қазақтар арасында да мағлұм болғандығымен түсіндіруге болатын сияқты. Бірақ, Үмбетей туындысында осы эпизодқа қатынасты екі үлкен шындық бұрмаланбаған. Оның біріншісі – Абылайды жоңғарлардың тұтқындағандығы болса, екіншісі оны Ташкент түрмесіне апарып жатқызатындығы, яки қалмақтардың сол кездегі Ұлы жүз қазақтары мекендеген қонысқа әлде де болса билік жүргізіп, Ташкентті қолына ұстап отырғандығын аңғартатындығы. Шындығында 1726 жылы, 1730 жылы екі дүркін Ресей бодандығын сұранған Әбілқайыр өтінішінің соңғысы 1731 жылғы 19 ақпанда Петербургте қабыл алынғаннан, 1740 жылдың күзіне дейін Жоңғария қарамағындағы Ұлы жүзбен орта жүздің оңтүстік-шығыс аудандарынан басқа қазақ ұлысы толықтай Ресей бодандығына өткен болатын¹⁰. Ал, Жоңғар хандығы іргесіндегі қазақ елінің бұл әрекетіне бейтарап қарап отыра алмады. 1741 жылы олар Ұлы жүз бен кіші жүздің жеріне басып кіріп, жайлауларын қиратып, өздерін Орск қамалына дейін қуады.

Келесі жылы қайтара шабуылдайды. Ондағы мақсаты – қазақтарды түпкілікті тәуелді ету болатын. Қысқасы, сол кездегі Орынбор экспедициясының бастығы генерал-лейтенант В.А. Урусовтың Петербургке хабарлағанындай, жоңғарлар осы тұста қазақтарға отыз мың қолмен төрт рет шабуылдап, соның бірінде Орта жүз сұлтаны Абылайды тұтқынға алады. Жаудың тегеурінділігі сондай Орта жүз ханы Әбілмәмбет Орынбор бекінісіне кеп паналайды¹¹. Жоңғар ханы

⁸ Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қоры. 657-папка. 2-дәптер, 32-б.

⁹ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Ч. II. – СПб, 1832. – С. 140-150, 157.

¹⁰ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 36-40, 63; Сабырханов А. Ұлы бетбұрыс. – Алматы: Мектеп, 1981. 67-68. 84-85; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука. – С. 48-86; Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII-начале XIX в. – М.: Наука, 1960. – С. 117-120; Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1971. – С. 153-154; Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Ч. II. – СПб: 1832. – С. 153, 156, 179-182.

¹¹ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 64; Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII веках. – Алма-Ата: Наука, 1971. – С. 162-163.

болса Абылай сұлтанға бас бостандығын беру үшін Әбілқайыр хан, Барақ сұлтан, Жәнібек секілді қазақтың ең бір билікті де, белгілі он адамының әрқайсысынан бір баладан аманат сұратып¹², жалпы қазақ билеушілерінен өзінің ұлықсат еткен жерлерінде ғана көшіп-қонып жүруін талап етеді. Бұған 1742 жылы В.А. Урусовты алмастырған Орынбор экспедициясының жаңа бастығы Н.И. Неплюев қазақ шонжарлары мұнан кейін Жоңғарияның қол астына өтіп кете ме деп қауіптеніп, Петербургпен хабарласады. Оған 1742 жылғы мамырдың 20-да Сенат қазақтарды қорғау жөнінде нұсқау береді. Мұнан кейін Н.И. Неплюев Әбілқайырдан аманат сұрай келген Галдан Церен елшілеріне Әбілқайырдың Ресей боданы екенін, сондықтан оның елін патша үкіметінің әскер шығарып қорғауға дейін баратындығын қатал ескертеді¹³. Сондай-ақ, ол 1742 жылдың қыркүйегінде Пенза жаяу әскер полкының майоры Карл Миллерді Жоңғар билеушісіне елшілікке жіберіп, оған хонтайшының қазақтарға қарсы шабуылын тоқтатуы қақында, Абылайды жолдастарымен тұтқыннан босату жайында келісімге келуді тапсырады.

Ақырында 1743 жылдың көктемінде Абылай жоңғар тұтқынынан босатылады. Ал, Абылайды тұтқыннан құтқаруға себепкер болу – Ресейдің қазақ жеріндегі позициясын нығайту үшін керек-ақ еді¹⁴.

Абылай мен оның төңірегіндегі батырларын дәріптеу жолында сол тұстың жырауларында принцип тұрғысында кездесер өзара айырмашылықтар да жоқ емес. Мәселен, сол дәуірдің тарихи кескін-кейпін барынша кейінге мол жеткізген Бұқар жырау мен Үмбетей жырауды алайық. Егер ақиқатына келсек Абылай дәуірін, оның төңірегінің барша құпиясын Бұқардан артық білген жырау жоқ. Өйткені, ол барлық жыраулардан да Абылайға жақын болды. Соның қасындағы қабырғалы биі, халық ішінен ханның ұстаған кеңесшісі секілді кісі. Бірақ, Бұқар Абылайдың көп тері төгілген бір оқиғасын – қырғыз халқымен арада өткен айқастарын жырламаған. Іс жүзінде

¹² Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алма-Ата: Наука, 1961. – С. 203-205, 210, 215-216; Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII веках. – Алма-Ата: Наука, 1971.

¹³ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алма-Ата; Наука, 1961. – С. 198-200; Сабырханов А. Ұлы бетбұрыс. – Алматы: Мектеп. – 86-87 б.б.; Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Ч. II. – СПб. 1832. – С. 150-153; Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII-начале XIX в. – М.: Наука. 1960. – С. 120-121.

¹⁴ Левшин А. Аталған еңбегі. – СПб, 1832. – 157-бет.

ол ханмен осы шапқыншылықтар кезінде қандай сөздерге келді, оны қазір нақты деректермен дәлелдеу қиын. Әйтсе де көне көз қарияның тағдырлас ел, туыс жұрт қырғыз халқына істеген хан қылықтарын мақұлдап, дәріптемегені хақ.

Әйтпесе оның бұл мәселені жыр еткен толғау – жырының қандай мөлшерде болса да бір үзігі кейінгі дәуірге жеткен болар еді.

Ал, Үмбетей жыраудың көз қарасы бұл тұрғыда Бұқар принципінен гөрі басқаша. Ол аталмыш мәселе де Бұқарша байыптай алмайды. Соның нәтижесінде оған Абылай істеген шаруаның бәрі мінсіз сияқты боп көрінген. Солай түсініп, солай жырлаған. Бірақ, XVIII ғасырлық жырауды Абылайдың «Хандық құлқын» түгел ұқпағандығы үшін құстаналау артық. Сондай-ақ, оның бұл тақырыпты жыр еткен сөздерін оның өзге жыраулардан табылмайтын «ілгергілі» ретінде де қарастырмақ емеспіз. Әйтсе де, автордың Абылайға Бөгембай өлімін естіртетін тұста оның қырғыздармен арада өткен соғысты еске алатын жерлерін XVIII ғасырдың тарихи фактісінің сол дәуір әдебиетіндегі көрінісі ретінде айтпауға болмайды. Жырау:

– Анау бір жылы аттанған,
Әскерді қырғыз қырғанда.
Басынан оба қылғанда,
Ол хабарды ел біліп,
Көп батырмен сен жүріп,
Көзіңнің жасын көл қылып,
Қырылған әскер басының
Қасына барып тұрғанда,
Ақбоз атты шалғанда,
Мойныңа кісі салғанда,
Баба түкті шашты Азиз,
Сауап бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа қыдыр қонғанын

Ұмыттың ба соны Абылай?! – деп жырласа мұның аржағында біраз тарихи нақты оқиғалардың сыры бар.

Бұл Қырғыз ССР тарихындағы: «Жоңғар мемлекеті құлаған тұстан бастап, қырғыз елі Ресейдің құрамына енгенше, қырғыздардың саяси тарихына тән бір жай: қазақтармен арада болған қақтығыстар еді. Барымтаның негізінде өріс алып отырған бұндай өзара шапқыншылықтардың басты дем берушісі феодалдық үстем

тап өкілдері болатын»¹⁵, – деп жазылғанындай, феодалдық билік иелерінің әрекеттерінен өріс алып жатқан қан төгістердің әдебиеттегі қаралы көріністері екені хақ. Жоғарыдағы жырау жырының өзінен-ақ екі ел арасында екі айқастың болып өткенін жазбай танымыз. Бірінде Абылай емес, басқа бір батыр бастап барған қазақ қолын қырғыздар аямай қырса, екіншісінде ханның өзі әулиеге ақбоз ат шалып, жылай жүріп қол бастап қарсы беттен соның кегін қайтарды. Сонда бұны қай жылдардағы шапқыншылықтардың ізі деп түсінуге болады?

Тарихта 1757 жылы алғаш рет¹⁶, 1760 жылы екінші рет¹⁷ Абылай қолының қырғыздарды шабатыны мәлім. 1760 жылдардың аяғында Орта жүз бен Ұлы жүздің батыс бөлігінің Абылайдың қол астына қарауына орай оның ықпалы бұрынғыдан да гөрі арта түседі. Мұнан кейін ол 1770 жылы қалың қол жиып Талас пен Шу бойының қырғыздарын тәуелді етеді. Аманатқа адамдарын алады. Бірақ, қазақ ханы қырғыздардың қайта күшейіп кетуінен қауіптеніп, олардың бірсыпырасын Орта жүз қоныстанған Қазақстанның солтүстігіне апарып жерлендіреді¹⁸. Ол қырғыздарды А. Левшин яны (джаны) қырғыз деген атпен соңғы мекендерінде әлге дейін тұрады деп жазса¹⁹, Ш. Уәлиханов олардың XIX ғасырдың орта тұсында екі болыс ел болғанын хабарлай кеп, қырғыздардың бұл бетке қоныс тебуі 1770 жылғы «Жайыл қырғыны» оқиғасы²⁰ мен оның алдындағы екі ел арасындағы шапқыншылықтармен сабақтастығын²¹ еске алады.

Ш. Уәлиханов солардың ішіндегі ең шешушісі 1770 жылғы қырғыздарға қазақтар үстемдігін орнататын «Жайыл қырғыны» атанатын айқас екендігін айта кеп, оның найман сұлтаны Көкжал Барақтың масқара жеңілісінің есесін қайтару үшін болған шапқыншылық екендігіне тоқталады.

Қазақ арасында айрықша ерлігі үшін жалды Барак немесе Көкжал Барак атанған тәуекелі шексіз сұлтан бір жолы қырғыздарды оп-оңай-

¹⁵ История Киргизской ССР. Т. 1. – Фрунзе: Кыргызстан. 1968. – С. 250.

¹⁶ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений и пяти томах. Т. I. – Алма-Ата, 1961. – С. 207.

¹⁷ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. – Ч. II. – СПб, 1832. – С. 230-231.

¹⁸ История Киргизской ССР. Т. I. – Фрунзе: Кыргызстан, 1968. – С. 250-251.

¹⁹ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. – Ч. II. – СПб. 1832. – С. 268-269.

²⁰ Валиханов Ч.Ч. Записки ИРГО. Т. XXIX, – СПб, 1904. – С. 5.

²¹ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата, 1961. – С. 374.

ақ шауып алады. Соған мейманасы тасқан ол қырғыздардың әулиесі – Қошқаратаның мазарын мазақ етеді. Бұған өшіккен қырғыздар құпия келісіп алып, түн ішінде оның қосына шабуылдайды. Қаймығуды білмейтін Барак бұл жолы алды-артына қарамай қашады. Қырғыздар мұны өздеріне әруақтың көмектескені деп жориды²².

Бұл шынында да екі елдің де есінде біразға дейін жүруге лайықты үлкен оқиғалар екені күмәнсіз. Өйткені, 1770 жылғы айқастан кейін қырғыздарды көп уақыт бойы қазақтар тәуелді еткен. Сол соғыста екі жақтан да шығын мол болған. Әсіресе, қырғыздар жусай қираған. Солты руының көсемі Жайыл екі баласымен осы жолы опат болып, оны артында қалған қызы, Әтеке батырдың әйелі Бикемжан өлеңмен жоқтаған. Бәрінен бұрын бұл айқас масқара болған көкжал Барактың кегін қайтару үшін өткендігімен өзгеше. Тегінде Үмбетейдің де «Анау бір жылы аттанған әскерді қырғыз қырғанда», – деп қол бастаған батырдың атын атамай жартылай жұмбақтай сөйлеуіне қарағанда оның да осы жағдайды айтып отырғаны күдік келтірмейді.

Себебі, кек алу жорығына автор қазақтар жағынан Қабанбай, Бөгембай, Сары, Баян, Сағынбай сынды негізгі батырлар қатынасқандығын айтып, Абылайдың құдай мен әулиеге сыйынып, ат шалып, мойнына кісе салып «көзінің жасын көл» қылуын ежіктеуі тегін емес. Билеуші басымен Абылай сынды ханның мұндай әрекетке баруы, сөз жоқ, әулиенің кепиеті ұрып кетті ме деп қатты шошынып, қорыққандығымен ғана түсіндіріледі. Өйтпесе, не Бұқар, не басқа жырау Абылай соншалықты әруаққа көп жүгінетін діндәр адам болса, оны өзге бір жағдайға байланысты жайда тілге тиек етер еді. Өйткені, талай рет қалмаққа, басқаға қарсы жорыққа қатынасып жүрген Абылайдың өзге оқиғалар тұсында да талай тәубасына келердей сәттері болуы мүмкін ғой. Ал, жыраулар жырлаған Абылай қырғыздардан қазақтар жусай қырылған оқиғадан басқа кезде ондай қылық көрсетпейді. Демек, ол қазақтың басқа жеңілістерін әулиенің әруағы араласқандығынан болған деп есептемеген. Сондықтан ондай қылыққа бармаған. Сол себепті де ол жыраулар толғауында көрініс таппаған. Ал, Үмбетей жырлауында неге Барак батыр аты аталмайды, не себепті жырау «анау бір жылы аттанған» деген сөзді «Барак бір бастап аттанған» деп алмаған деген мәселеге келетін болсақ, тегінде автордың бұл әрекетінің аржағында үлкен саяси есеп бар деп ойлау

²² Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I. – Алма-Ата. 1961. – С. 374-375.

керек сиякты. Өйткені, ондай жағдайда жеңілуді білмейтін Барақтың неге масқара болғанын сол кездегі дінге сенетіндердің көкірегіне сәйкестендіріп түсіндіруге тура келеді. Ондай жағдайда жырау қазақ сұлтаны Барақтың әлгіндей адамгершілікке жат қылығын айтуы керек болар еді. Одан ол не ұтпақ? Барақтың бұл қылығы түптеп келгенде әрісі қазақтың, берісі Абылайдың намысына тиер шаруалар ғой. Сондықтан ол бұл жайдың ішкі сырын көп ашып жатқысы келмеген. Оның үстіне ол бұл оқиғаны Бөгембай өлімін естірту үстінде жыр етіп отырғандығын да есінен шығармаған. Ал, қаза үстінде көңілге кірбің келтіретін, намысқа тиетін жайлардың түбі көп қазбаланбаса керек-ті. Олай болса Үмбетей жырлауындағы қырғыздар мен қазақтар арасындағы екі айқас – Барақ қолының жеңілісі мен Абылай жасақтаған көп әскердің 1770 жылғы жеңісі жайлы екендігі күдік келтірмейді. Ал, жалпы сол кезең оқиғасы ауыз әдебиетінде біраз із қалдырған²³. Бұлармен танысқан адам Үмбетей жырау мұрасында аталмайтын қырғыздарға қарсы қол бастап, оларға біраз ауыртпалық әкелген, кейін сондай бір айқастың кезінде солардың қолынан қаза тапқан старшина Бердіқожадан бастап²⁴ Боранбай, Баймұқан, Шынқожа, Әжіқожа, Жауғаш секілді батырлардың есімдерін кездестіреді. Ал, олар сол дәуірде қазақ, қырғыз халықтарының тарихтарында белгілі болған кісілер. Бірақ, олардың барлығына текстологиялық салыстырулар жүргізу, бұл арқылы XVIII ғасырдағы аталмыш мәселені жырлаудағы авторлық поэзия мен ауыз әдебиетіндегі өзгешеліктерді тәптіштей аракастыру біздің тақырыбымыздың міндетіне кірмейді.

Үмбетей жырау – өмір бойы өзінің замандас әріптесі Бұқар жырау сияқты елдің татулығы үшін күрескен, адал еңбек, маңдай термен тапқан ризық-несібені жырлап өткен, адамгершілік, ар-ожданнның жыршысы. Автордың:

– Ей, Ақтамберді
Суытпа босқа түсіңді,
Қайрама онша тісіңді,
Сырт тазасы не керек,
Тазарт әуел ішіңді.
Салмақтасаң айта ғой,

²³ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. – Алма-Ата, 1961. – С. 172-180; Казахский фольклор в собраниях Г.Н. Потанина. – Алма-Ата: Наука. 1972. – С. 263-264.

²⁴ История Киргизской ССР. Т. 1. – Фрунзе: Кыргызстан, 1968. – С. 251.

Хан алдында күшінді.
Елімді иесіз деймісің,
Ерімді киесіз деймісің,
Алты арысқа білдірмей,
Басып жеймін деймісің?
Батпан-батпан мінің бар

Қабынбай бітім қылыңдар! – деп келетін жыры – оның бір дәлелі.

Әдеби мұраның жанашыры Ғалымжан Мұқатовтың ел аузынан жинаған материалында, осы шығарманың өмірге келуіне байланысты төмендегідей мәлімет берілген: «Қанжығалы Бөгембай мен Қаракерей Қабанбай батырлардың рулары арасында адам құны, жесірге байланысты үлкен дау болады. Осыған орай хан алдына төрелесуге келгенде Қабанбай жағынан Ақтамберді ақын шығып:

«Елінді жүндей түткізіп,
Қанды көбік жұтқызып,

Жайратамыз осы кеш» – деп, күш көрсете сөйлейді. Сонда Бөгембай жағын қолдаған Үмбетей осы өлеңін толғап, даугерлерді бітімге келтіреді (ӘӨИ қолжазбалар қоры, 717-папка, 10-дәптер, 55-56-беттер). Демек, жырау бұл шығармасы арқылы халқының бітімгершілік жолында жүретін күрескер тұлғасы ретінде бой көрсетеді.

Үмбетей жырау елдің телі мен тентегіне дегенде, тек хан алдында ғана билік сөзін айтып қоймаған. Ол өзінің Бәке, Жауқашар секілді туыстарынан елдің малын ұрлап сойып отырған барымташы балаларына тыйым салдыртуды талап етеді. Мал иесі күнакарларды іздеп келіп тапқанда, барымташы тоғыз ұлдың әкесі Жауқашарға:

– Бұрала біткен емендей,
Қисық туған адамсың.
Бұл мінез, бұл қылықпен
Қайдан абырой табарсың?
Ындыны жаман жетеуің,
Қашып кетті жалт беріп,
Қалған мына екеуің

Қолыңа ұста ант беріп, – деп әділдіктің үкімін шығарғандай сөз айтады. Ал сол, кезде Жауқашар балаларына араша түсіп отырған ауылдың беделді азаматы Бәке деген ағасына айтқан сөзі бұдан да қатқыл:

– Ұл он беске келгенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,

Тіл алмаса доңызың,
Не бетіңмен қорғайсың,
Жауқашардың тоғызын?
Тоқымы кеппей топтанып,
Ел тонауға аттанып,
Жылқышысын дойырлап,
Жылқыларын сойылдап,
Көрші жұртты шулатып,
Жаудай шапқан не сұмдық?

Қарап жатқан жыланның,
Құйрығын неге басасың?
Шағайын деп шапшыса,

Шоршып неге кашасың? – дей келіп, кінәларыңды мойындап,
айыбынды тартатын бол деп адалдықтың ақ жолына шақырады.

Жырау өз заманының қай ісіне болса да әділ баға беріп өткен,
тура бидің бейнесіндегі азамат. Оның Бұқар жырауға арнаған жыры
да соның бір дәлелі. Ол:

– Кетеген болса, түйең жау,
Тебеген болса, биең жау,
Ұрысқақ болса, ұлың жау,
Керіскек болса, келінің жау.
Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең.

Қойныңдағы қатының жаман болса,

Қаңтардағы мұзбен тең, – деп түйдектете айта-айта келіп, ең
ақырында замандасы Бұқардың отбасылық өміріне қынжылып, оны
мүсіркегендей болып:

– Қосағың қоса ағармас қосақ екен,
Құдайым осылай да қосады екен?
Тотықұс жарқанатқа пенде бопты,

Бұқарым, айтар мінің осы-ақ екен, – деп заманында күллі
қазақ жұрты әр сөзін берісі заң кітабының, әрісі машайықтар мен
пірлердің лебізіндей қастерлеп өткен ұлыс абызының алған жарының
«жарқанаттай» жағымсыз жан болғандығына куәлік етеді. Шындап
келгенде бұл туынды «Бұқар жырау заманында кім болды, оған баға
беріп отырған Үмбетей қандай дәрежедегі шығармашылық тұлға»
дейтін үлкен салуалы сұрақтарға саликалы жауап берерліктей түйінді
әңгіменің желісіне жатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үмбетей жырау Тілеуұлының туындыларын жинақтау, зерттеу жолындағы қазақ ғалымдарының негізгі еңбектеріне баға беріңіздер.
2. Бөгембай батыр қазасына байланысты Үмбетей туындыларының Бұқар жыраудың осы тақырыпқа арналған еңбегінен басты ерекшелігі неде деп білесіздер?
3. Абылай ханның Жоңғар билеушісінің тұтқынында болған кезін суреттейтін Үмбетей толғауындағы тарихи шындықтың көрінісін Ш. Уәлиханов, А. Левшин еңбектерімен, кейінгі Көкбай Жанатайұлы туындысымен байланыстыра отырып талдаңыз.
4. Қазақтар мен қырғыздар арасындағы жаугершілік заманның көрінісін сипаттайтын Үмбетей толғауындағы ел тарихына, діни наным-сенімге қатысты жайларға (Абылай мен Көкжал Барақ, т.б.) байланысты ғылыми тұрғыдан сараптама жасаңыздар.
5. Үмбетейдің ел арасының ер құны, жесір дауына байланысты тұстардағы қызметін көрсететін туындыларының мәні мен маңызын түсіндіріңіздер.

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ САРЫҰЛЫ (1695-1788)

Жортуылды заманның жорық жыршысы болғандардың барлығы бірдей хан сарайының төңірегінде болып, халқы мен еліне айтар көкейтесті сөздерін ел басшысының жанында отырып жырлай бермеген. Сондай жыршының бірі – Ақтамберді жырау. Жыраудың әкесі Сары дейтін орташа күйі бар момын адам болған. Шешесі Сарыбике дейтін кісі. Жырау ата мен анадан жалғыз. Оның:

– Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар.
Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның
Жүрегіннің бастары
Алтынменен бу болар,
Атадан жалғыз туғанның,
Жүрегіннің бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сені қайтейін?!

Жағама қолдың тигенін
Жалғыздық сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп, – деп налитыны сондықтан.

Бірақ, тумысынан өжет болып жаратылған жан тез есейеді, сол кездегі ел қорғаған айбынды азаматтардың қатарынан өзінің лайықты орнын табады. Жыраудың:

– Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,

Жеткіз деп құдай тілекке, – дейтін өзі туралы шығармасынан келтірілген үзіндіден біз оның он жеті жасқа шыға сала «мұздай темір құрсанып» жауға қарай жорыққа аттанып бара жатқан бейнесін көреміз.

Ақтамберді жырау, бір жағы жастай жақындарынан көрген қорлығы бар, екінші жағынан, көшпенді елдің кеудесінде намысы

мол азаматынан ер болып еңірегендердің сапында болуын талап ететін тәртібімен, халқы сыйлайтын көрнекті перзентіне айналуды жастай армандап өседі:

– Күлдір-күлдір кісінетіп
Күренді мінер ме екембіз?!
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екембіз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екембіз?!
...Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашыра ма екембіз?!
...Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екембіз?!

Бұл – атақты азаматтың «жасым жетіп он беске, кірер ме екем кеңеске», – деп өзі айтқандай, әлі он бес жасқа жетпей тұрған кезіндегі арман еткен тілек-мүддесі. Жырау сол арманына кейін жетеді. Жауды да қашырады. Атасы басқа қалмақтарды да бостырған, «әлпештеген ханшасын, ат артына мінгізіп» ежелгі жауларынан кек алған сәттерді де көзімен көреді, өзі сол жорықтардың белгілі қаһарманына айналады. Дәулетті де болады, әулетті де болады. «Шығыршығы торғай көз, сауыт киер ме екембіз?!» – деп, арман еткен тілегі де орындалады. Ал, сол армандарының ең бастысы жауды жеңіп, елдің еңсесі көтерілгеннен кейінгі ойы:

– Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам!
...Тентегін түзеп, байқа деп,
Ішінен биді сайлатсам;
Құлым бір ұлдай киінсе,
Көркемін көрген сүйінсе,
Атымтай Жомарт секілді
Атағым жұртқа білінсе.

...Қиуадан ақыл алатын,
Қияннан айла табатын,
Ерлерден салсам нөкерді

Дұшпаннан кекті алатын, – болса, соларының барлығы бірдей орындалмаса да, өз басы елдің «тентегін түзеуге» үнемі ат салысқан. Соның арқасында ол Найман жұртын Қабанбаймен қатар, демек, қазақ елінің арын арлап, жоғын жоқтаған, ауызды биі, арынды батыр ақыны болып өтті. Бұл ретте ел есінде қалған Қабанбай батыр мен Бөгембай батырдың руластары адам өлімі, жесір дауына байланысты Абылай хан алдында төрелесуге келгенде, Ақтамбердінің қарсыласы Үмбетей жырауға қаратып, сол жақтың бас батыры Бөгембай атын атап толғаған жыры соның бір мысалына жататын дерек көзі болып табылады.

Жырау:

– Уа, Қарт Бөгембай!

Құяр жауын аспаннан,

Қара бұлыт торласа,

Пәлекет елде көбейер

Жігітті жігіт қорласа;

Ақбөкен келіп жығылар,

Алдын қазып орласа,

Пенденің бағы ашылмас,

Маңдайы қалың сорласа,

Дұшпан қорлап не қылмақ,

Бақыт басқа орнаса! – деп басталатын жырын ежелгі билер дағдысындағы толғаныспен өрнектей келіп, ең ақырында:

– ... Жау емессің күш жетпес,

Дарабоздай қолбасы

Абыройын кірлетпес!

Ұрын келген күйеу қайда,

Жесір қайда тіл өтпес?

Жендетті көрсет көзіме,

Желіккен басты кім кеспес?!

Еліңді жүндей түткізіп,

Қанды көбік жұтқызып,

Жайратамыз осы кеш!.. – дейді.

Сөздері тым адуын. Оған Үмбетей жырау «Ей, Ақтамберді», – деп басталатын толғауымен жауап қатады. Ал, Ақтамберді жыраудың сөзінің ұшқын шашып тұрған «мінезінен» ел дауының жоқшысының

ашу үстіндегі батырға тән көңіл-күйі танылады. Оның «Қанды көбік жұтқызып, жайратамыз осы кеш» деуін, түптеп келгенде:

– Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да, теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да, айрылман;
Сыртым – құрыш, жүзім – болат,

Тасқа да салсаң майрылман, – дейтін өзінің батырлық бейнесін танытатын толғауының куәгерлікке жүретін дерегі деп қабылдауға болады.

Ақтамберді – ежелгі жыраулар үлгісін ұстанған ойлы адам. Оның ересек тартқан кезде шығарған туындысы деп, мөлшерлеуге боларлық:

– Қап түбінде жата ма,
Болаттың асыл сынығы?!
Халқы тозып кем болмас,
Әділ болса ұлығы...
Еділ, Жайық екі өзен,
Талсыз болар деймісің?
Бота көзді бойжеткен
Жарсыз болар деймісің?..
Абылай қонған кең қоныс
Елсіз болар деймісің?
Тұлпар туған құлыншақ
Ерсіз болар деймісің?
Тебінгі тепкі тиген соң,

Терсіз болар деймісің? – деп термелетіп келетін жырының үзінділері, «Балаларыма өсиет» деп аталатын туындысындағы:

– Балаларыма өсиет,
Болмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Өнер алды – бірлік,
Қылған жақсы тірлік.
Талапты ерге нұр жауар
Еңбегің қалмас далада,
Талпынбай көңіл жана ма?
Мұрастықты ойлаңдар
Татулық болар береке,
Қылмасын елің келеке.

Араз болсаң алты ауыз,

Еліңе кірген әреке...

Тоқсанға жас келген соң

Өлім жақын көрінеді..., – дейтін жолдар ғана емес, жыраудың он беске жетпей тұрып айтқан, жоғарыдағы жырында «даусы бар азандай, желіні бар қазандай, жаралы құдай ыңырантып, жарылған мұздай күңіретіп, боталаған боз інгенді... Алғидың құба жонынан жайылған қойы сыймаған, көк алалы көп жылқылы болып» байып, ең ақырында «елден елді аралап, текіден текті саралап» алған жарынан:

– Бала берсе тезінен –

Пірлердің бітсе демімен

Шілтеннің тиіп шылауы,

Артылып туса өзімнен!

Осындай берген дәулетті

Көтеріп тұра алар ма екеміз? – дейтін лебізінің өзі-ақ оның жастайынан мұлы, еліне сыйлы болуға лайықты жан екендігіне кепілдік береді.

Жыраудың Дулат Бабатайұлының «Еспембет» дастанында қарт адам бейнесінде сипатталып, Біржан мен Сараның айтысында оның Сараның аузымен өз елінің мақтан тұтар атақты ақыны, әруақты батыры ретінде баяндалатыны, Құрбанғали Халидовтың 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан «Тауарих хамсасында» ол жайлы қысқаша мәлімет берілуі,¹ оның өмірден өткеніне қанша жыл болса да есімінің елімен бірге ғұмыр кешіп келе жатқандығына кепілдік береді.

Ақтамберді жырау «Балаларыма өсиет» деп басталатын туындысында «Тоқсанға жас келген соң, өлім жақын көрінді» деп жырлайды. Жыраудың осы сөзіне сүйенген профессор Ханғали Сүйіншәлиев оны 1662-1752 жылдар аралығында өмір сүрген деп есептеген². Ал, Ақтамбердінің мұрасын жинақтап, зерттеуде ерекше үлесі бар халық жазушысы, ғалым Мұхтар Мағауин жырау ұрпақтарының берген деректеріне сүйеніп, алғашқыда жыраудың өмір сүрген уақыты 1675-1768 жылдар деген тұжырымға келген.³ Сол уақытты негізгі меже етіп ұстанған профессор Ө. Күмісбаев та Ақтамберді туралы

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 332-333-беттер.

² Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997. – 322-бет.

³ Алдаспан (Жинақты құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін, түсініктерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Мұхтар Мағауин). – Алматы: Жазушы, 1971. – 31-бет.

зерттеуі мен «Қазақстан» энциклопедиясына Ә. Хасеновпен бірігіп жазған мақаласында осы цифрларды көрсеткен.⁴ Біз кейінгі уақыттағы М. Мағауиннің Ақтамберді туралы зерттеуіндегі: «соңғы кезде мағлұм болған нақты тарихи деректер Ақтамберді жыраудың туған, өлген жылдары әуелгі, ауызекі әңгіме арқылы белгіленген межеден жиырма жыл кейін – 1695-1788 деп шамалауға мүмкіндік береді»⁵, – деген қорытындысын қай жағынан да қисынды деп есептеп, жырау туралы еңбегімізге осы уақытты (1695-1788) қабылдағанды орынды деп таптық.

Жасында ағайындарынан қорлықты көп көріп өскен жырау кейін атақ-даңқы шарықтап «мұрты өрге шаншылып, жақсылар кенес құрғанда» алдымен сөйлер дәрежеге жетеді. Сол кездегі оның өткенді еске ала отырып айтқан:

– Әкем көрген зорлықты,
Жас күнінде қорлықты,
Жауласарға жау емес,
Дауласарға дау емес,

Жақынға қылман зорлықты, – деп келетін күрсіністі толғанысынан оның өзіне-өзі берген сертін көреміз. Бұл жағынан келгенде ол – кекшілдік жанына жат, өн бойы мейірімге толы, естияр елдің маңдайына бітер кең пейілді, кемел ойлы азаматы.

Жырау қазақ халқының көшпенді заманындағы елдің ырысы мал деп білген дәуірінде өмір кеше отырып, сол елдің айшылық алыс жерлерге жеткізетін жылқы малын, соның ішінде ер қанаты болған тұлпарлардың көзі:

– От басар орны отаудай,
Қабырғасы халық орнаған жонсаудай,
Ор қояндай қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары мысықтай азулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей

Табаны жалпақ тарланды, – ерекше беріле жырайды.

Сондай-ақ, оның «Алғидың құба жонына» сыймайтын қойлары мен

⁴ Күмісбаев Ә. Ақтамберді жырау // Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. – Алматы: Ғылым, 2000. – 374-бет; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия 1-том. – Алматы, 1998. – 311-бет.

⁵ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 74-бет.

«даусы бар азандай, желіні бар қазандай», «жаралы құдай ыңыранған, жарылған мұздай күңіренген... боталаған боз інген» арқылы түйе малын суреттеулері де, сол замандағы жыраулық дәстүрдің талап-деңгейі тұрғысынан қарағанда хас шеберге тән суреткерліктің белгісі деп қабылдануға лайықты.

Жырау аламан тасырлы жаугершілік заманда өмір сүре отырып, талай қиыншылықтарды бастан кешкенін де жасырмайды. Түрікмен ағайындардың қолына тұтқынға түскен шағында:

– Бізді әкетті Марыға,
Марыдан да арыға,
Барсаң сәлем айта бар
Ғарып болған ата-анам
Сырбике мен Сарыға, – деп толғанады.

Бағы жанып, қайраты тасып жауының қамалын бұзған уағында да ол, кейбір батырлық жырлардың кейіпкерлері секілді күпсінбейді. Өзінің өлімге бас байлап, жорықта жүрген сәтін ел-жұртты қорғау үшін жасаған әрекеті ретінде:

– Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Елді-жұртты қорғайлап,

Өлімге жүрміз бас байлап, – деп түсіндіреді. Бірақ, ол жолдастарына өлімнен қорқып, ел үшін қорғалақтап қалмауды қатты ескертеді. Сондықтан бейбіт кездегі «Балпаң, балпаң» басатын, «батырмын деп» жүретін азаматтарға:

– Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың,
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазірейіл тура келмей жан алмас! – дейді.

Осының барлығы Ақтамберді сынды батыр жыраудың азаматтық келбеті айқын халқымыздың әдебиетінде өзіне лайықты орны бар шығармашылық елеулі тұлға екенін көрсетеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақтамберді жырау Сарыұлының ежелгі жыраулар үлгісін ұстанған терең ойлы туындыларынан мысалдар келтіре отырып, автордың өз заманындағы әріптестерінен шығармашылық тұлға ретіндегі негізгі ерекшеліктеріне сипаттама беріңіздер.
2. Ақтамбердінің өр тұлғалы батыр, сондай-ақ, мейірімді жан кейпіндегі бейнесін көрсететін шығармаларын автордың өмірбаянымен байланыстыра отырып талдаңыздар.
3. Ақтамберді Сарыұлының қазақтың жыраулық поэзиясында алғашқылардың бірі болып ер қанаты – жүйрік атты жырлау ерекшелігін батырлар жырындағы ерлер мінген тұлпарлар суреттелетін озық туындылармен салыстыра отырып, елдік мұрамыздың дәстүрлілік мәселесіне мән беріңіздер.
4. Ақтамбердінің Дулат Бабатайұлының «Еспембет» дастанында қарт адам бейнесінде суреттеліп, Біржан мен Сараның айтысында Сараның аузымен халқының мақтан тұғар атақты ақыны, әруақты батыры ретінде сипатталатындығы, сондай-ақ, Құрбанғали Халидовтың «Тауарих Хамсасында» ол туралы мәлімет берілуінің негізгі себептерінің мән-мағынасына ақын-жыраулар шығармашылығының елдік мұра ретіндегі қастерлілігі тұрғысынан баға беріңіздер.

ТӘТІҚАРА АҚЫН (XVIII ҒАСЫР)

Абылай хан заманында өмір кешкен жорық жыршыларының бірі – Тәтіқара ақын. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы мен әдебиетін аса терең зерделейтін ұлы оқымысты Шоқан Уәлиханов Абылай ханның қытайлармен бір жолғы ұрыс тұсында маневр жасап, бой тасалауға тура келгенін, ал мұның өзі тереңнен ойламайтын кейбір қандастарына сәтсіздік болып көрінетін болды-ау деп, ханның қатты қапа болған кезінде оның Абылайға қаратып төмендегіше жырлағанын¹ **орыс тілінде келтіреді.**

– Кебеже қарын кең құрсак,
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі.
Көп Қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты.
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әншейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентиін Сырымбет
Оқ жіберіп ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің
Бұрылып жауды шанышқанда!..

Бұл шығармасында Тәтіқара ақын адамның көңіл-күйі мен түпкі ойын жазбай танитын сұңғыла адам болып көрінеді. Сонымен бірге осындай ұрыстың сәтсіз тұсының өзінде Бәсентиін Сырымбет пен уақ руынан шыққан Баян секілді батырлардың ерлік қимылдарын – бірінің садақпен, бірінің найзамен жауды жапырып жүргенін көріп таңғалғанын (Баяндай ерді көрмессің, бұрылып жауды шанышқанда) ерекше бір сүйсініспен баяндайды.

Бұл – оқиға XVIII ғасырда қазақ халқына үлкен апат әкелген Жоңғар хандығының тарих сахнасынан біржола кеткеннен соңғы 1757-1758 жылдардың көрінісі болатын. Өйткені, тарих ғылымдарының докторы

¹ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата, 1984. – с.216.

Бақыт Еженханұлы жазғандай, «XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы Қазақ-Қытай қарым-қатынасының ең бір күрделі қыры немесе екі елдің қарым-қатынасына өзіндік ықпалын тигізген мәселе – Қазақ халқының шығысқа қарай өздерінің Жоңғар шапқыншылығы кезінде айырылып қалған көне жұртына оралуы және сол тарихи үдерісте туған «Жерге кім ие болуға тиісті?» деген екі ел арасындағы ұғымдық келіспеушілік пен әр елдің жүргізген саясаты болды... Цинь патшасы Цян Лунның және оның Орталық Азиядағы ұлықтарының ұғымы бойынша, бұрынғы Жоңғар хандығының иелігіндегі жерлердің барлығы Цинь патшалығына тән болуға тиіс, өйткені, Жоңғар хандығын қиратқан Цинь патшалығы»,² – деп есептеді. Сондықтан бұл мәселе түпкілікті шешімін тапқанша екі жақ бір-бірімен қандай деңгейде болса да күрес жүргізуге мәжбүр болды.

Әрине, Тәтіқара өмір сүрген дәуір – қуғын-сүргіні көп, қазақтың елдігін сақтап қалу жолында халықтың ақиық ұлдарының төңірегіндегі қайраты мол жұрттармен күресе жүріп өмір кешкен заманы екені белгілі. Оның кейінге жеткен аз ғана туындысының ерекше қастерлі болуының да бір себебі содан. Ақын шығармаларымен етене таныс академик Ә. Марғұлан Тәтіқараны өлеңді бірден суырып салып айтатын он сегізінші ғасырдың аса ірі жыршы-жырауы деп таныған³. Ал, профессор Е. Ысмайылов болса, оны Бұқар жырау секілді Абылай ханның қалмаққа қарсы күресін барынша шынайы шыншылдықпен суреттеген эпик – ақын деп біледі⁴. Осы пікірлерді «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты оқулығында профессор Х. Сүйіншәлиев те қолдайды⁵.

Осы пікірлердің барлығы, қалай болғанда да ақынның Абылай билік құрған замандағы батырлармен бірге жорықтас болғанына куәлік етеді. Оған дәлел-дәйекті ең алдымен Тәтіқараның жырларынан табамыз. Мәселен, төмендегі мына туынды да соған айғақ бола алады:

– Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы – болат найза!
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.
Бөкейді айт, Сағырменен Дулаттағы,

² Қаракерей Қабанбай // Аңыз адам. №9 (69) Мамыр, 2013. – 38-бет.

³ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата, 1984. – с.384.

⁴ Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 44-бет.

⁵ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 375-бет.

Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы!
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы!
Ағашта, биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт!
Найзасының ұшына жау мінгізген –
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт!

Бұл шығарманы алғаш рет Қостанай облысының Урицкий ауданында тұратын Дәулетов Қажыахметтен жазып алып, «Әдебиет және искусство» журналында жариялатқан (1946 жыл, №7-8, 63-бет) халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі, көрнекті ақын Мариям Хакімжанова өлеңнің тарихы туралы төмендегідей түсінік берген: «Тәтіқара – Абылай ханның сардар жырауы, ақылгөйі. Бір жорықтан Абылайдың жолы болмай, ашуланып келе жатқанда алдынан тасып жатқан өзен кезігіп, артынан жау өкшелеп, Абылай қолының жаны қысылады. Осы кезде хан:

– Тілің қырқылғыр, Тәтіқара, бірдеме десейші, – депті. Сонда Тәтіқара астындағы атын борбайға бір тартып, суға беттей бере осы өлеңін айтыпты. Сол сол-ақ екен, тоғыз батыр Тәтіқараның соңынан суға түсе-түсе кетіпті. Бұлардың соңынан қалың қол да қаптай түсіп, судан аман-есен өтіпті».

Бұл шығармадағы да, алдындағы туындыдағы да («Кебеже қарын, кең құрсақ» деп басталатын) батырлардың барлығы да қазақ халқына барынша таныс. Олар тек қысқа қайырымды толғаулардың ғана емес, көлемді-көлемді дастандардың да кейіпкерлері. Бірақ, бір таңқаларлық жай осы екі толғаудың екеуі де Абылайдың жауын күйрете жеңіп тұрған сәтінен емес, сәтсіз жорығының жай-күйінен берілген репортаж секілді. Сондай-ақ, оның Абылай ханның тұңғышы Жанбай жау қолынан жорық кезінде қайтыс болғанда айтқан: «Кеше тоқыраулы судың бойынан, Тоқал терек түбінен, Ніл дарияның басынан» деп, ежелгі Едігелердің немесе солардан ілгерілі-кейінді заманда өткен тарихи тұлғалар туралы жыр-дастандардың кейіпкерлеріне қаратып толғанатын туындыға ұқсас жырында да қаралы жанның қайғысын бөлісетіндей лебіз жоқ. Автордың Абылайға солай сөйлеуіне не себеп болды дегенде, баласының өлімі жанына батқан хан бас көтермей жатып алған⁶. Ел аузымен жеткен осы әңгіме – Арғын Едіге бидің баласы өлген Жәңгір ханды орнынан тұрғызғанына ұқсас. Айырмашылығы

⁶ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 82-бет.

– Жәңгірдің баласы жардан құлап өлген, Абылайдың баласы жаудан өлген. Бірақ, Едіге би сөзі: «Көтер хан басынды! Босатпа беліңді, мұнайтпа еліңді! Тозбасты ұста соқпайды, Өлместі құдай жаратпайды,» – деп, жанашырлық пейілде, жабырқанқы көңілде аяқталатын⁷. Ал, Тәтіқара ақынның сөзі ханына баласынан айырылып отырған сен бе едің дегендей:

– Үш жүздің сонда баласы

Ақылдасып, кеңесіп,

Хан көтеріп еді!

Үш жүздің баласын

Бір баласындай көрмеді.

Ат құйрығын сүзіндер,

Аллалап атқа мініңдер,

Ханталау қылып алыңдар! – деп, ежірейген сеспен біткен.

Әйтсе де Тәтіқараның осы сөдеріне бола одан ел басшысы Абылай да, төңірегіндегі қалың қауым халқы да «ішін тартып», іргесін аулақтамаған. Қайта «ердің-ері, елдің-белі» деп жүргенімізде сенің көрсетіп тұрған мына қылығың – қай қылық, дегендей болып, тым адуын сөйлеп тұрған ақын сөзін билеушісі жанымен ұққан. Бірден жадырап, жайбарақат қалыпқа келмесе де, ақырындап қайғысын ақылға жеңдіреді. Оның жасақты жау мен тасыған өзеннің арасында қалып, қиналған тұста, басқадан емес, Тәтіқарадан қолдау іздеп: «Тілі қырқылғыр, Тәтіқара, бірдеме десейші,» – дейтіні де содан.

Ақын – Сарыкөл маңындағы Уақ тайпасының Қалмақ деп аталатын атасынан шыққан. Ата-қонысы – қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданының территориясы⁸. Бірақ, ақын өмір бойы Абылай ханның қарулы жасағының сапында жүргендіктен, оның қайратқуатының бар кезінде билеушісі мекен еткен аймақтан көп алыс кете алмағаны аңғарылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұзақ жылдар бойы Абылай ханның ел қорғаған елеулі жорықтарына әрі ақыны, әрі батыры болып қатынасқан Тәтіқара шығармашылығын ілгеріде өткен Доспамбет жырау туындыгерлігімен салыстыра отырып сараптама жасаңыздар.

⁷ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 6-том. – Павлодар, 2005. – 130-бет.

⁸ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 79-80 беттер.

2. Тәтіғара туындысында сөз болатын Баян батыр бейнесін Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» туындысымен байланыстыра отырып өз пікіріңізді айтыңыз.
3. Өр мінезді, өткір тілді ақын туындыгерлігін Тәтіғараның Абылай ханның баласы Жанбайдың жау қолынан өлген кезде билеушісіне айтқан өктем сөзі арқылы, сондай-ақ, ол туралы хатқа түскен Ш. Уәлиханов пікірлеріне сүйене отырып дәлелдеңіздер.

КӨТЕШ РАЙЫМБЕКҰЛЫ (1747-1838)

Он сегізінші ғасырда өмір кешкен белгілі ақындардың бірі – Көтеш Райымбекұлы. Ақын қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы аймағында өмір сүрген. Халық мұрасының қамқоры атақты Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің №1176, 1178, 1645 папкаларының өнбойында Көтештің ата-тегі, тұрмыс жайы, әрбір өлеңінің қандай жағдайда өмірге келгендігі туралы жан-жақты мәлімет беріліп отырған. Сондағы деректерге назар аударсақ, ол – XVIII ғасырдың отызыншы жылдары Сыр бойынан Арқаға келіп қоныс аударған Сүйіндік Арғын тайпасының Төртуыл (Қаржас, Орманшы, Құлболды, Жанболды) рулар бірлестігінің Құлболдысынан тарайтын (Айдабол, Күлік, Ақбура, Тұлпар, Қабыланның) Күлік атасынан¹. Күліктен Ақыл, одан Сексен, одан Рай, Райымбек, Қараша, Базар. Райдан Айдар, Көтеш ақын, Құлбай тарайды. «Көтеш ақын – өзі бай болған кісі» (Мәшһүр-Жүсіп, 1176-папка, 364 (434) бет)². «Нағашы жұрты Алтай еді, – дей келіп, М. Жүсіп, – Бұрынғы ақындар айтқан екен: «Еламанның баласы Тұрсынбайсың, Арманың жоқ жалғанда, мұңсыз байсың! Бәзілің бай, Боштайың дуанбасы, Бір Алладан басқадан қымсынбайсың! Қайын жұрты Бәзіл бай еді... Көтеш ақынның бәйбішесінің аты – Сабаз. Бәйбіше бір қоңыр шұнақ қойды жеті қотан қылған»³ деген сөз бар. Бір сөзбен айтқанда, Мәшһүр-Жүсіп Көтеш ақынның өзі бай, қайын жұрты одан асқан дәулетті, атақ-даңқы сол замандағы алыс-жақынға бірдей мәлім болғандығына күмәнданбайтындай дәлелді сөздер келтіреді.

Соның бір мысалы, 1835 жылы «елінің құты» атанған Айдабол Шоң би қайтыс болып, келесі жылы «қу мешіннің», яки 1836 жылдың қысында ел жаппай жұтап, халықтың назары сынған тұста, Көтеш ақын ауыл-аймақтың көңілін көтеру үшін төмендегідей жыр толғаған:

– Қозған, Қақсал теп-тегіс қақсап қалды,
Жылқы-отарда, қолдағы ат ақсап қалды.
Баянаула бауырында Жанқозы атаң

¹ Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – 105-бет.

² Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. 7-том. – Павлодар, 2006. – 308-309-беттер.

³ Сонда, 313, 315-беттер.

Қара малдың тұқымын жақсы ап қалды.
«Ақыл», «Сексен» атанған еліміз-ді,
Атпен тартып қағатын желімізді.
«Мал кетті» деп, бозбала, мұңаймандар,
Азар болса үш жылғы төліміз-ді.⁴

Бұл сөздер – тек шүкіршілік еткіш малды адамның ғана емес, ер көңілді азаматтың көкірегінен шығатын лебіз екені анық. Ал, ер көңілді, ер мінезділікке келгенде Көтештің өз заманында кімді де болса мойындатып өткені мәлім. Соның бірі, осы кезге дейін талай жерде көптеген зерттеушілер сөз етіп келген:

– Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер, жазығы жоқ, неге өлтірдің?!
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің.
Абылай, күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,

Болады ертең жесір қатын-балаң! – деп, айтылатын жыры. Жырдың өмірге келуі туралы Мәшһүр-Жүсіп: «Бұл жақтан екі кісі, Қаракесек, Сүйіндіктің екі биі – төртеуінің бас қосқан жеріне көлденеңнен бала күні Көтеш ақын барып, оларды сөйлетпей, өленді гулетіп қоя беріпті. Сонан соң кінәласқан да жоқ, айтысқан да жоқ. Ханы қарашасымен жарасып, бұл барғандардың не көңілдегісін қылып, сөйтіп қайтарған екен» дейтін түсінік береді⁵.

Тарихта Абылайдың Қаракесек Ботақан мен Жанайды зынданға салдыртып, Ботақанның өзін-өзі жарып өлтіріп, Абылайға қарсы бүкіл Бес Мейрам балалары: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесектің көтерілген оқиғасы – Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің қолбасы батыры Сүйіндік арғын Олжабай батыр жайлы тарихи жырдың бір тармағында сөз болады⁶. Жырда көрініс тапқан бұл оқиға, сондай-ақ, оған Көтеш ақынның қатынасы – кезінде белгілі әдебиетші Н.С. Смирнованың да назарын аударған⁷. Ал, жалпы

⁴ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 6-том. – Павлодар, 2005. – 177-178-беттер.

⁵ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 7-том. – Павлодар, 2006. – 309-бет.

⁶ Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979. – 146-бет.

⁷ Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-кітап. – Алматы, 1960. – 598-бет.

оқиғаның болғаны – бүкіл Бес Мейрам балаларын Абылайға қарсы бастап, Қаракесек Бекболат пен Сүйіндік Едігенің барғаны жайлы дерек көңіл бөлерліктей мәселе. Мұндағы Қаракесек Бекболат атақты Қаздауысты Қазыбектің бел баласы. Ханға қарсы тепсініп барған топты Қазыбектің өзінің емес, баласының бастауына қарағанда, шамамен бұл оқиға Қазыбек өмірден өткен 1763 жылдан кейін, 1764 жылдың, не 1765 жылдың шамасында болуы мүмкін. Қалай болғанда да мұның Абылай ісіне, содан шыққан шешімге қарсы қалың елдің қарсы үнінің жаңғырығы екендігінде дау жоқ.

Айтылмыш жыры арқылы Көтеш ақын кезінде қаһарлы хан болып өткен Абылайға Бұқар жыраудан кейінгі ел атынан сөйлеп, ең бір ауыр сөзді айтқан шығармашылық тұлға болып саналады.

Ал, осы тұста ақынның туған уақыты туралы ойланарлық жай бар. Халық жазушысы М. Мағауин бұл турасында: «Көтеш ақын 1745 жылдар шамасында туған деп айта аламыз»,⁸ – деген тұжырымға келеді. Бұған әбден қосылуға болар еді. Бірақ, өткен заманның барша оқиғасына ерекше жауапкершілікпен қарайтын және сол дәуірге бүгінгі адамдардан әлдеқайда жақын тұрған данышпан қария Мәшһүр-Жүсіп Көтеш ақын жоғарыдағы сөзін айтқан уақытында «бала» еді дейді. Сонда ол мықтаса он жеті-он сегіз жастағы азамат болып шығады. Ондай жағдайға оны 1747 жылы өмірге келген деп мөлшерлеуге болады. Қай кезде өмірден өтті дегенге келсек, ақын 1836 жылдың «мешінінің» оқиғасын жырлағандығына тағы да Мәшһүр-Жүсіп куәлік етеді. Оның үстіне ол ұрыларға тап болып өлер шағында «жүзге келген» адам екенін айтады. Сонда ол жүз жасты толтырмаса да тоқсанның үстіне анық шыққан қария, яғни шамамен 1838 жылы қайтыс болған деп мөлшерлеуге болады ғой деп ойлаймыз. Әрине, ақынның туған, өлген жылдары әртүрлі еңбектерде әрқилы көрсетілген. Біздің бұл болжамымызды, Көтеш ақынның өзінің өлеңдерімен, оларға берілген Мәшһүр-Жүсіптің түсінік-таныстыру сөздеріне сүйене отырып ұсынылып отыр деп қабылдаған орынды деп білеміз.

Көтеш ақын – Мәшһүр-Жүсіптің жазбаша мәліметі бойынша үш әйел алған адам. Біріншісі – Алтай Арғынның атақты байы Бәзіл байдың ұрпағы Сабаз, екіншісі – Көсеміс атты байдың қызы Жақсы деген кісі. Ақынның екінші әйелінен перзент болмаған. Үшінші әйелінен Шалбай, одан Қалық туған. Көтештің осы үшінші әйеліне үйленуіне

⁸ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 107-бет

байланысты төмендегідей әңгіме бар: «Ақынды қартайған кезінде Жәуке би Бұхара базарына қой айдаған сапарына ертіп кетіпті. «– Жүр, ақын, өзіңнің тапқан табысыңа бір қыз айттырып, алып берейін», – деп. Содан Сыр бойындағы Шұбартпалы шектінің бір аз ғана ауыл жатағының бір қызына атастырып, бар малын беріп: «жас жүрсе қунайды, кәрі жатса қунайды», – деген. – Қыстап жатыңыз, базардан қайтқанда, алып қайтайын, – деп, қайнына тастап кетіпті.

Жәуке би Бұхарадан қайтқанда келіп:

– Ақын, атаңызбен жарасып, ұнатыстыңыз ба? – дегенде⁹, Көтеш қайын атасы мен қайын енесі туралы төмендегіше жырлап кетеді:

Атам ата болмады, қалмақ болды,
Қызын берсе, атымды алмақ болды.
Алты ешкі, жалғыз қойын базарға айдап,
Қызыл ділдә, ақ жамбы алмақ болды.

Енем ене болмады, деген болды,
Жазығымыз енеге неден болды?
Сап-сау қызын ауру деп сылтауратып,
«Ақ сарыбас» – еркек қойды жеген болды.

Мұнан кейін «атыңды астыңнан беріп кетсең, қызымды беремін, әйтпесе қызымды бермеймін» деп жатқан Көтештің қайын атасы «сөзден ұялып, атын алмай, бұрынғы уағдасымен қызын беріп жөнелтіпті». Бұдан әрмен Мәшһүр-Жүсіп сол қыздан туған Шалбайды, одан тараған ұрпақтарды көзімен көргендігін әңгімелейді¹⁰.

Көтеш ақынды замандастары «аузына Қыдыр түкірген», «аузына құдай сөз салған», «айтқаны келетін» адам деп білген. Соның бірі төмендегіше айтылады: «Ақын қыстыгүні бір жақтан келе жатып, Шоң бидің ауылына келсе, ауылға жақын маңайды қорық қылып, мал түсірмей, ту сақтаған екен. Соған ақын атынан түсе қап, көлігінің ауыздығын алып, оттатуға ыңғайлана бастағанда, ауылынан бір есерсоқ шауып келіп:

– Атыңды отқа қойма! Бидің: «Жаманшылықта керек болады», – деп, қорытып тұрған жері дегенде, ақын:

⁹ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 7-том. – Павлодар, 2006. – 312-313-беттер.

¹⁰ Сонда, 313-бет.

– Қонақ қусаң үйіңнен құт қашады,
Байлап қойсам, атымның қарны ашады.
Кең қорығын Құдайдың Шоң қорыса,

Ақ қар жауып ол жерді, мұз басады, – деп атына мініп, ауылына аттанып кетеді. Хабарды естіген Шоң:

– Аузына Қыдыр түкірген жан еді, шақыра гөр! Бәлекеттің айтқаны айтқанындай дәл келуші еді! – деп, шақырта кісі жіберген екен. Өкпелеген бойымен келмей, кетіп қалыпты. Кідірмей ақ қар, көк мұз болып, камытшылық болды дейді»¹¹.

Осының барлығы – қалай болғанда да, елінің Көтешті қастерлеп қадір тұтқандығына дәлел. Оны халқы, соның ішінде, жас жігіт кезінде Бекболат, Едіге, ересек тартып егдерген шағында Шоң, Шорман, Торайғыр, Жәуке, Жарқын секілді елі қабағына қараған дуалы ауызды билер де лебізіне құлақ асып, керек жерінде қандай бәтуалы әңгіме айтар екен деп сынаған. Мәселен, Уақ руының Жарқын деген биі одан:

– Көтеш-еке, ақындық атаңызда бар ма, бабаңызда бар ма, иә нағашыңызда бар ма? – деп сұраған. Сонда Көтеш ақын:

– Қазақта Арғын аға болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы – ақын Құтан,
Өлеңге бізден ұстын болса керек, – деп жауап берген¹².

Мұның өзі бір қарағанда, жай сөз сияқты болғанмен, бұл Көтештің елден естіміш әңгімесін бір табан тарихқа жақындатып, беденді сұрауға келелі жауап бергендігін көрсетеді. Сөйтіп, ол ел тарихында, соның ішінде С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, т.б. еңбектерінде Қыдан, Құтан, Қотан болып жазылып жүрген атакты Қыдан тайшыны іргелі жұрттың өз аталары екендігін ұмытпағандығын, һәм мақтаныш тұтқандығына куәлік береді. Осы жырды елдің Көтештен екі мүшелден астам кейін өмірге келген Жанак ақынның мұрасынан¹³ кездестіруінің өзі шығармашылық тұлғалардың (ауызша таралып, елге қызмет ететін туындыларда бір ақынның сөзі екінші бір ақынның да шығармасы болып жүре беретін жайы да кездесіп тұрады) ұстаздық, шәкірттік байланысын бағамдауға мүмкіндік береді.

¹¹ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары, 7-том. 2006, 29. – 313-314-беттер.

¹² Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары, 7-том. 2006, 30. – 314-бет.

¹³ Марғулан А. // М.О. Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию. – Алматы, 1959. – С. 74.

«Қара арғымақ қартайса қарға адым жер мұң болар, қара көзден нұр тайса бір көруге зар болар» дейтіндей хәлге жеткен еліне қадірлі жанды атақты Шорман бидің перзенті, кейін Баянауыл округының аға сұлтаны болған Мұса Шорманов жас кезінде «сәлем беремін» деп, іздеп келеді. Сонда өзінің «жүзге келген» (Көтеш сөзі) өміріне пәлендей риза емес ақын қонағына:

– Жүре-жүре түзелер ердің қосы,
«Байдың қызы» – демесең жанның босы.

Үлкендерден батаны көп алып ем,
«Алғаныңмен қоса ағар» – деген осы, – деп қартайған жай-күйін паш етеді. Мұнан біз, біріншіден, өле-өлгенше халқына қадірі кемімеген жанды Мұса мырзаның іздеп келуін, екіншіден, көп жасағандықтан өзінің жанындағы жарына да қазымырлана тиісіп отырған қарттың хәл-күйін танимыз. Жалпы ақын сексенге келгеннен кейін-ақ қарттықтың бұғалығы тірі жанға жайлы болмайтындығын өзінің жеке жай-күйі арқылы өрнектеп өткен. Оның:

– Сексен ерікке қоймады-ау қалжыратып,
Қайтіп өлең айтармын алжып жатып?!
Сексен түгіл тоқсанға болмас едім,
Ұсақ турап ет берсең балбыратып, – дейтіні де, одан әрмен жасы ұзарып, кәрілік жеңгенде:

– Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма,
Қазы-қарта, жал-жая, бас жарай ма?!
Кәрілік, бәрін мұның жақтырмайсың,
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма? – деп, кезінде тау мен тасты қопарардай көңілді жанның қайраты қайтқанда, тірі адаммен сөйлескендей өзіне өзінің «үйген топырақ, қалаған тас жарай ма» деп, енді моланы қалап тұрсың ба дейтіні, оның әрі ақындық, әрі адамдық кіжініске толы бір сәтте айтылған көңіл-күйінен хабар береді.

Көтеш ақын, жоғарыда Мәшһүр-Жүсіп сөзіне сүйеніп жазғанымыздай, өте бай адам болған. Оның өзімен замандас әріптестері секілді біреуді мақтап тілемсектенбейтіні де, сөздерінің өр, кімнің болсын бойындағы мінін бетіне ашық айтатындығы да сондықтан. Ақын сонымен бірге табиғатынан әзіл-қалжыңға, не болса да батырып айтатын қасиетке ие. Мысалы, жаңа жұртқа көшіп келгенде қайта-қайта өріп, елегізіп тұрған малдарына:

– Қойым-ау, кел, қойсаңшы өргенінді,
Мен айтамын көзіммен көргенімді.
Құйрығыңды бір итқұс алып кетсе,

Сен онан ала алмассың бергенінді, – дейтіні де, сондай-ақ, өзімен айтысқан Күнікей, Күмпейіс, «Арсыз қыз» атанған талай қарсыластарын жерге қаратып жүрген адуын ақын қыздардың айтқан дөрекі, дөкір сөздеріне лайықты жауап қайтарып (ол сөздерді тәтіштеп айтып жатуды артық деп санаймыз) жеңіп кететіндігі де сондықтан.

Ақынның қартайған кезінде ауылы көшіп жатады. Сонда бір құрдасы келіп:

– Ақын, жүр, көштің алдына аяңдай берейік, – дегенде,
– Атым асау, мініп жүре беруге қорғалап отырмын, – деп:

– Қартайғанда қатының дұшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болды.
Келін деген бір дұшпан және шықты,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды.

Қартайғанда қатының: «Қазба!» дейді, –
Келін менен балаға жазба! – дейді.

– Ат болса, айғыр болса солар мінсін,
Шолақ байтал қақбасқа аз ба? – дейді.

«Бала, бала!» деуменен мазалымыз,
Баладан, болар білем, ажалымыз!
Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр тажалымыз, – деген сөзді айтады.

Соны естіп, ұнатпаған бір келіні түйеге бұрау бұрап жатып: «Тексіз, шіркін, не дейді? Тексіз, шіркін, не дейді?!» – дей беріпті. Өйткені, жуас, жүрісі жайлы аттарды келіндер мінеді екен: «Көш жөнекей түйе ауады, бала еміземіз, – деп...¹⁴

Мұнан кейін қайын атасына айтылған «тексіз» деген сөздің салмағының нар көтермес ауырлығын келініне ұқтырмақ үшін:

– Келін-ау, сен де тексіз, мен де тексіз,
Сен неге «тексіз» дейсің жіктен-жіксіз?!
Қартайғанда Көтештің ажалына
Келіннен айғыр шықты, екі е..... сіз, – деп айтып салады... Қалай

¹⁴ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары, 7-том. 2006. – 311, 312-беттер.

болғанда да, осы сөздердің ар жағында асау мінезді адамның бейнесі тұр.

Профессор Х. Сүйіншәлиевтің Көтеш Райымбекұлы туралы зерттеуінде автор баянауылдық Жағыпар Ахметовтен алынған деректен алынды деп, Көтеш Торайғыр биді Шоң бимен араздасқанда тоқтатқан деген мәлімет береді. Заманында еліне елеулі болған Көтештің ондай сөздерді айтуына күмән келтіруге болмайтын шығар. Бірақ, Көтеш мұрасын да, Торайғыр бидің айтқан билік сөздерін де барынша мұқият хатқа түсірген Мәшһүр-Жүсіп «Торайғырды тоқтату» дейтін жазбасында Шоң мен Торайғыр екеуі араздасып, Торайғыр Жиделібайсынға көшіп бара жатқанда оны Қарауыл Мүсет би тоқтатқан екен деп, Жағыпар Ахметов материалына тура келетін «Шоң, Торайғыр, сенбісің мақтап жүрген» деп басталатын толғауды келтіргендігін де¹⁵ айта кетуді орынды деп санаймыз.

Батырлықты, ерлікті, ел мүддесі үшін еткен үлкенді-кішілі еңбекті барынша қастерлеп өткен ақын жеке батырлар ішінен Жасыбай батырды жыр еткен. Батыр қайтыс болғанда шығарған сол туындысының отыз бес жолы кейінге жеткен. Сондай-ақ, оның Жасыбай батырдың әйелін жұбатқан да жыры болған. Профессор Х. Сүйіншәлиевтің Көтеш туралы еңбегінде сол туындылардың қысқаша мәтіні беріліп, оларға зерттеуші тарапынан қысқаша түсінік берілген¹⁶.

Көтеш ақын көп жасаған адам. Өзінің айтуынша «жүзге келген» кісі. Ажалы адам қолынан болған. Ақын өзін тонап өлтіргелі жатқандарға:

– Ау, балам, танымаймын, не ел боларсың,
Не дәулет, не перзенттен кем боларсың?!
Көтешті жүзге келген тонаймын деп,
Айдабол мен Күлікке жем боларсың.

Жан-жағымнан жеті ұры анталады,
Келе сала біреуі балталады.
Өспегірдің баласы қайдан туды,
Жауырынымның арасы қанталады, – дейді.

Мәшһүр-Жүсіптің осы екі шумақ өлеңге берген түсініктемесінде: «осы бір ауыз өлеңнен – тонаған жау қай ел екендігі табылып, бір

¹⁵ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары, 6-том. – Павлодар, 2005. – 167-168-беттер.

¹⁶ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997. – 367-369-беттер.

өзіне үш ердің құны алынған. Ұры жетеу екен. Өзін Ереймен тауының Сілетіге қараған жағында, Шорман тамының манайы, Шеру (Жеру) деген жерде (тонаған жау) жалаңаш тастап кетіп, итқұс жеп кетіпті. Семіз екен, майы қаралым болып, топырақты қап-қара қылып тастаған екен»¹⁷ деп жазады.

Адам тағдыры деген осы. Ер десе ер, бай десе бай, перзентті-ұрпақты десе ұрпақты, елге сыйлы десе – еліне сыйлы, көрнекті жан, бір халықтың сөз өнерінде өзіндік орны бар асқақ ақын, осылайша, дүние дегенде ешкімнің обалына қарамайтын жүрегі қара жандардың қолынан опат болған...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Көтеш ақынның есімін өз заманында халқына белгілі еткен Абылай ханға айтқан сөзіне М.Ж. Көпеев дерегі мен Н.С. Смирнова зерттеулеріне жүгіне отырып сараптама жасаңыздар.
2. Ақынның ата-тегіне, өмір сүрген ортасы мен өмірбаянына Көтештің өз туындылары арқылы сипаттама беріңіздер.
3. Көтеш ақынның С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, т.б. еңбектерінде Қыдан, Құтан, Қотан болып жазылып жүрген XIV-XV ғасырдың перзенті Қыдан тайшы туралы дерегіне Жанақ ақынның осы мәселеге қатысты туындысымен салыстыра отырып баға беріңіз.
4. Көтеш ақынды Шоң би, Бекболат, Торайғыр, Шорман, т.б. замандастарының: «аузына Қыдыр түкірген, айтқаны дәл келетін адам» деп бағалау себептерін қандай нақты деректермен түсіндірер едіңіз?
5. Көтеш ақынның бүкіл өмірбаянына қатысты М.Ж. Көпеев деректерінің ақын туралы бұрынғы жазылып келген мәліметтерден біраз өзгеше екендігіне ғылыми тұрғыдан сараптама жасаңыз.

¹⁷ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары, 7-том. – Павлодар, 2006. – 30, 308-309, 315-беттер.

ШАЛ АҚЫН ҚҰЛЕКЕҰЛЫ (1748–1819)

Осы күнде азат жұрт, бостан ел болып отырған қазақ қауымының талай замандардан бермен қарай көпті көрген көне материк Еуразияның төскейі мен еңісінде, бірде төрдегі басы есікке жетіп, бірде есіктегі басы төрден шығып әрқилы тірлік кешіп келгені жер-жаһанға мәлім. Оны тасқа түскен таңбалар, маманы болмаса көлденең көзге сыр шаша бермейтін көне заманның кәрікөз обалары ғана куәландырып қоймайды; оған ежелгі дәуірден біздің ғасырдың басына дейінгі әртүрлі ұлттың, әр кезең, әрқилы мемлекеттің әртүрлі кәсіптегі, әралуан пиғылдағы азаматтарының неше түрлі жазба деректері мен зерттеу жұмыстары айғаққа жүреді. Сол мәліметтердің арасында осы халықтың тек киген киімін, күн көрген кәсібін, кіммен араз, кіммен достығын ғана емес, қандай мөлшерде болса да, осы жұрттың рухани келбетінен хабардар ететін жолдар да ұшырасады. Ол деректер осы қауымның елдік болмысын, халықтық қалпын тануға, мәдениеті мен әдебиетінің ілкі бастаулары мен кейінгі жалғастығын бажайлауға ынтазар болып отырған кімді де болса ынтықтырмай қоймайды. Ал, әдебиетші үшін солардың арасынан сандаған ғасырлық тарихы бар халықтың сандаған ғасырларға бой таластыратын әдебиетінің жеке өкілдері жайлы мағлұматтар іздеп шарқ ұру түсінікті жай.

Әрине, халқы аңыз етіп айтатын абыз жырау, арқалы ақындардың бәрінің әлгіндей хатқа түскен деректемелердің ішінде есімдері жүруі шарт емес. Бірақ, белгілі бір атыраптан шыққан азаматтың елінде болған жиһанкездің, не сол төңіректе өскен ғалым немесе жазушының қабырғалы қауым таңдай қаға тамсанатын өнерлі жан турасында қағазға түскен бір ауыз сөзі болса, соның өзі әркезде де ілтипатқа алынуы орынды. Бұл реттен келгенде, сондай қадір-құрметке ие болуға толық қақысы бар творчество өкілінің бірі – Шал ақын Құлекеұлы.

Қазақтың ақындық поэзиясының бастауында тұрған, өзі осы дәстүрдің әрі төлбасы болып, әрі көшбасы болып танылған, арғымақ мүсін, алау жырлардың иесі Шал ақын Құлекеұлы – ұлы ғалымымыз Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың¹ жазуынша, қазақтың шығу тегі жайлы барлық аңыздардың басын қосып жыр еткен – үлкен эпопеяның авторы, терең ой, биік парасат-пайымның иесі. Өзіне дейінгі сан ғасырлық жыраулық поэзияның бесігінде тербеліп, ұстаханасында

¹ Валиханов Ч. Собр.соч.в 5 т. Т.2. – Алматы, 1985. – с. 158

шыңдалған, әлеуметтің құрмасына түсіп, әруағы тасып құрған кезде ежелгі баба жырауларша ғибратты ойларын:

– Адамзаттың белгілі,
Бұл дүниеден өтері.
Өлгеннен соң белгілі,
Тірлік бір жауап бітері.
Бұл айтқан сөз, құрбылар,
Бір күні болар керегі.
Басты бір аяқ қылады,

Бір алланың шебері, – деп, толғау жанрымен толғап кететін, ақпа-төкпе ағын-жырдың иесі Шал ақын ең алдымен өзі өмір сүрген ортаның деңгейімен қарағанда білімнің дәмін молынан татқан оқымысты адам. Әйтпесе ол:

– Молдадан сабақ алсаңыз,

Алуа, шекер, балмен тең, – деген сөздерді айтпаған болар еді. Сондай-ақ, сол молда атанғандардың бәрінің бірдей терең білімдар кісілер емес екендігіне көзі жетіп, өзі түйсінбеген болса:

– Жаман сол-жақсы сөзді ұға алмаса,
Ғалым болмас ұстаздан дұға алмаса,
Молла есімін алғандар толып жатыр,
Не керек ғылым бойға жұға алмаса.
Замандас құрбың келсе қадірін біл,
Артында әзіл сөздің қалады зіл.
Жалпылама жамандар неме керек,

Шаһбазды нағыз біздей ерім деп біл, – деп ішкі сезімін сыртқа шығармас еді. Ал, енді ақынның осынау өзін бойына ғылымды сіңірген шаһбаз етіп бейнелейтін жоғарыдағы өлең жолдарынан, сондай-ақ, "Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам", "Дария сия болса, қамыс-қалам, Жер жүзі қағаз болса – рахаттанам" – деп шалқитын сөз тіркестерінен біз, көп оқыған жаңа толқынның басы болып тұрған Шал ақынның тыңдарманының дайындығы қандай болса да жаңаша сөз айтпай тұра алмағандығына дәйектеме тапқандай боламыз. Әсіресе:

– Дария сия болса, қамыс – қалам,

Жер жүзі қағаз болса – рахаттанам, – дейтін жолдар нағыз көкірегінде желі бар, жазу-сызуға әбден машықтанған ақынның ғана ауызынан шығатын лебіз екендігіне күмән келтіртпейді.

Сонымен, Шал ақын – өз дәуірінің дәрежесі тұрғысынан алғанда оқыған-түйгені көп білімдар ақын. Діндар кісі. Бұл қасиеттері оның:

– Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын құдай.
Өз қандасын өзіне досты қылып,
Мұндай артық сүйер ме құлын құдай?

Әуел құдай пайғамбар нұрын қылған,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылған.
Нұрынан екі тамшы нұрын алып,
Екі тамшы нұрдан ай, күнін қылған.

Сегіз ұрмақ үлкені дәурүл қарар,
Құдай қалап шақырса әркім барар.
Ең кішісі ұрмақтың мау дәуір-дүр,
Сонан орын тисе де бізге жарар.

Қараса Анас Ахмет жақынына,
Бұл сөздің ғылым түсінер асылына.
Неше мың жыл нұрынан бәрін жаратып,
Келтірдің өзің заман ақырына.

Тұқым шашты атамыз қанша жанға,
Науа ананы көргенде қалды таңға.
Ғаламды жарық қылған көркем екен,
Апырм-ай, не берді екен, қалың малға?..

Таулар ие болмайды жел аузына,
Кімдер ие болады ел аузына?
Патша болып алтын таққа мінсең-дағы,
Түбінде бір барарсың көр аузына.
Құдайға құлшылық қыл, Аллаға жақ,
Қабірге бірге түспес мал менен бақ.
Тәңір алдына барғанда бәрі бірдей,
Патша болып мінсең де алтыннан тақ.
Құдайға құлшылық қыл, ләпсінді тый,
Қияметте болмайды бұл күнгі күй.
Жолы ұзақ жеткізбейді, күні ыстық,
Басың қайнап тұрады, төбеңде мый...

Қараңғы қабірде жатпақ қиын,
Таңла мақшар болады ұлы жиын.
Намаз, ораза, ғибадат бек пайдалы,

Алладан тілек қылып күнде сиын..., – дейтін сөздерінен анық байқалады. Ақынның өз қауымдастарына өмірдің өтпелілігін, ол дүниедегі тергеу, тексерістің қатты болатындығын айтып ұждандылыққа үндейтін лебізінің өзі сол замандағы көркемсөз өкілдері үшін үлкен жаңалық. Тіптен, кейінгі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде өмір кешкен көптеген діндар ақындарға алдында өткен осындай білімдар жыршының ықпал-әсері болған шығар деп те ойлаймыз. Ақынның ол дүниенің жұмағы сегіз деп алып, оның үлкені мен кішісінің атын атауына да немқұрайды қарауға болмайды. Мұны үлкен творчестволық тұлғаның тыңдарманын иландыру үшін айтқан сөзі деп емес, қадірменді ақынның мұсылманша қаншалықты дәрежеде білімдар болғандығына куәлікке жүретін жолдар деп қабылдауға тиіспіз. Бірақ, сол екінің бірі тебірене жырлауға білімі жетпегендіктен тәуекел ете бермейтін тақырыпқа барып отырған, өмірден көріп-білгенінен үлкен ой түйгенін "Жиырма бес-кәмелетке келген жасым", "Иман-қой, ақыл-қойшы, нәпсі-бөрі", "Бақ-дәулет, мал бітерде ырыс қонар", "Пұт болдым деп мақтанба", "Бұл дүниенің мысалы", "Шежірелі қартың болса" сияқты жырлары арқылы дәлелдеп, дидактик, моралист, дала философы ретінде дараланатын Шал ақын, қай мәселені жырлап отырса да өзінің табиғатында бар сайқымазақ, әзілқой, қалжыңға дес бермес ерекше қасиетімен әманда тәнті ететін кейпімен айрықша көзге түседі.

Тіптен, оны діндар ақын ретінде бетін айқын танытатын "Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай" шығармасының өзінде:

– Тұқым шашты атамыз қанша жанға,
Һауа ананы көргенде қалды таңға.

Ғаламды жарық қылған көркем екен,

Апырм-ай, не берді екен қалың малға? – деп, Һауа анасы мен Адам-ата бабасының адресіне қалжың айтуы, бұл тұрғыда оқырманын да, зерттеушісін де ойландырырлық жайлар.

Ал, енді мұсылманның парызы, оның діні туралы әңгіме қозғалатын тұстың өзінде осылайша аяқ тастайтын ақын, әйелдер, қыздар тақырыбына байланысты жыр толғағанда тіптен жанып кетеді. Оны қалжыңқой, әзіл-оспаққа жүйрік айтыс ақыны, керек десеңіз эротик ақын етіп көрсетіп жүрген де – осындай қасиеттері.

Шал ақын Құлекеұлы – қазақ поэзиясында айтыскер ақын ретінде бірінші болып кейінгілерге сөзі жеткен, кедейлік тақырыбын жеріне жеткізе алғаш жырлаған, лирикалық қаһарман-көркем сөз өкілінің белгілі мөлшерде бейнесін тұңғыш сомдаған ақындық дәстүрдің бірінші өкілі ретінде бағаланады. Және солай болуы заңды да. Рас, қазақтың жыраулық поэзиясында "Мен қартыңмын, қартыңмын" деп келетін Сыпыра жырау, одан бергі Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбеттерден бастап, Шал ақынның өзі алдын көре қалған Бұқарға дейінгілерді, тұтастай алғанда әр дәуірдің талап-талғамы тұрғысында өздерінің бейнесін жасаған көркем сөз өкілдері деп тануға болады. Бірақ, олардың лирикалық қаһарманы көбіне өжет, асқақ болып келетін. Ал, Шал ақынның лирикалық кейіпкері біраз басқаша. Ең алдымен ол:

– Жер түрлентіп жараттың,
Желкілдеген бозымен,
Қой түрлентіп жараттың,
Бауырынан емген қозымен.
Ағашты да түрленттің,
Жапырағын жайқалтып.
Құстарды да түрленттің,

Жұмыртқасын шайқалтып, – деп келетін жырында тауларды бұлағымен, ешкіні лағымен, көлді құрағымен жаратқан Аллаға балалы арқардың маңырайтынын, баласыз арқардың зарлайтынын, өзінің балалыны көргенде екі көзі жайнап, іші оттай қайнап тұратынын айтып-айтып кеп "бір жаратқан пендеңмін, перзент үшін жылаттың" деп жаратқан Хакқа жалбарына мұңын шағатын лирикалық тұлға. Бұл – перзентсіз кісінің көкірегі қарс айырылған қайғылы образы. Бұл – қазақтың ауыз әдебиетінде көп жырланған, көп айтылған, бірақ, жеке авторлар туындысында алғаш рет көрініс тауып отырған ұрпаққа зар, үлкен творчество өкілінің өз бейнесі.

Бұл – өткен ғасырда өмір кешкен Аралбай, кейінгі Кенен ақындардың мұрагерлерінен айырылған тұста зарланған өзекжарды шығармаларымен үндес, естіген жанның сай-сүйегін сырқырататын нала-мұңға бөккен қастерлі жыр.

Шал Құлекеұлының мұрасын тереңдей зерттеген Халық жазушысы Мұхтар Мағауинның жазуынша, ақын Мәлібай, Мәлике деген перзенттерін кейінірек, қартайған кезінде көрген. Демек, аталмыш туынды соған дейін өмірге келген. Бірақ, қалай болғанда да арқалы

ақындарға жат болып есептелмейтін, қыңыр сөзге ұста ақынның бүкіл творчествосында өзгені менсінбей өзеуреп, астам сөйлейтін лебіз кездеспейді. Тіптен бір өктем сөйлесе осы шығармаларында көрініс беруі мүмкін-ау деп ойлауға боларлық, өзінің өмір жолынан мәлімет беретін "Он бесте тартып міндім аттың жалын" жыры мен "Пасыл да, пасыл, пасылман... жақсыға сырым жасырман, жаманға сірә бас ұрман" деп келетін көтеріңкі лепті туындысының өзінде де ақын сыпайылықтың шекарасынан аттап өтпейді. Керісінше, "Әзіл-апат келтіреді" дейтін халық мақалын есіне қатты ұстағандықтан ба, әлде өмірдің тәжірбиесінен шығарған қорытындысы ма, бір тұста тындарманын "Әзілден мерт болады артық қазған" деп, әзілқойлықтың өзіне сақ болмаса, арты насырға шабатын істер туындайтындығынан хабардар етіп, сактандырады. Демек, қалжыңқой, сайқымазақтық сүйегіне біткен тарлан ақын, қыз-қырқын, әйелдермен әзіл-оспаққа барған қылығы болмаса, басқа артық-ауыс сөздерін орынды деп есептемеген, тәубаға келген. Ол өмірдің өткіншілігін, қарттықтың қатыгездігін, дәулетсіздіктің кімнің болсын асқақ кеудесін төменшік тарттырмай қоймас шеберлігін жырлай отырып, кәріліктің физиологиялық болмысын, кедейліктің экономикалық қалып тұрғысынан, тек бірдің ғана емес, бүкіл қоғамдық ортаның сиқын алар тұрпатын жеріне жеткізе суреттейді.

Бұрынғы бостан ел болып жүрген тұста, хан кеңесшілерінің сапында жүріп, дәулетті болмаса да, өзінің сол қалпын жырлауға намысы жібермейтін жырауға қарағанда, билік иесінің сойылын соғудан азат ақындардың басы болған Шал ақын кедейлікті намыс деп білмейді. Сондықтан да ол:

– Кедейлік ер жігітке намыс емес,

Жоқ болса туысың да таныс емес, – деп жырлайды. Сөйтіп, ол осы тақырыпты кейін кеңейте жырлауда қазақ әдебиетінде үлкен бір жыршылар легінің басы болған Өске, Қобылан, Түбек секілді өз қолтаңбасы бар ақындардың үлгі алған ұстазы, ізашары сынды бағаланады.

Әдетте тұңғыш, бірінші деген сөздің астарында, кез келген кәсіп, кез келген өнер иесінің соңында осы дәстүрдің жалғастырушысы кімдер болды деген заңды сұрақ тұрады. Шал ақын Құлекеұлы – ақындық дәстүрдің тұңғышы, бірінші өкілі дегенде де оның үлгі өнегесін алған ақындар болды ма деген мәселенің бой көрсетуі ғажап емес. Біріншіден, Шал ақын да өзіне дейінгі, өзінен кейінгі

жыр өнерінің әрқилы жүйріктері секілді ең алдымен қазақтың ауыз әдебиетінің, жекелеген көркем сөз шеберлерінің үлгі-өнегесін бойына сіңіруге мүмкіндігі барынша мол көшпелі тұрмыстағы елдің ортасында өмірге келді, ержетіп, есейді. Оның:

– Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде...

Немесе:

– Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін,

Жалалы болғанда білерсің, – деп келетін, болмаса "ханнан бақыт таярда" деп басталатын бірсыпыра туындыларының кәдімгі қазақтың мақал-мәтелдері секілді қабылданатындығы сондықтан. Сондай-ақ, ол жырлаған – жақсы жар, ер жігіт қана емес, шешен кім, ойлы кім, білімдар кім, жақсы мен жаман, ақылды мен надан кім, естіген мен көргеннің жаны түршігетін қаныпезер кім деген мәселелер де әркімдер арқылы жеткен әралуан туындыларда бой көрсеткен жайлар. Адамның жас ерекшелігіне байланысты пенденің басынан кешетін толысу, солудың мәнін өзі көрген Бұқар жырау да біраз жырлаған. Бірақ, өмірдегі көкейтесті мәселелер қаншама кісі жырласа да келесі буын арқылы сөз болмай тұрмаған. Шал ақынның үш жастан жүзге дейінгі адам күйіне қайта-қайта оралып соғуы да ("Үш-төртте талап еттім асық жинап", "Алпыс жас – бұл бір өткен өмір сәні", "Он бесте тартып міндім аттың жалын", "Біз дағы келіп қаппыз елулерге") соның салдары. Бәлкім, бұл тарапта оған Бұқар атасының ықпалы да болған шығар. Ал, Шал ақын жырлаған осы тақырыпты Әбубәкір Кердері, Нарманбет ақын жырлағанда, тегінде оларға да Шал творчествосының әсері молынан тиді деп ойлаймыз. Ақынның:

– Бала едік есіктегі шықтық төрге,
Кіруге жақын тұрмыз енді көрге.
Күн санап ойға қарап еңбектейміз,

Уақыт жоқ енді бізге шығар өрге, – деп келетін өлең жолдары ұлы Абайдың "Келдік талай жерге енді" деп басталатын туындысын еске түсіреді. Тегінде мұның барлығы қай ақын Шал Құлекеұлынан қанша үйренгендігін шотқа тартып есептеу үшін емес, бір елдің топырағында,

бір әдеби дәстүрде өмір сүрген ақындардың канша дара дарын болса да сол әдебиеттегі тарлан таланттардың бірі болмаса біріне қалайда ұқсас келетін азды-көпті тұстары болуы заңдылық екендігін ескеруіміз үшін керек.

Ал, жалпы Шал ақынның әдебиеттегі басты жаңалығы не дегенде, тек әйел-ананы емес, сол дәуірдің тілімен айтқанда қатардағы "төмен етектіні" барынша беріле жырлап, кейін қазақ әдебиетінің ең бір өзекті, ең бір өрісті тақырыбы болған, осы мәселеде жол салған алғашқы ізашары болғандығы деп білеміз.

Әйел-ана тақырыбы кез келген елдің әдебиетінде өзінің бастауын тым ілгеріден алатын – барша әдебиеттер үшін ежелден келе жатқан етене тақырып. Әрине, Ана, жар, махаббат мәселесі дүние жүзіндегі барша халықтарға ортақ ең бір көкейтесті проблема болғанымен, оның сол халықтардың төл әдебиетіндегі көрініс табу жайының мазмұны жағынан да, формасы жағынан да бір-бірінен айта қаларлықтай өзгешеліктері баршылық. Ал, ол өзгешеліктер сол әдебиеттердің жүріп өткен жолдарынан, ұлттық сипатынан туындайды.

Қазақ халқының ауызша дәстүрде өмір кешіп, ғасырлар қойнауынан бүгінге жетіп отырған жыраулық, ақындық поэзиядағы әйел-ана тақырыбы өзінің бастауын беріден алғанның өзінде XVI ғасырдан алады. Өйткені, осы дәуірде өмір кешкен Доспамбет жыраудың:

– Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желке шашын өрмеген,

Серпіліп адам бетін көрмеген, – деп келетін әйел адамның, соның ішінде бауырына басқан аяулы жардың бейнесін жасайтын туындысынан бері қарайғы әдебиетте белгілі мөлшерде бұл тақырып қазақ поэзиясында үзбей көрініс беріп келді. Тіптен XVII ғасырдың көрнекті өкілі Жиёмбет жыраудың әдебиетте атын қалдырған негізгі туындылары осынау Ана, әйел мәселесінен тұтанған үлкен даудың өзегінен өрбиді. Оны аз десеңіз XIV-XV ғасырларда өмір кешкен Асан қайғы жыраудың төрінен көрі жуық отырып Жәнібек ханға:

– Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан.
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан,

Мұны неге білмейсің? – деп кіжінетін сөздерінің өзі түптеп келгенде әйел-ана мәселесін мемлекеттік, ұлттық маңызы бар барынша үлкен тақырыптың аясында қарастыруымен бүгінге жетіп отыр. Бұл Асанның Асан атын ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі оның Азаматтық, Абыздық кредосын айқындайтын, саясаткерлік бетін ашатын негізгі қасиеттерінің бірі ретінде қабылданып келді. Өйткені, Асан ақсақал, аңызда айтылатын ақылгөй әйел Қарашаш сұлуды Жәнібектің әйел етіп алуынан негізгі қауіп етіп отырған мәселесі – одан келешекте ел тұтқасын ұстар тұғымды Ханзада тумайды деп ойлайды. Ал, ондай мұрагері жоқ ханның иеленген жұрты ақыры бодан болып езгіге түсіп ыдырамақ. Сондықтан да өз заманының үлкен саясаткері Асан ата Жәнібек ханға кіжінеді.

Асан пікіріне ұқсас ойды кезінде Абылай ханға Бұқар жырау да айтқан. Ол:

– Қатын алма қарадан,
Қара тумас сарадан.
Қатын алсаң қарадан,
Арты кетпес жаладан.
Қатын алма төреден,
Еркегі болар жау жанды,
Ұрғашысы ер жанды...
Қалмақтан алсаң маһи бір зайып,
Сүйегінді жоғалтпас...
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан.
Сегіз қиыр шартарап,
Төрт құбыланды түгел қып,

Төрінде жатып салмақтан, – дейді. Бұл да сол замандағы алды-артын барынша болжай білетін кісі деп есептелетін саясаткердің сөзі. Өйткені, ол заманда қазаққа ең бір тынышсыз көрші Жоңғар хандығы, яки қалмақ нәсілділер болатын. Бұқарекен Абылайға соларға күйеу болсаң өзіңнің де, өзің басқарған еліңнің де тыныштығы берік болмақ, олар қалай болғанда да күйеу баласы мен қызының еліне жау болып тиіспейді деп насихат айтады. Әйтпесе, өздерін төре тұқымдарымыз дейтіндерді, немесе өзі шыққан қара халықты көнекөз жырау бұл жерде кеміткелі отырған жоқ. Оған оның бүкіл творчествосын көңілмен шолып өткенде көзіңіз анық жетеді.

Ал, Шал Құлекеұлының есейген шағында қалмақтың да, төре

тұқымының да қайраты қайтқан тұсы болатын. Бұл кез қазақтың бодандық қамытын мойнына толық ілген уағы. Бірақ, бодан болса да халық елдігін сақтап өмір сүруі керек. Соның негізгі ұйытқысы – әйел ана. Сондықтан ол тәрбиелі, мінезді жақсы әйелді "ер қайрағы" деп санап, керісінше оспадарсыз, біліксіз әйелді жаман әйел деп сынайды.

– Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерінің
Еріне қалдырады жаман атын.
...Жігіттің алған жары жақсы болса,
Ар, иманнан басқадан жақын деген.
Жігіттің алған жары жаман болса
Қаншық иттей тақымдар кәпір деген.

Бұл сөздер ілгерідегі Бұқар толғауындағы "Қатын алма – қайын ал" дейтін қазақы қағидадан біраз бөлек. Өйткені, ақынның өзінің сөзін арнап отырғаны, сырласып, пікірлесіп отырған тыңдарманы қарапайым халық. Жоғарыдағы жолдардан оның қандай қызға құда түсуді біреуге насихат етіп отырғанын емес, өзі көрген, тіптен бастан өткерген жайының елесін сезгендей боласыз. Оның:

– Қарауыл қана дейтін бір қатын болады,
Танертең тұрады, түндікті оңынан ашады...
Екінші әйел қыналы бармақ дейтін –
Аз нәрсені көптей қылады,
Көп нәрсені көлдей қылады,
Киіміне кір жұқтырмайды,
Асында қылшық тұрмайды...
Үшінші әйел ашып атар,
Жатып ішер...

Сормандай ерге жолығады, – дейтін әйелдерге беретін сыны да өзі көрген жайларға қарап жасаған қорытындысы.

Сондықтан ол "Қатын алсаң қарап ал ақылдысын" деп, қыздың шыққан табын емес, жеке басына қарау керектігін қадай айтады да, дегенмен "ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі" дегендей ойға тоқталып:

– Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,

Қыз он бесте келеді түзелгісі.

Аяғын көр, асын іш деген сөз бар,

Шешесін көр, қызын ал, сол белгісі, – деп қыздың жақсы болмағы тәрбиелі шешеден деген үлкен қисынды ой түйеді. Бұл арқылы ол ана болар барлық әйелге ұрпағыңның кім боларын негізінен сен анықтайсың дейтін жауапкершілігі үлкен ой тастайды.

Әрине, Шал ақынның бәйбішесіне, әсіресе тоқалына, қыздарға айтқан бірсыпыра қалжың қағытпа өлеңдері бар. Эротикалық мазмұндағы туындылары да назар аударарлықтай дәрежеде кездеседі. Бұл тұрғыда ол ауызша дәстүрлі поэзиямызда өзінен кейінгі, өзіне дейінгілерде тек Құл ақын Мамырханұлынан ғана бәсік болуы мүмкін.

Сондай-ақ, ақынның кейіпкерлерін шенеген әнтек сөздерінің де жиі ұшырасатыны жасырын емес. Бірақ, ол түптеп келгенде Шалдың өзіне тән творчестволық, кісілік мінезін танытады. Бұл шығармалары сонысымен де қымбат.

Жалпы қорытып айтқанда Шал ақын – біздің ақындық дәстүрлі ұлттық поэзиямызда әйел-ана тақырыбын ел болудың, іргелі халық болудың үлкен идеясын тарата отырып кеңінен көтерген өз заманындағы кемел суреткер ақынымыз деп танылуға лайықты. Өйткені, бұл – әуелден ақырға дейінгілердің қай қайсысының да әманда ойынан кетпейтін, әрқашанда да актуальдылығы күн тәртібінен түспейтін басты тақырып. Өйткені, ел болудың барша мәселелері ең алдымен осы мәселеге келіп тіреледі, осы мәселелер арқылы шешімін табады. Өйткені, бұл тек қана күн көріп, тірлік кешудің күнделікті күйкі мәселесі емес.

Міне, осы арқылы ол кейін үлкен өзенге ұласқан қайнарлы бұлақтың көзін аршып, көзеген қазақ әдебиетінің мұрабы, гидрогеологы секілді бағалануға лайықты ақын.

Шығармаларын үлкеннен кіші, ұрпақтан ұрпақ жаттап есімі ғасырдан ғасырға өлмей жетіп отырған Шал Құлекеұлы туралы алғашқы жазба дерек Шоқан Уәлиханов еңбегінде кездескенмен, ақынның бүкіл творчестволық болмысын танытарлық туындыларының негізінен хатқа түсіп, зерттеліп, қалың оқырманмен кеңінен жүздесуі – соңғы қырық – елу жылдың іші. Тұңғыш рет 1929 жылы "Жаңа әдебиет" журналының 5-санында бір ғана өлеңі басылған ақын мұрасы, 1958 жылғы "Қазақ әдебиеті" газетінің 28-ші қарашасында белгілі қаламгер Ғалым Малдыбаев жариялаған сегіз өлең мен "Шал ақын кім?" деген беташар мақалаға дейін республика жұртшылығының назарын аударарлықтай болып не мерзімді баспасөз бетінде, не жеке

кітаптарда жарық көрген емес. Бірақ, соған қарап Шал ақын атынан, оның өміршең поэзиясынан әдебиет зерттеушілері мүлдем хабарсыз болды деуге болмайды. Өйткені, Шал ақын өмір сүрген атырапта Молдағұл, Қошан секілді дауылпаз жыршының тағылымды жырларын жатқа соғатын көптеген қариялар бар болатын. Сондай өнер қонған кісілерден Шал ақын шығармаларын Мариям Хакімжанова, Фатима Ғабитова, Айқын Нұрқатов, Әйтім Әбдірахманов секілді қазақ әдебиеті мен ғылымына үлкен еңбек сіңірген, көбі кейін осы саланың мақтаныш етерлік өкілдеріне айналған белгілі адамдар мұқият жазып алып жүрді. Ал, Қазақстаннан тыс жерде Хасен Шаяхметұлы Ғали атты түркі халықтарының тілі мен әдебиетінің білгірі, үлкен ғалым ғасыр басында-ақ Шал ақынның біраз туындыларын хатқа түсіріп үлгерген-ді. Бұл күнде Қазан университетінің Н.И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасында сақталатын бұл қолжазбаға түскен материалдар да не Шал ақынның жиеншары, арқалы ақын Нұржан Наушабаевтан, не болмаса өзге бір ақын мұрасын жетік білетін жанашыр кісіден жазылып алынғандығы күмән тудырмайды. Қысқасы, Шалдың ақындық бітім-болмысын танытарлық жазбалар 1960 жылдарға дейін де бірсыпыра болған. Бірақ, ақын шығармаларының дендеп баспа бетін көруі де, ол туралы мақалалар мен зерттеулердің жариялануы да негізінен 1960 жылдардан басталады². Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Ысқақ Дүйсенбаевтың "XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы", "Үш ғасыр жырлайды" жинақтарына жазған алғысөздерінде Шал Құлекеұлының аты Бұқар жырау, Тәтіқара, Ақтамберді есімдерімен қатар аталып, бұл кісілердің шығармалары қазақ әдебиетінде белгілі авторлары бар жаңа әдеби үлгілердің пайда бола бастағанын көрсетеді, осыдан барып жазба әдебиетіміздің негізгі қаланды деген пікір айтылған...

Кейін бұл тараптағы ізденістер біраз ұлғайды. Бүгін де белгілі қаламгер, Халық жазушысы, республиканың Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері Мұхтар Мағауинның 1965 жылғы кандидаттық диссертациясының бірсыпыра жері Шал ақын мұрасын танытуға арналды. Кейін ол ғалымның "Қобыз сарыны" атты қазақ тіліндегі, "Кобыз и копье" атты орыс тіліндегі монографиясында

² XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы. – Алматы, 1962; Үш ғасыр жырлайды. – Алматы, 1965; Ертедегі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1967.

жарық көрді³. Сондай-ақ, профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің, Ғали Әбетовтің⁴ ақын мұрасын арнайы сөз еткен жекелеген еңбектері мен, Қазақстан Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымының докторы Әнуар Дербісәлиннің "XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы" атты төрт ғасырлық ұлттық поэзияның барша жыраулары мен ақындары қамтылған жыр жинағына жазылған көлемді алғысөзінде⁵, профессор Өтеген Күмісбаевтың "Шал Құлекеұлы" атты арнайы зерттеуінде⁶ ақындар бабасының өмір сүрген кезеңі, шығармаларының кімге арналып, қандай мәселелерді көтергендігі, жалпы творчество иесінің қазақ әдебиетінде алар орны арнайы қарастырылды. Өлең текстеріне байланысты да бірқыдыру болжамдар айтылды.

Әурақты ақын Шал Құлекеұлының өмірге келгендігіне 250 жыл толып отырған мүшел тойының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен "Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы" атанған 1998 жылға сәйкес келіп, соған орай Қазақстан Республикасы Ғылым Министрлігі – Ғылым академиясының Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімі мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен 25-қарашада Алматы қаласында өткізілген "Шал Құлекеұлы және ақындық өнер" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның да Шал ақын мұрасын танып, пайымдау тұрғысында айта қаларлықтай үлкен бір кезеңдік, елеулі оқиға болғандығы сөзсіз. Өйткені, осы конференцияда Шал ақын туындылары тек бір адамның шығармашылық машығы тұрғысында емес, жалпы дәстүрлі ақындық поэзия, соның бастауында тұрған осы үрдістің ізашары, көшбасшысы танылған Құлекеұлының бүкіл шығармашылық болмысы – төл әдебиетіміздің бастау көздерінен нәр алып, бүгінде қанатын кеңге жайып отырған қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері контекстінде қарастырылды. Қазақстан Ғылым министрлігі-Ғылым академиясының вице-президенті, академик Аманжол Қошанұлы Қошановтың кіріспе сөзінде, Қазақстан

³ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968. Он же. Кобыз и копые. – Алма-Ата, 1971.

⁴ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1967; Әбетов Ғ. Шал ақын жайындағы жаңа деректер // Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1976.

⁵ Дербісәлин Ә. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы // XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.

⁶ Күмісбаев Ө. Шал Құлекеұлы // Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1983.

Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Рабиға Ғалиқызы Сыздықова мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, профессор Шәкір Ыбыраевтың, профессор Өтеген Күмісбаевтың, көрнекті ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың баяндамаларында, ақын мұрасын жинап, зерттеуде, тек Шал ғана емес, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жыраулары мен ақындарының туындыларын берісі қазақ оқырмандарына, әрісі бұрынғы Кеңес одағын мекендейтін ұлттар мен ұлыстарға танытуда ерекше еңбек еткен Халық жазушысы Мұхтар Мағауинның сөйлеген сөзінде бұл жайлар жеріне жеткізіле айтылғандай болды. Осы ретте Қырғызстан Республикасы Манастану орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдуллажан Акматалиевтың Шал ақын өлеңдерін қырғыздың белгілі ақындары Қалығұл, Арыстанбек туындыларымен салыстыра отырып, олардың шығармашылық әлемінен ауызекі поэзияға тән ұқсастықтар тауып, оны туыстас елдер әдебиетінің тек тақырып жағынан ғана емес, импровизаторлық болмыс, бір-бірінің творчестволық мүдделері тұрғысынан үндес келуі арқылы дәйектейтін баяндамасы – баба ақынның шығыс поэзиясы, түркі халықтарының суырып салма ақындық өнерінің аясында қарастырылуының басы деп қабылдануға лайықты.

Шал ақын мұрасы тек әдебиеттану ғылымы тарапынан ғана емес, тіл білімі, психология, педагогика ғылымдары салалары бойынша да қарастырылуға лайықты екендігі өзінен өзі белгілі. Бұл тұрғыда аталған конференция барысында жасалған Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Өмірзақ Айтбаевтың "Шал ақын өлеңдерінің тілдік, стильдік ерекшеліктері", педагогика ғылымдарының докторы, профессор Құбығұл Жарықбаевтың "Шал Күлекеұлының психологиялық пікірлері" атты баяндамалары осы пікірді дәлелдей түседі.

Көркем әдебиетте, соның ішінде поэзияда бір-біріне туыстығы жоқ тілдерден аударма жасау қай кезде де оңай болмағаны кімге де болса белгілі. Дүниежүзілік көркем ойда небір ұлы атанып жүрген алыптар шығармаларының өзге тілге өзінің ұлттық әрі мен қуатын сақтап жетуі үшін бірнеше буын аудармашылардың еңбектері сарып болуы да түсінікті. Сондықтан Шал ақын мұрасының да алғашқы аудармалары жіптіктей бола қоймауы заңды. Бірақ, біздің ақын, жазушыларымыз дүниежүзі халықтарының оқырмандарына осы кезге дейін негізінен орыс тілі арқылы шығып келгендіктен, сол арқылы қазақ

әдебиетінің деңгейі мөлшерленетіндіктен, туған әдебиет өкілдерінің қайсысының болсын, өзге тілге, соның ішінде орыс тіліне аударылу жайы әдебиеттану ғылымының күн тәртібінде әманда болып келді.

Филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылым академиясы Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімі академик-хатшысының орынбасары Нағима Жәлелқызы Сағындықованың конференцияда жасаған баяндамасы, міне, осы мәселеге арналғандығымен көңіл аударарды.

Шал Күлекеұлының шығармашылығы ақынның 250 жылдық тойының тұсында өткізілген конференцияда ғана емес, осы мақаланың басында айтылғандай тойға дейін де, той жылы жазылған жекелеген еңбектерде де сөз болып келеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымының докторы, профессор Шериаздан Елеуқеновтің 1987 жылы жарық көрген "От фольклора до романа эпопеи" атты монографиясындағы Шал творчествосына байланысты беттерін де, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Әнуар Дербісәлиннің, филология ғылымының кандидаты Ғали Әбетовтің ілгеріде айтылған еңбектерін де, 1998 жылғы той кезінде жазылған Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Рахманқұл Бердібайдың, профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің, доцент Еңлік Жұматаеваның да мақалаларын атап айту орынды болмақ.

Қысқасы, ақын шығармалары көп уақыттан бермен қарай мұқият хатқа түсіріліп, жинақталып келеді. Канондық тексте жасалған сияқты. Бірақ, әдебиеттің тарихында нағыз бұлжымастай дәрежедегі қалыпқа түсірілген канондық текстің жүзеге асуы оңай шаруа емес. Өзге елдердің әдебиетіндегі жағдайды былай қойғанда, өзіміздің ұлы классигіміз Абайдың канондық текстер басылымы осы таяуда ғана, 1995 жылғы 150 жылдық тойы кезінде жасалынғаны белгілі. Өзге ақын, жырауларымыздың жағдайы мұнан да гөрі ауырлау. Оның себептері көп. Ал, 1999 жылғы Шал ақын Күлекеұлының тұңғыш рет жарық көрген жеке жинағын құрастыру барысында ақын шығармалары жарияланған барша басылымдар мен кітаптар, Республика Ғылым академиясының сирек қолжазбалар қоры мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы тиісті дәптерлер қайтадан қаралды. Белгілі архитектор, әдебиет жанашыры, ақын Шотаман Ыдырысұлы Уәлихандағы Ыдырыс ақсақалдан қалған көне дәптер мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген

мұғалімі Сейтен Сауытбеков ақсақалдың соңында қалған жазбалары да ескерілді. Сөйтсе, бұл екі ақсақалдың екеуі де ақын бабасының сөздерін мұқият жазып алып жүрген екен. Әрине, бірінің көлемі көбірек, екіншісі шағындау. Бірақ, соған қарамастан екеуі де құнды қолжазба. Әсіресе, Сейтен аға Сауытбековтің қолжазбасында ақындық поэзияны зерттеп жүргендер үшін елең етерліктей бірсыпыра жағдайлар бар: материал 1948 жылы, сол кезде 112 жасқа келіп отырған Молдағұл ақсақалдан хатқа түсірілген. Жазуы араб әрпінде. Осы қолжазбадағы "Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай, ғаламнан он сегіз мың бұрын құдай" деген жолдармен басталатын діни тақырыптағы көлемді туынды бірлі-жарым жолдары болмаса бұрын баспа бетін көрмеген жаңа дүние. Бұрыннан белгілі шығармалардың өзі, негізінен кешегі цензуралы тұста редакцияланып өзгертілген туындылардан, біраз өзгешеліктері бар.

Осы өлеңдердің ішінде Шал ақынның "Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің" деп келетін (бұл қолжазбада "Өлеңге іркілмейді Шал дегенің" деп жазылған) қашаннан таныс өлеңнің өмірге келу тарихы жайынан төмендегідей дерек берілген: Абылай хан заманында, ханның қоластына қараған батырлары ханына тарту тартатын дәстүр болған (Тегінде белгілі бір үлкен жорықтан олжалы оралғаннан кейін болса керек). Сондай тарту-таралғы апаратын бір тұста Құлеке батыр тарапынан мезіреті жасалмайды. Соған қаһарланған хан төлеңгіттеріне Құлекенің кермедегі атын алдыртады. Мұнан кейін, әрине, Құлекенің Абылайға баруына тура келетіні белгілі. Жанына кіші баласы Шалды ертіп суыт келе жатқан батырдың алдынан Абылайдың өзі шығып, сәлем береді. Хан Құлеке батырдан бір жас кіші екен...

Сол күні келген кісілер хан ауылында түнейді. Мініп келген көліктерін түнімен Шалдың өзі күзетіп шығады. Сонда ол ертеңгісін қой өргенде, алакөбеңнен дәрет алып келе жатып, сарып болып отарға ілесе алмай қалған қойға үбектеп жүрген ханды көреді. Кейін ел жиналып, бұлар кететін кезге таянғанда осы жайды Шал ақын халыққа жария етеді (Сейтен Сауытбеков қолжазбасының 8-10 беттері).

Бұл арада біздің көлемі шағын осы туындыға осыншама тоқтауымыздың себебі мынада: Сейтен Сауытбековке 1948 жылы бірсыпыра Шал туындысын жаздыртқан Молдағұл ақсақал сол жылы 112 жаста болған. Яғни, ол 1836 жылы туған кісі. Олай болса Шал өмірден өткеннен кейін көп ұзамай өмірге келген, сол өңірде атасының сөзін жаттап өскен адамның берген дерегі, айтқан сөзіне иланбауға болмайды. Демек, бұл деректер арқылы біздің әдебиетші

ғалымдардың кейбіреуі аталмыш өлеңді Шал Уәлиханға айтқан екен, енді біреуі белгілі бір төреге айтқан екен деп келген жорамалдарына нақтылы жауап беріліп тұр. Өйткені, бұл деректерде Абылайдан Күлеке бір жас үлкен. Ақын өзінің әкесі Күлеке өлгенде айтқан дейтін шығармасында оны "Алпыс бір мүшел келді мерттей болып" деп жырлаған. Демек, ол 1771 жылы өлген болып шығады. Ал, Абылай Күлеке қайтыс болғаннан кейін де он жылдай өмір сүрген. Әкесі тірі кезінде Уәлидің хан болмағаны, оның үстіне өзімен қатар адамды Шалдың "хан ата" деп атамайтыны сірә, белгілі. Яғни, мәселенің беті ашық.

Осының бәрі түптеп келгенде әдеби мұрасы ауызша жеткен біздің кез келген жырауымыз бен ақынымыздың шығармаларының тұтасымен жинақталып, сол арқылы канондық текст жасалғанша зерттеушілерге ұзақ уақыт ізденістер жүргізуді керек ететіндігін көрсетеді.

Екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы шығармалары ел жадында осыншама көлемде сақталған Шал Күлекеұлы – тек біздің ұлттық әдебиетімізде ғана емес, жалпы-дүние жүзі халықтарының әдебиетінде өте сирек кездесетін феномендік құбылыс. Ол – қазақ әдебиетінің айтыс өнерінде шағын да болса шығармасы сақталған бірінші ақын. Қатардағы қарапайым пенделерді, соның ішінде, ілгеріде айтқанымыздай, әсіресе, қарапайым әйелдер қауымын әдебиетімізге әкелген алғашқы творчество өкілі. Сондай-ақ, ол дін, инабаттылық, қоғам, адамзат өмірінде болатын, бұрыннан ұлттық әдебиетіміздің дәстүрінде бар тақырыптарды да кеңейте жырлап, кейінгі буындарға жол салған өз заманының көркемсөз иесі. Оның қазақ әдебиетінің тарихында алар орнының айрықша болатын себебі де осыдан. Ал, айрықша орны бар, айбынды сөз иесі туралы ғылымда айтылар сөз әманда жалғасын таба бермек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шал ақынның өз дәуірінде замандастары арасында ел тарихына жетік шежіреші білімдар адам болғандығы туралы Ш. Уәлиханов пікірін дәлелдейтін ақын туындыларына сипаттама беріңіздер.
2. Шал Күлекеұлының мұсылман дінінің қағидаларын терең білетін оқымысты адам екендігін автор шығармаларын талдай отырып түсіндіріңіздер.

3. Шал ақын – айтыскер ақын, юморы ерекше шығармашылық тұлға. Осы мәселелерге сараптама жасаңыздар.
4. Шал Құлекеұлының бірсыпыра өлеңдері ел арасында мақал-мәтел түрінде пайдаланылады. Ұлы тұлға Абайдың өлеңін еске түсіреді. Осы жайларды ұлттық әдеби дәстүр тұрғысынан түсіндіріңіз.
5. Ақынның тәрбиелі жақсы жар, жақсы әйел туралы туындыларын Асан қайғы, Бұқар жыраулардың осы тақырыпқа арналған толғауларымен салыстыра отырып баға беріңіз.
6. Шал ақын шығармаларын жинаған, зерттеген ел азаматтары мен ғалымдардың еңбектеріне басты назар аудара отырып, ақынның 250 жылдық мерей тойы кезінде ел тарапынан атқарылған елеулі жайларға кеңінен тоқталыңыз.

ҚОБЫЛАН БӨРІБАЙҰЛЫ (1760-1840)

Қобылан Бөрібайұлы 1760 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келіп, сексен жас тірлік кешіп, 1840 жылы өмірден өтеді. Ақынның негізгі шығармаларын Б. Жақыпбаев 1936-1951 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырған¹. Кейін 1962 жылы оның тағы бір туындысын павлодарлық мұғалім Иманбаев Омар Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне әкеліп береді. Шығармаларының бірсыпырасы академияның Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры мен Әдебиет және өнер институтының Шайқы Кәрібаев қорында сақтаулы. Автор туындылары 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты жинақта тұңғыш рет жарық көрсе, кейінгі жылдарда «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (Алматы, «Ғылым» баспасы, 1985), «Бес ғасыр жырлайды» (Алматы, «Жазушы» баспасы, 1984 ж.) кітаптарында көлемі жағынан бұрынғысынан біраз толықтырылған күйінде оқушы қауымның назарына ұсынылды. Қазақ совет энциклопедиясының 6-томында (1975) ақынның өмірі мен творчествосына шағын көлемді мақала (556-бет) арналды. Сондай-ақ, Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиеті. XVIII–XIX ғ.ғ.» атты оқу құралында да (1981) ол жайында арнайы сөз болады. Қысқасы Қобылан Бөрібайұлының әдеби мұрасының бүгінгі таңға дейінгі жариялану, зерттелу реттері осындай.

Халықтың айтуына қарағанда Қобыланның әкесі Бөрібай да Арқа өңіріне аты мәлім ақын болған. Оның «Шоң биге» деген өлеңінің ел аузында сақталуы² осы сөзімізді растай түседі. Бөрібайдың дәулетіне, күнелтіс жағдайының қандай екендігіне анықтама берер мағлұмат жоққа тән. Олай болса Қобыланның балалық, жастық шағы қандай тұрмыста өткенін айту қиын. Бірақ ақын шығармаларының мазмұнына қарағанда негізінен оның жоқтықтың тауқыметін бір кісідей-ақ тартқанын сезесіз. Осы тұрғыда ол тіпті сол өзі өмір сүрген дәуірдегі жоқшылықты, кедейлікті жырлаған санаулы ақындардың бірі ретінде назарға ерекше ілінеді. Әйтсе де жігерлі ақын жас кезіндегі өзінің таптық кемістігін көп еске ала бермей, негізінде халқының, жерінің тәуелсіздігі үшін басын құрбандыққа шалғандардың ерлігін жырлаушы азамат ретінде көріне білді. Мәселен ол:

¹ Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 4-т. – Алматы, 1985. – 59-б.

² ӘӨИ-ның қолжазба қоры. 629-папка.

Жауды алған он үш жаста батыр Баян,
Қалмақтан Сарыарқаны қайтып алған.

Қол бастап ерліктері әркімге аян..., – деп толғанды. Жырдағы он үш жаста қол бастап жүрген Баян атты тарихи қаһарман кім десек, бұл – Шоқан Уәлиханов пікірінше, тек батырлығымен ғана емес, ақылдылығымен де төңірегіндегілерден төбесі биік тұрған, жоңғар шапқыншылығы кезінде Уақ руынан шыққан батыр Баян атанған ерекше тұлға екен. Осы ретте ғалымның мына мәліметіне назар аударудың артықтығы жоқ деп ойлаймыз: қашып бара жатқан Торғауыт қалмақтарын соңғы рет өкшелеп қуатын бір тұста Абылай хан қайсар Баянды күтіп, қалың қолымен жауға аттанар межелі жерден біраз уақытқа дейін ілгері баспай қояды. Өзге батырлар күңкілдей бастайды. Ақыры бес жүз қырық кісімен жеткен батыр ханға кеп: «Қайда жұмсайсың, не бұйырасың, орындаймын», – дейді. Мұнан кейін хан: «Міне, менің Баянды осыншама ұзақ күтуімнің себебі осы» деп халыққа қарайды³. Қобылан жырлап отырған Баян да сол кісі. Оның ерлігінде де, парасат-пайымында да кемдік жоқ. Жоғарыда келтірілген үзіндіге қарағанда 1771-1772 жылдар тұсында (олай дейтініміз торғауыттардың өздерінің ата мекендеріне Еділ жағалауынан қашуы осы уақытта болған)⁴ қатарлас, жорықтас батырлардың ішінен оның алдына түсер ешкім болмаған еді. Тегінде Қобылан да оның ел жадындағы осындай қасиеттеріне бола өзгелерден бөлектеп, айрықша бейнелеп көрсеткен сияқты.

Ақын өз басын кедейлігіне бола қадірлемегендерді, немесе өзгеге ілтипат көрсетуге білігі, көргенділігі жетпегендерді де аямаған. Бұл да түптеп келгенде елдікті, кісілікті дәріптеп келген дарынды өнер иесінің қай тұста да сол принципінен айнымай өткендігіне дәлел бола алады. Мысалы, Қобылан Саққұлақұлы Нұралыға арнаған өлеңінде былай дейді:

Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса оңбас деген.
Сірә, шешеніңден бір кінә болған шығар,
Иттің б.. қылшықсыз болмас деген⁵.

³ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в 5-ти т. – Алма-Ата, 1961. Т. 1. – С. 225-227.

⁴ Рычков Н. Дневные записки капитана Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – СПб., 1772. С. – 99.

⁵ Осы бір шумақ өлең Сүйінбай Аронұлының «Ақиық» жинағында (Алматы, 1975. 93-б.) Сүйінбайдың өлеңі деп берілсе, «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында» (Алматы, 1985. 109-б.) Шөженің туындысы ретінде жарияланған. Қазіргі кезде бұл өлеңнің шындығында үш ақынның қайсысыныкі екенін кесіп-пішіп айту қиын. Осы жағдайды анықтай түсу – ғылымның алдында тұрған міндет.

Ақын өзінің оған деген өкпесі мен іренішін, адамның азаматтық паркы болмаған жерде нарқы да түкке тұрғысыз екендігін осынау төрт жолға сиғыза білген. Шығарма кейіпкерінің есімін елдің әлі күнге дейін жадында сақтауына карағанда кезінде бұл да бір белгілі кісі болғандары даусыз. Аталмыш өлең он жеті жасында Байдалы биді жеңіп, Сәбелең деген өз есімі жөніне қалып, заманында Саққұлақ би атанған, атақты Бөгембай батырдың шөбересі Саққұлақ баласына қатынасты емес пе екен деген ойға қаласыз. Өйткені, жоғарыдағы есімді би 1800-1888 жылдары қазіргі Ақмола облысының Ерейментау ауданында⁶, яки Қобылан тірлік кешкен Баянауылға жуық жерде өмір сүрген. Ақынның қартайған шағында бидің өзі қырықтың төңірегінде болғанда, оның баласы жиырманың шамасында болуы әбден мүмкін. Қажыған, күйі қайтқан, дәулеті жоқ қартты жас жігіттің сол уақыттарда бір себептермен қатты ренжітуі, назырқатып алуы ғажап емес. Ал, ондай жағдайда намысқой ақынның тек Нұралыға ғана емес, оның жеті атасына жүк болардай жоғарыдағыдай сөзді айта салуы әбден ықтимал.

Бұл үшін, әрине, Саққұлақтың Нұралы деген баласы болған ба, соның басын ашып алу қажет. Ондай жағдайда біздің жорамалымыздың анық-танықтығының беті айқындала түспек. Осыған орай Қайым Мұхамедхановтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Бұқар жырау жайлы мақаласында Саққұлақтың жеті ұлы болғандығын, оның біреуінің есімі Ерәлі атанатындығын жазғанын айта кетуі орынды⁷. Бірақ зерттеуші Саққұлақтың өзге перзенттеріне тоқталмаған. Дегенмен бізге мынадай ой келеді. Саққұлақ би бір баласына Әбілқайыр ханның бір перзенті Ерәлі есімін бергенде, екінші ұлын Ерәлінің ағасы Нұралының атымен атай салуы да мүмкін ғой. Қалай дегенде де ақынның бұл арада осал емес адамның тегіне тиісіп отырғандығында дау жоқ. Ілгеріде Қобылан поэзиясы ең алдымен жоқшылықты, кедейлікті жырлайтындығымен ерекшеленеді дедік. Шындығында да ол ауыр тұрмыстың, кедейлік өмірдің, оның үстіне сол сіңірі шыққан жарлылыққа қосылған кәріліктің әбден дәмін татып, ашына жырлаған ақын. Сондықтан оның сөзі де, пікірі де ащы:

Кедейлік болар ма мұнша қиын,
Байдың үйі айт пен той – күнде жиын.

⁶ ҚСЭ. 9-т. – Алматы, 619-б.

⁷ Мұхамедханов Қ. Бұқар жырау // Қазақ әдебиеті. 1982. 6 тамыз.

Естігенің жаман сөз – қиын жұмыс,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миың.

Немесе:

Заманнан рахатты кім көреді,
Кедей – бейнет, зейнетті бай көреді...
Бар болсаң, құдай-еке, көрмеймісің,
Кедейге бір жақсылық бермеймісің?
Өмірін михнатпен өткізгенді,

Тағы да ол дүниеде тергеймісің?, – деген Қобылан өмірдің қызығын кімдердің көретіндігін аңғарушы, кедей тартқан азаптың ми шайқарлық ауыртпалығын түйсініп, түсінуші ғана емес, солардың жоқшысы да. Бірақ ол өмірдің теңсіздігін басқадан емес, құдайдан көреді, соны кінәлайды. Бұл тұрғыда ақынның таптық санасы пәлендей биік болмағанмен, оның ерлігінде де, ашуында да қапы жоқ. Оны сондай дәрежеге дейін ашындырушы қоғамдық теңсіздік, жоқшылық. Қобылан поэзиямызда кедейлікті әр қырынан көрсетуге талаптанған ақын. Осы ретте оның аңға қосқан итін сүмірейте суреттеуі ерекше назар аударады. Оның иті аң алғыштығымен, жүйріктігімен емес, борпаяқ, талайсыздығымен көрінеді. Қобылан оған: «Көбентай Жезтырнақтан тума шіркін, түлкіні жете алмасаң кума шіркін... Ішкенің мен жегенің у ма шіркін?!», – деп адамша жекіп, ренжиді. Ал, бұл реніштің ар жағында ақынның өзінің қай кезде де өрге баспай жүрген талайына кейіс, налыс жоқ деп айта алмаймыз. Сондай-ақ ол: «ат арыды, тон тозды, елден шыққан жүйріктен, қотандағы ит озды, күні өткен Ақсүйріктен» – деп өзі мен қасындағы тазысының кешкен күйлерінің арасына параллельдік салыстырулар жүргізу арқылы өмірдің сұрқай тіршілігін шебер танытады. Осында бір Қобылан емес, онымен тағдырлас жүздеген кедей-кепшіктің өмірі нақты жинақтала бой көрсетеді.

Әрине, қазақ поэзиясындағы кәрілік пен кедейлік тақырыбы – талай ақынның көңіл бөлген жайлары. Қобылан дәуірі мен оған дейін өмір сүрген ақындар творчестволарында да қарттық, кәрілік әңгімесі біраз сөз болған-ды. Мәселен, Бұқар Қалқаманұлы тоқсан беске дейінгі адам жасына тоқтала отырып, олардың кісіге сыйлар қуаныштары мен қысастықтарын әдемі-ақ тізіп береді⁸. Шал ақын

⁸ XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982. – 137-138-б.

шығармаларында да жиырма бес пен жүз жастың аралығындағы ер азаматтың қайрат-қауқары біршама тәптіштеледі⁹. Қысқасы бұл авторлар өмірдің өзгермелілігін аңғарта отырып, елуден өткенше еңсең биік, ерлігің мен өрлігіңе ел разы болса, кейін жасың ұлғайған сайын бағаң кеміп, бәсің түсе бермек, дегенді негізгі айтар ойының қазығы етіп ұстанады. Ал, Қобылан кәріліктің қадірлі болмайтындығын кісіден қайрат пен қайсарлықтың жоғалатындығымен түсіндіреді. Ақын тек бір жерде «сексенге келіп селкілдеп» отырғандығын, бір тұста ғана «жетпістен асып сексенге» таянғандығын айтатыны болмаса, Бұқар мен Шал секілді сол жастардың (қырық, елу, т.б.) бәріне бірдей анықтама-сипаттама бермейді. Бұл тұрғыдан ол екеуіне де ұқсамайды. Бірақ соған қарап оны олардың өнегесін ұстанбаған деуге де болмайды. Әлбетте ақын шығармашылығының ілгергі дәуірдегі сөз иелеріне ұқсастықтары мен өзіне тән өзгешеліктері зерттеушілер мен оқырмандар назарын аударуға тиіс. XVIII ғасырда жарты өмірін өткізген ақынның көлемі жағынан аз ғана әдеби мұрасына көз салғанда оның, өзі тұстас басқа әріптестерінен өзгешеленбей қоймайтын бір ерекшелігі барын аңғарасыз. Ол – Қобыланның ән шығаратындығы. Әрине, осы күнге дейінгі көптеген ән жинақтарында қазақтың халық әндерінің сапында жарияланып келген¹⁰ автордың «Әудемжер» туындысын өзіне қайтару қажет-ақ. Оның бұдан басқа әні бар ма, болса олар қандай еді деген мәселелер төңірегінде өз кезегінде тиянақты жауапты қазақ музыка зерттеушілерінің беретіндігіне күмәніміз жоқ. Ал, жалпы Қобыланның әні бар өлеңі болғандығын автордың өз атынан жарияланған «Әудемжер» туындысы дәлелдей түседі. Ендеше, оның осы сияқты басқа туындыларының кездесуі, тіпті олардың кейбіреулерінің біздің кезімізге де жетуі ғажап емес. Бұл анықталмаған жағдайда автордың жоғарыдағы өлеңінің өзі-ақ оның композиторлық өнерге аз-кем қатынасы болғанын білдіреді.

Қобылан ақын өмірдің әрқилы құбылыстарына жіті көзбен қарап, содан түйген ойларын халық санасына тез ұялар нақыл сөздермен де бере білген кісі. Мысалы, автордың «Қадір, құрмет – тоқтықта, ашу, араз – жоқтықта», «Сергелдеңге түссе мал жаман, Ығыр болса ел жаман, үлгісіз пішсе тон жаман, төресі теріс би жаман... Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман», – деген сөздері қазақ даласының әр тарабына да көптен таныс. Және терең мағынаға ие осынау ора-

⁹ Сонда. 172-176, – 183-б.

¹⁰ Қазақ әндері. Үш томдық. 1-т. – Алматы, 1968. – 142-б.

лымды жолдар естіген жанның санасына тез ұялайтындығы сондай, олар тіпті авторының есімінен бұрын елдің ойына түсетін қанатты сөздерге айналған. Ал, мұның өзі ақын поэзиясының қанаттылығының бір нышаны болса керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қобылан Бөрібайұлының өзінен жарты ғасырдай бұрын өмірден өткен Баян батыр туралы туындысына Ш. Уәлиханов, Н. Рычков еңбектерін негізге ала отырып сараптама жасаңыздар.
2. Қобылан Бөрібайұлы – сіңірі шыққан кедейлер өмірін қазақ әдебиетінде тереңдей толғаған алғашқы ақын. Қобыланның осы ерекшелігіне кейінгі авторлар туындыларымен салыстыра отырып сипаттама беріңіздер.
3. Қобылан «Әудемжер» туындысы арқылы сазгер-композитор, «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» секілді бірсыпыра нақыл сөздері арқылы билер айтатын билік сөз иесі. Аталмыш жайларды елдік мұрамыздың көркем өнерге байланысты дәстүрі тұрғысынан түсіндіріңіздер.

АБЫЛ ТІЛЕУҰЛЫ (1777-1864)

Абыл Тілеуұлы 1777-1864 жылдар аралығында қазіргі Маңғыстау облысының Бозашы түбегінде өмір кешкен, өзінің атамекені Қаратөбе қорымына жерленген, ерекше шығармашылық тұлға.

Ол-жырау, ол-ақын, ол – өз заманының аса білімдар ғұлама азаматы. Оның жырау ретіндегі негізгі қасиеті сонау Сыпырадан басталатын «Қырымның қырық батыры» атанатын эпикалық жыр-дастандардың он сегізінші, он тоғызыншы ғасырдағы бірден бір толғап жырлайтын үлкен мектеп қалыптастырған толымды жыршы болғандығымен түсіндіріледі. Әйтпесе, ол сол замандардағы билігі мол үлкен хандардың да, берідегі Жәңгір сынды кіші хан мен соған жақын билік иесі болған не Баймағамбеттің, не Қайыпқалидың оң қабағында болған адам емес. Керісінше, Қазақстанның Батыс аймағында билік құрған сол адамдарға мұның ел алдында айтқан сөзі, азаматтық ұстанған принципі ұнамаған. Абыл жырларын ел арасынан жазып алып, ақын шығармашылығын жан-жақты зерттеген көрнекті ғалым Қабіболла Сыдиықұлы оның Баймағамбет пен Қайыпқалиға (Қайыпқали Есімовке) айтқан жырларының өмірге келгендігі тұрасында төмендегіше пікір айтады: «Бұқара сөзін сөйлеген өнер иелеріне қанды қақпан құрған Баймағамбет сұлтан бірде ауырып жатып, Абылды алдырып: «Сен хан, сұлтанды қаралап өлең шығарады дейді. Мықты болсаң, бұлтармай, маған өлең шығаршы, жақсыласаң – жарылқаймын, өле кетсем – өшпес сөз болсын, – дейді. Сонда Абыл тайсалмастан былай дейді:

– Бопайдан туған әкең Айшуақ хан,
Табаның таймай тұр-ау мінген тақтан.
Дәлірген дажал сынды дәрежеңді,
Деп жүрсің Құдай қорып, Қыдыр баққан.
Ер өлді деп, етек бұлап жылайтұғын,
Байеке-ау қай ісің бар елге жаққан?!¹

Жырдың өмірге келуіне себепкер болып отырған Баймағамбеттің Абылға айтып отырған: «Жақсыласаң-жарылқаймын», – дейтін сөзі оның Шерниязға айтқан, табиғатында мақтан сүйгіш қасиетін айқындай түседі. Бірақ, билік иесі Абылға, Шерниязға жасаған

¹ Сыдиықұлы Қ. Ақберен (XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалары). – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – 25-бет.

тыпыршыған шыдамсыз мінезін көрсете алмаған. Оның әртүрлі себептері болуға тиіс. Соның ең бастысы Баймағамбет Айшуақов 1830 жылы қарашада Шыңғали Ормановтың орнына Кіші орданың батыс бөлігінің сұлтаны болып тағайындалады. Ресей билеушілерінің айтқанын бұлжытпай орындамағаны үшін, алдап қолға түсіріліп, Уфаға жер аударылған Шыңғали болса, басына қара бұлт үйірілгенде Сүйінғара бастаған Кіші жүз батырларынан көмек сұрайды, Сүйінғараға ол: «Біз ақымақ болсақ та, сен ақылды едің... Біз сенің тірі кезінде ресейліктердің қыспағындамыз ... Сен бізді туысым десең, бір шара қолдан, Ресейдің құрсауынан құтқар. Әйтпесе біздің кәрі, жасымыздан төгілген жастың обалы саған...» – деп хат жолдайды. Демек, Абылды бетпе-бет келгенде не айтар екен деп, өзіне шақыртып алып отырған Баймағамбеттің кісілік болмысын, оның дәреже-мансап үшін кімді болса да омақастырудан жүзі жанбайтындығын қапысыз таныған ақынға сол бойда қаншалықты шамданса да патша үкіметі тарапынан жаңа ғана қызметке тағайындалып отырған ол елдің ары мен намысының жоқтаушысына тап осы жолы бетін қайтарарлықтай қайрат жасай алмаған. Өйткені, ақын елінің басшысы Сүйінғара батыр 1831 жылдың төртінші мамырында сол кездегі жағдайды таразылай келіп, Баймағамбетке Ресейді держава деп танып, сол державаға қарамағындағы қауымыммен бодан болуды дұрыс көріп отырмын деп, хат тапсырған. Бұған қуанып кеткен Орынбордың әскери губернаторы Сухтелен Сүйінғараға қылыш жіберіп, ризашылығын білдіріп сәлем хат жолдаған. (Бұл туралы біздің Сүйінғара батыр туралы зерттеуімізде толығырақ айтылған²). Олай болса 1822-1823 жылдары Жоламан Тіленшинмен бірге 1810 жылға дейін ел пайдаланып келген Елек пен Жайық, Өзен атанатын өзендер аралығындағы жерлерді Орынбор губернаторы П.К. Эссеннен қайтаруды талап ететін, Адай, Табын, Шеркеш, Кете, Шекті руларына Көтібар Бәсеновпен бірге айтқанын тыңдататын, әртүрлі деректерде орыстарға шабуыл жасап, адамдарын қолға түсірмек деп уайым айтылатын Сүйінғара батыр Үргенішбаевтың жаңа ғана Ресей державасына оң қарай бастаған тұсында ішкі ниетімді айнытпай танып, тентектік неге көрсетесің деп, Абылға айбар шешуге шамасы жоқ-ты. Оның үстіне Баймағамбет соның алдында ғана Хиуаның ханынан хандық атақ алып, Кіші жүз елінен Аллақұл хан үшін салық жинап жүрген Қайыпалдыға:

² Тілепов Ж. Ел мүддесі-ерлер еншісі. – Алматы: Үш қиян, 2010. – 187-194 беттер.

– Қызыл тіл Жиреншедей тілім, тақсыр,
Қызыл тіл – өнер алды, білім, тақсыр...
Хиуаның қонышына кіріп кеттің,

Бір уыс болмаса игі еді – күнің, тақсыр, – деп, ол өз сөзін көтере алмай «Адай руына алпыс атан айып тарттырамын» дегенде алпыс үйден алпыс атпал азаматты бастап келіп:

– Арғы атаң – Әбілқайыр, әкең – Есім,
Кетірдің бұйқыт елдің берекесін.

Құландай қырға өскен Адай едік,
Адайға салық деген салдың кесім.
Адайдың салық салдың мойынына,
Шыдамай Адай сенің ойыңыңа.

Алпысы адуынды атқа мініп,
Жармасты жарақтанып сойылына.

Оу, тақсыр, тура қарап, дұрысыңды айт,
Абылға алпыс атан салдым деген,

Әзілің әнеукүнгі қойылды ма? – деп, қарулы қолмен тепсінгенде жағдайды ушықтырып алмайын деген ниетпен, «Адаймен әзілдесер жайым бар еді» деп, бір кездегі Бопайдан тараған жиеншарлығын алға тартып, Қайыпалдының әңгімені жаймашуақтандырып бітіргенін де біледі.

Қысқасы, сол жылдардағы да, сонан кейінгі уақыттағы да Абылдың айбыны жоғары. Оның асқақ тұлғасын, басқаларды айтпағанда сол дәуірдегі небір жүйрік сөз майталмандарының өзі мойындаған. Мәселен, Әбубәкір Кердері Қожахметпен айтысында:

– Адайда Абыл, Нұрымдай,
Байбақтыда Сырымдай,
Ат құлағын теңдесіп,
Қайта жауап жазбасақ,

Қожекең менен сүрінді-ай, – дейді. Сондай-ақ Шернияз ақын: «Адайда – Абыл, Тазда – Есенбақ, үштің бірі – өзім-ақ³», – деген. Сөзге тапқыр, жүректі ақын Шернияздың Абылды елдің алдына салып айтуының сыры тіптен тереңде жатқан сияқты. Ел есінде жүріп бүгінге жеткен әңгімеде: «Бірде Кете Жарылғастың үйіне келген Махамбет түстеніп, атына мініп қайтқалы жатқанда Шернияз деген ел үстінде жүрген ақын баласы:

³ Сыдықұлы Қ. Абыл Тілеуұлы // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 39-бет.

– Көк үйрек көлге жатқан көсіліпті,
Ғалымдар шарифаттан сөз біліпті,
Баласы Өтемістің ер Махамбет,
Бізге айтар не сөзің бар ескілікі? – деп сұрапты.

Сонда Махамбет:

– Әліп, ләм, һаймен тұрады алқам басы,
Мүйімнің бимен тұрады бисмилләсі,
Мүйімнің құйрығы имек, ортасы ақ,
Білсең айт, осы ненің нышанасы?

Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,
Лашын қақпай қанат дәмін татқан.

Арқадан қайта айналып келгенімше,

Шернияз шеше алмасаң, өзің сақтан, – депті де жүріп кетіпті. Шернияз бұл жұмбақтың шешуін Тигеннің «Дағдушы» суының қасында отырған Абылдан ат шаптыртып сұрапты. Сонда Абыл: «Әліп деген бір Алланың аты еді, ләм деген періштенің аты еді. Һай деген ақ пайғамбардың аты еді. «Мүйімнің құйрығы имек, ортасы ақ» дегені пайғамбардың үмбетінің икемдігі, жүрегінің ақтығы еді. «Он бүркіт» дегені Мұхамбет пайғамбарымының кеңесшілері еді. «Отыз аққу» дегені Дәуіттің өлген отыз ұлы еді. «Лашын қақпай қанат дәмін татқан» дегені сәждеден басынды көтеруге мұрша бермей жаныңды алатын жан алғыш әзірейілдің аты еді. Махамбет оң көзім болғанда, Шернияз сол көзім еді. Екі көзімді таластырмас үшін ортасынан мұрын қойыпты ғой. Бұл екеуін бітістірейін. Шерниязға айта бар, аузына абай болсын, жараның аузын тырнай бермесін», – депті. Кейін Махамбеттің өліміне байланысты Шернияздың Баймағамбет сұлтанға қияс сөйлегені осыдан екен дейді⁴.

Абыл ақын заманында да ғылым мен білімге деген елдің құштарлығы ерекше болған. Сол уақыттағы ақындардың, онан кейінгі кездердегі жыр сүлейлерінің бір-бірімен жүзбе-жүз отырып айтысқанда да, хатпен хабарласып, сөз жарыстырғанда да көбінесе мұсылман дінінің, адамзат баласы тарихының мәнісінен әңгіме суыртпақтайтыны содан. Әйтсе де, «алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабысы» дегендей, сөз жарысына түсіп жүрген небір жүйріктердің де қиналатын тұстары болған. Шернияз сынды ақындық өнердің ақтангерінің Махамбет ағасының жұмбағын шеше алмай, Абыл сынды абызға ат

⁴ Кекілбаев Ә. Әдебиет әлемінің жырдариясы // Маңғыстау. №153(8012), 2011. 17 қыркүйек, 2-3 беттер.

шаптыртып көмек сұрағандығы да соған дәлел. Ал, Абыл ақын шын мәнісінде де сол заманның дін іліміне жетік ғұламасы болған. Оның «Араб әліппесі» атты туындысы соның бір көрінісі. Жиырма тоғыз әріпті тізіп отырып шығарылған бұл жыр қазақ поэзиясындағы дәл осы тақырыптағы алғашқы туынды. Рас, оған дейінгі ілгеріректегі Асан қайғыдан бастап, Бұқар, Шал ақын туындыларында ислам дініне қатысты сол ақындардың білім тұрқын, философиялық көзқарасын аңғартатын туындылар бар-ды. Бірақ, солардың қай-қайсысы да, жиырма тоғыз әріпті түгелдеп жырға қоспайтын.

Ақынның бұрынғы кезде көп сөз болмайтын осы туындысына назар салсаңыз, шығарманың түптеп келгенде бір ғана дінді насихаттау мақсатында емес, сол ислам дініндегілердің басты кітабы Құрандағы аяттар таңбаланатын жиырма тоғыз әріп арқылы адамдарды ізеттілікке, тоғышарлықтан аулақ мейірімділікке үндеуді басты парызы еткеніне көзіңіз жете түседі. Мәселен, ақын:

– Әріпте жиырма тоғыз келеді «Би»

Көреді иманды құл алладан сый.

Қылығы бұл дүниеде жаққандардың

Сайланар сегіз ұжмақ ішінен үй, – деп алады да, сол жаратушыға ұнаған адамдар санатына жету үшін не істеу қажет екенін, азаматтың қандай жолмен жүруі керектігін:

– Әріпте жиырма тоғыз келеді «Ти»,

Көңілді беріп хаққа, нәпсінді тый.

Құдайдан шыныменен қорықсаңыз,

Таста да харам нәпсі, адалдан жи.

Пәк тұрып киімінді тазадан ки...

Ас ішсең бір қазаннан бір қауым жан,

Меймансың бір-біріне, көрсетші сый...

Жетімнің жұлып – тартып ауызынан,

Боқтықты дүние деп жиғанды тый.

Әріпте жиырма тоғыз келеді «һай»,

Жаманға жанап кетсең салар айқай.

Шайтанның мейманасы тасымасын,

Жақсыны хан көтерші даңқына сай, – дейтін өлең жолдарымен бере отырып, әлеуметті білім-ғылымға ұмытылуға үндейді. Ерлізайыптылардың бірін-бірі сыйлап өмір кешуін құптайды. Ақынның мына сөздері соған дәлел:

– Әріпте жиырма тоғыз келеді «Дал»,

Ғалымға көпті білген құлағың сал.

Тоқысаң ғалым сөзін бойға жиып,
Ақылдан жұтамайтын құрадың мал.
Әріпте жиырма тоғыз келеді «Айын»,
Сыйламас жаман қатын келген байын...
Әйелге бұл дүниеде ерін күткен,
Төрінен сегіз ұжымақ қылар жайын.

Сондай-ақ, автор дүниедегі бар пәленің басында тұратын дүниеқоңыздықты айта отырып, ана дүниеге барғанда бұл жақтағы жинаған дәулетіңнің араша түсе алмайтынын өзінен бұрынғы Шал ақын Құлекеұлынша толғайды:

– Әріпте жиырма тоғыз келеді «Иа»,
Адамның көзі тоймас дүнияға...
Әріпте жиырма тоғыз келеді «Зал»,
Иенді жан бітірген жадыға ал.
Шыбының тастап сені кеткен шақта,
Қалмайды ара тұрып жинаған мал.
Әріпте жиырма тоғыз келеді «Уау»,
Өлгенде жеті мүшең өзіңе жау.
Қылығың бұл дүниеде жақпаса егер,
Қимылдап аузы – басың қылады дау.

Осы келтірілген төрт тағандардың соңғы шумағында айтылған ой өзінің төтенше тосындығымен назар аударады. Бұрынғы-кейінгі ақындарда ана дүниеге барғанда әр адамның иығында отырған періште арқылы хатқа түскен бүкіл өмір бойы не істеп, не қойғаны жазылған мәлімет алдынан шығады десе, («Әріпте жиырма тоғыз келеді «Сат», Адамға өлсе дайын болады зат. Жақсылық жамандықтың арасында, Періште екі иінде жазады хат» деп келетін жолдар Абыл да да бар), автор тірілігінде қызметіне мән бермей келген, өзінің басыбайлы жеке мүшелерің өзінмен дауласады, деген пікірді айта отырып тыңдарманын, не істесең де олардан артық куәгер жоқ, демек, аяғыңды аңдап баспасаң болмайды деген қисынға жүгіндіреді. Бұл – айтқыштық па? Айтқыштық! Нұсқалылық па? Нұсқалылық. Бірақ, ақынның ел қамын жеген азаматтық кредосы тек мұнымен шектелмейді. Оның жан дүниесіне шығармалары арқылы назарын салған адам автордың өмірінің ақырғы жылында айтқан «Сексеннің бізде келдік жетеуіне, жаманның ергенім жоқ жетегіне» дейтін сөздеріне көңіл қойған адам, ақынның барынша дұрыс жолда болған жан екендігіне шүбәсіз иланады. Дін қағидаларынан сөйлейтін жанның, соның ішінде ана дүниенің қақпасынан аттағаннан кейінгі адам басынан кешетін жайларды

толғайтын жыршының лебізі ыңғай бір қорқынышты халді баяндап, тыңдарманы мен оқырманын үрейлендіру үшін айтып отырғандай әсер қалдыратыны да өтірік емес. Бір қарағанда Абыл ақынның жиырма тоғыз араб әрпін негізгі тақырып етіп жырлаған туындысы да сол идеяны шығарманың өзегі етіп алып отырғандай қабылданады. Бірақ, Абыл ақын өзі айтып отырған мәселесімен өзгені қорқыту үшін айтып отырмағанын:

– Әріпте жиырма тоғыз келеді «Зе»,

Мұсылман көңілің тазарт, дінің түзе.

Періште маһшар күні жауап алар,

Жасаған, жаңсақ кетсем, жөнім түзе, – деу арқылы аңғартып қана қоймай, өзгеге насихат айтып отырып, өзім қателесіп кеткен жоқ па екенмін дейтін, жаратушысынан кешірім сұрайтын лебізімен аңдатады. Ал, тыңдарманына, тіптен оның сыртындағы күллі ислам дініндегі барша қауымға ол:

– Әріпте жиырма тоғыз келеді «Тай»,

Сүйектен, өлсең, кетер ет пенен май.

Жанына періштелер ие болар,

Күнәсін бар мұсылман кешір, құдай! – деу арқылы тек қандастарына ғана емес, жер басып жүрген, жер астына түскен барша діндестеріне тәңірінен рақым тілейді. Ақынның осы сөздері түптеп келгенде, оның хақ жолына қандай дәрежеде берілгендігіне, ислам дінінің қағидаларын қаншалықты игергендігіне кепілдік беруден бұрын, ел сөзін ұстаған, ел рухын төмен түсірмеу үшін өмірбақи қызмет еткен жанның адамзат баласының табиғатын жете біле тұра, соншалықты пейілді, соншалықты мейірімді болған аса биік тұлға екендігіне куәлік етеді. Сол арқылы оның қатардағы көп ақынның бірі емес екенін көрсететін асқақ бейнесі өз тұсындағылардың бәрін де тәнті еткен.

Абыл Тілеуұлы – шынында да, ел таңғалса таңғалғандай сан қырлы талант болған. Оның ақындық жолға түсуінің өзі ерекше. Бір ғажабы, бұл өнер оған аян арқылы берілген. Өткен ғасырда өмір кешкен атақты Мұрын жыраудың әкесі Сеңгірбек Абылға: «Сіз қалай ақын болдыңыз?» деп сұрағанда, Абыл: «Отызға келген кезім, ерте қой өргізіп келіп, ұйықтап қалсам, біреу бір сұйық нәрсені аузыма құйып жіберді, жұтып жібердім. Ояна келсем, кеудемді өлең кернеп барады екен. Осыдан былай қарай ақын болып кеттім⁵», – деген.

⁵ Сыдықұлы Қ. Ақберен (XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалары). – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – 17-бет.

Әлбетте, осы әңгімені әркім әртүрліше қабылдауы мүмкін. Бірақ, қырғыздың атақты манасшыларының түсінде Манасты қырық шорасымен көріп, даңқты жомоқшы болып кететінін, қазақ ақындарының да кейбіреулерінің түсіне енген ғажайып көріністерден соң елге мәшһүр жырау, жыршы, ақын болғандығын естіп жүргендер үшін аталмыш жайдың ел қабылдамайтындай оғаш сөз емес екендігіне көңіл иланады. Илануға негізгі себеп әлгінде ерекше жолмен қабілет қонған дейтін дарындардың шындығында да айрықша жүйрік болып, әр кезде де тілеулес жұртының сағын сындырмай, ылғи да бәйгелі топтың ішінен ойнақ салып, алдымен келетін «кескекті ерлердің» санатында болғандығымен түсіндіріледі.

Абыл өмір кешкен заман-қазақ жұртының басынан не бір зұлматты шақты өткерген уақыты еді. Бұл кезеңде қазақ қауымы өзара жүз-жүзге бөлініп те болса хандық құрған елдік басқару атрибутынан айырылды. Ақын елуге таяған шағында 1822 жылы Александр біріншінің пәрменімен Орта жүз бен Кіші жүз халқының хандық билеу жүйесінен айырылғанын көзімен көрді. Тап осы тұстағы Ұлы жүз сұлтандарының сол Александр патшадан 1823 жылы бодандық сұрап, жалынып жүріп, «тілектеріңді қабыл етемін» деген 1824 жылғы 13 мамырдағы грамотаға қолдарының жеткенін де ұзын құлақтан естіп жүрді. Күн өткен сайын іргесін кеңейтіп келе жатқан Ресейдің отаршылдық аранына Кіші жүз қазақтарын ұстағысы келіп, сан қилы амал-айлаға ерік беріп баққан Хиуа хандығының құйтырқы қылығын да өн бойымен сезіне жүріп тірлік кешкен. Ал, сол хандықтың билеушісі Аллақұл Абыл ақын өмір сүрген аймақтың жетпіс бес жастағы басшысы Сүйінғара батырдың төңірегіндегі болып жатқан жайларды бағамдай келіп, қарамағындағы халқымен Ресейге бодандықта боламын деген жағдайынан соң Маңғыстау жұртын аямай шауып, мал-мүлкін тонап, Сүйінғараның басын алып келу үшін сақадай сай қаруланған үш мың адамын аттандырады. Бірақ, сол жылғы хиуалықтар да, кейінгі өзге жаулары да Сүйінғараның басын ала алмаған. Бірақ, бейқам жатқан елді мұздай қаруланған қалың қол аямай тонаған. Жаудың түн ішінде келіп Сүйінғара ауылын шапқан кезінде талай адам қаза тапты. Жау жағы батырдың қызы мен ұлын тұтқындап, Хиуаға алып келді. «Бүгінде, – деп жазады Г.С. Карелин өзінің Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийге 1832 жылдың 11-шілдесінде жазған мәлімдемесінде, – Хиуа билеушісі барлық мүмкіндікті пайдаланып адайлармен татуласқысы келеді. Өйткені, ол бұл халыққа Сүйінғараның ықпалы ұланғайыр екенін біледі. Сөйтіп, ол оған ұлын

қайырады, өзін қонаққа шақырып, қызын алып кетуін сұрады. Бірақ, бұған қиқар шал «қызым өлген деп есептеймін» деп, жауап беріп, барудан бас тартады. Әйтсе де, соған қарамастан осыдан екі апта бұрын хан оған қызын қайтарды, жылы сөздер жазған хатымен тағы да қонаққа шақырды».

Аталмыш жағдай ел ішінде жиі әңгіме болатын оқиғалардың санатына жатады. Осы оқиғаның тұсында екі жақтан да адамдардың көп өлгені ақиқат. Бірақ, Адай, Беріш жұртының Құлбарак батыр бастаған сол кездегі азаматтары, басқа да ағайындар Сүйінғара қиналса, елдің бетіне шіркеу түседі деп білген. Ал, Сүйінғара тірі тұрғанда қарсы жақ өзінің діттеген ойы толық жүзеге асты деп есептемеген. Сондықтан да, сүйкенбеске сүйкенгенін білген Аллақұлы Сүйінғараның балаларын еліне қайтарған. Татуласқысы келіп әрекет жасап баққан.

Абыл ақынның Сүйінғара қайтыс болғанда айтқан жырынан оның осы қасиеттері біршама көрініс тапқан:

– Нағашың ер Табынай – Аққұл, Айбас,
Қайының – Байбақты батыр Шолан тайлас.

Ақылыңа өр мінез ерлігің сай,
Көрген жан бір өзіңе кінә қоймас.
Сен барда сүйеулі еді арқам жарға-ай,
Қатепті қайыспайтын қара нардай,
Адайда бір жан едің ар қуардай.
Аузына байтақ жұрты анталаған,
Сүйекем сөйлер еді-ау қарқуардай.
Сүйекем сапар шекті сексен бесте,
Сейсемде қалды жатып аю төсте.
Қорлыққа көнбен деген бір пенде еді,
Ажалға о да көнді – салған іске.

Жоғарыда айтылған, Сүйінғара ауылы шабылғаннан кейін үш мыңдық жаудың соңынан асығыс аттанып барып, қарсыластарына қарсы ойнақ салған сегіз жүз адамның көбісі ересен ерлік көрсеткендеріне қарамастан сол жолы опат болған. Абыл ақын осыны да жырлаған. Оның «Батырларлы жоқтауы», «Құлбарак батырға», «Естірту» секілді туындылары осынау қайғылы оқиғаның көрінісі таңбаланған жырлар. Ақын осы туындылардың өн бойында тек Құлбарак батырды ғана емес, қанпезер жаумен әр сәтте айқасқан Бүркітәлі, Кежі, Жәңгіл, Ізбас, Досы, Көбек, Мырзатай, т.б. ерлігін әсірелеп көрсетіп, жазықсыз төгілген қанның сұрауы болмай қалмайтындығын ескертіп, ең ақырында «Дұшпанның таңба салған

кегін алмай, жата алмас, бар болса егер қалың Адай»⁶, деп, жауға деген кекті сөзін кіжініспен бітіреді.

Абыл ақынның елге тұтқиылдан шапқан жаулармен Баймағамбет, Қайыпқали секілділерге арнаған толғауларынан өзге шығармаларының барлығынан дерлік жаймашуақ, кеңінен толғап сөйлер сабырлы сыр-баз кісінің жан-күйін танимыз. Ежелгі жыраулар үлгісімен жырланған «Арғымақ атта сын болмас» деп басталатын жырында ол:

– Айдын көлде сын болмас,
Жағасы болса құрақсыз.
Асқар тауда сын болмас,
Бауыры болса бұлақсыз,
Ақ киікте сын болмас,

Арты болса лақсыз..., деп термелеп сөйлеп келіп, дүниедегі небір жанарды баурап, көңілді аударатын келбетті табиғат пен жан-жануарды сипаттай отырып, кереметтей «Азаматта сын болмас, арты болса тұяқсыз» деген сөзбен тіршіліктегі көріп жүрген «төрт жағы төрт құбыла» секілді талайлардың көкірегінде қаншама қасіретті мұң жатуы мүмкін екендігіне назар аудартады. Ал, «Тойбастар» атты туындысында ақын ұзатылып бара жатқан қызға тілегін білдіре отырып, өмірдің біраз құбылыстарын сипаттап қана қоймай, сонымен қатар басқа бір босағаны аттағалы отырған қыздың жанына жайлы тиер лебізін де іркіп қалмайды:

– Дүние диірменнің бұрғысындай,
Барасыз сіз бір елге жыл құсындай.
Көркіңе көрген адам тояттаған
Басыңның естуші едім, бұлдысын-ай.
Бәрін де білуші едім бар нұсқаның,
Сыртыңнан сөз айтпаған дос, дұшпаның...
Ойнайды әркім күліп тендесімен,
Бір асыл заманында сендей болар,
Орыстың бетің аппақ теңгесінен.
Жылжыған көзді судың ағынындай,
Боз бұлттың жерге түскен сағымындай,
Отырсыз сіз бір елге ниет етіп,
Жас дәурен, шолақ болдың неғылып-ай?!

Осы келтірілген жолдардағы автордың ұзатылғалы отырған қызды

⁶ Жаманбайұлы Е. Кешеден келдік бүгінге. – Алматы: Информ – А., 2002. – 43-бет.

«Боз бұлттың жерге түскен сағымындай», деген сөзі сол замандағы тыңдарман үшін ғана емес, бүгінгі оқырманның өзі қалай әдемі айтылған деп қабылдарлық ақындық байқампаздықты паш ететін салыстыру екендігі шүбәсіз. Ал орыстың алтын теңгесінен ажарлысың деген сөздің де сол дәуірдегі көп ақынның аузына түспейтін теңеу екені сөзсіз.

Абыл – айтыс ақыны. Сөз зергерінің мұрасын мұқият зерттеген көрнекті ғалым Қабиболла Сыдиықұлы «Абыл айтысқандарын баудай түсіріп жүрсе де, Балдай дейтін қызды тұрмысқа шыққанша жеңе алмапты,⁷» – дейді. Ал, енді аузына «қыдыр түкірген» (М. Жүсіптің сөз тіркесі) ақынның сол қызбен айтысынан бірде-бір дөрекі айтылған сөзді таппайсыз. Керісінше, оның қызға деген лебізінен қимастық пен сыйластықтың сырнайлатқан әуезді әуені естілгендей болады. Соның бір мысалына қыздың Абылға қойған сұрағына ақынның жауап берген мына жолдары куәлік беретін сияқты. Балдай қыз:

– Екі қарадан сұр туады,
Екі сарыдан сұм туады,
Бір ақ, бір қарадан нұр туады,
Екі ақтан кім туады? – дейді. Оған Абыл ойланбастан:
– Екі ақтан шамдай туады,
Суырылған таңдай туады.
Көзді ұялтып, жанды мүжіп,
Ай жүзді Балдай туады, – деп жауап береді.

Ол – жар қадірін де білген жан. Оған туындыгердің «Отырған қарсы алдымда Қаным-айым» дейтін қысқа жыры куә. Сондай-ақ, оның егдерген шағында жас әйел алған Қайыпалдыға айтқан «Басында миуа ағаштың сайрар бұлбұл» атты туындысында да жақсы жар туралы астарлап айтылған біраз терең ойлы жолдар бар.

Кәрілікті бұрынғы ақындар мен жыраулардың көбісі жырлаған. Сол тақырыптан Абыл да сырт қала алмаған. Әйтсе де оның басқалардан бұл тұрғыдағы ерекшелігі – сөздері тым жинақы:

– Жалғыздық жаман,
Жарытып ісі өнбейді.
Жарлылық құрысын
Әйтсе де кісі өлмейді.
Кәрілік бәрінен де жаман екен,

⁷ Сыдиықұлы Қ. Ақберен (XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалары). – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – 49-бет.

Адамды ұрмай-соқпай кісендейді.

Туынды әрі қысқалығымен, әрі айтар ойының нұсқалығымен есте қаларлықтай өрнекті.

Абыл шығармаларын университет студенттеріне арналған оқулығында профессор Ханғали Сүйіншәлиев ақынды «батыл сөзді, импровизатор, өжет... өз заманының әдебиетіне айтарлықтай үлес қосқан талант иесі⁸» деп бағалапты. Бұл – шын көңілмен, шынайы пейілмен айтылған әділ баға.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ елінің тарихи жағдайымен байланыстыра отырып, Абыл ақынның ел қорғаған ерлерді жырлаған туындыларына сараптама жасаңыздар.
2. Махамбет ақынның Шернияз ақынға айтқан жұмбағын шешкен Абыл Тілеуұлының адамзат тарихы туралы білімдарлығына баға беріңіз.
3. Абылдың арабтың жиырма тоғыз әрпі туралы шығармасын – осы тақырыпқа арналған қазақ әдебиетіндегі тұңғыш туынды ретінде қарастыра отырып, ақынның елдің көсегесін көгертетін адамдар қандай болуы керек дейтін, биік идеалына сипаттама беріңіздер.
4. Абылдың айтыскер ақын ретіндегі ерекшелігіне сараптама жасаңыз.

⁸ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 409-бет.

ЕСЕТ ҚАРАҰЛЫ (1779-1869)

Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі – Сәкен Сейфуллиннің 1931 жылғы «Әдебиет тарихы»¹ атты еңбегінде шығармаларына ерекше көңіл аударған Есет Қараұлы өз дәуіріндегі елеулі сөз зергерлерінің санатына жатады. Ол – қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданына қарасты Қарабау мекенінде өмірге келген. Зираты – Атырау облысының Малайсары алқабындағы Дәрі атты қорымда.² Автор шығармалары М. Бекмұхамедовтің «Жақсы үгіт» (Қазан, 1908), Ғ. Мұштақтың «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» (Орынбор, 1910), С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (Қызылорда, 1932), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (Алматы, 1967), «Жеті ғасыр жырлайды» (Алматы, 2008), Қ. Сыдиықұлының «Ақберен» (Алматы, 1972) және 2007 жылғы 3-томында жарық көрген.³ Ақын шығармашылығына профессор Х. Сүйіншәлиевтің жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулығында шағын да болса арнайы орын берілген⁴.

Ақынның әкесі Қара Итемгенұлы заманында әрі батыр, әрі би атанған белгілі тарихи тұлға. Ел жадында сақталған әңгімелерге, сондай-ақ, Москва архивінде сақталған материалдарға қарағанда, ол 1770 жылдары Нұралы ханмен «жұлдызы жараспай» Жайық бойынан Маңғыстаудағы туысы Табылды Итемгенұлының жанына көшіп келіп, сол аймақта тұрақты қоныс тепкен⁵.

Денесі «Қара әулие» атанатын қорымға жерленген.

Есет бидің бабасы Итемген ұрпақтары туралы атақты Мұрат Мөңкеұлы кезінде:

– Итемгеннен туған бес бөрі,
Қара менен Табылды,
Қалдыбай, Мәтен, Қабыл-ды.
Сол ерлердің барында,

¹ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 131, 267-268-беттер.

² Дүйсенов М. Құлбарак батыр. – Алматы: Үш қиян, 2010. – 32, 154-бб.

³ Сыдиықұлы Қ. Таңдамалы, 3-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – 494-496-бб.

⁴ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 412-413-б.

⁵ Қорқытов Б. Кіші жүздің билері мен батырлары. – Алматы: Өлке, 2009. – 180-181-беттер.

Дұшпаннан кегім алынды, – деп жырлаған⁶.

Шындығында да Қаратоқай Беріш Есболайдың Итемгенінен тараған ұрпақтан батыр да, би де көп шыққан. Солардың бірі – Итемгеннің немересі атақты Құлбарақ батыр.

1832 жылғы Хиуа бас кесерлеріне қарсы күрестің қаһарманы болған оның есімі Қазақстанның батыс өңіріне кеңінен белгілі, халық оны елін қорғаған ардақтысы, Маңғыстау аймағындағы үш жүз алпыс әулиенің бірі деп есептеп, әруағына тәу етеді. Кезінде «Аржағың ер Есболай, Итемгеннен» деп Абыл ақын, беріде Ығылман Шөреков, біздің дәуірімізде Дүйсенбек Қанатбаев, Айтуар Өтегенов, Светқали Нұржанов, Медет Дүйсенов, т.б. қаламгерлер жырлап келе жатқан сол Құлбараққа немере туыс Есет би күллі қазаққа ортақ шығармашылық тұлға болған. Ол – өзінен кейінгі Мұрат Мөңкеұлы мен оның ағасы Матай ақын Мөңкеұлына ұстаздық еткен, үлкен өнегелі өнерлі тұлға. Бұл турасында өз заманының озық ойлы перзенті Хәлел Досмұхамедұлы: «Мұраттың елінде Есет деген би болған. Есет қазақтың шежіре билерінің бірі екен. Жас бала Мұраттың белгілі Жылқышы ақынмен айтысамын деп жүргенін естіп, Есет би Мұратты шақырып алып... «Айтысу үшін өткен-кеткенді, ата-бабалардың бұрынғы істерін, қазақтың шежірелерін жақсы білу керек», – деген. Есеттің осы ақылы Мұратқа ұнаған. Қыдырып жүріп шалдардан сұрап, Мұрат ескі әңгімелермен, қазақ шежірелерімен көп танысқан. Мұраттың көп үлгі алған адамы жоғарыда айтылған Есет би еді», – деп жазады⁷.

Өмірінде айтыстан жеңіліп көрмеген, елінің өткен тарихын өте жақсы білген, «Қырымның қырық батыры» атанатын ерлік эпопеясын жырлап өткен, сол арқылы атақты Мұрын жыраудың ұстаздарының бірі болған, Х. Досмұхамедұлы сөзімен айтқанда: «Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз қалдыра алмайды», – дейтін⁸, Мұрат Мөңкеұлымен Есет ақын бір елден, Қаратоқай Беріш атанатын бір атадан тарайды. Екеуінің қонысы да, араласқан қауымы да, жүрген-тұрған жерлері де бір аймақ: қазіргі Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының территориясы.

⁶ Дүйсенов М. Аталған еңбегі, 30, 32-беттер.

⁷ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Құрастырған: Ғарифолла Әнес. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 93-б.

⁸ Х. Досмұхамедұлы. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 94-бет.

Есет ақын – өз заманындағы небір атышулы оқиғаларды басынан өткерген, сол дәуірдің елеулі тарихи тұлғасы. Ақын тындармандарына:

– Мен, мен едім, мен едім,

Қатарға мінсең қайыспас,

Қас қара нар мен едім.

Шабуыл шалса шаршамас,

Шыны тұлпар мен едім.

Су шашырап, жел тимес,

Орнықты қара кеме едім.

Қасарысып келгенде,

Қап түбіне сыймаған,

Қара болат мен едім.

Қияннан ұшқан қу ілген,

Анық сұңқар мен едім.

Тегеурінім теріс біткен,

Тепсем жілік сындырған

Қыран бүркіт мен едім, – деп, өзінің кім екендігін ежелгі батырларша айтып келіп, одан әрмен осы ойын төмендегіше нақтыландыра толғайды:

– Заманымда не көрдім?

Еңсеріскен ер көрдім,

Белсеніскен бел көрдім,

Қарсыласқан жау көрдім,

Тізелескен дау көрдім.

Самарханды сапырдым,

Қарсы келген дұшпанды,

Шапқан шөптей жапырдым.

Дұшпанымды таптадым,

Қанды көйлек жолдасты

Сары алтындай сақтадым.

Достың көңілін тындырдым,

Дұшпанның көңілін сындырдым.

Қорықпадым, қашпадым,

Аспадым да саспадым.

Кәрілікке жеткізсе

Талайды көрер бастарың.

Төкпей, шашпай жиғанды

Ортаңызға тастадым.

Не қылсаң да өзің біл,

Күн сенікі, жастарым!

Ақынның бұл сөздері – XVI ғасырдың жорық жыршысы Доспамбеттің «Тоғай, тоғай, тоғай су» деп басталатын жырын еске түсіреді. Туындыгер өзінің атқарған істерін түгелге жуық тізіп айтып шығады. Ең соңында айтқан билігім, шығарған жырым, ерлік істерім өздеріңе түгелдей мәлім, заман сендердікі, ғибрат алам десең де, басқаша қылық көрсетем десең де «өзің біл» деп тоқтайды.

Бұл жолдар – түптеп келгенде өр мінезді өжет ақынның кейінгі толқын, ел үміт күткен жастарына өзінің өмір жолын ағынан жарылып баяндап беруі ғана емес, келешекте елдіктің тұтқасын ұстаудан үміті бар қауымды сынауы деп қабылдауға лайықты терең ойдың тепсінген көрінісі болатын.

Қазақ әдебиетінің арғы-бергі дәуірінде жалғыздықты жырлаған ақындар мен жыраулар шығармалары баршылық. Солардың барлығы да жалғыздықтан тарыққан жанның жай-күйін өздерінше түсініп, өздерінше жырлайды. Мәселен, Шалкиіз (Шәлгез) жырау:

– Аспанды бұлт құрсайды –

Күн жауарға ұқсайды.

Көлдерде қулар шулайды –

Көкшіліден ол айуан

Соққы жегенге ұқсайды, – деп бастап, негізгі айтар ойына сонан кейін келіп тоқтайды. Жырау тек адамдар ғана емес, жан-жануарлардың өзі бір-біріне үстемдік жасап дүниенің тыныштығын бұзады, соның бір түрі әлгіндей болғанда, туысынан жалғыз жанды көптігіне бола масайрап, ренжітетіндердің жайы мынандай деп, автор ойын төмендегінше қорытады:

– Көп ішінде бір жалғыз,

Көп мұнайып жылайды.

Күйбендескен көп жаман,

Сөзі тигенге ұқсайды.

Ал, қуып келе жатқан жаудан қашып бара жатқан қаруластарына ауыр жаралы болып, ере алмай, елсізде жалғыз қалып бара жатқан қасіретті сәтін толғайтын Доспамбет жырау болса:

– Жағдайсыз жалғыз қалып барамын,

Жанымда бір туғанның жоғынан, – деп назырқайды. Абылай хан дәуірінің жорық жыршысы Ақтамберді «Атадан тудым жалқы боп, жақыннан көрдім талқы көп... Жағама қолдың тигенін, жалғыздық сенен көремін», – деп егіледі.

Мұрат Мөңкеұлы айтатын «Итемгеннен туған бес бөрінің»

Қарасынан туған Есет бидің өзіне дейінгі, жоғарыда айтылған Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді секілді жалғыз болып жапа шеккен жері жоқ болу керек. Бірақ, өмірдің ащы-тұщысын, қуанышы мен қайғысын көріп келе жатқан терең ой иесі ретінде ол да жалғыздықтың қасіреті қандай екенін түйсіне білген. Автордың:

– Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.

Тар қолтықтан оқ тисе,
Тартып алар қарындас.

Қарындасың жоқ болса,

Жауда бір қалар жалғыз бас, – дейтін сөздері соған дәлел.

Ақын ежелгі жыраулар секілді өмірдің даму динамикасын уақыт категориясымен тығыз байланыста қарастырады. Сондай-ақ, ол болу мен толудың бәрін уақыттың арқасындағы құбылыс деп қана қоймай, көкжиектен көтерілген күннің тас төбеге жеткенше қызуы артып, сонан кейін батқанға дейінгі уақыт аралығында бірден екі қайратының бәсеңдей беретіні сияқты солу, кему, мүжілу процесінің де болмай қоймайтынын былайша ұғындырады:

– Тауға біткен қайыңның
Солқылдар басы жел өтсе.

Тоғайға біткен жоңышқа
Солғын тартар күні өтсе...

Хан бұрылып қараған,

Би бұрылып сұраған,

Назданып аяқ көсілген,

Сылдырап белін шешінген

Алма мойын арудың

Ажары кетер бетінен,

Екі он бестен жасы өтсе.

Алғаныңа жандарым,

Қадірің кетер күн болар,

Ер қартайып жас жетсе.

Халқымыз ерлер мінген атақты тұлпарларды жырға қосқан. Керек болса, оған иесімен сөйлесетін мифтік қасиеттерді беруден де тартынбаған. Бірақ, қазақ айтатын: « Қараша хан тұсында, қатын ер тұсында» дегендей, сол баға жетпес тұлпардың өзі иесі – «ер» кетсе ол да қайғы-қасірет шегеді – «қайта оңалмайды», ал дәулетті азамат малынан айырылса «еңкейіңкі тартады», жасымаса да хәлі бұрынғыдай болмайды, сондай-ақ, жаман атқа жал бітсе , қас жаманға мал бітсе бұларда мінез көрсетеді дейтін пікірді ақын:

– Ерні салпы ер аты
Оңалмас қайта, ер кетсе.
Еңкейіңкі тартады,
Ер қолынан мал кетсе.

Арбадан үрікпес жаман ат,

Ер салдырмас жал бітсе, – деп төкпектетіп айтып келіп, бәрінен де сорақысы «қайырсыз туған балаңыз, тіл қайтарар ер жетсе», – дейді. Сондықтан, «өліп-өліп – өлім сарқыты» болып қалған жалғыз болса да, осындай қасіретке ұрынбау үшін асауды жуасытқандай тәрбие керек екенін ұғындыру үшін, ел тәрбиешісі болған Есет би өзінің ғибраттылықтың інжу-маржанындай толғауларымен қоса, күнделікті өмірдегі әрекет-харакетімен де әманда үлгі көрсетіп өткен. Соның нақты мысалы, жоғарыда айтылған, 1923 жылы халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі – Халел Досмұхамедұлының Мұрат Мөңкеұлы туралы жазған еңбегінде көрініс тапқан.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Есет Қараұлы шығармаларының жиналу, зерттелу мәселелерін нақтылы деректермен сипаттаңыз.
2. Есет ақынның атақты Мұрат Мөңкеұлын тәрбиелеудегі рөліне сараптама жасаңыз.
3. Заманында Есет би атанған ақынның өмір құбылыстары, адам баласының табиғаты, жалғыздық туралы толғаныстарын осы мәселелермен өзектес Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді шығармаларымен салыстыра отырып талдаңыздар.

ТҮБЕК БАЙҚОШҚАРУҰЛЫ (1785-1860)

Қазақтың әйгілі айтыс ақыны Түбек Байқошқарұлы Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданына қарасты «1 Май» совхозының территориясында шамамен 1785 жылы дүниеге келіп, он тоғызыншы ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өмір сүрді. Оның творчествосы қақында да егжей-тегжейлі мағлұмат берер деректер сақталмаған. Бірақ, Түбек өз дәуірінің, ең бір аты шулы, бүкіл Арқа мен Жетісу өңірін ән мен жырға бөлеген, талай алқалы топтардың сөз сайысында тыңдаушысының жүрегіне нұр құя білген арқалы өнер иесінің бірі болған. Академик В.В. Радловтың «Түрік тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» еңбегінің 3-томында оның Жанақ пен айтысына тоқталуы тегіннен тегін емес¹. Реті, 1859-1871 жылдары В.В. Радлов бүкіл Сібір, Қазақстан, Алтай аймағын мекендеуші түркі халықтарының тілі мен әдебиетіне, тарихы мен этнографиясына қатысты материалдарды жинап, сұрыптай отырып баспаға ұсынған тұстарда ақынның есімі өзінің қарсыласы Жанақ секілді қазақ даласына кеңінен танымал болғандығында дау жоқ.

Ақынның артында қалған негізгі әдеби көркем мұрасының дені – оның айтыстары. Әрине, Түбек өз қоғамының қыры мен сырын тек айтыстарында ғана емес, басқа үлгідегі поэзиялық туындыларында да сөз еткендігі кәміл. Автордың, бұл ыңғайдағы бірсыпыра шығармасы Қазақстан Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 336-қолжазбадан алынып, «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» мен «Бес ғасыр жырлайды» кітаптарында жарық көрген. Бірақ ол қалай болғанда да ең алдымен айтыс өнерінің майталманы ретінде елінің есінде қалды. Сондықтан оның әдеби мұрасы да көбіне осы тұрғыдан бағаланып келді². Және ол дұрыс та болатын.

Түбектің даңқын шығарған өнер сайысының бірі оның Жанақпен айтысы екені баршаға мәлім.

Әрине, қарсыласын тізе түктіру үшін қай ақын да өзінің

¹ Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. Ч. III. Киргизское наречие. – СПб., 1870. – С. 29-32.

² Әуезов М. Айтыс өлеңдері. 2-т. // Айтыс. – Алматы, 1965. – 13, 37-38-б.; Мұқанов С. Айтыстар туралы. 1-т. // Айтыс. – Алматы, 1965; Дербісәлин Ә. Өмір және поэзия // XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 5-8-б.; Жармұхамедов М. Айтыс өнері. – Алматы, 1979. – 4, 29, 32-б.

елінің «сорпаға шығарларын» мадақтап, екінші жақтың мінін дабырайтыңқырап көрсетуге тырысатыны белгілі. Түбектің көбіне көп тілге тиек етері – Жанақтың жарлылығы. Ол қарсыласына «Дегенсің сенің атың – ақын Жанақ, қойыпты қылғындырып құлқын тамақ... Үйіңнің тесігі бар сексен мыңдай», – деп оның ас пен үйге жарымағанын бетіне шіркеу етіп, қанша дүл-дүл ақын болғанмен, оның қоғамдық жағдайы, күнелтісі оңғарылмай жүрген жан екендігін жария қылады. Бұл ретте Түбек сөзінде біраз ақиқаттың жатқаны анық. Шынында 1846 жылы Жанақ пен Түбек, Орынбай, т.б. арқалы ақындардың елінде болған А. Янушкевич Жанақ туралы былай деп жазады: «Тілмаштар маған жол бойы Жанақ туралы әңгіме айтып келді. Ол бұл өңірге аты жайылған жыршы-әнші екен, жуырда қайтыс болыпты. Өлең-жырлары үшін ол жамбы, кейде бірнеше түйе алыпты. Бірақ алдына мал, басына дәулет бітпепті. Түскенін түскенінше жаратып, ақынша өмір сүріпті»³.

Демек, Жанақтың жарлылығы ақиқат. Бірақ бұл жерде соған бола оның иығына шығып кеткісі келіп отырған Түбекті көрмейсіз, жарлылығын айтқанға шамданып жатқан Жанақ та жоқ. Қайта ол: «Кедей Жанақ десең де ар қылмаймын», – деп айылын жимайды. Қарсыласына қарағанда Түбектің күнелтісі сәл ілгері болғанға ұқсайды. Бірақ ол да пәлендей шекесі қызып, дәулетгілер қатарына қосылмаған кісі. Ол жайлы А. Янушкевич: «Кешкісін бізге Түбек ақын келіп кетті. Бұдан жеті жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып, өлең-жырмен өзінің күй-жағдайын едәуір жақсартқан еді. Бертін келе ауру ырысынан айырып, қайыршыға айналдырған. Ағайын-тумаларының ешқайсысы оны естеріне де алмайды. Барақ қана оған бір түйе береді. Оның бар байлығы осы. Көші-қон кезінде оған сиқы қашқан киіз үйін артады... Жалғыз түйесін «көлікке» әкетіп бара жатқанын айтып, ол бізге шағынды. Мейірімі түсіп Пиндардың үйін аман алып қалуға бұйрық берген Александр Македонскийге ұқсап, біз де оның өнерін қастерлеп, түйесін өзіне қайтаруға көмектесетінімізді айттық. Бұған ол қатты қуанды. Шығып бара жатып, бір шақпақ қант сұрады. Байғұс басын орамалмен таңып алыпты. Орамалдың астынан жараның ізін көзім шалды. Бәлкім, ол барымта тұсында жараланған болар»⁴.

Бұл деректер арқылы Түбек өміріндегі екі кезеңге болжам жасауға

³ Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар, немесе қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар (орыс тілінен аударған Мұқаш Сәрсекеев). – Алматы, 1979. – 203-б.

⁴ Сонда. 155; 156-б.

болады. Бірі – ақынның өткен ғасырдың отызыншы жылдарында атақ-даңқының шарықтап шыққандығы, екіншісі – оның қырқыншы жылдар басында айта қаларлықтай үлкен ауруды басынан кешкендігі. Міне, осы факт негізінде оның шығармашылығы мен өмірбаянына қатынасты кейбір жайды анықтай түсуге мүмкіндік туады. Өйткені, XIX ғасыр поэзиясында Шөже ақынға соқырлығы, Жанаққа жарлылығы бетіне мін етіп басылғаны сияқты Түбекке аурушандығы, әсіресе оның сол кездегі діни ұғымдағы жұрттың тілінде «жады» дертімен кеселді болғандығы көбіне-ақ алдынан кесе көл-денең тартылып отырған. Мәселен, Құлмамбет пен Түбек айтысы кезінде Тезек төре алдыңғы ақынды осы жайдан хабардар етіп: «Біреуі қатынының жады қылып, жеті жыл болып жатқан шемен деймін», – дейді. Сондықтан мұны естіген соң Құлмамбет айтыс үстінде оған «Найманның қаңғып жүрген шемен шалы» деп тиіседі.

Түбек ақын Тезек айтқандай, әйелінен жады ауруына ұшыраған ба, әлде басқаша ауру тапқан ба, ол белгісіз. Не болғанда да оның өле жаздап қатты және ұзақ ауырғаны ақиқат. Сонымен А. Янушкевичтің Түбектің аурулығы туралы айтқанының маңызы бар ғой деп ойлаймыз. Егер бұлай деп қарасақ ақынның Құлмамбетпен айтысуы да, Тезекпен айқасуы да сөз жоқ, 1846 жылдан көп кейін. Себебі поляк саяхатшысы көрген кездегі Түбек біреумен айтыса қоярлықтай халде емес, қайраттан мақұрым, аурудан шаршаған кісі.

Ал, ақын сол аурудан қалай жазылған, жазылмаған болса, Құлмамбет, Тезек сияқтылардың өрекіпген көңілдерін су сепкендей басар сөзді қалай тауып айтқан деген мәселенің төңірегінде ойлансақ, оған жауапты осы кісілермен айтыстарынан және Қарқабат ақынмен арадағы қатынасы жайлы поэзиялық мұрадан табамыз. Түбекпен айтысатын Құлмамбет 1826 жылы Алматы облысындағы Кеген ауданының Күрметі қыстағында дүниеге келіп, 1903 жылы Еңбекшіқазақ ауданының Түрген селосында қайтыс болған. Құланиян Құлмамбет атанған ол кейін кемеліне келген кезінде Түбек, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл сияқты айтулы өнер иелерімен сайысқа түскен айтыстың аты шулы майталманы болған адам. Оның байшылдығы мен ескішілдігін сынай отырып, ақындығын Жамбылдың өзі де жоғары бағалаған⁵.

Демек, Түбектің ауырғанға дейінгі даңқы шарықтап тұрған кезінде отызыншы жылдардың аяғында Құлмамбеттің онымен айтысуы мүмкін емес екен. Өйткені, ол бұл жылдары әлі бала болатын. Оны

⁵ ҚСЭ. – Алматы, 1975. – 7-т. 29-б.

тәрбиелеп, өнеге көрсетіп, баулып жүрген Тезек Нұралыұлының өзі де ол уақыттарда бозбаланың жасындағы адам еді. Әрі Түбек оны «Заманында чиновник жандаралым» деп отыр. Ал, Тезектің орыс армиясының әскери атақтарын алуы 1858 жылдан басталады. Дәлірек айтқанда 1858 жылы дербес Сібір корпусының командирі генерал Гасфорд оған поручик чинін бергізсе, келесі жылы ол капитан атағын алып, 1861 жылы подполковник, 1863 жылы полковник дәрежесіне жетеді. 1821 жылы туған ол 1847 жылдан 1868 жылға дейін Ұлы жүздің Албан әулетінің аға сұлтаны болады⁶.

Олай болса Түбектің Тезек пен Құлмамбетті айтыс үстінде жерге қаратуы 1858 жылдан кейінгі мезгілде өткендігі дау туғызбайды. Ал, оның жады болып, одан жазылғандығы жайлы ел арасында сақталған төмендегідей әңгіме бар. Жетісулық Қарқабат ақын серілік құрып жүріп Арқадағы, Ақылбектің қарындасы Сұлушашқа үйленіп, Түбек ақынмен достасып, біраз уақыт бірге жүріп, кейін ағайындарының арасына оралады. Арада бірнеше жыл уақыт өтеді. Қарқабат жастық шағы өткен Сарыарқаны аралап, ондағы досы Түбекпен жүздесіп, мауқын басқысы келіп жолға шығады. Елге таяу келгенде Түбекті ауру екен деп естиді де, өздерінің бұрынғы өмірлерін, бір-біріне деген ілтипатты достық көңілдерін баян етіп төмендегіше жыр толғайды:

– Сағындым достым Түбек ұстазымыз,
Бір көріп қолыңды алмақ мұқтажымыз.
Мұхиттың дариясындай сөзің терең,
Өлеңге болмаушы еді коспағыңыз.
Тіліңнен бал тамызған қайран Түбек,
Айқасқан достым едің күнде білек.
Жатыр деп төсек тартып іздеп келем,
Шырғалап қауіпті ауру, қатты жүдеп⁷.

Келсе, шындығында да Түбектің халы нашар екен. Сонда Қарқабат бұл жайды көріп тұрып бұрынғыдан әрмен еміреніп:

– ...Қалайша жүдеп қалдың, жаным Түбек,
Бұл жерге он жыл болды келгенім жоқ,
Бас қосып сізге сәлем бергенім жоқ.

⁶ ЦГИА, ф. 44. оп. 1. д. 32741. – С. 85; 87; Үмбетаев М. С. Аронұлының поэзиялық мұрасы және оның тарихи негіздері: канд. дисс. – Алматы, 1981. – 81-б.

⁷ Айтыс. 1-т. – Алматы, 1965. – 135-б.

Шошыдым, қаның қашып, жүдеп қапсың,
Өмірімде мұндай ауру көргенім жоқ.
...Халыққа алтын нұрлы қайран Түбек,
Қағынан қара қылды жарған Түбек,
Сыншы едің көпті көрген алғыр сұңқар,

Бәлеге қалай ғана болдың душар?, – дей келіп, егер осы аурудың себепкері шынында да әйелің екені рас болса, «А, Түбек, осы аурудан жаның қалса, шіркінді сатып жібер бір тоқтыға» деп феодалдық заманның әйел мен ер арасындағы теңсіздігін аңғарта отырып, досына жанашырлық кеңес береді. Оған Түбек:

– Ақ қошқар ай мүйізді қойым да бар,
Жазылсам осы аурудан тойым да бар.
Жаныма бір шыбындай себеп болса,

Шіркінді сөйтсем деген ойымда бар, – деп, ақын досы айтқан сөздің түп төркінін қолдайды. Кетерінде жүруге рұқсат сұраған Қарқабат:

– Жасыңнан үлгі болдың бозбалаға,
Шын жүйрік оза шаппай олжа ала ма?

Түбегім аман-есен жазыларсың,
Ауырған өле берсе, жан қала ма? – деп, оның көңілін өлеңмен жұбатады. Түбек те бұған:

– Қарқажан, оңалады сенің досың,
Шын достым дәл өзіндей қайдан болсын?
Мың рахмет басып келген қадамыңыз,
Ұлықсат, қайда барсаң жолың болсын.
Бір ойдан шерім де жоқ, шемен де жоқ,

Барады өлең жарып қу ішімді, – деп жазылатындығын, өзінің шын риза болып отырғандығын аңғарта өлең-жауабын айтып, қоштасады. Сонан кейін-ақ Түбектің беті бері қарап, көп ұзамай жазылады. Қарқабат ақын Түбекті мұнан кейін де іздеп келіп, оның жеке басының тіршілігіне көптеген көмектер жасайды⁸.

Қысқасы Қарқабат пен Түбектің достығын баян ететін осынау поэзиялық мұраның маңызы да зор, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ең алдымен ол екі ақынның айтысы емес, бір-біріне қимас көңілін білдіретін, ең негізгі тақырыбы етіп достықты ту еткен туынды болуымен өзгешеленеді, сонысымен құнды. Екіншіден, мұнда да екі ақын өмір сүрген тұстың біраз ескі сенім-нанымы, ақын – қаһармандардың қоғамдық санасының табы (Түбектің аурулығын әйелінің кесірінен көріп, оны бір тоқтыға сатып жібер деп бірінің кеңес беріп, екіншісінің оны хош көруі, т.б.) аңғарылады.

⁸ Сонда. – 135; 146-б.

Сондай-ақ, бұл туынды көркемдік жағынан да назарға ілінеді. Өлең жолдарының сырты жұмыр, поэтикалық нұры басым. Сонымен бірге осы шығармадан Түбектің өміріне қатынасты қосымша мәліметтер табамыз. Біріншіден, ақын туралы Тезек айтатын «Біреуі қатынының жады қылып, жеті жыл болып жатқан шемен деймін» дейтін сөздің төркіні мен одан жазылу жайы осында анық ашылады. Екіншіден, онда ақынның осы ауруға қашан тап болғаны ежіктелмегенмен, Қарқабат екеуінің соңғы он жыл ішінде кездеспегені жайлы, ал Түбектің соған дейін-ақ «халыққа алтын нұрлы... қара қылды қак жарған...сыншы», «ұстаз» болғандығы айтылады. Бұған қарағанда ақынның дертінен айығуы да қырқыншы жылдардың аяғына таман болған деп жорамалдауға негіз бар. Өйткені, жоғарыда келтірілген А. Янушкевич жазбасы мен Қарқабат жырының мазмұндарын өзара салыстырғанда, сондай-ақ, Тезек аузымен айтылатын «Жеті жыл» дейтін сөздердің түп төркіні, мінеки, осындай қорытындыға келуге мәжбүр етеді.

Жалпы Түбек ақын достарына да, халқына да сыйлы болған адам. Мұның түп төркіні шындап келгенде оның ел намысын жыртып, арын арлап, мұңын жоқтаған, сол жолда ол өз мүддесін ұмытып, әділдік үшін күресе білген жау жүректілігінен өрбиді. Осы қасиеті Түбектің өзі үшін үнемі пайдалы бола бермеген шығар, бірақ, халық оны сонысы үшін де сыйлай білген. Оның сөзінен небір ақсүйек, шонжар тұқымдары айбынып қана қоймаған, қорыққан да. Ақынның осындай ерекшелігін айқын көрсетер қасиеті Тезек төреге қатынасты туындыларынан көрінеді. Тезек төре Түбекті келген бетінде біраз сынға алып, қорқытпақ, сүріндірмек болғанда ақындық тапқырлығы мен батырлығы бір-біріне сай өнер иесі одан қаймықпайды, қайта өзіне тап береді. «Өзімді жаманда» деген сөзін ести сала тіпті қатты сілтейді. Ол:

– Ассалаумағалайкум, Тезек төре,
Тұқымыңа келер-ау кезек төре.
Алым ап жер бетінде түк қоймаған,
Ынсабын сайтан алған кезеп төре.
Хан Тезек, жегеніңмен өтпес деймін,
Теңдік сөз құлағыңа жетпес деймін.
Дауысы хан Тезектің тай тепкендей,

Өтірігің тіпті көп іш кепкендей...⁹, – дей отырып, төңірегіндегінің көбін иментіп келген Тезектің өзінің белін сындырып, беделін түсіруге тәуекел етеді. Ақынның Тезекке дегендегі айбат шегуі тек осы жолы ғана емес. Ол онымен басқа бір кезде де жолығысқан. Онда төренің қасында қошаметшілері молырақ болған, сөзін сөйлер ақыны Құлмамбет те жанынан табылған-ды. Ақын ол жолы Тезекті жанашыры, намыс жыртары Құлмамбетке ақыл-кеңес беріп жатқан жерінен ұстаған-ды. Түбектің, сондағы сөзі:

– Ақ дидарың түсіп тұр мұсылманға,
Бас кеседі қылышың ұсынғанда.
Шыр айналған төресің түлкі мінез,
Ақыл тауып бересің қысылғанда.
Оза шауып олжа алған кер маралым...
Жер жүзінің бәрін де өрт алғанда,
Бір бұтада қорғалап жан қалғаным.
...Аман-есен жүрсің бе, Тезек төре,
Елден жылқы қоймаған кезеп төре?
Төре тоба қылмай ма бір құдайға,
Төре ұрлық қылмаса тұра алмай ма?
Зар жылатып кедейдің малын жейсің,

Құдай сұрақ төреден сұрамай ма?¹⁰, – деп келетін кекесінді де, мысқылды болатын. Мұнда М.О. Әуезов айтқандай, Түбек Тезектің сырттан келген жауға тұрар не күш, не батырлығы жоқ, түлкіше бұлаңдап айламен күнелтуге түскендігінің тек бетін ашып қана қоймайды, «бір бұтада қорғалап жан қалғаным» деп мысқылмен есіркейді¹¹. Андап қараған адамға Тезектің бүкіл болмысы, өткен жолы, өмірбаяны сайрап жатыр.

Түбек осы жолғы айтысында тек төреге ғана қаһар тігіп қоймайды, оның сарай ақыны саналатын Құлмамбетке де жай оғындай атылып, оның да абыройын айрандай төгеді. Ақын: «Сарыарқаны күңіреткен Түбек келді... Қартайғанмен Түбегің темір сауыт» дей келіп, өзін «тұйғынға» теңеп, қарсыласын «ала қарғаға», көл қорыған «құйрығы жоқ қаражағал қызғышқа» балап, әжуа етіп, діңкесін құртады. Сондай-ақ, ол небір тығырыққа тірелер жерлерден жол та-

⁹ Айтыс. 1-т. – Алматы, 1965. – 131-б.

¹⁰ Сонда. 148; 149-б.

¹¹ Әуезов М. Айтыс өлеңдер. 2-т. // Айтыс. – Алматы, 1965. – 37-б.

уып кететін тапқырлығымен де тәнті етеді. Мәселен, осы айтыстың бір жерінде «Тезек төрең хан болды қызымды алып» деген мұның сөзіне Құлмамбет:

– Салғаным садағыма ақ қайың оқ,
Етім қызып келгенде тоқтауым жоқ.
Үйірге бір байталды қостым дейсің,
Алып кет байталыңның керегі жоқ, – деп шапшыса, Түбек:

– ...Ашулансам кетемін қызымды алып,
Тезегінді байлап қой арқан тағып.
Үйірінен айрылған айғыр оңбас,
...Еркегіңді бас салар оқыранып, – деп оның жалынын тез-ақ басады.

Түбек айтыстарында көптеген тарихи кісілердің есімдері ұшырасады. Мәселен, оның Жанақпен сөз сайысында аты аталатын Жамантай¹², Бексұлтан¹³, Тезекпен бетпе-бет келуінде ұшырасатын Саурық батырдың¹⁴ қайсысы да сол кездегі ең бір белгілі кісілер болатын. Сондай-ақ ол өлең арнаған Маман бай мен Толғанбай¹⁵ ақын да оған замандас адамдардың санатына жатады. Түбек бұларға бірер шумақ өлең бағыштағаны немесе есімдерін жол-жөнекей ауызға алғаны болмаса, олардың арғы-бергі тарихын қазбалап, мақтау жырлар арнамаған. Сондықтан ол адамдардың тарихтағы ақиқат кейпі мен шығарма кейіпкері ретіндегі бейнелену ерекшеліктеріне айрықша тоқталып жатуды артық деп санаймыз. Сол сияқты ақынның шығармасында аталатын Беркіағаш және тағы басқа жер аттары да оның жүрген-тұрған мекендерінің куәсіндей болып оқушы назарын аударары хақ. Бұл оның тек Арқа ғана емес, Жетісудағы көп елдің сүйікті ақыны, асыға күткен қонағы болғанынан хабар береді.

Айтыстың белгілі дүлдүлінің атақ-даңқы өзі бауыр басқан туған жерін ғана емес, талай аймақты аралап кеткендігін оған қарсы адамдардың сөздерінен-ақ анық байқауға болады. Мәселен, Тезек төре оны Құлмамбетке «Үш жүзден асқан Түбек көлдей дейді» деп таныстырады. Бұл бүкіл ниет-пейілі қарсы кісінің аузынан

¹² Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы. 1979. – 163; 166-б.

¹³ Сонда. 104; 112-б.

¹⁴ ҚСЭ. 10-т. – Алматы, 1977. – 61-б.

¹⁵ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 52-б.

шығып отырған сөз. Бірақ Тезек оны мақтайын дегеннен емес, көп көңілінде ұялаған шындықты жасыра алмағандықтан айтқан еді. Ақынның үлкен творчестволық өнер иесі екендігіне А. Янушкевич те жоғарыдағы жазбасында нақты мысал келтіреді: «Біз одан өзін Орынбаймен салыстырғанда қалай бағалайтынын сұрадық. Жоғары тап өкілдері де, халық та Орынбайдан артық бағалайтынын ол тайсалмай айтты. Орынбай қасиетті тарих пен өткен-кеткен істерді ғана жырлап үйренген, ал Түбек болса қазақтардың іс-әрекетін, қазіргі жай-жапсарын қаз қалпында суреттейді»¹⁶.

Поляк революционерінің Түбекке берген осынау бағасы тегінде көп жайды аңғартса керек. Өзі өмір сүрген орта мен дәуірдің шындығын айтуға тырысқаны, сол үдеден шығып жүргені – әр уақытта да оны еліне сыйлы еткен деп білеміз. Сондықтан оның әдеби мұрасына баға бергенде де осы еңбегі мен ерекшелігі әманда есте тұтылуы, ақын шығармашылығы сол тұрғыда бағалануы ләзім деп ойлаймыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. В.В. Радловтың 1870 жылғы 3-томына шығармасы енген Түбек Байқошқарұлының айтыскерлік өнеріне сипаттама беріңіз.
2. Түбек ақынның Құлмамбет ақынмен айтысқан уақытын шамамен мөлшерлеуге қызмет ететін А. Янушкевич күнделігіндегі деректер мен Қарқабат ақынның ақынды іздеп келгендегі сөздерінің мәні мен мағынасына сараптама жасаңыздар.
3. Түбек ақынның Арқа мен Жетісуға жастайынан даңқы шыққан, өзінен кейінгі ақындарға ағалық қамқорлығы болған сөз дүлділі екеніне өз тарапыңыздан бағаңызды беріңіз.
4. Табан асты суырып салып айтылатын айтыс кезіндегі Түбек ақынның Тезек төреге айтқан өткір сөздерін қалай бағалайсыз? Тезекке қарсы айтылған Түбектен өзге тағы бір екінші ақынның жырын есіңізге оралтпай ма? Ол кім еді?

¹⁶ Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы, 1979. – 155; 156-б.

ӨСКЕ ТОРҚАҰЛЫ (1788-1857)

Өске (Смайыл) Торқаұлы да – XIX ғасырдағы көрнекті ақындардың бірі. Оның өмірі жайлы соңғы жылдардың межесіндегі пайымдауларға сүйенсек, 1788-1857 жылдары¹ қазіргі Қостанай облысының Комсомол ауданында ғұмыр кешкенін білеміз. С. Мұқанов 1942 жылы шыққан еңбегінде Өскенің өз басы жарлы болып, біраз уақыт інісінің жылқысын баққанын айтады.

Ақынның шыққан тегі жайлы мағлұмат тек С. Мұқанов дерегімен шектелмейді. Халық аузынан оның шығармаларын жинап, әр кезде М.О. Әуезов атындары Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына табыс етіп келген Мәриям Хакімжановадан бастап, Ғ. Мұқатов, С. Бірмағамбетов, Ғ. Себеповтардың қайсысы да Өске туралы мағлұматтарды хатқа түсіріп отырған². Оларда ақын бірде Қыпшақ Өске, бірде Танабұға Өске деп көрсетіледі, бірақ соған қарап осы аймақта Өске есімді екі ақын өмір сүрген шығар деп ойлауға болмайды. Өйткені, Танабұға Қыпшақ тайпасының белгілі аталарының бірі боп саналады³.

Өске шығармаларының баспа бетінде жарық көруі 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналындағы жалғыз өлеңінен басталады⁴. Содан кейінгі туындысы жоғарыда айтқан С. Мұқановтың еңбегінде жарияланып, тұңғыш рет Өскенің туған, өскен ата-мекені мен таптық тегіне, ақындық өнеріне қысқа болса да анықтама беріледі. Одан бергі жерде «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында автордың жалпы мөлшері он шығармасы жарық көрді. Алдыңғы кітапқа берілген алғы сөзде оның өмірі мен творчествосындағы кейбір еленуге тұрарлық жайлар өзге ақындар туындыларымен салыстырыла қарастырылады⁵.

Өске жайында мәлімет берушілердің сөзіне қарағанда ол он жасында әке-шешесінен жетім қалып, Қазы деген (бір мәліметтерде Қазыбай, Қазыбек деп аталынады) белгілі бір адамға бала болып жүреді. Кейін

¹ XIX ғасыр поэзиясы. – Алматы, 1985. – 52-б.

² Қазақ ССР ҒА ОҒК қолжазба қоры. 478-папка. 1; 2-дәптер.

³ ҚСЭ. 7-т. – Алматы, 1975. – 102-б.

⁴ Жаңа әдебиет. 1929, №5.

⁵ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 9-б.

одан біреудің тілі тиіп, ол еліне оралады⁶. Бірақ өз ағайындарының ішінде де ақынның шаруасы өрге баспайды. Жамағайын інісі Тоқбайдың жылқысын бағып жүретін Өске бір жолы ертеңгілік мезгілде оның үйіне келіп (бір деректе ол Тоқбайдың жолдасы екеуі бірге келеді)⁷, сабадан қымыз құйып алып ішіп жатқанда оны көріп қалған Тоқбайдың әйелі «мешкейі ашылып бара ма екен» деген сөзді айтып қалады. Бұған Өске қатты қорланып, үйіне келіп әйеліне:

– Кел, қатын, үйіңді жық, біз көшейік,
Көкшеге екеуара мінгесейік.
Бауырына Қызылжардың қонып алып,
Бір жаздай қымыз ішпей күн кешейік.
Қайныңның пейілі жаман бай да болса,
Мертіккен көрер бізден тай да болса...
Атандым қырыққа жетпей құл-қу мешкей...
Қарғысы келінімнің жанға батты,
Есітіп мешкей деген жаман атты...
Келіннің құл-қу мешкей ырысын жер,
Тарылтып күннен-күнге тынысын жер.
Бір күні ашуменен келін пақыр,

Аузына... жаман шал құрысын дер⁸..., – дейтін ұзақ өлеңін айтады. Содан олар Тоқбай байдың қасынан көшіп кетеді. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда жылқышы қайнағасының басқа жаққа кетіп бара жатқанына ыңғайсызданған келіні бағанағы айтқан сөзін жуып-шаймақ ниетте Өскенің алдынан шығып кешірім сұраған болады. Бірақ онысы шынымен қиналып, бар пейілімен кешірім өтіну емес, әйтеуір бір жамағайынның ренжуі, мал бағатын бір кісі болса да жұмыс күші кемиді-ау деген алаңдаушылық сияқты сезіледі. Басы сыйлы болмайтын жерде одан әрі өзінің қадірін кетіре алмайтындығын кесіп сөйлеп, ол оған мынандай жауап қайтарады:

– Көргенше хош болып тұр келін балам,
Келуі қайнағаңның болар күмән.
Келінім оның несін ажарлайсың,

⁶ Қазақ ССР Ғылым академиясының ОҒК қолжазба қоры. 478-папка. 1-дәптер, 1-б.; 2-дәптер, 10-б.

⁷ Сонда. 478-папка. 24; 25-б.

⁸ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 52; 53-б.

Бағана айтып сөзді еттің тамам.
Дегенді құл-қу мешкей өзіме айттың...
Келінім оның несін ажарлайсың.
Білмеген білімсіздің сөзін айттың⁹.

Ақынның қырық жастың, шамасында басынан кешкен (олай дейтініміз, Өске «атандым қырыққа жетпей құл-қу мешкей»,— дейді) бұл оқиғасы оның өмірі мен творчествосын тани түсуімізге көмектеседі. Біріншіден, бұл өлеңдерден оның жасы қырыққа таянғанша біреудің жылқысын баққанын, жалғыз аттан өзге көлігі мен малы жоқ сіңірі шыққан кедей екендігін аңғарамыз. Екіншіден, мұнда оның ақын ретінде өзі өз боп алғаш рет жеке басының намысын жыртып тіл қатқандығына айқын анықтама берілген. Шындығында, Өскенің тырнақ алды туындылары осы өлеңдері болуы әбден мүмкін. Оның қолда бар шығармаларына тереңірек зер салып қарағанда сондай пайымдауға келесіз.

Ақын жамағайын Тоқбай байдан іргесін аулақ салғаннан кейін Қызылжарға келеді. Бірақ, соңынан ілесіп қалмайтын сол бір жұтаң тірлігі оған қай кезде де қол байлау болады. Ол қиындықтардың барлығын көре, біле отырып, оны бетіне шіркеу еткісі келгендермен күресіп бағады. Бұл төңіректегі ойлары Жарасбай, Жантақай, Қылышбай, Асаубай, Байшүлен сияқты байлар мен Наурызбай би, Сүлеймен төре секілділерге айтқан өлеңдерінен аңғарылады.

Әрине, Өскенің осы шығармаларының барлығы бірдей мінсіз деп айтуға болмайды. Мәселе оның теңдік тимеген өз басын өлеңмен шебер қорғай білгендігінде деп ойлаймыз. Айталық автордың бір кездегі өзі тәрбиесін көрген Қазының бел баласы Наурызбай биге айтқан сөзін алайық. Ақын қартайыңқырап қалған шағында Қазының орнына келеді. Келсе Наурызбай болыс үйде жоқ екен, әйелі (бір мәліметте Наурызбайдың келіні делініп жүр) оны көзге ілңкіремей, мәзірі жоқ шай береді. Бір кезде үй иесінің өзі келеді. Алғашқыда Наурызбай Өскені танымай қалып, «қонақ кәде айт» деп әжуа етеді. Сонда ақын:

– Ассалаумағалайкум, би Наурызбай,
Жігітке дәулет бітсе көңілі жай.
Кетпейді жүрегімнен өлгенімше,

⁹ Сонда. 53-б. (Бұл өлең көптеген өзгерістермен басқа нұсқада да кездеседі. 478-папка. 1-дәптер. 24; 25-б.).

Шекерсіз бесінде ішкен үш кесе шай.
Дегенің қонақ кәде қайдан шықты,
Шекерсіз бесінде ішкен шайдан шықты.
Сабада күмпілдеген қымыз тұрып,

Күбіден быршып кеткен айран шықты¹⁰, – деп, күпсініп отырған болыстың үйінің қонақ күту «шеберліктерін» айтып, Наурызбайдың кеудесінің желін тез-ақ басады. Онымен қоймай, өзін бұл үйге Қазы кезінен бері бауыр басқан адам деп есептейтінін аңғартып былай дейді:

– Орынын Қазекемнің көрейін деп,
Сабалап ит көкшемен келдім кешке.
Жолымда тоқтамадым ешбір елге,
Бір қанып, жүзейін деп шалқар көлге.
...Көл түгіл шұқанақ та жоқ енді бізге,
Суалып қалған екен ұксап шөлге.
...Көзімнен бір-бір ұшты-ау аға-жеңге¹¹.

Сонан кейін Наурызбай әйелінің «көргенсіз жерден екендігін тәптіштеп, маңдайында көзі жоқ «соқыр», «арсыз келін» болып отырғандығын айта келіп, «сөкпеймін, өз ағаңмын су берсең де, шет жерден дұшпан келсе сынар сағың», – дейді. Мұның Кеңкіл деген әкесі «өз тамағын өзі ұрлап... түндігін жауып қойып етін жеген» пейілсіз бәле еді деп бітіреді. Автор мұнда дәулеті мен мансабы бар бидің пейілі зораймағанын, керісінше құрып бара жатқанын біршама ежіктейді. Сырт қарағанда ол қонақ күте алмаған бидің әйеліне қатты шүйілетіні болмаса, «ел ағасына» арнаған жолдары уытты емес, өзі тұстас Түбек, Сүйінбай және тағы басқа ақындардай орып түсерлік сөз айта алмаған. Бірақ, ол сөздің ар жағында автордың осы шаңырақ иесіне, олардың кісіні тонына, шашпау көтерушілеріне қарап сыйлайтындықтарына риза еместігі жатыр.

Ақын шығармаларындағы байлар мен мансап иелері әр қилы, әр қырлы. Мәселен, оның суреттеуіндегі Жарасбай бай дәулеті жөнінен талайды шеніне келтірмес «мықтының» өзі. Осалдығы сол – төңірегіне қайырымы жоқ, сараң. Ақын мұны оның әкесі Темірбектің өзіне қараспайтын «қайсарлығынан» тауып, сол арқылы бейне кейпін

¹⁰ Сонда. 54-б.

¹¹ Қазақ ССР ҒА ОҒК қолжазба қоры. 478-папка. 1-дәптер. 21-26-б.

кескіндейді. Болмаса Жантақай байды алайық. Ол да дәулетті кісі. Бірақ бұл «күштілерім сөз айтса бас изеймін шыбындап» дейтіннің нағыз өзі, «әркімге қосарланып жалпақтайтын» салмағы жоқ, қанбақ сияқты бірдеме. Автор оның мінезін аумалы-төкпелі етіп көрсетеді, «күлегеш күшігеннің артындайсың» деп масқаралайды.

Әрине, ақынның кемшіліктерді тап басып айта білер өткір мінезі мен мір оғындай сөздері өзіне үстемдердің тарапынан дұшпан таппай қоймаған. Мұның өзі оның Асаубай мен Байшүлен дегендерге арнаған өлеңінен көрінеді. Әңгіме оқиғасы мынандай: бір жолы Тобыл өзені бойындағы елдерді аралап келе жатқан Өскені сол тұста болыстыққа таласып, өте алмай қалған Байшүлен, Асаубай дегендер пар ат жеккен шаналарымен қағып өтіп, қарға аунатып кетеді. Сонда ақын орнынан тұра сап:

– Апырмай, мынау Асаубай мен Байшүлен бе,

Сөз айтып болмайды екен ақылы кемге,

Кететін жол үстінде қақтықтырып,

Орыс шенін бермеген саған мен бе?

Шанадан аунап қалдым қарға түсіп,

Құлады көкшолақ та мұрттай ұшып.

Жегенге кісі малын мәз болмандар,

Тастарсың уақытында қайта құсып...¹², – деп өлеңдетіп қоя береді.

Сөйтіп, болыстыққа таласып «шенге» қолы жетпегеніне ызаланып жүрген ел пысықтарының кескінін айнытпай береді.

Өскенің Қылышбай биге, Сүлеймен төреге айтқандары да оның қолында билігі барлардың бетіне қарап мәймөңкелемейтіндігін байқатады. Мәселен:

– Қылышбай би болыпсың алпыс бесте,

Құданың құдіреті күшті емес пе?!

Төренді түзу бермей қисық берсең,

Мақшарда тартыларсың темір іске¹³ – деген жолдарда қаншама астар жатыр? Алпыс беске келгенде билікке қолы жеткен қатардағы көп «жүйріктің» бірі Қылышбайға сөз арнаған ақын «сені осындайға жеткізіп отырған құдайға не дерсің, пәрмені күшті ғой», – деп ызалы түрде таң қалады. Сондай-ақ, ол ел басқарушыға халық үлкен

¹² Сонда. 478-папка. 1-дәптер. 16-17-б.

¹³ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 54-б.

талаптар қойып, үміт артып отыратынын жадына салады. Әрине, онымен Қылышбай сияқтылардың әділ билік етпейтіні хақ. Бірақ, ақынның сөзі – елдің пікірі, бұл жерде ол соны жеткізуші. Сондай-ақ ол Сүлеймен төреге арнап шығарған бір шумақ өлеңінде пейілі тар, ел дәстүрін бұзушы, үйіне түскен «құдайы қонағын» жікке бөліп, текке қарап бағалайтын парықсыз адамның «кісілік» кейпін ашады. Бұл турасындағы ел есіндегі әңгіме төмендегіше айтылады: үй толы қонақтың үстіне келген ақын Мерген Төке бидің қасына келіп отырғанда, Сүлейменнің қолға су құйып жүрген жігіті оған: «Сіз ана жаққа барыңыз», – дейді. Сонда Өске Төкеге қарап:

– Төке, сәлем дегейсің Сүлейменге,
Әкім болып тұр еді тайпы елге.

Үйге келген мейманға кет дейтұғын,

Адырайтып бұл сартты қойған неге?¹⁴, – дейді. Сөйтіп, төре тұқымын әрі сарт деп сөгеді, әрі оның қонақ сыйлай білмес көргенсіздігін бетіне басады. Ал, мұның барлығы түптеп келгенде азаматтықты, кісілік нормаларды жырлау деген сөз.

Өске үнемі байлар мен би, болыстардың бойындағы міндерін қазбалап, халыққа жариялаушының (әрине, ондай шығармалары автордың әдеби мұрасының денін құрайтыны хақ. Мысалы, жоғарыда аталған өлеңдері, Балқожа биді сынап айтқан сөздері, т.б.) рөлін ғана атқармаған. Тегінде, әрбір шығармашылық тұлғаның ыңғайда бір тақырып, бір мәселенің ауқымында қалмайтыны белгілі. Сондай өзгешелік Өскеге де жат емес. Бұл ретте оның қыз, келіншектерге әзіл-оспақ, кейде тіпті оспадарсыздау өлеңдер арнаған сайқымазақ, қалжыңбас ақынның бейнесінде де көрінетін тұстары бар¹⁵. Бірақ, автордың осындай өлеңдерінің ішінде де оның төтеннен қисынын келтіріп, сөз тауып кетер тапқырлығын паш ететін шығармалары жоқ емес (мысалы Тәтіқызбен сөз қағысуы)¹⁶. Ал, мұның барлығы оның есімі айтыс шеберлерінің қатарында аталмағанмен, суырып салмалық қасиеттен де кенде емес екендігіне кепілдік бере алады. Қысқасы, XIX ғасырдағы ірілі-кішілі қазақ ақындарының үлкен шоғырындағы Өскенің де өз орны бар белгілі шығармашылық тұлға болып есептелетіні анық.

¹⁴ Қазақ ССР ҒА ОҒК қолжазба қоры. 478-папка. 1-дәптер. 18-19-б.

¹⁵ Сонда. 478-папка. 11-15, 29-36-б.

¹⁶ Сонда. 717-папка. 4-дәптер. 6-б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өске Торқаұлы туралы С. Мұқановтан басталатын қазақ зиялыларының ақын мұрасын жинақтаудағы рөліне, сондай-ақ, ол туралы кейінгі уақытта жарық көрген зерттеулерге өз пікіріңізді айтыңыз.
2. Өске ақынның елге белгілі Балғожа би, Наурызбай би, Жарасбай, Асаубай, Қылышбай байларға, Сүлеймен төреге айтқан шығармаларының көтерген тақырыбы мен идеясына байланысты сараптама жасаңыздар.
3. Өскенің жарлылық туралы, сараңдық, менмендік, т.б. адамдар бойындағы кісіліктен алыс қылықтарын жыр еткен туындыларының көркемдік қасиеттеріне өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1803-1846)

Халқымыздың тарихындағы аты әйгілі Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісінің (1836-1838) жалынды жаршысы, талантты ақын Махамбет Өтемісовтың мұрасы оқушы қауымға көптен мәлім. Оның шығармалары XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап үзбей жарияланып келеді¹.

Махамбет шығармашылығы жайында монографиялық зерттеу мен «Қазақ әдебиеті тарихының» арнайы тарауларын жазған Қ. Жұмалиевтің еңбегін бөліп атасақ², оның ақындық өнері қақында қазақ әдебиеті ғылымында пікір айтпаған адам кемде-кем. Бұл ретте М. Әуезов³ пен С. Мұнов⁴, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Дербісәлин, Х. Сүйіншалиев, Б. Аманшин, Б. Адамбаев, Қ. Сыздықов т.б. лайықты үлес қосты⁵.

Мұның өзі заңды да болатын. Өйткені, Махамбеттің ақындық өнері – қазақ поэзиясының жаңа да жарқын беттерінің бірі еді. Сондықтан оның творчествосына соқпай өту мүмкін емес-ті. Сол дауылпаз ақынның мұрасы осы кезге дейін біраз қырынан зерттелді. Көптеген көркем шығармалар дүниеге келді.

Қазақстан Республикасының Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев ұлы тұлғаның жан-дүниесін, ол өмір сүрген қоғамның құлқы мен тұрқын парақтайтын "Шандоз" атты ғұмырнамалық елеулі еңбек жазды⁶.

¹ Исатай – Махамбет. Бірінші бөлім. Ташкент. 1925; Махамбет. Өлеңдер жинағы. 1939; Повстанческие песни казахов XIX в. – Алма-Ата, 1936; Песни степей. Антология казахской литературы. – М., 1940; Махамбет Өтемісұлы. – Алматы, 1951; М. Өтемісұлы. Ереулі атқа ер салмай. – Алматы, 1962; XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1962; Үш ғасыр жырлайды. – Алматы 1965; Поэты Казахстана. – Л., 1978; Бес ғасыр жырлайды. – Алматы 1984. 1-т.; XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы. 1985.

² Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-т. – Алматы, 1958; Соныкі. М. Өтемісұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т. – Алматы, 1961. 1-кітап; Его же. Махамбет Утемисов // История казахской литературы. Т.2 – Алма-Ата, 1979; Соныкі. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967; Соныкі. Егеулі найза. Алматы. 1979.

³ М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы. 1984. 15-т.; Соныкі. Әрі жылдар ойлары. Алматы, 1959.

⁴ Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 174. 203-215-б.

⁵ Бұл авторлардың зерттеулері жайлы Ж. Тілеповтің "Тарих және әдебиет" (Алматы, 2001. – 176-215 б.) толығырақ айтылған.

⁶ Кекілбаев Ә. Шандоз. – Алматы, 2004.

Ал, жалпы біздің әдебиетшілер де, тарихшыларымыз да Махамбет сынды ұлт мүддесі үшін өмірге сарп еткен жауынгер ердің барша туындысын Исатай Тайманов басшылық еткен күрескерлік жолдың айнасы деп біледі. Әркім өзінің шамасының келгенінше, ақын жырын тарих мәліметтермен салғастыра отырып көрсетуді мақсат етеді. Махамбет шығармашылығын пайымдауға арналған біздің бұл еңбегімізді де сол принципті ұстана отырып жазылған жұмыс деп білеміз.

Қазір Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов басқарған шаруалар көтерілісін тарихшы ғалымдар қарулы көтеріліске дайындық (1833–1836 жылдар), көтерілісшілердің ханға қарсы бас көтеруі (1837 жылдың басы мен ноябріне дейінгі аралық) мен жеңілісі, көтеріліс жеңілген соң Исатай, Махамбет қасына ерген аз ғана адамның Жайықтың сол жақ бетіне өтіп жаңа айқасқа дайындалып, ақыры 1838 жылғы июль айының ортасында Ақбұлақ өзені бойында біржола жеңілуімен сипатталар үш сатыда қарастырады⁷.

Біздіңше, көтерілістің барлық кезеңінде оның дем берушісі бола білген жалынды ақын творчествосын да осындай принципте қарасақ дұрыс болмақ. Әйтсе де оның поэзиясы бұдан тыс төртінші, негізгі кезеңді басынан кешкенін аңғарамыз. Өйткені, ол халық ереуілі жеңіліс тапқаннан кейін де көтерілісті, оның Исатай сынды көсемін, жалпы өздерінің ойға алған мақсат-программаларын (мысалы Баймағамбет сұлтанға айтылған сөздері т.б.) тайсалмай жырлай білді. Осы тұста ақын өзінің өр, өжет бейнесін молырақ танытты да. Махамбет творчествосындағы ақырғы саты болып табылатын бұл кезеңде оның авторлық, азаматтық беті бұрынғысынан да айқындала түсті десек, жаңылыспаймыз.

Махамбет толғауларының мазмұнына карап олардың қай жыл, қай айларда, қандай тарихи фактілер қақында шығарылғанын айқындау қиын емес. Мәселен, ақынның «Исатай деген ағам бар», «Әй, Махамбет, жолдасым» деген жырларындағы көтерілістің алғашқы өрлеу тұсын бейнелейтін кейбір шумақтарға назар салалықшы:

Халық қайғысын айтуға,
Хан ұлынан тайсалман.
Төрт, бес жылдай алысып,
Мына тұрған, Иса-екем,
Ханның бір тауын қайтарған.
...Хан ұлымен қас болып,

⁷ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата, 1979. – С. 144.

Қара ұлына дос болып,
Хан үстіне барғанда,
Шабайық ханды дегенде,
Шапқандай ханды амал бар,
Амал барда хан шаппай...
Тәңірім қылды не амал бар?...⁸.

Бұл Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Қ. Жұмалиевтің болжауынша Исатай мен Махамбеттің 1837 жылдың 13 декабрінде Жайықтың сол бетіне өткеннен кейін Қаракөл, Қарабау мекендеріндегі ел азаматтарына өздерін таныстырып айтқан туындысынан келтірілген үзінді⁹.

Мазмұнына қарағанда да толғаудың дәл осы тұста айтылғандығында күмән жоқ. Ал мұндағы автордың өздерінің төрт-бес жылдан бермен қарай «ханның тауын қайтарып», «дулығалы бас кесіп», «хан ұлымен қас болып, қара ұлына дос болып» жүргендігіне келсек, бұл көтерілістің етек алу, шарықтау кездерінен хабар беретін жайлар.

Шындығында, Бөкей ордасындағы хандық құрылыстың іргесін шайқалтқан шаруалар бұқарасының феодалдық, отарлық езгіге наразылығы 1836-1837 жылдары шарықтау шегіне жеткендігі болмаса, ақын айтып отырғандай, оның таптық кикілжің ретінде сол тұстан біраз бұрын басталғаны қақ. Өйткені, Жәңгірдің жергілікті әкімдер мен сұлтандарға көрсеткен қызметтеріне сый ретінде оларға жеке иеленулері үшін шұрайлы жерлерді үлестіруі 1830 жылдан басталады. Осының нәтижесінде Бөкей ордасындағы халықтың үштен бірі жерсіз қалған. Керісінше хан төңірегіндегі 25-30 шаңырақ әлеуеттілер тұқымы бүкіл хандықтың 85 процент көлеміндегі жерін иеленетін¹⁰.

Оның үстіне Жәңгірдің мемлекеттік салық ретінде енгізген зекеті (115 мың сом күміс ақша) мен соғымы, әр үйден алынатын бес пұт жабағы, бір түйе шөп, базарға сатылатын әр бас малға төленетін бір сом ақша, әр ру үшін хан сарайында ұсталатын 14 хабаршышабарманға төленер жалақы, ат-көлік, киім-кешек салығы¹¹ онсыз да әбден титықтап отырған бұқара үшін аз ауыртпалық емес-ті. Себебі

⁸ Махамбет Өтемісұлы. Ереулі атқа ер салмай. – Алматы, 1962. – 73-б. (Бұдан кейінгі жерде келтірілетін Махамбет өлеңдері осы кітаптан алынған)

⁹ Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы, 1979. – 91-б.

¹⁰ История Казахской ССР. Т. 3. – С. 134-135; Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – Кзыл-Орда, 1927. – С. 8-9.

¹¹ Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1946. – С. 65-66; Рязанов А.Ф. Восстание... – С.10-11.

малы жоқтың жабағы салық, жері жоқтың шөп салық төлеуі қанаудың қаншалық дәрежеде асқынғандығын өзінен өзі көрсете алады.

Түптеп келгенде мұның бәрі таптық айқастың жеделдеуіне әкеліп соқтырды. Халықтың азаттық қозғалысы алдымен Каспий теңізінің жағалауына шектес жатқан Бөкей хандығының оңтүстік аудандарын қамтыды. Өйткені мұндағы князь Юсупов пен граф Безбородконың құнарлы қоныстары мол иеліктерін сағалап келгендердің саны отызыншы жылдардың ортасына таман жеті мың үйге жетті. Халықтың осы тұстағы мұншалықты тығыздығы, нашар тұрмысы шаруалар мен көптеген ауылдардың старшиналарының ханның ел басқару саясатына қарсылығын жедел өрістетті. Оның от алып тұтануына 1833 жылы Жәңгірдің қайын атасы – Қарауылқожа Бабажановтың Каспий жағалауындығы рулардың билеушісі етіп тағайындалуы сылтау болды. Сөйтіп, күн өткен сайын Исатай Тайманов бастаған шаруалар наразылығы өсе түсті.

Жәңгір ушыққалы тұрған жағдайдың алдын алмақ боп Исатай мен Махамбетті хан сарайындағы алқалы жиындарға, съездерге шақырып, сый-құрметпен алдарқатып та көрді. Ол 1834 жылы М. Өтемісовті старшина етіп тағайындады. Бірақ бұл айла-шарғыларынан ешбір нәтиже шықпады. Содан кейін барып хан 1836 жылдың 17 мартында Қарауылқожаға Исатай мен Махамбетті қасындағы старшиналарымен бірге «халық жәрдемімен» тұтқындап, хан сарайына әкелуге әмір етеді. Алайда Қарауылқожаның 522 адамдық қарулы қолы Исатайдың 200 жігітіне қарсы айқасуға батылдары жетпейді. Мұның өзі көтерілісшілердің рухани тұрғыдан жеңісі болып есептеледі.

Мұнан соң сол жылдың май айында Жәңгір хан шекара комиссиясына жазған хатында И. Тайманов пен М. Өтемісовті ел ішіне іріткі салушы адамдар ретінде сипаттай келіп, оларды ордаға енді келмейтіндей етіп жер аударуды, тұтқындауды өтініш етеді. Бұл өтінішін ол 1836 жылғы 14 июньде губернаторға жазған хатында да қайталайды¹². Қысқасы жағдай ушығады. Бұл тұстың оқиғасын ақын былай береді:

Қорлықта жүрген халқыма,
Бостандық алып берем деп...
Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде

¹² История Казахской ССР. Т. 3. – С. 143-146; Рязанов А. Восстание Исатая Тайманова. С. 22-24, 28.

Арыстандай ақырған,
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай...
«Жанымды қой» деп сұрады-ай.
Ақкөңіл, аңқау жүрекпен,
Беремін деп мен тұрдым.
Көк бедеуді бауырлап,
Шабамын деп сен тұрдың.
Исатай басшы білсін деп,
Ауыр әскер қол тұрды.
Хан сөзіне сенгенім,
Он күн срок бергенім...
Атана нәлет хан ұлы-ай!
Тілегін сұрап алғасын,
Ойлағаны болғасын,
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып,
(Құрсағымнан шалдырып...)
Ақырында дүние-ай,
Ерлікпенен алданып
Өзіме өзім қас қылдым.

Исатай атынан айтылып отырған бұл жырдан мынадай екі жайды аңғарамыз. Біріншісі, қалың әскерлі бұларды көргенде хан баласының жанын сауғалап «жылағаны», «он күн срок» мұрсат сұрап жалбарынған дәрменсіздігі болса, екіншіден, дұшпандарының сол тілектерін беріп, алданып қалған көтеріліс басшысының бейнесін танимыз. Сондай-ақ, мұнан көтерілісшілердің 1837 жылдың 17 февралынан октябріне дейінгі аралықта Жәңгір тағайындаған әкімдерді, саудагер Сағит Нигматуллиннің мал мүлкін шауып алып, кейбір рулардың бөлімдеріне өз адамдарынан билеуші қойған тұстарын да анық байқаймыз. Онан кейін олар хан ордасына қарай бет түзеп, 15-20 октябрь аралығында Жасқұстан 60-70 шақырым жердегі Теректікүм мекенінде тұрғаны, 26-27 октябрьде Ордаға 7-8 шақырымға дейін жақындап келіп, оны екі апта бойы қоршағандары да қақ. Олардың ханды реформа жасауға мәжбүр етпек болғаны, өйтпеген күнде ордаңды шауып алам деп Исатайдың оны халық атынан қорқытатыны да мәлім¹³.

¹³ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата, 1979. – С. 148; Рязанов А.Ф. Восстание... С. 41-42, 53, 56, 67; Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и восстание... С. 152-154, 163-166.

Демек, ханның «жылайтын» жөні бар. Айтқандарын орындамаса көтерілісшілердің оны да, төңірегіндегілерді де аяйтын түрі жоқ. Бірақ, оның реформа жасағысы келмейтіні өзінен өзі белгілі. Сондықтан «төңірегіммен ақылдасайын, көндірейін» деп сылтауратып, он күн мұрсат сұрауы мүмкін. Ондағы ойы осы мезгіл ішінде патша әкімшілігі тарапынан жәрдем де келіп жетер деген есеп екені сөзсіз. Әрине, ол мұндай «кулығын» патша әкімдеріне жазған қатынас қағаздарында көрсетіп, ағынан жарылмайды. Онысы өзіне абырой әпермейтін әрекет болған соң бұркеулі күйінде қалуы да түсінікті. Дегенмен Астрахань және Орынбор губернаторларынан әскер сұратқан өтініштерінде Орданы көтерілісшілердің шаппақ болып қоршауға алып тұрғанын, айқас басталып кеткен жағдайда қарсы тұру мақсатымен шағын гарнизонымен төңіректі айналдыра ор қазып, қорғану амалдарын істеп жатқанын ашық жазады. Сол себепті тездетіп көмек жеткізілуін жалына сұрайды.

Жәңгірге көмекке келген, көтерілісті басып-жаншушы Геке де 1837 жылғы 5 ноябрьде генерал-губернатор Перовскийге жазған хатында бұл оқиғаның болғанын растайды. Тіпті ол осы хатында сол жолы көтерілісшілердің қасынан түнде байқатпай өтіп хан ордасына жеткенін, ал мұндағылардың бәрінің абдырап, қатты сасып, әбден таулары шағылғанын, бұл өзі Исатайға қарсы хат жазып, «бүліншілікті доғарып, кісілеріңді тарат» деп бұйрық етпек болғанда Жәңгірдің қалтырап, жалынып, одан қатты сөздер жазбауын өтінгенін айтады¹⁴. Ал мұның өзі, сөз жоқ, көп жайларға көз жеткізетін факт. Ханның Гекеге «Исатайға жазатын сөзіңізді байқап айта көріңіз» деп қалтырап-дірілдеуі оның бұлар жоқ кезде қандай күй кешкенінен хабар береді. Олай болса көтерілісшілердің мерейі үстем тұсын бейнелейтін ақын сөздерінде асыра көрсетілген ештеңе жоқ. Жырдағы қарсы жақтың бағы жүретін кезі туралы да соны айтқан жөн. Өйткені, 1837 жылдың 12-13 ноябрінде Геке қолы түгелденеді. Бұдан кейін көтерілісшілер үшін бір ғана жол қалғаны белгілі еді.

Ол шешуші күрес жолы болатын¹⁵. Мұны көтеріліс басшылары да жақсы білді. Өздері үшін қолайлы сәттің өтіп кеткенін де сезді. Бірақ шегінейік деген ой, дұшпаннан рақым сұрау олардың қаперіне

¹⁴ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – С. 60-63; Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание... С. 172-173; Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. – Алматы, 1977. – 77-б.

¹⁵ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. С. 59, 62-65, 70-71; Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. С. 172-173, 186-187, 198.

де кірген емес. Неден болса да тайсақтап, тайынбаған. Сондықтан да Махамбет осы күндері қасындағы жолдастарына төмендегіше ұран тастап, оларды айқасқа дайындады.

Ел шетіне жау келсе,
Азамат ердің баласы
Намысына шыдай ма?...
Ханның ісі қатайды...
Ұрандап жауға тигенде,
Кім жеңері талай-ды,
Жолдастарым, мұңайма!

Бұл туынды мына жайларды: ел шетіне жаудың келгенін, яғни жоғарыдағы әскерлердің хабарынан бұлардың құлағдарлығын, «ханның ісі қатайып» не болса да аянбауға бекінгенін байқауға болады. Сондықтан да осының бәрін біліп отырған ақын көтерілісшілерді айқасқа үндейтін жыр тудырған. Демек бұл шығарманы 2-10 ноябрь аралығында шығарылған деп есептеуге негіз бар. Мұнан кейінгі жай:

Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айғайлап жауға тигенде,
Ағатай Беріш ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты Жүніс аттанды –
Қосылуға дем болып.
Құдайлады хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып.
Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер білінді.
Исатай басшы, мен қосшы,
Исатайдың сол күнде,
Ақтабан аты астында,
Дулағасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Ханның тобы үш атты...
Доптың үні шыққанда,

Сонда батыр жөнелді..., – деп келетін жолдарда анық көрінген. Осында Жасқұстан Бекетайға беттеген елдің, бұларға қосылмақ болған Байбақты руының старшинасы Жүніс Жантелиннің достық

ниеті, Геке мен Жәңгір хан бастаған жазалаушы отрядтың соңдарынан қуып жеткендегі хал-ахуал, сонан кейінгі айқас жайы тайға таңба басқандай өрнегін салған. Ақын мұнда нақты оқиғаның көріністерін кейіпкердің психологиялық күй-жайымен сәтті кіріктіреді. Тістеніп келе жатқан жаудың «құдайлады хан ұлы» болып берілуі де, оларға өштескен көтеріліс басшысының «зығырданы қайнауы» да табиғи нәрсе. Ал оқиғаның дәлдігіне келсек, жоғарыда айтылған үш зеңбіректі көп әскер 15 ноябрьдің таңында суыт жүріп келіп, бой жазуға тыныс алғанда өздерінен төрт шақырымдай жерден бірнеше атты адамның тобын көреді. Мұнан кейін Геке қолы оларға жақындай түседі. Сөйтсе төбе басында 500 таңдаулы сарбаздың қоршауында Исатай тұр екен¹⁶.

Демек, толғауда айтылғандай, «таң ағарып атқан соң, төңірек жаққа» «қарап тұрса», «әр жерден... өрттей қайнаған... жау» көретіні, олардың «мылтығын қардай боратып» бұларға «жетіп» келетіні – бәрі де шындыққа жанасымды. Екі жақтың соғысының басталуы жайына келсек, бұл жерде атап көрсететін жәйт, көтерілісшілер қарсыластарының көптігін көріп, айқастан қашпаған. Керісінше, Исатайдың бірнеше сарбазы ат ойнатып, мылтық атып, оларды соғысқа шақырған. Мұнан кейін Геке солдаттарын әскери тәртіппен сапқа тұрғызып, екі жүз кісілік қолына зеңбіректерден алғашқы оқ атылысымен шабуылға шығуды міндеттейді. Бірақ зеңбіректен атылған снаряд Исатай сарбаздарының ортасына түскенмен одан ешбір адам өлмеген. Мұнан кейін Геке қолына олардың өздері атой салып тап берген. Шабуылдың төтеннен басталған тегеурінділігі соншалық, бұны көрген жазалаушылар абдырап, сасып қалады. Дегенмен Геке қолы реті келіп қалған бір мүмкіндікті пайдаланып, зеңбіректерді ілгері шығарып қарсыластарын жақын жерден соғады. Бұл Исатай сарбаздарына оңай тимеген. Сонан кейін-ақ жазалаушылардың жағдайы оңғарылып өздері шабуылға шыққан¹⁷.

Міне, осы тұс Махамбет толғауында өте айқын көрінген. Мұнда ақынның «ханның тобы үш атты», «зеңбірек үш атқанда дарымады» деп Исатай сарбаздарын шабуылға алып шығу кезінде зеңбіректерден қанша доп атылғанына дейін айтатыны – сол айқас картинасының нақты көрінісі. Ал бұл нақтылық сол айқас туралы Гекенің және тағы басқалардың рапортында да, кейін осы оқиға жайлы дастан жазған

¹⁶ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание... – С. 172-173, 186, 187, 198; Рязанов А.Ф. Восстание... – С. 59, 70-71.

¹⁷ Рязанов А.Ф. Восстание... – С. 71-72.

Ы. Шөреков туындысында айтылмай қалған, бірақ болған факт еді. Ақын мұрасының тарихилық бағасын арттыра түсетін де осындай шынайы шындық сәулесі екендігі даусыз.

Зеңбіректерден снаряд атылуына байланысты Махамбет толғауларында назар аудартар екі сәт бар. Бірінде ақын: «зеңбірек үш атқанда дарымады, құдайдың, міне қара, сақтағаны-ай», – дейді. Екінші туындысында «ханның тобы үш атты... Доптың үні шыққанда, сонда батыр жөнелді... Жөнелмей батыр не қылсын, Ерсары мен Қалдыбай, екі арыстан тең өлді», – деп толғанады. Әрине, автор мұнда жоғарыдағы өз сезіне өзі қайшы кеп, Ерсары мен Қалдыбай зеңбірек снарядтарынан опа болды деп кесіп айтып отырған жоқ. Тегінде Қалдыбай осы айқаста ауыр жарақат алуы мүмкін. Өйткені, ол 15 ноябрьдегі Тастөбедегі емес, 23-24 ноябрь күндері Истоминмен арада өткен айқаста қайтыс болды¹⁸. Демек, ол ауыр жарақаттанса да соған дейін тірі жүрген. Және өздерінің ізіне түскен жазалаушылардан қашып жүргендердің ішінде болған.

Ал, оны Махамбеттің Тастөбедегі айқастан кейін кездестірген, кездестіргенін кесіп айту қиын. Олай дейтініміз, Геке Исатай отрядынан Тастөбе айқасынан кейін көз жазып қалған соң, подполковник Меркулевті үш жүз казакпен Жаман-Шолан бетін, есаул Истоминді 79 казакпен (бұларға 125 қазақ жауынгерлерін де қосады) Мыңтөбе бағытын тінтуге жібереді. Меркулевтің отряды сол сапарында 16 үйді Жайық өзеніне қарай көшіп бара жатқан бағытында, 60 үйді Қосоқты мекенінде тұтқындайды. Бұлардан сол жолы Сарт, Өтеміс, Қалдыбай батырлар қашып құтылады. Ал Истоминнен Исатай, Махамбет бастаған бір топ сарбаздар қаша ұрыс сала жүріп құтылған¹⁹. Оның Қалдыбайды осы айқас үстінде өлтіргені, немесе әлгінде айтылған Меркулев қолынан қашып келе жатқан бетінде Исатайларға жеткізбей тұрып қазаға ұшыратқаны беймәлім.

Махамбет творчествосындағы көрініс тапқан оқиғалардың бәрін тарихтағымен бір әріпке де айырмашылығы жоқ деп түсінсек, солай қабылдасақ, асығыстық болар еді. Себебі көркемөнерде де, өмірде де шыншыл ақын кей жағдайда өткен жайдың кілтипан-сырынан толық хабарсыздықтан шамалы ауытқуға да ұшырайды. Мысалы, «Әй, Махамбет, жолдасым» толғауында Исатай аузымен мынандай сөз айтылады: «Егеулі найза өңгерген, азды көпке теңгерген,

¹⁸ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 72, 76.

¹⁹ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 72-76.

Қабыланбай мен Қалдыбай, Рысалы, Кебек жолдасым, жаудан өлді жолбарысым»... Осындағы Қабыланбай батыр шын мәнісінде жау қолынан қаза таппаған. Бұл туралы подполковник Гекенің генерал-губернатор Перовскийге жолдаған мәлімдемесінде: «Өзі келісті ер жігіт. Көтерілістің алғашқы күнінен бастап Исатаймен бірге болып, бірге қимылдаған. Өзі мұны жасырмайды. Қазірде де үнжырғасы түспеген, барынша асқақ, рухы жоғары», – деп жазатыны мәлім. Шындығында көтеріліс басылған соң оған 1500 дүре соғып, Сібірге айдаған. Ол сол сапарында орта жолдан қашып, Кіші жүз ішіне келіп сіңеді. Бірақ, әлдеқандай себептермен 1843 жылы қайта ұсталып, сотталған²⁰.

Ал, Махамбет мағлұматында жаңсақтық кетуінің сыры мынада еді. 1837 жылдың 15 ноябріндегі қанды айқаста Қабыланбай батыр бірнеше казактың қоршауында қалып, әрқайсысына жебесін кезеніп тұрғанда Трофимов отрядындағы Еремеев деген хорунжий оның астындағы атын атып, өзін тұтқын етеді²¹. Осы жайды (оған көмек беруге өздерінде қайран болмаған) ақынның не өзі, не жолдастары көрген. Сондықтан ол жау қоршауында жалғыз қалған жауынгерді өлді деп есептеген. Ал Қалдыбай, Кебек, Рысалы деген азаматтардың жеке бастарына келсек, бұлар да көтерілістің негізгі батырлары болғандар. Мысалы, Қалдыбай – жаңағы айтқан Қабыланбай батырдың әкесі. Оның қалай өлгенін жоғарыда айттық. Рысалы мен Кебек кім десек, бұлар көтеріліске белсене ат салысқан Рысалы Күсепұлы, Кебек Жәнібекұлы деген кісілер²².

М. Өтемісов творчествосы шаруалар көтерілісінің сырынан көп мағлұмат беретін иландырғыштық күшімен тәнті етеді. Бұл ретте оған ақындық қуаты ғана емес, сол оқиғалардың жай-жапсарын, екі жақ адамдарының пиғыл-құлқын айна қатесіз білетіндігі де көмектескені сөзсіз. Мәселен, Тастөбедегі айқастан кейінгі жайды ол былайша береді:

Жетім, жесір көп қалды,
Хан әскері кенелді...²³

²⁰ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова... С. 194, 195, 203.

²¹ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 75.

²² Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. – Алматы, 1977. – 62-64, 7 б.

²³ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 63-б.

Автор осы шығармасында қанша адамның әкесіз, ерсіз қалғандығын айқын аңғартады, бірақ цифр қуалап кетпейді (Ал шындығында Тастөбедегі бірнеше минутқа ғана созылған соғыста жүзден астам көтерілісші қаза тапты. Ішінде Исатайдың бәйбішесі мен Ақай атты 20 жастағы ұлы да бар. Бірнеше семья мал-жанымен тұтқынға алынды. Жау жағынан тек қана үш кісі жаралы болды²⁴.

Екі-ақ жайды: сорлап қалғандардың көптігін соларға құзғындай төніп, мұратына жеткендей болып тұрған әрі өлермен, әрі масайраған топтың бейнесін дәл береді. Оның «Әй, Шонты би», Жәңгірге, Баймағамбетке арнаған шығармаларынан да осы пікірімізге дәйектеме таба аламыз.

Хронологиялық жағынан келгенде біз жоғарыда ақынның 1837 жылдың декабріне дейінгі көтерілісшілер күресін қамтитын жырларына, солардағы тарихи шындықтың көріну жайына тоқталып өттік. Сондай жағдайда жүріп хан мен сұлтандарға қарсы күресе алмайтындықтарын түсінген олар Жайықтың сол бетіне өтуге бекінеді. Осы шешімге келу үшін 26 ноябрь күні Қаныш моласы деген жерде Исатайдың аман қалған серіктері бас қосып, мәжіліс құрады. Бірақ олардың бұл кездегі жағдайлары да қиын, тағдырлары қыл үстінде болатын. Кеңес өткен күннің ертесіне олардың тағы да 23 адамын есаул Тамбовцевтің отряды қапыда тұтқынға түсірді. Оның ішінен көтерілістің белсенді мүшесі болған он бір кісі Исатайға жақын адамдар деп есептелініп, Уральск қаласына жөнелтілген²⁵. Жазалаушы отряд қалай болғанда да көтерілісшілердің Исатай мен Махамбет бастаған негізгі шағын тобының көзін жоюды мақсат еткен. Өзен және Жайық шептеріндегі күзет күшейтілген²⁶. Мұндай жағдайда әрине, Жайықтан өту оңай емес-ті. Бұл кезді ақын:

Алты күндей алаулап,
Он екі күндей ой ойлап,
Ақылды алпыс жаққа шаптырып,
Ақыл жөнге келгесін...
Талай жүрдік далада,
Әділ жаннан түңіліп, – деп береді. Осындағы «Он екі күндей

²⁴ Сербаринов Г. Исатай Тайманов // Очерк народного движения Букеевской орде в 1837-1838 гг. Издание общества изучения киркряя. – Оренбург, 1925. – С. 16; Шахматов В.Ф. Внутренняя... С 189; Рязанов А.Ф. Восстание... С. 76.

²⁵ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 76.

²⁶ Қазақ ССР тарихы (қазақ тілінде). 3-т. – Алматы, 1982. – 153-б.

ой ойлап», «Ақылды алпыс жаққа шаптырып» деген жолдар нені аңғартады? Бұл байқаған кісіге 15-26 ноябрьдің аралығында, яғни 12 күн бойына Исатай, Махамбет тобындағылардың қандай шешім қабылдағандары дұрыс болатындықтарын жаныға ойлап, саналары сан бөлініп, ақырында 26 ноябрьде Қаныш моласында кеңесуге жиналғандықтарын білдіретін тұс еді.

Ал, «алты күндей алаулап» дегеннің мәні сол бас қосудан кейін де көтерілісшілердің жағдайлары бұрынғысынан жақсармағанын көрсетеді. Өйткені, торуыл, тінту бұл кезде тіптен зорайған еді. Олар осы қыспақтан алты күннен кейін барып шығады. Нақты айтқанда 3 декабрьден бастап жауған екі күнгі жаңбырдан соң кенет солтүстіктен ызғырық жел соғып, аяз қатайып²⁷, ауаның суықтығы жиырма градусқа дейін төмендеп, жазалаушылардың өздері де, аттары да баспанасыз далада қалғаннан кейін барып жеңілдік тапқан. Ақын соны айтып отыр. Осыған орай Геке Перовскийге хат жазып, кері қайтпақ болады. Бірақ оған Шыңғали Орманов: «Егер осылай істейтін болсаңыз, мұны пайдаланған Исатай маңына жақтастарын жинап алады» деп, оның кетуіне келісім бермей, отрядтың қыстай далада болуын, әсіресе, елге үрей туғызатын «көк жәшік» – зеңбіректердің Ордада қалдырылуын талап етеді. Әйтсе де қақаған аяз бұларды өз дегеніне илкітіреді. 8 декабрьде Астраханьнан келген подполковник Алеевтің үш жүз кісілік отряды кері қайтады. 10 декабрьде Геке Жәңгір ханның кейбір отрядын таратады. Губернатор Гекенің хан ордасындағы отрядты күшейтіп, жазалаушы отрядпен кері оралуына рұқсат етеді. Бұл кезге дейін Исатай сарбаздары шекарадан өтуге әрекет жасамаған соң шекарадағы шепті күшейтуге жіберілген атаман Покатиловтың отряды да таратылған еді²⁸.

Міне, содан кейін барып 1837 жылғы 13 декабрьдің таңында қырық адамымен Исатай мен Махамбеттің Жаманқала бекінісі мен Бақсай қамалының аралығынан кеп Жайықтан өтіп кеткені²⁹ мәлім. Бірақ, олар Жайықтың сол бетіне өткенмен, қуғын, сүргіннен арылмайды. Ақынның Исатай аузымен айттыратын «сырлы зерек аяқпен, бал ұрттаған ер едім, бір уақыттар болғанда, көктей өтіп Жайықты, бір қасық ішкен қара су, жұмасына ас қылдым», – дейтін кездері осы

²⁷ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова... С. 198.

²⁸ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 76-77; Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание... С. 198-199.

²⁹ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 79-80

тұс. Себебі Махамбеттер бергі бетке өткенде, Баймағамбет Сарайшық бекінісіне жақын жердегі ауылда болған. Ол көтерілісшілер жөніндегі хабарды ести сала қасына есаул Сафоновтың жүздігін, туыстары Күсепқали, Мұхамед-ғалиларды, Тәуке батырды, бірнеше би, старшинаны ертіп алып олардың соңына түсіп, Қарабау, Қаракөл мекендері арқылы Тайсойған бағытында біраз жерге дейін қуады. 14 декабрь күні бұлар Исатайдың әйелі Несібеліні (А.Ф. Рязанов-Игібаланы деп жазады), балдызы Бағланды, Нұрша, Ерше Сартовтарды қолға түсіреді. Қуғын он бір күнге созылады³⁰. Көтерілісшілердің өздері де, аттары да екі айдан астам уақыт бойына көрген қуғын-сүргіннен әбден қалжырайды. Біздіңше, соны сезіп келе жатқан Исатай өзі ерекше үміт күткен перзенті (бұл кезде оның қасында екі-ақ баласы қалған болатын. Бірі – 25-26 жастардағы Жақия да, екіншісі – 12 жасар Дінбаян) Жақияны Махамбетке аманаттап:

Осы жақта мен өліп,
Артымда тірі сен қалсаң,
Жаңа өспірім Жақияны,
Жолдасым, саған тапсырдым!, – дейді.

Мұның мәні де бар. Қуғыншыларды қара үздіріп кеткен соң көтеріліс басшылары бірсыпыра кісілерін жолдағы ауылдарға бой тасалатқан да, өздері әрі қарай жол тартқан. Себебі, Баймағамбет осы кезде Аспандияр Сүйеуғалин (мұның жүз адамы бар), Жакып Айшуақов, Құлдуар Сейітқазиев сұлтандарды, Сарық би Көшербаевті Исатайды ұстауға аттандырады. Ал мұны олар естісе керек. Бірақ, кейінде қалған ауылдарға артқан үміті ақталмайды. Қажыған адамдары әл жинап, пана табады деп ойласа, оларды Шонты Жамантаев Баймағамбет тобындағыларға ұстап берген. Сөйтіп Исатайдың екі баласы Жақия мен Дінбаян, Сарт Еділұлының, Тоғай Бегәліұлының балалары Баймен, Жармұхамед пен Байболсын Есенгелдиев, Айтымбет Өтегенов, Сүлеймен Өтемісов 24 декабрьде тұтқынға алынады³¹. Бұл жайында Махамбет «Баласы Исатайдың Жақия-ды, Жақия жауды көрсе ақияды. Түлейде түнде жортқан жолбарыстай, Алдырдым арысымды қапияда-ай», – деп аһ ұрады. Сонымен бірге пәленің қай жақтан келгендігін анық сезген ақын бұл оқиғаны барынша айқын түсінуге жәрдемдесетіндей мынандай сөздер айтады:

³⁰ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание... С.200.

³¹ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание... С. 200; Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. – Алматы, 1977. – 91-б.

Мен Нарыннан кеткенмін,
Нарынды талақ еткенмін.
Қуатымның барында,
Ағыны қатты Жайықты,
Тіземмен бұзып өткенмін...
Жақияны ханға ұстап бергендей,
Шүрен, саған не еткенім?..

Оның Шүренмен кінәласуының себебі не десек, жоғарыда айтылған Шонты Жамантаев деген кісі Шүрен тайпасының биі екен. Ол көтерілісшілермен бірге бола жүріп, үнемі тыңшылық қызметін атқарған. Бұлардың не істеп, не тындырып жатқанын, қанша адам, қандай жоспарлары, кімдермен байланыстары барын, қай жерлерде жүргенін Баймағамбет сұлтанға, не оның оң қолы Аспандияр Сүйеуғалинге мұқият хабарлап отырған³² Шонтының халықтың қарулы көтерілісіне араласқысы келмейтінін, қолдамайтын құлқын, арғы есебінің басқа екендігін Махамбет айқын таныған. Сондықтан да «Әй, Шонты би, Шонты би» деген шығармасында оның кескінін ұтымды жасаған.

Жайықтың бергі бетіне өтіп алған Исатай мен Махамбет бұл жақта патша өкіметі мен жергілікті феодалдардың жазалаушы отрядтарына қарсы күресу үшін күш жинауға кеңінен кіріседі. Көп ұзамай өздеріне тілектес қауымнан қол жинап, тек Б. Айшуақовтың ғана емес, Жәңгірдің де үрейін алар қаһарлы күшке айналды. Ал батырлар бұндай айбындылыққа жетер жолда дұшпандарынан қастандықты, достарынан азаматтық қолдауларды көп көрген³³. Махамбеттің:

Біз неткен ер, неткен ер...
Еділ менен Дендерден,
Сағыз бенен Жемдерден,
Онан да талып өткен ер.
Арқада Әлім барды деп,
Қайыспас қара нарды деп,

Оған да барып жеткен ер, – деп айтқанындай, олар Бөкей ордасынан Аралға дейінгі атырапты қамтитын географиялық аймақты жай жүріп өтпеген, көтеріліске үндеп, ұйымдастыру жұмысын жүргізе

³² Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. – Алматы, 1977. – 91, 96-б..

³³ Қазақ ССР тарихы. 3-т. – Алматы, 1982. – 154-б.; Рязанов Восстание Исатая Тайманова... С. 88-92.

отырып жол кешкен. Сондай-ақ, Бөкей ордасындағы елмен де байланыстарын үзбеген. Жәңгірдің және оның төңірегіннің не істеп, не тындырып жатқандарынан хабардар болып отырған. Ақынның мына өлеңі соның мысалы:

Қара қазақ баласын,
Атаңа нәлет Жәңгір хан,
Көзінен тізіп жіберді-ау,
Орынбор деген қалаға-ай.

Шындығында, көтеріліске белсене қатынасқандардан тұтқын болғандар Орынборға айдалып, одан әрі губернатор әмірімен Сібірге, Ригаға, Киевке, Финляндияға жер аударылған.

Ақынның Ақбұлақтағы (1838 жылдың 12 июліндегі) қанды оқиғадан соң ерекше тебіренис сезімімен ұзақ жырлағаны – көтерілістің көсемі Исатай батырдың ерлігі. Оған деген соқпақ автордың «Мұнар күн» атты белгілі толғауынан басталады. Мұнда 1837 жылдың 15 ноябрінде болған Тастөбедегі оқиғаны бейнелейтін «Соғыс» өлеңіне немесе «Әй, Махамбет жолдасым», «Мінгені Исатайдың ақ табаны-ай» жырларына қарағанда, айқастың жайын баяндау («Орта белін сырлаған, оқ жанбырдай жауған күн» деп, Геке мен Баймағамбеттің винтовкамен қаруланған әскерінің патрондарының сыртқы белгісін айтатыны болмаса) кемшін. Тек әлгіндей «оқ жанбырдай жауған күнге» «ер Исатай өлген күннің» сәйкес келуіне қарап, бұл оқиғаның дәл 1838 жылдың 12 июліндегі жазалаушы отрядпен айқасты меңзейтінін білеміз.

Ақынның сол күнді «Бұлттан шыққан шұбар күн, буыршын мұзға тайған күн, бура атанға шөккен күн, Бұлықсып жүрген ерлерден, бұрынғы бақыт тайған күн... Алма мойын аруды, ат көтіне салған күн... Сандық толы сары алтын, сапырып судай шашқан күн... Біздің ер Исатай өлген күн, он сан алаш бұлген күн, Оң қанатын теріс жайып, лашын қуға төнген күн. Желпілдеген ала ту жиырылып, ойға түскен күн...» деп бейнелеуіне назар сала отырып, бұл Исатайдың қазасын, ол ерткен қолдың жеңілісін хабарлайтын толғау екеніне көзіміз жетеді.

Толғауда Ақбұлақтағы айқас жайы тәптіштеле суреттелмейді. Оның есесіне автор өзінің жан дүниесін астан-кестен еткен оқиғаны бүкіл дүние төңкеріліп түскендей сезіммен бере отырып, соның барлығын ауыз әдебиетінің ежелгі үлгісімен-ақ жеткізе білгендігін, сол арқылы жаңаша әдеби өрнек тапқандығын айтуымыз керек. Рас «алма мойын арудың ат көтіне мінуі», «желпілдеген ала тудың жиырылып ойға

түсуі», т.б. Махамбет заманынан бұрынғы жырау, ақындардың да қолдануы әбден мүмкін және оларда да жаудан шабылып, «бұлықсып жүрген ерлердің» тізе бүгуін, күйрей жеңілуін көрсететін ұғымды берер поэтикалық сөз тіркестері ретінде қолданылғанында күмән жоқ. Бірақ Махамбет мұнда ер жігітті бұланға, қуға, бәйтерекке, ал дұшпанын лашынға, т.б. меңзей салыстырып, солардың әрекет қылығына жаңа мағыналар береді. Бұл тарапта ол бірде метафорлық, бірде символикалық тәсілді айырықша ұлғайған формада қолданады. Ал мұндай ерекшелік оған дейінгі ешбір қазақ ақынында осы қалыпта кездеспейді.

Махамбет халықтың үлкен үміт-мақсатын арқалаған Исатай сынды ердің қазасы оңайға соқпағанын аңғарту үшін осындай әдістерді пайдалана отырып аза тұту жырын биік деңгейге көтерді. Кейіпкерін ең бір асылдар мен асқақтарға үстемелеп теңей отырып, құрбандық салмағының ауырлығын шеберлікпен көрсете білді. Табиғатта тұяғы өткір буыршынның мұзға таюы, бураның атанды иектеуі мүмкін еместігі былай тұрсын, лашынның да құс төресі – қуға түсетін қасиеті болмайтын көрінеді. Өйткені, сұңқардан өзге қырандардың, қазақ совет әдебиетінің классигі С. Мұқанов жазғандай, аққуға «түсуге батылы жетпейді, әлі де келмейді»³⁴ екен. Демек, Махамбет ақын болса, жоғарыдағы аталған жануарлар мен құстарға өздерінің табиғи қасиеттеріне кереқар қылықтарды символ әдісімен меншіктендіру арқылы өздері сенгісі келмейтін әлем-тапырық жайдың куәгері болғанын ұғындырып, әдеби жаңа өрнек түзіп отыр.

Жалпы, ақын творчествосына тән негізгі бір ерекшелік, адам бейнесін бедерлеуде, оның құлқы мен кісілік қасиетін беруде әдеби алмастыру әдісін мол пайдалануы дер едік. Мысалы, Исатай батырды жырлайтын Ақбұлақ оқиғасынан соң дүниеге келген толғауларының көбінде-ақ ол қаһарманын табиғаттағы жүректілік өлшемі болып табылар небір айбынды аңдар мен құстарға, табиғат құбылыстарына меңзей суреттейді. Сондай ұғымдарды берер эпитет, салыстыруларды мол қамтиды. Мәселен, ақын:

«Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме?
Кермиығым, кербезім,
Керіскідей шандозым,
Құландай ащы дауыстым,

³⁴ Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 91-б.

Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым,
Хиуадай базарлым,
Теңіздей терең ақылдым,
Тербенбес ауыр мінездім,
...Арыстан еді-ау Исатай.
Бұл фәнидің жүзінде,
Арыстан одан кім өткен?!
Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз. ...
Тайманның ұлы Исатай,
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді...
Исатайды өлтіріп,
Серкесінен айрылып,
Сергелдең болған біздің ел.
Ер қабыланын жөнелтіп,
Елсізде қаңғып қалған шақ.
Кім айтады бізді мұңсыз деп?!

Осында Исатай бейнесін беру мақсатында пайдаланылған тарлан бүркіт (тарлан), арыстан, қабылан, құлан, құлжа, серке секілді қыран мен аңдардың қасиеті оның кім екендігіне бірден анықтама береді. Бұлар жазба әдебиетте адамның характерін, тындырған ісін көрсету үшін нақтылықтан алшақ жатқан жалпылама баламалар болғанмен, ауыз әдебиетінде барынша нақты ұтымды айтылған сөздерге жатады. Ақын халық ұғымындағы қылықтары, тұрпаты әбден белгілі табиғаттағы осындай жаратылыс иелерімен кейіпкерді салыстыру арқылы қаһарманның кейіп, бейнесін айқындай түседі. Ол бұл жолда алмастырудың алуан түрін қолданады. Мәселен, қазақ қауымы үшін «серке» болу көсемдіктің, ал, арыстан мен қабылан – ерліктің символы, т. т. Демек, Махамбет бұл ретте «батыр бейнесін жасауда... ерліктің белгісі – жолбарыс, өрліктің белгісі – бесті асау, зорлықтың белгісі – жайын, қаттылықтың белгісі – қарағай мен қайың»³⁵ деп білген Жиёмбеттер үлгісінен көп алыс кетпейді. Дәстүрі тұрғысынан тіпті ұқсас.

Жалпы ақын әдеби алмастыру әдісін Исатай образын сомдауда

³⁵ Дербісәлин Ә. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982. – 46-47-б.

ғана емес, өзінің, сондай-ақ, көтеріліс дұшпандары – Жәңгір мен Баймағамбет бейнелерін жасауда да кеңінен пайдаланған. Мәселен ол:

Бозағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Ел құтқарар ер едім –
Жандаспай ақыры бір тынбан.
Томағалы сұңқар мен едім...
...Шамдансам жығар асаумын,
Шамырқансам сынар болатпын...
...Исатайдың барында,
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегіскен дұшпанға,
Қызыл сырлы жебе едім...
Мен құстан туған құмаймын...

Мен қарақұстан туған қалықпан.., – дейді. Ақын мұнда өзін – сұңқар, құмай, аңызда айтылар қыранның ең алғыры – қалықпан, шамданса жықпай тынбас асау, дұшпанына ажал оғы бола білген – жебе етіп көрсетеді. Бұл да ел қамын ойлаған өжет те, өр тұлғалы ердің бейнесі еді. Ал Исатайдың соңынан ерген ерлер жайында ол былайша толғанып:

Атадан туған әруақты ер,
Жауды көрсе жапырар,
Үдей сокқан дауылдай.
...Айтып, айтпай немене,
Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан тағында-ай, – деп қайырады. Мұнда халық күшінің қандай күдірет екендігін оптимистік тұрғыда түсіну бар.

Махамбеттің авторлық позициясы дегенде елемеуге болмайтын бір жай бар: ол – ақынның кейіпкерлеріне, яки дос, дұшпандарына байланысты көзқарасының өте айқындығы. Автор өзінің жек көрген, жауласқан адамымен қайтара тіл табыспаған. Ал шын сыйлаған жанына достыққа берік болған. Мысалы, Исатай бейнесі жасалатын толғауларының қайсысына назар салсаңыз да оған деген көңіл күйі бірқалыпты. Рас, 1837 жылғы ноябрьдің алғашқы он күнінде көтерілісшілер Жәңгір ордасын қамайтын тұста «ханды шауып алайық» деген оның сөзіне Исатай көнбей, он күн мұрсат беріп, алданып қалған сәттерін жырлайтын шығармаларындағы «амал барда хан шаппай, тәңірім қылды не амал бар» дейтін жолдардан өкініш табын

сезбей қалмайсыз. Мүмкін, ол батырға осы қылығы үшін өкпелеген де, тіпті ренжіген де шығар. Оның сондағы көңіл-күйі «Әй, Махамбет жолдасым» толғауында көрініс тапқан. Автор мұнда батырдың қате шешіміне, оның қасындағы кеңесшісінің тілін алмағандығына қатты қиналатындығын кейіпкер монологы түрінде берген. Өмір шындығын өнер шындығына айналдыруда мұндай әдісті қолдану бар жағынан да ұтымды. Біріншіден, ары мен абыройына табынған батырдың алдында ақынның ары таза болады. Екіншіден, шындықты батыра айтуына мүмкіндік мол. Өйткені, өзгеден гөрі, өз атымен айтылған сынның зілі кем. Бір ғажабы, Махамбеттің сәтсіздікті күйзеле отырып жырлаған туындыларында да оның көтеріліс басшысына деген пікірі өзгермейді, оған сенімсіздікпен карамайды. Ал, Исатай өлген соң ақын оның халық үшін жасаған ерлігіне, азаматтық болмысына тіптен шаң жуытпайды.

Керісінше, бұлардың соңынан шам алып түскен Жәңгір мен Баймағамбет немесе оның тілектестері дегенде ақын сөздері бітімшілік іздеместей тым адуын. Мәселен, Жәңгірге «хан емессің – қасқырсың... қара шұбар жылансың. Хан емессің аянсың, айыр құйрық шаянсың» десе, Баймағамбетке «Сендей нарқоспақтың баласы маған оңаша жерде кездессен» дейді. Оларға кіжіністі білдіретін осы метафоралық алмастыруларда қаншама зіл, жауыққандық белгісі жатыр. Немесе Махамбеттің Ордадан кетерде ханға айтты дейтін толғауындағы «Он екі төбет, шұнақ хан, шабатының – ел екен, күндейтінің – мен екем, хан ұлына қас болу, қара ұлына дос болу, мендей ерге жөн екен!» деп, Жәңгірді шұнаққа, қасындағы он екі биін³⁶ иесінің айтағымен бет алды арпылдап үрер төбетке балауында да ашырудың, жауығудың қандаспай тынбас белгісі көрініс береді.

Тегінде, ақынның жауына қарсы айтылған қай шығармасын алсаңыз да, оның дұшпаны алдында жүні жығылған сәтін байқамайсыз. Жыр нөсері үстінде көтерілісшілердің алдына қойған мақсаты да, жауларының құлқы, пиғылы, істеген істері де, ең ақыры ақынның өз кейпі де тасқа таңба басқандай көрінеді. Сөйтіп, оның бұл кездегі толғаулары да қазақ әдебиеті тарихындағы билеушіге қарсы айтылған сөздердің ең ауыры ретінде ерекшеленеді. Ал саяси жағына келсек, ақынның қай билеушімен болса да жауығуының түпкі себебі – «қара ұлына дос болып, хан ұлына қас болып» деп өзі айтқандай, жеке бастың араздығынан емес, каналудан көз аспаған елдің мүддесін

³⁶ Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. – Алма-Ата. 1982. – С. 119.

ойлағандықтан еді. Махамбеттің ақындық өнерінің кемелділігі де осында. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалға жүгінейік:

Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай даусын ақыртып,
Басын кессем деп едім...
...Тақта отырған хандардың,
...Әлдилеген баласын,
Жетім етсем деп едім...

Немесе:

Хан баласы ақсүйек,
Ежелден табан аңдысқан.
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.

Міне, бұл жолдар оның ешуақыт жауынан құты қашып көрмегендігін дәлелдейді. Бұл аз десек, ол осы толғаулар топтама-сында өзін «беркініп садақ асынған, біртіндеп жауды қашырған. .. кескекті ердің сойымын, кескілеспей бір басылман, алдына келіп тұрмын деп, ар-намысым қашырман. Сүйегім тұтам қалғанша, тартынбай сөйлер асылмын ... Бойың жетпес биікпін»... деп көрсетеді. Сөйтеді де: «Айта келген сөзім бар, не қылсаң да жасырман ... кәр қылар деп «тақсыр-ау», аяғыңа бас ұрман . .. қыларың болса қылып қал, ... күндердің күні болғанда бас кесермін – жасырман... Жазға бір ай қалғанда, бөліне көшкен еліңді, бөріккен қойдай қылармын, жарыла көшкен еліңді, жаралы қойдай қылармын ... орданды талқан қылып шабармын»,– деп нақты ойын білдіреді.

Баймағамбетке айтқан осы сөздері арқылы-ақ ол өзінің батырлық бейнесін жасаған ақын ретінде қабылданатыны күмәнсіз. Сонымен қатар оның осы жолы аға сұлтанға: «Арқаның алпыс екі саласына барғанда, айдаһардай арбадың, арбадың да қалмадың... қайта-қайта ізденіп, менде қандай ақың бар еді-ау?.. Көрмес, келмес деп едім, өз еркімнен бетіңді-ай! Есігіңнің алдына ұрмай-соқпай келтірген, арманың барма құдайға, мынау Махамбет сынды жетімді-ай!», – деуінен тарихи біраз жайдың ұшығы шығады. Ақынның өзінің кіріптар қалыпта айдалып келгендігін аңғартуында көп мән бар. Біріншіден,

бұдан біз оның «ежелгі жауымен» тұтқын қалпында кездесіп тұрғанын байқаймыз. Екіншіден, Баймағамбеттің оның соңына көп түскендігін аңғарамыз. Сөзіміздің деректілігін көрсету үшін осы жайларды дәлелдер бірсыпыра фактілерге назар аударуды орынды деп білеміз.

Махамбет Исатай батыр өлгеннен кейін де жауларына қарсы шабуылдар ұйымдастырып отырған. Соның бірі 1838 жылдың 23 июлі күні болған. Ол жолы мұның қасында Исатайдың баласы да бар еді. Бұлар біраз жігіттерді бастап 1-ші, 2-ші дистанция бастықтары, сұлтандар Мұртазғали Өзбекғалиев пен Табылды Шерғазиндердің ауылдарын шапқан. Кейін, 1840-шы жылдың жазында генерал-майор Жемчужниковке жол көрсетуші болып қайтып келе жатқан Байтерек Бердалиев. Тиес Саудабаевтарға тиісіп, сол жылдың декабрінде ішкі Ордадан Ақтай Мұнаев дегеннің үйірлі жылқысын Жайықтың сол бетіне қуып өтеді.

Ақыры 1841 жылдың январында Орынбор губернаторы Урал казак әскерлерінің атаманы мен Баймағамбет Айшуақовқа оны жедел ұстауға әмір еткен. Бірақ, оны Баймағамбеттің Аспандияр Сүйеуғалин, Мұхамедқали Тәукин бастаған кісілерінен біразға дейін халық жасырып отырған. Әйтседе тіміскілеуші топ дегеніне жетпей қоймайды. Сол жылдың март айында сұлтан Мұртазғали Өзбекғалиев Махамбетті Каспий маңындағы ел ішінде дегенді естіп, Горск бекінісінен 40 казакты қасына ертіп барып оны Текеш, Дада Тілекеевтер дегеннің аулынан тұтқындайды. Халықтың айтуынша осы жолы Махамбетті Баймағамбетке әкеледі. Аға сұлтан сол жолы ақынның лебізін тыңдауға ықылас білдіреді³⁷. Міне, жоғарыдағы толғаулардың айтылуында осындай сыр бар.

Сондай-ақ, бұл толғаулардан ақынның тек хан мен сұлтанға ғана емес, жалпы ақсүйек тұқымы, үстем тап өкіліне деген көзқарасының қаншалықты айқын болғанын білеміз. Өйткені, осы шығармаларда Исатай мен Махамбеттің көтерілісшілердің күресер адамдары тек Жәңгір деп, соның азғана төңірегі деп қарамағандығына дәлелді дерек бар. Тарихи ақиқатқа жүгінсек, қос батырдың сол кездегі қарулы жасақтары шапқан ауылдардың ішінде тек «хан балаларының» тегі ғана емес, сол ортаның қанаушы табының әр түрлі өкілдері де болған.

Олардың алғашқы ұйымдасқан дауылпаз тобында бір де бір сұлтан, бір де бір қожа тұқымы, немесе тархан атағын алған «тектілерден»

³⁷ Шахматов В.Ф. Внутренняя... С. 229, 242-243.

ешкім болмаған³⁸. Ал, Махамбет осы жайларды жеріне жеткізе жырлап қана қоймай, тіпті өзімен руластарды да таптық тұрғыдан, пиғылы бойынша жеке бөліп қараған кісі. «Атасы беріш болса да, артық пайда көрмедім, Егіз бенен Балқыдан» дейтіні соның дәлелі. Өйткені, Балқы Құдайбергенов Жәңгірдің хан кеңесіне мүше он екі биінің бірі де³⁹, оның туысы Егіз Құдайбергенов сөз жүзінде Исатай, Махамбетті жақтаушы, көтерілісті қолдаушы болып көрініп, іс жүзінде ханға тілеулес тыңшылық жұмысын атқарған кісі⁴⁰.

Тегінде, Махамбет дұшпаны мен достарын тану, бағалау тұрғысынан солқылдақтықты білмеген. «Тыңда, халық, әлеумет – көп кісіден анықпын», – деп өзі айтқандай, оның қай істе де айқын, анықтығымен ерекшеленетіндігі шүбәсіз. Ол қашанда өзінің осы тас түйіндігімен, бір сөзділігімен замандастарын мойындатқан. Сол қасиетінің арқасында ол моюды білмеген.

Махамбет Өтемісов – қазақ әдебиеті тарихында тек халық өкілін, оның нар мінез, ер қылықты көсем ұлы Исатайдың, жалпы ұнамды адамдардың бейнесін сомдап қана қоймай, сонымен бірге тұңғыш рет өзінің ақындық портретін жасаған дарын ретінде аталып жүр⁴¹. Бұл ретте ол әдеби алмастыру әдісімен өзін көтеріліс басшысы Исатаймен қосарлай тарлан бөріге, аққуға теңесін, жеке басын ілгеріде айтылғандай, асауға, сұңқарға, жебеге, құмайға, қалықпанға баласын, болмаса лашынның текпіні өтіп мекенінен айрылған көл иесі – қызғыш құс пен өзінің жағдайын айтып, қос мұндық – адам мен құстың өзара ұқсас жайлары арасына параллельдер жүргізсін, осының қайсысында да, ол өз бейнесін көтеріліс рухынан, соның тынысынан тыс көрсетіп көрген емес. Шындап келгенде оның творчествосынан өзге тақырып табу қиын. Өйткені, оның көзі жұмылғанша барша тілегі, ниеті осындай ұлы мақсат жолында болған.

Ол өздері бастаған таптық күрестің жалғасын келешек ұрпақтан көруді де мұрат тұтқан жан. «Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса, атаның кегін қумаса... Ханнан қырық туғанша, қарадан бір-ақ тусайшы. Халықтың кегін қусайшы – артымыздан біздердің ақырып теңдік сұрарға» деген жолдар осыған дәлел бола алады. М.О. Әуезов оның

³⁸ Рязанов А. Ф. Восстание... С. 66.

³⁹ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда... С.112; Зиманов С. Россия Букеевское ханство. С.119.

⁴⁰ Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы. 1979. – 51-б.

⁴¹ Дербісәлин Ә. Дауылпаз ақын // Социалистік Қазақстан. 1979. – 17 октябрь.

творчествосын бағалай келіп: «Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған өзгеше ақын болған емес»⁴², – десе, Қ. Жұмалиев: «Махамбет өлеңдерінде қамшының өзегіндей тартылып жатқан идея – қанаушы тап өкілдеріне қарсы өзінің және халықтың өшпенділігін, олармен еш уақытта келісімге келмейтіндігін жеріне жеткізе жырлаушылық. Сол дәуірді алсақ, бұл мәселеге бүкіл шығыс елінде Махамбетпен ешкім таласа алмай-ды»⁴³, – деген еді. Бұл пікірлердің оның бүкіл ақындық, азаматтық болмысын сол дәуірдегі үлкен географиялық аймақтағы жалпы әдебиет пен тарих ауқымын назарда ұстай отырып айтылғанында дау жоқ.

Қысқасы ақынның көптеген туындылары көзі қарақты оқырманына өздері бастан өткерген нақты жағдайлардың дерегін бере білгендігімен қымбат. Мұнан тарихи шындықтың көркемдік шындыққа ұласуын көреміз.

Сондай-ақ, «Ереулі атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Орай да бойрай қар жауса», «Ерлердің ісі бітер ме?» «Толарсақтан саз кешіп», «Толғау» сияқты ақын туындыларында нақты деректер келтірілмесе де, бұл шығармаларда өз тұрғысында көтеріліс рухын айқын танытуымен бағалы. Ақынның осы соңғы шығармаларының өзінде сол дәуірдегі тарихи шындықтың сәулесі, көтерілісшілер өткен жолдың ізі, олардың бастан кешкен қиындығы мен алабұртқан көңіл-күйлері жарқырай көрінген. Бұл туындыларсыз 1836-1838 жылдардағы шаруалар көтерілісі жайлы ереуіл жырларын көзге елестету мүмкін емес. Оның қай қайсысы да Махамбеттің жауынгер ақын ретіндегі дарынын, өз болмысын терең ашатыны даусыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халқымыздың тарихында аты әйгілі Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісінің ұлт-азаттық рөліне Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы арқылы сараптама жасаңыздар.
2. Көтеріліс көсемі Исатай бейнесін жасаған Махамбет туындылары туралы өз пікіріңізді білдіріңіздер.
3. Махамбет ақын шығармасындағы Жәңгір хан бейнесін тарихи деректермен салыстыра отырып талдаңыздар.
4. Көтеріліс туралы, оның жалынды жыршысы Махамбет туралы М.Әуезов, Қ.Жұмалиевтердің берген бағасына сараптама жасаңыздар.

⁴² Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. – Алматы, 268-б.

⁴³ Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967. – 99-б.

5. Ақын туындыларында өрнектелген оқиғалардың мезгілі мен мекенін тарихи еңбектер мен архив материалдары арқылы нақтылы көрсете білген ғалымдардың зерттеулеріне баға беріңіздер.
6. Махамбеттің Шонты би, Баймағамбет туралы шығармаларының мәні мен маңызына тәуелсіздік заманының көзқарасы тұрғысынан талдау жасаңыздар.

ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ **(1807-1867)**

Сан ғасырлық қазақ поэзиясының аса елеулі шығармашылық тұлғаларының бірі – Шернияз Жарылғасұлы. Ақын 1807 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Жарыпшыққан өзені бойында, «Жарылғас – әкем аты, шешем – Тойлан» деп, өзі жырлағандай, Жарылғас есімді көшпенді қазақтың шаңырағында өмірге келген. Әкесі өз кезінде еліне белгілі болған «Жарылғас би» атанған кісі. Ақын 60 жыл өмір сүріп, 1867 жылы өмірден өткен. Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданына қарасты Мұқыр станциясына таяу маңдағы «Шернияздың ағы» атанатын боз төбеге жерленген.

Кез келген көрнекті шығармашылық тұлғаның аты аталғанда есімімен қатар айтылатын айырықша шығармасы болатыны белгілі. Ондай жағдай әлемдік классиканың ұлы тұлғалары – Данте мен Гете, Бальзак пен Толстой, Пушкин мен Байрон, т.т. әлемдік масштабтағы қаламгерлерге ғана емес, әрбір ұлттық әдебиеттің халқына белгілі көркем сөз шеберінің баршасына тән. Бұл тұрғыдан келгенде Шернияз есімі «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?» – деп басталатын туындысымен қазақ даласының қай атырабына болсын кеңінен мәлім. Автордың ол туындысын әр кездерде мектеп партасын көргендер ғана емес, «әліпті таяқ» деп танымайтындардың өзі жатқа білген, ерекше қадірлеген. Өйткені, бұл шығарма – әртүрлі әдеби машықта өмір кешкен қазақ әдебиетіндегі өзге әріптестеріне мейлінше ұқсамайтын, бүкіл шығармашылық болмысы ерекше от ауызды, орақ тілді, қарсыласын шенеп, мысқылмен мұқатуға келгенде алдына жан салмайтын жүйрік ақынның көпке мәлім көркем туындысы. Сол тұрғыдан келгенде бұл туынды Шерниязды Шернияз етіп тұрған барша шығармаларының кілті іспеттес.

Әрбір ақынның шығармашылық өмірбаяны оның азаматтық өмірбаянымен тығыз байланысты болып келетіні қадім заманнан белгілі. Шернияздың шығармашылығы да оның өмірімен тығыз байланысты. Атақты Нұртуған ақынның Жәмет жырау арқылы хатқа түсірілген мәліметі бойынша Шернияз жасы жиырмалардағы кезінде Исатайдың атақ-данқына құмартып, оны Бөкей, ордасына іздеп барды. Бұл 1830 жыл болатын. Исатай сол кезде қарадан шыққан хан тектес болып, елінің жоғын жоқтап жүрген аса биік абырой иесі болатын. Өйткені, сол уақыттағы Бөкей ордасындағы халықтың әлеуметтік хәл-

ахуалы аса ауыр болатын. Ордадағылардың үштен бірі жерсіз қалғанды. Олай болатын себебі, сол кездегі бұл атыраптың билеушісі Жәңгір хан жергілікті әкімдер мен сұлтандарға өзіне көрсеткен қызметтеріне сый ретінде шұрайлы жерлерді бөліп беріп, оның төңірегіндегі айналасы 25-30 шаңырақ иелері хандықтың 85 пайыз көлеміндегі жерін иеленетін-ді. Оның үстіне Жәңгірдің мемлекеттік салық ретінде зекеті мен соғымы, әр үйден алынатын бес пұт жабағы жүн, бір түйе шөп, базарға сатылатын әр бас малға төлейтін бір сом ақша, әр ру үшін хан сарайында ұсталатын 14 хабаршы-шабарманға төленер жалақы, ат-көлік, киім-кешек салығы, онсызда титықтап отырған бұқара үшін аз ауыртпалық емес-ті¹. Ал, малы жоқтың жабағы салық, жері жоқтың шөп салығын төлеуге мәжбүрлігі халықты ашындыратын-ды. Сөйтіп, Шернияз келген тұстағы Бөкей ордасы-үлкен бір дауылдың алдындағы жағдайды елестететін-ді. Осындай кезге тап болған, елдің көңіл күйін жанымен қабылдайтын үлкен талант иесі мұнан кейін не болса да ел қамын жеген ерлер – Исатай мен Махамбеттің қасында болуды өзінің азаматтық парызым деп біледі. Ақынның халық деп соққан жүрегінің жан-күйін Исатай да, Махамбет те бағалайды. Шернияз өзін осы кісілердің, әсіресе Исатайдың қалай қадірлеп, қамқорлыққа алғанын Баймағамбет: «Сен, Исатайды мақтай бересің, Исатайдың қылған ісі, сипатын айтшы, Исатайдың бергенінен асыра жомарттық қылам», – дегенде, оның басына үй тігіп, алдына мыңғырған мал салып, қалың малын төлеп әйел алып бергенін тамылжыта суреттейтіні содан. Бұл шығармасында ақын өзінің Исатайды іздеп келгенде әлі үйленбеген жастығын, қайда мереке болса мұның соның ортасында думандатып жүретін бозбастығын, бәр-бәрін жасырмай суреттейді:

– Басында Шерниязың бойдақ еді,
Перінің жүрген жері ойнақ еді.
Бозбастық, бойдақтылық қуғаннан соң,
Исатай тұсаулауға ойлап еді.
Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп,
Исекем жік-жапар боп қоймап еді.
Сонымен қыз қарадым жанат киіп,
Қыздарда қырындайды манат киіп...

¹ История Казахской ССР, т.3. с. 134-135; Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – Кзыл-Орда, 1927. – с.8-9; Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1946. – с.65-66.

Сұлудың жұрт мақтаған бәрін көрдім,
Кейі аласа келеді, кейі биік.
Аққұлыншақ дейтұғын аққұбаны,
Алыстан таңдап жүріп алдым сүйіп.
Исекем оған берген қалың малын,
Аққұлыншақ, айырылдым сүйген жарым.

Ақын өзінің Исатайға қандай сыйлы болғанын «Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп, Исекем жік-жапар боп қоймап еді», – деген сөздермен береді. Егер Шернияз Исатайға, ол басшылық жасаған ұлы іске еңбегі сіңген сыйлы адам болмаса, оған «үйлен» деп жалына ма?.. Шернияз сондай үлкен құрметпен жүріп қолы жеткен жарын жоғалтқан. Мұның өзі де арнайы жырлауға лайық үлкен тақырып. Бірақ ақын өзінің қасіретін – күллі қазақ болып жоқтайтын Исатайдың қазасы деп білген.

Шернияздың жоғарыдағы ұлы оқиғаға бастан-аяқ қатынасқаны, Махамбетпен ұзақ уақыт бойы достық байланыста болғаны, ал көтерілістің көсемі – Исатай Таймановтың азаматтық ерлік тұлғасын басына қандай ауыртпалық іс түскен кезде де барынша асқақ жырлаудан тайсалмағандығы ақын мұрасын зерттеген барлық әдебиетшілерде де баса айтылады². Оның Исатайды жырлауы Махамбет толғауларына қарағанда формасы, айтылу әдісі тұрғысынан біраз өзгеше. Олай болар жөні бар. Егер Махамбет көтеріліс көсемін өздері бірге атқарған істің ауқымында оқиғалардың мақсат-мазмұнында көрсетіп келген болса Шернияз оның батырлығымен қоса, азаматтық кейпін оған деген өзінің сүйіспеншілігін негізінен өзі үшін қолайсыз жағдайда, тағдыры қыл үстінде тұрған кезде табан асты суырып салып айтқан өлеңдерінде бедерлеген. Халықтың айтуында Баймағамбет сұлтан ақынға әзіл үшін әуелі әйелін, қыздарын жамандатып, өзінше соған мәз-мәйрам болады да, Шерниязға «енді өзімді жаманда» дейді. Ақын: «Шыдамай Шерің қозғап шынын айтса, қылышпен алтын сапты басты аларсың» деп жөнін айтса да, «басыңды алмаймын» деген сөз беріп, төмендегі жырдың өмірге келуіне себепкер болады:

Аржақта Арынғазы дүбірлеген,
Бай-еке, елің бар ма бүлдірмеген?..

² К. Жумалиев. Шернияз Жарылгасов. История казахской литературы. Т. 2. – Алма-Ата, 1979. – С. 83-89.

Кешегі Исатайдай есіл ерді,
Дұшпанға ұстап бердің тіл білмеген.
Айдаттың жалғыз бауырым Исатайды,
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлеген.
...Па шіркін, Исатайдай сабаз тумас!
Қас итсің қасыңа да адам жуымас.
Ел ұстап, жұрт билейтін қылығың жоқ,
Хан емес, қас қатынсың, мұңдар қу бас.

Мұндағы ақынның Баймағамбетке Исатайды «Дұшпанға ұстап бердің» деуінің мәнісінен, жоғарыда айтылған Ақбұлақтағы қырғынға (1838 жылдың 12 июліндегі) қатынасты жайлардың кебінен сыр суыртпақтап отырғанын тануға болады. Ал, «қас итсің... жұрт билейтін қылығың жоқ, хан емес, қас қатынсың» дегендер оның іс-қылығында жауыздықтан басқа, жақсылық жоқ екенін ашық айтуы...

Ақын аға сұлтанға қаншалықты жиренішпен қараса, ел қамқоры – Исатайға келгенде, оған соншалықты ыстық ықылас, туыстық махаббатпен емірене сөйлейді:

Сағынам ауызға алсам Исатайды,
Ер тумас ел бағына ондай жайлы.
Қарадан халқы сүйіп «ханым» деген,
Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы.
Исатай ділмар еді топтан озған,
Нар еді бәйтерекке басын созған...
Ер тумас ел бағына Исатайдай,
Мінезі толқушы еді толған айдай...
Ер еді, құтым еді, о, дариға-ай!
Исатай – ел еркесі, ел серкесі,
Бір мен емес, алашқа жайлым еді,
Елге алғау, маған да алғау ер Исатай,
Айырылып Шерің содан қайғылы еді.

Бұл жолдардан біз Шернияздың Исатайды ел үшін жанын пидаткен, көпшілікке пана бола білген қаһарманның кейпінде суреттеуді мақсат еткенін және соны халық поэзиясының көркемдік арсеналы негізінде ұтымды шығара алғанын байқаймыз. Оның «Нар еді», «Толған айдай», «ел еркесі», «ел серкесі», деуі соның дәлелі.

«Егер Исатай тірі болып, кездессең не дер едің» дегенде, Шернияз Баймағамбетке қарап:

Бармысың, жауға түскен алтыным-ай,
Самалым, саз қонысым, салқыным-ай!
Жауыңның қоржынына түсіп едің,
Шықтың ба, аман-есен жарқыным-ай!

Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай!, – деп мойнынан құшақтар едім дейді.

Шернияздың бұл жерде Махамбетке ұқсастығы – адамдық тұрғыдан Исатайды барынша жақсы көріп, оның дұшпандарының бірі – Баймағамбетті жек көруінде болса, ақындық тұрғыдан сол тарихи тұлғалардың адамдық кейпін әдеби алмастыру, метафора әдісімен өрнектеу ерекшелігінде жатыр дер едік. Егер Махамбетте Баймағамбет «нар қоспақтың баласына» теңелсе, Шерниязда біресе жай итке, біресе төбет итке баланады. Сондай-ақ, аға сұлтанның сол кез түсінігінде «қас қатынға» теңелуі де жақсы емес. Ал Исатай болса, мықтылық, көсемдік, ерлік, сүйкімділік өлшемдері – нарға, серкеге, алтынға, алтын сапты қылышқа, самал жел, сазды қонысқа салыстырылады. Мінезділігі толған айдың нұрына меңзеледі.

Әлбетте, революцияға дейінгі қазақ поэзиясында әйел адамның сырбаз мінезіне ерекше орын берілгенмен, ер адамдарға, оның ішінде батырға келгенде, бұл жай, көбінесе, қалтарыста қала беретін. Шернияздың Таймановты осыншалық мінезді етіп көрсетуінде белгілі бір мақсат бар. Оның Баймағамбет жөніндегі сөздерінен аға сұлтанның ақылсыз, ісінде дәйек жоқ адам екенін анық көресіз. Сөйтіп отырып «ел еркесі, ел серкесі – Исатайдан» өзін жоғары санайды. Қызғаншақ, ұсақтығын аяқ басқан сайын көрсетіп алады. Ондай адамда қандай кісілік, бәтуа, береке болмақ? Міне, ақынның Баймағамбетке Исатай мінезін ерекше атап көрсетуінде осындай астар бар. Кемеңгер кісі болу үшін алдымен кемелді мінез иесі болу керек, ал ол «хан тұқымымын деп бәлсінген сасық көкірек бұндай адамнан емес, ел қамын ойлар парасат иесінен табылмақ» деген терең мағынаны аңғартады.

Шернияз Исатай Тайманов көтерілісіне қатысқанымен, оның еңбір жақын серігі, қысылтаяң кездегі ақылшысы, көтеріліске рух берген М. Өтемісов дәрежесіндегі жалынды жаршысы болған жоқ. Оның шығармаларында кездесер шаруалар көтерілісінің қанды оқиғалары, нақты деректері де көп емес. Бірақ соған қарап ақынды көмескі көптің бірі деуге болмайды. Мәселен, көтеріліс басылғаннан кейін оны Баймағамбет сұлтан, Жәңгір хан, Перовский бастаған әмірлі қауымның

соңынан қалмай іздеуі³ осының дәлелі. Сосын Баймағамбетті өзі іздеп баруға тәуекел етіп қана қоймай, оған сол алғашқы кездескен жолы-ақ жер-жебіріне жетер сөздерді айтуға батылдығы жетуі, жүректілігі, астарлы мысқылға жүйріктігі оны өзі тұрғыластардан ерекшелемей қоймайтын қасиет. Октябрь революциясына дейін-ақ Қазақстанның әр түкпірінде, Көкшетау, Жетісу, Баянауыл өңірлерінде ақын шығармаларының ел аузында жүруі тегіннен тегін емес. Халықтың сауатсыз кезінің өзінде оның осындай мәшһүрлікке ие болуының себебі: әлгіндей қыл көпірдің үстінде тұрған сәтте де тайсалмаған жүректілігін талантты бағалай білетіндердің сыйлағандығы, ол жырлаған халық перзенті – Исатайдың ерлігіне деген елдің сүйіспеншілігі дер едік.

Шернияз Жарылғасұлы шығармалары 1925 жылдан бері жеке кітаптар мен әртүрлі әдеби жинақтарда үзбей жарияланып келеді⁴. Оларға Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, тағы басқа зерттеушілер лайықты баға берген. Ақын творчествосын оқыту жоғары және орта мектептер программаларына енгізілген. Соңғы жылдары Б. Аманшин, Қ. Сыдықов⁵ оның өмірбаяны жөнінде нақты деректер беретін мақалалар жариялады.

Ақын шығармашылығын елге танытуда әсіресе академик Қ. Жұмалиев еңбегі арнайы айтуды қажет етеді. Шернияздың жерленген жерін тауып, оның туған, өлген жылдарын ақын қабырының басына қойылған құлпытастағы жазуы арқылы анықтаған Б. Аманшин мен Қ. Сыдықов еңбектері де – өз тұрғысында еленуге тұрарлық жұмыстар.

Шернияз шығармалары оқырман қауымға бірнеше нұсқада жеткен. Солардың ішінде көпшілікке ерте таныс болған үш нұсқаның – Көкшетаулық Алыш ақын мен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, жетісулық

³ История казахской литературы. Т. 2. – Алма-Ата, 1979. – С. 84.

⁴ Терме. Ташкент, 1925. №1; Шернияз. Теруші Сейітбаттал Мұстафаұлы. Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы. – М., 1925; Антология казахской поэзии. – М., 1958; Ақын жырлары. – Алматы, 1958; XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы. – Алматы, 1962; Үш ғасыр жырлайды. – Алматы. 1965). (Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-т. – Алматы, 1958; Соныкі. Ш. Жарылғасұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т. – Алматы, 1961. 2-кітап; Его же. Ш. Жарылғасов // История казахской литературы. Т.2. С.62-90; Соныкі. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967. – 86-143-б; Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. – 112-б., Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы 1997. – 500-516-бб.

⁵ Қазақ әдебиеті. 1977. 21 октябрь; Вечерняя Алма-Ата, 1977. 12 сентября; Сыдықов Қ. Шернияз ақынның ескерткіші // Қазақ ҒА хабаршысы. 1980. №10.; Тілепов Ж. Махамбет пен Шернияз // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы. Ғылым 1988. 322-349-бб.

Омарбек варианттарының орны айырықша. Бұлардан басқа Шәйіп Нұржігітұлының «Шернияз тарихы», Жәмет жыраудың «Ақкете Шернияз өлеңі» деп аталатын қолжазбалары да бар. Осылардың ішіндегі Алыш ақын нұсқасы мен Омарбек нұсқасы 1925 жылы Москва мен Ташкентте жеке жинақ болып жарияланғаны белгілі. Жалпы осы бес нұсқаның қай-қайсысының да өз тұрғысында Шернияз мұрасын танытуға қосар үлесі елеулі. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының әдебиет тарихы бөлімі қызметкерлері дайындап, 1985 жылы «Ғылым» баспасынан жариялатқан «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» атты жинақта бұл нұсқалардың барлығының да материалы толықтай ескерілген.

Ш. Жарылғасұлы қазақ әдебиетінде Махамбет Өтемісовтен кейін Исатай мен Баймағамбеттің бейнесін жасаған көркем сөз тарланы болып саналады. Және ол жырларды басына қылыш төніп тұрғанда табан асты суырып айтқан. Сөз жоқ, ол бұл тұрғыда теңдесі жоқ импровизатор, жүрегі селт етпейтін батыр. Бәрінен бұрын ол кекесін, мысқылдың шебері. Ол Баймағамбеттің қылышы басына төніп тұрғанның өзінде:

– Қолында ханзаданың қасқа қылыш,

Түсесің қаһарлансаң тасқа қылыш, – деп сөзін бастайды да, ары карай:

– Арғы атаң болып өткен Арыстанбек,

Өткен жоқ ол да сендей данышпан боп... деп Баймағамбетті кекетеді. Ал, өзін кекетпек болған сарай ақыны Медебайды «Ханыммен бірге отырып тамақ жейтін, құжырайып отырған бұл қай неме» деген сөзінен ұстайды да, оны:

– Осы ма Медебайың хан мақтаған,

Қолында домбырасы бармақтаған,

Хан алдында немесін салмақтаған,

Көргенісіз неткен есер қалжақтаған, – деп табан астында жерге қаратады. Бұл оның айтыскер ретінде де ерекше қабілет иесі екендігін дәлелдейді.

Шернияздың сонау ежелгі жыраулар үлгісімен өмірдің өтпелілігін, жаратылыс құбылыстарының сыры мен сынын, жақсы мен жаманның ара-қатынасын таразыға тартқандай тебірене термелейтін бірсыпыра туындылары да бар. Бұл тұрғыда ол әлемнің құпия жайын тыңдарманы құлағына құйып, санасына сіңіргелі отырған сонау арғы заманның көпті көрген, көп ойланатын көне көз абызы секілді болып елестейді. Ал, нағыз алып таланттар осындай сан қырлылығымен өзіне іңкәр етсе керек-ті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шернияз Жарылғасұлының қазақ әдебиеті тарихында өзге ақындарға ұқсамайтын жүрек жұтқан кейпін көрсететін туындыларына сараптама жасаңыздар.
2. Шернияздың Исатай бейнесін берудегі, Баймағамбет тұлғасын өрнектеудегі Махамбет шығармаларынан өзгешелігі неде?
3. Шернияздың кекесін, мысалға шебер ақындығын көрсететін туындыларына талдау жасаңыз.
4. Шернияз ақын туындыларының Алыш, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Омарбек, Шәйіп, Жәмет жырау аттарымен аталатын нұсқалары туралы пікірлеріңізді білдіріңіздер.
5. Шернияз мұрасын зерттеген ғалымдар мен жерленген жерін анықтаған азаматтардың еңбектеріне сараптама жасаңыздар.

СҮЙІНБАЙ АРОҢҰЛЫ (1815-1898)

Қазақ халқының он тоғызыншы ғасырдағы әдебиетінде ерекше орны бар, ел мүддесі үшін бүкіл өмірін арнаған аса көрнекті шығармашылық тұлғаның бірі – Сүйінбай Аронұлы. Адуын мінезді, терең ойлы, өткір тілді ақынды қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл ақын: «Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай... Сүйінбай деп жырласам, сөз келеді бұрқырап қара дауыл құйындай», – деп өзіне өмір бойы пір тұтып өткен. Өйткені, шын мәнісінде, ұлы қаламгер Мұхтар Әуезов айтқандай, «Сүйінбай – Жетісу ақындарының алтын дінгегі», – еді.

Сүйінбай Аронұлы 1815 жылы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Қарақастек ауылында (бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Ұзынағаш болысы, үшінші ауылда) Арон Күсепұлының отбасында өмірге келген. Ақынның арғы атасы Күсеп Жиенқұлұлы (1701-1791) ақын, жыршы, қобызшы болған. Сүйінбай мұрасын зерттеушілер оның бабасы Күсепті «Өтеген батыр» жырын шығарған, «Мың бір түн», «Шаһ-наме», «Көроғлы», «Тотының тоқсан тарауы» дастандарын жырлаған үлкен өнерлі адам деп біледі. Сондай-ақ, оның балалары Жаңбыршы мен Жаманак ел арасына жыршы, қобызшы, күйшілігімен белгілі болса, кенже ұлы Арон (1750-1835) мәмілегер шешендігімен еліне кеңінен танылған. Сөйтіп, атадан балаға ұласқан бұл өнер Сүйінбайдың Жаманшал, Жұмық дейтін ағалары мен Оспан атты інісін де айналып өтпеген. Соның бір дәлелі – ақын інісіне Жаманшал ағасы: «Отбасында мен жүйрікпін, шаршы топқа сен жүйріксің», – деп, таңғалатын болған¹.

Сүйінбайдың мұрасын хатқа түсіру 1920 жылдардан басталады. Сол жылдарда Түркістан АКСР-і халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған қырғыз (қазақ) ғылым комиссиясы Сырдария, Жетісу облыстарына ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға шыққанда атақты Әубәкір Диваев ақынның бірсыпыра шығармаларын (айтыстарын, өлеңдері мен толғауларын) ел аузынан жазып алған. Соның негізінде болу керек, 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналында (№6) «Апырмау, мынау жатқан Сарыбай ма?» аталатын туындысы, 1931

¹ Садырбаев С. Сұлу, сырлы сөздері // Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары. Құрастырушылар: С. Садырбаев, Е. Естаев. – Алматы: Жазушы. 1990. – 14-15-б.; Үмбетаев М. Сүйінбай Аронұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. 2006. – 104-б.

жылғы С. Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында «Шапқырашты Сүйінбай ақынның қартайған шағында айтқаны» деген өлеңі жарияланды. Бұл істің жалғасы 1935 жылғы І. Жансүгіров пен Ф. Ғабитова құрастыруымен шыққан «Сүйінбай ақын» атты жеке жинаққа, 1976 жылғы «Ақиық», 1990 жылғы «Сүйінбай шығармалары», 1996 жылғы «Таңдамалы шығармалары» дейтін кітаптарға ұласты.

Сондай-ақ, Сүйінбай шығармаларын жас ұрпаққа оқытып, ақын мұрасын еліне кеңінен таныту мақсатында атқарылған істің қатарында С. Мұқанов пен Қ. Бекхожиннің орта мектептің 8-ші сыныбына арналған 1939, 1940, 1941, 1944 жылғы хрестоматияларындағы, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1967), «Саңлақтар сарабы» (1978), «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1986), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1997, 2006) оқулықтарындағы ақын туындыгерлігіне арналған тарауларының да өз кезінде елеулі қызмет атқарғанын айта кету орынды болмақ.

Сүйінбай ақын шығармашылығын ғылыми айналымға түсіруде кейінгі ширек ғасыр уақыт ішінде бірсыпыра елеулі жұмыстар атқарылды. Ілгерідегі Ә. Диваев, С. Бегалин, Ә. Сариев, Ө. Қарғабаев, Б. Жақыпбаев, С. Садырбаев, Е. Естаев, Б. Ақмұқанова, қырғыз фольклористері Ш. Үметалиев, Э. Мұқанбетовтер, т.б. жинақтаған материалдар мен ғылыми пайымдауларды, сондай-ақ, Қазақстан, Қырғыстан архив (мұрағат) материалдарын негізге ала отырып Мұбарак Үмбетаев ақын мұрасы туралы өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында кандидаттық диссертация қорғады. 1992 жылы «Пірім менің – Сүйінбай», 2012 жылы «Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздері», 2015 жылы «Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы» атты ғылыми-зерттеу еңбектерін жеке кітап етіп бастырды. Ал, кейінгі буын өкілі Рафат Әбдіғұлов соңғы жылдары Сүйінбайға қатысты барша материалдарды жинақтап, ақын шығармаларының алғаш рет академиялық толық жинағын баспадан шығарды². Оның мерзімді баспасөз бетінде Сүйінбай шығармашылығы туралы жарияланып жүрген ғылыми мақалалары да өзіндік тың көзқарастарымен оқырман жұртшылықтың назарын аудару үстінде.

Сүйінбай ақынның қазіргі ел білетін шығармаларының барлығы да

² Аронұлы С. Бөрілі байрақ ту етіп. Жинақты құрастырып, түсініктемелерін жазған Р. Әбдіғұлов. – Алматы: Арда, 2015 – 400.

автордың тікелей өз аузымен айтылып, хатқа түсірілмеген жәдігерлік екені баршаға мәлім. Өзі туралы «Ақын боп жиырмада желдей болдым, Отызда асқар биік белдей болдым. Отыз асып, қырыққа келгеннен соң, Қаптаған жердің жүзін селдей болдым...» дейтін Сүйекең, өз жырының келер ұрпаққа қуаты кемімей, бояуы өзгермей жетуі үшін, ауыру аяғынан шалып жыққанда қам жасап қалмақ болады. Бұл туралы белгілі Халық ақыны Әбдіғали Сариев: «Ауырудың батқанын сезіп, енді айықпасына көзі жеткен Сүйінбай ағасы Жұмықты қасына шақырып алып, өзінің өлеңдерін жаздыртып кеткісі келетінін айтады. Ол үшін елден хат білетін төрт адам тауып әкел, солар менің айтқанымды жазып алсын, – дейді. Бірақ, Жұмық ағасы бұған мән бермеген. Бойындағы қайраты күн санап кеміп бара жатқан ақынның сондағы айтқаны:

– Атың емес, Жұмық-ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ
Жүргендей боп кеттім-ау, көзім жұмып.
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң,
Отырарсың жотада жалғыз ұлып...
Сүйінбай-Алатаудай, атым – дардай,
Жатқанымда боламын шөккен нардай.
Еңбегімнен екі ауыз сөз қалмастан,
Көктемдегі жер тартты кеткен қардай.
Ақылымды қараңғы басып қалған,
Сау күнімде құдайым еске салмай.
Ауыру билеп бойымнан әлім кетті-ау,
Бауырсаққа иленген кескен нандай³.

Сүйінбай Аронұлы Шапырашты елінің ұраны болған Қарасай батырды жырласа да, өзінің бабасы Күсеп жырлаған Өтеген батыр мен Ноғайлы заманының ері Жабай жайында толғанса да, немесе «Бөрілі менің байрағым» деп ұран жырын алаулатса да, оның осы туындыларының барлығынан да ақынның өзіне тән елінің еңселілігі үшін күрескен ер тұлғалы батыр бейнесін көреміз.

Ол өмір сүрген дәуірде Қазақ даласының қай аймағында да жер иесі, ел иесі – жергілікті халықтың тәуелсіздігі тапталған күйде еді. Бодандық пен тәуелділіктің қамыты барша қазақтың мойнына

³ Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат. 1997. – 577-578-б.;
Әбдіғұлов Р. Бөрілі байрақ ту етіп // Қазақ әдебиеті. №15 (3440) 17.04.2015. – 10-б.

кигізілгендей еді. Бірақ, терістік пен оңтүстік, батыс пен шығысты мекендеген қазақ ұлысының барлық аймағындағы қоғамдық хәл-ахуал әмәнда бір-бірінен айырып алғысыз бірдей болған емес. Олай болса, бір дәуірде өмір сүрген әр атыраптың ақынының шығармаларындағы тарихи оқиғалардың әр алуан болуы да заңды. Мәселен, Жетісу мен Қаратау бойы ХІХ ғасырдың ортасына дейін Қоқан хандығының қоластына қарап келді. Сондықтан осы кезде өмір сүрген, сол дәуірдің ауыртпалығын көзімен көрген бұл аймақтағы Сүйінбай сынды ақындар туындыларында Ресей алпауыттарының емес, Қоқан билеушілерінің үстемдігіне қарсы күрескен батырлардың ерлік істерінің айрықша көрінуі орынды.

1852-1853 жылдары Пішкектен шыққан Қоқан қолы Жетісу бойының Дулат руын шабады. Әуелде Керім, Тойшыбек атты бір елдің құдандалы екі азаматының бір-біріне деген ашу-араздығынан басталып кеткен бұл оқиғаның арты насырға ұласып, қазақтың біраз кісісі өледі. Қызынып алған жау талайларды найзаға шаншады. Ел мал-мүлкінен айрылады. Қиналған жұрт Сұраншыға кісі шаптырады. Намысқа шыдамаған батыр: «Тігіндер, туды» деп, әмір беріп, Кәшке батырдың туын көтерген ауыр қол жауға аттанып, дұшпанның бетін қайтарады⁴. Міне, осы оқиға Сүйінбай шығармаларынан кең орын алған. Ақынның «Ту алып жауға шықсаң сен» толғауында:

– Ей, Сұраншы, Саурық,
Қоқанның қолы мықты деп,
Жатырмысың жабығып?
Тілеуқабылдың қос шалы
Жылап келді сабылып.
Дулат елі қалыпты,

Сарыкемерде шабылып, – деп басталып, бір кезде дүниеден өткен бабасы Қарасай батырдың «сансыз мың дұшпан келсе де... тайсалмай қарсы баратын» еңіреген ер болғандығын айтып, намысты жанитын бұл шығармасында автор, осы шапқыншылықтың төмендегідей қайғылы нәтижелерінен де нақтылы деректі мағлұматтар береді:

– Қоқанның қолы көп болды,
Жетісуда жатқалы.
Бар жақсыны талап жеп,

⁴ Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 166-167-б.; Қазақстан Республикасы ОҒК сирек қолжазбалар қоры. 644-папка. Бегалин Сапарғали. Жамбылдың өмір кезеңдері, творчествосы. 68-69-б.

Сүбене қолы батқалы.
Бейсенбі күні бесінде,
Ғизрат күні кешінде,
Қордайдың биік төсінде,
Қоқанның ханы Құдияр,
Зорлық қып алған көп малды
Әндіжанға айдатты.
Қол-аяғын кісендеп,
Көнбеген ерді байлапты.
Қауызын әлі жармаған
Сұлуларды зорлапты,
Араша тұрар пенде жоқ
Еліңді сөйтіп қорлапты.

Бүкіл болмысы – соңынан қол ертетін атышулы батырлардың намысын қайрайтын аталмыш шығармасын ақын:

– Ақтұяқ атқа мінесің,
Бүгін маған ересің.
Қанша халық ереді,
Оны да кейін көресің.
Ту алып жауға шықсаң сен,
Іледе жатқан Жалайыр,
Шапырашты, көп Дулат
Олар да атқа мінеді.

Өздеріндей болған соң
Сұраншы, Саурық тірегі⁵, – деген жолдармен қайырады.

Туындының сөз ләміне қарағанда шабылған елдің хабарын естіген Сұраншы мен Саурықты, солар арқылы бүкіл ауыл-аймағын ақын жауға аттануға үндеген секілді. «Бүгін маған ересің» деп отырған ақынның өзі де сол аттанған қолдың ішінде жүргені анық. Өйткені, жарақты жаумен айқасуға ұран көтеріп отырған отыздың ішіндегі намыскер ақынды мұндай кезде, айтарын айтып алып, бой тасалап қалады деп ойлау ақылға сыймайтын жай. Бірақ, ақынның осы оқиға айтылатын «Сұраншы батыр» туындысында да, Қаңтарбай ақынмен айтысында да өзінің сол аттанған қол ішінде жүргендігін мұнан да гөрі айқындақырап көрсететін сөзі жоқ. Оның есесіне аталмыш шапқыншылық жырланатын үш туындыдан бұл шығармалардың екеуінің Сұраншы батырдың көзінше, үшіншісінің батырдың бүкіл

⁵ Аронұлы Сүйінбай. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 28-29-бб.

ерлік жолын қамти – ол дүниеден өткеннен кейін жырланғандығына куәлік табамыз. Сондай-ақ, Қаңтарбай ақынның ұлы жиын үстінде Сүйінбай елінің жарлылығын бетіне басып:

– Міне, отыр Сыпатайым он бір батпан,

Дұшпанның ерегіссе көңілі қайтқан...

Кетпей ме ашуланса Дулат қаптап,

Кетеді қаптаған соң жерге таптап.

Қасқа аттың төбеліндей кедей едің,

Көрпенді көсілсеңші бойға шақтап, – деп, Сыпатай батырды арқа таңа, руластарының көптігін айтып, асқақтап кеткен тұста, шындығында да сол айқасқа Сыпатайдың бой тасалап, араласпай сырт қалғандығын Сүйінбайдың:

– Сұраншым отыр, міне, судай тасып,

Сарыкемерді жау келіп шапқанында,

Сыпатай босып кеткен шөлге қашып,

«Мың қарғаға – бір кесек» болған кезде,

Сұраншы майдан қылған араласып.

Батырдың ызғарына шыдай алмай,

Далбандап Орман қашқан таудан асып, – деген сөздері арқылы танымыз. Және осы жырда сол жолы қоқандықтар қызыл нарға мінгізіп алып бара жатқан Қырбастың қыздарын жаудан айырған Сұраншы қолы екендігі, жауға қарсы көмек сұрап келгендер де Қаңтарбайдың жұрты болғандығы айтылады. Ал, осы әңгімелер жырланып отырған тұста сол жайларға қатынасты Сұраншы да, Сыпатай да Сүйінбай мен Қаңтарбайдың қасында отырған. Оған ақындардың «Міне, отыр Сыпатайым», «Сұраншым отыр, міне» дейтін сөздері куә. Демек, аталмыш елеулі оқиғаның дәл осы қалыпта өткендігін де күмән жоқ.

Ақынның Сұраншы батыр ерлігін барынша кеңінен толғайтын шығармасы «Сұраншы батыр» туындысында патша үкіметінің тек Қазақстан ғана емес, соған қоса бүкіл орта Азияны отарлау саясатына барып ұласатын – Сайрамды алуға байланысты жырланған елеулі бір көрініс бар. Тезек төренің көз алдында айтылған бұл туынды да ежелгі жау қоқандықтарға қарсы қол бастаған Сұраншы ерлігін ақын былайша берген:

– Ей, Тезегім, Тезегім,

Тындағын сөздің кезегін...

Сайрамда болған соғысты

Айтуға тілді безейін.

Сайрам сынды қаланы

Үш күндейін қамады.
Сұраншының болып талабы,
Қарасайлап шабады...
Қалың Қоқан обығып,
Қашып кірді қамалға.
Жаландаған жау еді,
Қарамаған обалға...
Қамалға атын қарғытып,
Ақылға беріп билікті,
Сұраншы жауға килікті.
Батыр алды найзаны,
Жауға істеді айланы,
Тығылғанын қоймады.
Жалғыз кірген арыстан,
Бес мың қолмен «ойнады»...

Шығармада сол соғыста тек Сұраншы ғана емес, Тезек төрінің де болғандығы айтылады. Ал, оның осы сапарда жалғыз болмағаны, яки ол билеген елдің талай азаматтарының да сол маңда болғаны өзінен-өзі түсінікті. Ақынның:

Төрем, сөзге құлақ сал,
Астыңа міндің құлажал,
Сайрамдағы соғыста
Сұраншыға келді ажал.
Қырық құлаш қорғанға,
Сен неге сонда шаппадың?!
Ат бауырына жабысып,
Қолыңдағы ақберен
Жауға неге атпадың?
Қорқақ қоян секілді
Өз басыңды сақтадың.
Сұраншы батыр өлген соң
Кәне, пайда тапқаның?
Ат артына үңіліп,
Бір жаныңнан түңіліп,

Есіңде ме қашқаның?! – дейтін өлең жолдарынан біз, елінің ардақты перзентін жоғалтып отырған күйікті адамның айрықша жан күйзелісін көреміз. Сондай-ақ, күйініш үстінде, сол айқас кезінде қайрат қыла алмай, басыңды қорғалаумен болдың деп, Тезек төреге кіжініп отырған ақын болмысын танығандай боламыз.

Ақырғы нүктесі – 1881 жылдың 27 наурыз күнімен⁶ межеленетін – Орта Азия мен Қазақстанды отарлаудың бірнеше жылдық күрес жолының негізгі ауыртпалығы қазақ елінің еншісіне тигені мәлім. Ал, осынау азапты жолдың Жетісу өлкесі арқылы өткен қиын-қыстаулы шақтарының талайына Тезек төре де, Сұраншы, Сыпатай, Байсейіт секілді батырлардың қайсысы болмасын, барлығы да тікелей араласып отырған. Сарыбай Айдосұлы сынды Тезек төремен құрдас белгілі ел азаматы да бұл оқиғалардан сырт қала алмаған⁷. Тезек төренің өз басы 1860 жылдың 26 тамызында полковник Циммерманнның қолы Тоқмақ қаласын қоқандықтардан тартып алғанда жүз елу қазақты бастап, подполковник Колпаковскийдің әскерімен бірге барған⁸. Кейін Колпаковский Верныйға (Алматыға) оралып, сол жылдың 20-21 қазанында Ұзынағаш түбінде өткен Қанағат парванашы басқарған қоқандықтармен болған атышулы айқаста контузия алғанда да, 1864 жылы Созақ үшін болған шайқасқа қатынасқанда да сол маңайдан табылып отырған. Қазақ батырлары да, соның ішінде Сұраншы да осы ұлы оқиғалардың ең бір қызу жерлерінде жүрген⁹. Олай болса Сүйінбай жырлаған Сұраншы батырдың Созақ үшін болған күрестегі ерліктерінің де өмірдегі болған жайлардың көрінісі екендігі күмән туғызбайды деп ойлауға әбден болады. Ал, жалпы Сұраншы батырдың осынау сөз болып отырған шайқас үстінде қаза тапқан жайы – Сүйінбайдың шәкірті атақты Жамбыл ақынның Құлмамбетпен айтысы кезінде де негізгі ойдың басты арнасы болғаны екі ақынның төмендегі сөздерінен айқын аңғарылады:

– Айтасың, Шапырашты, ерлігінді,
Шыр айнала соқтырдым белдігімді.
Селтендеген серкенің ажалы деп,
Сұраншы сарттан өлген Сайрамдағы,
Ерлікпен тапқан олжа, пайдандағы.
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп,
Шашылып қалған еді саймандары.

⁶ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: 1890. – С. 372-373.

⁷ Қазақстан Республикасы ОҒК сирек қолжазбалар қоры. 644-папка. Бегалин С. Жамбылдың өмір кезеңдері, творчествосы. 21-23-б.

⁸ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: 1890. – С. 206-209.

⁹ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: 1890. – С. 210-225; Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздық. – Алма-Ата: Жалын, 1992. – С. 30-32, 57-58.

Ерлік пен батырлықта нең бар жазған? – деп келетін Құлмамбеттің кекесінді сөздеріне, Жамбылдың буырқана үн қатып:

– Жақсылық – жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді.
Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлмамбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді?
Сұраншы, Саурықпенен жаудан өлген,
Халық үшін шәйт болып жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не

Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген, – деп кемелді жауап беріп, қарсыласын тоқтататыны белгілі. Бұдан шығатын қорытынды – Сұраншы батырдың Созақ үшін болған айқаста қайтыс болғанын сол кездегі Жетісу мен Қаратау бойының үлкені мен кішісінің тегіс білгендігі күмән туғызбайды. Сондай-ақ, сол айтыс үстінде Құлмамбеттің қарсыласына «Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан» дейтін сөздері де шындық. Қоқан хандығына қарсы Жетісу қазақтарының ұзақ жылдық күресіне белсене араласқан Сарыбай Айдосұлы атты белгілі тарихи тұлға да сол 1861-1864 жылдардағы жер қайысқан орыс қолының полковник Колпаковский (сол жылдардағы еңбегі үшін Колпаковскийге әуелі полковник, соңынан генерал-майорлық әскери атақ берілген) басқарған тобына елеулі көмек көрсеткен сарбаздардың сапында жүріп, Созақтағы соғыста жарақат алып, ерлік қимылдары үшін кейін бірсыпыра шен-шекпенге ие болған¹⁰.

Жалпы, реті келгенде айта кету керек – 1860-1866 жылдардағы полковник Циммерман, генерал-адъютант Безак, полковниктер Черняев, Веревкин (бұларға кейін осы жолғы әскери айқастардағы еңбектері ескеріліп генерал-майор әскери атақтары берілген), Колпаковский әскерлерінің Қоқан хандығымен, оған тәуелділіктегі Жетісу, Түркістан, Шымкент, Әулие-ата, Созақ, Ташкент атыраптарын, Қырғыз жұртының елді мекендерін Ресей империясына түпкілікті отарға айналдыру жолындағы қанды жорықтары¹¹ бұл аймақтарды мекен еткен тұрғылықты халық үшін ғана емес, сол әлемтапырақ

¹⁰ Қазақстан Республикасы ОҒК сирек қолжазбалар қоры. 644-папка. Бегалин С. Жамбылдың өмір кезеңдері, творчествосы. 24-б.

¹¹ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана... С. 207-255.

аласапыранды бастап отырған отарлаушы елдің өзіне де үлкен жүк артқан сынға толы ауыр кезеңдер болған-ды.

Патша үкіметінің осынау қандыжап қырғыннан аман шыққандардан әскери атақтар мен әртүрлі мемлекеттік наградаларды аямауының өзі де соның бір көрінісі. Ал, аласапыран алмағайып уақытта тәуелсіздік жолында жанқиярлықпен айқасқанына қарамастан тізесі бүгілген ел болса, ол да өзінің еңіреген ерлеріне құрмет көрсетуге сараңдық істемеген.

Сүйінбай ақынның ел қорғаған ерлер туралы туындыларында да, кекесінді сын-сықақ өлеңдерінде де (Мақсұтқа, Қасымға, Алмасайға, «Байлық деген бұл шіркін», «Бақсыға айтқаны», Қажыларға, Жүсіп қожаға), сондай-ақ, Сарыбайға, Жұмыққа («Не күн туды басыңа»), Шүйбек байға арналған арнау жырларында да айтар сөзін батырып айта алатын, өмірдің күрделілігін философиялық тұрғыдан тереңнен толғай білетін хас жүйрік екені баршаға мәлім.

Сүйінбай ақын өз кезінде Бақтыбай, Күнбала, Қаңтарбай, Кескенкекіл, Уәзипа, Тезек төре секілді белгілі ақындармен (бірімен қысқа, бірімен ұзақ дегендей) айтысқан. Солардың барлығында да Сүйінбайдың тереңнен толғап айтатын қабілеттілігі – оны сол замандағы Жетісу мен Қаратау бойына мәшһүр еткен. Солардың ішіндегі көлемі жағынан ең ұзағы, әрі Сүйінбай ақынның есімін тек қазақтар арасына ғана емес, көрші отырған берісі қырғыз жұртына, әрісі қазақтармен аралас-құралас өзбек ағайындарға даңқын жайған – қырғыз халқының от ауызды, орақ тілді ақыны Қатағанмен айтысы.

Аталмыш айтыс қырғыздың атақты манабы Орман ханның әжесі Ботайға берілген ас кезінде өткен. Болған уақыты – XIX ғасырдың орта шені. Өткен жері – Ыстықкөл жағалауындағы Жетіөгіз жайлауы. Астың хабары қазақтарға алты ай бұрын айтылған. Соған сексеннің ішіндегі Бөлтірік шешен Әлменұлы бастаған Тезек төре, Сыпатай, Байұзақ, Сарыбай, Бұғыбай, Сеңкебай, Сапақ, Дәуітәлі, Батырбек, Пиназар, т.б. сол кездегі Жетісу өңірінің белгілі билік иелері, батырлары мен бай-бағландары барған. Араларында айтыс өнерінің ақтангері – Сүйінбай ақын.

Сүйінбайтанушы белгілі ғалым Мүбәрәк Үмбетаевтың анықтауынша, қырғыздар жағынан айтысушы Қатаған ақынның шын аты-жөні Арыстанбек Бұйдашұлы (1828-1882). Ол қырғыз еліне кеңінен танылған «Зар заман ақыны» Қалығұл Баевты (1785-1855) өзіне ұстаз тұтқан. «Көкетайдың асы», «Төштүк» секілді ұзақ дастандар мен өзінің «Тар заман», «Шоро», «Бердіқожа – бес қазақ»,

«Қожа жас» сынды жырлары бар, барлығы екі жүздей жыр толғап, 500-ге жуық (олардың ішінде «Қой бөлер», «Тілбөрі», «Арыстанбектің Қамбарханы» бар) күй шерткен. Арыстанбектің Қатаған аталу себебі, оның ата-тегі – Саяқ тайпасының құрамына кіретін Қатаған атты рудан. Сондықтан Арыстанбекпен айтысқан ақындардың дені, ішінде Сүйінбай да бар, оны Қатаған деп атаған¹².

Айтыс басталар алдында тойды басқарып жүрген Қырғыз елінің Шоң манабы Қара Бәйтік Сүйінбайға онымен айтыстырғалы отырған жыршысы барын айтып: «Жүлдені жеңіп аласың ба, жоқ сұрап аласың ба?» – дейді. Бұған Сүйінбай өлеңмен жауап беріп жатқанда, Қатаған:

– Сүйінбай, тоқтат сөзіңді,
Ояйын ба көзіңді.

Ақынмын деп ойлайсың

Мен тұрғанда өзінді...

Менің атым – Қатаған,

Қоңырбөрі асында

Бес жүз жылқы матаған.

Қазақ, қырғыз таңырқап,

Қатаған шайыр атаған...

Бұлбұл құстай сайрайын,

Алдыма салып айдайын,

Ауызға салып шайнайын,

Аяғыңды байлайын..., – деп бастап, небір артық сөздерді айтады.

Сөздері, бірақ екпінді. Содан жасқанып қалған Тезек төре Сүйінбайға жалтақ-жалтақ қарай береді. Осы жерде көпті көрген Бөлтірік шешен: «Сүйінжан, шығар даусыңды», – дейді. Ақын бұрқырата сөйлеп кетеді:

– ...Көп ішінде қағынып,

Қатаған сөзден жаңылды.

Еліме неге келдің деп,

Далбасалап тарынды.

Тұра тұрғын, Қатаған,

Шығарармын жаныңды.

Мен қазақтың атынан

Бір қағайын дабылды! – дейтін сөздер айтылады. Бірақ, қазақ ақынының «Мен қазақтың атынан – бір қағайын дабылды» деген

¹² Үмбетәев М. Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 40-43-б.

үлкен программалық сөзіне қапелімде мән бере алмай қалған қырғыз жыршысы өзі келіп қақпанға түседі.

– Шондық кімде, Сүйінжан,
Байлық кімде, Сүйінжан?
Көптік кімде, Сүйінжан,
Беглік кімде, Сүйінжан?
Зорлығымды айтайын,
Көптігімді айтайын,
Беглігімді айтайын...
Былай барсаң Тынайым,
Қиырға көңіл бұрайын.
Тауға ұя сап, тасқа ұшқан,
Қанаты күміс құмайым...
Бұғы менен Саяқты
Артық қылып нәсілін
Жаратқан жоқ па құдайым?
Сүйінбай, сені ақын деп,
Қылмаймын сірә уайым...
Сарбағыс пен Мұндызым,
Жағамдағы құндызым,
Маңдайдағы жұлдызым!

Бұғы деген көп жұртым.., – деп, айта-айта кеп бүкіл қырғыз елінің руларын түгендеп шығады. Және сол рулардан шыққан Боранбай, Орман, Жантай, Қара Бәйтіктерді мақтай кеп, оларды: «Алдынан қисық кетпеген, әділдігі ешкімнің жетпеген... Құнан, атан қалады, көшіп кеткен жерінде. Дүниенің көптігі: Жүгі сыймай қалады, қонып кеткен белінде», – деп лепіреді. Бұған Сүйінбай ақын:

– Аққу құстай ұшайын,
Аяғыңды тұсайын
Көппін деп айттың, Қатаған,
Сөзіңнен осы ұстайын...
Былай барсам Албаным,
Албанымды қозғасам
Саған түсер салмағым...
Одан былай Суаным,
Аз да болса жуаным...
Дұшпанға намыс бермеген,
Бақ-дәулеті кернеген

Он екі ата Жалайыр
Аршынға қолын сермеген...
Онан бері Ыстым бар,
Алатаудай күштім бар...
Шапырашты елім бар,
Асқар таудай белім бар...
Қарасайлап аттансам,
Дұшпанға қазған көрім бар...
Сұраншы, Саурық кезінде
Қайсың бетке кеп едің...
Қазақ, қырғыз елдесіп
Тыныштықта тұрғанда

Анау-мынау демегін! – деп, толғанған Сүйінбай ұлы жүзден бастап, түгел үш жүзді жырлап өтеді. Сөз басындағы «Мен қазақтың атынан бір қағайын дабылды» дегеніндей, бүкіл үш жүзден құралатын қазақтың атынан толғанады. Осы арқылы ол Қатағанды женеді. Ең бастысы, ол осы сәттен бастап айтыс өнерінің халықаралық бәйгесінде озып келген тұлпардай болып даңқ тұлпарына көтеріледі. Осы сәттен бастап оны барша қазақ өз жұртын кімге де болса өзекке тепкізбес, ақындық өнердің ақиығы деп қабылдайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сүйінбай шығармаларын жинаушылар мен зерттеушілердің еңбектеріне сипаттама беріңіздер.
2. Ақынның шыққан ортасы, ақындық мектебі мен репертуары жөніндегі мәліметтерге сараптама жасаңыздар.
3. Қоқан билеушілеріне қарсы Сүйінбай шығармаларына талдау жасай отырып, ақын кейіпкерлерінің өмірде атқарған тарихи қызметтеріне баға беріңіздер.
4. Сүйінбай ақынның айтыскер ақын ретіндегі ылғи да жеңіске жетіп отыруының себебін түсіндіріңіздер.
5. Сүйінбай Аронұлының Қатаған (Арыстанбек Бұйдашұлы) ақынмен айтысының мәні мен маңызына арнайы тоқталыңыздар.

НЫСАНБАЙ ЖАМАНҚҰЛҰЛЫ (1822-1883)

Нысанбай жырау Жаманқұлұлының атакты «Кенесары-Наурызбай» атты дастаны еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі соңғы қырық жылдың үстінде үзінді түрінде болса да еш жерде жарық көрген емес. Ал, зауде жыраудың есімі атала қалса, оны тек феодалдық-монархиялық күрестің дем берушісі, халқына зиян шектірген опасыз жыршы ретінде ғана айтып келді. Өйткені, жырау жырлаған тарихи қаһарман туралы түсінік солай болатын. Кенесары дәуірін өткен ғасырдың қырқыншы жылдары қапысыз зерттеген профессор Е. Бекмахановтың жиырма бес жылдық түрме арқалаған тағдыры да белгілі¹. Сондықтан ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан тоқсаныншы жылдарына дейін «қазақ халқының бір орталыққа бағынған жеке мемлекетін құруға талпынған»² Кенесары ханы туралы тек қана нашар сөздер айтылатын-ды. Қазір заман өзгерген. Заманға орай пікірге де өзгеріс енген. Бүгіндері халқының тәуелсіздігі үшін қолына қару алып, жерін, ел мүддесін қорғаған Кенесары мен оның төңірегіндегі батырлар жайлы пікір айтқанда, кім де болса сол кездегі патшалық Ресей тарапынан ұстанған саясатқа көз сала отырып әділ сөйлеуге тырысады.

Ал, Нысанбай жырау болса, сол өзі өмір сүрген заманының өзінде-ақ Кенесарының мақсат еткен тәуелсіз дербес мемлекет құру жолындағы арман-мүддесіне кереметтей берілген. Табиғат берген ерекше ақындық қуатының арқасында өміршең дастанын өмірге келтірген.

Нысанбай Жаманқұлұлы (1822-1883 жылдары) қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданының Аққошқар елді мекенінде өмір кешкен. Жыраудың аталмыш дастанын алғаш рет 1875 жылы С. Жантөрин мен Т. Сейдалин «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналында жариялатқан. Онан кейін шығарманы Ж. Шайхысламұлы 1912 жылы Қазан қаласынан жеке кітап етіп бастырған. Кеңес дәуірінде 1923 жылы Х. Досмұхамедұлының, 1924 жылы Н. Төрехұловтың алғы сөздерімен

¹ Такенов А.С. Послесловие к книге Е. Бекмаханова «Казахстан в 20-40 годы XIX века». – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – С. 387-398.

² Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века, – Алма-Ата: Қазақ университеті. 1992. – С. 369.

баспадан шыққан. Тәуелсіздік жылдарында туынды 1996 жылы «Қазақ халық әдебиеті» аталған көп томдықтың 17-кітабы ретінде жарық көрген. Еңбекке әр жылдары Х. Досмұхамедұлы, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, Т. Тебегенов секілді азаматтар пікір білдірген³.

Шындығында XIX ғасырда Ресей мемлекеті Қазақстанды толықтай тәуелді етуге бел шеше кірісті. Қоқан, Қытай елдерінің ықпалындағы аймақтарды өзіне қаратып, жеделдетіп бекіністер желісін тартып, басқару жүйесінде округтер құру арқылы қазақтардың әлеуметтік-саяси құқықтарын шектеп, жерлерінен жаппай ығыстырып, әртүрлі алым-салықтарды көбейтті. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы устав» арқылы әуелі орта жүзге, сосын араға көп уақыт салмай кіші жүзге ел басқарудың ресейлік жүйесі жедел ендіріле бастады. Тіптен 1820 жылдың басында-ақ Кенесарының әкесі Қасым қазақ жеріне тұрғызылған бекіністерге қарсы болып, Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевичтен бекіністерді құртып, орыс отрядтарын алып кетуді талап етті. Бұған жауап ретінде патша әкімшілігі керісінше даланы әскерге қаптатып, Ақтау бекінісін салуға кірісті. Мұнан кейін Қасым сұлтан қасында балалары Саржан, Есенгелді, Кенесары бар, Алтын, Тоқа, Уақ руларының қырық мың үйін бастап Көкшетаудан Қоқан хандығының шекарасына қарай көшеді. Ішкі ниеті сол беттегі қазақтарды Орта Азия хандықтарының көмегіне сүйене отырып, азаттық күресіне тарту болатын⁴. Ол ойлары, бірақ, жүзеге аспады. 1836 жылы Саржан мен Есенгелдіні Ташкент билеушісі Әулие-Атада, Қасымды Түркістандағы Хазырет-Сұлтанға келген жерінде ұстап алып, опасыздықпен өлтіреді. Ал, бұл хабарды Тройцкілік саудагер Сапарғали Искаков Балғожа би Жаңбыршинге хат арқылы хабарлап, одан Орынбордағы патша әкімшілігі естіп қуанады. Мұнан кейін Кенесары елінің басқару тізгінін өз қолына алады. Қоқан бетінен ығысып Ұлытауға келеді. Бірақ, Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын бұлар ол жерден де ығыстырылып, Орынбор губернаторлығының қол астына қарайтын атырыпқа ауысады. Орынбордың билеушісі генерал В.А. Перовскийге өзіне кешірім қылып, пана болуды сұраған хаттар жазады. Онда Батыс-Сібір

³ Мәдібай Қ.// Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. 7-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2005. – 97-б

⁴ Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – С. 116-117, 210.

билеушілерінің тыныш жатқан қазақ ауылдарын 1825-1840 жылдар аралығында 5 рет шауып, 250 адамды бауыздағанын айы мен күніне дейін көрсетіп мұңын шағады.⁵

Генерал В.А. Перовский Кенесарыға вице-канцлер арқылы кешірім алып береді, тұтқындалған адамдарын қайтарттырады. Бірақ, мұнымен Батыс-Сібір, Орынбор өлкесін билейтіндер мен Кенесары арасы бітім тауып кетпейді. Өйткені, ата-қонысынан айырылған, шапқыншылық, қудалау көрген ел қысымға көндіге алмайды. Күрес бірнеше жылдарға созылады. Кенесарының осы жылдарда әскери қолбасылық қызметі ерекше көрінеді. Оны патша өкіметі де мойындайды. «Қазақ елінің Шәмили» деп атайды. Күллі Орынбор даласының қазақтары Кенесарыны ханымыз деп мойындайды⁶. Іргелі орыс мемлекетінің қаруы мықты қолы, бірақ, оны ығыстырмай қоймайды. Ол Алатауға келеді. Ағайын қырғыз жұртымен інісі Наурызбай екеуі соғысып жүріп қаза табады.

Қазақ әдебиетінде осы оқиғалардың қайсысының да ізі бар. Елдің ата қонысынан жер ауғанын Күдеріқожа мен Досқожа ақындар, Кене хан ордасының Батыс-Сібір – Орынбор линиясы маңында жүрген тұстардағы кезеңін Мұхамеджан Сералин, ал оның Алатаудағы соғысын Нысанбай жырау дастан етіп жырлаған. Автор шығармасының басында:

Кеше өткен Кенекең,
Дүрри жауһар данасы.
Үйсіздерге үй болған...
Шаршағанда ат болып,
Шөлдегенде су болған,
Дарияның аққан саласы.

Ата-тегін сұрасан
Хан Абылай бабасы.
Әуелгі мекен тұрағы –
Көкшетаудың даласы...
Ақырында олардың

Қырғыздан болды қазасы, – дей келіп, Кенесарыны өлгеннен кейін жырлап отырғандығын білдіре отырып, оның Абылайдың тұқымы,

⁵ Кенесарин Ахмет. Султаны Кенесары и Сыздык. – Алма-Ата: Жалын, 1992. – С. 16; Середя Н. Бунт Киргизского султана Кенесары Касымова. (1838-1847). // Хан Кенесары. – Атырау. 1992. – С. 24-29.

⁶ Середя Н. Аталған шығармасы. 37-76-бб.

ата қонысы Көкшетау екендігі, қазасы қырғыздан болғандығынан хабардар етеді. Өзінің Кенесарыға келіп қосылған, ордасында өмір сүрген кезін былайша береді: «Он бес жасқа келген соң – Кенесары, Наурызбай төрені іздеп келгенмін... Ханның болып баласы, бірге жаттым орда да Ахмет, Тайшық қасында...». Одан әрмен ол ханның Сойдақ жожа деген ақынын жеңгенін баяндайды.

Дастанда тек Кенесары мен Наурызбайдың ғана емес, Бұғыбай, Байұзақ, Құрман, Бұқарбай, Ағыбай, Меңдібай, Шәкір, Жәуке, Толыбай, Қабан секілді батырлардың да көрсеткен ерлігі кеңінен суреттеледі. Қырғыз батыры Кәрібоз аузымен Жаппас Төлегенұлы Жанқабылдың қолынан өлген «тоқсан адамның кегін алдың ба» деп мұқата сұрақ қоятынын айтатыны болмаса, ілгері жақтардағы сәтті-сәтсіз жорық жолдарына тоқталып жатпайды. Автор қан жоса болып қырылып жатқан қырғыздарға іш бұрмайды. Керісінше Дулат руының басшылары Рүстем мен Сыпатайдың қылықтарын нағыз опасыздық деп түсінеді.

Шығарманың көркемдік сапасы жоғары. Дастанның тек бір ғана оқиғаны – Кененің абыройы төгіліп, бағы қайтқан шағын баяндайтын ақырғы соғысын суреттеуі Нысанбайдың өзі айтқандай «Өлең – жырға Нысанбай мәшһүр шешен, нар еді, көзімен көріп, сөз қылған, соғыста өзі бар еді» болғандығынан, әрі «Асыл туған Наурызбай... Асқар таумен тең еді», «Кенекем... бар қазақтың қорғаны» деп түсінгендігінен деп ойлаймыз. Осы арқылы ол бұл оқиғаны Кене мен Наурызбайдан айырылуға себеп болған қасіретті шақтың белгісі ретінде қабылдатуды мақсат тұтады. Сондықтан Нысанбайдың бұл дастанын Кене мен інісінің ерекше ерлігін паш ететін жыр деп қана қабылдамай, жоқтау жыры деп ойласа да артық емес.

Ал, тұтастай алғанда, туындының елдік мүддеге байланысты басты идеясы, автордың өзі айтқандай: «Халық иесі хандарды қалай айтсам, мін бар ма? ... Халықтың көркі болар ма, басқарған ханы болмаса?» – дейтін отарлық саясатқа қарсы күрес үстінде құрбан болған хандық институтты жоқтау деп ұғуға болады.

Ақын сол идеясын, өзі теңдесі жоқ ірі қайраткерлер деп білетін Кенесары мен Наурызбайдың және солардың төңірегінде жүрген қазақ батырларының бейнелері арқылы көрсеткен. Шығармада қырғыз ағайындардың Кене ханның зеңбіректі қолынан аяусыз қырылғаны, көптеген қыз-келіншектерінің тұтқынға түскендігі, Кәрібоз сынды қырғыздың ел ағасының аузымен айтылатын, қазақтардың қолымен Ескожа, Қанай секілді қарсы жақтың белгілі тарихи тұлғаларының

мазарларының қорланатындығы сияқты келеңсіз жайларда айна-қатесіз көрініс тапқан. Қысқасы, Нысанбай жыраудың шығармашылығын сынайтындар да, қолдайтындар да «Кенесары-Наурызбай» дастанының осы ерекшелігін барлық уақытта да ескеруге мүдделі болған. Түптеп келгенде, осының барлығы – біздің қасіретті өткен тарихымыздың әдебиет арқылы бүгінге жеткен мұнды бейнесі...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кенесары мен Наурызбай туралы Нысанбай Жаманкүлді дастанының басты ерекшелігіне сипаттама беріңіз.
2. Нысанбай жырау туындысының 1950 жылдардан еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыт аралығында зерттелмеуі, баспа бетінде жарық көрмеуінің себептеріне сараптама жасаңыз.
3. Нысанбай жырау дастанында суреттелетін жайларға тарихи мәліметтермен салыстыра отырып бағаңызды беріңіз.

МҰСАБАЙ ЖЫРАУ (XIX ҒАСЫР)

XIX ғасырдағы еленбеуге болмайтын жыраудың бірі – Мұсабай жырау. Бұл кісі 1840-1860 жылдар аралығында Сырдың төменгі саясы мекен еткен қазақ егіншілерінің тыныс тіршілігін, олардың Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған Хиуа хандығы мен Ресей отарлаушыларына қарсы азаттық күресін жырлаған. Өзі сол аймақтың перзенті.

Жыраудың «Жанқожа батырдың толғауы» атты қырық үш шумақтық жырын 1894 жылы И.В. Аничков алғаш рет Қазан университетінің хабарлары мен сол жылғы С. Петербургте Н. Веселовский шығарған жинақта қазақ, орыс тілдерінде жариялағаны мәлім¹. Кейін осы тексттің қазақ тіліндегі нұсқасы сол қалпында 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналының 5-санында басылғаны да белгілі. Мұның сыртында Мұсабай жыраудың Жанқожа жайлы толғауы біраз қысқарған, ықшамдалған нұсқада Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында қолжазба күйінде сақталған².

Шығарма жайлы алғаш пікір білдірушілердің бірі – академик С. Мұқанов жырдың И.В. Аничков нұсқасын олақ деген пікір айтты³. Тегінде әдебиеттің жай-күйін жақсы пайымдай білген классик жазушының бұл пікірінде біраз негіз бар. Әйтседе туындының Сыр бойы егіншілерінің 1840-1860 жылдар аралығындағы хиуалықтар мен Ресей отарлаушылары тарапынан қысым көрген мезгілдеріндегі рухани күйзелістері мен күресін қазақ жұртының көзімен танудағы поэзиялық мұра ретінде еленуге тұрарлық ерекшеліктері жоқ емес. Ең алдымен шығарма да есімдері аталар кейіпкерлердің барлығы да өмірде болған адамдар. Олар бастарынан кешірген оқиғалар жайлы да осыны айтуға болады. Мұсабайдың жеке басы жырау ретінде Жанқожаға тірі кезінде қаншалықты кіріптарлықта болғанын білмейміз. Бірақ, бұл кісі «сарай жыршысы» деген атақты иеленбеген адам. Олай болатын себебі ол жырлаған кейіпкер хан да, сұлтан

¹ Известия общества археологии, истории и этнографии при императорском Казанском университете. Т. XII. Вып. 3. – Казань, 1894; Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. С. Петербург, 1894. – С. 71-82, 117-124.

² Қазақстан ҒА ОҒК қолжазбалар қоры. 1320-папка.

³ Мұқанов С. Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінен очерктер. I-бөлім. Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1942. – 109-б.

да емес-ті. Тіптен ол төре тұқымына да жатпайтын. Төңірегіне өзін дәріптеу үшін ақын, жыраулар жинаған деген де мәлімет сақталмаған. Демек, бұл тұрғыда Мұсабайды ілгеріде сөз еткен Бұқар, Үмбетей, Тәтіғара, Байтоқ, Жанзақ, Нысанбай жыраулардан хандық құрған төре тұқымының маңында өмір сүрмегендігіменен, әрі сол тұқымға қызмет етпегендігімен өзгешеленетін жырау деп білген жөн. Олай болса, оның ілгерідегілерден ең басты айырмашылығы осында. Сондай-ақ, ол жырау атанатын сөз иелерінің ішінде олақ болса да бүкіл әдеби мұрасы ХІХ ғасырдың ақырында-ақ орыс және қазақ тілдерінде алғаш жарияланған автор ретінде назар аудартатын кісі.

Жыраудың аталмыш шығармасы – Жанқожа батыр өлгеннен кейін, елі үшін өмірін сарп еткен ардагер азаматтың бейнесін халықтың есінде қалдыру мақсатында дүниеге келген. Оған Мұсабайдың «Есіл ер қапиядан кетті қолдан, енді батыр қазаққа Жанқожадай табылмайды»⁴ – деген сөздермен шығармасын тәмәмдауы дәлелге жүреді. Сондай-ақ, автордың осы сөздері белгілі мөлшерде әрі өзінің кім екендігін ашып көрсетеді, әрі сол кездегі Сыр қазақтарының Жанқожаның, оның соңынан ерген қолдың ерлігін жоғары бағалағандығына кепілдік береді. Өйткені, шындығында да жырау Жанқожаны емірене жақсы көріп, асқақ бағаламаса, сөзін тыңдар халыққа батыр ерлігін әсерлі жеткізе алмас еді.

Шығармада негізінен үш оқиға: Жанқожа бастаған Сыр бойы егіншілерінің Хиуа хандығы мен Ресей отарлаушыларына қарсы күресі және батырдың өлімі қырланады. Ал, ел арасының татулығы, кейіпкерлердің шығу тегі қақындағы шежіремен байланысты автор толғаныстары негізінде осы оқиғаларға байланыстырыла сөз етіледі.

Бір қарағанда жырау Хиуа хандарының Сыр бойына салдыртқан қамалында билеуші болған Бабажанның жергілікті халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтарын (зекетшілердің тиісті деп есептелетін салықтардан тыс елдегі балиғатқа жетпеген жас қыз, жүйрік ат, жақсы бұйымдарды қалдырмай жинап, оған Жанқожаның інісі Ақмырзаның наразы елді бастап көтерілгені: оны Бабажанның әсербасысы Әймәмбеттің 500 кісілік қолы талқандап, Ақмырзаны туыстарымен Сырдарияға батырып өлтіргендігін тәптіштеп түсіндірмейтіндей әсер⁵ қалдырады.

⁴ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. – СПб, 1894. – С. 124.

⁵ Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қоры. 1320-папка, І-дәптер. 9-15-бб.

Бірақ «қаласын ортасына салып алып, Бабажан бұ қазақты зекеттеді. Мінгені Жанқожаның қарала атты... Жазықсыз Ақмырзаны өлтірдің деп, көп қырды қайқы кірпік қара сартты... Егінші егін егеді шекпенменен, Тұқымнан алдырмайды сепкенменен. Дәуірі Жанқожаның келгеннен соң, егінші қала бұзды кетпенменен. Қазаққа сарт та қылды үлкендікті, көрмедік Жәкең барда еш кемдікті. Қаласын Бабажанның бұзып алып, қазаққа алып берді бір теңдікті»⁶, – деген жолдарды сол кездегі тарихи мәліметтермен салыстырғанда, жырда айтылатын біраз жайдың мазмұны айқындала түседі.

Шынында сол тұстарда Сыр бойындағы елдерге Қоқан мен Хиуа хандықтары үстемдік жүргізетін-ді. Жылына бірнеше дүркін малдан зекет, астықтан үшір алып, елді әбден титықтатқан-ды. Сондай трагедиялы бір хэл Жанкісі жыраудың Қоқан ханына айтқан «Ассалаумағалейкум, алдияр тақсыр ханымыз» деп басталатын толғауында барынша өткір айтылады. Бұл шығарманың тарихи деректермен іштей үндесіп жататындығын кезінде көрнекті фольклорист, филология ғылымдарының докторы Б. Уахатовтың арнайы сөз еткені белгілі⁷. Жанкісі мұнда Орта Азия хандықтарының салық жинаушыларына тән бұзақы құлқын мөлдірете көрсеткен. Ал, Жанкісімен салыстырғанда ол жайды Мұсабай жырау сәл шашыраңқылау берген. Мұсабай шығармаларындағы Бабажан сарт – Жанқожа жайлы халықтың тарихи жырларында ең көп сөз болатын кейіпкер. Оның сол төңіректегі ел есінде небір қатал істерімен аты шыққан қарақшылық бейнесі тіптен бертінгі кездегі Жанқожа ерлігін сипаттайтын ақындар творчествосына да сәулесін түсірген⁸.

Мәселен, қазалылық Ұлықпан Кенжеев Жанқожаның бала кезінен есейген шағына дейінгі ерлігін сипаттайтын туындысында (мысалы, Қарақалпақ Тықы батыр, кейін Бабажан қолшоқпары түрікпен Әйімбет батырмен, т.б. айқасы) оның қылығын «Бабажанның тырнағы – Сырдағы елге тым батқан, күнен күнге дәуірлеп озбырлық қылды тәңір атқан» – деген жолдармен өрнектейді. Сондай-ақ, осы ақын жырлауында да И.В. Аничков жариялатқан Мұсабай жырындағыдай Жанқожаның Бабажанды баласы Майқарамен бірге қолға түсіріп алып, жазалайтыны сөз болады.

⁶ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. – СПб, 1894. – С. 118.

⁷ Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 72-73-бб.

⁸ Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 62-70-бб.

Аталмыш эпизодтардың әрқилы шумақтармен берілетіндігі болмаса негізінен мазмұны жағынан оларда да пәлендей алшақтық жоқ. Оның себебі, жалпы бұл жайлар турасында халық бір пікірде болған. Ел бұл оқиғаны сол қалыпта болған деп есептеген.

Ал, Бабажан Жанқожа Нұрмұхамедов қолынан қалайша, қашан қайтыс болғандығы туралы мәселеге келер болсақ, біз бұл жерде жырда сөз болатын оқиғаның айын-жылын қай зерттеушінің дәл көрсеткендігін дәлелдеп жатудан гөрі, сол кезеңдегі Сыр егіншілерінің әлеуметтік хал-күйіне қысқаша тоқталғанды дұрысырақ деп есептейміз. Олай болса, бұл жайлы халық аңызын (әрине, тарихи ақиқатты тануда аңыздың ролі зор екендігі күмәнсіз) дәл осы тұста оқиғаның айы мен жылын айқындауға дүдәмалсыз қызмет ететін материал ретінде пайдалана қою қиын. Себебі, тарихи тұлға Жанқожа батырдың Сыр бойындағы Хиуа билеушілеріне қарсы күресі бірнеше жылдарды қамтиды. Мәселен, хиуалықтардың езгісі өткен егіншілерді бастап Жанқожа Нұрмұхамедов 1843 жылы Қуандариядағы Хиуа бекінісін талқандады. 1845 жылы Хиуа ханының сол бекіністі қалпына келтіруге жіберген екі мың кісілік қолымен Жанқожа бастаған қазақтар соғысып, біраз адамын өлтіріп, қалғандарын кері қуып тастаған⁹.

Және оны Ж. Нұрмұхамедов Орынбор бекінісінің бастығына хабарлаған. Демек, Жанқожа бастаған егіншілердің хиуалықтарға қарсы өжет қимылы олар тұратын аймаққа 1847 жылдың маусымында ресейліктер келгенше-ақ басталғандығы күмәнсіз. Тіптен, 1843 жылға дейін де екі жақ ұрыс-жанжалсыз, бейбіт өмір кешті деу қиын. Яғни, Мұсабай жыраудың «Құтылдық қара сарттан деп жүргенде, Арқадан орыс келді...» деген сөздеріне қарағанда ресейліктер Сыр бойына келген кездерде хиуалықтардың қайратының біраз қайтқандығы аңғарылады. Не болғанда да сол кездегі Жанқожа мен оның соңынан ергендердің ерекше қимылдарын орыс әкімдері де, төңірегіндегі Орта Азия хандықтары да көріп, біліп отырған. Әсіресе, оның әлгіндей қылығына Хиуа ханы қатты қаһар тіккен. Мәселен, 1844 жылы Хиуа билеушісі тез арада өзінен қайран болмайтынына көзі жеткен соң Жанқожаны Есет Көтібаров арқылы жазаламақ болады. Хан оған жазған хатында, егер Жанқожаны өлілей болсын, тірілей болсын жеткізсең саған, сенің билеген жұртыңа рахымым шексіз, деп хабарлаған. Бірақ, оған Есет Көтібаров алданбаған¹⁰.

⁹ Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қоры. 1320-папка, 1-дәптер, 9-15-бб.

¹⁰ Аничков И.В. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов (Очерк из первых шагов русских на Сыр-Дарье). Казань. 1894. С. 7.

1847 жылдың 30 маусымында Орынбор әскери губернаторы Обручевтің Сыр өзені бойына Райым бекінісін салдыртқаны мәлім. Патша үкіметінің мұндай қадамына разы болған Жанқожа батыр Обручевті өзі келіп құттықтайды. Көп ұзамай губернатор Орынборға оралады да, сол жылғы тамыз айының ішінде Хиуа ханы Сырдың оң бетіндегі қазақтарды шауып қайту үшін сұлтандар Жанғазы Шерғазиев, Елекей Қасымов, құшбегі Ходжаниязды басшы етіп алты мың кісілік әскер шығарады.

Қазақтар мұны Райым бекінісінің коменданты Ерофеевке жеткізеді. Ол 21 тамыз күні Сырдың сол бетіндегі (Райым бекінісінің қарсысындағы) Жанқала қорғанына кеп, шабуылға шығуға дайындалып жатқан хиуалықтарды зеңбіректерден атқылауға бұйрық береді. Міне, осы арада Райым бекінісіндегілерге жәрдемдесуші Жанқожа бастаған қазақ қолы өзеннен жүзіп өтіп, жаудың бекінісіне басып кіреді. Ағаштан тұрғызылған үйлерін өртейді. Жауды қамалынан қуып шығады. Хиуалықтардың жергілікті халықтан барымталаған 3000 түйесін, 500 жылқы, 2000 сиыр, 52 000 қойын елдің өзіне қайтарады. Жанқожаның өзі Райым бекінісіндегілерге азықтыққа 500 бас қой бердіртеді... Сол жылы қарашаның аяғы, желтоқсанның басында хиуалықтар қалың қолмен бұларға қайтара шабуылдайды. Бірақ, бұл жолы да олар жеңіліп, кері қайтады. Патша үкіметі Ж. Нұрмұхамедовтің осы тұстағы еңбегін ескеріп, есауыл чинін беріп, қасындағы жолдастарын медальдармен наградтап, арқаларына шапан жабады¹¹. Қысқасы, бұл мәліметтен Жанқожа бастаған Сыр бойы егіншілерінің Хиуа хандығының жергілікті әкімдерімен бір дүркін емес, бірнеше жыл бойы әлденеше рет соғысқанын 1847 жылдың күзінен бастап оларға Райым бекінісіндегі орыс әскерлерінің елеулі көмектер көрсеткенін аңғарамыз. Сондай-ақ, Сыр бойына келген ресейліктерді Жанқожаның жылы ниетпен қарсы алып қана қоймай, оларға көп үміт артқанына да көзіміз жетеді.

Әйтсе де Сырдың оң бетіне кеп жаңадан қоныстанушы ресейліктер жергілікті халықты хиуалықтардан қорғайтын пана болады деп күткен Жанқожа үміті ақталмайды.

Өйткені, жергілікті патша әкімшілі Сыр мен Арал бойындағы ежелден суармалы егістік жері боп келген құнарлы алқаптарды осы төңірекке жаңадан кеп қоныс тепкен орыс келімсектеріне тартып

¹¹ Аничков И.В. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов (Очерк из первых шагов русских на Сыр-Дарье). – Казань, 1894. – С. 4-6.

алып беріп, байырғы қазақ егіншілерін сусыз, топырағы құнарсыз қоныстарға көшірумен айналысты. Соның нәтижесінде 1857 жылға қарай осындай қысымшылық көрген шаңырақ саны бұл аймақта үш мыңға жуықтады. Оның үстіне сол төңіректе қазақтардан жылына үш-төрт реттен түтін салық жиналды. Бекіністерге арнап құрылыс материалдар мен азық-түлік таситындар басқа уақытты былай қойғанда көктемгі егін себетін, күзгі астық оратын кездерде де лаушылықтан босатылмады. Райым мен №1 фортты салу барысында мыңдаған қазақ кедейлері соның жұмысына зорлап тартылды. Оның сыртында сандаған адам бас арықтар мен тоғандарды тазартып, көпірлер салуға жегілді. Еңбектеріне ақы төленбеді. Сондай-ақ, бекіністерге керекті материалдарды Орынбордан алып қайтатын кірешілер үшін көптеген түйе керек еді. Ол халықтан жиналды. Сіңірі шыққан кедейлер ауқаттыларға ең ақырғы қой, ешкісін беріп, осындай түйе салығынан құтылуға мәжбүр болды. Ал, мұндай халықты титықтатқан жағдай – егіншілер қауымын көтеріліске шығуға итермеледі¹². Жырау бұл тарапта Орынбордан ресейліктердің көптеп келіп, жергілікті халықты ор қаздыруға пайдаланғанын айта кеп:

Ол орын тар қаздырмай, кең қаздырған.

Егінін ала жаздай ектірмеген...

Қазақтың жинап алып теке, қойын,

Алдырды бозбалаға отын-суын, – деген сөздермен береді.

Мұнда жоғарыда келтірілген тарихи нақты оқиғаның фактілері бірсыпыра айтылған (бекіністер үшін орлар қаздырту, жарлы қауымның ең ақырғы қой, ешкісінен айырылуы, т.т.).

Аталмыш көтеріліс 1856 жылдың желтоқсанында басталады. Жанқожа Нұрмұхамедов жетекшілік еткен бұл көтеріліске қатынасқандардың рулық құрамы әркілі (кішкене шекті, қарасақал, төртқара, т.б. рулар өкілдері) болды. Таптық жағынан оған негізінен сіңірі шыққан кедейлер қатынасты. Өйткені, Орал бекінісінің бастығы майор Михайлов губернатор Перовский мен Сырдария линиясының бастығы Фитингофқа жазған мәліметтерінде 1856 жылғы желтоқсан айында үш мыңға жеткен көтерілісшілердің біразының жаяулығын, қарусыздығын хабарлаған¹³. Ал, мұның өзі көтерілісшілердің таптық құрамын жақсы көрсетсе керек.

¹² Қазақ ССР тарихы. 3-том. – Алматы: Ғылым, 1982. – 181-183-бб.

¹³ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. – СПб, 1894. – С. 119-120.

Губернатор Перовский әмірімен осы көтерілісшілерге қарсы құрамында 300 казак, 320 жаяу әскері бар (оның елу төрті штуцермен жарақтанған), бір зеңбірек, екі ракеталық станокпен қаруланған генерал-майор Фитингоф басқарған жазалаушы отряд шығарылды. Оған сұлтан Елекей Қасымов басқарған бірнеше жүз кісілік қазақтар келіп қосылды. Олар көтерілісшілердің тұрған орындарын, күшін анықтауда ерекше белсенділік көрсетеді. Сол арқылы жазалаушыларға елеулі көмек етеді. Ал, жазалаушы топ көтерілісшілерге кездескенге дейін-ақ жолдағы егіншілер ауылының талайын тонайды.

Көтерілісшілермен жазалаушы отряд 1857 жылғы қаңтардың 9-күнгі ертеңгілік сағат онның шамасында кездеседі. Күн тұманды болатын. Арықбалық бетіндегі көтерілісшілерге беттеп келе жатқан Фитингоф әскерін Жанқожа қолы қоршауға алады.

Қамыс арасынан қазақ мергендері әуелі оқ атып, көп ұзамай ұран салған олар жасанған жауға қарсы шабады. Қолына ту ұстаған Жанқожа батыр жігіттерінің ортасында келе жатады. Мұны көрген жазалаушылар отряды тездетіп сап түзеп, шабуылды тойтаруға кіріседі¹⁴.

Бұл тұсты Мұсабай жырау Жанқожа батыр: «кешегі Қазалыны қамағанда, мылтыққа көк шұнақ ат жығылған соң, солдаттың жаяу қалды арасында. Көп қазақ қорыққаннан қашып шықты, қаракесек Арынғазы Мәмбетғали екеуі, жетектеп жаудан жаяу алып шықты»¹⁵, – деп жырлаған. Шын мәнісінде де сол жолы қолды шабуылға бастап келе жатқан Жанқожаның астындағы атына оқ тиеді. Аты да, өзі де құлайды. Өзі қолынан жарақаттанады. Осы кезде кейін Шектінің билеушісі болған туысқаны Құлбарак батыр оған атын тосады. Атқа мінген Жанқожа батыр туын алып, жедел түрде сарбаздарын екінші рет шабуылға бастап шығады. Бірақ, зеңбіректі жазалаушылардың тегеуріні шыдатпайды. Көтерілісшілер жеңіліп, кері шегінеді. Одан әрмен Сырдан өтіп, Хиуа жеріндегі Дауқара мекеніне қарай бет түзеді. Сондарынан қуған жазалаушы отряд көз жазып қалады. Сөйтіп, Жанқожаны да, қасындағы жолдастарын да қолға түсіре алмайды¹⁶.

¹⁴ Қазақ ССР тарихы. 3-том. – Алматы: Ғылым, 1982. – 183-б; Аничков И.В. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов (Очерк из первых шагов русских на Сырдарье). – Казань, 1894. – С. 24-26.

¹⁵ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. СПб., 1894. – С. 121-122.

¹⁶ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. СПб., 1894. – С. 77.

Жыраудың Арықбалық маңында өткен айқасты Қазалыда болды деп, Жанқожаны құтқарған Құлбарак батырды Арынғазы мен Мәмбетғали деп жырлайтыны болмаса, негізінде бұл эпизодта да шындықтан ауытқу жоқ деп есептеуге болады.

Ал, жырау неге оларды өзгертіп жырлады деген мәселеге келсек, оны Мұсабайдың авторлық позициясынан іздеген жөн. Өйткені, ол осы фактілерді білмегендіктен емес, әдейі өзгертіп алған. Себебі, сол жерде Құлбарак батыр Жанқожаға атын тосып, жанашырлық істегенмен кейін патша үкіметінің қызметіне көшкен. Ал, жырау оның осы қылығын кешіре алмаған сияқты. Соған бола әлгіндей еңбегін сол кезде Жанқожаның маңында болған Арынғазы мен Мәмбетғалиға аударып салған. Ал, Арықбалықта өткен айқасты неге Қазалыда етіп көрсеткен десек, біріншіден, бұл мекендер бір-бірінен пәлендей алыс емес болатын, екіншіден, жырау тыңдаушысының айызын қандыру үшін жазалаушы отрядты көтерілісшілер ашық далада емес, бекінісінде тұрған жерде қоршап барып, шабуыл салған етіп көрсеткен.

Автордың осы шығармасында ерекше назар аударған оқиғасының бірі – Жанқожаның 1860 жылы Дауқара бетінде, Қызыл құмында шабылып, опат болғандығы екенін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Жырау осы оқиға арқылы мұнда үш мәселеге көңіл бөлген. Біріншіден, жырау мұнда батырдың жау келіп жатқанда намазынан тұрып кетпегендігін, сол арқылы оның еш нәрседен қыңбайтын нағыз ер екендігін көрсетеді. Екіншіден, Жанқожа ауылға жау құйылып жатқанда олардың шақырған ұрандарына қарап, бұлардың ішінде туыстас жұрт шөмекейлер бар, ал оның билеушісі Елекей хан ғой деп, соған сеніп мерт болғандығын айту арқылы, Елекейдің опасыздығын көрсетеді. Үшіншіден, батыр өліміне кінәлі Елекей мен ол билеген шөмекейлерді айту арқылы сонау феодалдық замандағы ел арасы татулығын рулық-тайпалық түсініктермен байланыстырар жайттан хабар береді. Осы оқиғадан кейін сүттей ұйып отырған туыстас, көршілес Шөмен мен Әлімнің арасына араздық енгендігін қынжыла баяндайды. Автор жырлауында бұл жай төмендегіше берілген:

– Аттанды Елікей хан жұртын жиып,
Ауыр қол жүре алмайды жолға сиып.
Бар болса Елікей хан жау болмас деп,
Тұр екен таң алдында намазға ұйып...
Құлмамбет жау келді деп ат ұстады.
Бар болса Елікей хан тигізбес деп,
Бізіңмен ел шығар деп атыспады...

Жанқожа атыспастан қапы кетті...
Жәкенді Жетіруға өлтірткен соң,
Айрылды Әлім, Шөмен бірлігінен...¹⁷

Мұсабайдың осындағы Елікей хан деп отырған кісісі – Елекей Қасымов екені белгілі. Оның 1856-1857 жылдардағы Сырдария егіншілері көтерілісін басып-жаншуға қандай үлес қосқанын біз ілгеріде айттық. Елекейдің ата-тегіне байланысты Молдабай атты ақсақал ел аузындағы әңгімелерді былайша таратады: Әбілқайыр ханның Ералы атты баласынан Қасым туады. Ол жиырма бес жасында ұрыста опат болған. Әкесі өлгенде анасының құрсағында қалған Елекей Қасымұлын, біздің кейбір ресми мәліметтерде Қайыпқали Есімов атты сұлтанның баласы деп жазады. Соған қарағанда оның белгілі тарихи тұлға Қайыпқалидың тәрбиесін көріп, соның перзенттерінің бірінің қатарында аталып жүруі де мүмкін. Қалай болғанда да 1846 жылы Хиуа хандығынан кіші жүз ханы деген атақ алған ол, кейін солардың айдап салуымен Сыр бойындағы Шекті ауылдарын шабуға қатынасты¹⁸ 1851 жылы орыс өкіметіне келіп мойынсұнғандығының арқасында Сырдағы Шөмекей руына билеуші болып жарияланды. Патша үкіметінің полковнигі деген дәрежеге жетті. 1860 жылдың басында Сырдария линиясының бастығы генерал-лейтенант Дебуден Бөрі сұлтанның барымташыларын жазалауға ұлықсат алып, сол жолы Дауқарада отырған Жанқожа ауылын 600 адаммен келіп шабады.

Сөйтіп, бүкіл қазақ сыйлайтын батырды мерт етеді¹⁹. И.В. Аничковтың пікірінше, Жанқожа батыр сол жолы Елекей ханның соңына ерген қалың Шөмекейдің (Шөменнің) ішінде жүрген Жетірудің Табын руынан шыққан Сейілдің қолынан қаза табады. Жаудың келіп қалғанын көріп батырға ат ұстаған Жанқожаның құдасы Құлмамбет ауыр жаралы болады. Қасындағы жолдасы Аманқожа Әлмениев шөмекейлердің қолынан өледі²⁰.

Қалай болғанда да сол төңіректегі елдің бұл іске Жетіру мен Шөмекей жұртының қатынасы бар деп есептейтінін де күмән жоқ. Мәселен, Қазақстан ҒА ОҒК қолжазба қорындағы бір еңбекте

¹⁷ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб, 1894. – С. 124.

¹⁸ ҚСЭ. 6-том. – Алматы: ҚСЭ., 1975. – 540-б.

¹⁹ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб, 1890. – С. 131.

²⁰ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб, 1894. – С. 80-81.

Жанқожа батырмен жорықтарда сапарлас болған Қарасақал Дабыл батыр кейін табын Байқадам батырды бір себептермен мерт етеді де, өзі ажалынан өледі²¹. Байқадамның артында қалған балалары Әлім руымен әбден араласып кеткен, туыстас, қоныстас шөмекейлерден: «Әкемізді Әлім өлтірді. Соған әкеміздің қанына тұрар Әлім де кім бар?!» – деп сұрайды да, оған «Жанқожа»... деген жауап алады. Мұның ақыры 16 жасар Ақсақал Байқадамовтың (қолжазбада Байқадамның Сейіл деген баласы бар делінбейді) Жанқожаны өлтіруімен тынады²².

Аталмыш қолжазбада баяндалатын – шауып келе жатқан табындықтардың «Тостаған», шөмекейлердің «Дөйт» деп ұрандаулары, оған Жанқожаның менің Шөмекей мен Табынның алдында істеген айыбым жоқ деп қапияда кетулері революцияға дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінен айырмасы шамалы.

Егер ілгеріде өткен авторлар Байқадам қазасына Жанқожаның баласы Итжемес мен інісі Жауқашар себепкер болды, Жанқожаның өлтірілуі соған алынған кек еді дегенге меңзесе²³, қолжазбадағы материалда олар жайлы ешнәрсе айтылмайды. Ал, Қарасақал руының Жанқожаға қандай қатынасы бар десек, Алты атаға тарайтын Әлімнің бір атасы Жанқожа шыққан Шекті болғанда, бір атасы – Қарасақал болып келеді²⁴. Егер жоғарыда біз келтірген ел әңгімесіндей Қарасақал Дабыл батырдан Жетірудың Табын руынан шыққан Байқадам батырдың өлгені рас болса, оның орнына мұндай іргелі елдің кек қайтару үшін Жанқожа сияқты бүкіл Әлімнің белін қайыстырар арысына ауыз салуы ғажап емес. Ондай болған жағдайда оған себепкер Шөмекей азаматтарына исі Әлімнің сол тұста кектенбестей жөні жоқ. Демек, Мұсабайдың «Жәкеңді Жетіруға өлтірткен соң, айырылды Әлім, Шөмен бірлігінен» деуінде осындай сыр бар.

Автордың Жанқожа батыр туралы толғауын оқып шыққан да, оқырман жыраудың бас кейіпкерін туған елінің басына ауыртпалық түскенде беліне қару іліп қол бастаған, қай кезде де сол елдің қамын ойлаған көсемі ретінде көрсетуге тырысқанын аңғартады. Сонымен қатар ол кейіпкерін мұсылман дініне шын берілген фанатик етіп жыр-

²¹ Қазақстан ҒА ОҒК. қолжазба қоры. 1320-папка, 1-дәптер. 9-б.

²² Қазақстан ҒА ОҒК. қолжазба қоры. 1320-папка, 2-дәптер. 9-13-бб.

²³ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб. 1894. – С. 80-81; Аничков И.В. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов (Очерки из первых шагов русских на Сыр-дарье). – Казань. 1894. – С. 25.

²⁴ ҚСЭ. 6-том. – Алматы: ҚСЭ, 1975. – 497-б.

лайды. Бұл, әрине, тарихи мағлұматтардан алшақ та кетпейтін жай. Жанқожаның мұсылман дінін қатты тұтынған кісі екендігіне кезінде губернатор Перовскийден бастап біраз адам көңіл аударған²⁵.

Сондай-ақ, оның ауылды жау қаптап жатқанда намазға ұйып тұрып, қаза табуының өзі бір жағынан батырлығын көрсетсе, екінші жағынан оның діндар адам болғандығына кепілдеме бере алатын жай. Бірақ, осы діндарлықтың, екінші бір жағы – ол төңірегіндегі өзге дінді тұтынушыларға жауыға қарау, сол ұлттың жеке өкілдерін емес, кейде соларды түгелдей жау тұту көзқарасы да болып отыратын жағдай. Міне, осы тұрғыдан келгенде автор тарихи Жанқожаның негізгі ішкі жан дүниесінің күрделілігін аша алмай бірсыпыра сүрінеді. Шын мәнісінде Жанқожа алғаш Сыр бойына бекініс салған орыс жұртын, оның басты өкілі – Орынбор әскери губернаторы Обручевті құттықтаған, кейін Жанқала бекінісі үшін айқаста орыс қолдарына ерекше көмек көрсеткен кісі екендігін біз жоғарыда айтқанбыз. Сол кездерде оның орыс халқының мұсылман дінін тұтынбайтындығын білмей жүрген ештеңесі жоқ. Керісінше ол, А.И. Макшеевтің жауынша, жергілікті халықты орыстар өздерін хиуалықтардың езгісінен құтқарушы жұрт деп қарауға үйреткен²⁶ үлкен бедел иесі болатын. Міне, осы жағдайлардың Мұсабай жырау байыбына бара алмағандығы хақ. Сондықтан да ол батырдың Сырдария линиясының тілмашы Ахмеров, т.б.²⁷ шектен тыс озбырлығына қарсы қол бастап шығуын мұсылман мен христиан дініндегі жұрттардың айқасы деп түсінеді. Ал, Жанқожаны ислам үшін күресіп жүргендердің көсемі ретінде бағалайды. Мұның өзі, сөз жоқ шығарманың саяси салмағын түсіріп, сол арқылы шыншылдық қасиетіне біраз нұқсан келтірген.

Шығармадағы орыс жұрты туралы сөз болып жатқан тұста айта кетер бір жай – аталмыш туынды да бұған дейінгі жыраулық поэзияда кездеспеген бір ерекшелік бар. Әдеби мұрада ең алғаш рет Иоан Иоанович деген орыс ұлтынан шыққан кейіпкер кездеседі. Оны автор Жанқожаның бала етіп, бауырына басқанын: «Иоан Иоанович деген орысты ұстап алып, Жанқожа көңілі кетіп бала қылған» деген сөздермен берген. Ал, революцияға дейінгі жыраулық поэзияның алғашқы да,

²⁵ Аничков И.В. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов (Очерк из первых шагов русских на Сыр-дарье). – Казань, 1894. – С. 12-14.

²⁶ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб, 1890. – С. 130.

²⁷ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб, 1894. – С. 120.

соңғы орыс кейіпкері болып есептелетін бұл кісі шындығында да тарихта болған адам болатын. Оның 1857 жылы қазақтардың қолына тұтқынға түсіп, бірақ тірі қалған И.И. Иванов деген қазалылық купец екендігіне И.В. Аничков куәлік етеді²⁸. Әрине, Жанқожаның И.И. Ивановқа қаншалықты мейірімділік көрсеткенін тарихи документтер тілімен дәлелдеу қиын. Бірақ, жыраудың оның тағдыры жайлы айтқан сөзіне құлақ салсақ, Иоанның қазақ тұтқынынан тірі шыққандығын ескерсек, батырдың барша орысты жау тұтпағанына көзіміз жетпей ме? Орыстың бәрін жау көретін кісі, оның бір өкіліне көңлі кетіп, бала қылар ма? Тірі қалдырар ма? Демек, осы сөзі арқылы автор өзіне-өзі қарсы шығады. Осы арқылы батырдың жан дүниесін дәл тани алмағандығын өз ырқынан тыс байқатып алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мұсабай жырау жырлаған Жанқожа батыр Нұрмұхамедовтің қазақ елінің тарихынан алар орнына сипаттама беріңіздер.
2. Хиуальқтар мен Ресей отарлаушыларына қарсы Сыр бойы егіншілерінің Жанқожа бастаған көтерілісіне деген Н. Веселовский бастаған орыс зиялыларының ерекше ықылас көрсетуін немен түсіндірер едіңіздер?
3. Туындыда сипатталатын Бабажан сарт, Елекей Қасымов, т.б. туралы елдік тарихымыз бен ел аңыздарына өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.
4. Губернатор Перовский әмірімен көтерілісшілерге қарсы шығарылған қарулы қолмен болған шайқастағы Жанқожа батырдың және оның жасақтарының ерліктерін жырлаған жырау туындысының шынайы шындығына жан-жақты сараптама жасаңыздар.
5. Мұсабай шығармашылығын зерттеген ғалымдар еңбектеріне берер өз бағаларыңызды білдіріңіздер.

²⁸ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод и приложения. – СПб, 1894. – С. 76.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841-1889)

Қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орны бар ардақты адамның бірі – Ыбырай Алтынсарин екені баршаға мәлім. Ол – (Қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында 2.XI.1841 жылы өмірге келіп, 30.VIII.1889 жылы Қостанайда өмірден өткен) ұлы педагог, қоғам қайраткері, халқының қабырғалы жұрт болуына өз заманында қыруар күш жұмсап өткен тарихи тұлға болатын. Ол – тек Қыпшақ руының ғана емес, өз кезінде Орта жүздің атақты биі болған Балғожа Жаңбыршыұлының Алтынсары атты баласынан көрген тұңғыш немересі еді. Балғожа өзінің билігімен, оның ағасы Қанғожа әрі бай, әрі батырлығымен еліне аса белгілі болғандықтан, халық арасында олар туралы:

Қыпшақта би Балғожа аға болды!

Ағасы Қанғожа би дана болды.

Айбыны аш арыстан секілденіп,

Көрсетті сан қазаққа сара жолды, – дейтін ақындардан сөз қалған¹. Алтынсарының әйелі атақты Шеген бидің қызы – Әймен деген кісі. Шеген би туралы да аңыз әңгімелер, ақындар айтқан өлең-жырлар бірсыпыра болу керек. Солардың бірінде ол туралы төмендегіше жырланған:

Арғыннан ол күндері Шеген шықты,

Халайық айбынынан қойдай ықты.

Азуы алты қарыс сан арғынның

Қойдырды тентегіне бұзықтықты².

Шеген бидің жиені, Балғожа бидің немересі жас өспірім Ибраһим (Ыбырай) Алтынсарыұлына сол кездегі елдің жөн білетін, кісі танытын деп есептелетін адамдары үлкен үмітпен қараған. Ыбырай – сол ел үмітін артығымен ақтаған азамат болды. Бірақ оның да өмір жолы оңай болмаған. Өйткені, Ыбырайдың әкесі Алтынсары 1845 жылы қайтыс болды. Атасы Балғожа немересінің 18 жасында өмірден өтті. Осы екі аралықта келешек оқымысты, жазушы Ыбырайды

¹ Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Дәуір-кітап, 2015. – 31-б.

² Аталған шығарма... 32-б.

Орынборда қазақ балаларына арналған мектеп ашылатын болып, соған бес жасар немересін Балғожа би 1846 жылы жаздыртқанда, бидің төңірегіндегілер мұны орыстың дініне кіріп, шоқыну деп қабылдайды. «Әсіресе, туған ағасы Қанғожа бұл қадамды мүлде теріс деп танып, Балғожамен қатты ренжіседі. Ыбырайды Орынборға апарып, шоқындырып, ата-бабамыздың әруағына кір келтірейін деп жүрсін, бұдан былай Орынборға қарай аяқ бассан, сені де, Ыбырайды да жарып өлтірем деп, Балғожаны қорқытуға дейін барады. Ақырында Балғожа Қанғожаға мектептің қашан ашылатынын да, оған қашан жүрмекші екенін де айтпайды, жасырады»³.

Осындай елдің, оның ішінде бірге туған ағасы Қанғожа секілділердің сөздері қаймықтырды ма, Балғожа би Жетібай Өтемісов деген ересек азаматтың мектепке берген немересінің жанында жеті жыл бойы бірге болуын қатты қадағалаған.

Балғожа би өмірден өткен кезде, жиырма алты жасында 1826 жылы «XIV-XV ғасырлардағы хандар жарлығы» атта диссертация қорғаған атақты шығыстанушы В.В. Григорьев Орынбор шекара комиссиясының төрағасы болатын. Балғожа сол В.В. Григорьевті Орынборға келіп жүрген кездерінде өзінің қазақтың ауызша айтылатын тарихын жетік білетіндігімен қатты таңғалдырған-ды. Осыған байланысты ол даңқты бидің аса еңбекқор талантты немересі Ыбырайға деген ықыласы ерекше болған. Соның арқасында Ыбырай 1859 жылдың 1-тамызынан 1860 жылдың 10-маусымына дейін В.В. Григорьевтің тілмашы болып қызмет атқарады (оған дейін ол атасының жанында хатшы болған). Осы кезде ол В.В. Григорьевтің ұлықсатымен оның Орталық Азия, Таяу Шығыс елдерінің арғы-бергі тірлігін, тұрмысы мен мәдени өмірінен мол дерек беретін кітапханасының баға жетпес кітаптарын талмай оқып, өзінің білімін молайтады. Ғалымның тәрбиесін көреді. Сонымен бірге В.В. Григорьевке келген Н.И. Ильминский, Хұсайын Фаизханов секілді атақты адамдармен танысып, достасып кетеді⁴. Бұлардың барлығы да қазақ халқы үшін қыруар еңбек еткен Ыбырай Алтынсариннің атақты еңбектерінің өмірге келуіне айтарлықтай көмегі болды деп анық айтуға болады.

Ыбырай Алтынсарин – ұлы педагог, қазақтан шыққан тұңғыш балалар жазушысы, өзінің көзі тірісінде қазақ тілінде жазған шығармаларын кітап етіп бастырған бірінші қазақ авторы. Оның халқымыздың

³ Дербісәлин Ә. Аталған еңбек, 37-б.

⁴ Дербісәлин Ә. Аталған еңбек, 65-66, 83-б.

мәдениет тарихындағы орны мен игі ықпал-әсерін революцияға дейін Н.И. Ильминский, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Ф.Д. Соколов, т.б. аса сүйіспеншілікпен жазып, сол кездегі ортаның мүмкіндік шама-сына қарай барынша кеңінен насихаттағаны мәлім. Сондай риясыз көңілдің істеген еңбегінің нәтижесі ретінде 1891 жылы Н.И. Ильминскийдің Қазан қаласынан Ы. Алтынсарин туралы естеліктер жинағының дүниеге келгені белгілі. Сондай ізеттің көрінісі ретінде 1906 жылы А.В. Васильев басшылығымен ұлы тұлғаның «Қырғыз хрестоматиясының» екінші басылымының жарық көргенін білеміз.

Ғалымның сан-салалы еңбегінің мәні мен маңызы революциядан кейінгі кезеңде ерекше құлшыныспен зерттеліп, зерделене түскені мәлім. М. Әуезов, С. Мұқанов, Т. Тәжібаев, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Б. Сүлейменов, Ә. Дербісәлин, Х. Сүйіншәлиев, Ш.Қ. Сәтбаева, М. Ақынжанов, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Ахметов, Қ. Жармағамбетов, Ә. Сыдықов, А.Ф. Эфиров, С. Талжанов, С. Садырбаев, Ә. Ламашев, М. Жармұхамедов, Ж. Тілепов, т.б. ғалымдар еңбектерінде ол ақын, жазушы, тілші-ғалым, әдебиеттанушы, халықтың көркемсөз мұрасын жинақтап жарыққа шығарушы, этнограф ғалым ретінде ұлтымыздың рухани қазынасына қосқан үлесі байыппен қарастырылды. Бұл тұрғыда ол біздің ұлттық топырағымыздан шыққан мәдениет майданының барынша кеңінен тереңдей зерттелген санаулы санлақтарының сапынан орын алады. Ол жайлы Ғ. Қайырбеков, Ж. Молдағалиев, Қ. Сәрсекеев, т.б. поэма, романдары жарық көрген. Бұл тек қадірменді жанның қазақтың көркем әдебиетіндегі бейнесінің бедерленудегі ірі жанрлардағы ғана ізденістерінің ізі. Әйтпесе, ол турасында жазылған өлеңдер мен әңгімелер тіптен көп.

Ұлт ұстазы боп саналатын ұлы тұлғаның қаламынан туған көркем шығармалары мектеп бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқулықтарында жарты ғасырдың үстінде академик Қ. Жұмалиевтің⁵, кейінгі профессор Х. Сүйіншәлиевтің⁶ авторлығымен шыққан еңбектері арқылы оқытылып келеді. Осы тұрғыда Ыбырай Алтынсарин туралы түбегейлі еңбек еткен филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті Әнуар

⁵ Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Орал: Ағартушы. 2010. – 43-77- б.

⁶ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 836-866-б.

Дербісәлиннің ұлы тұлға жайлы «Өнегелі өмір» сериясы ретінде өмірге келген деректі ғұмырбаяндық хикаятының, сондай-ақ, қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген ғылыми монографияларының орны ерекше екендігін айрықша атап айтуды орынды деп білеміз.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының өз тілінде білім алуын насихаттаушы және соны жүзеге асырушы алғашқы ағартушы екендігі баршаға мәлім. Ол өзі оқыған Орынбордағы Шекара Комиссиясы жанынан ашылған жеті жылдық мектеп пен соған дейінгі 1841 жылы Жәңгір хан ордасында өмірге келген оқу орнының таза қазақ тілінде білім беруді мақсат етпегендіктен шәкірттердің көрген қиыншылықтарын өз басынан кешірген жан. Ол осы турасында өзінің тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып отырған 1879 жылғы «Қырғыз Хрестоматиясына» жазған «Сөз басында» төмендегіше жан сырын баяндайды:

– Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан, көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге, амалсыздан, татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен, араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар, осы жағынан алып қарғанда да дүниаяу мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып, жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат, бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды: оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай, жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан, бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және

жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын, сондықтан мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім; екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын көздедім; сондықтан, бұл кітапқа енгізетін әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруға ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінеді:

1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары.
2. Әртүрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.
3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.
4. Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапқа, қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз.

Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін; бірақ, сонда да болса, бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде, көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбатып отырмын. Оның бержағында, осы күні халқымыз өз тілінде ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына, надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасының келгенінше қызмет ету біздің әрқайсысымыздың да борышымыз екеніне, бәлкім, басқа да, менен білімдірек елдестеріміздің де санасы жетіп қалар.

*Торғай қаласы, 1879 жыл
Ибраһим Алтынсарин*

Ұлы педагогтің бұл сөзінен біз, оның келешекте аталмыш хрестоматиясын кеңейтіп, екі кітап етіп шығармақ болған ниетін анық аңғарамыз. Бірақ елі үшін еңіреп өткен қайраткердің бұл жұмысын толықтай жүзеге асыруына мүмкіндігі болмаған сияқты.

Ыбырайдың хрестоматиясына енген алғашқы өлең «Сөз басы» деп аталып:

Бір құдайға сиынып,
Кел, балалар оқылық.
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры
Оқысаңыз алдалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар, – деп жалғаса береді. Мұндағы өлеңнің бірінші жолы кешегі Кеңестік дәуірде «Бір құдайға сиынып» деген сөз болғандықтан оқулықтар мен хрестоматиялардан алынып тасталынып жүрді. Ал, екінші шумақтағы «Істің болар қайыры оқысаңыз алдалап» деген жолдардағы «алдалап» сөзінің сол кездегі ауызекі тілде солайша айтылатын «аллалап» деген сөздің ұғымы екені белгілі. Шығармада автор оқу-білімді «ешуақытта жұтамайтын» байлық көзі дей отырып, дүниедегі игіліктердің бәрі білім арқылы жүзеге асатынын, ең ақыры «Оқу білген таниды – бір жаратқан құдайды, Танымаған құдайды неғылғанда ұнайды» деп, келесі «Өнер-білім бар жұрттар» деген туындысында өнер-білімі бар халықтардың тастан сарай салғызып қана қоймай «Айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша» жылдам хабар алғызатынын, «аты жоқ құр арбаны – мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызатынын», «адамды құстай ұшырататынын», сондықтан «жасөспірім достарым, алысқа кеткен қатарларыңның соңынан ұмтылыңыз қалыспай» дей отырып, «Үміт еткен достарым, сіздерге бердім батамды» деп білім-ғылымның жолына жаңа кіріскендерге алдарынан жолығар ақшаңқан ғажайып тірлік туралы түсінікті тілмен мағлұмат береді.

Ақын оқырманын «Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен, Кете бар кесе басың шындықпенен, қорек тап бейнеттен де тәңірің жәрдем,

Телмірме бір адамға мұндықпенен. Адамға бір өзіндей көзің сүзбе» деп бейнетті еңбектің ризық көзі екенін жырлайды. Берекелі елдің ұлы мен қызы қандай болуы керектігін өлең-жырмен насихаттайды. Оның «Жаз», «Өзен» секілді өлеңдері бұдан бір жарым ғасыр бұрын өмірге келгендігіне қарамастан бүгінгілердің өзі таңдана қабылдайтын жайдары шығармалар болып есептеледі.

Жазушының мейірімділікке үндейтін («Ауырудан аяған күштірек»), еңбекпен табылған дәмнің тәттілігін («Атымтай жомарт»), опасыз достың сатқындығын («Жаман жолдас»), пайдакүнемдіктің қасіретін («Мұжық пен жасауыл»), әділ қазылық жасайтын жанның жалтақтықты білмей патшаның өзін адалдыққа үндеуі («Петр патшаның тергелгені») арқылы елге үлгі болуын, қанағаты бар жанның ең бай адам екенін («Байлық – қанағатта»), ақылы мол, оқымысты адал пенденің әдепті болуын («Әдеп»), өміріне риза адал жанның мұңсыз болатындығын («Мұңсыз адам»), ақылды адал жардың бар жағдайда да қосағының тірегі бола алатындығын («Жиренше шешен»), ата-ана мен туған бауырларына деген мейірімділік – ақылды жанды қандай да болсын қасіретке өзін құрбан етуге тәуекел еткізетіндігін («Мейірімді бала»), ақылсыз жанға кешіріммен қарау («Лұқпан әкім») керектігін көрсететін көлемі өте қысқа туындыларының оқырманына берер ғибраты өте жоғары. Бұл туындыларының біразын Ы. Алтынсарин ел-халыққа даңқымен белгілі (Һарун-Рашид, Петр патша, Атымтай жомарт, Жиренше шешен, Лұқпан әкім) адамдар өмірінен алып, біразын қатардағы жай адамдардың тірлігімен байланыстырып жазған. Осы әңгімелер мен аңыздар да негізінен адам басындағы мінінен арылуға үндейтін идея жатыр. Ал, «Қыпшақ Сейітқұл» сынды туындысында отырықшылық пен сауда мәселесі «Еңбек түбі – ырыс», «Ұрлық түбі – қорлық» екені (академик Қ. Жұмалиев анықтамасы, аталған еңбегінің 66-беті), сондай-ақ, «Бай мен жарлы баласы», «Баланың айласы» сынды өмірден түйгендері мен көргендері мол ақылды балалардың өмірдің қандай ма болсын қиын жағдайында да қиналмай, жол тауып, тірлік ете білетіндіктері (бір ретте бұрын Үсеннің есті болуы тек қаналған таптың өкілі болуынан деп түсіндірілетін), «Дүние қалай етсең табылады», «Білгеннің пайдасы» сынды туындыларда қандай өнерді үйренсе де адамның ақыр содан пайда таппай қоймайтындығы суреттеледі. Мұның өзі – шағын жанрдың шебері Ыбырай Алтынсариннің қазақ балалар әдебиетін өзінің алғашқы шығармаларымен байытқан нағыз даңқты қаламгерге лайық шығармашылық жолын көрсетеді.

Ұлт тілінде мектептер ашу идеясының басында тұрған Ыбырай

Алтынсарин, тегінде, әуел бастан өз ана тілінде сөйлеп, атажұртының дәстүрі мен қасиеттерін бойына сіңіріп, ана тіліндегі мектеп есігін ашқан шәкірттер арасынан өзге халықтың да дәстүрі мен тілін жетік игеріп, туған халқымен байланысын үзбейтін азаматтардың молырақ шығатынын ерте аңғарған. Өйткені, жасөспірім шәкірт аса зерек болғанның өзінде де көбіне кейінгі тәрбие алған жұртының дәстүрі мен мәдениетін игерем деп жүріп, атажұртының рухынан көз жазып қалады. Мұның өзі, түптеп келгенде көшпенді халық өкілінің тоғышар болып кем жаратылғандығынан емес, өзге тіл, өзге дәстүрдің есейіп келе жатқан мектеп жасындағы шәкіртке тосын, бәймәлімдігінен. Міне, бұл жайды сол кездегі түрік нәсілдестерден шыққан Ыбырай Алтынсарин, Исмаил Гаспринский секілді озық ойлы ғалымдар жақсы түсінген. Сондықтан да олар бір-бірімен туыстық ұқсастықтары жоқ әртүрлі жұрттардың мәдениетін игеру үстінде өзінің дағдылы тіршілігінен ауытқымай, өзге елдің тәрбиесін бойына сіңіру үшін ең алдымен өз тілінде тәрбие алуы керектің насихаттаған. Жоғары лауазымдылар алдына осы жайды мәселе етіп қоя білген. Сол арқылы бұратана деп есептелетін белгілі ұлт өкілдерінің мәдениет майданына жаппай еркін қадам жасай алатындығына өздері де иланған. Лауазымдыларды да ұғындыруға тырысқан. Бұл тұрғыда Ыбырайдың қазақ шәкірттеріне арнап 1879 жылы Орынбор қаласынан «Қырғыз хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты кітаптар шығаруының өзі оның осы жолдағы алғашқы педагог – ғалым ретінде өзгеше сыйлы қайраткер болуына лайықты екенін көрсетеді. Және қазақ жұрты үшін бірінші жазылған осы оқулықтардың оған алғашқы ағартушы деген атақты иеленуіне толық құқық беретіні белгілі. Ал, оқулықтардың сапасына келсек, бұл кітаптар Ыбырайды шығармашылық тұрғыда әр қырынан көрсетіп, оны қазақтың тұңғыш балалар жазушысы, аудармашысы, ауыз әдебиеті мен халық ақындары мұраларын жинаушы, баспа бетінде шығармалары жарияланған бірінші ақын һәм орыс тілін оқытып-үйрету жүйесінен ең ілкі оқулық жазған ағартушы – лингвист ғалым ретінде қазақ халқының мәдениет аспанына бір-ақ алып шыққан сындарлы дүниелер болатын. Бұл еңбектердің бүгінгі таңға дейін өзінің сынын жоғалтпай халықпен бірге жасасып келе жатқандығы да оның кемел ойлы, ерекше шығармашылық қабілет иесі қолынан шыққандығын да екендігін елдің бәрі мойындаған. Демек, аталмыш кітаптардың бір ғана кезеңнің кәдесіне асу үшін жазылмағандығы, қазақ деген халық, бар жерде онымен бірге өмір сүре беретіндігі көңіл қуантады.

Жалпы алғанда, Ы. Алтынсарин өз халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жетік меңгерген үлкен этнограф – ғалым. Оның «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» атты 1870 жылы жазылып, сол жылы Бүкілроссиялық география қоғамының Орынбор халық бөлімшесі ашылғанда, осы мекеменің «Жазбаларында» жарияланған еңбектері ғалымның аталмыш салада да аса білімдар кісі болғандығына дәлел бола алады. Сонымен бірге оның Жәнібек батыр», «Бай мен жарлы баласы», «Жан-жануарлардың дауласқаны», «Ізбасты», «Надандық», «Жиренше шешен», «Қыпшақ Сейіткүл», т.б. көркем шығармаларында да қазақ елінің халықтық дәстүрі, салт-санасы (ілгеріде еске алған екі шығармадағыдай ғылыми машықпен жазылмағанмен) көркем туынды ретінде өрнектелгені де, автордың қандай жанр мен ғылыми машықта жазса да қазақтың елдік қасиетін көрсетуге қызмет еткен ұлтжанды тұлға екендігіне кепілдік береді.

Ы. Алтынсариннің 1879, 1906 жылдары Орынбор қаласынан шыққан «Қырғыз хрестоматиясы», 1896, 1899 жылдары Қазан қаласында жарияланған «Мактубат» жинақтары турасында айтқанда, әрине, бұл кітаптардағы автордың өз төл туындылары мен жастарды жақсылық пен ізгіліктен ғибрат алуға үндейтін аудармалары қазіргі оқырманға түгелге жуық таныс. Бірақ, хрестоматия авторы қаламынан шыққан дүниелерінің тәрбиелік, рухани мәніне ғана назар аударып қоймаған. Ол халық арасына кең тараған Шәлғездің, Орақ батырдың баласы Әлібектің, Нұржан бидің, Орынбай ақынның жеке шығармалары мен Марабай жырлаған «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» жырларына да ерекше ден қойған.

Жалпы, революцияға дейінгі кезеңде және кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында өмір сүрген халқымыздың көзі қарақты, істеген ісі мен жазған еңбегіне күдіксіз қараған деп есептелетін санаулы саңлақтардың бірі – Ы. Алтынсарин болғаны мәлім. Бірақ, сол бірен-саран сенімді адамдарымыздың жазған еңбектері де түгелдей еліне жетіп жатпағаны және анық. Мұндай жай Ы. Алтынсариннің басында да болған. Мәселен, оның 1882 жылы 12 қыркүйекте Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «Халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын, екінші жағынан қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған мұсылман дінінің рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне, мүмкін болғанынша, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс

бағытқа түсіп кетпеуі үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап, осыған қоса (хатқа қоса – Ж. Т.) жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім...

Бұл кітап төрт бөлімнен құралады: бірінші бөлімінде – иман туралы... құдайдың бірлігін, Мұхамбет оның елшісі екендігін қалай тану керек екендігі көрсетілді. Екінші бөлімінде – құдайға құлшылық ету; намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа беру, жалпы қайырымдылық істер істеу, қажыға бару, мұнымен қатар, осы бөлімде намаздарда және басқа діни жағдайларда оқылатын аяттар қосылды. Үшінші бөлімінде – адамгершілік (ахлақ) жайы, басқаша айтқанда құранның айтуы бойынша адамның қандай бағыт ұстап, қандай адамгершілікте болуы керек екендігі көрсетілді. Төртінші бөлімде – намаз, ораза үстінде және басқа діни жағдайларда оқылатын арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілді», – деп қазақ қауымы үшін жазылған «Шариат ұл – ислам» («Мұсылманшылықтың тұтқасы») атты кітабының мазмұны таныстырылып, бұл еңбектің Қазан қаласынан автордың, өз қаражатына басылып шығуына жәрдем сұрайды. Бұл кітап 1884 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Оны қазақ, орыс мектептеріндегі қазақ шәкірттердің де, елдегі дін ісіне енжар қарай алмайтын қазақ қауымының да кәделеріне жаратқаны хақ. Өйткені, бұл кітаптың діни фанатизмдікке, өз дінінен басқа діндерге теріс пиғыл білдіріп, өшпенділікке үндемейтіндігі мәлім. Керісінше, адамгершілік, мейірімділік жолдарын уағыздайтын бұл еңбектің түптеп келгенде оқырманын ұждандылыққа, кішіпейілділікке, бауырмалдыққа шақырып, кез келген демократиялық қоғамға тән ізгі моральді ғылыммен байланыстыра насихаттайтыны даусыз. Оның қысқаша мән, мазмұнын Ы. Алтынсарин жоғарыда Н.И. Ильминскийге жазған хатында дәл көрсеткен. Бірақ, аталмыш еңбек соған қарамастан жетпіс жыл бойы елге айтылмады, көз бен көңілден таса етілді. Жариялылық кезенінің арқасында ғана аталмыш еңбекті Қазақ КСР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер Сейтен Сауытбеков қазіргі әріпке түсіріп, «Жұлдыз» журналында жариялады. Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент – мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ш.Қ. Сәтбаева Академия хабарларына зерттеу мақала шығарды.

Жалпы, Ы. Алтынсарин еңбегі тек мектептер аштырумен, онда оқитын шәкірттер үшін оқулықтар жазумен ғана шектелмеген. Мәселен, 1868 жылы Орынбор және «Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының дала облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережесінен» кейін патша әкімдерінің қазақтардың шы-

райлы қоныстарын Ресейдің ішкі бетінен келушілерге алып берген әлімжеттіктерін көзімен көргендіктен, мұндай бассыздықтың түпкі негізіне назар аударып, арнайы мәселе етіп көтереді. Сондай-ақ, 1869 жылдың жазындағы нөсер жауыннан селге кеткен бірнеше ауылдың тергеуші ретіндегі хал-күйін баяндап жазған куәлік хаттары мен 1879-1880 жылдардағы ақшұнақ жұттан тартқан қазақ даласының алапат азабын баяндайтын публицистикалық очерктерінде де оның халқына деген жанашырлық даусы құлаққа келеді. Бұл айтылғандардан, сан қырлы, дара дарынның келелі келешекке деген шексіз сенімі, туған халқын ағартушылық бағытқа бастаған биік тұлғасы терең танылады. Бүгінгі буын үшін бұл еңбектердің де тағылымы зор.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының рухани өмірінен алар орнына сараптама жасаңыз.
2. Ыбырай Алтынсарин шығарған «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясының» қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралы ретіндегі мәні мен маңызына сипаттама беріңіздер.
3. Ы. Алтынсариннің ислам дініне деген көзқарасына куәлік ететін Н.И. Ильминскийге жазған хаты мен 1884 жылы Қазан қаласынан басылып шыққан «Шариат ул-ислам» («Мұсылманшылық тұтқасы») атты еңбектеріне тоқтала отырып, дін мен халық туралы келелі мәселеге өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.
4. Тұңғыш балар жазушысы ретіндегі Ы.Алтынсарин әңгімелеріне баға беріңіздер.
5. Ы. Алтынсариннің этнограф-ғалым тұрғысындағы еңбектерін қалай түсінесіздер?
6. Ы. Алтынсарин еңбектерін зерттеген әдебиеттанушы ғалымдар мұрасына деген көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ (1841-1929)

Ел деп соққан жүрек иесінің еңбегі қаншалықты өміршең болса, еңсесі де соғұрлым жоғары, есімі де соншалықты ардақты. Адамзат баласының арғы-бергі дәуіріне көз салғанда осыдан үш мың жыл бұрын өмір сүрген Сүлеймен Дәуітұлынан басталатын небір даңқ иелерінің ғибратты тірлігі осындай ойға жетелейді.

Ел сөзін сөйлейтін өлең-жырдың тау тұлғалы азаматтарына адамзат қоғамы қай кезде де ерекше құрметпен қараған. Ежелгі гректердің өздерінің елдік жадын тірілтуші деп білетін, жартылай аңыз адамы соқыр жыршы (аэд) Гомерді, әлемдегі алғашқы эпикалық жырлар – «Илиада» мен «Одиссеяны» өмірге келтіруші деп, пайғамбардан әрмен әз тұтуы болсын, парсы жұртының 1010 жылы соңғы редакциясы бітіп, ақи-тақи соңғы нүктесі қойылған «Шах-намесінің» авторы Абдулқасым Фирдоусин бір ғасырдағы емес, бар ғасырдағы парсы ұлтының рухани көсемі деп білетіні де, сондай-ақ, XIV ғасырдың даңқты жиһанкесі Ибн-Батута Берке сарайынан кезіктірдім дейтін Сыпыра жыраудың аты аталып жатқан тұста қай қазақтың да елегізіп елеңдесіп қалатындығы да содан.

Бұл тұрғыда қазақ даласының қай қырына көзіңізді тіксеңіз де ұлтын ұлықтап өткен, болмысынан тұлпар туысты «ертеден салса кеште озған, ылдидан салса төсте озған» алмас тілді арқалы ақындары мен әлемнің барша мұңын өзі көтеріп жүргендей, теңіздей тебіренген, ел деп еміренген жыраулар әулетінің қастерлі мұрасына жанарыңыз сүрінер еді. Сол әулеттің бірегей тұлғалы алып бәйтеректерінің бірі – Қашаған Күржіманұлы. Ол – ақын, ол – жырау, ол – жыршы, ол – елінің өткенін өлеңмен өрнектеген шежіреші ғұлама.

Қашаған Күржіманұлы 1841 жылдың 7-ші қаңтарында Түрікменстанның Ташауыз қаласына шектес қазақ ауылында, қарапайым қара шаруаның отбасында өмірге келген. Әкесінің аты – Күржіман. Анасының аты – Ырысты¹. Руы – Адай, оның ішінде – Қосай атасынан. Шежіре бойынша Қосай Байбол, Тіней, Бәли, Әйтей, Бегей, Сүйіндік болып алты арысқа бөлінсе, Қашаған соның Бәли тармағынан. Бәлиден Түбек, одан Боран, одан Оразбай, одан Шынықұл, одан Дүйсенбай,

¹ Сыдықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары (XVIII-XIX ғ.ғ.). Көмекші құрал. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 2001. – 103-104-б.

Дүйсенбайдан Сәрсенбай, Күржіман, Жұма, Бисен болып бөлінеді². «Әруақты атам Ер Қосай, өзімнің атым Қашаған, Ғұмырым сексен жасаған» деп жырлап өткен ақын 1929 жылы 25-тамызда Құлат атты елді мекенде дүниеден өтіп, сол төңіректегі Қырыққез аталатын ежелгі ескі қорымға жерленген³.

Ақынның мұрасын бүгінге жеткізушілердің айтуынша, ол әкеден жастай жетім қалып, кейінгі өмірі жетімшілікте өтеді. Ақынның немере інісі Шадыман Үсенбайұлының айтуынша, мал бағып жүрген Қашаған көзі ілініп кетіп түс көреді. Түсінде бір қара кісі келіп «дорбалап аласың ба, қапшықтап аласың ба» дейді, келешек ақын «бергенінді аламын» дейді. Қара кісі қолын жайып «Өнер бердім, елге шаш», – деп батасын береді. Ояна келсе, жүрегі лобылып, кеудесін бір нәрсе керіп бара жатады. Қой ұзап кеткен. Ақынның «Ассалаумағалейкум, түйеқарын» дейтін туындысы сол күні алдындағы малын үркіткен түйеқарынға айтқан алғашқы өлеңі болып есептелінеді⁴.

Қашаған Күржіманұлының әдеби мұрасы академик Қажым Жұмалиевтің 1939 жылғы жоғарғы оқу орындарына арналған қазақ әдебиетінің бағдарламасына еніп, 1951 жылға дейін филология факультетінің студенттеріне оқытылды. Сосын белгілі себептермен ұзақ уақыт бойы ақын мұрасы ел назарынан тасада ұсталды. Қазіргі жоғары оқу орындарында оқытылып келе жатқан профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің оқулығында Қашаған шығармашылығына орын берілген⁵.

Ақынның өмірбаянын мейлінше анықтап, шығармаларын республиканың оқырмандар қауымына кеңінен жеткізуде көрнекті ғалым Қабиболла Сыдиықұлының еңбегі ерекше⁶. Қашаған ақынның мұрасын елге таратуда Мұрын жырау, Сәттіғұл Жанғабылов, Сүгір Бегендіқұлы, Ығылман Шөреков, Шамғұл Ыбрайымұлы, Ыбыр Досалиев, Құмар Жүсіпов, Сұраубай Үттібаев, Шадыман Үсенбайұлы,

² Көшенұлы Т. Сәрсенбайұлы Өсербай. – Алматы: Нұрлы әлем. 2009. – 11-б.; Сыдиықұлы Қ. Аталған еңбегі. – 104-б.

³ Сыдиықұлы Қ. Аталған еңбегі. – 107-б.; Кекілбайұлы Ә. Жырдария сарқылмайды // Қашаған – сөздің дүлдүлі. – Алматы: Жазушы, 2013. – 18-б.

⁴ Қ. Сыдиықұлы. Аталған еңбегі. 105-б.

⁵ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 250-256-б.

⁶ Сыдиықұлы Қ. Ақберен. – Алматы: Жазушы, 1972.; Сонікі. Біртума жыр саңлақтары. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001.; Сонікі. Таңдамалы 3-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007., т.б.

Жанжігіт Қосназаров, Көшен Өсербаев, Назарбек Раев, Темірғали Күнтуғанов, Зердебай Бекарыстанов, Бисен Сариманов, Қажығали Мұхамбетқалиев, Сапарғали Омарбеков, Бектұр Төлеуғалиев, Жетібай Жылқышиев, Сайын Назарбеков, т.б. азаматтардың еңбектерін атап өтуге лайықты деп білеміз. Бірақ, осыған қарамастан кешегі азаматтардың замана қабағына қарап келген тұстарында баспасөз құралдары арқылы оның есімі жалпы қалың қазаққа тегіс мәлім болған жоқ. Елдің ол туралы білетін шығармалары бірлі-жарым ағайындарын шенеген өлеңдері мен ақындармен айтысқан мұралары болатын. Бұл ретте Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының Қашаған мұрасы жайлы, сондай-ақ, онымен шығармашылық тұрғыдан тұрғылас, халқына барлық болмысымен туындыларының жетуіне шідер салынған өзге де шығармашылық тұлғалар туралы: «Сонау бала кезімдегі бұқпантай жиындарда «Әй, несін айтасың, олардың жөндері бөлек еді ғой» деп, жұрттың кеуде керіп отырып желпіне айта алмай, күрсіне айтатын осы бір лебізі көкірегімде талайғы шемендей шер байланып қалыпты. Сөйтсек, іргедегі Тайсойған мен Жылыойда да, қиырдағы Шыңғыс, Баян, Шұбартауда да, одан бергі Қарқаралы, Қаратауда да сол жылдары тап осындай ұры жиындарда да Мұрат, Бала Ораз, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Нарманбет, Мәделіқожа, Шәді төрелердің сөздерін айтса да, өздерін атамай «Әй несін айтасың...» деп кіжініпті... Әлі де болса бар сыр, бар сиқырымен түгел танылып бола қоймаған Маңғыстау жыр мектебінің орман киесіндей ата бәйтерегі – Қашаған ақын Күржіманұлы. Қашаған жырын тыңдасаң, оқысаң әр ғасырда әр қилы аталғанмен, ықылым заманнан жер үсті ғаламаттарының бәріне қатысып келе жатқан халқымыздың көп ғасырлық көне тарихының көк айдын мұхитына жүзгендей, сол көп ғасыр бойғы қордаланған рухани ырзығының бәрі төкпей-шашпай жиылып, қаймағы алынбай туырылып тыныш тұрған қасиетті қара қазанының қақпағын ашып, нәр татқандай, халық парасатының көп замандардан бері тұяқ кешті болмай тұнып тұрған кәусар көліне күмп бергендей боласың. Мейірің әбден қанып, мерейің әбден тасады. Өйткені, Қашағанның бойында тек халықтық табиғаттан туындайтын алыптық қасиеттердің бәрі бар⁷.

Бұл келтірілген үзінді – Ә. Кекілбайұлының 1991 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде Қашағанның 150 жылдық тойы тұсында жазылған сөзінің кітапқа түскен нұсқасы. Шындығында да, өзінің

⁷ Кекілбайұлы Ә. Жырдария. // Қайыртпай кеткен Қашаған. – Алматы: Жазушы, 2011. – 340-341-б.

әріптестері секілді Қашаған ақынның барша шығармашылық болмысымен халқымен емен жарқын жүздесуі – еліміздің Тәуелсіздік алған тұстарынан басталады. Ал, бірақ, соған дейін ақынның қаншама мұрасы ана дүниелік болып кеткен небір шежіре жандармен бірге жер астына кетті... Бүгінгі елдің ақын мұрасынан иеленіп қалған шығармалары – 1991 жылы белгілі ғалым Қабиболла Сыдиықовтың жинақтауымен жарық көрген «Алқаласа, әлеумет», «Топан», берідегі, халық мұрасының жанашыры, ел шежіресінің білімпазы Жетібай Жылқышыұлы құрастырған 1911 жылғы «Қайыртпай кеткен Қашаған» атты жинақтағы ақын сөздері.

Ақынның ақ алмастай айбынды бейнесі кезінде халқымыздың сөз өнерінің құлагері Ілияс Жансүгіровтің «Көбік шашқан» атты поэма-сында көрініс тапқаны мәлім. Онан бергі замандағы Қашағанның да, Ілияс Жансүгіровтің де шығармашылық тағдыры халыққа мәлім... Күй атасы Құрманғазыға байланысты берідегі арқалы ақын Хамит Ерғалиевтің «Құрманғазы» дастанында да Қашаған ақын бейнесіне тиісті дәрежеде орын берілген. Ал, осынау ұлы сазгер-күйші мен дауылпаз ақынның шығармашылық қатынасына байланысты академик Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде де халқымыздың негізгі саз аспабы – домбыра жайлы Қашағанның Есқали сұпыға айтқан ызалы жырының мән-маңызы ғылыми тұрғыдан пайымдалатыны мәлім. Тегінде, осынау тыңдарманы беріле тыңдайтын бұл жыр – ақынның тек халқының тарихын ғана емес, дін тарихын да, әрі-берідегі адамзат баласының ұлы тұлғалары жайлы аңыз-эпсаналарды да жетік білетін үлкен интеллект иесі екендігіне куәлік береді. Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев осы туынды туралы, жалпы Қашаған ақын жайында төмендегіше толғанады: «Шынымды айттайын, Қашаған Күржіманұлын ақын ретінде атын естігенім болмаса, бірді-екілі өлеңдерін ғана түрлі мақалалар арасынан ұшыратқанымды айтпағанда, атымен білмей өсіппін. Жетпіске тақағанымда ғана Қашаған ақынның жеке кітабы қолыма тиді. Бүкіл дүние жүзінің дүйім поэзиясынан кәдімгі ағашты осыншама қадір тұтып, мақтауын жеткізе аса жырлаған ақынды өз басым білмеймін... «Жүрегімді жаулауға нәсіп болған бұл ағаш, Пайғамбарлар туғанда бесік болған бұл ағаш, Қараңғыда жарығы шырақ болған бұл ағаш, Ғаріп пенен қасерге қуат болған бұл ағаш...». Жаратылыстың адамзатқа деген жақсылығын, өмір игілігін осыншама ұтымды суреттеп халыққа ұқтыру – халықтық тағлимақтың тамаша көрінісіне айналғандай. Ал енді Қашағанның қиыннан қиыстырар хас шеберлігі мен тілінің шұрайлылығы, сөзінің

шырайлылығы ғажайып: «Хас жаманның үйінен, жақсының артық моласы...». Шендестіріле, көпе-көрнеу, қарсы қойыла, бадырайта-баттита суреттеуі соншама, дәл нысанаға дөп тиген жебедей өткір. Осы бір ойды екінші бір ақын қазақтан туып, әлгіндегідей асыра, әсем бедерлейді дегенге мен нанбас едім⁸.

Қазақ әдебиетінде Мұхаммет пайғамбар, Әзірет Әлі, Бибатпа, Ыбырайым пайғамбар, Мұса пайғамбар, Біләл Хазірет, Барсиса мен Насуха, Жәбірейіл періште, оның пейіштен алып келген Хамхам, Сәмсәм, Зұлқажжа, Зұлпықар, барлығы бірдей бір автордың шығармасында болмағанымен, кейбірі дін тарихына жетік ақын-жырауларда ара-тұра сөз болмаған еді деп ешкім де айта алмайды. Бірақ, Қашаған ақынның ерекшелігі сол, ол жоғарыда Мұзафар Әлімбаев айтқандай, бүкіл ислам дінінде есімдері белгілі жандар мен қасиетті атаулардың барлығын Есқали сұпының Қашаған ақын домбырасына қатысты бірауыз бейәдеп айтқан лебізіне бола табан асты осынша төгілдіре жырлап, дін жолының қорғаушысы болып жүрген сұпыны өз сөзімен матауында болатын.

Ақындық өнердің ақ дариясы сынды Қашаған Күржіманұлының өмір кешкен дәуірі қазақ жұрты үшін тұтастай өте-мөте қасіретке толы ауыр уақыт болатын.

XIX ғасырдағы қазақ елі – өткен замандардағы бірде жоңғармен, бірде Хиуа, Қокан хандықтарымен, біресе батыстағы алып жұрт орыстармен ұстаса жүріп күн кешкен әлеуетінен біржола айырылған қауым еді. Бұл – 1870 жылдары Ресейдің бүкіл Орта Азия республикаларын Қазақстанмен қосып өзіне қаратқан отарлаушылық мақсаты жүзеге асқан заманы еді.

Сол тұста, сол оқиғаны көре жүріп, біле тұрып, халқының мұнан кейінгі қасіретті күйіне қарлығаштың қанатымен су тасығаны сияқты жан ұшыра еңбек қылмаған ақын, жырау болған жоқ. Сондағы ең басты мақсат–қалың қауымның елдік еңсесін түсірмеу болатын. Бірақ, тайталасқа толы, адамзаттың қолын ғана емес, пейілін байлап тұрған қара ниетті қасіреттің тасы өрге домалап тұрғанда, озбырлық біткеннің жолын кесіп, қанағатсыздық пен мейірімсіздіктің туын жығу оңай емес-ті. Сондықтан адам жанын, заман халін, көкірек көзімен қапысыз танитын асқан білімпаз дегдарлыққа қоса ел тарихының, ата-баба өмірінің үлгілі тұстарын – ұрпағын рухтандырар дәстүр жайын

⁸ Әлімбаев М. Жақсының сөзін тындасаң... // Қайыртпай кеткен Қашаған. – Алматы: Жазушы, 2011. – 301-302-б.

жеткізер Қашаған сынды дауылпаздарға ар науасынан ақтарылған асау жырды төгілдіруге тура келген.

Қашаған – эпик ақын. Қазақ поэзиясының асқар шыңдарының бірі Илияс Жансүгіров «Қашаған – жүйрік жырау, елдің тілі» деп бекер айтпаған. Ол жырау болғанда да Алтын Орда заманының, ноғайлы дәуірінің небір алып жұрттармен алысқан айбынды баһадүрлері туралы ерлік жырларын тереңдей зерттеген академик В.М. Жирмунский айтатын, сонау Тоқтамыс ханның ақылшысы болған абыз жырау Сыпырадан басталып, Абылға келіп тірелетін көлемі жағынан әлемде қырғыздың «Манасынан» кейінгі, бүгінде «Қырымның қырық батыры» аталатын ел тарихын әуенді саз-өлеңімен сөйлететін жыр мұхитының қарқуары еді. Ол М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Қ. Сыдықов, Ә. Кекілбаевтар зерделеген Қазақстанның батыс аймағындағы болмысы ерек жыраулар мектебінің талантты өкілі еді. Ол қолына домбыра алып, алкалы топтың құрмасына кірген заманында Абыл мен Есет, Қалнияз бен Нұрым, Ақтан мен Аралбай сынды ақындық өнердің ақиықтарының төрт көзі түгел еді. Қашаған сол ортаға еніп, ақындық өнерін ұштады, білімін толықтырды. Өнеге-үлгісін алып, елінің тарихына қанықты. Оны ол өзінің «Қазақ деген ел едік, қайырлы халық атанған. Үш қожаның тұқымы – өсіп-өнген қатардан: Үйсін, Арғын, Алшын деп, Үш жүз болып атанған. Әзіреттің кең ойы, алты судың өн бойы – Атамыз қонған жер екен» деп, елінің өткені туралы келелі жайларды төкпектетіп келетін «Атамекен» толғауында «Көзім көрген адамда Абыл, Нұрым, Ақтаным, осылар еді тақтағым. Осылай деп маған үйреткен, тарихтың ескі ақпарын» деп, ақын ретінде сол ортаға өзінің шәкірт болып келгендігінен хабар береді. Кейін дауылды, дауы көп заманда өмір кешкен дауылпаз жыршы өзінен үлкен Абыл мен Нұрымға, өзімен қатар Ақтанға қандай ілтипат көрсетсе, өзі де сондай құрметке ие, сол даңқты мектептің басты тұлғасына айналды. Өзі шәкірттер тәрбиелеген ұлық ұстаздыққа жетті. Қазақ поэзиясының арғы-бергі дәуірін біраз зерделеген ғұлама ғалым Е. Ысмайыловтың «Мұрынға да, Құмарға да, Нұрпейіске де ұстаз болған Қашаған ақын» дейтіні де сондықтан. Осы тұста жалпы біздің қазақтың ұлт ретінде табиғат берген қабілеті жағынан соншалықты нәрегей қауымның тегінен емес екендігімізді дәлелдейтін Қашекендер жырлаған «Қырымның қырық батыры» туралы бір ауыз сөз айтуға тура келеді. Дауылпаз ақын атақты шәкірті Мұрын жырауға аталмыш жырдың он төрт жыр-дастанын үйреткен...

Дүние жүзінде санымен де, атқарған ісімен де күллі жаһанға мәлім

небір ересек халықтар бар. Бірақ, солардың бүгінгі таңда адамның зердесі мен жады тұрғысынан келгенде біздің Мұрын жырау сынды сексеннің сенгіріне шыққанда соншалықты телегей теңіз жырды айлап айтып сарқа алмаған жыршысы жоқ. Бұл біздің ұлт ретіндегі зерде-зейін жағынан кім-кімнен де болса кем емес екендігімізге куәлік беретін нақтылы факті. Ал, сол Мұрын жырау Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы секілді ұстаздары болмаса, әлемдік деңгейдегі жыршылықтың топ жарғаны бола алар ма еді? Ал, Қашаған мен Мұраттың ұстаз ретіндегі бақыттылығы сонда, табиғатта ілуде бір кездесетін соншама құйма құлақ Мұрын сынды шәкірттері болуында.

Қашағанның кең құлашты эпик жырау екендігіне бүгінгілердің көзін жеткізетін шығармаларының бірі – «Қарасай-Қази» дастаны. Бұл бірегей туынды. Мұнда, Едіге, Тоқтамыс, Асан қайғы, Телағыс, Орақ, Мамай, Қазтуған, Шөлгез, Смайыл, Ер Қосай, Ер Тарғын, Ақжүніс, Шора батыр, оның әкесі Нәрік, Қобылан, Тама, Әділ, Әділдің қарындасы Лия, Қарасайдың қарындасы Қибат, інісі Қази және анасы, т.б. көптеген кейіпкерлер – тарихи тұлғалар бар. Және құнарлы тілді, ашық бояулы осы туындыны оқып отырғанда, әрідегі жырауларды айтпағанда, Махамбет ақын да, Сәттіғұл мен Ығылман ақындарда кездесетін, өзгертілмей пайдаланылатын клишелік қалыптағы тұрақты сөз тіркестері ара-тұра кездесіп отырады. Мәселен: «Атам тірі тұрғанда қай қазақтан кем едім? Жамандарға көп едім, Жақсыларға еп едім». «Аламан қойдай дуылдап, Көп әскері артынан маңыраған қойдай шуылдап» деп келетін жолдардағы жекелеген тіркестер «Мен Махамбет аузымен айтылған сөзбін» деп тұрғандай.

Түптеп келгенде, мұның өзі, біздің жыраулық мұраларымызға үлес қосқан жандардың түбі бір мектептің түлектері екендіктеріне куәлік беретін сүйінішті жай.

Жырау-жыраулық өнер дегенде жұртымыз ілгеріде Асан мен Бұқарды жиірек айтыңқырайтын. Асан қайғыны аса ақылгөй абызымыз деп, Бұқарды Абылайға да ескерту жасаған еріміз деп, ал кешегі кеңес елі саясаты салтанат құрып тұрған заманда, бұл да Абылайды қоштаған екен деп, бұған да біраз үрке қараушылар болыңқырады. Онан берідегі Байтоқ пен Жанұзақ жыраулар лебізін «Айналасы айшылық, көлденеңі күншілік» деп Жәңгір хан сарайын мадақтаған «сарай ақыны еді» деп, сөз таниды деген азаматтарымыздың өзі амалсыздан ғайбат лебіз білдіріп жүрді. Осы Маңғыстауда өмір кешті дейтін баба жырау Сыпыраны – ол Мәскеудің күл-талқанын шығарып шапқан Тоқтамыс ханның ақылшысы болды, Едіге мен Тоқтамыстың

бәтуасы келіспей жауыққан кезде Тоқтамысқа Едігені «алдап-сулап қасыңа ал, қасыңа ал да басын ал» дейтін ақыл айтқан деп, атын ататпайтын замандар болды. Сонда ол күндердің күнінде Алтын орданың құлауына өзі мен ұрпақтарының көп сіңірген еңбегі бар еді ғой деп Едігеге іштарта ма десеніз, Едігеге деген жаулық ниеттері Тоқтамысқа деген өшпенділіктен де кем болмай шықты. Өйткені, Ресейдің ілгергі империясының билік басындағыларына да, кейінгі социализм дәуірі тұсындағы аты өзгергенмен ниеті жақсылыққа қарай аяқ баспаған ақылмандарына да мұндай мәселелерді жыр еткендер ұнамады. Ұнамағаны сол – бұл қауым «сарай ақындары» деген терминді ойлап тапты. Ойлап тапты да Сыпыра сынды еліне қамқор, аққаптал саясаткер, көріпкелдей данагөйлердің қасиетін теріс деуге кеңінен жол ашты.

Бұл тұрғыдан келгенде Қашекеңе хан сарайында болған жоқ, хан тұқымдарына жолығып қалғанда жылы ұшырап, нақысын келтіріп жыр толғаған емес, оның алды әманда ашық болған шығар деп ойлауға болар еді. Бірақ, олай болмай шықты. Өйткені, Қашекең елінің, қазақ деген жұрттың іргелі ел, құлқы бүлінбеген бәтуалы, бір-біріне қайырымды, мейірімді болуын жырлап өтіпті. Ал, мұндай жыраудың, мұндай ақынның патшалық өкіметке де, кеңестік билікке де жақпайтыны айқын еді. Оның үстіне ол бір кездегі Адольф Янушкевич таңдана-тамсана жазатын Құнанбайдың мұсылман біліміне аса тереңдігі секілді, бұл да ислам дінінің арғы-бергі тарихи қағидалары, арғы-бергі тарихы дегенде қамшы салдырмайтын жүйрік еді. Оның үстіне, ол – айтқан сөзі жүректі барып баурайтын ақын. Ата-баба, ежелгі еңселі ел тарихының білгірі. Сондықтан, оның жыр науасынан сусындаған адамдар қауіпті. Қауіптілігі сондай, баяғы мифтік аңыздағы мәңгілік тірліктің қайнары Әбілхаят суын ішіп мәңгілік тірлікке ие болған Қызыр-Ілияс сияқты болып шыға келетіндей көріп қауіптенді. Сондықтан да оны баяғы Зевстің отын елге алып беремін деп жүріп өлімнің ауыр түріне кесілген Прометейдің жазасы сияқты жазаға кесті. Ал, шығармашылық тұлға үшін айтқан лебізін еліне жеткіздіртпей, туындыларын тұншықтыртудан, есімін ел жадынан өшіртуден артық жаза болған ба?

Ежелгі аңызда, Прометейге кесілген Зевс үкімін, сол Зевстің баласы араласып, Прометейді құтқарған болса, ізгі жүректі, алапат рухани қайрат-күш иесі Қашағанға осынымыз әділетсіздік еді-ау деген, тиымшыл билік тарапынан мейірім болған жоқ. Бұл және тек бір ғана Қашағанның басындағы жай емес еді. Біздің халқымыздың қай салада

да оза шауып бәйге алатын жүйріктерінің, ұлтына адал қызмет етіп өткен сұңқарлары мен тұлпарларының көрген күні осы еді.

Қашаған – айтыскер ақын.

Айтыскер болғанда да – ел даңқынан айбынып жүретін аса білімпаздығына қоса, төгіле жөнелетін жыр нөсері еді. Оның дәлелі – 1891 жылы өткен деп шамаланатын Ізім шайырмен айтысы. Ел Қашағанның айтыстан жеңілген, өзіне тиесілі сөзден сүрінген жері жоқ деп есептейді. Оған бір мысал, айтыста өзгеге жұлде бермеген Мөңкеұлы Мұратты ел айтыстырмақ болғанда Мүрекеңнің Қашекеңнің жолын сыйлап айтыспауы. Бірақ, бертінірек келгенде Ізбас дейтін жас ақын ағасымен сөзбен қағысады. Және бұл баяғы бала Қашағанды сынайтын Нұрым ағасының сөзі сияқты емес. Сонда айбынды жырау «Ардақты атам – Ер Қосай, Өзімнің атым – Қашаған, Ғұмырым сексен жасаған, Адай түгіл Алшынға, Жүйрік едім қашаннан, Мен сені артық көрмеймін, шыбын мен шіркей, масадан. Маған тиген, Ізбас-ау, көлдей болар шырағым, көздей тесік жыртығың. Біздердей ақын-жыршының соңынан қалмай сөз айту, арылмай жүрген қырсығың. Жұрт күлсін деп айтамын, одан басқа сендейге, болады сөзім құр шығын. Мен қайыртпай кеткен ақынмын, Таз Қашқынбай, Тама Ізімге. Ұлық болар Ізбас-ау таласқан бізбен білімге», – деп келіп, Ізбасты біраз сөз тоқпағының астына алады. Ал, Қашағанның сол кездегі елдегі беделі сондай – тыңдаған жұрт Ізбасты пірге келіп тиіскендей көріп қабылдаған. Өлі солай қабылдауда.

Қашағанның қай туындысы да өршілдігімен өміршең. Оның Бекеске, Сақыпқа, Берекет ақынға, Есқали сұпыға айтқан, Аралбайды жұбатқан сөздері жыр сүйер елдің жатқа айтатын аруақты шығармасы. Елдің тентегі мен телісін жалғыз адамның жөнге салуы қиын жай. Соған қарамастан халық, Қашекеңдер аузымен айтылып, елге тарайтын, дүниедегі саналыларға сапар шегетін сөздердің әлеуеттілігі ерекше деп білген.

Дүниедегі барша шығармашылық тұлғалардың негізгі діттейтін басты тақырыбы – арлылық, ұждандылық мәселесі екендігі қадым заманнан баршаға мәлім. Сол аталмыш мәселені әр заманның әралуан сөз өнерінің шеберлері заманына, қоғамдық формациясының дәреже деңгейіне қарай, адамдардың тұрмыс салты, күнелтіс-күйіне байланыстыра отырып, ең алдымен, сол автор туындысындағы айтар ойды тыңдарманы болсын немесе оқырманы болсын, қиналмай түсінетіндей етіп өрнектеген. Бұл ретте Қашаған жыраудың атақты «Топан» дас-таны – кең құлашты философиялық ойға құрылған ғибратты өнер

туындысы. Бұл шығармадан құтырған құртты жеп бүркітке шабатын бозторғай, бозторғайды жеп құтырған бүркіттің теңіздегі нәһән балыққа бас салып, ажал тауып, одан құтырған бүркітті жұтқан дәу балықтың теңізді кемерінен асырып топан қапталуы – құтырғандардан кесапат тапқандардың кесірінен ел болжап болмас, топан су қаптағандай жағдайға ұшырайды дейтін – келелі ойды тауып қана қоймаймыз. Сонымен қатар, Сонау Перғауын, Сүлеймен, Қарынбай, Едіге, Тоқтамыс, т.б. пейіл тарлығынан, өзін зор, өзгені қор көретін астамшылығынан таяқ жейтіндігі, жалпы адам баласының бойындағы алдындағыны аңғарып болжай алмас алаңғасар аңғырттық пен өмір мәнін парықтай білмес мәңгүрттік дерттің қырсығы туралы жайды термелегенін көреміз. Автор бұл туындысында өзі куәгер болып, көзімен көріп отырған 1900 жылдың «Топан» аласатының алдындағы және сол «топан су» қасіретінен кейінгі елдестерінің көріп отырған хәл-күйін тоғыз баллдық өлеңнің тасқынымен төкпектете отырып, тыңдарманын кісәпірліктен қашық болуға, кісілік парасаттылыққа ығи да асық болуға үндейді.

Аталмыш «Топан» туындысында «Өтірік айтып, тайсалман, Наданның сөзін айта алман» деп жырлайтын Қашаған қолына қару алып жауға шаппағанмен, шынында да, ересен батыр болған. Ақынның жанында сегіз жыл жолдас болған Серікбай Әлібайұлы дейтін азамат, оның өзі көрген екі түрлі ерлігін айтады. Бірінде, ақын жанындағы жолдасы Серікбайды өлтірмек болған түрікмен азаматтарынан арашалап алып қалады. Ал, екіншісінің жайы төмендегідей: 1908 жылы Қашаған ақын қасындағы атқошсысы Серікбаймен бірге Зәкәрия деген мырзаның үйінде қонақ болып, жыр айтып жатады. Бір күні олардың үстіне бір топ атты адам атойлап жетіп келеді. Үйден шыққан Зәкәрия келгендердің Қашағанды сыртқа шықсын деп тұрғанын айтады. Сыртқа шыққан ақынды босағадан күтіп алған екі жігіт мойнына шылбыр лақтырып дырылдатып тарта жөнеледі. «Менің ол кезде әлеуетті жас кезім ғой», – дейді Серікбай. Әлгі шылбырға бірден жабыса кеттім. Тез-тез қимылдап бір шылбырды тартып қалып едім, оны тартқан жігітінің тақымы бос екен, аттан ұшып түсті. Екінші шылбырды да бір қолыммен жібермей керіп ұстаған күйі, екінші қолыммен қынымнан кездік алып, қиып жібердім⁹...

Бұл оқиғадан кейін жиналған ел әлгі келгендерге «Бұл не жағдай,

⁹ Серікбай қарттың сырлары.// Қайыртпай кеткен Қашаған. – Алматы: Жазушы, 2011. – 367-б.

сөзге келіп түсіндірсеңдерші» десе, олар соның алдында руы Зорбай Құлбаласы Бейсен батыр ауылының ер жүрек, қазақ пен түрікмен ортасында сауда жасап жүретін палуан жігіті Тұрланды «Горыштың Бәлилері» өлтіргендігін айта келіп, енді соның құнына «Бәлидің ауылынан шыққан Өсербай болысты немесе Қашаған ақынды өлтіру керек», – деп келіп отырғандарын хабарлайды. Мұны естіген Қашаған «Ә, мені Тұрлан үшін өлтірмек пе едіңдер? Ендеше мұсылманбыз ғой, екі рәкат намазымды оқып алуға мұрсат етіндер. Сосын өлтіре берулеріңе қарсы емеспін!» – дейді. Ел үрпиісіп қалған. Бұл туралы Қашекеңнің «намаз» ретінде айтқан сөзі еді деп, Серікбай ақынның сондағы лебізін төмендегіше келтіреді:

– Не болып барады бұл заман,
Туғанын туған өлтіріп,
Бір-бірін жаудай тураған?
Арыстанының құны Адайдың
Мен болдым ба қураған?
Шыққыр көзім көріп тұр:
Аршылан туған Тұрланым, –
Өлтірді кілең қу надан!
Бисен батыр жұртынан
Құныңды сенің жоқтайтын
Бір азамат тумаған.
Батырдың соңы бақа боп,
Бағы тайған кезеңде
Кіл өлімтік шулаған.
Бір Тұрланның құнына
Он Қашаған тұрар ма?!
Тұрландай болып кім туар,
Екіталай кезеңде
Дұшпаның сағын жығарға?!
Бекер-ақ мені қорғадың,
Шейіт болғаным жөн еді, –
Не жөнім бар ед бұғарға?!
Құнына өлсем амал не,
Тең болып Тұрлан шынарға?!
Нағашылы-жиенді,
Қайын-жұртты, күйеулі
Тумаластай ел едік,
Соңы болсын қайырлы –

Ұзапты тұлпар шығанға.
Аршылан туған Тұрланым,
Иманды қылсын бір Алла.
Артындағы кілең ез
Ылайық көріп тұр екен
Өзіңе мені сынарға.
Мен тамыры шірік қу емен,
Келдім, кеттім.

– Хош болың,
Итшілеп өмір сүрем деп
Жалынам неге бұларға?!

Осылай дей келіп: «Ал, мен «намазымды» оқып болдым», – дегенде кейіндеу ат үстінде тұрған Тұрланның әкесі жылаған күйі аттан түсіп, Қашағанды құшақтай алды. (Аталған шығарма, 368-369-б.)

Жоғарыда келтірілген ақынның сөзі және оның өлімге Тұрландай азаматтың орнына ризамын деп елді еңіретуі шындығында да үлкен ерлік. Бұл сөз жүзіндегі әңгіме емес, өліммен бетпе-бет келіп тұрғандағы ұлы тұлғаның ел жадынан өшпестей ұлағатты ісі.

Ақын өз өмірінде талай даулы мәселелерге араласып, соның көбін бітімшілік жолымен сәтті аяқтаған. Соның бірі – атақты Қайып ақын мен Ақбөбектің арасындағы оқиғаға байланысты. Сүйгенінен ажыратылып, айттырылған жеріне барған Ақбөбектің сегіз айлық перзентіне жүкті кезі екен. Болған оқиғаға ашулы Ақбөбектің қайын атасы Құлнияз деген дүмше молданы алдырып, әйелді сабатып жатқан үстіне, оқиғаның барысын Қырықмылтық Құлшар күйшіден естіп келген ақын:

– Қорламаңдар, әйелді,
Әйелдің тегі һауа-ана,
Жұпты қылып Адамға
Жаратқан Алла Тағала.
Әйелдің басқан ізінен
Аяр сұпы, харам бай,
Кетпейсің неге садаға?!

Әйелдің пірі Бибатпа,
Бибатпаға қол қатпа.
Осы айтқанды қылмасаң,
Көріңде де тек жатпа!

Жеткізгей, Алла, тілекке,
Ақиқат неке – жүректе!
Жүректе Құдай құлпы бар –
Қолыңмен ылас кір етпе.

Сейпіл-мәлік – Жамал бар,
Қыз Жібек пен Төлеген,
Жырласам тындар жарандар.
Ол да ғашық ол күнде,
Бұл да ғашық бұл күнде, –
Бұны да солай санаңдар.
Ай, жарандар, жарандар,
Құлақ салып қараңдар,
Буаз малды бақыртып

Сойғанды көрген бар ма екен?! – дейтін сөздерді айтып, Ақбөбекті бір сапарға жазалаудан құтқарады.

Ақын адал сезіммен бір-біріне ғашық болғандардың жан дүниесіне әмәнда түсіністікпен қараған. Шамасы келгенінше қолдаған. Соның бірі – Қарашолақ атты болыстың тоғыз ұлының арасындағы жалғыз қызы Салтанаттың тағдырына байланысты. Атақты болыс, әрі мыңғырған малдың иесі Қарашолақтың қырық жалшысының бірі – Мырзағұл деген жігіт. Байдың қызы Салтанатпенен сөз байласып жүргенін естіп қалған қыздың әкесі Мырзағұл мен өз қызын жалшыларына ұстатып алып өлтірмек болады. Бұл хабардан құлағдар болған ел ақсақалдарының айтқандарын болыс тыңдамайды. Ел түңіледі. Осыдан кейін Нұрмұхан деген елге сыйлы азамат Қашағанға бір-біріне ынтызар екі жасты өлімнен арашалап қалыңыз деп өтініш жасайды. Мұнан кейін Қашаған болыстың ауылына келеді. Атақты ақынды таныған Қарашолақ болыс алдынан шығып қос қолын беріп амандасады. Сонда екі жасты аман алып қалуға келген ақын болыстың қолдарын тас қылып ұстап тұрып төмендегі сөздерді айтады.

– Қарашолақ болысым,
Осы ма сенің болысың?
Жем бойы еді қонысың.
Атасы асыл арғымақ
Жабыменен тең болмас,
Балаңның өзі қаласа,
Айтқан сөзің ем болмас.

Қанша болыс болсаң да,
Зор емессің, осалсың!
Жоқ екен, інім, ақылың,
Бұл мінезді қоймасаң,
Болыс болмай босарсың,
Ақ патшадан хат келсе,
Мың болсаң да тозарсың.

Мырзағұл да жас бала –
Қыдыр дарып, бақ қонған,
Ақылың болса басыңда –
Қызыңа бақыт тап болған.
«Шыр» етіп жерге түскенде
Мырзағұлдай балаға
Бір Алла болар жұп қылған.

Бұл райыңнан қайтпасаң,
Аллаға қарсы болғаның.
Аллаға қарсы болғанның
Көрдің бе, сірә, оңғанын?!

Ақылың болса, шырағым,
Қазинасы көп Алланың,
Баянсыз еді бұ дүние –
Мен өзімнен аңдадым.

«Қашаған – жүйрік» болсам да
Қадірлі туған балам жоқ,
Бермесе Алла – шарам жоқ,
Жалғыз ғана қызым бар
Тек алданыш қылуға –
Кеңшілік шығар Алладан.

«Дүниеден босқа қалма», – деп, –

Қайынжұртым арнаған... – деп барып Қарашолақтың қолын босатқан екен. Ақынның сөзіне ұйыған байдың көзінен шыққан мөлдір жас жерге тырс-тырс тамыпты.

Қашаған ақынның осы сөзі себеп болып, екі жас өлімнен құтқарылып, ұлан-асыр той жасап екеуі қосылыпты. Мырзағұл оқып білімді азамат болып, кешегі аласапыран уақытта бай-болыстардың

өздері ұсталып, мал-мүліктері тәркіленіп жатқан кезде Қарашолақты «итжеккенге» айдатпай, аман алып қалыпты.

Қашаған ақын барлық кезде де елінің татулығына, халқының бірлігіне қастерлі сөздерімен қызмет етіп келген. Соның бірі – Қашағанның «Бітім сөзі» аталатын туындысы.

Ақынның Қарашолаққа айтқан туындысындағы «Ақылың болса, шырағым, Қазинасы көп Алланың, Баянсыз еді бұ дүние, Мен өзімнен аңдадым. «Қашаған – жүйрік» болсам да, Қадірлі туған балам жоқ, Бермесе Алла – шарам жоқ, Жалғыз ғана қызым бар, Тек алданыш қылуға. Кеңшілік шығар Алладан, «Дүниеден босқа қалма», – деп, Қайыңжұртым арнаған...» – дейтін жолдарда ақынның жалпы өмірбаянының қысқаша мәліметтері тұр.

Қашаған Күржіманұлы Серікбай Әлібайұлы мен Қабиболла Сыдиықовтың дерегі бойынша үш рет үйленген. Бірінші жарының аты – Қамқа. Ол Қашағанға қосылған кезінде он жеті жаста болған. Елдің айтуынша, Айғыр есімді белгілі адамның асында өнер көрсеткен Қашағанға бүкіл халқы риза болып, сол тойдағы игі жақсылар бір үйде отырған жиырма қызға ертіп келіп, «Мыналардың қайсысын қалайсың?», – депті. Сонда ақынның таңдағаны Қамқа болған. Ол Адайдың Жаңай руының бір байына айттырулы қыз болса керек. Соған қарамастан елдің игі жақсылары аталған елдің үлкен билерімен, ақсақалдарымен келісіп, Қашағанға Қамқаны алып берген. Алайда, Қамқа бірінші перзентіне босанарда, бала үстінде қайтыс болған. Сөйтіп, ақынның бұл кісімен жұбайлық өмірі бір жылдан аспаған деп есептелінеді. Дерек беруші екінші әйелінің есімін ұмытқандығын айта отырып, үшінші жарының есімі – Алтынзер екенін еске салады. Ол ұзын бойлы, ерекше ақындық қабілетке ие, көркем адам болған. Қашағаннан он төрт перзент көрген. Іңкәр деген қызынан басқасының өмірі, бірақ, қысқа болған.

– Бірде Қашекең екеуіміз бір ұзақ сапардан келсек, – дейді Серікбай Әлібайұлы, – ақынның бір жасар Абылай деген баласы біз келерден төрт күн бұрын қайтыс болған екен. Сондағы біз үйге кірер-кірместен Алтынзердің жылап айтқаны бұрын адам баласы естімеген жоқтау еді. Сай-сүйегіміз сырқырап, бәріміз егілдік. Қашекең қара су татпастан теріс қарап жатып қалды. Сол жатқаннан ол бір жеті жатып көңіл айтуға Аралбай ақын келгенде ғана басын көтерді. Аралбай көңілін арнау өлеңмен білдіріп болған соң Қашекең:

– Әй, Аралбай, біздікі тек сандырақ екен ғой, – деді күрсініп. – Неше балам өлді, әрқайсысы қайтқан сайын қасірет шегіп, қайғы жұтып арнаған сөзім Алтынзердің бір жоқтауына жетпейтін бос был-

шыл ма деп қалдым. Сөз алтыны менің Алтынзерімнің жүрегінде екен. Қанша толғансам да сондай алтын сөздер аузыма түспепті ғой.

Мұнан кейін қайғырып отырған елдің көңілін демеу үшін Аралбай жыр толғайды. Сондағы сөздің ақырын ақын «Апеке, өзің – сұңқар, ерің – тұлпар, Тізгінін тірі болса талай жұлқар. Өмірі ұзақ болсын деп тілеңдер, Апамның құрсағында жатыр Іңкәр...» деген жолдармен бітіреді. Шынында да көп ұзамай Алтынзер жүкті болып, қыз бала туады. Оның есімін «Аралбайдың өзі қойып кетіпті ғой», – деп Іңкәр атапты.

– Болғанда шешең – Алтын, әкең – өзім,

Қалайша ұйқаспайды сенің сөзің?

Маған десең тілі жоқ, сақау-ақ бол,

Әйтеуір тірі болшы, бота көзім, – деп тілі былдырлап жаңа шығып жүрген Іңкәрді алдына алып отыратын еді Қашекең. Көптің тілегі қабыл болды ма, ең тұрақтаған перзенті сол Іңкәр (кейін Қашекеңе қосшы болып еріп жүрегін жиені Сармолданың шешесі) болды. Бірақ көп ұзамай аса қадірлеген зайыбы Алтынзерді жылан шағып өлтіреді¹⁰.

Тегінде, халық айтып жүргендей «Ұлы адамдардың өмірі сырттай қарағанда соншама қарапайым, ал бірақ, таныса түссеніз соншалықты күрделі» дейтін сөздердің терең мағынасын Қашаған ақын өмірімен таныс болғанда анық, айқын сезінесіз.

Ақынның негізгі айтыстары алпысқа дейінгі өмірінде болғаны белгілі. Ол айтыскер ретінде өзінің шарифаттан да, ел тарихынан да мол білетіндігімен қарсыластарының алдында өте беделді болған. Өзімен біраз жыл жолдас болған Серікбай Әлібайұлының айтуынша, ақын бір жолы өзінің тұтастарымен әңгімелесе отырып, төмендегідей сырын ашады: «Менімен айтыса келгендердің көбі, бағытымды білген соң, «жай бір өнер үйреніп, батаңды ала келіп едім», – деп сырғақси беретін-ді».

Ол туралы білетін адамдар ақынның қарасөзбен сөйлеп кеткенде, елді бірден үйіріп ала жөнелетін ежелгі шешендердей болмағанын еске алысады. Оның жүйріктігі өлеңмен сөйлегенде ғана деп айтылады. Бірақ, логикасы терең, ойы ұшқыр ақын қалай болғанда да тілдесіп отырған адамдарын лебізіне тәнті етпей қоймаған. Маңғыстау өңірінің ілгері-кейінгі тарихынан хабары мол Республика халық ағарту

¹⁰ Қайыртпай кеткен Қашаған. 360-362 б.

ісінің үздігі, соғыс және Еңбек ардагері Ысқақ Шәкірат ақын туралы Шадыман жырау және Зәуре Ахметовадан естіген мағлұматтарын айта отырып, Қашағанның қайтыс болардан үш жылдай бұрын екі көзі көрмей қари (зағип) болып қалғандығын, өлерінен жеті-сегіз күндей бұрын сырқаттанып қалғанын айтады. Сонда көңіл сұрай келген адамдар көп болған. Солардың біреуі «Қашеке, «көтеріп соқпа» ғой, «тұшы ет ауырмақ үшін» деген, жазылып кетерсіз», – дейді. Бұған ақын ата «Ой, қарағым-ай, Алла Тағала мені көтеріп соқса, менің нем қалар дейсің», – дейді. Жиналып отырғандар ақынның ана дүниеге аттанғалы жатып табан асты айтылған тапқыр сөзіне жамырай күліп, «ай, Қашеке-ай», – деп бас шайқасқан. Демек, ақын халқы алдында қарасөзбенен билік айтып, елінің би-шешені атанбаса да, керекті жерінде елдің есінде қалып, айта жүрердей сөзге таңқы болмаған.

Ақын бала мінезді. Оған Қашаған ақынның туысы Шадыман Үсенбайұлының мына сөздерімен танысқан адамның бір кісідей ден қоярлығына күмән жоқ.

– Бірде, – дейді Шадыман жырау, – бір бай қыз ұзататын болып, тойға шақырды. Ақынның үлкейіп қалған кезі еді, өзінің шығармаларын айттыру үшін мені де ала жүретін болған. Хабар кештеу келіп, суыт жүріп келеміз. Ертең той. Бүгін кештетіп болса да, жетіп қонуымыз керек. Сар желіс, ақынның астында су төгілмейтін торы жорға аты бар. Түс қайтып, мезгіл бесіндікке жақындап қалған уақыт. Шөліккеп келеміз. Бір қыраңға шыға келсек, арғы аласалау төбеде оншақты үйлі ауыл тұр. Бай ауылға ұқсайды. Ақынға: «Шөлдедік, ауылға соғып шалап-шауқан іше жүрелік», дестік. Ақын да үнсіз сол ауылға бұрылды. Ауылдың ортасындағы үлкен ақбоз үйдің тұсына келді де, ақын: «Уә, жолыққандай кім бар-ау», деп дауыстады. Көріп тұрмыз, үйдің көлеңкесінде 12-13 жастың шамасындағы қыз бала қозысын алмай тұрған қойға әлі келмей жағаласып, «Түбай-түбай..» деп тұр.

Әлгі қыз бала: «Ауылда адам жоқ, ер адамдар тойға кетті, әйелдер қой сауып жатыр», – деп ауылдың алдыңғы жағын нұсқады. Ауылдың алдыңғы жағында 150-200 метрдей жерде қосақтап алып қой сауып жатқан әйелдерді көрдік. Ақын атын маған ұстатып тастап: «Балам, қойыңды мен «түбайлай» тұрайын, бізге ағарған әкеліп бере ғой» деді де:

– «Түбай», «түбай», қара қой,
Өзіңнен туған бала ғой,
Тентектік етіп телміртпе,
Иіскелеп-ақ ала ғой.

«Түбай», «түбай», қара қой,
Бала тапқан ана ғой,
Өз баласын алып жүр
Сендей, сендей талай қой.
«Түбай», «түбай», қара қой,
Өзіңе тартқан бала ғой,
Басына теппе балаңның,

Баласын сүйген ана ғой, – деп әндетіп жөнелді. Ал қара қой тыпырламай, мекіреніп қара қозысын жалап емізіп күйсеп тұр. Нән зеренді толтырып қос қолдап шұбат алып келе жатқан қыздың екі көзі мекіреніп қозысын емізіп тұрған қара қойда, күліп келеді, қисайған зеренінен шұбат төгіліп келеді.

Сонымен қара қой мекіреніп қозысын емізіп қалды. Біздер шұбат ішіп шөліміз қанып суыт жүріп кеттік. Қыз бала қуаныштан секіріп, шешелеріне қарай бара жатты.

Шындығында да, өз тұсында тек Қазақстанның батыс аймақтарына ғана емес, өзі тұратын өңірден тысқары Түрікменстан, Өзбекстан, Ресейдің қазақтар қоныстанған жерлеріне де даңқы шыққан, жетпісті еңсерген абыройлы жанның табан асты қол-аяғы жеңіл бозбалаға айналып, төлін алмай тұрған қойды өлендетіп елжіреткен қылығы кімкімді де ойландырарлық жай.

Қазақ әдебиетінде бірді-екілі болса да, өлер шағында ақындардың халқымен қоштасып қалу сәтінен мәлімет беретін туындылар сақталған. Соның бірі – Қашаған ақынның «Қоштасу» немесе «Өлер алдындағы сөзі» дейтін он жеті шумақтан тұратын ұзақ жыры. Ақын мұнда өзінің бүкіл өміріне, халқына еткен еңбегіне қысқаша шолу жасайды. Он үш жасынан бастап сексен сегізге дейін жетпіс бес жыл бойы елінің алдында жыр нөсерін төгіп, жай тасындай жайнап өткендігіне, үш рет үйленіп, он төрт рет перзентті болып, содан жалғыз ғана Іңкәр деген қызы қалғанына, одан Сармолда деген жиенді болғанынан, «Қырымның қырық батыры» жырын үш ай бойы жырлайтын жүйріктігінен мәлімет бере отырып, елімен төмендегі сөздерді айтып қоштасады: «Топ көрсем арқаландым тасып қаным. Аға-жеңге, кішілер, хош болындар, Ұжмақты молдалар көп айтқанменен, Тез еруге артыма асықпағын. Сайрадым жетпіс бес жыл бұл өмірде, Он үште сөз құрауға машықтандым. Сөз таппай мүдірмедім жау келгенде. Талай жүйрік дәметіп келгенменен, Ілесе алмай қалатын әудем жерге. Қосай

менен Бекетке сыйынғанда, Бидайықтай көтердім кеудемді өрге. Адал еңбек, татулық өсиеттеймін, Бата іздеп мені аңсап келгендерге. Дүние – жеткізбейтін түлкім менің, Хош болың, ағайын-жұрт, шіркіндерім. Сексеннің сегізінен өтіп барам, Он үште орта көріп сөйлегелі, Бір жерде сөз таба алмай іркілмедім. Маңғыстау, Еділ, Жайық, Сағыз, Жемі, Сары-Арқа – қазағымның қалың елі, Бұлбұлға мәуе емес, басқа қонып, Бұл күнде күйім кетіп күркілдедім. Қашқымбай, Ізім шайыр, Абыл, Ақтан, Қаймықпай сөз бастадым Жарылғаптан. Алқанда саятшы едім – қыраныма, Айдыннан қу алдырып дабыл қаққан. Дәуренім баста барда шырқап едім, Дариядай шатқалдағы бұрқап едім. «Қырымның қырық батырын» жырлағанда, Үш айда аяқтайтын тұлпар едім. Жақсы мен жайсаңдарым, бақұл болың, Бәрің құмар сөзіме, іңкәр едің. Арқар шықпас қиынға жұмсасаң да, Сыр алдырмас самғаған сұңқар едім. Әбубәкір, Аралбай, Майлықожа, Оңдастың Базарбайы – бәрі дәмдес, Кем бе еді солардан да менің шенім?! Жолдығыма таласпай құрмет тұтқан, Мен – Қашаған, мінеки, бітті демім.». Бұл ақынның «келместің кемесіне мінгелі тұрғандағы» ақырғы сөзі. Бірақ осы жырдың өзінде де қаншама асқақтық, айдынды ой, айбынды мінез жатыр?..

Тегінде, ақындық атты асқақ өнердің дауылпазы сынды ақын шығармасын зерттеген ғалымдар мен оның өнер туындысын насихаттаған жанашырларының барлығы да Қашаған Күржіманұлының осы қасиетіне таң қала отырып, ризашылық сезімдерін ірікпей төгілдіріп айтумен келгені де сондықтан. Кейінгі ширек ғасыр ішінде еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтан бастап М. Әлімбаев, Қ. Сыдиықұлы, Ә. Кекілбайұлы, Ф. Оңғарсынова, Қ. Көшербаев, Ж. Тілепов, Т. Медетбек, Ж. Жылқышыұлы, Ш. Әленов, О. Бәлдеков, Ы. Шәкірат, С. Негимов, Т. Тебегенов, И. Жеменей, Б. Нұрдәулетова, Н. Қамарова, Ә. Қабылов, Ж. Қобланов, Ә. Жеткізгенова, А. Бүркітбаева, А. Отарова, Б. Жайлау, т.б. ұлылы-кішілі еңбектерінде ақын мұрасына ерекше байсалдылықпен баға беріліп келгендігі де сондықтан. Сондай-ақ, осы ширек ғасырлық уақыт ішінде екі дүркін Қашаған мұрасына, оның қазақ өлеңінің бұрынды-соңды өмір кешкен алыптарының шығармашылығымен байланысына арналып өткен екі ғылыми конференция кезіндегі ақындар мұшайрасының өн бойында да «Қайыртпай кеткен Қашағанның» елдік қадір-қасиетін жеріне жеткізе жырлағанғаны ақиқат. Демек, мұндай сөз дүлдүлінің өмірі – халқының осындай риясыз көңілі арқылы ұзара бермек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жыраулар әулетінің кейінгі заманға жеткен тарланбозы – Қашаған Күржіманұлының ақпа-төкпе ақындығына кеңінен толғап баға беріңіз.
2. Қашағанның азамат баласының тарихы, ислам дінінің көрнекті өкілдеріне қатысты туындыларына талдау жасаңыз.
3. Қашаған ақынның эпикалық кең құлашты өрен жүйріктігін көрсететін шығармаларына сипаттама беріңіз.
4. Қашаған тәрбие алған ақындық ортаға деген өзіңіздің пікіріңізді білдіріңіз.
5. Қашаған ақынның айтыскерлік өнеріне тоқталыңыз.
6. Қашағанның жеке басының ерлік, адамға деген мейірімділік, бір-біріне ғашық болған жандарға қамқорлық жасаған сарабалдық қасиеттерін таратып айтып, аталмыш жайларға байланысты ақын айтқан туындыларды сараптаңыздар.

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ (1843-1906)

Қазақ халқының XIX ғасырдағы әдебиетінде ерекше орны бар, «шашасына шаң жұқпас» өрен жүйріктерінің бірі – Мұрат Мөңкеұлы. Ол – сонау XIV ғасырдың тарихи тұлғасы Сыпырадан басталып, Абылға келіп тірелетін «Қырымның қырық батырын» айлап жырлайтын арқалы жырау, даулескер жыршы. Ол – Қазтуған, Шалкиіз (Шәлгез), Доспамбет, Жиембет сынды әрідегі, Махамбет сынды берідегі өзіне дейінгі бірнеше ғасырлық сөз өнерінің небір дүлдүл жүйріктерінің әдеби мұрасының туған жұртына шамасы жеткенінше шашылмай жетуіне барынша еңбек еткен, көкірегі ояу елдік тұлға.

Ақынның баспа бетін көрген алғашқы шығармасы – «Мұрат ақынның Ғұмар қазы ұғлына» деп аталады. Ол 1908 жылы Қазан қаласындағы «Ағайынды Каримовтар» баспаханасында басылып шыққан. Ал, жалпы Мұрат Мөңкеұлының есімін туған халқына таныстырудағы талпыныс ұлтымыздың ұлы перзенті, мемлекет хәм қоғам қайраткері, аса көрнекті ғалым Халел Досмұхамедұлының 1924 жылы Ташкент қаласында бастырған «Мұрат ақынның сөздері» атты жинағынан басталады. Сонан бері арада өткен тоқсан жыл уақыт ішінде дүлдүл жыршының шығармашылық мұрасына деген көзқарас әрқилы саяси жағдайларға байланысты құбылып келгені белгілі.

«Зар заман» ақындары атанып келген Дулат пен Шортанбай, Мұрат, Нарманбет сынды бірсыпыра туындыгерлер мұрасы елуінші жылдардың жазасына ұшырап, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басына дейін есімдері еліне залалды тұлға ретінде ғана ара-тұра аталынып келді. 1965 жылы көрнекті ғалым Ы. Дүйсенбаев редакциясымен шыққан «Үш ғасыр жырлайды»¹ атты ақын-жыраулар туындысының өзінде де автор мұрасы толықтай жарық көрген жоқ. Бірақ, халқымыз Сәкен Сейфуллиннің 1931 жылғы, Сәбит Мұқановтың 1942 жылғы, Қажым Жұмалиевтің 1948 жылғы, Ысқақ Дүйсенбаевтың 1970 жылғы еңбектері арқылы қандай дәрежеде болғанда да Мұрат Мөңкеұлы есімді көрнекті шығармашылық тұлғаның өмірде болғанын біліп жүрді. Ал, шындығына келгенде, автор мұрасы 1991 жылы Халел Досмұхамедұлының «Аламан»² атты жинағы шыққаннан кейін, Тәуелсіздіктің арқасында ғана жалтақсыз жазылған профессор

¹ Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.

² Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.

Ханғали Сүйіншәлиевтің³, көрнекті ғалым Қабиболла Сыдиықовтың⁴, ақын шығармашылығы туралы кандидаттық диссертация қорғаған Бауыржан Омаровтың⁵, бүгінгі таңда Мұрат ақын мұрасының кеңінен танылуына айтарлықтай үлес қосқан Берік Қорқытовтың⁶ және осы жолдардың авторының⁷ және т.б. ақын туралы әр алуан еңбектерінен кейін ғана елге таныс бола бастады.

Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданында (бұрынғы Орал облысы, Гурьев (Үйшік) уезі, Қарабау болысы) өмірге келген. Өмір кешкен ортасы – қазіргі Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының территориясы. Ақынның өмірбаяны, шығармашылығы туралы алғашқы мәлімет беруші Халел Досмұхамедұлының дерегі бойынша, Мұраттың ата-тегі мал баққан қарапайым шаруа адамдар болған. Өзі де жарлы болып өмір кешкен⁸. 1906 жылы Индер ауданының Өрлік атты елді мекенінде қайтыс болып, Жарсуат деген қорымға жерленген. Ақынның шыққан тегі – Беріш, оның ішінде Қаратоқай Беріш атанатын атасы. Анасы – Адай Ақтан ақынның немере туысы болып келетін Қараман (Қараша) деген кісінің қызы. Есімі – Қырықжылқы. Бұл кісі өлеңші, ақын болған. Мұраттың шешесінің Азамат, Саламат, Сәмен (Сәмет) аталатын туыстары да заманында айтқыш адамдар еді дейтін деректер бар⁹. Қайын жұрты – Есен Беріш дейтін елдің Иман деген азаматы. Жарының аты – Науша. Ол кісіден Сары, Дәулетқали деген екі ұлы болған. Әкесінің көп үміт күткен үлкен ұлы өмірден ерте кеткен. Ал, кіші ұлы Дәулетқали Мұрат мұрасының жоқтаушысы, белгілі қаламгер Берік Қорқытовтың айтуынша, өлең-сөзге жүйрік белгілі ақын болған¹⁰.

Әкесіннен жастай айырылған Мұрат ағасы Матай ақынның

³ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 608-634-б.

⁴ Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 128-134-б.

⁵ Омаров Б. Мұрат Мөңкеұлы. – Алматы. 1993; Мұрат Мөңкеұлы. Шығармалары. Құрастырған және алғы сөзін жазған Бауыржан Омаров. – Алматы: Ана тілі, 2013.

⁶ Мұрат. Құрастырған Берік Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – 1-232-б.

⁷ Тілепов Ж. Мұрат Мөңкеұлы. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6-т. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2004. – 612-613-б.

⁸ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі. 1998. – 93 б.

⁹ Мұрат. Құрастырған Берік Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – 8, 16-17-б.; Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары (XVIII-XX ғ.ғ.). – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 128-б.

¹⁰ Мұрат. Құрастырған Б. Қорқытов. 8-15-б.

қамқорлығы арқасында екі-үш жыл ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бірақ, ауыр тұрмыс, жокшылық өмір оның құлашын кеңге сермеп, тереңірек білім алуына мүмкіндік бермеген. Әйтсе де ақындық дарыны ерте байқалған оған деген ел ілтипаты ерекше болған. Оған басты себеп: Мұраттың 17 жасар кезінде Қаратоқай Беріш елімен көршілес Есентемір руының Қоқан дейтін беделді адамының үйіне айтулы жүйрік Жылқышы ақын келеді. Жиналған жұрт осы ақынмен Мұраттың ағасы Матайды айтыстырмақ болған. Матай да бағын сынап Жылқышымен айтысуға дайын екенін білдірген. Бірақ, сол тұста ақындықтың желі көтеріп жүрген Мұрат ауыл ақсақалдарына келіп:

– Біздің Матай ақын болғанмен жүрексіз, жөндеп айтыса алмайды, атаққа кір келуі мүмкін. Есекем (атақты Есет би Қараұлы) жөн-жосықты түсіндіріп, жол көрсетіп берсе, тәуекел, мен айтысар едім, – дейді¹¹.

Мұнан кейін ел ақсақалдары Мұратты Есет Қараұлына апарды. Ал, Есет болса, ол – сол замандағы замандасы Абыл ақын сияқты халқының тарихын жатқызып, өргізетін Есет би атанған ел ақсақалы, терең ойлы кісі. Ол баласы қатарлы «інісі Мұратты айтысқа әзірлегенде өткендегі әруақты ерлерден Атақозы, Шотан, Өмір, Темірді айырықша айтуды қатты тапсырады. Өйткені, олар жаугершілік заманда күн сайын кезігіп тұратын ауыл арасының аламан қақтығыстарының емес, нағыз ұлттық майдандардың атақты шайқастарында ерлігімен танылған айтулы батырлары еді»¹². Сөйтіп, ел тарихының білімпаздары Есет пен Абылдан бата алған Мұрат ақын¹³ «ескі сөздерді көп білген. Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Асан қайғы, Қазтуған секілді өткен замандағы адамдар туралы көп өлендер шығарғандығы»¹⁴ да сондықтан. Сол мол білімділігінің арқасында ол, 17 жасында алғаш рет айтысқа түскен Жылқышыны ғана емес, кейінгі Бала Ораз, Жантолы, Тыныштық, Жаскелең, Ізім шайыр секілді сол дәуірдегі айтыстың небір ақтангерлерін де жеңіп отырған.

Рас, Мұратпен айтысқан ақындар да өз еліне, әсіресе өз руына қатысты мәселелерді жетік білем деп есептеген. Сонымен кідіртем деп әрекет еткен. Соның бірі – Бала Ораз, соның бірі – Жылқышы.

¹¹ Мұрат. Құрастырған Берік Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – 23-б.

¹² Кекілбаев Ә. Сыр десте. 1-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 412-б.

¹³ Сыдиықұлы. Біртума жыр саңлақтары (XVIII-XX ғ.ғ.). – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 128-б.

¹⁴ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 93-б.

Ал, сондай адамдардың да сүрінетін себебі, олар айтыс үстінде мақтап отырған тарихи тұлғалардың кейбіреулерінің өлгеннен кейін жоқтаусыз, өлтіргендерден кегі алынбай кетіп бара жатқандығы немесе артық мақталынып отырғандығына байланысты. Ал, Мұрат сол артық дәріптеліп отырған жайды тез аңғарып қарсыластарының беттеріне басады. Мәселен, Бала Оразбен айтысында Мұрат: «Сол екеуі өлгенде, көзіңнен бар ма көргенің, қолыңнан бар ма көмгенің. Білесіз бе қаңғырып, қайда жүріп өлгенің? Қаңғырып өлген ұрынды, Үйшікке келіп мақтайсың, Мінеки сенің Ореке, Тазға қорлық бергенің!», – деп қарсыласының бетін қайтарады. Сондай-ақ, Жылқышының: «Алқада сөз сөйледім шешіліп-ай, Өкпеңнің таңғаламын тесігін-ай. Бір ауыз ақын болсаң сөз сұрайын, Алшынның кім қаңғырған есігінде-ай? Шырағым, дау оқып па ең бала жастан, Өнерім он жасымнан судай тасқан. Тыңдасаң мен айтайын ерлерімді, шығыпты Қадырқұлдан Бітік, Баспан. Әнеки сол ерлердің еткен ісі – Қалмақты бостырыпты Қарағаштан. Жоғары судың басы Қобда, Елек, Сөзім бар әрбір түрлі бөлек-бөлек. Қашқанда қазақ ұлы Сейілханнан, Кененбай қос бастаған, батыр Төлек», – деген сөзіне Мұрат ақын:

– Жылқышы, сөз сөйледің таласып-ай, Кетпедім нысанадан адасып-ай. Кісіге өп-өтірік жала жауып, Тумыштың жалақорын қарашы-ай. Ағатай – біздің арғы ұранымыз, Беріште Қаратоқай тұрағымыз. Бәйгіге дәмеленіп қосып тұрған, бір елдің біз де өзіңдей шұбарымыз. Ойыңда барың болса қалдырмай айт, Жеңіспей енді бітпес құмарымыз. Бұл сөзді мен айтамын жоқтан бардай, жігіттің сұлу сүйген көңлі дардай. Өтіпті Атақозы, Өмір, Темір, бірінен бірі өтеді ақсұңқардай. Алыпты айыбына алпыс қызды, Сібірге барып келіп батыр Мыңбай. Сол күнде отыз екі қыз беріпті, Жылқышы атаң сенің мал таба алмай. Алқада сөз сөйледім шешіліп-ай, Өкпемнің таң қаларсың тесігіне-ай. Барады Тастемірің құнсыз кетіп, еріксіз кімді көрдің есігінді-ай? Жылқышы, жол оқыдым бала жастан, өнерің он жасыңнан судай тасқан. А, сорлы өтірік айтпай шыныңа бас, Қалмақты ер Итемген бостырыпты Қарағаштан. Сол күнде қандай қайрат қылған екен, Қаңғырып қасына ерген Бітік, Баспан? Жоғары судың басы Қобда, Елек, Сөзің бар алуан түрлі бөлек-бөлек. Қашқанда қазақ ұлы Сейілханнан, Мінгесті Саржалаға сіздің Төлек. Жігіттің халқы сүйген қайратын айт, Сырғия ұрынды айтып неге керек? – деп қарсыласын оңдырмай омақастырады. Осындағы соңғы екі жол Халел Досмұхамедұлынан бастап Мұрат шығармашылығы туралы азды-көпті пікір білдіргендердің баршысында дерлік назарға алынған. Ал, ақынның осы сөзі, шын мәнісінде

оның қатардағы жай ақын емес, елдің елдігін көксеріп өткен үлкен тарихи тұлға екендігіне кепілдік береді. Ақынның сонау Сыпырадан басталып, Абыл мен Нұрымға келіп тірелген «Қырымның қырық батырын» Қашағанмен жарыса қос жүйрік болып айлап жырлауының да негізгі сыры осында.

Халел Досмұхамедұлы: «Мұрат мақтау өлең айтып, мал таппаған адам. Заманындағы ұлықтарға шығарған асқақ сөзі көп... Мұраттың өлеңмен мақтаған кісісінің бірі – Сырым батырдың немересі Қазизұлы Омар. Мұнда да Омардың өзінің аталарының елге еткен жұмысын мақтайды... Мұраттың өлеңдерінде қазақтың ел әдебиетіндегі жыр, толғау, айтыс, мақтау хат, асқақ, жоқтау секілді өлеңдерінің бәрі бар. Әдебиет тарихына Мұраттың сөздерінің керектігі шексіз нәрсе... Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды»¹⁵.

Сан салалы ғылымның білімпазы Халел Досмұхамедұлының Мұрат ақын туралы айтылған осы сөздеріндегі тұжырым ойлардың бәрі де ақиқат. Әдебиет тарихы Мұрат сияқты шығармашылық тұлғалардың туындылары арқылы жасалмағанда, қайдан құралмақ?

Бірақ, Мұрат сынды өте биік, өте күрделі тұлғаның ақындық «лабораториясына» бойлау үшін, оны зерттеп отырған адам Мұраттың шығармашылық объектісін сандаған ғасырлық тарих қойнауына барлау жасауы арқылы ғана пайымдауы қажет. Міне, сондықтан да қазақ елінің әдебиет тарихының ғасырлар қойнауындағы күрделі түйіндерін шешуді өз халқының алдындағы өзінің перзенттік парызы деп түсінетін ақиық ақын, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин осы мәселеге бірінші болып ат ізін салған.

– Мұрат ақынның толғау жырларында «ноғайлы» мен «қазақ» деген елдің бір ел екенін көресің... Және ноғайлы батырлары мен билері қазіргі қазақ елінің бұрынғы өз адамдары. Бұл тарихи дұрыс сөз... Орыстың кейбір тарихшылары: «Қазақтың ертеден қалған өзінің әңгіме-жырлары жоқ. Ертедегі батырлар жыры деп өзінікі қылып жүргендері ноғайдікі...» дейді. Бұл – не Түрік-моңғол руларының тарихын білмегендік, не жеңіл саяз мінезділік... Қазақ атанған рулардың дені – алтын ордалы Жошы ұлысында болған. Онан соң Шағатай ұлысында болғандары да біраздан соң Жошы ұлысына кірген. Және Жошы ұлысында дені Ноғай ханның қол астында болған. Ноғай 1306 жылы өлген. Сол Ноғай ханның қол астындағы Түрік-моңғол

¹⁵ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 93-95 б.

руларының бәрі – «Ноғай елі», «Ноғайлық», «Ноғайлы» болып аталып кеткен. Ноғай ханнан кейін Өзбек ханның тұсында біраз ру – «Өзбек елі» болып та, «өзбек» болып та аталған... Қалың ноғайлы бірте-бірте бытырап, бөлек-бөлек болып жан-жаққа «ұлы ұрымға, қызы Қырымға» тарасып кеткенде, қазақ атанып кеткен ноғайлылар өзінің ноғайлы заманындағы, ноғайлының бытырай бастаған заманындағы батырлар әңгімелерін өздері қазақ болып кеткен соң да ұмытпаған»¹⁶, – дейді С. Сейфуллин.

Шындығында да, 1930 жылдардың басында жазылған дауылпаз ақын С. Сейфуллиннің Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын тарих ғылымымен байланыстыра отырып зерделеген бұл пайымдаулары бүгінгі күннің өзінде де, келешекте де барынша актуалды, өзекті болып қала бермек.

Өйткені, Жошы тұқымынан шыққан, батыс елдерінің жазбаларында император, Египет анналдарында малик атанған Ноғай есімді Маңғыт елі ханының XIII ғасырдың екінші жартысындағы Алтын Орда мемлекетіндегі абырой-беделі ерекше болғаны белгілі. Беделі мен ықпалының зор болғандығы сондай, ол Бати негізін қалаған Алтын Орданың хандық тағына өзінің қалаған адамдарын отырғызып келген. Бірақ, ең ақырында сол өзі таққа отырғызған Тохта ханның адамдарының қолынан 1300 жылы опат болған¹⁷. Мұның барлығы да шындық. Сондай-ақ, сол Ноғай ханның қарамағында жүріп, Ноғай ордасы, Ноғайлы атанған Ертістен Еділге дейінгі атырапты алып жатқан айбарлы елдің (астанасы Сарайшық) XIV ғасырдың ақырында, XV ғасырдың басында Алтын Ордадан енші алып шыққаны да, XVI ғасырдың екінші жартысында Үлкен Ноғай, Кіші Ноғай ұлыстарына айналып, өзара іштей бөлінгендері де тарихтан мәлім. Мұрат ақын жырлауындағы «Қарасай-Қази» дастаны – сол бір кездегі айбарлы елдің кейін екіге бөлінген тұсындағы Қази мырза (1557 жылы өлген) құрған Кіші Ноғай жұртының¹⁸ өмірінен көрініс беретін тарихи дерегі бар шығарма. Жырдағы қалмақ елінің билеушісі Бөрі хан – Жиембет жыраудың қазақ ханы Есімге өткендегі өмірін еске салып айтатын:

¹⁶ Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. Құрастырушылар: Т. Кәкішұлы, К. Ахмет. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 152-153-б.

¹⁷ Рахманалиев Р. Империя тюрков. – М.: Рипол Классик, 2013. С. 346-351; Советский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1982. – С. – 908.

¹⁸ Советский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1982. С. – 908.

– Менің ер екемді (екенімді) білгенсің,
Әзелден бірге жүргенсің.
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің.
Сіздің естен кеткенмен
Біздің естен кеткен жоқ,
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр буырыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің... – деп келетін толғауындағы атас
адамды еске түсіреді.

Мұрат ақынның ел тарихын қозғап, кеңінен толғайтын, өз заманында халқына аса белгілі болған сүйекті шығармалары «Қарасай-Қазиді», «Қазтуған», «Шәлгез», «Үш қиян», «Сарыарқа», т.б.

Ақынның ел қасіретін «Еділді тартып алғаны – Етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны – Жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны – Ойдағысы болғаны, Маңғыстаудың үш түбек, Оны да тартып алғаны. Үргеніш пен Бұхарға, Арбасын сүйреп барғаны, Қоныстың бар ма қалғаны?! Мал менен басты есептеп, Баланың санын алғаны – Аңғарсаңыз, жігіттер, Замананы тағы да, Бір қырсықтың шалғаны!», – деп жырлайтын туындысы баршаға мәлім. Ал, осынау Ресей патшалығының тек қазақтарды ғана емес, бүкіл Орта Азияны бағындыру жолын ақын төмендегіше жырлайды:

– Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін алды.
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды...
Тәмәмі су мен нуды орыс ұстап,
Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны.
Қуалап Исатайды өлтірген соң,
Заманның сонан бері тарылғаны.
Ойды алды – үш Оймауыт, тоғыз Торғай,
Кең қоныс мұсылманға қалынбады.
... Әуелі Әлімнен соң Табынды алды,
Тоздырып ақсүйекті тағын да алды.
Әленді Күсеппенен Сібірге айдап,
Бұ жұрттың қара түгіл ханын да алды.
Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы,
Тағынан хан тайған соң бақыты қалды.
Ұршықты, Қарашоқы, Бәкі, Балқы,

Машырық Теке, Сарық Мәрі халқын да алды.

Баласы мұсылманның нашарланды,
Кең қоныс қайдан іздеп таптырады?...

Бұл шумақтардан және жоғарыда келтірілген «Еділді тартып алғаны» деп басталатын жыр жолдарынан біздің байқайтынымыз, мұнда Мұрат ақын күйзелісі ерек, күйректігіне қарамастан үлкен бір тарихи процесті айқын түсініп отыр: ол патша үкіметінің шығыстағы мұсылман елдерін отарлау ісін аяғына жеткізіп тынғанынан толық хабардар. Ақынның 1873 жылғы 56 зеңбірек, 20 ракеталық станокты 13100 адам қатысқан ауыр қолмен Ресей әскерінің Хиуаға қарсы жорық ашып, ол табысты аяқталғаннан кейін («Үргеніш пен Бұхарға арбасын сүйреп барғаны»), бар күшін түрікмендерді бағындыруға жұмсап, соның нәтижесінде ұзақ айқастардан кейін 1881 жылы бұл ел де Ресейдің отарлық тәжін басына кигенін «Машырық, Теке, Сарық, Мәрі халқын да алды», деп дәл көрсетеді.

Әлбетте, мұның бәрі де Ресейдің отарлау саясатының түпкі сырын XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің озық ойлыларының ұғынуы ретінде түсіну үшін керек. Өйткені, Мұрат сынды алыптың лебізіне елі еңжар қарай алмаған. Ал, өз тұрғысында ақынның Ресейдің құлқын, Орта Азия, соның ішінде қазақ жұртының ахуалын тап басып көрсетулерінен қателіктер тадам деу күпірлік болар еді. Өйткені, бұл кісінің нақтылы деректерді көрсетуінен де, қазақ жұртының қоғамдық хәл-күйіне жалпылама баға беруінен де ақиқаттан алшақ кетіп тұрған тосын ештеңе байқалмайтыны хақ.

1822 жылы Сперанскийдің ұсынуымен Сібір атырабы Шығыс Сібір және Батыс Сібір әкімшіліктеріне бағындырылып, шығыстың орталығы Иркутск, батысының орталығы Тобыл болып белгіленеді де, бүкіл Арқа бетінің қазақтары Омбы облысына қарап, олар Батыс Сібір әкімшілігіне кіреді. 1824 жылдан бастап Омбы облысындағы қазақтар тұратын аймақта Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл, Ақмола, Аягөз, Құсмұрын, Көкпекті округтері құрылады. 1838 жылы Тобыл қаласындағы Батыс сібір бас басқармасы Омбыға көшірілгеннен кейін Омбы облысы таратылады да, Семей, Өскемен өлкесі Тобыл губерниясына қосылады. Округтер болыстарға, болыс ауылдарға бөлініп, олар тиісінше аға сұлтан, болыс, старшиналар билейтін жүйеге көшіріледі. 1859 жылы Орынбор ведомствосы Орынбор қырғыздарының облысы деген атқа ие болып, 1868 жылы Орынбор даласы – Орал және Торғай облыстарына бөлінеді. Ресей билеушілерінің көзімен қарағанда мұның өзі қыр қазақтарын біраз заңға көндіктіретін амалдар сияқты болатын.

Бірақ, одан қазақтардың жағдайы жақсармағаны белгілі. Өйткені, ең алдымен халықтың ғасырлар бойғы ел билеу, халықты басқару дәстүрі табан асты болды. «Қазақтың хан шегесі, жер – мұрасы» деп Мұрат Мөңкеұлы айтқандай, қазақ ұлт ретінде орталықтан билейтін ханынан айырылған соң тұтастығын жоғалтып, ата мұра – жері бөлшектеніп, басына уайым кіреді. Себебі, 1868 жылғы «Дала өлкесін басқарудың уақытша шаралары» туралы пәрмен бойынша, мұнан былай ежелгі қазақ жері тұтастай мемлекет меншігі деп танылған-ды¹⁹.

Демек, XIX ғасырда қазақ еліне өзінің ата-бабасының қаны төгіліп, не қиындық көрде – ата мұрасындай құйқалы қоныстарынан айырылу онайға соққан жоқ. Мұның сол тұстағы әдебиеттегі ең бір өзекті тақырып болуы да содан.

Адамзат баласының әуелден ақырға дейінгі барша тарихында айна – қатесіз қайталанып келе жатқан бір жай: әмәнда тізе бүктірген ел жеңілген жұртты өзінің заң жосығымен ұстауға тырысып бағады. Соған бағынышты елдің халқы амалсыз көнеді. 1865 жылғы күллі Қазақ даласының Ресей империясының отарына толықтай өтуімен байланысты біздің халқымызға да үстем жұрттың талап еткен талай жөн-жосықтарын қабылдауына тура келді. Территориялық жағынан бұрынғы ру-ру болып пайдаланатын қоныстар мен суаттар енді әкімшілік бөлінімдер бойынша шекараларға бөлініп пайдаланылатын болды (сулы, нулы атыраптар, сірә, көбіне Ресейден қоныс аударғандардың ризығына көшкені өз алдына). Ел басқару ісі патшалы жұрттың тәртібіне көшті. Дін мәселесіне келгенде де тұрғылықты халық уайым ететіндей жаңаша өзгерістер қарсаңында тұрды. Мұны ең алдымен сол дәуірдің көптеген жаңалықтарын тітіркене қарсы алған Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөңкеұлы сынды белгілі ақындар шошына жырлайды. Мәселен:

–Діні басқа біреулер
Ел биледі аралап,
Бір пәледен мың пәле
Өсіп кетті балалап...
Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,

¹⁹ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб. 1890. – С. 131-136.

Шая ма деп жүрегін,
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін.
Адыра қалғыр заманның

Мен жаратпаймын сүреңін, – деп Мұрат ақын сол діні өзге елдің өкілі елді билегеннен кейін, күллі дәстүр, салтымызға билігін жүргізіп, құлқымызды бұзып, ұрпағымыздың ішкен асын өзгертіп, сыртқы кескін – келбетінен, иман – иланымынан бүгінгі ата – бабасына ұқсайтын ештеңесі қалмай, азғындап кете ме деп үрейленеді.

Ақын өткен замандардағы елінің өмірін төгілдіре жырлай отырып, келешек ұрпақтың тірлігі қалай болғанда оңғарылмақ дейтін мәселе төңірегінде де толғанады. Оның Дәулетімбет Машақовқа Маңғыстаудан жазған хаты соған дәлел:

– Шырағым, келдің бе аман Орынбордан,
Бұрынғы талап етіп кеткен жолдан.
Құдайым талабыңды қайырлы еткей
Деп едім бәрімізге болар қорған.
Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің,
Бұлақтай ата-бабаң билік қонған.
Законын екі жұрттың тегіс білсең
Дәмем бар адаспас деп қысаң жолдан...

Демек, бұл Мұрат ақынның, ағартушылық жолды қолдаушы, елін басқыншы жұрттың білімін игеруге үндеуші болғанын, сол арқылы халқының ілгері елдерміз деп жүргендердің қатарына қосылатынына сенімді болғанына куәлік етеді. Халел Досмұхамедұлының сөзімен айтқанда, «пікірлі адам екенін көрсетеді»²⁰.

Халел Досмұхамедұлы «Мұрат ескі сөздерді көп білген. Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Асан қайғы, Қазтуған секілді өткен замандағы адамдар туралы көп өлеңдер шығарған. Қарасай, Қазы туралы Мұрат екі күндей айтатын еді деп, ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күні жойылған... он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлімінен соң шыққан қара ақындардың көбі Мұраттың шәкірттері»²¹.

Мұрат Мөңкеұлының шәкірттерінің көп болғаны рас. Солардың бірі – Ығылман Шөреков, бірі – Мұрын жырау Сеңгірбекұлы. Халел Досмұхамедұлы айтып отырған Мұрат жырлаған тарихи тұлғалардың

²⁰ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. 85-б.

²¹ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 93-95 б.

дені «Қырымның қырық батырында» айтылатын адамдар. Сол тарихи эпикалық эпопеяны біздің дәуірімізге жеткізуші Мұрын жырау Мұраттың ақындығы, кескін кейпі, туындыларын орындау машығы туралы төмендегіше мәлімет береді: «Мұрат орта бойлы, қара сақалды кісі еді. Сағыздың ар жағында Ащыкөлде отырған Атабайдың ауылында көрдім. Өлеңді домбырамен айтпайтын, айғайды салғанда қолына тостаған алып, болмаса телпекпен аузына қағып айтатын. Айғайды салған кезде қабағын бір жиып, бір ашқанда басындағы дөңгелек бөркі бір ілгері, бір кейін кетіп отыратын еді. Айғайының қаттылығы сонша, жақын отырған ауылдың бәріне естілетін. Мұрат өлеңді үйреніп айтқан ақын емес, айт деген уақытта ойынан суырып салып ағызатын еді. Үш жүздің баласын арғы жерден бастап, сол күнгі қалпына шейін келтіріп айтатын еді. Үлкен кісілердің кейбіреуі жылап та қоятын. Мен «Едіге» жырын Мұраттан бірнеше рет есіттім... Мұраттан «өлеңді қалай айтып кеттің», – деп сұрағанымда: «Бір күні түсімде бір жиын той болған екен, сол тойда отырған ақсақалдар маған «өлең айт» деді, мен «білмеймін» дегенде, «жоқ сен білесің» деп болмайды. Сол арада телпегімді қолыма алып, айғайды салып өлеңді қоя бердім. Оянсам түсім екен, ертеңіне тұра сала өлең айттым, аузыма сөз түйдектеп түсе берді. Сонан былай осы өлеңді айтатын болып кеттім», – деді. Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді²². Кейін Мұрын жырау Мұрат ақынмен Атырау облысының Сағыз маңындағы Жиделікөл деген жерінде кездесіп, «Ақжонас ұлы Ер Кеңесті», т.б. ноғайлы жырларын үйренген»²³.

Мұрат шығармашылығы туралы өткен ғасырдың елуінші жылдарынан кейін ерекше ізденіспен еңбек жазған профессор Ханғали Сүйіншәлиев, кейінгі толқын өкілі белгілі ғалым Бауыржан Омаровтар еңбектерінде ақынның айтыстары, хат өлеңдері, жоқтау жыры, мақтау-мадақ жырлары, олардың өмірге келу жайы өз мүмкіндіктеріне қарай біршама қамтылып айтылған²⁴.

Жоқтау жанры туралы ілгерідегі А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Әуезовтерден басталып айтылып келе жатқан Қараулектің баласы

²² Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қоры. 1942 жылы жазып алған Бозтай Жақыпбаев.

²³ Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 133-б.

²⁴ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат. 1997, 612-633-б.; Омаров Б. Байтақтан озып, бәйге алған. // Мұрат Мөңкеұлы. Шығармалары. Алматы: Ана тілі, 2013. – 216-280-б.

Орақты жоқтап айтқан жырын, әрі жоқтау, әрі Орақты өлтіргендердің есімін атай отырып айтылған қарғыс жыры деп білеміз.

Ал, осы жоқтау мен қарғыс айтылатын «Қарасай Қази» туындысында бағзыдан келе жатқан тұлпардың сөйлеуі ғана емес, өмірден өткен Орақтың әруағының оянып балаларына көмектесетін мифтік көріністер бар. Тегінде, бұл да – ақын шығармашылығының бір ерекшелігі.

Қысқаша айтқанда, Мұрат Мөңкеұлы XIX ғасыр әдебиетіндегі күрделі тұлға. Ақынның ханынан айырылған, яки ел басқару институтынан айырылған қазақ елінің жайын жырлауы мен бүкіл Орта Азия әдебиетінде Ресейдің отарлау саясатының мәнін жіпке тізгендей тұңғыш рет тарихи таныммен пайымдаулары оның Х. Досмұхамедұлы айтқандай, аса «пікірлі» шығармашылық тұлға болғандығына куәлік етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мұрат Мөңкеұлының елден ерек айтыскерлік өнеріне сипаттама беріңіздер.
2. Мұрат ақынның өнер жолындағы ұстаздарына, ақындық мектебіне сараптама жасаңыздар.
3. Ақынның шығармашылығына байланысты С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедұлы пікірлерін автордың «Қарасай-Қази», «Қазтуған», «Шәлгез», «Үш қиян», «Сарыарқа» секілді сүйекті туындыларын талдай отырып түсіндіріңіздер.
4. Ресей империясының Қазақстан мен Орта Азия елдерін отарына айналдырған жайына байланысты туындыларына баға беріңіздер.
5. Мұраттың ағартушылық жолды қолдаушы, басқыншы елдің білімін игеруге үндеуші болған шығармасының мәніне сараптама жасаңыздар.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)

Қазақ халқының елдік тарихынан елеулі орын алатын ұлы перзенттерінің бірі һәм бірегейі – Абай Құнанбаев. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп, өзі айтқандай, ол – өз заманындағы көсемсіп жүрген талайларға сырын толық алдыртпаған жұмбақ адам, дара боп туған тосын құбылыс. Ол – ұлы ақын, терең ойлы философ, композитор.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (29.7.(10.8) 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қасқабұлақ жайлауында өмірге келіп, 23.6.(6.7) 1904 жылы Балашақпақ жайлауында дүниеден өткен. Бейіті Жидебай мекенінде. Ақынның соңғы тұрақ тепкен мекеніне Абай – Оспан, Шәкәрім – Ахат ескерткіштер кешені тұрғызылған¹.

Абайдың шығармашылық бет-бейнесін елге таныту ісі – 1909 жылы Санкт-Петербургтен тұңғыш рет кітабын шығарып, оған ұлы тұлғаның өмірбаянын жазған Кәкітай Ысқақов еңбегінен басталады. Онан бергі дәуірде, сол алғашқы шыққан кітаппен, сонан кейінгі уақытта жарық көрген Абай туындыларымен жете таныса отырып ұлы ақынның еңбектеріне жан-жақты баға беруге бар күш-қайратын жұмсаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Құдайберген Жұбанов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, М.С. Сильченко, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Әбіш Жиреншин, Айқын Нұрқатов, Тәкен Әлімқұлов, Ханғали Сүйіншәлиев, Бейсенбай Кенжебаев, Есмағамбет Ысмайылов, Жұмағали Ысмағұлов, Қайым Мұхаметханов, Ысқақ Дүйсенбаев, Әнуар Дербісәлин, Мекемтас Мырзахметов, Шәмшиябану Сәтбаева, Зейнолла Қабдолов, Рабиға Сыздықова, Әбіш Кекілбаев, Рамазан Тоқтаров, Ғарифолла Есім, Әбдеш Қалмырзаев, Сара Күзембаева, Уәлихан Қалижанов, Жаңғара Дәдебаев, Өтеген Күмісбаев, т.б. ондаған ғалымдар, жазушылар еңбектері мен ақынның 150 жылдық ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен ұланғайыр мерей тойы үстінде жасалған Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай туралы сөз» атты баяндамасының орны ерекше.

Әрине, бүгінгі таңда Абай мұрасы туралы «Абай» энциклопедиясынан бастап, сандаған іргелі ғылыми еңбектердің еліміз бен

¹ Қазақстан Ұлттық энциклопедия. 1-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998 – 11,21-б.

елімізден тысқары аймақтардағы кітапханалар мен оқу залдарында ұлт жанашырларының көзін қуантып, жүрегін толқытатыны баршаға аян. Ал, бірақ, ұлттың рухани көсемі болып танылатын ұлы тұлғаның ақын, жазушы ретінде елінің кемеңгер перзенті тұрғысында мойындалу жолы оңай болмаған. Әдебиетті таптық тұрғыдан талдайтын кешегі бір тұсқа дейін Абай сөзі, Абай тегі сынға аз ұшырамаған. Ілгерідегі Алаш көсемдерінің пікірлері ел көзінен тысқары ұсталатын заманда, Абайды танытуда әлем мойындаған көркем сөздің толағайы Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Қажым Жұмалиевтің еңбектерінен өзге қазақ тілінде жазылған қомақты ғылыми еңбектерді, оқулықтарға енген танымдық материалдарды қалың оқырман қауым біле бермейтін-ді.

Кеңестік кезеңдегі әдебиетіміздің классиктері Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов зерттеулерінде Абайдың азаматтық өмірі мен шығармашылық өмірбаянының шыққан тегімен байланыстырыла қарастырылғаны ғылыми қауымға кеңінен мәлім.

Екеуі де Абай көзін көргендер мен (бұл тұрғыда әсіресе М. Әуезов) Абай ұрпақтарының берген деректеріне, ел әңгімелеріне сүйеніп төмендегідей мәлімет береді:

– Абай Тобықтының үлкен руы Күшік ішінде Ырғызбай деген тобынан шыққан. Ырғызбайдың төрт баласының бірі – Өскембай. Оның нағашысы Керей Ер Жәнібек. Ырғызбайдың әкесі Айдос. Айдостың інісі Жігітектен Кеңгірбай би туған. Сол Кеңгірбай Тобықтының басшысы болып жүріп қартаяды. Ол өзінің орнына өз балаларының бірін емес, немере жерден қосылатын туысы Ырғызбайдың Өскембайын қалдырмақ болып Көтібақпен ақылдасқанда, ол да Кеңгірбайдың шешімін мақұлдайды. Би бата бермек болып Өскембайды шақырғанда, ол өз туысқанының аздығын айтып, «төрт сояу атанып едім ғой. Ерекене бата берсеңізші» – депті. Сонда Кеңгірбай: «Ой, шіркін, мен өз баламды өзім көрмей тұрмын ба? Менің батам қонса, тұсыңнан кісі батып оята алмас», – депті. Өскембайға бата берген соң, Кеңгірбай көп кешікпей өлген. Ал, елдің адал болады деген дәмесіне Өскембай сәйкес келген. Ел: «Ісің адал болса Өскембайға бар, арам болса Ералыға бар», – дейтін болған. Мінезі кекшіл емес, көп тілегін тілегіш кең болғанға ұқсайды. Туысқаны, жақыны емес, Сыбанғұл деген төренің жалғыз баласы өлді дегенде: «Жалғызды жалғыз демейтін, жартыны жарты демейтін, тәңірім-ай», – деп жылапты дейді. Өскембайдың айттырып алған бәйбішесі Зереден – Құнанбай, Құттымұкамбет атты екі ұл, Тайбала деген қыз туылған. Құттымұкамбет жастай өлген. Өскембайдың басқа балалары тоқалынан. Ал, Зере кең пейілді,

мейірімді адам болған. Өскембай 1850 жылы 72 жасында (1778-1850) өмірден өткен. Бәйбішесі Зере 90 жас жасаған. Әкесі өлгенде Құнанбай 46 жаста. Ел билеу ісіне ысылған адам. Өз бетімен хат таныған, мінезі әке-шешесіне тартпаған, «кесек мінезді, қатты адам, діндар кісі» болған. Қарақаралыда аға сұлтан болып тұрған Құсбек төре мен бұрын сол қызметте болған Жамантай төренің (екеуі де Бөкей ханның тұқымдары) аға сұлтандыққа таласы болғанда өзі аға сұлтан бола алмайтынына көзі жеткен Жамантай өзіне тілектестерінің дауысын Құнанбайға бергізіп, Құсбек жеңіліп, Құнанбай аға сұлтан болған. Ол 1886 жылы 82 жасында өмірден озды. Абайдың анасының аты Ұлжан. Ол – Құнанбайдың інісі Құттымұхамбеттің қалыңдығы. Інісі өлген соң, Құнанбай келін алған. Одан Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан туған. Бірінші әйелі Күңкеден Құдайберді, үшінші әйелі Айғыздан Халиолла, Ысмағұл өмірге келген. Төртінші әйелі – Нұрғаным. Бұдан перзент көрмеген².

Абай өмірін алғаш жазған Кәкітай Ысқақовтың айтуынша, әкесі Абайды он бір жасында ауылындағы Ғабитхан молдадан алып, Семейдегі Ахмет Риза қазіреттің қолына әкеліп тапсырады. Бұл медреседе ол үш жыл білім алады. Соңғы жылында ол, медреседегі білімімен қатар сол қаладағы приходская школада төрт ай сабақ оқиды. Он төрт жастағы баласын 1859 жылы елге қайтарып алған әкесі келешекте өз орнын басуға баулиды. Бұл жолда да ақын шешендер мен билердің үлгісін алып, бір-екі жылдың ішінде-ақ елдің көзіне түсіп, ауызға ілінеді. Жиырмаға жетпей үлкен даулардың қисынын тауып шешетін шебер бидің бірі болады. Ақын жасы 25-тердегі кезінде Тобықтының Қоңыр көкше деген еліне өкіметтің сайлаусыз тағайындауымен болыс болады. «Ол сол кезде елде белең алған ұрлық-қарлыққа, барымтаға, тағы сондай қиянаттарға қатты тыйым салған. Қиянатшылдарға мейірім істемейтін қатал болған»³.

Абайдың ақындық жолына қырық жасқа таянғанда ғана барып дендеп кірісуінің мәні, оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп басталатын 1888 жылы өмірге келген туындысында тұр. Ал, жалпы ол өзінің жаратылысынан ақын екенін ерте ұққан болса керек. Өйткені, ол он үш жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқып жүріп «Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Қожа Хафиз-бу

² Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі // Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013 – 28-41-б.

³ Мұқанов С. Жарық жұлдыз. – Алматы: Санат, 1995 – 59-61-б.

Һәммәси, Мәдет бер иә шағари фәрид», – деп, шығыс жұлдыздары атанатын ақындардан жанына жәрдем сұрайтыны, болмаса алғаш назары түскен құрбы қызға бағыштап «Иүзи-рәушан, көзі – гауһар, Лагилдек бет үші әхмәр, тамағи қардан әм биһтар, қашық құдырет, қолы шигә. Өзәң гүзәллара рәһбар, сәңа ғашық болып кәмтар, Сүләйман, Ямшид, Искәндәр, Ала алмас барша мүлкигә», деп сол шығыстың ақындарынша, саған ынтызар болған жан Сүлеймен, Жәмшид, Ескендірдің қазынасын берсе де қолы жетпес деп толғануларының өзі, кейінгі Абай атанып, абайлап сөйлейтін, өзгелер де онымен абайлап тілдесетін данышпанның бастапқы аяқ алысынан хабар беретін, не айтса да көкірегінен елді елең еткізерлік лебіз шығатын жан екенін аңғартпай қоймайды. Немесе оның сол тұстарда қағазға түсірген «Әлифби» өлеңі. Бұл арабтың жиырма тоғыз әрпін түгендейтін Абыл Тілеуұлының (1777-1864) өлеңінен кейінгі қазақ әдебиетіндегі екінші туынды. Абай осы шығармасының өнбойында ынтық болған жанына араб графикасының қасиетті деп есептейтін барша әрпін тізбектей отырып, өзінің жай-күйінен хабар береді. Туындысының ақырында: «Я, ярым, қалай болар жауап сөзің, мәт – қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің, үтірмен асты-үстілі жазуда бар, болуға асты-үстілі көнсең өзін», – деп кідіреді. Қазіргілердің көзімен қарағанда шұбар тілді болып саналатын, осы балапан жырда ақындық мінез бар ма? Бар. Демек, Абайдың қырыққа тақалғанша өлеңнің аламан бәйгесіне түспей жүргенінің себебі басқа. Дана боп жаратылған ол өзінің шәкірттік туындысының алашұбар тілмен өрнектелгенін ғана емес, жалпы ауызша үрдістегі ақындардың жайын жақсы білетіндіктен де ширек ғасыр уақытын ізденуге жіберді. Медресенің оқуы оған мұсылман шығысының өркениетін игеруге мүмкіндік берді. Ал, сол медреседе білім ала жүріп, приходская школаға қатынасқан аз ғана уақыттарында игерген орысша сауаты ақынды елін ұстап отырған алып жұрттың жан-дүниесін ұғуға итермеледі. Сөйтіп, ол Пушкин, Лермонтов, Толстой, Крылов, Тургенов, Достоевский, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедриндерді оқып қана қоймай, солардың ішінде әлемдік даңқы бар кейбіреуін қазақша сөйлете бастады. Тіптен олардың төл шығармаларын аударып қана қоймай, орыс оқырмандарына олар жеткізген Гете, Байрон сынды алыптардың жырын да қазақша сөйлетті. Және сол ақындардың бәрін де ол классикалық деңгейде тәржімалады.

Академик Қ.Жұмалиевтің айтуынша, сол аудармаларының жалпы саны елуден астам болатын. Осы тұрғыда ол «тек қана қазақ

емес, бүкіл шығыс елінде елеулі орын алады. Шығыс елінде 1889 жылға шейін Пушкиннің «Евгений Онегині» тек Әзірбайжанда ғана аударылған. «Евгений Онегинді» сонан кейін аударған Абай. Қазақпен салыстырғанда, ол кезде үлкен мәдениетті саналатын татар, өзбек, тағы басқа көршілес елдердің бәрінен бұрын Сарыарқада жатқан Абайдың дүниежүзілік мәдениет мұрасының шаршы төрінен орын алған Пушкинді танып, Татьянаның үнімен даланы жаңғыртуы – қазақ үшін мақтанарлық іс»⁴.

Абайдың орыс тіліндегі әдебиеттерді еркін игеруіне байланысты таңданысын ұлы қаламгер Сәбит Мұқанов төмендегіше берген: «Абай өскен Тобықты руы – орыс қалаларымен көрші тұрмаған ел. Абайдың ауылына ең жақын қала – Семей 200 шақырымдай. Абай он жасына шейін орыс тілін білмейтін ауылда тұрды. Оннан он төрткен дейін Семейде мұсылманша оқыды. Орысша сабақты ол Семейден еліне қайтар жылы ғана оқыған. Төрт ай оқу деген немене ол? Төрт айда басқа тілден кісі не біліп жарытпақ?! Он төрт жасында Семейден ауылына келген Абай 1872 жылы 27 жасында тергеуге шақырылғанда болмаса, Семейге аз араласқан, он үш жыл өмірін өзінің ауылында өткізген. Сөйтіп жүріп, 1873 жылдан кейін өз бетімен орыс кітаптарын оқып кетуі және ғылымдық, философиялық, көркемдік қасиеттерін еркін түсініп оқуы ғажап. Барлық елдердің әдебиет тарихын тұтас алғанда, бұл – өте сирек кездесетін құбылыс, табиғатында аса данышпан боп туған адамның ғана қолынан келетін іс»⁵.

Расында да, Абайдың заманында, Абайдай «етек бастылықты» көп көріп жүрген даланың перзентіне әлемнің данышпандарының туындыларын кемел ойлылықпен игеру үшін тек бір ғана тіл білу аздық етеді, ол үшін Сәбең айтқандай «аса данышпан боп туу» ләзім. Осының бәрін пайымдай білетін Семейде болған Америка саяхатшысы Джорж Кенаннан бастап оның Милль, Бокль, Дреперді оқитынына (Семей кітапханасының директоры Леонтьевтен естігенде) қатты таңғалады⁶. Сондай-ақ, ақынды 1880 жылы Семей кітапханасы қызметкерінен Лев Толстойды сұрап тұрған жерінде көрген СПб университетінің Семей қаласына жер ауып келген студенті Михаэлистің де күтпеген тосын жайға тап болғандай болуы да сол таңданыстан басталып

⁴ Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Орал: Ағартушы, 2010 – 158-б.

⁵ Мұқанов С. Жарық жұлдыз. – Алматы: Санат, 1995. – 68-б.

⁶ Кенан Д. Сибирь и ссылка. 1906. – 140-б.// Мұқанов С. Жарық жұлдыз... 67-б.

жатыр. Кейін сол Михаэлис бірнеше рет Абай ауылында болады, ақынмен достасады. Ал, Абай ауылында болған, оның екінші бір досы, Харьков университетінің соңғы курсынан жер аударылған Нифонт Долгополовтың Семейдің әскери губернаторының атына жазылған өтініші архивте сақталған. Онда:

Семей әскери губернаторы мырзаның ғұзырына (Нифонт Долгополовтан)

Өтініш

Жүрек ауруы және безгек науқасымен менің денсаулығым өте төмендеп кетті. Оны жөндеу үшін маған жазғы айларда қаланы тастап, қырға шығып қымыз ішсем, таза ауаны пайдалансам деймін. Сол себепті өте кішілік (рахым) етіп, сіздің ғұзырыңыздан Шыңғыстау болысы Құнанбай Өскенбаевтың ауылына баруға 15 августқа шейін ұлықсат етуіңізді сұраймын.

Семей, 4 июль, 1885 ж. (Н. Долгополов) деп жазылған⁷.

Ал, жалпы Абайдың сол замандағы патша үкіметінің көз қырында жүрген саяси тұтқындармен байланысы, сондай-ақ, ел ішіндегі партиягершіліктен өршіп оның үстінен жазылған арыздар оны күдікті адам ретінде Семей полициясының назарына іліктіреді. Сөйтіп, 1897 жылдың көктемінде Семейдің уездік полициясының бастығы Куприянов келіп, Абайдың үйін тінтеді. Бірақ, ол жолғы тексерісте ақын үйінен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің патша үкіметінің елге жасап отырған қиянаттарын айтып, оған қалай қарсы тұру жөнінде ақыл сұраған хатынан өзге айтарлық басқа күдікті ештеңе табылмаған. «Бұл хатқа не деп жауап бердің», – деп жауаптағанда ақын «Жауап жазғам жоқ», – деп құтылған⁸.

Сол тұстағы ел ішіндегі партиягершілік мәселесі 1884 жылғы сайлаудағы Күнту Шонқа баласының болыстыққа сайлануы тұсынан басталып, өршітіні сол дәуірдегі Абайға қатысты жайларды терең зерттеген ұлы қаламгер Мұхтар Әуезов еңбегінде тереңірек айтылады. Онда ақынның қатты сенетін достары Ербол, Жиренше, Оразбай, Күнтулердің Абайдың сыртынан жүргізілген істері жан-жақты ашылған⁹.

Ақынның «Болды да партия – Ел іші жарылды. Әуремін мен тия,

⁷ Жұмалиев Қ. Аталған кітабы – 85-б.; Мұқанов С. Аталған кітабы – 66-б.

⁸ Мұқанов С. Жарық жұлдыз. Алматы: Санат. 1995 – 73-б.

⁹ Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі // Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Алматы: Өдебиет әлемі. 2013 – 66-78-б.

Дауың мен шарыңды», – дейтіні, немесе
Семейге арыз жолдаушылар жайына орай:
– Тұлпардан тұлпар озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да...
Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс – олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы.

Мұнда Абай басына қатысты үлкен дау-шардың себебі мен салдары
көрініс тапқан. Ақын соның түпкі себебін танып күйзеледі.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.
Бір күшті көп тентекті жыға аламай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Өкінішті көп өмір кеткен өгіп,
Өткіздік көп нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Сенімі жоқ серменде (шеремінде) сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз досымызды.
Қылт еткенге көңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.
Дос-асықтың болмайды бөтендігі,
Қосылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі, – деп күңіренетіні сол кездің
хәл-күйі.

Абай өзінің осындай қасіретті шағындағы бүкіл қазаққа арнап айтар ойын, одан әрмен ұлғайта жырлайды. Бірліксіздігі мен кешірімсіздігін айта отырып, бодандықтың қамыты еркін алған еліне:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың...
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың...
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың...
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық.
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың? – деп, жаны күйіп
мүсіркей, қайырыла сөйлеген ол, қысқасы:
Біріңді қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос, – деген сөзбен күрсіне барып тоқтайды.
Ақын жаны қасіретті. Негізгі қасіреті – жеке өзінің емес, елінің
қасіреттілігінен. Ал, өзі болса:
Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем өстер ме едім?
Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім,
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, – деп өзінің ғылымға білек сыбанып кірісе алмағанына қапа болады. Ұл баларына қосып, қызы Гүлбаданын Семейдің орыс мектебіне бергенінен елін хабардар етеді. Мақсаты қалай болғанда да балаларының терең білімді болуы. Ал, өзгелердің интернатта оқып жатқан перзенттерінен ата-аналары не күтеді? Осы жайды жақсы білетін автор төмендегіше тебіренеді:

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуға
Тырысар келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Иждиһатсыз, михнатсыз,
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе
Кімге тиер панасы?
Бұл іске кім виноват –
Иә Семейдің қаласы,
Иә қазақтың аласы?
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Иә тілмаш, иә адвокат
Босам деген бәрінде ой,

Көңілінде жоқ санасы...
Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий,
Ақыл айтпай ма ағасы?

Осы шығармаға жалғас берілген «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде әлгіндей жастарға қаратып былайша толғанады:

Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз
Бір іске кез келсеңіз...
Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл!..
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме.
Сізге айтамын, қаупім – бұл...
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.

Аталмыш туындылар жайында академик Зәки Ахметов Абайдың 1995 жылы шыққан шығармаларының екі томдығына жазған алғы сөзінде «Айталық, Бұқардың толғау, терме жырларындағы нақылмен келетін шешендік үлгі кейбір Абай өлеңдеріне де жат емес. Бірақ, Абай Бұқар жыраудай қызықты, желілі ойды өрбітіп, әр жайды, әр нәрсені тізбектеп, теріп айтпайды, көбіне көп ойын өрістетеді, қозғаған

мәселесін талдап айтады. Сырттай қарағанда Абайдың «Интернатта оқып жүр», соның жалғасы болып келетін «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңдері қазақ поэзиясында бұрынан келе жатқан насихат, ғибрат түріндегі өлең сияқты көрінуі мүмкін. Ал, бірақ нақтылы мазмұн, идеясы, айтатын ой-пікірін таратып, әр жай-жағдайды талдап айтуы жағынан мүлде жаңа, соны туынды. Осыдан-ақ біз Абайдың өзінен бұрынғы ақындарға кейбір жанрлық үлгіні, көркемдік тәсілді қолдануы жағынан жақындығы бар дегенде де, оның өзіндік өзгешелігі, жаңалығы және бар екенін көре білу қажет екенін байқаймыз».¹⁰

Абайдың қазақ әдебиетіндегі жаңашылдығы туралы айтқанда, Сәбит Мұқановтың «Европалық поэзияның стилімен Абайдың өлең жазуға кірісуі 1882 жылдан басталады. Сол жылы ол «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңді жазады. Бұл өлеңде Абай қазақ поэзиясының ұлттық түрін бұзбағанмен мазмұнын Европа ақындарының өлең жазу әдісімен құрған»¹¹, – деген сөзі ескерілетіні анық. Ол – қазақ өлеңінің реформаторы. Оны ілгері-кейінгі Абайдан соңғы қазақ ақындарының баршасы ұстаз тұтты. Ұлттық поэзиямыздың С. Сейфуллин, С. Торайғыров, Б. Майлин, С. Мұқанов, А. Тоқмағамбетов, Т. Жароков, Ж. Сыздықов, Ө. Тұрманжанов және қазіргі ақындарымыз ғана емес, туысқан башқұрт халқының Шәйхзада Бабич, Қырғыздың Аалы Тоқамбаев сынды классиктеріне де ықпал еткен¹². Ал, шығармаларының идеясы мен мазмұны жағынан да ол жаңалық иесі. Абайдың жылдың тұтастай төрт мезгілін жыр етуі, аңшылықты, аттың сынын, ән мен күйді, адамның алуан сәттегі көңіл-күйін жас жігіт пен жас қыздың сезімдерін европалық ашық мінезбен өрнектеуі, тіпті оған дейінгі авторлық, авторсыз поэзияда көп ежіктелетін мұсылман дінінің жайын пайымдауы, өмірден өткен перзентін жоқтауларының қай тұрғыдан да өрнегі өзгеше.

Шығармашылық ұлы тұлға – қай уақытта да ұлтының ұстазы, ел тәрбиешісі. Бұл тұрғыда Абай Құнанбаев бір қарағанда тым қатал мінезді, талабы ауыр ұстаз болып көрінеді. Бірақ, ақынның сөзіне ойлана құлақ түрсеңіз, бір адамның емес, бүкіл ұлттың бойындағы кесірлі кеселді айтып тұрғанына иланбасыңызға амал жоқ.

«Басында мый жоқ, Өзінде ой жоқ... Аулаққа шықпай, Сыбырлап

¹⁰ Ахметов З. Кемел ақын, кемеңгер ойшыл // Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 1995 – 11-б.

¹¹ Мұқанов С. Аталған шығармасы... 69-б.

¹² Жұмалиев Қ. Аталған шығармасы... 187-200-б.

бұқпай, Мейірленбес еш сөзге. Пайдасыз тақыл – Байлаусыз ақыл, Атадан бала ойы өзге. Санасыз, ойсыз, жарым ес, Өз ойында ар емес. Тасыса өсек, Ысқыртса кесек, құмардан әбден шыққаны. Күпілдек мақтан... Ынсап, ұят, терең ой, Ойлаған жан жоқ, жауып қой. Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл. Орынсыз ыржаң, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет нәсіп бұл. Енбек қылсаң ерінбей, Тояды қарның тіленбей. Егіннің ебін, Сауданың тегін Үйреніп, ойлап мал ізде. Қуансаң, қуан сол кезде. Малыңды жауға, Басыңды дауға қор қылма, қорға татулас. Өтірік, ұрлық, Үкімет зорлық құрысын, көзің ашылмас. Ұятың, арың оянсын, Бұл сөзімді ойларсың. Таласып босқа, Жау болып досқа, Қор болып құрып барасың. Бір кісі мыңға, Жөн кісі сұмға, Әлі жетер заман жоқ. Қадірлі басым, Қайратты жасым Айғаймен кетті, амал жоқ, Болмасқа болып қара тер, Қорлықпен өткен кү өмір... Атадан алтау, анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ... Сөзімді ұғар елім жоқ...»

Елінің қасіретін өзімнің қасіретім деп ұққан жанға, мұнан кейін қалай жаныңыз елжіремейді? Ал, ақынның ер жетпеген елінің, оны көріп күйінген өзінің қасіретін айтқан жыры тек бұл емес.

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.

Туысқаның, достарың – бәрі екіұшты,
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,

Бұл не деген заманға ісім түсті?! – деп күңіренетін ақын, әйтсе де жанға медеу болар тірек іздейді. Ол тірегі – адал енбекке елім үйренер ме екен, білім алып, егін салып, сауданың жөнін үйренер ме дейтін оймен ұштас:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, – дейтін сөзі. Немесе:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре егеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме, – деп қандастарына ақылдылықты, адал жүректілікті жалынып насихаттар лебізі. Ол – адамның таза қолды, адал пейілді болуына бірден бір себепкер жай – барша діндерде насихатталатын жаратушыға, жан иесіне деген адалдық, бір сөзділік пен мейірімділік деп біледі.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Күллі мақұлық өзгерер, алла өзгермес.
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті, – дей отырып, адамның көкірек көзін басатын шелдің басы – надандық деп біледі. Содан құтылудың камын жасап жүрген өзін:

Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?
Атымды адам қойған соң
Қайтіп надан болайын?..
Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындай.
Кірлеген жүрек өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай, – деп барып кідіреді.

Ұлы қаламгерлер негізгі сөзін шын мәнінде бүкіл адамзат баласына қаратып айтады. Абайдың өз халқына қарата айтылған сөздерінің де дені солай. Оның «Масғұт» поэмасындағы кеселді жауын суып ішіп, құтырынған халқының дегеніне көнген хан мен уәзірдің амалсыздан солардың істегенін істеп, құтырынып шыға келуінде үлкен мән бар. Бұл – Абайдың өмір бойы жырлаған ақылсыз бен наданға, яки, жындыларға амалсыздан ерген жалғыз бен жалқының көрер қасіретінің жинақталып берілген түйін ойы. Ал, аяқталмаған «Өзім әңгімесі» поэмасындағы көкірегі қараңғы дүние қуған жанның мейірімсіздігі, бұл да – адамның адамдық қасиеттен шығуына себепкер болатын қара түнек кесепатты психикалық қасірет...

Адам жанының тамыршысы сынды Абайдың «Ескендір» атты поэмасы ұлы ақынның әлем ойшылдары жырлаған ұлық тақырыпқа бара отырып, адам жанын көзге көрінбей жеп жататын ынсапсыздық, өрескел атақ құмарлық құртының кім-кімді болсын оңдырмай

омақастыратын кесел-дерт екенін көрсетуі деп танымыз. Шығарма кейіпкері – әлемнің атақты жиһангері Александр (Ескендір).

Сандаған ғасырлар бойы батыс пен шығыстың талай елінде Ескендірдің ерлік жолын дәріптеген көптеген туындылар дүниеге келді. Тек бір ғана шығыс елдерінің өзінде Балами, Фирдоуси, Низами, Науаи, Жәми сияқты таланттардың негізгі шығармалары Александрдың жорық жолдарын уағыздауға арналды. Оның сыртында даңқты қолбасшы қақында халық атымен айтылатын көптеген аңыз-әпсаналар бар. Ежелгі римдік тарихшы Ф. Арриан, Плутархтан бастап бірсыпыра тарихшылар Ескендір Зұлқарнайын патшаның өмір тарихын ыждаһаттылықпен хатқа түсірген¹³. Демек, Александр қақындағы әдеби шығармалар да, тарихи еңбектер де, фольклорлық туындылар да аз емес. Ал, мұның барлығын өзара салғастыра отырып, Александрдың шынайы өмірі қандай еді, ол жайлы жазылған көркем шығармаларда сол өмір қалай берілген, егер бұрмаланса, оған не себеп болған, оның автор ұстанған мақсатқа қатынасы қандай деген мәселелердің өзі сандаған күрделі зерттеулердің объектісі.

Міне, бұл мәселені негізінен осы принцип тұрғысында алғаш рет советтік ғылымда көрнекті шығыс зерттеушісі Е.Э. Бертельс қолға алып, 1948 жылы «Александр қақындарғы роман» және оның шығыстағы басты версиялары» деген тақырыпта монография шығарды¹⁴.

Автор мұнда шығыс қаламгерлерінің батыстық Александриада туралы еңбектермен, араб шығысы елдерінің аңыздары, діни шығармаларымен өзара іштей жалғастығы сырына ерекше назар аударған. Ал, мұның өзі кейін Е.А. Костюхиннің «Әдебиет және фольклор дәстүріндегі Александр Македонский¹⁵» еңбегінің дүниеге келуіне себепкер болды. Аталмыш жұмыстың Е.Э. Бертельс зерттеуінен негізгі ерекшелігі – мұнда Александр атына байланысты сақталған дүниежүзі халықтарының фольклорлық туындылары барынша кеңінен қаралады. Сол арқылы бұл тақырыптың фольклорлық дәстүрдегі негізгі өзгешеліктері мен тақырыбы жағынан өзара үндестік себептері айқындалады. Сондай-ақ, автор мұнда қазақ

¹³ Арриан. Поход Александра. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1962.

¹⁴ Бертельс Е.Э. «Роман об Александре» и его главные версии на востоке. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948.

¹⁵ Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – М.: Наука, 1972.

әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасындағы Ескендір тақырыбының жырлану ерекшеліктеріне барынша байыпты тоқталады. Осы мәселеге өзіне дейін қалам тартқан М.О. Әуезов, Ы.Т. Дүйсенбаев, М.С. Сильченко еңбектеріне де тиісті мөлшерде назар аударады.

Аталмыш поэма Қазақстан Ғылым академиясының академиктері З. Ахметов, С. Қасқабасов, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ш.Қ. Сәтбаева, профессор Ш. Елеуқенов еңбектерінде де арнайы сөз болады¹⁶.

М. О. Әуезов сөзімен айтқанда «өзіндік өсиеттерін шартты түрдегі аңыз-әпсанаға бөлей отыра, қызықтыра ұсынбақ болған»¹⁷ «Ескендір» поэмасының көтеріп отырған жүгі тым қомақты. Соның басты бір ерекшелігі, ақын өмір сүріп отырған дәуірден жиырма екі ғасыр бұрын тірлік кешкен кейіпкеріне берілетін қысқа ғана анықтама, мінездемелер тарихи ақиқатқа сәйкес келетіндігінде еді. Мәселен, Абай «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» – деп оқырман көңілін өзіне оқыс аударады да, одан әрмен «Македония шаһары оған мекен. Филипп патша баласы, ер көңілді, мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен» деген сөздермен оның тегіне, құлқына нақтылы сипаттама береді. Және ол анықтамасы Ескендір тарихшыларының мағлұматтарымен бір жерден шығады. Шын мәнісінде де Александр (Ескендір) қолбасшы Македония жұртының патшасы Филипп екіншінің біздің жыл санауымызға дейінгі 356 жылы туған перзенті. Шешесінің аты – Олимпиада. Мінезіне келетін болсақ ол «кішкентайынан-ақ мақтан сүйгіш, жүректі және аса тәкәппар болған»¹⁸ кісі. Абай одан әрмен Ескендірдің хәлін:

– Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады оңды-солды.
Сұмдықпен әскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.

¹⁶ Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – С.73-78; Сағпаева Ш. Казахская литература и восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – С.102-120; Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 162-173-бб; Елеуқенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – С.80-81.

¹⁷ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӨБ, 1959. – 151-б.

¹⁸ Плутарх. Александр. Арриан. Поход Александра. – М.-Л. Издательство АН СССР, 1962. – С. 237-239. Знаменитые греки. Жизнеописание Плутарха. – М.-Л.: Учпедгиз, 1961. – С.200-201.

Көп елді күтінбеген қырды, жойды,

Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды, – деген жолдармен баяндайды. Бұл да ақиқаттан алшақ емес жай. Филипп өліп, Ескендір таққа отырғанда не бәрі жиырма жаста ғана болған. Оның таққа отыра сала көршілеріне қырғидай тиюі де рас еді. Көп ұзатпай есімін бүкіл әлемге мәшһүр өткен Дари Үшіншімен айқасының өзі осындай «көп елді» тізе бүктірген атышулы жорықтарының жалғасы болатын¹⁹.

Міне, осы жайлардың ұзын ырғасын Абай ақын әлгіндей жолдармен баяндайды да, оның жорықтағы табыстары арта түскен сайын аранының кең ашылып, күллі әлемді жеке билемек болған ниетін былайша хабарлайды:

– Ескендір елде алмаған хан қоймады,

Алған сайын көңлі бір тоймады.

Араны барған сайын қатты ашылып,

Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Бұл да рас жай. Персияны тізе бүктіргеннен кейін ол бүкіл әлемді бағындыруды армандай бастаған²⁰. Міне, бұлар ақынның Ескендір жайлы тарихи мәліметтерді жетік білетіндігін көрсететін тұстар. Әйтсе де Абай осы жетік білер жайларын көп ежелеуге әуес емес. Өйткені, тарихи тұлға Александрдың кім екендігін жақсы білетіндігін жоғарыдағы шумақтар арқылы қапысыз аңғартқан ақын даңқты қолбасшысының барлық өмірін «қызықтап» кетуге қарсы. Оған керегі – күллі дүниені дірілдеткен ерте дүние әміршісінің алдына қойған мақсаты мен мүддесі. Ол соның бетпердесін қапысыз ашып, сол арқылы өзінің көкейтесті ойын оқырманына жеткізуді мұрат етеді. Әйтпесе ол өзінің көкірегіндегі көрікті ойын әлеуметі жете ұқпайтындай сезінеді. Сондықтан да ол жырлайтын Ескендір дәуірінің шынайы тарихы барынша сығымдалып, қысқа берілген бұл тұрғыда Абай қаһарманы Низами мен Жәми, Науаи Ескендірлеріне ұқсамайды. Ал, сол айырмашылық, түптеп келгенде, Абай концепциясында жатыр.

Әрине, Абайға дейінгі шығыс классиктері жырлаған Ескендір негізінен сүйкімді қаһарман болғанмен олардың да бір-бірінен біраз айырмашылықтары баршылық. Мұны да, әрине, сол авторлардың әрқайсысының өздерінің алдарына қойған негізгі мақсаттарымен

¹⁹ Знаменитые греки. Жизнеописание Плутарха. – М.-Л.: Учпедгиз, 1961. – С.205-208.

²⁰ Знаменитые греки. Жизнеописание Плутарха. – М.-Л.: Учпедгиз, 1961. – С.225.

түсіндіруге болар еді. Мәселен, Фирдоуси өзінің бірнеше жыл бойы жазған «Шахнамэ» атты атақты шығармасын парсы жұрты патшаларының тарихын тірілтуге арнай отырып²¹, Ескендірдің үлесіне таңғажайып жорықтар тиген адам етіп көрсетеді²². Ал, Низами болса оны тек қана әділетті соғыстар жүргізген кісі етіп суреттеп²³, Науаи Ескендірді қылығына жан сүйсінер дана кейіптегі билеушінің үлгісі етіп бейнелейді²⁴. Науаи ұстазы Жәмиде де аталмыш кейіпкер қайырымдылық пен ақыл иесі боп көрінеді²⁵. Сөйтіп, бұлардың баршасында да Ескендірдің тарихи жағымды тұлға болатындығы болмаса, оның әр ақындағы сомдалу, кейіпкерлік ерекшелігі әрқалай.

Бірақ, Абай ұстанған принцип тіптен бөлек. Ол македониялық патшаның даңқ құмар, ынсапыз құлқын әшкерелеуді мақсат тұтқан. Сол ойын жүзеге асыру үшін шығыстың кейбір классиктері пайдаланған Ескендір атына байланыстыра айтылатын фантастикалық сюжетті таңдап алады.

Бірақ, Александрдың кім екендігін баяндауда барынша қалт кетпеуге тырысатын Абай ақын бұл тұста да мейлінше нанымды болуды қатты ескереді. Жүрген жеріндегі елдің бәрін тізе бүктіріп келе жатқан ақын қаһарманы «жүре-жүре бір елсіз шөлге» тап болады. Ақыры олар шөлден қаталайды. Сөйтіп, жан қарқараға келгенде жалтыраған сәуле көреді. Онысы «бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ» болып шығады. Міне, фантастикалық сюжетпен барып ұласатын осы эпизодтың өзінде де Абай Ескендірге қатынасты тарихтан жырақ кетпеген. Өйткені, аса көрнекті әдебиет зерттеушісі, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ш.Қ. Сәтбаеваның пікірінше, ерте дүние тарихшылары баян еткен Александрдың Яксарттан (Сырдария) әрі сапарындағы шыжғырған аптап пен шөлге тап болып, қатаң ауыратын сәттеріне сәйкес келетін біраз жайлар ақын шығармасының осы тұсында көрініс тапқан²⁶.

²¹ Костюхин Е.Л. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – М.: Наука, 1972. – С. 64.

²² Бертельс Е.Э. «Роман об Александре» и его главные версии на Востоке. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – С. 34.

²³ Бертельс Е. Э. «Роман об Александре» и его главные версии на Востоке. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – С. 76.

²⁴ Сонда, 129, 180-181-66.

²⁵ Сонда, 129-б.

²⁶ Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – С.

Низами поэмасында терістік елінен қайтып келе жатқан Ескендірге тәңірінің хабаршысы арқылы кішкентай тас беріліп, соны кейін таразыға тартып көруге пәрмен ететін эпизод бар-ды. Ал, ол тас таразыға түскенде топырақтан өзгенің біріне міз бақпайтын. Сөйтсе, оны осыншама зілбатпан етіп тұрған салмағы емес, құзғын құлқы болып шығатын²⁷. Осы тас арқылы Ескендір өмірінің көптеген сыры ашылатын.

Низами туындысындағы бұл эпизод Абай поэмасындағы Ескендірдің «құдайға бастайтын қақпаның» күзетшісімен сөйлесетін, одан сыйлыққа ішінен ханның, барша дүниесінен салмақты көз сүйегі шығатын орамал сұрап алатын штрихтарына бірсыпыра жуықтайды.

Осындай ұқсастықтарға орай М.О. Әуезов: «міне, біздің білуімізше Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған «Ескендірнаманың» дәл осы тұсынан алынған²⁸, – деп жазады. Сонымен қатар ол Абайдың бұл әңгіменің желісін біраз өзгертіп алғандығын айта кеп²⁹, ұлы ақынның осы тақырыпқа қатынасты өзге мәліметтерді де білуі мүмкін екендігін бірақ, қазір оны дәлелдейтіндей қолда нақтылы деректің жоқтығын ескертеді³⁰.

Әрине, Ескендір өміріне қатынасты фантастикалық сюжеттің қазақ ақынының шығармасына қайдан келгендігінің түп төркінін анықтаудың өзі әдебиеттану ғылымы үшін қызықты жай екені сөзсіз. Өйткені, бұл арқылы мәдениеттердің тамырластығы, өзара байланыс ықпалы айқындалмақ. Және осы тұрғыда өз заманының үлкен парасат иесі ретіндегі Абай білімінің көкжиегі межеленбек.

Қазіргі таңда бұл сюжеттің ақын шығармасына қайдан келгендігі жайлы мынадай болжамдар бар:

1) Академик М.О. Әуезов пен Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ы.Т. Дүйсенбаев аталмыш сюжет Низамидің «Ескендірнамасынан» келген деп есептейді³¹.

2) Академик М.С. Сильченко Абай поэмасындағы эпизод пен

²⁷ Низами Гянджеви. Искандер-намэ. Ч. 1. Шараф-намэ, перевод и ред. Е. Э. Бергельса, – Баку, 1940. – С. 381-382.

²⁸ Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 149-б.

²⁹ Сонда, 149-б.

³⁰ Ауэзов М. Абай Кунанбаев // История казахской литературы. В трех томах. Т. 2. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 186.

³¹ Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. Алматы: ҚМКӘБ, 1959. 149-б.; Дюсембаев И.Т. Проблемы изучения казахской литературы дореволюционного периода (XVIII, XIX и начало XX вв.) Автореферат диссертации, представленной на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алма-Ата, 1966. – С. 57-58.

Науаидың «Ескендір қорғаны» арасында ұқсастық бар деп ойлайды³².

3) Е.А. Костюхин 1895 жылы «Киргизская степная газетада» шыққан Ескендір жайлы қазақ арасындағы аңызды пайдаланған деген болжам айтады³³.

4) Академик З. Ахметов фольклорист С. Қасқабасовтың осы мәселеге арналған «Қазақстан мектебі» журналындағы мақаласына сілтеме жасай отырып, Абай поэмасын В.А. Жуковскийдің осы тақырыпқа жазған повесімен рухтас деп есептейді³⁴.

5) Қазақстан Ғылым академиясының толық мүшесі С. Қасқабасов Абай пайдаланған осы сюжеттің түп төркіні «Қисса-сул-анбиядан» тарайды деген пікір айтады³⁵.

Әлбетте, бұл болжамдардың қай қайсысы да тиянақты пікірлер екендігін де дау жоқ. Ақынның ең алдымен шығыс классиктерін, оның ішінде аталмыш эпизодты игеру жағынан басқа авторлардан өзіне бір табан жақын тұрған Низами шығармасын жақсы білгені күмәнсіз. Бірақ, ол осы поэманы жазу барысында тек Низамиден ғана шектеліп қалмаған. Академик Қ. Жұмалиев айтқандай, әдеби мұралармен қатар көптеген тарихи материалдарды да зерттеген³⁶. Тіптен ол аталмыш эпизодта баққұмарлықтың символы ретінде көз сүйегі жайлы штрихтың ертедегі еврейлер аңызы арқылы Талмудқа енген³⁷ ертеден бар көшпелі сюжет екенін білуі де ғажап емес.

Өйткені, И. Оршанскийдің 1866 жылы жарық көрген «Александр Македонский жайлы Талмуд аңыздарын» поэманы жазар тұсқа дейін өзі оқуы да, немесе сол шамаларда Семейге жер аударылып келген зиялы саяси тұтқындардан естуі де мүмкін болатын. Бірақ, Е.А. Костюхин аталмыш сюжетте Абай Низамиден гөрі таяу шығыстың әдеби дәстүрімен әбден таныс батыс Европалық Александр ро-

³² Сильченко М. С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Издательство АН Каз. ССР, 1957. – С. 133.

³³ Костюхин Е. А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – М.: Наука. 1972. – С. 90-91.

³⁴ Ахметов З.А. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – С. 73-78.

³⁵ Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 163-165-бб.

³⁶ Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 311-б.

³⁷ Оршанский И. Талмудические сказания об Александре Македонском, – «Сборник статей по еврейской истории и литературе», кн I. СПб. 1886. С. II. // Е.А. Костюхин. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – М.: Наука, 1972. – С. 90.

мандарына жақын дей кеп, әйтсе де бұл сырттай ұқсастық қана, шындығында да ол батыс Еуропаның ортағасырлық дәстүрімен та- ныс емес деп әңгімені келте қайырады³⁸. Тегінде, зерттеуші Абайдың жоғарыдағыдай мүмкіндіктерін ескере алмай қалған болса керек. Өйтпесе оның аталмыш сюжетті ақын тек қазақ ертегісінен ғана алды деген ойды дәлелдеу үшін айтпағаны анық деп ойлаймыз.

Ал, академик З. Ахметовтің В.А. Жуковскийдің аталмыш тақы- рыпқа жазған повесімен Абай поэмасы болмашы бір детальдарға бол- маса негізінен сәйкес келетіндігін айта келіп, сондықтан Абайдың орыс ақынының белгілі шығармасын білгендігі күмәнсіз деген қорытындысы³⁹ да ойландырарлық пікір. Өйткені, Абай Ескендір тақырыбын былай қойғанда орыс әдебиетінің ұлы классигі Пушкинді зердесін сала оқыған, көп аударған кісі. Ал, В.А. Жуковскийді Пушкиннің өзі ұстаз санаған⁴⁰. Ұлы сыншы В.Г. Белинский сөзімен айтқанда: «Жуковскийдің орыс поэзиясы үшін тарихи маңызы ора- сан. Жуковскийсіз Пушкин болмаған болар еді»⁴¹. Демек, Абайдың тек Пушкинді жете білуге тырысуының өзі-ақ оны Жуковский шығармаларымен таныстырмай қоймасы сөзсіз.

Оның үстіне Жуковский XIX ғасырдың бірінші жартысында (1849) Фирдоусидің «Шахнамәсінің» «Рустем мен Зораб» бөлімін орыс оқушысына тұңғыш аударған адам. Онан кейін ол 1826-1841 жылдары болашақ патша Александр екіншіні тәрбиелеген кісі⁴². Бұл жағынан Ресейдің барша тынысын, рухын жете меңгеруді мақсұт ет- кен қазақ ойшылына В.А. Жуковскийдің бүтін бір халықтың рухани кеніші секілді көрінері сөзсіз. Олай болса сан түрлі әдеби, тарихи, фольклорлық мұраларды зердесінен өткізе жүріп «Ескендір» жайлы поэма жазған Абай ақынның Жуковскийді білуі де, аталмыш сюжетті айшықтау үстінде оны назарына ұстауы да әбден мүмкін. Сондай- ақ, Қызыр – Илиясқа байланысты мифологиялық наным-сенімдердің дүние жүзі халықтарының санасынан алған орнын пайымдауда елеулі

³⁸ Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной тра- диции. – М.: Наука, 1972. – С. 90-91.

³⁹ Ахметов З.А. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма- Ата: Наука. 1978. – С. 73-78.

⁴⁰ Краткая литературная энциклопедия. Т. 2. – М.: Советская энциклопедия. 1964. – С. 957.

⁴¹ Белинский В.Г. Полное собрание сочинений. Т. 7. – М., 1955. – С. 221.

⁴² Краткая литературная энциклопедия. Т. 2. – М.: Советская энциклопедия, 1964. – С. 956.

зерттеулер жүргізіп жүрген⁴³ Қазақстан ғылым академиясының академигі С. Қасқабасовтың Абай поэмасына пайдаланған осы сюжет «Қисса-сул-анбиямен» төркіндес деген пікірін де аталмыш сюжеттің арғы түбін айқындай түсу жолында жасалған ғылыми болжамдардың бірі деп қабылдау орынды. Автор мұнда Қап тауының аржағынан Ғайнұлыхаят (өлтірмес су) бұлағын ғалымдардың кеңесімен іздеп шыққан Ескендірдің Исафыл періштеге жолығып, оның мәңгілік суын сұраған патшаға тобықтай тас беріп, ол тастың адамның көз сүйегі боп шыққандығын, тастың сырын Қызырдың: «Бұл көз сүйегі. Адам тіршілікте ешнәрсеге тоймайды, тек өлген күні ғана бір уыс топырақтан қанағат табады ...» деген түсіндірмесін келтіреді⁴⁴.

Біздіңше, фольклористің келтіріп отырған деталында назар аударуды талап етерлік екі нәрсе бар. Біріншісі – Исафилдің мәңгілік өмір дәметіп жүрген Ескендірге тас беруі, екіншісі – сол тастың өлген адамның көз сүйегі болып шығуы. Өйткені, осы кішкене тастың жай тас болмай – көз сүйегі болуы біраз нәрсеге сілтеме жасайды. Шындығында, 13-14 ғасырда дүниеге келген деп есептелетін Нассердин ибн Бурханеддин Рабғұзының⁴⁵ туындысындағы Ескендір қақындығы әңгіменің белгілі мөлшерде Низами туындысындағы сюжетпен де, Абай шығармасындағы эпизодпен де астасып жатуы, төркіндес болуы ғажап емес. Себебі, Низами бұл эпизодты «Қисса-сул-анбиядан» алмағандығы анық, өйткені, бұл шығарма 1209 жылы дүниеден өткен Низами сынды әзербайжан классигінің туындысынан кейін дүниеге келгені хақ дегеннің өзінде де осы сюжет халықтық фольклордан алынып, Низами туындысында да, Рабғұзы шығармасына да енуі әбден мүмкін. Демек, оларды көректендіруші көз – халық творчествосы.

Ал, Александр жайлы тарихты жақсы білетін Абайдың Низами туындысын жетік біле отырып, әлгіндей фантастикалық элементтің өзін барынша шынайыландыруға тырысары сөзсіз. Сондықтан да ол Ескендір патша біреуден тас алып еді, ол көз сүйегі болып шықты деп жұмбақтап жатпайды, бірден көз сүйегі етіп көрсетеді. Низами мен Рабғұзыдағы Қызырды, В.А. Жуковскийдегі есімі аталмайтын дана кісіні барынша ақиқатқа жақындатып тарихи Аристотель бейнесімен

⁴³ Қасқабасов С. Казахская сказочная проза. – Алма-Ата: Наука, 1990. – С. 197-206.

⁴⁴ Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 163-16-бб.

⁴⁵ Бертельс Е.Э. «Роман об Александре» и его главные версии на Востоке. М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – С. 117; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. 21-22-бб.

береді. Бұл арқылы Абай Аристотельдің Ескендірді тәрбиелеген ұстазы⁴⁶ екенін білетіндігін анық аңғартады.

Сөйтіп, осы эпизодтың ауқымында да ол көне дүние қолбасшысының төңірегін дұрыс көрсете отырып, өзіне дейінгі талай ақындардан бұл тарапта озық тұрғандығына көз жеткізеді.

Жалпы, Абай «Ескендір» поэмасының аталмыш эпизодқа байланысты тұсында ғана емес, Ескендірді кескіндеуді мақсат тұтқан шығарманың талай жерлерінде-ақ дүниені дірілдеткен қолбасшыны күллі шығыс поэзиясындағы кейпінен басқа қалыпта көрсетеді. Сөйтіп, ол Е.Э. Бертельс айтқан: «шығыс халықтары үшін Александр жорықтарының шынайы мақсаты айқын болмайтын. Олар Александрдың грек республикаларын ойрандап, азаматтарын боданға айналдырып, салыстырмалы бостандықтың орнына езгі орнатқан, шығыс елдеріне жасаған жорықтарының тонауға ұласып, орасан зор мәдени мұраларының опат болғандығына мән бермеді... Сонан келіп нағыз Александрдың өзі аңыздар мен эпсаналардың тұманымен тұмшалып, тез ұмытылды»⁴⁷ – дейтін шығыстық үрдістен Ескендірді өзге кейіпте түсініп, ол жасаған жорықтардың түпкі мақсатын өз қалпында баян етеді. Тіптен ақынның бірінші сөзін: «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» – деп бастауының өзі осының кепілі болатын. Осы арқылы-ақ ол шығыстық үрдістен Ескендірді басқаша тұрғыда «уағыздайтындығын» аңғартады. Сөйткен Абайдың бұл тараптағы шығармашылық ерлігі аталмыш тарихи тұлғаның барша жорықтары мен кісілік құлқының шынайы мәнін ақиқат кейіпте көрсеткендігімен сипатталады. Осы тұрғыда «шынайы Александрдың кейбір қасиеттерін қалпына келтіруде... аталмыш поэма, сөзсіз, елеулі роль атқарды»⁴⁸, – деп Қазақстан Ғылым академиясының, корреспондент мүшесі Ш. Қ. Сәтбаева орынды көрсеткен.

Шындығында да, Абай тарихи Александрды талай аңыздардың тозаңынан арылта отырып, сонау ерте дүние әміршісінің шынайы кейпін қазақ оқырманына барынша айқын көрсетуге тәуекел етеді. Және осы кейіпкерді, оның барша тарихын, оған байланысты аңызды өмірдегі зұлымдық пен адамгершілік туралы үлкен ойын айту үшін

⁴⁶ Знаменитые греки. Жизнеописание Плутарха. – М.-Л.: Учпедгиз. 1961. – С. 202.

⁴⁷ Бертельс Е.Э. «Роман об Александре» и его главные версии на Востоке. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – С. 4.

⁴⁸ Сәтбаева Ш.К. Казахская литература и Восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – С. 114.

пайдаланады. Соның арқасында оның ойы барынша әсерлі, барынша терең. Өмірдегі мақтаншақтық, даңғойлық, нысапсыздық секілді мерезді қасиеттерді Ескендір басына жинақтай отырып, оқырманын сондай қасиеттерден безіндіруге үндейді. Ақын пікірінде осылардан арылмаған адам өзін қаншама ақыл, ерліктің, шексіз биліктің иесімен деп түсінсе де, төңірегі солай деп бағаласа да оның шамасы белгілі, ол «есер» адам. Сондықтан да Абай оқырманына бағыштаған негізгі ойын:

– Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін
Тоймас көзің толар деп қайғы жеме... –
деген сөздермен бітіреді.

Бұл сөздер шындап келгенде қазақ ақынының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі адамгершілікке үндейтін насихаттарымен тамырлас келіп жатады. Бірақ, поэмадағы аталмыш сюжеттің оқырманын әлгіндей «бес асыл іс», «бес дұшпан» жайлы өлеңге қарағанда көбірек ойлантары хақ. Абай соны тереңнен ойлап, тап басқан, сондықтан да осындай әрекетке барған. Оған жоғарыда келтірілген бір шумақ дәлел. Онда «тоймас көз» сюжетінің не үшін әңгіме болғандығына да және оның «өзге сөздің бірі» емес, мағынасы терең әңгіме екендігіне де ақын тілімен куәлік берілген. Сөйтіп, ерте дүние билеушісі Ескендір жайлы Абай игерген тарихи материалдар мен фантастикалық сюжеттің – ақынның оқырманына жоғарыда айтқан пікірлерді жеткізу үшін, сол арқылы ғибрат алуға үндеу үшін қызмет еткені хақ.

Жалпы Ескендір Зұлқарнайын туралы сөз революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде тек Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасымен бітпейді. XX ғасырдың басында Қазан қаласынан Маңғыстау Тыныштықов, Жүсіпбек Шайқысіләмов, т.б. бірсыпыра авторлардың Ескендір патша туралы туындылары жарық көрді. Олар да негізінен ежелгі заман қолбасшысының ақылдылығы мен киелілігі, еткен ерліктері діни мақсат тұрғысында дәріптеліп отырады. Сондықтан бұл ақындар шығармаларынан Абай поэмасымен байланысты дәстүрлілік жалғасын көре алмаймыз.

Бірақ, XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетінде Ескендір жайын сөз еткен Абай шығармаларынан өзге туындылардың да барлығы бірдей ерте дүние қолбасшысын мадақтаудан тұрмайтын. Соның айқын бір көрінісі – Ыбырай Алтынсариннің Ескендір қақындығы өлеңінен көрінеді.

Рас, барлық көлемі он тоғыз шумақтық Ы. Алтынсарин туындысында Абай шығармасындағыдай даңқты қолбасшының қанқұйлы жорықтары сыналмайды. Әйтсе де, Абай поэмасынан бұрын дүниеге келген бұл туындыда да Ескендірдің мадақталмайтыны даусыз. Шығармада мәңгілік өмір беретін қасиетті су туралы естіген Ескендір патша – сол судан алып келу үшін Қыдыр, Илияс атты уәзірлерін жұмсайды. Олар әлгі керемет суды тауып, өздері ішіп, бір кесесін патшасына алып келеді. Сөйтсе әлгі су Ескендір ішпек болғанда «аузына» жоламай қояды⁴⁹. Шығармадағы ерте дүние қолбасшысы туралы айтылар барлық әңгіме осы. Сюжеттік тұрғыдан бұл Ә. Фирдоуси, Г. Низами, Х. Дихлави шығармаларында пайдаланылған эпизод⁵⁰.

Оларда да македониялық патша мәңгілік өмір беретін суды іше алмайтын. Және сол әңгімелердің бәрінде де суға қолы жететін адам Хызыр (қазақтар Қызыр деп те, Қыдыр деп те атайды) болып көрсетіледі. Ал, сонша шығыс классиктері пайдаланған бұл сюжеттің арғы төркіні тіптен сонау Құранның сүресіне⁵¹, Гильгемаш туралы әңгімелер мен еврей аңыздарына, сондай-ақ, Александр мен оның аспазы Главк жайлы грек лақаптарына барып тіреледі⁵².

Шығармада Ыбырай ақын Ескендір өмірінен тыс Сүлеймен, Наушеруан патшалар, Қарынбай, Атымтай, т.б. аңыздық қаһармандар жайлы ел аузындағы әңгімелерді де сөз етеді. Ақынның, соларды айта отырып ұсынар идеясы – қайырымдылыққа, әділдікке, кемтарлар мен кедейлерге қарасуға, кісілікке үндеу, астамшылық ойлап асып-тасудан сақтандыру. Міне, осы тұрғыдан ол Абай поэмасымен белгілі мөлшерде рухтас келетіні сөзсіз. Сондықтан ХІХ ғасырдағы ағартушылық дәстүрдің көрнекті өкілі Ыбырай Алтынсарин шығармасының да тарихи тұлға Ескендірдің қазақ әдебиетіндегі жырлану үрдісі сөз болған тұста аталынып өтуі орынды деп есептейміз.

Шығыстың небір атышулы ақындары қалам тартқан Ескендір патша жайлы тақырыпқа Абай Құнанбаевтың шығарма жазуы, бір қарағанда оны поэзия әлемінің алыптарымен творчестволық сайысқа түскендей етіп көрсетуі ғажап емес. Және оны солай емес деп терістетуге де

⁴⁹ Бес ғасыр жырлайды. 3 томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1984. – 249-250-66.

⁵⁰ Бертельс Е.Э. Роман об Александре и его главные версии на Востоке. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – С. 31-34, 63, 180.

⁵¹ Коран XVIII. С. 59-96.

⁵² Бертельс Е.Э. «Роман об Александре» и его главные версии на Востоке. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – С. 15-16.

болмайды. Ал, біздіңше, қалай болғанда да ұлы қаламгер осы туындысы арқылы қазақтың Қазан төңкерісіне дейінгі жазба әдебиетіндегі тарихилық мәселесінің айшықталу жайына өзгеше бір соны леп алып келген.

Осы тақырыпқа бару арқылы ол – қазақ қауымы атанатын елдің де әдебиет қайраткерлерінің тек өз топырағында болып жатқан, болып өткен тарихи жайларға ғана қалам тартуға қабілеті жетер, өзге мүмкіндіктері шектеулі көркем сөз өкілдері емес екенін айдай әлемнің алдында абыроймен дәлелдеп шықты. Соның нәтижесінде туған жұртының әдебиетіндегі тарихилық мәселелеріне жаңаша ізденістердің тың да, тосын нәтижесін алға тартты. Бұл XIX–XX ғасыр басындағы жазба әдебиетіміздегі аталмыш мәселенің ең алдымен айтылар басты ерекшелігі болмақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Абай Құнанбаевтың ата-тегі, өмір сүрген ортасы туралы өз пікіріңізді баяндаңыз.
2. Ақынның дүние жүзі классиктерінен аударған тәржімаларының жайына сараптама жасаңыздар.
3. Абай ақынның Семей полициясының назарында болуын, 1897 көктемде үйінің тінтілуін, оның себептері мен салдарларын автордың шығармаларымен байланыстыра отырып түсіндіріңіздер.
4. Ақын жанының қасіретін елінің қасіретімен байланыстыра отырып «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» шығармаларына сараптама жасаңыздар.
5. Қазақ өлеңінің реформаторы – Абай поэзиясының жаңашылдығын қалай түсінесіз?
6. Қазақ елінің қасіретін жырлаудағы Абай шығармаларының өрнегіне өз пікіріңізді білдіріңіз.
7. Абайдың «Ескендір» поэмасының осы тақырыпқа барған өзіне дейінгі классиктер шығармаларының өзекті ойларынан идеялық мән-мазмұны жағынан өзгеше болуының себебін түсіндіріңіздер.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846-1945)

1846 жылы «XX ғасырдың Гомері» атанған ұлы жыршы Жамбыл Жабаев өмірге келді. Сонан бері дүниеде күллі адамзат баласын таңдандырған небір ғаламат оқиғалар өтті. Қоғамдық формациялар өзгерді, күндей күркіреп алапат соғыстар өтті. Талай мұңсыз мұңданып, талай алыптар сүрінді. Уақыт тезі, уақыт сынынан қатал жарық дүниеде ешнәрсе жоқ деп жиі айтылады. Сол рас. Ол ешкімнің көңіліне қараған емес. Сондықтан да талай биіктер аласарып, талай белгілі дегендердің есімі тарих шандағының күлдігіне көміліп ұмыт болып жатады. Сонымен қатар уақыт әділ. Шын асылдардың, алапат дарын иелерінің, асқақ тарихи тұлғалардың қадір-қасиетіне ол әманда оң көзімен қарап келген. Ұлы жыршы Жәкене де сол уақыт деп аталатын әділ төреші әділ көзімен қараудан бір жаңылған емес. Талайлар сүрінген қиямет көпірінен ұлы бабамыздың сыр бермей өтіп келе жатқаны да сондықтан.

Сонау 1846 жылдың қақаған қысының боранды күні көшпенді кедей шаруа Ыстыбайұлы Жапа-Жабайдың шаңырағында Шу өзені бойында, Жамбыл тауының алабында өмірге келген нәрестені кейін шығармалары әлемнің 40 тілінде сөйлейтін, қазақ атты халықтың даңқын шығаратын ел перзенті, ел ақсақалы-абызы болатынын ол кезде ешкім де болжап, білген емес. Тіптен ерекше қажыр қайратты, тумысынан ержүрек, өжет әкенің өзі баласының ақындық өнерге алғашқы жасаған қадамын құп алмаған. Қайта «Екейде елу бақсы, сексен ақын, жаратып мінеді екен ерттеп атын, қобызы, домбырасы үнін қосып, гулейді жын қаққандай кешке жақын», – деп, Екей өнерпаздары туралы көрші рулар айтатын дабыраға 81-ші болып перзентінің қосылуын қаламаған. Бірақ екпіні ерек, қуатты қайнар көздердің жарық дүниеге лықсып шықпай қоймайтыны сияқты жас Жамбылдың да ақындық қуаты еліне жария болмай қалған жоқ. Осыны аңғарған Екей руының ғана емес, бүкіл Жетісу ақындарының ақиығы, дүлділ жүйрік Сүйінбай Аронұлы бала Жамбылдың алғашқы аяқ алысынан-ақ оның ауыл арасының бәйгесіне түсетін көп өлеңшінің бірі емесі екенін аңғарып батасын береді. Ел ағасы Сарыбай ақсақал да жас өренге сәт сапар тілейді. Мұнан кейін баласының өлең шығарғыштық кәсібіне оң қабақ танытпай жүрген әкенің өзі бұрынғы райынан қайтады. Ақындық өнердің ақиығынан бата алған Жамбыл болса қандай абырой атаққа

жетсе де, Сүйекеңді өлең сөздің құдырет күші деп танып, «Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай. Сырлы, сұлу сөздері маған тартқан сыйындай. Сүйінбай деп сөйлесем, Сөз келеді бұрқырап, қара дауыл құйындай» деп оның әруағына өмір бойы сыйынумен өткен.

Талант тәрбиемен, талмай ізденумен қанат қатайтады. Жәкеңнің арнайы білім беретін мектепте оқымағаны баршаға аян. Бірақ оның бір естігенін өмір бойы ұмытпайтын мықты зердесі болатын. Сол арқылы ол көне шығыстың, қарашаңырақты қазақтың өз жұртында ілгерілі-кейінді өмірге келген аңыз әңгімелерді, шежіре сөздерді, баба жыраулардың құдіретті толғауларын, өзімен тұстас ақындардың жылан қарағы бар жырларының бәрін дерлік жатқа білді. Діни әңгімелерге, Құран қадистеріне де ден қойып өсті. Қырғыздың Балық, Найманбай, Сағымбай, Халық, Қатаған, Мұратәлі секілді жомоқшы, күйшілерінің шығармаларымен етене таныс болды. Көбімен аралас-құралас болды. Соның арқасында оның орындаушылық репертуарында қазақ, қырғыздың «Стамбол», «Есім-Саржан», «Батыр Қалша – төрт жігіт», «Боз інген», «Әбдібектің кер толғауы». «Теріс қақпай», «Мұратәлінің күйі», «Шортанбай сарыны», «Сұрмерген», «Ұран күйі», «Абылай шайқамасы», «Қасабек күйі», «Ерке атан», «Қалжан қылыш» секілді ондаған көлемді музыкалық туындылар, «Көроғлы», «Қыз Жібек» сынды атақты поэма-дастандар болды.

Жамбыл – халқымыздың жыр өнерінің мың жылдық дәуірін қамтитын жыраулық, ақындық дәстүрінің осы заманға жеткен алып өкілдерінің бірі ғана емес, бірегейі. Ол – сонау Сыпыра жырау, Асан қайғыдан басталып, ұстазы Сүйінбай ақынға, сол тұстас өзге сөз зергерлеріне дейін үзілмей келген жүздеген жүйріктердің мәйекті сөзі мен дәйекті пікірін бойына жиған құймақұлақ дарын. Оған күңіренген елді жұбатып, күйікті ерді атқа мінгізердей жыраулық пен қаһарлының айбынына пысқырмай әділдігін сөйлер абыздық қасиет қандай тән болса, қоңырқай тірлік кешіп жатқан құбатөбел қауымның санасына найза сұққандай етіп, есіне талай нәрселерді түсіріп, ұзақ уақыт бойы ойға шомдыртар күйшілік пен жыршылық қасиет те сондай тән болатын. Сондықтан да оның лебізі тарих керуеніне арпалыспен ілесіп, өмір кешіп келе жатқан қазақ атты қауымның ХІХ ғасырдың ақырында көзін көріп, сөзін тыңдаған тұтастарын қалай тебіrentсе, бүгінгі ХХІ ғасырдың басындағы ұрпақтарын да солайша тебіrentпек.

Ақын жырларында өз халқының өмірбаяны жатыр. Ал, өксікке толы, өжеттікпен суарылған өмірбаян, ол сол елдің өзін ғана емес, елдікті сыйлайтын, ерлікті бағалайтын адам атаулыны әманда селқос

қалдырмаған. Тегінде ауызша үрдісте өмір кешкен, ақындықтың ақ ордасын ХХ ғасырдың сахнасына тіге отырып, тек қазақтың ғана емес, күллі дүние жүзінің сөз зерделейтін миллиондаған қауымын өзіне тәнті еткен Жамбыл жырларының қадір-қасиетінің күні бүгінге дейін кемімей келе жатқандығының басты себебі осында.

Ұстазы Сүйінбай ақын бала Жамбылға батасын беретін алғашқы жолы-ақ: «Өлеңі бүкіл халықтың сүйсініп тыңдайтын өлеңі болсын, көмекейің емес, жүрегің сөйлейтін болсын. Шындықты айт, әділдікті жырла... төңірегінде не болып жатыр, соны аңғар», – деген ақыл айтады. Осы сөзді ол бала Жамбылдан, дана Жамбылға дейін өсу жолының барлық тұсында да есінде қатты ұстады.

Жәкеңнің ерлік тақырыбына байланысты шығармаларын сөз еткенде оның тек қана "Өтеген батыр", "Сұраншы батыр" туралы дастандарымен шектелуге болмайтыны белгілі. Ақынның айтыстың қара боранындай Құлмамбетпен болсын, Сарбас, Шашубаймен болсын айтыстарындағы негізгі тірек етіп сөйлеп, қарсыластарын тізе бүктірулерінің басты себебі – қазақтың қамал бұзған ерлерінің батырлығын асқақтата жырлай білуімен байланысты. Сондықтан жүйеге, қисынға мойынұсындыратын ақындық айтыстағы Жәкеңнің үнемі әруағы үстем түсіп жүруінің басты себебін іздегенде – осындай елдіктің тұтқасын ұстатар, туын жықтырмас ерлерді, бәтуалы билерді, елі қадірлеген қастерлі жандарды алға тарту арқылы өзінің азаматтық, кісілік сапасының жоғарылығын дәлелдеп келген сұңғылалығынан табу ләзім. Осы арқылы Жамбылдың кім екендігі, қандай биіктіктегі ақын екендігі айқындалады.

Мәселен, Құлмамбет ақынмен айтыс үстінде Жәкең "берекелі елді айтам, Ел тұтқасы ерді айтам" деп, Қарасай, Өтеген, Қашке, Саурық, Сұраншы, Сыпатайларды алға тартады. Оған елінің өркешті-өркешті байларын айтып, тасып төгіліп отырған Құлмамбет ақын, сүрінбес жерден сүрініп:

– Айтасың Шапырашты ерлігіңді,
Шыр айналдырып соқтырдым белдігімді.
Секеңдеген серкенің ажалы деп,
Ақыры Сұраншы, Саурық жаудан өлген,
Көзіме де ілмеймін ендігіңді.
Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы,

Ерліктен тапқан олжа пайдандағы, – деп халқы үшін қаза тапқандардың әруағын шулатып, елдің ықыласын өзінен аударып алады.

Әрине, Жәкеңнің бірден елін аузына қаратқан, аузымен құс тістеген ұлылыққа жетпегені баршаға аян. Шығармашылық жолдың қиындығы да осында. Әуелгі кезде Жәкең Айкүміспен, Бөлектің қызымен, Шыбылдың шалымен, Бөлтірікпен, Сарымен айтысады. Олардың қай-қайсысында да жеңіс Жәкең жағында болады. Келе-келе арынды ақын Құлмамбетпен, Досмағамбет, Шашубай, Сарыбастармен айтысады. Бұл ақындар сол замандағы атақ-даңқы дәуірлеп тұрған, ел мойындаған айтыстың ақтангерлері болатын.

Жоғарыдағы Құлмамбеттің кекесін сөздеріне Жәкең: «Жақсылық-жамандықты тексереді, кім жүйрік, кім шабаны екшеледі. Елімнің ерлігімен мақтанамын, сырт дұшпан көрген бізді сескенеді. Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлмамбет, қай ақынға бұл Жамбыл дес береді? Сұраншы, Саурықпен жаудан өлген, Халық үшін шәйт болып жанын берген. Елді қорғап өлгеннің арманы не, қалың қазақ құрметтеп соңына ерген» деп, Қоқан хандығынан Жетісу, Түркістан, Әулие-ата, Созақ, Ташкент, Қырғыз елдерінің атыраптарын орыс әскерлеріне қосылып азат еткен, 1860-1866 жылдардағы қазақтардың жорық жолындағы ерліктерін айтып жеңеді. Сондай-ақ, барынша діни білімі мол, молда ақын Доспамбетті де: «Молда емессің, соқырсың, зікір айтып зарлаған... Кедей өлсе үйіне күңіреніп бармаған. Аттана шауып бай өлсе, қирағаттап құранды, күні-түні сарнаған» дей келіп, өліні алалайтын құлқын құмар молдалар қылығын айту арқылы жерге қаратады. Замандасы Сарыбас ақынмен айтысқанда, ұлы Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда «Жамбыл екінші бір зор сапаға ауысады... Домалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады». Сарыбастың өзі жеңілгенін мойындайды.

Бұл күнде Жәкең жырлаған – ХІХ ғасырда қазақ елінің тұтастық бірлігі үшін ерекше қызмет атқарған Сұраншы, Саурық батырлардың ғана емес, олардың алдында өткен Қарасай, Өтеген, т.б. ерлердің де тарихта жеке бастарының кім болғандықтары біраз зерттеліп, көптеген жайлары айқындалды. Қарасай батырға Алматы облысының Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағашта ескерткіш орнатылды. Домалақ анаға да ұрпақтары ескерткіш қойды. Бірақ, Жәкең жырлаған бұл адамдардың біразы кешегі отызыншы жылдарға дейін белгілі бір географиялық аймақта болмаса, бүкіл Қазақстан білетіндей дәрежеде танымал болмайтын. Сондықтан бұл кісілердің өмір жолдарын айқындай түсуде М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Бегалин, Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, М. Ритман-Фетисов, М. Ғабдуллин, С. Қирабаев, М. Базарбаев, О. Нұрмағамбетова, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев,

М. Дүйсенов, М. Жолдасбеков, С. Садырбаев, Ә. Кекілбаев, М. Ғұмарова, Н. Төреқұлов, К. Сейдеханов, Е. Естаев, С. Қасқабасов, Ж. Тілепов, А. Қыраубаева, Р. Әбдіғұлов, Ш. Ыбыраев, С. Негимов, Я. Амандықов, С. Дәуітов, т.б. өз кезеңінде атқарған үлкенді-кішілі еңбектерін атай кету орынды болмақ. Сондай-ақ, соңғы жылдардың ішінде ақын шығармашылығы туралы бірнеше кандидаттық диссертация қорғалды. Бұл еңбектерде де ұлы тұлғаның ұлағатты мұрасы ақиқат көзімен зерделеніп, әділ бағасын алуда.

Әлбетте, ерлік туралы жырлайтын ақынның өз басының да ерліктен құралақан болмайтыны белгілі жай. Әйтпесе, ол ерлік туралы тақырыпқа бармас еді. Бұл тұрғыда Жәкеңнің бүкіл өмір жолы – ерлік. Соның айқын бір мысалы, ақынның жарлы кезінде, басына теңдік тимей тұрған тұста – 1913 жылы Романовтар әулетінің Ресей тағын иеленгендіктерінің 300 жылдығына Алматы қаласында өткен жиын кезінде айтқан «Өстепкеде» атты жырынан көрінеді.

– Үйсін, Найман саңлағы,

Өстепкеге жиылдың...

Ұлық көрсең ұйлығып...

Жапырылып иілдің...

Шұлғымаймын сендерше

Керегі жоқ сыйыңның, – деп келетін бұл туынды, тек ыңғайға карап шыбындаған замандас өнер иелеріне ғана емес, елін отарлықта ұстап отырған алып елдің алпауыттарына қарсы үн көтерген ақын тұлғасын көрсетеді.

Ұлы жыраудың Абылай, Кенесары мен Наурызбай, Сыздық, Исатай, Аманкелді, Бекболат сияқты қазақ жұртының елдік тарихында елеулі орны бар өз қаһармандарын ғана емес, кейінгі Кеңестік дәуірдің де ерлерін барынша айқын бояулармен жеріне жеткізе жырлағаны белгілі. Бұл турасында оның, әсіресе, Ленин мен Сталин, бір мақсаттағы олардың мүдделес серіктері – Ворошилов, Молотов, т.б. туралы жырларына бүгінгі оқырмандар бұлар қалай дегендей үрке қарайды. Ал, енді осы дұрыс па? Мәселен, ақын 1941 жылы 22 маусымда Германия совет еліне шабуыл жасағанда – бұл оқиғаны бүкіл ел басына түскен алапат деп ұғып:

– Асқар таудай еліме,

Байтақ жатқан жеріме,

Шапты фашист дегенде...

Ашуменен аралас

Жырда келді көмейге, – деп халқына ұран тастайды.

1941 жылдың күзінде «Правда» газетінің редакторының өтінішімен

қоршауда қалған ленинградтықтарға арнап атақты «Ленинградтық өрендерім» жырын толғайды. Бұл туындының кезінде ленинградтық қаһармандарға қалай әсер еткенін, аспаннан жау самолеттері шүйіліп бомба тастап жүргенде көшедегі плакат болып ілінген сол өленді оқып, көздерінен жастары сорғалаған халықтың арасында өздері де жүргенін осы оқиғаның куәсі болған Н. Тихонов, В. Вишневский сынды орыс халқының атышулы қаламгерлері тебірене жазды. Бұл шығармалар сол уақыттағы Советтер Одағындағы ең бір белгілі туындылардың қатарында болды. Жамбыл есімі де солай. Ал, ана шығармалары ше? Оларға да, әсіресе, Ленин мен Сталин туралы туындыларға да барша жұрттың ілтипатпен қарағандығында дау жоқ. Ал, бүгінде «Ленинградтық өрендеріме» баяғыдай ілтипат болмағанмен, көпшіліктің бір кездегі ел көсемдеріне арналған туындыларды еске алысып, елеуресіп қалатындары аз емес. Тіптен керек десеңіз, осы шығармалармен байланыстырып Жамбыл туралы қарасөзбен толғау толғап кететіндер де табылып қалады. Пікірлерінің ішінде әрпіл-тәрпілдері де бар. Сонда бұл қалай болғаны?

Бұл – заманның өзгергенінің белгісі. Бірақ, әр заманның өзіндік тынысы бар, жыры бар. Кез келген дәуірдің жыры, әуені барлық уақытқа бірдей ерекше асқақ қалыппен қызмет көрсете беруі шарт емес. Оған солай болмадың деп жыршыны кінәлау, әсіресе, өз заманында бүкіл халқының көкейіндегі ойын тап басып айта білген ақынды ғайбаттау артық. Осы тұрғыдан келгенде Жамбыл жырлаған заманға бір сәтке көз жүгіртіп өтуге тура келеді.

Ақынның "Ленин мавзолейінде" деп аталатын "Күнсіздерге күн болған, жер жүзіне нұр болған, Ақылдың кені данышпан" дейтін сөздермен басталатын белгілі толғауы мен Сталинді мадақтайтын атышулы "Туған елім жыры" 1936 жылы дүниеге келгені белгілі. Бұл тұста қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеу қаласында он күндігі өтті. Советтер елі өзінің атақты Конституциясын қабылдау қарсаңында тұрды. Оның алдында елдің басшысы И.В. Сталин 1933 жылдың 7 қаңтарында бірінші бесжылдық жоспардың төрт жыл үш айда аяқталып, елдің ауыр өнеркәсіпті, қара металлургиялы, трактор, автомобиль, ауыл шаруашылық машиналарын, кеме, самолет шығаратын, электр өнімдерін, мұнай, көмір өндіруден ең арттағы елден алға шыққан мемлекетке айналғанын мәлімдеп, Орталық комитеттің пленумында баяндама жасады. Арада төрт күн өткенде "Деревняның жағдайы туралы" орталық комитет пленумында сөз сөйлеп, сол жылдың 19 ақпан күні екпінді колхозшылар-

дың бүкілодақтық бірінші съезінде кішігірім баяндаманың көлемінде сөз сөйледі. Мұнда күллі шаруалар қауымының күй жағдайының жақсарып, ауқаттыларға айналатындығы, әйелдердің ерлермен тең хұқықта еңбек ету дәрежесіне қолдарының жеткендігі, орта шаруалардың колхозшылармен, жұмысшылармен одақтастығы мәселелері қозғалды. Ал, 1934 жылдың 26 қаңтарында ВКП(б) орталық комитетінің жұмысы туралы партияның XVII съезінде есепті баяндама жасай отырып, ел басшысы дүниежүзілік капитализмнің тоқырауға түсіп, ал КСРО-ның жыл өткен сайын жетістіктерге жетіп отырғанын нақтылы мәліметтермен баян етті.

Міне, осы кездерде И. Сталиннің сөздерінен кейін халық жер жаңғырықтыра қол соғып, "Сталин жасасын! Біздің көсеміміз Сталин жасасын! Ура!" деп елдің басшысын мінберден жібермей қоятын болған. Әсіресе, бұл бүкіл елдің өкілдері жиналған колхозшылар Съезі мен XVII съездің тұсында айрықша болған. Демек, сәтті аяқталған бірінші бесжылдықтың авторы Сталиннің бұл кездегі беделінде кемдік жоқ. Елі жақсы көреді. Ал, ел ақыны сол жақсы көргендердің сапында, халқының қолын игіліктерге жеткізіп отырған, келешекте одан әрмен табыстармен табыстыратын көсемін жырлап баққан.

Соның бірі – Сүлеймен Стальский. Соның бірі – Жамбыл. Бұлар сол заманның белгілі жыршылары. Ал, автономия, облыс, аудан көлемінен әріге үні жетпейтін қаншама жыршы болған? Сол кезде белгілі болғанмен, бұл тұста шығармасы ұмытылған қанша қаламгер бар? Оның барлығын есептеп шығу мүмкін емес те шығар, керек те болмас. Ал, бірақ, бір халықтың ғана мақтанышы емес, А. Толстой сөзімен айтқанда "Совет поэзиясының ақсақалы" болған, Азамат соғысының батыры, Совет одағының маршалы С. Буденный тілімен айтқанда "Халық поэзиясының генералиссимусы" атанған алып ақын Жамбыл мұрасын зерделегенде ол өмір сүрген дәуір рухына назар аудармай болмайды. Тіпті, кімнің шығармасын бағамдасаңыз да, қандай мәселеге баға берсеңіз де оның солай болуына белгілі мөлшерде ықпал етпей тұра алмайтын жайларға көңіл бөлмеу көрегендіктің де, әділдіктің де өлшемі емес.

Айтыс жолы – ақындардың шығармашылық сынақтан өту, елге өзін мойындату жолы екені белгілі. Айтыскерлік пен дастаншылық жолдың арасында қытай қорғаны жоқ. Ірі таланттар айтыста да жеңген, ұзақ-ұзақ батырлық, ғашықтық жайлы поэма, дастандарды, өмірдің сан қилы құбылыстарын да шебер жырлап елінің сүйіктісіне айналған.

Халық поэзиясының алыбы Жамбыл осындай сан қырлы талант.

Ол Өтеген батыр мен Сұраншы батырды, «Көроғлыны», «Бақ, дәулет, ақылды» дастан етіп, жырласа да, Кенесары ұрпағы Сыздық төреге шағын жыр арнаса да, 1913 жылғы Романовтардың үш жүз жылдық тойында ел әкімдерін сынаса да, сол сөздерінің қай-қайсынан болсын оның әділдікті, арлылықты, ерлікті жоғары қоятын ақындық, азаматтық кредосын көреміз.

Ол дала этикасын, үлкенге ізет, кішіге ілтипат дегенді өмір бойы қадірлеп, сақтай білген талант. Оның Жетісу еліне келген Шөже ақынның жанында ақын інісі ретінде айлап жүруі, Бақтыбай ақын айтысқа шақырғанда жолын, жасын сыйлап айтыстан бас тартуы, Балуан Шолақпен дос болуы, өзінен жеңілген Құлмамбет ақынның шығармашылық арындылығын ерекше қадірлеуі соған дәлел.

Ұлы Жамбылдың ұлылығын замандастары, дәуірі өз орнымен дұрыс бағалай білді. Ақынның 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту, 1938 жылы Ленин, 1939 жылы «Құрмет белгісі» ордендерімен мадақталып, 1941 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болуы, Республика Жоғарғы Советінің депутаты болып сайлануы да осыған куәлік етеді. Оған жүздеген ақын жыр арнаған. Әлемнің Рабиндранат Тагор, Нексе, Н.Тихонов, т.т. небір алып ойшылдары, қастерлі қалам иелері ақын талантына тәнті болған. Халықта «Ел болса ер туғызбай тұра алмайды» деп айтылады. Жәкең де сондай дүниеге сирек келетін, алып тұлға, шығармашылық ұлы құбылыс. Елі ұлы Жамбылды, Жәкеңді ұзақ толғатып өмірге әкелді. Ақын сол халқына, еліне қаяусыз еңбек етті. Ақын аты, оның айбынды асқақ жырлары, оны өмірге әкелген халық бар жерде мәңгі жасай бермек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жамбыл ақынның өмір сүрген дәуіріне, тәрбие алған ақындық мектебіне бағаларыңызды беріңіздер.
2. Жамбыл репертуарындағы қазақ, қырғыздың елдік мұрасы – ұлық жырлар мен музыкалық туындыларды сипаттаңыздар.
3. Жамбыл ақынның айтыс өнерінің ақтангері атанған жеңімпаздығын Құлмамбет, Доспамбет, Сарбас ақындармен болған айтыстары арқылы талдаңыздар.
4. Ұлы жыршының Абылай, Бекболат, Кенесары, Сыздық, Наурызбай, Амангелді секілді Кеңес өкіметіне дейінгі ел қаһармандары мен Кеңес өкіметін құрған ел көсемдеріне арналған туындыларының тарихи мәніне сараптама жасаңыздар.

5. Халық поэзиясының алыбы Жамбылдың Сұраншы мен Өтеген батырлар, «Көроғлы», «Бақ, дәулет, ақыл», «Ленинградтық өрендерім», т.б. әрқилы көлемдегі елеулі туындыларына автордың шығармашылық концепциясы мен азаматтық кредосы тұрғысынан баға беріңіздер.

НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫ (1860-1918)

Он тоғызыншы ғасырдың ақырғы ширегі мен жиырмамыншы ғасырдың алғашқы он сегіз жылында өзінің айрықша қолтаңбасымен көрінген қазақтың санаулы саңлақ ақындарының бірі – Нарманбет Орманбетов. Ақынның әдеби мұрасы көлемі жағынан да, көркемдік сапасы мен, қоғамдық көтерген жүгі жағынан да еленуге тұрарлық. Өйткені, ол өзі өмір сүрген дәуірдің дүбірлі оқиғаларына тек үн қосушы ғана емес, соның себебі мен салдарын зердесімен ұғып, халқына соны ұқтырсам деп арпалысқан, өлеңді үлкен насихат құралының дәрежесіне көтерген саусақпен санарлықтай сардар ақынның санатына жатады. Бірақ, оның азамат ақын ретіндегі осы белсенділігі мен аңғарымпаздығы ұзақ жылдар бойы қазақ оқырмандарының назарынан тыс қалуына себепкер болды. Елін, халқын жанындай сүйіп, сол үшін жапа шексем арманым жоқ деп арпалысқан ардың ұлы атануға лайық, намыстылық пен кісіліктің құбыланамасындай нар тұлғалы Нарманбет өз ұлтына зиянды ақын ретінде көрсетіліп жүрді. Теріс насихатталды. Бір де бір шығармасы кешегі күнге дейін соңғы жарты ғасыр бойы баспа бетін көрген жоқ. Осының бәрі, ақын есімін елдің санасынан аластатуға жасалған қызметтей болатын. Бірақ, Нарманбет мұрасы сол кемсітушіліктер мен өгейсітулердің бәрін басынан кеше отырып, халқымен қайта қауышты. Себебі елге деген махаббатпен алаулап, халқы үшін күйзелген шынайы өнер иесінің сөзі ізсіз жоғалуы мүмкін емес болатын.

Нарманбет Орманбетұлы 1860-1918 жылдары қазіргі Орталық Қазақстан облысының Ақтоғай ауданының территориясында өмір сүрген. Әкесі тұтымы қатты, ел билеген белгілі адам. Ақынның өзі болыс болған, Қарқаралы қаласындағы уездік сотта қызмет атқарған. Білімді сол қаладағы екі кластық орыс-қазақ мектебінен алған. Ол – араб, парсы тілдерін, шығыс пен батыстың рухани құндылықтарын біршама терең меңгерген өз дәуірінің ерекше азаматы.

Елдер мен ұлыстардың арасына жік салады, ұлы орыс ұлтының атына ғайбат айтады, өткенді көксеп зар төгеді, сондықтан ол "зар заман" ақындарымен рухтас, ұлтшылдық исі мұңкіген мұттайым идеологияның жаршысы деп талай уақыт бойы азар да, безер болынған ақын мұрасы шындығында не туралы сөйлейді екен деп ақтара бастасаңыз ... ол қазақты ешкімге де мылтық оқтап, садақ кезенуге,

көрінгеннің бәрін көкірегінен итеріп, алқымынан алуға үндемейді екен. Оның бар айтары – өзі өмір сүрген кезеңдегі туған халқының басынан кешіп жатқан бәтуасыз тірлігіне, рәсуа өміріне қынжылып кіжіну ғана болыпты. Өктемсінген өркөкірек империя билеушілерінің қазақ ұлысын табанына салып, ерін ез, жібегін бөз, нуын қатқақ, көлін батпақ етуден тайсалмайтын нойыс қылықтарына, ел қамын жеуге тиіс деп есептелер ұлық азаматтарының осылардың бәрін көре жүріп дым болмағандай өмір сүріп жатқан берекесіздігіне ашынуы, назалануы ғана екен. Әйтпесе, мына өлеңдерден қандай ұлтшылдық ұран көруге болады?

Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер,
Жақсылар ел ториды, жаудан бетер.
Біріккен ықылас пен шын тілеу жоқ,
Ағайын ала көңіл, достар бекер.
Пысық сол ел ішінде өсек айтқан...
Батыр сол күпір сөзді кесек айтқан...
Ер қайда шын шылбырын тартатұғын,
«Қос-қола» тәуекелге артатұғын?...

Өтірік өрге таман бара жатыр,
Бесікте "алдаймын" деп бала жатыр.
Балақтан басқа қарай бит өрлесе,
Сипамай "замана" деп дана жатыр.

Немесе:

Сахараға қарасақ,
Жайылды қойдай халайық.
Бейғамына қарасақ –
Қасқыр жеуге лайық.
Көңіл сезді, көз көріп,
Айтпай қалай шыдайық?
Жау жағадан алқымдар,
Бөрі етектен тақымдар –
Бұған не лаж қылайық?

Мұнда аяр бай, залым би, араздығы бар да, ынтымағы жоқ ел, халқын қапастан өрге сүйреп деп үміт еткен еті тірі азаматтарының өзі өсекпен өртеліп, даңқымды шығарам деп даңғаза мақтанмен күнін

өткізіп, жатқан тірлігі айтылмай ма? Ал, осынау жағадан жармасқан жауды да, етегін жыртып жатқан ашкөз бөріні де аңғармай "қойша" тірлік кешіп жатқан жұрттың қылығына назырқанған ақынды оның еліне деген перзенттік сезімі емес деп кімге айтарсыз? Және ақын қазақтың осындай көкірек көзін шел қаптаған соқырлығын надандығынан көріп:

Балаларды оқытып,
Көңілге өнер тоқытып,
Талап қылып сынайық,
Талап етер күн туды
Кел, ұйқыдан тұрайық.

Ғылымның нұр сәулесі түспеген соң,
Көңілі біздің жұрттың қара жатыр, – деп күллі уалаятты оқып,
білім алуға үндесе, ондай пікірден нендей зиянкестік іздеуге болады?
Бірақ, ізделді, ізделген соң табылды. Осындай жағдайда мына өлеңнен
шошынбасқа тіптен амалы жоқ болатын:

Сарыарқа, сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Найзағай шарт-шұрт етіп нөсер құйған,
Көк жасыл кемпірқосақ туың қайда?

Көк майса көкорай шалғын шөбің қайда?
Көкқасқа бетегең жоқ, түбі майда.
Қызғалдақ қызыл-жасыл көк балдырған,
Балауса бал татыған бар ма сайда?

Көк бұлт күркіреген зілің қайда,
Тобылғы толықсыған гүлің қайда?
Атта ұма, түйеде қом, қойда шұрай,
Тұлыптай жел толтырған құлын қайда?

Көтерген ақорда да ханың қайда,
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болған,
Қолы ашық қайырымды байың қайда?

Шаң жұтқан текежаумыт атың қайда,
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?
Ұшқыр ат, түзу мылтық болат найза –
Бұлардан құтылатын батыр қайда?

Пайдалы балығы көп дария бар ма,
Сыбырсыз сырын айтқан жария бар ма?
Қамқоршы атаң менен анаң бар ма,
Тірілтер олар өлсе шамаң бар ма?
Толғансаң тоқсан екі тозбасын деп,
Тілейтін тілеуіңді елің бар ма?...
Қалмады, ей Сарыарқа, сенде қызық,
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.
Қолыңнан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы байғұс қазақ қалдың мыжып.
Әлі де қоймадың ба, халқым мыжып,
Жұлын сау, омыртқаны қойды мүжіп.
Жолым тар, жолбарыстай жорта алмаймын,
Айтуға мүмкін емес бәрін тізіп.

Таптадық Сарыарқаны неше жүз жыл,
Батыр жоқ, баласы жоқ сонда да бұл.
Ерініп еңбек қылмай, егін салмай,
Халыққа қала салған боламыз құл.

Кең дала кеткенің бе кер бетеге,
Бұл жерде бала туып ер жете ме?
Суырдай іннен шыққан сүмірейіп,
Дариғай, мекенінен ел кете ме?

Бірақ, осынау қазақ үшін мұңды жырда да қолға қару ұстауға ұрандап тұрған сөз жоқ. Керісінше "баласы байғұс қазақ қалдың мыжып" деп, жасып, елмен бірге еңсесі жаншылған ақынның бар асырып айтары – елден, жерден айырылған жұрттың ұрпағы не болар екен деп қамығу ғана. Ілгеріде білім алуға үндеген ақын бұл тұста егін екпей, еріншек тірлік кешкен жұрттым, отырықшы халыққа құл болдың деп аһ ұра күрсінеді.

Бұл – Шортанбай мен Мұратта айтылған күрсіністі зар. Күдеріқожаның "Қарқаралы, қазылық, жатушы едің жазылып... Жазғытұрым ел

көшкенде, көштің жолы сүрлеу боп, қалушы еді қазылып. Боранда малым ықпаған, үйімді дауыл жықпаған... шағыр бір жусан, изендім! Сенен де кетіп күйзелдім" дейтін аты шулы "Сарыарқамен қоштасу" жырын еске түсіреді. Міржақып Дулатовтың 1916 жылғы "Алашқа" деп аталатын туындысымен 2-3 шумағы жолма-жол келеді.

Өр ақынның, бірақ, осындағы шешімі өзінше: Күдеріқожа мекенінен айырылып өзінің күйзелетінін жеріне жеткізе айтса, Міржақып "Көк майса бетегелі жерің қайда", дей келіп, өткен дәурен енді оралмайды, тіпті келе қалған күнде де, бүгінгі парашыл би, қарашыл қарт орнын бермейді, бұлардан без, деп, ұран тастаса, Нарманбет қазіргі тіршілік кешіп жүргендердің емес, келешек ұрпақтың күні не болар екен деп налиды.

Налумен назаланып отырып жазылған жырлар, жалпы Нарманбет шығармашылығында кездесіп отырады. Соның бірі "Шал қайғысы" атты "Өтті-ау, дәурен, өнегелі жігіт сыналмай" деп күрсініспен басталып, "Кәресін деген май шықты, жануға бар жеуге жоқ, кәпірістан бай шықты, Тоямыз барып деуге жоқ" деп заманның өзгергеніне, қыздың қылықтан, ұлдың оқуға деген құлықтан, келіннің ата-енесін сыйлаудан айырылып, қысқасы төңірек түгел олқы тартып кетті, "Қайғысыз заман қайда бар, қайғырмасқа не айла бар?" деп егілетін жыры соған куә. Ең ақыры "Кәрісінді" айту әдістері де "Ақша деген мал шықты" дейтін екінші бір аға замандасының атышулы жырын ойға оралтады.

Әйтсе де Нарманбеттің ел теңсіздігін жырлау машығы бөлек. Ол:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін алды,
Артынан Еділден соң Нарынды алды,

Машырық, Теке, Сарық, Мәріні алды, – дейтін Мұратша қазақ еліне, жалпы Орта Азияға Россия империясының құрығының қалай түскендігін тарихтап жатпайды. Өйткені, ол есейіп, елдің жай-күйіне көңілін шындап аударар тұста қазақ даласы, күллі Орта Азия жұрты түгел Ресейге қарап біткен-ді. Кенесары мен Жанқожаның, Досан мен Есеттің ақырғы тұяқ серпер қарсылықтарының ізі суығанды. Сондықтан екі ғасырдың өлі арасында нағыз шығармашылық қайратында болған ақынға орыс зеңбірегінің еліне қай жолмен келіп, қай жерде көбірек қайрат көрсеткендігін ежіктеудің қажеті жоқ болған болса керек. Бұл кез – қазақтың бодандыққа еті өліп, Абай ақынның Күлембай секілді болыстарының шапқылап өмір сүріп жатқан тұсы. Бірақ, Нарманбет "Сарыарқа сарқыраған суың қайда" деп аһ ұрады.

Сөйтсек, бұл ақынның Сібір жолы іске қосылғаннан кейінгі орыс қоныс аударушыларының елді жайлы қонысынан жаппай ысыра бастауымен байланысты қамығуы екен...

Нарманбет ел басына түскен зұлмат ауыртпалықтарға белсене үн қосып отырған. 1916 жылғы июнь жарлығына орай оның елдің көбі білетін "Сарыарқа сайран жерім-ай, Салқын да самал белім-ай, Сары қымызды сапырған, Ішкен де мас боп ақырған, қайғысыз қайран елім-ай, Ата-анада зәре жоқ, боздақтары саналды" деп келетін аты шулы жыры – соның бір белгісі. Болмаса 1917 жылғы төңкерістер тұсында "Тілекті бүгін берген күн, көздің жасын иген күн, құлдықтан басы құтылып, қатарға жұрттың енген күн, әлемді жұтқан айдаһар, мерт болып бүгін өлген күн" деп, немесе:

Даусың қалай ашылды,
Саңқылдап бүгін қоңырау.
Желі қаққан тоқпақтай,
Тоңқылдаушы ең бұрын-ау.
Орыс, қазақ жиылдық,
Бір құдайға сиындық,
Батаңды жөндеп берегөр,
"Батюшка" тамыр-ау!

...Таршылықтан құтылып,
Залымдардан сытылып,
Кең дүниеге шығатын,

Күн туды ма тәңір-ау? – деп біресе патшаның құлағанына, біресе патшаның өліп, тілектестерінің зар қағып жылағанына байланысты басындағы бөркін аспанға атулары осы ойларымызға дәлел бола алады.

Ақынның қазақты христиан дініне ақша беріп кіргізбек болып арамтер болып жүрген миссионерлерге қарсы өлеңмен ашына үн қатуы да, 1905 жылы Қарқаралыда Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларына арнап мектеп ашқанда, оны жырмен құттықтауы да, сол жылы патшаға қарсылық білдіргені үшін заңгер Жақып Ақбаев істі болғанда, одан сырт қалмауы да оның елінің нағыз жанашыр жақыны, жалынды жыршысы болғандығына дәлел.

Нарманбет ел ішіндегі өзгеге жем болатын ағайынның алалығына қапаланып, "Кер заман" деп өлеңмен күрсінсе де, халықтың отарға айналған қауқарсыздығына, салт-дәстүрінен айырыла бастаған ажарсыздығына өкініп, республика әдебиеттану ғылымында "зар за-

ман" ақындары атанып жүрген өзінен ілгерідегі ақындарға телінсе де, оның бүкіл шығармашылығын бағамдағанда келешектен ақи-тақи мүлдем күдер үзіп өтпеген ақын болғандығын аңғарамыз. Оған оның 1917 жылдың өзгерістерін көріп серпілген туындылары куә.

Ақынның Абай мектебінен біраз тәлім алғандығы хақ. Оны өлеңдерінің құрылысынан да, мазмұндық салмағынан да айқын шамалауға болады. Сондай-ақ, оның өлеңмен жазылған жұмбақтары мен әкесі Орманбетті, Сыпатыл мен баласы Өмірсерікті жоқтауларынан да Абайға байланысты біраз ұқсастықтар табуға болады.

Нарманбет ділмар шешен, болыстық қызмет атқарған, ел билеген, көсем адам. Оның Найман Бердібек шешенмен, басқа да ел арасының таласында айтқан сөздері естеліктер түрінде өзгелердің аузымен бүгінге жеткен. Ол Жуасбай, інісі Аллабердімен айтысқан. Бірсыпыра кісілерге қысқаша арнаулар шығарған.

Ақын мұрасын кейінгілерге хатқа түсіріп жеткізуде Тұрғанбек Ахметұлы деген азаматтың орны ерекше. Ол 1934 жылы 1900-1917 жылдар аралығында ел ішінде хатқа түскен ақын туындыларын жинақтап, сондай-ақ, Нарманбеттің баласы Максұттан хатқа түспегендерін жазып алып кітап етіп шығаруды ниет еткен. Бірақ, ол ойын жүзеге асыра алмаған.

Ақынның ертеректе жұқа-ғана жалғыз-ақ жинағы шыққан. Оны Ұлттық академиямыздың корреспондент-мүшесі, белгілі әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Есмағамбет Ысмайылов 1939 жылы алғы сөзін жазып шығарған-ды.

Онан кейінгі кезеңде ақын мұрасының белгілі себептерге байланысты ұзақ уақыт бойы ел назарынан аулақ ұсталғаны белгілі... Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ақынның ұрпағы, белгілі қаламгер Қасым Орманбеков дарынды жанның туындыларын жеке жинақ етіп, академиялық басылыммен шығармақ болды. Қаржы мәселесі, бірақ, бұл азаматтың игі ойын жүзеге асыруға мүмкіндік бермегені хақ... Осылайша ақын шығармасы тек 1998 жылы ғана, елу тоғыз жылдан кейін Қарғанды қаласынан «Болашақ» институтының ректоры Нұрлан Дулатбековтің араласуымен 300 данамен жарық көрді. Ал, 2004 жылы Алматының «Алаш» баспасынан филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың кең толғамды алғы сөзімен 1000 дана болып басылып шықты. Мерзімді баспасөзде ақын мұрасы туралы белгілі ғалым Балтабай Әбілғазиевтің әлсін-әлсін зерттеу мақалалары жарық көріп келеді.

Қалай болғанда да, бірегей таланттың артында қалған елдік

мұрасына халқының ықылас-ынтасы айырықша болып тұрғанда, ақын шығармаларының қалың оқырманына мұнан кейін де толымды таралыммен жетеріне сенім мол. Ал, зерттеулердің көптеп жазыларына күмән жоқ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Нарманбет Орманбетұлының «Зар заман» ақындарының қатарында аталатын себептеріне шығармаларын талдай отырып баға беріңіздер.
2. Нарманбет Орманбетұлы мен Шортанбай, Міржақып ақындар туындыларына ортақ жайлардың жырлану ерекшеліктеріне сараптама жасаңыздар.
3. Ақынның 1916 жылғы Июнь жарлығына байланысты шығармасын сол дәуірдің ауыртпалығын көрсеткен Жамбыл секілді халық ақындарының өлең-жыр, Ж. Аймауытов сынды жазушының прозалық туындыларымен байланыстыра отырып сипаттаңыздар.
4. Нарманбеттің Абай мектебінен біраз тәлім алғандығын дәлелдейтін шығармаларына талдау жасаңыздар.
5. Нарманбет ақынның қара сөзге де жүйрік көсемдігіне баға беріңіздер.

ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫ (1863-1929)

Небір дүрбеленді өмірді басынан өткерген қазақ даласының ХІХ ғасырдың ақырғы ширегі мен ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік ахуалы да мамыражай болмайтын. Сырттай қарағанда сал бөксе тірлік, бұйығы өмір кешіп жатқан сахара елінің көңілі бұл тұстарда да күпті еді. Себебі қоғамдық теңсіздік, екі жақты езгінің салмағы қалың бұқараның иығынан түспеген-ді. Ал, осы қауымның жоғын жоқтап, сөзін сөйлер өнерлілер мен рухты азаматтардың көрер сыйы, алар сыбағасы әмірлілер тарапынан тек қана қысым, қуғын-сүргін болды.

Осындай қысымның қыспағынан кезінде Құрманғазы да, Ақан сері мен Біржан сал да, Жаяу Мұса мен Сары Батақов та, Иманжүсіп те шыға алмаған. Олардың бұралаңы мол өмір жолдарын еске түсіретін айғақ – көптеген архивтердегі әртүрлі айыптау қағаздары. Оған сол заманның небір ащы шындықтарының мәйегін тіліп, алдыңызға жүрек шіміркендер алуан-алуан қарабет оқиғаларын атып ұратын аңыз-әңгімелері кепілдік береді. Соларға назар салып, санаңыз санға бөлініп отырған тұста, әлгіндей тауқыметті тірліктің әрі куәгері, әрі қаһарманы болған аяулы жандардың кейінге қалдырған әдеби, мәдени мұрасы ойыңызға түседі.

Ілтипат-құрметпен еске алуды бүгінгі ұрпақтан талап етуге құқысы бар сондай жанның бірі – ақын, композитор Иманжүсіп Құтпанұлы.

Ақынның батырға тән небір жойқын қылықтары мен композитор ретіндегі ел арасына кеңінен тарап кеткен әуезді әндері қазақ кеңес әдебиетінің классигі, жалынды революционер Сәкен Сейфуллиннің өзін тәнті еткен. 1927 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласында Қазан төңкерісінің он жылдығына қызу дайындық жүріп жатқан тұстарда дауылпаз жырлардың авторы Сәкен Сейфуллин Иманжүсіппен талай рет дидарласқан. Ол сонда қарт ақынның өткен өмір жолынан сыр суыртпақтай отырып, бүгінгі таңда, жаңа дәуірде оған қандай тақырыптарды жырлау керектігін аңғартып біраз кеңестер берген. Сонымен қатар С. Сейфуллин осы жолы онымен жақынырақ таныса келе ол жөнінде үлкен туынды жазуды мақсат етеді. Сол ниетпен біраз материалдар жинайды¹.

Бірақ, революция дауылпазының Иманжүсіп қақында ойға алған шығармаларының кейінгі жайы белгісіз. Сондай-ақ, Жұмабай

¹ Орманбаев Ж. Бір сапарға шыққанымызда // Жұлдыз, 1964. №5. 83-88 б.

Орманбаев ақсақал келтіретін С. Сейфуллиннің Иманжүсіп туралы жинаған материалдарының ақырғы тағдыры да беймәлім. Ал, Сәкен сынды сан қырлы өнер иесінің Иманжүсіп секілді өзіне рухани жағынан туыстас кесек тұлғалы адамды кездестіре, бірнеше күндер бойы онымен ашық әңгімелесе жүріп, ол туралы көркем шығарма жазуды мақсат еткеннен кейін сол өзінің «зерттеп отырған объектісі» жайынан мардымды ештеңе қалдырмауы мүмкін емес. Себебі, Иманжүсіптің Жұмабай Орманбаевтың жазғанындай, сол кезде-ақ даңқына күллі қазақ даласы қанық Сәкен Сейфуллин сынды інісіне бар сырын ақтарып, шешілмеуі мүмкін емес?! Олай болса, оның жан дүниесін қапысыз ашуға қызмет етер біраз деректердің із-түзсіз жоғалғандығына қынжылуымыз да орынды.

Иманжүсіп тектес өнерлілер жайында көркем шығармалардың жазылуы заңды да керекті жай. Бірақ, мұндай ниетті жүзеге асыру да оңай емес. Өйткені, автор мен объектінің арасындағы уақыт қашықтығы, қоғамдық ортаның әралуандығы секілді әртүрлі жайлар оған қол байлау болары хақ.

Әйтсе де осындай заңды қиындықтардың ауыртпалығына көне отырып республикамыздың қарт қаламгерлерінің бірі – жазушы Зейтін Ақышев «Шынардың шыбығы» атты роман жазды². Ақын Қеншілік Мырзабеков «Иманжүсіп» аталатын поэма жариялады. (Жалын, 1987. №4.).

Бұлардың қайсысы да әнші-ақынның әдеби-көркем бейнесін жасау арқылы оның өмірі мен шығармашылығын халыққа таныту мақсатында жүзеге асқан ізгі қадамдардың бастамасы екендігі сөзсіз. Аталмыш шығармалар жайлы, оларда суреттелетін Иманжүсіп туралы, ол өмір сүрген ортаның шындығы қақында қазіргі әдебиетті зерттеуші мамандар өздерінің байыпты пікірлерін әдеби қауымның талқысына ұсынар деп ойлаймыз, Ал, біздің ойымызша, бұл авторлардың қайсысы да Иманжүсіп туралы ел аузындағы әңгімелер мен ақын өлеңдерін шығармашылық ой елегінен өткізе отырып шығарма жазғандықтарын анық аңғартады. Әсіресе, Зейтін Ақышевтің өз кейіпкеріне байланысты архив материалдарын іздестіріп тауып, оларды сәтті пайдалануы көңіл аударарлықтай.

Иманжүсіп Құтпанұлы қазіргі Павлодар облысының Ақсу ауданында 1863 жылы дүниеге келген. Ақынның әкесі – Құтпан өз еңбегімен мал жинаған, шаруақор ауқатты адам болған. Құтпанның өз басы қақында да, оның өнерпаз ұлы Иманжүсіп жайында да бірсыпыра

² Ақышев З. Шынардың шыбығы. – Алматы, 1987.

мағлұмат берер деректер әртүрлі авторлардың зерттеу материалдарында, әр жылдар баспа бетін көрген естеліктерінде кездесіп отырады³. Ақынның туған жері Кереку өлкесі болғанмен, балалық, жігіттік шағы өткен өңірі Ақмола (Қараөткел) аймағы екендігінде дау жоқ (кейбір мәліметтерде Иманжүсіптің әкесі Құтпан Қараөткел атырабына балалары Шоңай, Ақшабай, Иманжүсіп тумай келген болып көрсетіледі)⁴.

Болашақ ақынның білім алған ортасы да осы өңір. Ол сол кездердегі түсінік, таным бойынша біраз сауатты болған сияқты. Себебі, елдің азулы атқа мінерлерімен таласа жүріп өмір кешкен, сол тұстағы әлеуметтік тірлікке барынша батыл араласқан Шоңай дейтін ағасы оны Ақмоладағы қазақ мектебіне оқуға берген. Тумысынан зерек, ұғымды шәкірт ол мектепте тек жақсы оқып қана қоймай, кейін өз үйінде үш жылдай орыс мұғалімін жалдап, одан да бірсыпыра білім алған⁵. Бірақ, қазақ қырындағы, оның ішінде өз ауылындағы дүмділердің дүмбілез тірлігі оның оқу-білім, өнер іздеп ілгері талпынуына емес, елге келіп, сол ортаның зорлығына қарсы алысып басын отқа салып, оққа тігуіне себепкер болады.

Иманжүсіп елге оралған уақыттарда Ақмоланың шығысында, Есіл өзенінің Күйгенжар бойында мекен тепкен оның ауылы Ыбырай тұқымдарына қарайтын-ды. Елді сол төңірекке ертеден тырнағы батып келе жатқан Ыбырайдың баласы Рахымжан билейтін-ді. Тумысынан өркөкірек, тәкаппар болысты теңдік тимегендердің жоғын жоқтап, арын арлайтын Иманжүсіптің ел арасында күн өткен сайын бедел алып бара жатқан әрекет-құлқы қатты шамдандырады. Әйтсе де сол бір жалынды ақын Қараөткел өңірі үшін сырттан келген кірме, жалғыз үй жат атаның өкілі болатын. Ал, оның осындай кемшілігі бетіне басам дегендер үшін аз мін емес-ті. Рахымжан да осыны пайдаланып қалуға тырысады. Бірақ, сол кездегі елдің түсінігінше қолында билігі, қойнында мөрі бар пәрмені күшті билік иесі Рахымжанның ата-тегі де жетісіп тұрмаған-ды. Оның арғы жағы тіптен шикі болатын. Бабасы

³ ҚСЭ. – Алматы, 1974. 663-б.; Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы, 1981. – 510-512-б.; Сланов Ғ. Алты томдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы, 1981. – 449-450-б.; Сәрсенбаев О. Иманжүсіп атымды хатқа жаздым // Қазақ әдебиеті. 1985. 5 июль; Қоңыратбаев Ә. Иманжүсіптің өмір тарихынан біреу дерек // Коммунизм нұры. 1985. 17 қаңтар.

⁴ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ОҒК қолжазба қоры. 1304-папка, 1-дәптер, 1-3-б.

⁵ Сонда. 2-3-б.

Қошқарбай қазақ емес, естек (башқұрт) еді. Оның үстіне, ол жайында кезінде ішкі беттегі «хохолдардың» мың жылқысын ұрлап қазаққа келіп сіңген... содан байыған, кейін сол ұрлықтан тапқан малдың арқасында билікке қолы жеткен деген жұрттың сыбырлап айтатын әңгімесі бар-ды⁶. Мұны ел сыбырлап айтқанмен, өзінің намысына тиер сөз естіген Иманжүсіп секілді ержүрек азамат сыбырлап айта алмайды:

Жалғыз үй естек едің Рахымжан,
Аузыңнан ағып тұр ғой қып-қызыл қан.
Ойда – орыс, қырда – қыпшақ малын жедің,
Тәкаппар қызыл ауыз, ай антұрған.
Жәрдемшің патша бопты саған қорған,
Сақта деп біраз жүрдім жайған тордан...

Менің де жүрегімнің қаны кызды,

Рахымжан, сен аяма келсе қолдан, – деп дұшпанының шыққан тегі мен істеген істерін ғана жариялап қоймай, оның кімді «қорған» тұтып, өзіне «тор» құрып жүргендігіне дейін айтып салады.

Ел ішінде сақталған әңгімелерге қарағанда, мұнан кейін Рахымжанмен Иманжүсіптің арасы қатты шиеленіседі. Болыс оязға жамандап, ақынның үстінен арыз жазады. Ояз арызданушыға Иманжүсіпті ұстап әкеліп түрмеге жап деп пәрмен етеді. Мұны естіген болыс тездетіп Иманжүсіпке поштабайын аттандырады. Ол ақыннан таяқ жеп кері оралады. Мұнан кейін Иманжүсіпті тұтқындау үшін Рахымжан ояздан кісі сұратып, ол төрт адамын шығарады. Бесінші болып болыстың шабарманы ереді. Бұлар келген бетте сыртта отырған Иманжүсіпке тарпа бас салады. Ақын оларды жан-жаққа көжекше лақтырып, қол-аяқтарын байлап, бірнеше күн тамақсыз ұстап, ақыры дүрелеп-дүрелеп «Рахымжан мен оязына сәлем айта барындар» деп аттандырып салады. Көп ұзамай Ақмоланың уезд бастығының бұйрығымен қарулы қол шығады... Иманжүсіп олармен де айқасады. Бұл жолы да жауын ығыстырады. Бірақ, тумаластары Шоңай мен Ақшабайдың әлсіздіктерінің кесірінен Иманжүсіп ояздың кеңсесіне өз аяғымен барады. Ағайынды үшеуін бес жылға Өскеменге жер аударады⁷.

⁶ Сонда. 5-6-б.

⁷ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ОҒК қолжазба қоры. 1304-папка, 1-дәптер. 7–11-б.

Әрине, ел арасында ауызша сақталған бұл әңгімедегі халықтың сүйікті перзентінің істеген істерінің ептеп көтеріңкі айтылуы әбден мүмкін. Олай болуы заңды да. Әйтсе де бұл жерде бір нәрсенің негізі анық: батыр Рахымжан болыспен де, оның сүйеніші Ақмола уезі бастығымен де аз шарпыспаған. Оған ақынның түрмеде жатқанда айтқан мына сөздері куә:

Әкем Құтпан болған да, ағам Шоңай,
Адамзаттан ұл тумас мендей құмай.
Кісімсінген поштабай, ауылынайды,
Бақыртушы ем кезінде лақтан оңай.

Демек, әлгінде айтылған поштабайды, т.б. Иманжүсіптің дүрелегені де, басқасы да рас. Сондай-ақ:

...Күнім қайда баяғы таңдай атқан,
Қараөткелдің көшесін сатырлатқан?!
Бидайықтай шүйілсем дұшпаныма,
Жарғанаттай болатын бұғып жатқан.

Өңшең бұйра шалқұйрық қызыл нардан,
Асыл тұқым алдырдым Қызылжардан.
Таң мезгілі болғанда өлеңдетіп,
Ауылына мұндар естек ойран салғам, – деген өлеңіне қарағанда да ақынның жауынан жасқануды білмеген, дұшпандарын жарғанатша бұқтыртқан азамат екенін байқайсыз.

Ал, енді осындай ерліктер жасап жүрген де ол жалғыз емес. Онымен пікірлес қаруластар тіптен көп. Әйтпесе ол түрмеде жүріп елін сағынған жырында:

Мен елімде жүргенде жұрттан астым,
Менменсінген талайдың көңлін бастым.
Қасыма ерген жігітке олжа салып,
Бір түнде сегіз қызды алып қаштым, – деп айтпаған болар еді.

Мұнда бәрі де айқын: ақын қасындағы жолдастарымен бірге өзі мен еліне қысастығы өткендерге қарсы қайрат етеді, айбынын қайтарады. Ол сондай адамдардың ауылының қыздарын «алып қашып», дұшпандарының «көңлін басады». Ал, мұның барлығы қазақ сахарасында ілуде бір кездесетін тосын оқиға ғана емес, сонымен қатар

таптық тартыс, шиеленісті күрестің де көрінісі екендігінде дау жоқ. Сондықтан бұл жолдардан серілік, жігітшілікпен болған оқиғаның ізін іздеу орынсыз. Керісінше, сол жолдар әлгі қыздардың барлығының да бұларға «менменсіне» қарайтын ауылдардың бойжеткендері екендігін білдіретіндігімен қатты назар аударуға тиіс.

Қысқасы Иманжүсіптің Ақмоладан Өскеменге жер аударылуы ақиқат. Бұл жайды ақын жайлы «Шынардың шыбығы» атты роман жазған Зейтін Ақышев Омбы архивінде сақталған Иманжүсіптің әйелі Зейнептің күйеуін босату жөнінде 1898 жылы бастықтарға жазған өтініштері арқылы дәлелдейді⁸. Ал, ақынның өзі болса ол турасында:

Ауылым Ақмоланың саласында,
Ақмола екі дуан арасында.
Жүз жылқы, сексен тайлақ берген жарым,
Жаудырап екі көзің қаласың да.

Ауылым ерте көшіп Жамбай қонды,
Білгенге Иманжүсіп қандай болды?!
Қоңырсыды деп ішпеуші ем қойдың сүтін,
Түрменің қара наны балдай болды...

Мен жеріме бұл күнде қайта барсам,
Болыс естек аулына ойран салсам.
Бейнетқорды жылатып көрген жоқ ем,
Рахымжанның бір көріп басын алсам.
Неше жылдай ұстасып нәшендікпен,

Ақмоланың ұлығы болды қасым... – деп толғанады. Мұнда ақынның тек түрменің нанын талғажу еткен жүдеу кейпі ғана емес, оның сонда қалай жатқандығы, кімдер ұстап бергендігі де айқын бейнеленген. Ал, соған қарамастан оның поэзиясының ерекше өр үнділігі назар аудартады. Мәселен, автордың сүйген жарына «Жаудырап екі көзің қаласың да» деп өзінің қимас сезімін паш ететіндігі, туған жеріне:

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Қып-қызыл ұйпалақтап түлкіні алған.
Ақтау, Ортау, Сарысу, Көктің күбі,
Көзімнен бір-бір ұшты дүние жалған.

⁸ Қараңыз: Ақышев З. Шынардың шыбығы. – Алматы, 1987. – 237-240-б.

Ішім түтін болған да, құр сыртым сау,
Маған десең көз жасым жаңбыр боп жау.
Бүркіт салып шығайын басыңа бір,

Көрінсеңші көзіме, Ерейментау! – деп көзіне жас ала отырып, елжірей үн қататындығы болмаса, рухы тым асқақ. Өйткені, оны бір мұқалтатын жер осы деген есеп пен жаулары түрмеге қамап, басына тауқымет түсірген кездің өзінде де ол көрген қорлығын айта отырып, бұрынғы күресінен бас тартпайды. Керісінше «егер өзіме бостандық тисе Рахымжанның басын алар едім» деп кіжінеді. Ең ақыры «Көрінсеңші көзіме, Ерейментау» деген жігерлі үнінде қаншама қайсарлық бар?

Иманжүсіптің Рахымжан және сол тектес «шынжыр балақ, шұбар төстермен» күресі өте ұзаққа созылған. Бұл турасында бір назар аударар жай, ақынның Өскеменнен оралғаннан кейін де қазіргі Алматы облысының территориясына үш жылға жер аударылғандығы. Ол одан 1907 жылы ғана оралған⁹. Бір мәліметте Иманжүсіптің тек өз басы ғана емес, күллі Құтпановтар әулеті 1914 жылы Лепсі уезіне жер аударылады¹⁰.

Жазушылар З. Ақышев пен О. Сәрсенбаевтардың айтуларына, Иманжүсіпті бұл жолы онымен дос болып жүретін Мәтінің Шәрібі деген бай кісі аңнан қайтып келе жатқан бетінде үйіне қондырып, қарулы қолға ұстап берген¹¹. Демек, бұл жолы ақын жауларымен қару жұмсап айқаса алмай, қапыда кеткен. Тегінде оның:

Япырм-ау нем бар еді көлге барып,
Дұшпаннан кек алмадым сайран салып.
Барамын ішқұса боп амал бар ма,
Көкмойын ат, ақсауыт үйде қалып...

Ер емес, қатын екен болыс Шәріп,
Мен болдым осы күнде тірі ғаріп.
Бір арыз губірнауға жіберіп ем,
Білмеймін не боларын арты барып.

⁹ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ОҒК қолжазба қоры. 1304-папка. 1-дәптер. 18-29-б.

¹⁰ Ақышев З. Шынардың шыбығы. – Алматы, 1987. – 273-б.; Сәрсенбаев О. Иманжүсіп атымды хатқа жаздым // Қазақ әдебиеті. 1985. 5 шілде.

¹¹ Сонда

Жапалақ жарбандайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас болғаннан сақта құдай,

Қасқыр да қас қылмайды жолдасына, – дейтін өлең жолдарын осы оқиғаға байланысты айтылған деп ойлауға әбден негіз бар.

Иманжүсіпті Өскеменде өткізген бес жыл да, Қапалда болған үш жыл да қажыта алмаған. Ол сол соңғы жер аударылған жақтан келгеннен кейін де қасына жүзге жуық жігіт ертіп Рахымжанға қарсы күреседі. Бес жүз үйді бастап Жиделібайсынға көшпек болады. Ел еретін болады. Бірақ, сол аралықта уезд бастығының пәрменімен бас көтерер азаматтар бірінен соң бірі жеделдетіліп түрмеге жаптырыла бастайды. Ел арасына «патша әкімшілігі малды да тартып алады» екен деген сөз тарайды. Дүрбелеңге түскен жұрт абдырап қалады. Тіптен ақынның туған ағалары Шоңай, Ақшабайдың өзі інісін қолдауға жігерлері жетпейді. Бұған ыза болған батыр ақыры өз үйін алып Сыр бойына көшеді¹².

Ол өзінің елінен Сырға қалай келгендігін былайша жырлайды:

Дарига, өзімді өзім шамаладым,
Бір жанды жан аштын таба алмадым.
...Тағдырдың айдауымен кетіп барам,
Көрмеген әрбір жерді араладым...
Өтем деп Жиделібайсын ұран қылып,
Төрт жылдай Сыр бойында паналадым.

Мұнан кейін ақынның өмірінің ақырына дейін Шиелі бетінде өмір кешкендігі мәлім¹³.

Сол жақта жүріп ол Қазан төңкерісін қарсы алған. Советтендіру ісіне де сол өңірде жүріп үлес қосқан. Ең ақыры ол 1927 жылы Сәкен Сейфуллинмен кездескенде де (арасында бірер жыл Бұхара бетінде болғандығы болмаса), 1929 жылы Сыр өңіріне Арқа бетінен тұқымдық астық әкелуге кеткен керуенді бастап жүріп, Мойынкүмда қарақшылар қолынан қаза тапқанда да оның семьясының Шиеліде болғандығы қақ¹⁴. Сонымен ақын шығармашылығына көз жүгірте отырып оның Рахымжан болыс, т. б. күресе жүріп, әуелі Өскеменге

¹² Қазақстан Республикасының ҰҒА ОҒК қолжазба қоры. 1304-папка, 1-дәптер. 33-б.

¹³ Орманбаев Ж. Бір сапарға шыққанымызда // Жұлдыз, 1964. №5. 83-б.

¹⁴ Орманбаев Ж. Бір сапарға шыққанымызда // Жұлдыз, 1964. №5. 83-84 б; Қоңыратбаев Ә. Иманжүсіптің өмір тарихынан // Коммунизм нұры, 1985., 17 қаңтар

бес жылға түрмеге, кейін қазіргі Алматы облысына үш жылға жер аударылғандығына, бұдан соң Сыр бойына көшіп кетуге мәжүбір болғандығына көзіміз жетеді.

Иманжүсіп өзінің көзі тірісінде халыққа соншалықты мәшһүр бола тұрып жеке кітабын шығаруды мақсат етпеген. Бәлкім оған өмірінің дені қуғын-сүргінмен өткен жанның мүмкіндігі де болмаған шығар. Әйтеуір, кітабы шықпаған (1925 ж. А. Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» кітабына енген азғана әнінен өзге)¹⁵. Соның зардабы оның халық игілігіне айналуға тиісті қымбат қазынасына үлкен салқынын тигізді. Талай дүниесі уақыт атты ұлы жебірдің құрбаны болды. Қас шебердің қолынан шыққан небір оралымы ерекше бейнелі сөздердің ұлы сұлбасы ғана кей тұстарда кезігетіні болмаса, сандаған шырайлы шумақтар ұмытылды. Немесе ол бастағы қалпынан әлдеқайда сұрықсыз кейіпке енді. Шынайы поэзиялық өлең жолдары талай жерлерде еске ұстауға жеңіл болғанмен тыңдаушысы мен оқушысын желпіндіре алмайтын қанатсыз қара сөздермен көмкерілді. Мәселен:

Шідердің үш балағын атқа салдым,
Атымды Иманжүсіп хатқа салдым.

Саяхат, ерлікпенен жүргенімде,

Басымды жанып тұрған шоққа салдым¹⁶. – деген белгілі шумаққа назар аударайықшы. Бір қарағанда, осы жолдарда көзге оғаш көрінерліктей ештеңе де жоқ секілді. Бірақ, шындығында олай емес. Үлкен жігер, ерекше екпінмен басталатын ақын сөзі үшінші жолға келгенде біраз кібіртіктейді. Ал, төртінші жолға келгенде логикалық тұрғыдан да, поэзиялық қуаты жағынан да қатты солғын тартады. Өйткені, атқа, хатқа деген сөздерге Иманжүсіптей ақын шоққа деген сөзді ұйқастырмайтыны хақ. Бұл – шалағай ұйқас, күшеншек ақынның күштеп кіріктіретін сөзі. Оның үстіне лапылдап жанып тұратын шок емес, от қой.

Ал, бұл шумақ Иманжүсіп өлеңдеріндегі бірден көзге түсетін кемшілігі бар, орашолақ жолдардың басы емес. Мұнан да гөрі «тісі кетік, көзі қисық» талай жолдарды тізіп беруге болады. Бірақ, біздің мақсатымыз ондай-ондай кемістіктерді тергілеп отыру емес, сондай кемшіліктердің ақын шығармашылығына келіп кірігуіне не себепкер болған, шама келсе соның себебін анықтау...

¹⁵ Затаевич А. 1000 песен казахского народа. – Оренбург, 1925.

¹⁶ ӘӘИ қолжазба қоры. 341-папка, 10-дәптер; ОҒК қолжазба қоры. 1281-І папка. 3-дәптер. 37-б.

Біздіңше, Иманжүсіп поэзиясының бұлайша қарабайырлануы – ең алдымен оның мұрасының дер кезінде, ақын дүниеден өте сала жинастырылмағандығынан деп білеміз. Оның үстіне Иманжүсіп шығармаларын кейінгі хатқа түсірткен кісілер өз аузынан естіп, үйренген адамдар емес. Олардың ақын мұрасына деген ықылас-пейілі дұрыс болғанмен, сөз саралаулары, үйренулері де жетік болмауы мүмкін. Ал, шынайы ақынның шар болаттай өткір сөздері өзіне жетеқабыл таланттардың үйреніп, айтуымен ғана құнын, бояуын жоғалтпайтындығы хақ. Мұндай мүмкіндіктер Иманжүсіп мұрасын кейінге жеткізушілерде болмаған.

Иманжүсіп – әнші-композиторлығы мен ақындығы астасып жататын үлкен поэзиялық құбылыс болып есептелетін сирек өнердің иесі. Оның үстіне ол айдауды, түрмені, неше түрлі қуғын-сүргінді көп көрген кісі. Бірақ, соған қарамастан оны дұшпандары мұқатып, мойынта алмаған. Ол – тарихи күрескер тұлға. Оның әдебиет тарихындағы шығармашылық кескіні осы қасиеті арқылы айқындалады.

Әрине, біздің әдебиетімізде мұндай күрескер, жалынды поэзияның өкілі бір ғана Иманжүсіп емес. Иманжүсіппен рухтас Сары Батақов та, Жаяу Мұса да өзіне қысастық жасағандардың қылығын қысылмай, қымтырылмай, жыр семсерімен шабақтаған.

Қазақ поэзиясында ақындық қасиетімен бірге, алып күш иесі ретінде ел құрметіне ие болған адам өте сирек. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде сондай адамның бірі – Балуаншолақ болса, екіншісі – Иманжүсіп. Иманжүсіптің қайратының ерендігін қазақ даласының алыбы Қажымұқан Мұңайтбасов атақты ақынымыз Әбділда Тәжібаевқа кезінде былайша әңгімелеген:

– Именкенді мықты деу аз. Түкті жүрек жолбарыстардың бірі емес пе? Әйтпесе «бір түнде сегіз қызды алып қашып, қасына ерген жігітке олжа сала ма? ... Жастық не істетпейді, ақылсыздығым үшін қамшысын жедім. Қояндының базары қызып жатқанда бір кесір шалға тілім тиіп кетіпті. Шал маған қамшы сілтемек болғанда, мен оны аттан жұлып алып, боз үйдің үстіне атып жіберіппін. ... Қарт сол бетімен Иманжүсіпке барыпты. «Інің азар берді, өз қолыңмен жазаламасаң, бұл дүниеде кешірмеймін» депті. Ағамыздың даусы алыстан саңқылдап келеді.

– Қайда әлгі Қажымұқан деген иті?!

Біз, қымыз ішіп отырған жігіттер дереу тысқа шықтық. Үйдей кері атының үстінде найзадай тіп-тік қадалған Имекең маған шын ашулы сияқты көрінді. Мен қолымды қусырып, басымды иіп тұра қалдым.

– Әкеңдей кісіге неге азар бересің, ит! – деді мұрнынан сөйлейтін ашулы ағамыз. Содан соң тепсініксіз қамшымен тартып өтті. Ту сыртым сөгіліп кеткен шығар деп ем, әйтеуір аман екен. Көзім қарауытып барып, әрең жығылмай қалдым.

– Апырм-ай, аямағаны ма? – деппін саскалақтап.

– Әрине, аяғаны. Шындап соқса екі бөліп түсірмей ме мені, – деп палуан маған қарады. – Әзірейіл Имекеңнің қамшысының ұшында десетін онда жұрт...

Қажекең соңғы сөздерді көңлі бұзылып айтты. Ол екінші рет дастархандай орамалымен көз жасын құрғатты¹⁷.

Бұл жолдардан біз бойына күш пен кісілік қатар дарыған тек Қажымұқанның ғана азаматтық тұрқын танып қоймай, «түкті жүрек» Иманжүсіптің де біраз сырын аңғарамыз. Ол – батыр, ол – палуан, ол елдің сыйлаған, халықтың құрметтейтін адамы, өзінің алдында қадірі бар кімнің де болсын, намысын жыртар азамат. Сонымен бірге кішілік қылып кішірейгенді тани білер сұңғыла ақыл иесі. Ал, сол қасиеттердің барлығы бірігіп келіп Иманжүсіптің атын да, қадірін де шығанға шырақтпай тұра алмаған. Оның осындай сан алуан сын сәттеріндегі ерекше бейнесін көргендерге ол бірде түйе жығар палуан, бірде от ауызды ақын, бірде ерекше қылық пен құлықтың иесі сал-сері, әнші-композитор боп есте қалып отырған. Ал, оның шар болаттай сом тұлғасын толығымен тұтас тану үшін Қажымұқан сынды біртуар болу керек. Қайсар ақын Әбділдә Тәжібаев сынды поэзия тарланының ұқтырары да осы болуға тиіс.

Иманжүсіп жайлы жазылған материалдар мен Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған деректерде ақын туралы мағлұматтар бір ізді емес. Мәселен, Иманжүсіпті өз көзімен көріп, әңгімесін естіген Жұмабай Орманбаев карт 1927 жылы 67 жаста еді деп жазады¹⁸.

Ал, Екібастұзда тұратын Қ.Нұралиннің «Біздің Отан» газетінде жарияланған мәліметінде Иманжүсіп 1864 жылы туған деп көрсетіледі. Соның дәлелі ретінде автор ақынның «Туған жерім – Ереймен, жылым – тышқан» деген сөзін алға тартады¹⁹.

Бірақ, бұл жолдар оның өзі туралы өлеңінен алынған ба, әлде ауыз-

¹⁷ Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы, 1981. – 511-512 б.

¹⁸ Орманбаев Ж. Бір сапарға шыққанымызда // Жұлдыз, 1964. №5. 83-б.

¹⁹ Нұралин Қ. Иманжүсіп Құтпанұлы // Біздің Отан, 1988. №12.

ша айтқан сөзінен келтірілген үзінді ме, бұл мәселенің басын ол ашып көрсетпеген. Егер Иманжүсіптің осы сөздері өзі туралы өлеңінен болса, оны сол жолғы газеттегі материалдары ішінде жариялағаны оңды-ақ болар еді. Өйткені, ол ақынның қашан туғандығына анық кепілдеме берер еді.

Егер шындығында да Иманжүсіп тышқан жылы туған болса оның 1864 жылдың мартынан кейін дүниеге келгендігі хақ. Бұл мәліметке сүйенсек, тіптен оның 1865 жылы тууы да ғажап емес. Өйткені, 1865 жылдың 22 наурызына дейінгі мезгілдің бәрі тышқан жылына кіретіндігінде дау жоқ.

Иманжүсіптің туған жылы жайлы мәлімет тек осы екі дерекпен ғана шектелмейді. Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы көрнекті ақын, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалижан Бекқожиннің 1946 жылы ел арасынан жинаған материалында (Иманжүсіпті көзімен көрген Асайын деген ақсақалдың айтуынша) ақынның 1863 жылы туғандығы көрсетілген²⁰.

Қазақ совет энциклопедиясындағы Иманжүсіп жайлы деректер мен жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында да ол 1863 жылы туған болып шығады. Соңғы авторлардың сүйенері – Асайын ақсақал берген мәлімет болса керек. Сондықтан біз негізінен осы деректі бірден бір сенімді мәлімет деп есептедік.

Ақын өлеңдерінің текстеріндегі (мәтін) әрқилылық жайлы: ҚР ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба Қорындағы материалдар мен жазушы З. Ақышев, Қ. Нұралин жариялатқан Иманжүсіп өлеңдерінде бірсыпыра өзгешеліктер кездеседі²¹.

Ол өзгешеліктер негізінен – бір өлеңдегі жекелеген жолдардың екінші өлеңнің ішінде кездесуі, немесе бір туындының ішінде тұрып басқа тіркеспен берілуі тұрғысынан оқшауланады. Ал, мұның барлығы келешекте ақын шығармаларын баспаға дайындау үстінде қатты ескерілуге тиіс деп ойлаймыз. Сонда ғана Иманжүсіп сынды сан қырлы өнер иесінің қолда бар азғана мұрасы оқырманына өз дәрежесінде жетіп, лайықты бағасын алмақ.

²⁰ Қазақстан Республикасы ҰҒА ОҒК қолжазба қоры. 1304-папка.

²¹ Ақышев З. Иманжүсіптің өлеңдері // Коммунизм нұры. 1985. 17 январь; Нұралин Қ. Иманжүсіп Құтпанұлы // Біздің Отан, 1988. №12.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақын, композитор, алып күш иесі батыр Иманжүсіптің өмірбаянын автордың Рахымжан болысқа айтқан туындыларымен байланыстыра отырып баяндаңыздар.
2. Иманжүсіптің Сәкен Сейфуллинмен шығармашылық, азаматтық араласын нақты деректер арқылы сипаттаңыздар.
3. Ақын-композитор туындыларындағы мәрт-батыр автордың өз образына баға беріңіздер.
4. Иманжүсіптің алып күш, сұңғыла ақыл иесі екенін әлемдік даңқы бар Қажымұқан Мұңайтбасов қалай суреттеген?

ЫҒЫЛМАН ШӨРЕКОВ **(1876–1932)**

Жиырманасыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ірі ақындардың бірі – Ығылман Шөреков. Оның өмірі мен шығармашылығы қақында кеңестік дәуірде Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Б. Аманшин, т.б. белгілі жазушылар мен ғалымдар орнықты ойлар білдіргені мәлім. Олардың зерттеулерінде Ығылманның ақындық, жыршылық қолтаңба ерекшелігі, өмір жолдары кеңінен сөз болады.

Ақын 1876 жылдың көктемінде қазіргі Атырау облысындағы Қызылқоға ауданының Тайсойған топырағында дүниеге келген. Ы. Шөрековтің өзін, арғы ата-тегін білетіндердің мәліметтеріне қарағанда, оның кедей табынан шыққандығы дау туғызбайды. Бұл жайында автор «Өзім туралы» жырында былайша толғаған:

Бай болдың ба, десеңіз,
Ғұмырымның ішінде,
Дербес бітіп қырық қой,
Қорамнан сірә өрмеді.
Қу болдың ба, десеңіз,
Өзімнен басқа адамға,
Қолымнан келсе пайда еттім,
Келмесе зарар бермедім.
Құйыршық болдың ба, десеңіз...
Қарсы тұрып күштіге,
Малша айдауға көнбедім...
Жікшілдермен алысып,
Бұзықтыққа ермедім...
Тарих жаздым алашқа,
Аузымнан шыққан жырымнан.
Мен заманның айнасы –
Көңлі үшін жұрттың бұрылман.

Ақын «Исатай-Махамбет» атты дастанының сыртында, «Батырлар туралы», «Ақындар туралы», «Шешендер туралы», «Өзім туралы», «Халық алдында», «Толғау», «Күрең атқа» деген жырлар да жазған. Бірақ, олардың көлемі белгілі дастанына қарағанда, әлдеқайда аз.

Барлығы жарты баспа табақтай ғана. Осыдан да болар, бүгінде әдебиетші қауым шығармашылығына тоқталғанда 1925 жылы Ығылманның айтуынан жазып алынып, жарияланған Махамбет жырларын еске алып (Ығылман бұл туындыларды атакты ақын Мұрат Мөңкеұлынан үйренген, Мұрат – Махамбеттің шәкірті Қуан жыраудан жаттаған), сонан соң автордың «Исатай-Махамбет» дастанына қарай, ойысатынын білеміз. Осының бәрінің де өзіндік заңдылығы бар. Өйткені, Ы. Шөрековтің шын мәніндегі азаматтық, ақындық тұлғасы оның осы еңбектерінде жатыр. Себебі, ол болмаса, Махамбет жырлары кейінгі ұрпаққа тап осы қалпында жетер ме еді, жетпес пе еді? Сол бір алдаспандай жарқылдаған жырларды бойына сіңірмесе, Ығылман сонау XIX ғасырда Бөкей ордасында бел алған шаруалар көтерілісін сондай биік деңгейде жырламас еді. Сондықтан, Ы. Шөреков творчествосын сөз еткенде, ақын мұрасының дінгегі «Исатай-Махамбет» дастанына айрықша тоқталудың қажеттілігі осыдан деп білеміз.

XX ғасырдың басындағы әдебиетте келелі бір көрінген оқиға 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісі болды. Осынау қастерлі тарихи жайды, М.О. Әуезов сөзімен айтқанда «ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғаны»¹ ақын Ығылман Шөреков қазан төңкерісі алдында үлкен көлемді дастан етіп жазды.

Сөйтіп, «оқиға өлеңге айналған соң, өзі ескінің тарихы боп жоғалмайтын»², елмен бірге өмір кеше беруге құқылы мәдени мұра ретіндегі мүмкіндікке қолы жетті. Оның деректілігі, документтілігі өз кезеңі, өз тұсы үшін барынша мол болды. Оның бұл қасиетіне осы шығарманы оқыған, тыңдаған адамдардың барлығы да қатты ден қойды. Осы ерекшелігіне бола дастанды заманымыздың ғажайып суреткері М. Әуезовтің³ өзі айрықша бағалады. Ақын шығармаларының Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірдегі бірден бір негізгі зерттеушісі, академик Қ. Жұмалиев бұл дастан туралы өз ойын «XX ғасыр басындағы тарихи поэмалардың ішіндегі ең көлемдісі, ең көркемдісі»⁴ – деген пікірмен тұжырымдады.

Соңғы жылдар өресінде «Исатай-Махамбет» дастанын тарихи жырлардың қатарында зерттеген филология ғылымдарының канди-

¹ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. – Алматы, 1985. – 134-б.

² Сонда. 134-б.

³ Сонда. 134-146-б.

⁴ Жұмалиев Қ., Ы. Шөреков // Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап. 2-т. – Алматы, 1965. – 228-229 б.

даты К. Сейдеханов та⁵, ақын туындыларын қайтара бастыру ісіне белсенді ат салысқан жазушы Б. Аманшин де⁶ шығарманы негізінен осы принцип тұрғысында таныды.

Шындығында да, Ы. Шөрековтің бұл туындысы – 1836-1838 жылдардағы шаруалар көтерілісінің негізгі оқиғаларын тарихи шындықтан алшақ кетпей отырып жырлағандығымен, халық сүйіктілерінің ел алдында еткен еңбектерін өлең тілінде тірілткендігімен қымбат.

Біз И. Тайманов бастаған шаруалар көтерілісінің басталуы, өршуі, басылуы, оның себеп-салдарларының жайын Махамбет пен Шернияз поэзиясын сөз еткен еңбегімізде біраз айттық қой деп ойлаймыз. Сондықтан мұнда «Исатай-Махамбет» дастанына ізі түскен оқиғаларды ғана қарастыруды жөн көрдік.

Сонымен Ығылман дастаны несімен ерекшеленеді, тарихи поэма тұрғысынан қандай қасиетімен айырықшаланады? Біздіңше, автор сол көтерілістің барша оқиғасын түгелдей жіпке тізіп, өлеңге айналдыруды мақсат етпеген. Мәселен, көтерілістің бас кезінде ашынған көтерілісшілердің бай ауылдарды шабуы, Гекке қолымен айқасқанша Перовскиймен Исатайдың хат алысуы, губернатордың оны өзіне шақыртуы, ондағы губернатордың мақсаты, ол жіберген патша офицерімен Исатайдың жолығысуы, т.т. Ығылман дастанында сөз бола бермейді. Олай болуы заңды да. Өйткені, көркем туынды да азаматтық тарихты зерттеген кісілердің пікірлері, ой қорытындылары үнемі бір жерден тоқайласып отыруы мүмкін емес, олай болуы шарт та емес. Түптеп келгенде, сол тарихи шындықты танып, бағалаудағы, түсінудегі айырмашылықтардың өзі көп жағдайда көркем шығарма авторларының пікір ерекшелігін, сол арқылы шығарма қасиетін айқындамақ.

Дегенмен, Ығылман Шөреков И. Тайманов бастаған көтерілістің әлеуметтік себептерін оқырманына аңғартып отыруды өзіне парыз санайды. Ал, оның осынау үлкен тарихи оқиғаның түпкі себебін тануының, оны оқырманына түсіндіруінің өзіне тән ерекшеліктері де баршылық. Біздіңше, ақын шығармаларының негізгі ерекшелігі, міне, осында. Екіншіден, ол И. Тайманов бастаған топтың Жайықтың оң бетіне өткеннен кейінгі іс-әрекетін, яғни бұл жақтағы Алшын

⁵ Сейдеханов К. Исатай-Махамбет // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979. – 182-206 б.

⁶ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – 10-б.

әулетінің руаралық жанжалын олардың бейбіт жолмен бітістіріп, татуластырғаны туралы тарихи фактіні жырлайды. Дастанның үштен біріне жуық көлемін осы мәселеге арнайды. Ал, бұл – көтерілістің тарихын зерттеушілердің біразының назар аудармаған мәселесі. Ақынның мұндағы түпкі мақсаты – сол дәуірде осындай үлкен аймақты алып жатқан Әлім, Жетіру, Адай сияқты іргелі жұрттардың қиыны қашқан татулығын қисынын тауып қалпына келтіру үшін кейіпкерге қандай бедел, дипломатия, тәуекел, көрегенділік керек болғанын, ал, ондай істі бір рудың қамын қамдайтын адам емес, күллі елдің арман-мүддесін арқалауға лайық кемеңгер тұлға ғана қолға алатындығын жария ету. Ақын соны қатты түсінген, оқырманның санасына соны жеткізу үшін күш салады. Ы. Шөрековтың бас кейіпкері үшін Алшын әулетінің бір руынан екінші руының бөле-жара қарарлық жақындығы да, алыстығы да жоқ. Оның арман, мүддесі – осы елдің тату болғаны, солардың хал-ахуалының жоғары болғаны. Өйткені, ол – жауды жақыннан тапқан адам емес, таптық мүдде, отарлық, шонжарлық езгіні қатты түсіне білген кейіпкер. Сондықтан да ол «Бірлік тауып өздерің, қайратың болса қылсайшы, ел үшін шауып намысқа»⁷ деп сол ағайын қауымның бас көтергендеріне өзінің түпкі ой, іргелі мақсатынан жар шашады. Оның осы сөзіне бола бәтуаласқан, татуласқан Алшын әулетінің азаматтары да «жауымыз – патша, төре»⁸, – деген дағуамен тарқасады.

Ақын дастанның бірінші бөлімінде бас кейіпкер Исатайдың ата-тегін, жайлаған қонысын, мінез-тұрпатын, төңірегіндегі ел азаматтарының есімдерін атай кеп⁹, сол кездегі Бөкей ордасына, оның басқару аппаратына қарай ауысады: «Исатайдың тұсында Бөкейден соң сайланған Жәңгір деген ханы бар, хан деп айта тұрсам, да, білгендерге мәні бар...Мекемелі, муфтилі Хан қарауы қазақтың, 30 мың үй саны бар, Ересе болған есепте сексен мыңдай жаны бар: Үй басынан мал санап, Зекет түгел алынар... Он екі уәзір орнына әр руға би қойған, әдет-ғұрыпы, заңы бар»¹⁰, – деп жалпы Бөкей ордасының суреттеліп отырған кезеңдегі шынайы кейіпін баяндайды.

Расында да 1815 жылы дүние салған Бөкей ханның орнына 1824 жылы Астархань губернаторы Андреевтің үйінде тұрып, оқып тәрбиеленген Жәңгірдің (екі аралықта Орданың уақытша билеушісі

⁷ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 99-б.

⁸ Сонда. 119-б.

⁹ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 21-26 б.

¹⁰ Сонда. 27-28-б.

Шығай сұлтан болады) хан болғаны да¹¹, оның Орынбор шекара комиссиясы мен Орынбор әскери губернаторына бағынған қолжаулық кішкене басшы екені де, Орда жұртының патша өкіметіне салық төлейтін жағдайының барлығы да¹², хан төңірегінде (Бөкей мен Шығай кезінде болмаған оқиға) әр алуан рудан уәзір ретінде билер отырғандығы да¹³, Орданың молда-муфтилі болғаны да рас¹⁴.

Міне, сол Беріш руын билейтін уәзірлікке, Ығылман баяндауында, Балқы сайланады. Ол «ел қамын жеген ер Исатайға қарағанда, мүддесінің басқалығын күн өткен сайын көрсете түседі.

Бабажанұлы Қарауыл хан дуаны болады. Бұрынғыдай емес, қоныс тарылады. «Қазыналық орман деп» Еділ маңының бұрынғы нулары қорғалады. «Жайыққа жақын барма деп, қазына мүлкін қорға деп» бұл өзеннің бойына да аяқты аңдап басу тапсырылып, «Теңіздің бойы керек деп, Аушылар бұған келед деп¹⁵ ол төңірекке де ел жіберілмейді. Автор сол тұстағы негізгі шындықты осылайша түйіндейді. Ақиқатына келсек те солай. Өйткені, жоғарыда айтылған Жәңгір ханның уәзірі есебі ретіндегі он екі бидің бірі болып Беріш руынан Балқының сайланғаны документ тілімен дәлелденетін факт¹⁶. Ал, ондай қызметке, әлбетте, ханның өзінің айтқанын орындайтын, шылауынан шықпайтын кісінің тағайындаулары сөзсіз. Осылай іріктеліп алынған адамдар билеушісіне одан әрмен ықыластана қызмет ететіні де даусыз. Сондай адамның бірі болған Балқы қолында билігі бар Жәңгірмен таптық тұрғыдан мүдделес, мақсаттас еді. Жәңгірдің қайын атасы Қарауылқожаның Бөкей ордасындағы ең ірі иелікті билегендігі де, одан қарамағындағы қауымның көп теперіш көргендігі де белгілі факт.

Сондай-ақ Жәңгірдің хандық құрған тұсында (тіпті алғашқы жылдардан бастап-ақ) Бөкей ордасындағы құнарлы қоныстардың күрт тарылғаны мәлім. Сондай кезде Жәңгірдің хан, төреге жер үлестіріп беріп, онсыз да бұқара халықтың жүдеу тірлігін одан әрмен күйзелткенін, сөйтіп біз сөз етіп отырған шаруалар көтерілісінің етек

¹¹ Қазақ ССР тарихы. 3-т. – Алматы, 1982. – 142-143 б.; Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и востание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1946. – С. 20.

¹² Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.) (Кзыл-Орда, 1926. С. 196)

¹³ Қазақ ССР тарихы. 3-т. – Алматы, 1982. – 145-146-б.; Зиманов С. Россия в Букеевское ханство. – Алма-Ата, 1982. – С. 118-119.

¹⁴ Сонда. 45-б.

¹⁵ Шөреков Ы. 28-б.

¹⁶ Зиманов С. Россия... С. 119.

алып өршуіне осының да экономикалық, қоғамдық қысым ретінде себепкер болғанын тарихшылар айрықша атайды¹⁷.

Жалпы, көтерілістің не себепті туғандығын ақын дұрыс бағалай білген. Әлгіндей қусырылған жағдайдың арты жақсылыққа әкеліп соқпайтынын автор оқырманына жоғарыдағы сөздермен-ақ аңғартады. Оқушы сондай бір істің болғалы тұрғанын айқын сезінеді. Бірақ, Ы. Шөреков осындай әлем-тапырыққа айналып кеткелі тұрған жағдайға кінәлілер мен халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Исатай бастаған топтың тарих сахнасында алғашқы шарпысуын беру үшін өзгеше бір шешім жасайды. Жәңгір алдына келген момын мен мырзаның жүгінісіне Исатай батырды куәгер етеді. Хан мырзаның сөзін сөйлейді. Мұны көрген батыр шыдай алмайды. Шарт кетеді. «Хан ие, сенің неткенің, нашарға жәбір еткенің? Бір осы емес, көп болды, түзуліктен кеткенің. Мықтыға момын күш қылмас, пақырды неге шеттедің? .. Әділдік неге етпедің?»¹⁸ – деп істеп отырған ісінің жөнсіздігін бетіне басады. Хан батырды: «Арданы сендей көрмедім» деп сөгеді. Батыр Жәңгірді анасынан боқтайды. «Әбілқайыр, Нұралы, Айшуақ, Есім, Ералы – қайырсыз жандар сол еді, қазанын қоймай тепкемін. Сол тепкеннен шабылып, Жазымы содан табылып...»¹⁹ деген сөздермен мұның тек өзі ғана емес, бұрынғы ата-тегінің де халыққа қайырымсыз, кесірлі болғанын, олармен де халық қамын жегендердің айқасып, жазым еткендіктерін айтып, ертедегі тарихты қозғап, ескі жараның бетін тырнайды. Жәңгір болса, «Шаптым деп, ханды мақтанба, Үргеніште қалған Сырымдай, сүйегінді шетке көмермін...

Қара қазақ қайырымсыз, елім деп сені түсінбен... кешікпей сені қуармын, еліме қоймай, ішімнен»²⁰ – деп тепсінеді.

Он екі биінің сотына алып, алпыс атан айып тарттырады. Мұнан кейін айып тарттырған ханға, оның төңірегіне қаны қарайған Исатай өзінің сенімді серіктері Махамбет, Жүніс, Қабыланбаймен бірігіп, қара халықты Жәңгірге қарсы көтереді. Бір мыңдай кісі жинаған Исатай «хан Ордасын шабам» деп Ордаға аттанады. Мұны естіген Жәңгір Қарауылқожаны бас етіп «қазақ пен орыс аралас» екі мың адамдық әскер шығарады. Бір-біріне тісін қайрап келе жатқан екі топ айдалада

¹⁷ История Казахской ССР. Т. 3. – Алма-Ата, 1979. – С. 134-135-б.

¹⁸ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 33-34-б.

¹⁹ Сонда. 35-б.

²⁰ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 35-36 б.

ұшырасып, соғысып тынады. Исатайлықтар жеңеді. Жау қашады²¹.

Осы бір оқиға Ығылман творчествосын зерттеген алымдардың қайсысының да назарын аударған²². Тарихшы А.Ф. Рязанов Жәңгір әмірімен Исатай және оған жақтас адамдарды (Махамбет, Тінәлі, Уса, Қаби) тұтқындауға 522 адаммен Қарауылқожаның келгенін, оның Исатай бастаған топты «қатын, баланың қанын төккізгісі келмесе», «император мен ханның әміріне мойынсынып» бір көш жердегі Қиялымолаға келсін деп шақыруына орай, онда 1836 жылдың 4 сәуірінде батырдың екі жүз қарулы кісімен келіп, Қарауылқожаны жекпе-жекке шақырғанын, бірақ қарсы жақтың «қан төгуден қаштық» деген желеумен соғысуға батыл етпей кері қайтқанын, мұның өзі Исатай жағындағылардың рухани тұрғыдан жеңгендігі болып есептелетінін, осыдан кейін олардың беделі өсіп, күрес ауқымы артқанын жазады²³.

Мұның бәрі нақты болған оқиғалар. Өйткені, Қарауылқожа жағының дастанда ғана емес, шындығында тарихта болған сол кездесуде сағы сынғаны мәлім. Ал, енді осында автор неге Махамбетті бірінші планда алып, қол бастаттырып отырған деген жайға келейік. Бұлардың қай қайсысының да көзсіз ерлігі жұртты сүйсіндірген. Сол тұстағы патша әскерінің Геке бастаған барша солдаттары мен офицерлері де оларды (әсіресе, Исатайды) еріксіз мойындаған²⁴.

Махамбеттің көтерілістен кейін де қынабынан суырылған алдаспандай сол баяғы сұсты, айбынды ақын, қолбасы қалпында екенін, жүздескен, тілдескен жанын танырқатпай тынбайтынын С. Ковалевский ерекше жылы шыраймен жазған Ел түсінігінде бұлардың екеуі де тендесі жоқ жау жүрек батырлар. Демек, Ығылманның 1836 жылғы Қиялымола оқиғасында инициативаны Исатайға емес, Махамбетке беруінде басқа бір мән бар. Ақын ойын түйткілсіз түсіну үшін осы оқиғадан кейін арада біраз уақыт өткен соң көтерілісшілердің Жәңгір ордасына маңайлап келген кездегі эпизодтарына назар аударған ләзім. Ордаға қалың қол қаптап келгенде Жәңгірдің жаны мұрнының ұшына келеді. Тіптен басын сауғалап қашпақ та болады.

²¹ Сонда. 37-35-б.

²² Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. – Алматы, 1985. – 139-140-б.; Жұмалиев Қ., Шөреков Ы. // XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1965. – 230-231-б.; Сейдаханов К. Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979. – 189-190-б.

²³ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-38 гг.): Очерки по истории национального движения казахского народа. – Кзыл-Орда, 1927. – С. 22-24.

²⁴ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С.71.

Төңірегіндегілерден ақыл сұрайды. Шыман сұлтан оған сабырлы бол деп кеңес етіп, бұл қасына әр рудан би алып, қаһарлы келе жатқан топтың алдынан шығады. Түлкі бұлақмен кішірейіп, бітімге келудің, әңгімесін бастайды. Батырды қонақ етем деп жолына көп үй тіккізеді²⁵. Міне, осы тұста Махамбеттің тек ханға ғана емес, оған таптық тұрғыдан мүдделестерге деген бүтіндей көзқарасы, бүкіл болмысы айқын көрінеді. Ақын оны былайша берген:

Хан елшісі келгенде,
Махамбет айтты батырға:
– Осының бәрін өлтіріп,
Келдесін,—деді қиялық.
Осылар бізді алдап жүр,
Патшаға хабар жолдап жүр,
Ендігі тілді тиялық.
Бекмағамбет туғаным,
Туғаным деп сенбеймін,
Ханның ісін қолдап жүр.
Өлтірем десең маған хош,
Жүрмеңіз менен ұялып²⁶.

Демек, ол таптық мәселе турасында Исатайдан әлдеқайда ересек. Ол қарсы беттің не ойлап, не қойып жүргенін, олардың құлқын көтеріліс басшысынан гөрі, әлдеқайда терең сезінеді. Сондықтан да ол жауына мейірімсіз. Туған ағасы Бекмағамбеттің өзін осы жолда құрбан етуге тәуекелі жетіп тұр. Өйткені, ағасы жаудың қолшоқпары. Ол Махамбетті де, елді де қара басының қамы, ханның мүддесі үшін құрбан етіп отырған адам. Ал, ақын үшін ел мүддесін сатып, «қара қазақ қамы үшін» жүрмеген адам – жау. Оның бұл пікірі Тастөбе айқасына санаулы күн қалғанда ғана көрініп отырған құбылыс емес. Демек, Ы. Шөрековтің Махамбетті Исатайдан дәрежесін сәл озығырақ көрсетуінде осындай мән бар. Автор негізгі кейіпкерінің таптық санасы өзі тұрғыластарының қайсысынан да ілгері екенін көрсету үшін де осындай әрекетке барған деп ойлаймыз. Бұған Махамбеттің Исатай атымен айтылатын «Әй, Махамбет жолдасым», «Мына тұрған «Исакем» толғауларындағы көтеріліс басшысының сол тұстарда тиісті дәрежеде саяси есейгендік көрсете алмағандығын

²⁵ Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – 48-53 б.

²⁶ Сонда. 53-54-б.

айтатын жолдары айқын дәлел. Қалай болғанда да акын бұл ретте мәселенің төркінін жақсы түсінген. Ал, мұның өзі оның танымпаздық ерекшелігі деп білеміз. Себебі: революцияға дейінгі шығармаларда көтеріліс басшыларының бейнесін мұндай дәл де, әділ беру екінің бірінің қолынан келген жоқ еді.

Ығылман Шөреков Исатай бастаған көтерілісшілердің Жәңгір қолымен айқасын екі кезеңде алып көрсетеді. Бірі – Қиялымоладағы айқас, екіншісі – Тастөбеде болатын қанды қырғын оқиғасы. Дастанда И. Тайманов қолының айқаста жеңгенін, оның Тастөбе оқиғасы қарсаңында да иығы биік болып, жау жағын састыра түскенін, соның салдарынан Жәңгір тарапынан он екі биді қасына ерткен Шыман бастаған топтың келіссөзге келгенін көреміз. Одан ары автор Исатай жағдайын «бітім сөзі кірген соң, еліне қайтып қол тарқап, жанында кісі қалмады. Арада үш күн өтісті... Оралдан әскер шықты, – деп, артынан хабар жетісті»²⁷, – деп береді. Сонан кейін Исатай жағы «алданғанына аһ ұрып», санын соғады. Әйтсе де Бекетай құмды белгі етіп, қайтадан жиналып көреді. Ақыры «Бір күні тыныш жатқанда, таң ағарып атқанда» бұларға «сансыз бір әскер сайланып, үстіне келіп»²⁸ шүйілді. Жау жағы «сансыз» да, бұлар аз». Осы азшылықты білдіртпес үшін Исатай әйелдердің басына тымақ кигізіп атқа мінгізді. Жау жағы зеңбірек пен мылтықтан оқты қардай боратады. «Зеңбірегі күндей күркіреп, жаңбырдай оғы сіркіреп, құлақты жарып» бара жатқан осы тұста, «Ерсары мен Қалдыбай, екеуі қатар оққа ұшып бұлардың күші» қайтады, «бөрі тиген қойдай дүркіреп» қашуға қазақ бет алады». Өйткені, қанша атса да садақтың оғы «қару болып» жарытпайды, ақыры бұлардың «ортасынан топ түсіп, әскердің көбі оққа ұшып»²⁹ берекесі кетеді. Көтерілісшілерді жау жағы жеңеді. Дастанның бұл тұсы Махамбеттің аты шулы «Соғыс» толғауын еске түсіреді. Ығылман мұнда көптеген жайларды суреттеуде, ең ақыры Ерсары мен Қалдыбайдың өлуіне дейін, сол туындыдан алшақ кетпейді. Әрине, мұның өзіндік толықтырулары да бар. Мысалы, жауға айбын болсын деп басына еркектердің тымағы кигізілген әйелдер, снарядтар дүмпуінен жылап-сықтаған балалар мен әйелдер. Бірақ, негізінен, сол «Соғыс» тирадасының әсері бұл тұстарда өте айқын сезіледі. Ең ақыры Махамбеттің дұшпанға олжа болған көп мүлікті

²⁷ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 54-б.

²⁸ Сонда. 54-56-б.

²⁹ Сонда. 56-58-б.

жау жағының талап жатқандығын көрсетіп: «...хан әскері кенелді» дейтін жолдарын Ығылманның сол сәтті «Қарқ олжаға батысып, казак пен орыс кенелді»³⁰ дейтін сөздермен беруі де олардың бұл эпизодты көрсетудегі ойларының түбірлестігін көрсетеді.

Әрине, Махамбет толғаулары мен Ығылман дастанынан басқа да өзара ұқсастықтарды табуға болады. Бірақ, олардың бірі екіншісін ой айту жағынан көп қайталамайтыны қақ. Тіпті жоғарыда айтқан қанды қырғын айқасты суреттеу барысында да ақындардың өзгешеліктері бірден аңғарылады. Мәселен, Махамбетте көтерілісшілер қызу қандылық танытып, Исатайдың өзі бастап айқасқа атой салып батыл енетін болса (және бұлардың тарихта болған ақиқат жаймен дәлме-дәл келетіні мәлім), Ығылман бұл тұстарда салқын қандылық керсетеді. Бас кейіпкерінің батырлығына күмәні болмаса да, зеңбіректі, мылтықты қолдың тегеурінін қаттырақ бағалайды. Инициативаны тілектестері жағына емес, жау жағына беріңкіреді. Дастан авторы бұл эпизодта Махамбет сияқты тарихи мәліметтерді көп бере алмағанмен, айқас дауылының алдындағы тұста Жәңгірдің қорқақтығын, атқа мініп, басын қорғалап қашпақ болғанын, бәйбішесі Бәтимамен, Шыманмен тілдескен кездерде қаһарымен елін тітіреткен айбынды хан емес, жай ғана қатардағы көп адамның бірі екенін тап басып суреттеген. Махамбет бұл эпизодты «хан баласы жылады-ай, жанымды қой деп сұрады-ай» деп берсе, Ығылман басқа бір фактінің шетін шығарып отыр. Көтерілісшілер хан ордасына таянып келгенде Жәңгір қашпақ болады. Тарихта дәл осындай болғанына кепілдік беру қиын. Бірақ, 1829 жылы Бөкей ордасының халқы Қ. Есімов азғыруымен Жайықтың оң бетіне өтпек боп толқығанда, Жәңгірдің басын сағалап, Камышин қаласына³¹ қашып масқара болғаны ақиқат.. Оны Ығылман да білсе керек. Демек, ақынның бұл топшылауына да дау айтуға болмайды. 1829 жылы қорқақтық көрсеткен Жәңгірдің 1837 жылы батылдық танытуы екі талай. Сондай-ақ, оның бәйбішесімен осы жолғы тілдесулеріне назар аударсақ, Бәтима оған: «Жамандыққа алдырмас бір сырттанды бақпадын, Исатай – ердің сырттаны»³², – дей келіп, ханның төңірегіндегілерді («Бөріні көрсе беттемес көпек»)»³³, үруден

³⁰ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 58-б.

³¹ Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1946. – С. 119-120.

³² Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 52-б.

³³ Сонда. 52-б.

артық ештеңе тындыра алмайтын иттерге теңейді. Оған хан: «Алған күн жауым жағамнан, не етесің ханым табалап»³⁴, – деп жуаси жауап қайтарады. Бұл диалогтарға қарасақ, Жәңгірдің халі нашар. Оны тіпті қасындағы әйелінің өзі қолдамайтынын көреміз.

Ал, енді ханның осындай кейіпте алынуын қалай түсінуге болады? Бұл не, әдеби әсірелеу ме, әлде авторлық фантазияның желісі ме? Немесе мұнда да шындықтың сәулесі бар ма? Біздіңше, бұл жайға айқын көз жеткізу үшін оның семьялық жағдайымен танысқан орынды.

Жәңгір үш әйел алған адам. Ы. Шөреков дастанының кейіпкері – Батима сол үш әйелдің бірі еді. Ол белгілі тарихи тұлға Мұхамеджан Хұсайыновтың қызы болатын³⁵. 1837 жылдың 13 декабрінде губернатор Перовскийге жазған хатында Жәңгір Махамбет туралы хабарлай келіп, оның бір кезде өз баласы Зұлқарнайынның тәрбиешісі болғанын айтатыны бар. Осы Зұлқарнайын Бәтимадан туған еді³⁶. Ал, тарихи еңбектерде хан атасы ретінде есімі жиірек аталатын Қарауылқожаға келсек, ол – Жәңгірдің Зылиқа деген әйелінің әкесі. Міне, соларға Мұхамеджан мүфтидің қызы қарсы болады³⁷.

Демек, Бәтиманың осы лаңның негізгі күнәкарларының бірі – Қарауылқожаға, оған тілектестерге қарсы ниетте екені тарихи факті ретінде күмәнсіз. Олай болса, автордың дастанында оны күйеуіне қарсы сөйлетуінде тарихтан алшақ кетерлік кереғарлық жоқ.

Дастан авторы Тастөбе айқасын суреттеуде Махамбет поэзиясына ерекше сүйенгені байқалады. Ақын осы айқастан кейін көп ұзатпай Исатай мен Махамбет бастаған аз ғана адамды Жайықтың оң жағына өткізеді. Одан әрі сол тұстардағы Исатайлардың халінің көңілді болмағандығы, бірақ сол кезде күн күрт суып, Орынбор мен Астраханьнан келген жаракты қол амалсыздан кері қайтқаны, өзен бойындағы күзеттің де бұрынғыға қарағанда ептеп арқауы босап, соны пайдаланған көтерілісшілер Жайықтан аман-есен өтіп кеткендігі айтылады. Ығылман осы жайдың бояуын біраз қоюлатып беруді мақсат еткен. Ақын:

Хан Жәңгірдің әскері,
Қуып бір келген соңынан.

³⁴ Сонда. 52-б.

³⁵ Харузин А. Киргизы Букеевской орды. Вып. 1. – М., 1889. – С. 77-78.

³⁶ Рязанов А.Ф. Восстание... С. 18-20.

³⁷ Сонда. 20-б.

Қазақ-орыс қаптады,
Оңы менен солынан.
Баймағамбет басында,
Жиылған әскер қасында,
Күтіп бір -жатқан жолынан.
Аз кісіні қамаған,
Сол күнгі әскер шамасы,

Төрт мыңдай болды молынан³⁸, – дей келіп, олар сол жолы көтерілісшілерге қардай боратып оқ атты, бірақ «аллалап» ұран салып, аянбай айқасқан бұларға «танауын жалап» өткені болмаса, оқтары дарымады. Ал, Исатай, Махамбет, Есенгелді, Үбілердің садақ тартысы ерен болды. Сөйтіп, бұлар олардың арасынан қақ жарып, «Жаманқала аузынан» оң жаға бетке өтті, – деп суреттейді³⁹. Бұл жерде автор көтерілісшілер жаудың қоршауын күшпен бұзып өтті дегенге қатты ден қояды. Бұл ретте ол ежелгі батырлар жырындағы әсірелеп көрсету әдісін пайдаланады. Мұның өзі бүгінгі әдебиетте келісімсіз жәйт болғанмен, жиырмасыншы ғасырдың басындағы оқырманның рухын көтеру үшін керек те шығар.

Ығылман Исатайлар Жайықтан өткен соң оларға бергі беттегі елдің жанашырлықпен көп еңбек еткенін Байнақ, Тасыр, Сәмембет, Шығанақ, Бабат, Құдайберген сияқты батырлардың бұларға деген ілтипаты арқылы көрсетеді. Ол, әсіресе, кете Құдайберген батырдың көтерілісшілерді қыс бойы өзінде қонақ етіп, паналатып шыққанын ерекше суреттейді⁴⁰. Мұның бәрі, әрине, түптеп келгенде халықтың көтерілісшілерді соншалықты қадір тұтатынын көрсетеді. Тарихта да солай болған: Исатай-Махамбет бастаған аз ғана адамды январьдың 13-нен кейін Баймағамбет қолы үш апта бойы қуып, қолдарына түсіре алмаған⁴¹. Ал, күрес пен қуғыннан қажып келе жатқан олардың қалай кетіп бара жатқанын сілтеп жіберсе, сөз жоқ қуғыншылар көтеріліс басшыларының өзін де ұстаған болар еді. Ондай опасыздыққа халық бармаған. Керісінше Алдар би немересі Байнақ Тілекұлы деген азаматтың Баймағамбет пен патша әскерлерін теріс жаққа сілтеп, адастырып жіберу оқиғасы болғаны хақ⁴².

³⁸ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 60-б.

³⁹ Сонда. 60-62-б.

⁴⁰ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 62-82-б.

⁴¹ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова... С. 84.

⁴² Қазақстан Республикасының Орталық архиві. 4-қор. 1-тізбе. 3414-іс. 174-183

Сөйтіп, Исатай мен Махамбет Құдайберген ауылында болып, сол жерден Адай мен Әлім, Табынның жауласқан жаулығын баспаққа шығады. Алты аталы Әлімнің өкілі ретінде жандарына Құдайберген батырды қосып алады. Сөйтіп, бұлар ең алдымен Қабыл, Пұсырман, Тілепі билеген көп сарбазды «қалың Кетеге» кездеседі. Құдайберген батыр бұл руға Исатай батырдың кім екендігін, қандай мақсатпен келе жатқандығын, қазіргі таңдағы бірінші жұмысы жауыққан Алшын әулетін татуластыру екенін мағлұм етеді. Бұған «тоғыз тайпа Майлыбай», яғни Кете әулеті жүрегі жарылардай қуанып, оларды сегіз күн бойы қадірлеп қонақ етеді. Тоғызыншы күні бұлар Борсық құмын жайлаған Көтібар аулына – «Алты аталы Әлімнің туын тіккен жеріне» келеді. Исатай батырдың сөзіне самсаған көп ел Шектіден де қарсылық білдірген ешкім болмайды, керісінше «өрел қылып өткенді, жадқа тұтып кеткенді, бітірсең батыр пиғылдан» – деп мұның ойын мақұл көреді. Сонан кейін Исатай бастаған топ Маңғыстаудағы Адай жұртына аттанады. Олар да бұған иіліп құрмет етіп, қапысыз қызмет көрсетеді. Бітімшілік шаруасымен жүрген сапарына разы болып «Тірлігін тауып бітірсең, айтқаның батыр жол» – деген сөз айтады. Ақыры, Жайықтың, сол бетіндегі күллі Алшын жұрты «Қайнардың бойында «табысып», татуласады»⁴³.

Мұның бәрі Исатай еңбегінің арқасы. Ығылман Шөреков көтеріліс басшысының осы сапарын сипаттау барысында оның азаматтық тұрқын екі мәселе төңірегінде өзгелерден биік етіп көрсетеді.

Біріншіден, И. Тайманов жауласқан Алшын жұртын татуластырам деп аттанғанда, оның қылығына қарапайым қауым қатты қуанады. Оны өздерінің арман-мүддесін арқалаған жан ретінде қарсы алады. Өзге жұртты былай қойғанда, буындары дірілдеген, жасы сексеннен асқан шалдардың өзі қаншама? Сондай ниетпен жиылған халық «оның дидарынан «пайғамбарды көргендей» болады»⁴⁴. Мұның өзі кем құрмет емес. Әсіресе патшаға, ханға қарсы шығып жүрген қара халық перзентінің пайғамбарға теңгерілуі тіптен үлкен баға. Ал, екіншіден, автор сол үлкен істі қолға алған ердің өз тұсындағы батырлар мен билерден көш ілгерілігін олармен болған әңгімеден көрсетеді. Әрине, ол жылдарда Исатайдың даңқын қазақ елінің біраз жері естіген. Әсіресе, Кіші жүз ішіне оның аты мен ісі кеңінен мәлім еді. Олар оны құрметпен қарсы алады. Лебізін тыңдайды. Ал, батырдың лебізі төмендегідей:

⁴³ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 82-83 б.

⁴⁴ Сонда. 95-б.

– Көтібар мен Арыстан!
Күлептің ұлы Жүсіп би!
Адайменен жау болып,
Таласқаның қоныс па?
Ордаңды тіккен құлатып,
Өзіңді-өзің өлтіріп,
...Құлданғаның соғыс па?
Байұлыны жатым деп,
Әлімұлын жақын деп...
Амалы тура болмаса,
Тума екен деп болыспа...
Қыран құстың баласы,
Қырымға салып көздерін,
Бірлік тауып өздерің,
Қайратың болса қылсайшы,
Ел үшін шауып намысқа⁴⁵.

Шындап келгенде, бұл сөздерде Исатай принципі жатыр. Мұнда ағайын руларға қарағанда, өз руластарын жақын тартар ел басыларын ғана кекетіп тұрған жоқ, «туған екен» деп теріс жолға аттамайтын, белгілі мөлшерде рушылдық түсініктің тар шеңберінен босана бастаған, қияға көз салған күллі ел үшін намысқа шабар өзіне де анықтама беріп тұрғандай. Егер, батыр ел намысын жыртпаса, соның қамы үшін жүрмесе, осындай қадамдар жасар ма еді?

Дастанда сол кездегі ел тарихында орны бар, ерліктеріне ешкімнің дауы жоқ Көтібар мен Арыстан, т.б. Исатайға қарағанда атақ-дәрежелері біраз аласа жатыр. Ақын тілімен ол былай берілген:

Көтібар мен Арыстан,
Адасып жүрген ісінің,
Сырына кәміл танысқан.
Ақкөкірек ер екен,
Саясаттан кем екен.
Дегенінен кетпеді,
Өресі ерге жетпеді,
Орағансын алыстан⁴⁶.

⁴⁵ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 98-99 б.б.

⁴⁶ Сонда. 102, 107-б.

Сөйтіп, олар Исатайдың пікірінің де, ісінің де артықтығын, жөндігін мойындайды. Ақыры, қалың Шекті мен Табынды осы бәтуаға дағуластыру ісін мұнан кейін Көтібар батыр өз мойнына алады⁴⁷.

Әрине, әрбір тарихи тұлға сияқты кейіпкердің де өсу, ержету кезеңдері, жолдары бар. Ол негізінен өмірден алған сабаққа тығыз байланысты. Мәселен, Исатай 1837 жылы алғаш Жәңгір ордасын қоршап тұрған тұста оның елшілерінен (дастанда) опық жеп, алданып қалатын болса, немесе таптық санасы тұрғысынан қасындағы қанды көйлек серігі Махамбеттен аласарақ көрінсе, Тастөбе айқасынан кейін оның айырықша есейгендігі айқын байқалады. Әсіресе, Алшын әулетін татуластыру барысында одан терезесі жоғары ешкімді көрмейміз. Сондай-ақ, ол сол мезгілдерде кездескен Қайыпқалимен екі арада болған әңгіме барысында да төре тұқымының психологиясын, ішкі ниетін өте тереңнен түсінеді.

Мұнан кейін батыр Хиуа хандығында болады. Одан оралғаннан кейін «Үш Алшыннан қол жиып» (барлығы үш мыңдай кісі болады), жаумен айқасып тынады. Тарихи документтерде айтылып келгендей, Ығылман суреттеуінде де батыр дұшпандарының қолынан мерт болады⁴⁸. Гекке әскерінің кейбір кісілері Исатайды қолға түсірем деп қуып, әуелі атын құлатып, жаяу қалдырғанын, қазақ пен орыс аралас біраз адамның «қылышпен шауып», басын алғанын толымды түрде суреттеуі назар аудартпай қоймайды. Әйтсе де ақынның Исатайдың атын атып құлатқан кісіні «Бараден деген әпсер» деп, басын шапқан адамды «Көпен деген бір табын» деуі жаңылыс. Рас, Бородин деген хорунжийдің, 1837 жылдың 13 желтоқсанында бұлар Жайықтың он жаға бегіне өткенінде соңынан қуғандардың ішінде болғаны шындық. Бірақ, ол Баймағамбет шағымымен, өзіне тиісті қызметін дұрыс атқармаған адам ретінде сол жолы сотталып кеткен-ді. Сондай-ақ, Табын руының азаматы Көбен де тарихи документтерде Исатайдың басын шапқан күнәкар ретінде аталмайды. Шын мәнісінде Исатайдың атын көздеп атушы – Леонтий Зеленин есімді казак та, басын шапқан кісі – Иван Богатырев деген урядник⁴⁹.

Жалпы, қалай болғанда да Ығылман Шөреков революцияға дейінгі қазақ поэзиясында ел өміріндегі елеулі оқиғаны нағыз тарихи туынды дәрежесіне жеткізген санаулы авторлардың бірінен саналады.

⁴⁷ Сонда. 107-б.

⁴⁸ Сонда. 124-127 б.б.

⁴⁹ Сонда. 95-96 б.б. Шахматов В.Ф. Внутренняя орда... С. 225-226.

Бұл ретте оның елемеуге болмайтын төмендегідей ерекшеліктері бар. Біріншіден, автор қазақ халқы тарихында өткен осындай қанды оқиғаның жалпы мазмұнын айтушы ғана емес, сол болған жайлардың жылы мен күніне дейін бірсыпыра реттерде дәл көрсете де білді. Мысалы, 1836 жылғы Қиялымоладағы Қарауылқожа қолы мен көтерілісшілердің шекісуін, 1838 жылғы 12 июньдегі Гекке, Баймағамбет әскерлерімен арада болатын ақырғы айқасты, т.б. эпизодтарды календарлық дәлдік пен береді.

Автор бұл деректерді ілгеріде өмір сүрген қарттардың көтеріліс жайлы ауызша әңгімелерінен ғана біліп қоймай, орыс тіліндегі жазбалар арқылы да хабардар болған деп шамалау дұрыс. Өйткені, ел аузындағы әңгіменің оқиғаны жылы, айы күніне дейін дәл көрсетіп отыруы екіталай. Сондай-ақ, оның Исатайдың үш Алшынды татуластыру оқиғасын да негізінен тарихи мәліметтерге сәйкес суреттегеніне, бұл жайдың шын мәнісінде де 1838 жылдың май айында Сам жерінде өткеніне назар аударсақ⁵⁰, автордың нақты документтерге сүйене отырып жырлағанына шүбә келтірмейсің.

Ақын күрделі оқиғалардың жайын баяндауда ғана емес, жеке тарихи есімдердің аты менен руын жаңылыспай көрсетуде де білімдарлық танытады. Мысалы, дастандағы Кете Көккөз би, Алаша Сатай, Беріш Есет Қараұлы⁵¹ деген кісілер туралы мағлұматтар соның бір дәлелі. Әрине, бұлардың көтеріліс ісіне араласуы әрқалай. Бірақ, олар тарихи тұлғалар ретінде сол замандардағы орыс тіліндегі іс қағаздарында есімдері, істері хатқа түскен адамдар еді⁵². Оның үстіне осы есімдер (Есеттен басқасы) өзге авторлар творчествосында көрінбейді де.

Ақын бас кейіпкерінің ата қонысын (жайлауын, қыстауын, күзеуін), олардың Жайықтың сол жаға бетіне 1800 жылы мекен аудару жайларын айтқанда да нақты деректерге сүйенгендігін байқатады⁵³. Бұл жайлардың көбісі-ақ орыс тіліндегі материалдармен бір іздегі мағлұматтар. Ал, Ығылман беретін тарихи мағлұматтың бәрін орыс тіліндегі документтермен сәйкестендіріп, дәлелдеп беру мүмкін емес. Ол жағдай, әсіресе, кейіпкерлердің ата-тектерін тізімдейтін, олардың істеген істерін, тындырған шаруаларын әңгімелер тұстарда көбірек кездеседі. Бірақ, осыған қарап ол жаңсақ мағлұмат беріп отыр деуге де болмайды. Мәселен, Исатай Таймановты оқырманына ата тегінен

⁵⁰ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836–1838 гг.). С. 89.

⁵¹ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 108, 117, 130-б.

⁵² Материалы по истории Казахской ССР. – М.: Л., 1940. – С. 521, 477.

⁵³ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 22-23-б.

бермен қарай таныстыратын мәліметінде ақын «Арғы атаң Беріш, Байсейіт, Жайық, Наурыз, Тілеуке – айтуда солай шамасы. Қайым қылып заманың, хандардың бұзған қамалын, ұранға шыққан Ағатай. Бірге туған Есіркеп – әруақты бабасы»⁵⁴ – деп жырлаған. Ал, бұл жолдардың төркінінің ақиқаттығы халықтың өзінің шығу тегі жайлы ел шежіресімен салыстырғанда дәл келеді. Өйткені, шежіреге құлақ ассақ, Беріш руының бір атасы Байсейіт болады да, одан Жайық туады. Жайықтың төрт перзенті бар, соның бірі – Наурыз есімді кісі. Ал, Наурыздан атақты Ағатай батыр мен Есіркеп, Шағатай дүниеге келеді⁵⁵. Ы. Шөреков одан әрмен Ағатайдан Боқай, одан Бекәлі батыр, одан Исатайдың әкесі Тайман батыр туған деп жырлайды⁵⁶. Бұлардың да растығына аталмыш шежіре куәлік етеді⁵⁷. Демек, «Исатай-Махамбет» дастанының авторы бұл тұрғыда да көптеген бағалы мәліметтер береді.

Әрине, ақын тек бас кейіпкерінің ата-бабасын ғана емес, оның қанды көйлек серігі Махамбеттің де, көтеріліске белсене қатынасқан басқа адамдардың да үрім-бұтағын жақсы білген болуы керек, бірақ ол оның бәрін тізіп жатпай, негізгі кейіпкерге баса көңіл бөлген, соның бейнесін ерекшелеу көрсетуге тырысқан.

Ы. Шөреков дастанында көптеген тарихи фактілер өлең тілінде сөйлейді. Солардың көбінің ақиқаттығына тарихи документтер арқылы көз жеткізе түсесің. Әйтседе кейбір жайлар жөнінен мүлт кеткен жерлері де жоқ емес. Біріншіден, автор барынша мінсіз бейнелеуге тырысқан қаһарманы Исатайды үш Алшынды татуластырғаннан кейін Хиуаға апарып, одан оны сол жылы сонда қыстатады. Хиуа ханы Андақұл келер жылы отыз мың әскер бермек болады⁵⁸. Әрине, тарихи документтер оның Хиуаға барғанын теріске шығармайды. Бірақ, мәселеге байыппен қарасақ, бұлай болатын реті жоқ. Себебі: үш Алшынның Ново-Александровск бекінісінен бес жүз шақырым жердегі Сам мекенінде Исатай басшылығымен татуласуы 1838 жылдың мамыр айында болды ғой⁵⁹. Ал, ақтық айқас сол жылғы 12 шілдеде өтті. Егер Исатай сол жылы Хиуаны қыстайтын болса,

⁵⁴ Сонда. 21-б.

⁵⁵ ОФК-ның қолжазба қоры. 1747-папка. 77-б.

⁵⁶ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 21-22-б.

⁵⁷ ОФК қолжазба қоры. 1747-папка. 77-б.

⁵⁸ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 120-121-б.

⁵⁹ Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг.). С. 89.

аталмыш айқас келесі жылы өткен болып шығады. Демек, автор бұл жерде шындықтан қалт кеткенін аңғармай қалған. Сондай-ақ ол Хиуа ханының есімін де дұрыс атамайды. Ол кісі шындығында Ығылман жазғандай, Андақұл емес, Аллақұл болатын. Екіншіден, дастанда жоғарыда айтылған Әлім мен Адай руларының өзара айқастарының бірінде Шүрен ауылының биі Шонты қаза табады⁶⁰. Бұл да жаңылыс айтылған. Өйткені, ол Исатай-Махамбет Жайықтың бергі бетіне өткенде солармен бірге жүріп, астыртын жансыздық қызмет атқарған кісі. Оның осы ниетін байқаған Махамбет: «Әй, Шонты би, Шонты би» деп назаланады. Үшіншіден, Ығылман жырлауында Исатай батыр үш Алшынды татуластыру шаруасында жүріп Көтібар, Арыстан батырлармен кездеседі⁶¹. Бұл тұста да автор жаңсақтық жіберген. Себебі келіссөз жүретін 1838 жылы бір кезде С. Датов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан Көтібар батыр өмірде жоқ еді. Ол 1833 жылы (кейбір деректерде 1834 жылы) қонысқа байланысты кезекті бір қақтығыста қаза тапқан-ды⁶². Әрине, мұндай жайлар аталмыш дастанның тарихилығын ешбір де кеміте алмайды. Авторға діттеген ойын толық жеткізу үшін де оны тірі етіп көрсету тиімдірек болған.

Сонымен «Исатай-Махамбет» дастаны жайлы ойымызды жинақтай айтқанда былай: ол – тек қана тарихи фактілердің жиынтығы, немесе сол тұста өмір сүрген белгілі адамдардың тізімі емес. Академик Қ. Жұмалиев әділ атап көрсеткендей, бұл – тарихи тақырыпқа арналған нағыз көркем туындының бірі, онда есімдері ел есінен шыққан, аттары тек архивтер мен ескі кітаптарда ғана сақталған адамдар да баршылық⁶³. Мысалы, Байнақ, Тасыр, Құдайберген, Сәлембет, Әбірем, Әумен, Шора, Алдабай, Берістем, Қоңыр, Бабат, Шығанақ, т.б. Ақын көтерілістің тарихын, оның халық өмірінде атқарған ролін сол өзі өмір сүрген кезеңнің биігінен қарай білген. Ол Исатай, Махамбеттің және солардың төңірегіндегі басқа да тарихи адамдардың өлмес ерлігін барынша айқын бояулармен поэзия тілінде төгілте жырлаған. Сондай-ақ, Жәңгір, Шыман, Баймағамбет, Қайыпқали секілді үстем тап өкілдерінің нақты кескінін көрсетуде де қол жеткен табыстары баршылық. Сол сияқты Исатаймен кездесетін Алшын әулетінің ру басылары да тарихи тұлғалар ретінде есте қалады. Ал, ақынның

⁶⁰ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 97-106 б.б.

⁶¹ Сонда. 97-105-б.

⁶² ҚСЭ. 6-т. – Алматы, 1975. 53-б.; Шахматов В.Ф. Внутренняя орда. С. 211.

⁶³ Жұмалиев Қ. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1965. 230-б.

фактілерді жалаң тізбей, негізгі кейіпкерлерінің образын ашатын көркемдік тәсілдерді пайдалануы да әрқилы. Ол кейіпкерлер бейнесін бірде тікелей авторлық сипаттаулар, кейіптеулер⁶⁴ арқылы, бірде кейіпкердің ата-тегіне, қонысына шолулар жасау тәсілімен⁶⁵, енді бірде персонаждардың өзара тілдесуі (Исатай мен Жәңгір, Жәңгір мен Батима, Исатай мен Махамбет, Исатай мен Алшын әулетінің ру басылары, Қайыпқали мен Исатай)⁶⁶ түрінде жасаса, кейде олардың айқас үстіндегі ерлігі⁶⁷, болмаса ұзақты-қысқалы монологтары арқылы өрнектейді⁶⁸. Соның барлығында да кейіпкерлері жайлы мағлұматпен оқырманын хабардар ете отырып, олардың кісілік кескінін ашар әрекеттерін барынша кеңінен камтуға тырысады. Бұл ретте, әсіресе, Исатай батырдың образы өзгеше қанық бояулылығымен ерекшеленеді. Ақын оны, Қ. Жұмалиев айтқандай, халық жоқшысы, ел мүддесін барлығынан да жоғары қоятын, әр істің түйінін тереңнен толғап шеше алар сабырлылықтың, үлкен ақыл-парасаттың иесі етіп көрсетеді⁶⁹.

Дастанда Исатайдан кейін айырықша орын алатын бейне – Махамбет. Әрине, автор бұл кейіпкерінің ерекшелігін ашу үшін оған Исатайдай көп орын бермеген. Сондықтан бір қарағанда оның басты образ ретінде даралануы жеткіліксіздеу болып көрінеді. Фольклорист ғалым К. Сейдеханов Ығылман дастаны жайлы өзінің зерттеуінде осы жайға белгілі бір мөлшерде назар аударады⁷⁰. Біздіңше, бұл сөзде шындық бар. Ал, оның себебі не дегенге келсек, революцияға дейінгі дәуірде барлық батырлық жырларда бас қаһарманды басқалардан оқ бойы озық көрсету принципі үстем болды. Ы. Шөреков белгілі мөлшерде осы дәстүрді бұзды. Сөйтіп, Махамбетті екі тұста: біріншісі – Қиялымоладағы айқас кезінде, екіншісі – Жәңгір хан атынан елшілер келген сәтте Исатайдың өзінен озық етіп көрсетуге тәуекел етті. Үшіншісі – азғана топ Жайықтың оң жаға бетіне шыққаннан кейін Бабат ауылына кеп кідіргенде, «шешендікке келгенде, алты алаштың баласы, алдына түсіп озбаған» Төлеген жырау «қамауда қалған елді

⁶⁴ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 23-24, 72-74, 95-96, 102-б.

⁶⁵ Сонда. 21-23-б.

⁶⁶ Сонда. 33-37, 52-54, 77, 79-81, 92-93, 98-101, 106-107, 109-111, 115-119-б.

⁶⁷ Сонда. 42-44, 56-58, 124-130-б.

⁶⁸ Жұмалиев Қ. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1965. – 235-237 б.б., 235-237-б.

⁶⁹ Сонда. 64-67, 84-89-б.

⁷⁰ Сейдеханов К. Исатай-Махамбет // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979. – 200-б.

айтып», қайғырып шерін қозғаған кезде, жабыққан ерлердің рухын көтеріп Махамбет батырдың толғау айтуы⁷¹. Саяси тұрғыдан алғанда оның ең жоғары санадағы қаһарман екенін, әрі ақындық асқақтығын аңғарту үшін автор оны сол тұстағы ең жауынгер, ең тілді ақындардың бірі Төлегенмен салыстыра көрсеткен. Мұнда да оның өресі биік, рухы жасымаған. Махамбет бейнесін жасау барысында ақынға ықпал, әсер еткен эпос үрдісі тек осы эпизодпен шектелмейді. Ол Исатай монологтарында да, Махамбеттің өз сөздерінде де айқын байқалады. Академик-жазушы М.О. Әуезов дастанның ілгері жағындағы Исатайдың өмір тарихы тізбектелетін тұсты «Ертарғын» жырындағы Ақжүністің Қартқожаның бес жасынан алпыс бес жасына дейінгі өмірін сипаттайтын сөздеріне даусыз ұқсас деп таниды⁷².

Қысқасы, Ы. Шөрековтың «Исатай-Махамбет дастанына батырлық жырлардың ықпал, әсері аз болмаған. Сондай-ақ, оған ақындық поэзияның, әсіресе осы тақырыпты барынша жан-жақты жырлаған, шын мәнісінде шаруалар көтерілісінің бүкіл оқиғасы, рухы күллі шығармасының өзегі болған Махамбет поэзиясының үлгісі де ерекше екендігін айту ләзім. Автор өз дастанының біраз тұсында Махамбет поэзиясындағы негізгі оқиғаларды, тарихи фактілерді жинақтай отырып, өзінше қорытып, сол арқылы ауқымды шығарманың негізгі қаңқасын құрайды. Соның нәтижесінде жоғарыда айтылған көтерілісшілердің (Жәңгір ханның ордасын қамауы, сол кезде Исатайдың қарсы беттің мәймөңке келіссөзіне алдануы, 1837 жылдың 16 қарашасындағы қанды айқас, сонан кейін жеңілген қолдың Жайықтың бергі бетіне өтуі және бұл тұстағы қиыншылықтар, 1838 жылдың 12 маусымындағы ақырғы шайқас) жүрген жолы кейде Махамбет поэзиясының белгілі мөлшерде жаңғырығы секілді де әсер туғызады. Бірақ, Ығылман шығармасының Махамбет поэзиясының, болмаса батырлық жырлардың көлеңкесінде қалып қоймағаны хақ. Басқаны былай қойғанда, оның дастанында Махамбеттің өзінде жырланбаған қаншама фактілер, тарихи тұлғалар бар. Соның арқасында ол Исатай мен Махамбет сынды халық перзенттерінің, олар бастаған жаракты қолдың ерлігін өлең жолында тірілтті, оны өлмес, өшпес мұраға айналдырды. Оның ақындық қуатына үйлес келген азаматтық ерлігіне сүйсінбеске болмайды.

⁷¹ Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. 72-74-б.

⁷² Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. – Алматы, 1985. – 144-145-б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ығылман Шөрековтің шығармашылық тұлғасына баға беріңіздер.
2. Ығылман дастанының үштен бір көлемінде сөз болатын Исатайдың Алшын елінің әулетін татуластырудағы рөліне сараптама жасаңыздар.
3. Ақын дастанындағы мәліметтердің тарихи деректер мен ел шежіресіне сәйкес келетін тұстарына талдау жасаңыздар.
4. Ығылман жырлауындағы Махамбеттің Исатайдан гөрі батыл шешімді болып суреттелетін себебін түсіндіріңіздер.
5. Ығылман суреттеген көтерілісшілер қылығының, соғыс суреттерінің Махамбет тирадаларымен сабақтастығына сараптама жасаңыздар.

БАЙБАТЫР ЕРЖАНОВ (1895 – 1919)

Байбатыр Ержанов – ХХ ғасырдың басында Қазан қаласынан «Тұр, қазақ», «Оқуға махаббат» атты кітаптар шығарған жазба әдебиет өкілдерінің бірі. Автордың өмірі мен шығармашылық жолы осы кезге дейін арнайы зерттелінген емес-ті. Оның бірсыпыра себептері бар болатын. Өйткені, бозбала жігіттің (23, 24 жастағы) шығармашылық есеюге бағыт алған кезде дүние салуы, ол жайында нақты деректер жинауға мүмкіндік бермегені анық. Әйтседе ақын өмірбаянына байланысты нені айтуға болады?

Байбатыр Ержанов жайлы ұзақ жылдар оқу-ағарту, мәдениет майданы саласында еңбек еткен белгілі жазушы-журналист, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Сейтен Сауытбеков былайша әңгімелейді: «Ақын 1895 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Әке-шешесі қалтқұлт еткен ғана күнелтісі бар кісілер деп еститінбіз. Соған қарағанда, Байбатырдың оқуын бітіріп шығуына сол кездегі көзі қарақты ауқаттылау азаматтардың бірі көмектесе керек... Ол тек өлеңдер ғана емес, «Есентай» атты пьеса да жазған адам. Бірақ ол шығармасын кітап етіп бастырта алмай кетті. Өйткені, автор 1919 жылы қайтыс болды. Ал, пьесаның ел ішінде тараған қолжазбасы бойынша 1928 жылы біздің ойын қойғанымыз әлі есімде, «Барды тойға Есентай, қымыз ішті – мас болды» дейтін сөздері бар болатын. Мешкейлікті, қымыз ішіп қызынып мас болушылықты сынайтын-ды...» Ақын мұрасымен жақын танысқан адам оның сол кездегі әрбір көзі қарақты азаматтың көкірегіндегі ой-ғылым, білімге, отырықшылыққа үндеу тақырыбындағы шығармаларымен жүздесері хақ. Мәселен, автор өзінің «Тұр, қазақ» кітабын: «Һәр халықтың ілгері басуына себеп болған осы күнгі жаңа шыққан расала, әдебиет, жариде, газетлер еді; көзіммен көріп, ғақлиммен ойлап тұрсақ, бу біздің сахрауи қазақ халқы кіл пайдалы нәрселерден қабір қараңғыда ұйықтап жатқанлы себеплі бос қалғандай көрінеді. Өнер уа білімнің ең алды бу милетіміздің пайдасын ойлап, маһам ресала жазып тарату еді, бейхабар қараңқыда жатуымыздан, екінші оқығанлар азлықнан болар біздің сахрауи қазақ халқы арасында бек аз көрінеді» – деген сөйлеммен бастай кеп, айтпақ ойын: «Білегі жуан бір кісіні, білімі көп мың кісіні жығады» деген... Кеткен уақыт сатып алынбайды», – менің бұл еңбегім осындай

халдегі халқыма «намруд залым отқа салғанда сол жанып тұрған отты сөндіремін деп тұмсығыменен бір тамшы су әкелген қарлығаштай» әрекет еткендіктің көрінісі» – деп түйеді¹. Сондай-ақ, ол екінші еңбегі «Оқуға махаббатта» дүниеде француз, орыс, ноғай секілді халықтар бар екенін, олардың баспалар ашып, кітаптар, газет, журналдар шығарып, балаларын мектептерде оқытып отырғандығын айта келіп, солардың бәрінен құр қалып отырған қазақ жұрты осылардың ең мүсәпірі дей отырып: «Ай, құрметлі жаңа өспірім меһірбанды жақсы балалар! Оқу оқып, жазу жазып, бек өнерлі болыңыздар, оқу біліп, жазу жаза білсеңіздер бақшадағы жемісті ағашлар сықылды боласыздар»², – деп халықтың ең жас өркенін білім кенін игеруге шақырады. Автордың білімнен кенде қалғандарды қызықтырып, ынтықтыру тәсілі де қызық. Мысалы, оның төмендегі:

Ойласаң мың теңгелік, әй әпендім,

Үйренген «Әліф» – деген жалғыз харпін, – деп оқудың құнының қандай баға жетпес асыл екендігін паш ететін жолдары белгілі мөлшерде өзінен бұрынғы өткен Абай сынды ұлы жанның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл берсеңіз»³ – дейтін ойынан алшақ кетпегендігі былай тұрсын, тіпті соның әсерінде жазылған жол ма деп қалуға боларлық сөздер. Әрине, бұл жерде ақындық биіктік тұрғысынан Абай деңгейі асқақ та, айбынды, ал Байбатыр Ержанов поэзиясының қалпы тым қарапайым.

Бірақ, сол қарапайым, кейде тіпті қарабайыр өлең құрылымымен де өз заманында оқырманын табатын, сол оқырманның көкірегіне айтқан ойын ұялата білер авторлар қаншама? Міне, біздіңше, Байбатыр Ержанов мұрасына осы тұрғыдан келу, оны сол тұрғыдан бағалау орынды секілді. Өйткені, бұрынғы дәуірдің ойшылдары үйреткендей, кез келген прогресс жолындағы жетістік тек соңғы кезең, кейінгі дәуірдің межесіндегі салмақ қадірімен ғана емес, өз тұсындағы нарқы арқылы да межеленбек, бағаланбақ.

Автордың түсінігінше, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы оныншы жылындағы қазақ елі бойкүйез, ұйқышыл, надан. Бірақ соған қарамай малжанды, мақтан сүйгіш, тамақсау, діндар. Ақын тілімен айтқанда:

¹ Ержанов Б. Тұр, қазақ. – Қазан, 1914. – 2-б.

² Ержанов Б. Оқуға махаббат. – Қазан, 1912. 2-3-б.

³ Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1977. 66-б.

Біздің қазақ ақымақтығын білгізеді,
Малым бар деп байлығын көргізеді.
Халықтың пайдасы үшін деп айтса егер,
Жұмыс жоқ кейін қарай шегінеді...
Жатырмыз осы күнде бізлер ұйықтап...
Қазақтың ойлағаны бары тамақ,
Мақсуды көңліндегі бары сол-ақ.
Дін ісіне біздің қазақ арындайды...

Қысқасы, пайдалы іске аяқ баспас еріншек, жанаяр. Бірақ, ол осы қасиетінен дау десе, пәлеқорлық, жалақорлық десе мүлде танымастай боп өзгеріп шыға келеді («Дау десе семіз атын етер тулақ», «Жүреді өз өзіне мылтық оқтап»).

Байбатыр поэзиясының сынау объектісінің бірі болған тақырып – болыс болу, сол жолдағы талас, шығын... Қысқасы бұл да Абай жырлаған тақырып. Ақынның «Болыстылық һәм сайлау» өлеңі бұл тұрғыда пәлендей көркемділігімен көз қуантпағанмен, айтар ойының әлеуметтік астары арқылы белгілі дәрежеде назар аударуға тұрарлық туынды:

Волостылық халық ішінде сайлау шықты,
Сол сайлау нашарлатып жерге тықты.
Жақ-жақ боп мың-мың ақша шыққаннан соң,
Халық құртты берекесін сол себепті...

Волслыққа тырысады намыспенен,
Хақтанып, қуатланып таныспенен.
Ақшасын күрілдесіп санасады,
Секілді бәйге атанды жарыспенен.
Жүреді біреуді біреу атыстырып,
Қоймайды кісілерін қатыстырып...
Болыс болған кісінің шығыны көп...

Бірақ, талайды алдап, «қатаңды, болыс болсам кешіремін» деп біреулерді емексітіп, уәде бере отырып лауазымына ие болған сол кісі «халыққа ғәділшілік құра алмайды», «надандықтың есігі жабылар», «мағрұптың (білімнің) есігі ашылар» медресе де салмайды, керісінше «халықтан қағыстырып, соғыстырып, өзінен шыққан ақшаны көп жинайтын» «жаһғлдікпен» атағы шығады.

Автор мұндай «азаматтардан» барынша жиренетінін жасыра алмайды. Бірақ, сол дәуірдің өзі туғызып отырған осынау жеркұрт жебірден тізгін кесісіп, теріс айналып кете алмайды. Абай сынаған қоғамдық тип – болыстарды ол өз әлінше қанша сынадым дегенмен, оның бишігі тым сипай қамшылайды. Өйткені, оның таптық қайшылық пен таптық сана дегендерді сезінуі тым жадағай. Соның әсерінен де ол әлгінде ғана біраз мінін көрсеткен ел белсенділеріне «Болысқа» деген өлеңінде үміт арта:

Намыстансаң халыққа болма болыс,
Айғырды үйірінен бөлме, болыс.
Құр босқа мен баймын деп ақша төгіп,
Болысым хақ дегенді бөлме бұрыс.
Халыққа тым еркінсіп бұтың созба,
Жеке іске құмарланып дінің бұзба.
Қызумен мақтан үшін болыс болып,

Секілді күрке тауық текке қызба, – деп насихат айтады. Ал, бұл автордың қоғамдық санасының қандай дәрежеде екенін, ниетінің жақсы болғанмен, ойының балаңдығын, бір жағынан сол өзі өмір сүрген тұстағы не істерін білмеген жанның шарасыздығын көрсетеді. Әрине, жоғарыдағы өлеңде «халыққа тым еркінсіп бұтың созба» – деген сияқты оты бар жолдар немесе «партия, болыстық болып жүрген әрекетті, тірлікті тастар болсақ, ел болу жолына түсер едік» дегенді меңзейтін ойлар автордың бағасын бірсыпыра көтеруге себепкер де болады.

Ақын өскен дәуірдің поэзиясында дидактикалық дәстүрдің айрықша басым болғаны белгілі. Ол үрдістің сонау Асан қайғы заманынан бері қарай кең етек жайып, бертінгі Дулат, Шортанбайлар тұсында одан әрмен қанат жайғаны мәлім. Сондықтан сол дәстүрдің әсер-ықпалымен өскен ұрпақтың қаншалықты жазба әдебиетке келдім дегенмен, одан іргесін аулақ салуы қиын-ақ болатын. Оның үстіне, ол тұстағы оқырманның өзі сол үрдісте тәрбиеленген, сол дәстүрді қуаттайтын, соған жақын тұрған адамдар еді. Ал, дидактикалық поэзия өмірге барынша абыз-жыраулар көзқарасымен қарап, философиялық тұжырымдар түйетін пікірлілігімен құнды. Бұл тұрғыдағы Байбатыр Ержанов қадамы біршама сәттілігімен ерекшеленеді. Мысалы, мына жолдарға назар аударайық:

Аққудың астығы жоқ шайнағанмен,
Қыртылдың пайдасы жоқ сайрағанмен.

Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Шошқа жөнге жүрмейді айдағанмен.
Алтынды орағанмен жез болмайды,
Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
Мысалы, һәр нәрсенің бәрі сондай,
Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ жетпес ажалсызға атқанменен.
Жалқауға сөз, жаманға таяқ өтпес,
Тас жібімес дарияға батқанменен.

Осы өлеңдерді сол заман үшін не көркемдігі төмен, не берер тәрбиесі жоқ құр сөздердің тізбегі деп ешкім де айта алмақ емес. Рас, екінші жолдағы «қыртыл» дейтін бірінші сөз қазіргі көзбен қарағанда тым анайы, бір қарағанда балағат сөз сияқты. Түбіріне бақсаңыз, бірақ, ол көп сөзділік деген мағынаны береді. Олай дейтініміз, Қазақстанның талай жерінде әліге дейін көп сөйлейтін, бәтуасыз адамды «қырт» дейтіні өгірік емес. Ал, «тексізден текті тумас мақтаса да» деген сөздің мағынасы тіпті тереңде жатыр. Мұның өзі аристократиялық семья тұқымына ерекше құрмет көрсетілер сәтті айқындайтын өлең жолдары екені сөзсіз. Ал, автор осы ойларын сол заман оқырманы мен тындаушысының көкірегіне тез ұялайтындай етіп, ойын жинақтай айтып, өмірдегі барша құбылыстарды салғастыра отырып, содан мақал тектес, әрі қысқа, әрі нұсқалы поэзиялық өрнек салған.

Мәселен, осы өлеңнің «Дос болып қас болғаннан сақта құдай, қасқыр да қас етпейді жолдасына» деген басқы бір-екі жолын алсаңыз, ол – бүгінде республикамыздың қай жерінде де халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан мақалы сияқты қабылданады. Содан да болар, осы сөздер қазіргі біраз көркем шығармада да кездеседі. Ал, мұның барлығы, түптеп келгенде, сонау жиырмасыншы ғасырдың елең-алаңында кітабы шыққан Байбатыр Ержановтың ғылымға, білімге, кісілікке үндеген талай жолдарының замана табанына басылып, көбі ұмтылса да, әлгі бір өмірдегі опасыздық пен зұлымдықтың бәсін көрсететін екі ауыз сөзі халықтық сананың қақ төрінен орын алғандығынан деп білеміз.

Байбатыр Ержанов «қазақ деген жұрт қандай болу керек, оның елдігі болуы үшін адамдары қандай тәрбие-тәртібімен ерекшеленуі ләзім» деген мәселеге бірсыпыра назар аударған кісі. Бұл тұрғыда ол бірінші сөзін өзінің жеке басы көп үміт артатын бозбалалар тобына арнайды:

Жігіттің дәл жиырма жасы дейміз,
Ғақылға, ойға зерек басы дейміз.
Мінез, білім, сабырлық, ұят, әдеп,
Табылса бір жігіттен осы дейміз.
Ғақылың бойыңменен өссін бірдей,
Ажарың жылы жұмсақ тисін көлдей...

Автордың жастарға арналған сөздері он екі тармақтан тұрады. Онда бозбаладан сақайып ер жеткенше азаматтың қандай болуы керектігі рет-жөнімен тізімделеді. Өмірде өзін ұстаудың, нендей пайдалы кәсіппен айналысып, қандай адамдармен және азаматтармен араласып, не үшін отқа түсіп, намысқа шауып, неден ашынып, апшымау керектігін пайымдайды. Ақын соның ішінде ілгеріде айтылған өзінің басын сыйламас, қадірін кетіретер кісілігі жоқ «жаман» адаммен «құрбы ғой деп ақылдаспа», ол опа бермейді, – деп жалпы адамгершілігі төмен пенделерді «жамандар» қатарына қосады. Сөйтіп, өз тұрғысында «жаман» адамдар мәселесін сөз етеді.

Ақынның «қариялар» атты топтамасы да осы мазмұндас келеді. Елдің елдігі тек бозбаласымен ғана көрінбейді, ал қариялары қандай болмақ керек, қариялары онбаған елде қандай қасиет болмақ, автордың бір назар аударған мәселесі осы болған. Сондықтан ол «сабырлы», қанағатшыл шүкір шалды, топ ішінде өз бағасын, ақылын, әлін жазбай танып отыратын, басбұзарлық, қомағайлығы, қоқилығы жоқ, қазіргіше айтсақ, мәдениетті шалдарды, қарттарды насихаттап, сондай болуға үндеу тастайды.

Байбатырдың ерекше көңіл бөлген бір тақырыбы – бойжеткендер туралы, оның ішінде «Жақсы қыз», «Жаман қыз» қақындағы сөздері. Әрине, мұнда да автор жоғарыдағы жігіттер мен қарттарға қандай болу керектігін әбден тәптіштеп түсіндіретін әдіске барады. Бірақ оларға ұсынатын қамзолдары мүлдем басқа пішінде. Мәселен, ақын суреттеуіндегі жақсы қыз бейнесі былай берілген:

Алма бет, қиылған қас қара көзі,
Он бес пен он алтыда жеткенінде,
Секілді пісіп тұрған алма өзі.
Бұралып тал шыбықтай бойы иіліп,
Сызылған жібек мысал бір мінезі.
Көрініп ақ мамықтай иек асты...
Болғанда махбуб⁴ жаның айдай сұлу,

һеш кiмге бiлiнбеген басқан iзi...
Шықса да, отырса да бiр орында,
Махбуба мiлiм боп тiрған кезi...

Әрине, суреттеудiң көбi баяғы эпостық үрдисте. Бiрақ, автор жақсы қыз болу үшiн тек сұлу болуды ғана бiрiншi шарт деп бiлмейдi. Бұл жерде ол, ең алдымен, инабаттылық, iззеттiлiк, сыпайылық, тәлiмдiлiктi (автор оны мiлiм деген сөзбен берген) алғашқы шарт етiп ұсынады. Ал, керiсiнше жаман қызға тағылар кiнә ретiнде көбiне осындай шаруалар қолынан келмейтiн «кiрлi тамақ», «iшкенi жегенiмен табақтабақ» мешкей, «салақ», «жұмсақ» сөйлей алмайтын дөкiр, дөрекi адам қылықтары тiзбеленген.

Жалпы, автордың адамдарды үш топқа: «қарияларға», қыздар мен жiгiттерге бөлiп, оларға өмiрде қандай болу керектiгiн насихат етiп, солардың пiшiн-пiшiмiн берiп, бiрiнен жерiндiрiп, екiншiсiне ынтық етуге тырысатыны – осының барлығы, түптеп келгенде, оның авторлық идеясы мен ойынан екенi түсiнiктi жай. Өйткенi, жиырмасыншы ғасыр басындағы негiзiнен өнер өрiне үндеген, мәдениеттiлiкке шақырған әдебиет үшiн әртүрлi әдiстердi пайдалана отырып шығарма жазып, оны оқырманына, кейде тыңдаушысына жеткiзу парыз болғаны хақ. Ал, Байбатыр Ержанов қазақ жұртының iлгерi басқан елдер сапында болуын көксеген көкiрек көзi ашық, қаламының азды-көптi желi бар автор. Ол сол өзiнiң творчестволық мүмкiндiгiне орай жоғарыда айтылған әдiс, тәсiлдердi пайдаланған.

⁴ Махбуб – ғашық деген мағынада.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Он жетi жасында алғашқы кiтабы, араға екi жыл салып екiншi кiтабы жарық көрген Байбатыр Ержановтың қазақ қауымын бiлiм, ғылымға үндеген еңбектерiне баға берiңiздер.
2. Байбатыр Ержановтың көтерген мәселелерiнiң Абай Құнанбаев шығармаларына идеялық тұрғыдан тәркiндес болуының себептерi неде?
3. Ақынның дидактикалық сарында жазылған өлеңдерiнiң ерекшелiгiне талдау жасаңыздар.
4. Байбатырдың «жақсы жiгiт», «жақсы қыз», «жақсы қарт» қандай болу керек дейтiн тақырыпта жазылған туындыларының мән-мағынасына сараптама жасаңыздар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 430.
2. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 140.
3. Аманшин Б. Дауылпаз ақын. – Кітапта: Жыр-семсер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 5-14.
4. Ақмұқанова Б. Поэзиядағы өмір көріністері. 1-бөлім. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 91-121.
5. Ақмұқанова Б. «Тауарих хамса» және қазақ әдебиеті. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 178-196.
6. Абай. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. – СПб., 1909.
7. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1977. – 456.
8. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2 т. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312.
9. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1 т., 2 т. – Алматы: Жазушы, 1995.
10. Абай. Слово назидания. – Алма-Ата: Жазушы, 1970. – 127.
11. Ақберен. – Алматы: Жазушы, 1972. – 222.
12. Ақын. – Қазан: Элетро-лито типография Т.Д.«Бр. Каримовы», 1912.
13. Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 278.
14. Аронұлы Сүйінбай. Ақиық. – Алматы: Жазушы, 1980.
15. Абылқасымов Б. Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 120.
16. Азбелов С.Н. Историзм былин и специфика фольклора. – Л.: Наука, 1982. – 326.
17. Абдуллаев В.А. Узбек адабиёти. – Тошкент, 1967.
18. Аничков И.В. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов (Очерк из первых шагов русских на Сыр-Дарье). – Казань, 1894. – 30.
19. Аничков И.В. Памятники киргизского народного творчества. Киргизская былина о героях Ирназаре и Бикета. – Казань, 1896. – 16.
20. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией во второй половине XVIII – начале XIX в. – М., 1960. – 456.
21. Арриан. Поход Александра. – М. – Л.: Изд-во АН СССР, 1962. – 372.
22. Асфендиаров С.Л. История Казахстана с древнейших времен. Т.І. – Алма-Ата – М.: Казахстанское краевое издательство, 1935. – 267.
23. Ауэзов М.О. Мысли разных лет. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1959. – 556.
24. Ауэзов М.О., Лизунова Е.Б. Из истории казахской литературы. – Вестник АН КазССР, 1957. №11.
25. Ауэзова Л.М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алма-Ата: Наука, 1969. – 308.

26. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – 196.
27. Ахметов З. А. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 328.
28. Ахметов З.А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 256.
29. Ахметов З.А. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 460.
30. Әбетов Ғ. Шал ақын жайындағы жаңа деректер. Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 56-74.
31. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Білім, 1991.
32. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. – Алматы: Жазушы, 1984. – 328.
33. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400.
34. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17-т. – Алматы: Жазушы, 1984. – 358.
35. Әуезова Л.М. Әуезов М.О. творчествосында Қазақстан тарихы мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1978.
36. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1972. – 132.
37. Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 255.
38. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.
39. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1 т. Құрастырғандар: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989.
40. Бадмаев А. Калмыцкая дореволюционная литература. – Элиста, 1975. – 168.
41. Барон Услар. Четыре месяца в киргизской степи. – Отечественные записки, 1848. №10.
42. Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 276.
43. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – М.:Изд-во АН СССР, 1957. – 342.
44. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и северной Киргизии: Последняя четверть XVIII – 60-ые годы XIX в. – М.: Наука, 1980. – 280.
45. Бектуров Ж.Ж. Художественно – композиционные особенности поэзии жырау и акынов: Автореф. дисс...канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1980.
46. Белинский В.Г. Собр.соч.: В 13-х томах. Т.5. – М., 1954.
47. Белинский В.Г. Собр.соч.: В 13-х томах. Т.7. – М., 1955.
48. Березин И. Турецкая хрестоматия. Т.3. – СПб., 1890. – 271.
49. Бертельс Е.Э. «Роман об Александре» и его главные версии на Востоке. – М.- Л.: Изд-во АН СССР, 1948. – 186.

50. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232.
51. Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. 1 т. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256.
52. Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1984. – 336.
53. Бабур-наме. Записки Бабура. – Ташкент, 1993. Перевод М.Салье. Издание второе, доработанное – 463.
54. Бердібаев Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы, 1998
55. Бурсов Б. Пути к художественной правде. – В кн.: Пути к художественной правде. – Л.: Советский писатель, 1968. – С. 3-44.
56. Валиханов Ч.Ч. Сочинения. Под редакцией Н.И. Веселовского. – СПб., 1904. – 531.
57. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч.: В 5-ти томах. Т.І. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1961. – 778.
58. Валиханов Чокан. Избранные произведения. – М.: Наука, 1986. – 414.
59. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л., 1940. – 646.
60. Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. Текст, перевод, приложения. – СПб., 1894. – 150.
61. Веселовский Н.И. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. – СПб., 1877. – 364.
62. Веселовский Н.И. Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам (1816-1881). – СПб.: Типография и хромолитография А. Траншелия, 1887. – 394.
63. Виноградов В. Токтогул Сатылганов и киргизские акыны. – М. – Л.: 1952.
64. Восточный сборник в честь А.Н. Веселовского. – М., 1914. – 230.
65. Воробьева Н.Н. Принципы историзма в изображении характера. – М.: Наука, 1978. – 264.
66. Вяткин М.П. Батыр Сырым. – М. – Л.: Изд-во АН СССР, 1947. – 392.
67. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. 3-басылуы, Алматы: Мектеп, 1974. – 320.
68. Ғабдиров И.Х. Писатель и действительность. – Алма-Ата: Жазушы, 1894. – 214.
69. Горький М. О литературе. – М.: Советский писатель, 1953. – 868.
70. Григорьев В.В. Россия и Азия. – СПб.: Типография братьев Панталеевых, 1876. – 575.
71. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. – Ташкент: Типо – литография С.И. Лахтина, 1889. Т.І. – 504.
72. Добин Е.С. Сюжет и действительность. Искусство детали. – Л.: Советский писатель. – 432.
73. Добролюбов Н.А. Собр.соч.: В 3-х томах. Т.І. – М.: Государственное изд-во художественной литературы. 1950. – 728.
74. Дюсенбаев И.Т. Проблемы изучения истории казахской литературы

- дореволюционного периода (XVIII, XIX и начало XX вв.): Автореф. дис... доктора филол. наук. – Алма-Ата, 1966. – 68.
75. Дастандар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 324.
 76. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990.
 77. Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007 – 368.
 78. Дербісәлин Ә. Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1966. – 312.
 79. Дербісәлин Ә. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Кітапта: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 3-63.
 80. Дербісәлин Ә. Өмір және поэзия. Кітапта: XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 3-20.
 81. Дербісәлин Ә. М. Сералин. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т. 2 к. – Алматы: Ғылым, 1965, 210-217.
 82. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1986.
 83. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 192.
 84. Дүйсенбаев Ы. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 20-57.
 85. Дүйсенбаев Ы. «Қаратаудың басынан көш келеді» жыры қакында. Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1976 – 6-19 б.
 86. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы, 1962.
 87. Еспембетов А. Шығармалары. 1-2 том. – Астана: Фолиант, 2014.
 88. Елеуенов Ш.Р. От фольклора до романа-эпопеи. – Алма-ата: Жазушы, 1987. – 352.
 89. Емельянов Л.И. Исторические песни. – Б кн.: Русская историческая песня. – Л.: Советский писатель, 1987. – 5-44.
 90. Жаксы үгіт. – Қазан: Типография Торгового дела «Братья Каримовы», 1908. – 24.
 91. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. 168.
 92. Жармұхамедов М. Жыраулық поэзияның даму ерекшеліктері. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 51-91.
 93. Жармұхамедов М. Сарбаз поэзия. – Алматы: Қазақстан, 1981. – 64.
 94. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. т.І. – Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1958. – 404.
 95. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1979. – 188.
 96. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 436.
 97. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 172.

98. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – М.:Наука, 1964.– 482.
99. Исатай-Махамбет. – Ташкент: Қазақстан мемлекеттік баспасының күн шығыс бөлімі, 1925. – 161.
100. Иакинф. Описание Чжунгарии и восточного Туркестана в древнем и в нынешнем состоянии. – СПб., 1829. – 270.
101. История казахской литературы. В 3-х томах. Т.2. Алма-Ата: Наука, 1979. – 340.
102. История Казахской ССР: В 5-ти томах. Т.3. – Алма-Ата: Наука, 1979. – 570.
103. История калмыцкой литературы: В 2-х томах. Т. I. – Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1981. – 336.
104. История Киргизской ССР. Т.1. – Фрунзе: Кыргызстан, 1968. – 708.
105. История СССР: В 12-ти томах. – М.: Наука, 1976. Т.4. – 744.
106. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005 – 336.
107. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – 740.
108. Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1956. – 340.
109. Көксілдер. – Орынбор. 1910.
110. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224.
111. Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 112.
112. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 168.
113. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақстан, 1976. – 268.
114. Күмісбаев Ө. Үмбетей Тілеуұлы. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 262-275.
115. Күмісбаев Ө. Шал Күлекеұлы. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 310-350.
116. Казахстан, средняя и центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 192.
117. Каратаев М.К. В семье единой. – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – 388.
118. Кереева-Канафиева К.Ш. Доревалюционная русская печать о Казахстане. – Алма-Ата, 1963. – 303.
119. Костенко Л.Ф. Чжунгария. Военно-стратегический очерк. – СПб., 1887. – 342.
120. Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – М.: Наука, 1972. – 190.
121. Криничная Н.А. Народные исторические песни начала XVII века. – Л.: Наука, 1974. – 182.
122. Кузнецов В.С. Цинская империя на рубежах центральной Азии (вторая половина XVIII – первая половина XIX в.) – Новосибирск: Наука, 1983.

– 128.

123. Кшибеков Д. Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 234.

124. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. – Алма-Ата: Наука, 1972.

125. Кунанбаев Абай. Избранное. – М., 1970.

126. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

127. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 т. 2 кітап. – Алматы: Ғылым, 1960.

128. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1 т. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.

129. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 т. – Алматы: Ғылым, 2000.

130. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380.

131. Қабдолов З. Жебе. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380.

132. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2 т. 1 к. – Алматы: Ғылым, 1960. – 598.

133. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2 т. 2 к. – Алматы: Ғылым, 1965. – 524.

134. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. – Алматы: Ғылым, 2001.

135. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 томдық. 1-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.

136. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 томдық. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.

137. Қазақ жырлары тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312.

138. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар: 1-3 том. – Алматы: Жазушы, 1974.

139. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272.

140. Қасқабасов С. Алтын жылға. Алматы: Жібек жолы, 2010. – 576.

141. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958, – 160.

142. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-8 том. – Алматы: Қазығұрт, 2007.

143. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368.

144. Қыраубаева А. 4 томдық. – Алматы: Өнер, 2011-2013.

145. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.

146. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. – СПб., 1832. Ч.2. – 332.

147. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. Изд. 3-е. М.: Наука, 1979. – 357.

148. Лихачев Д.С. Развитие русской литературы X-XVII веков. – Л.: Наука, 1973. – 256.

149. Лихачев Д.С. Человек в литературе древней Руси. – М.: Наука, 1970. – 180.

150. Ломидзе Г.И. Чувство великой общности: Статьи о советской много-

- национальной литературе. – М.: Советский писатель, 1978.
151. Махамбет. Жыр-семсер. – Алматы: Жазушы, 1979.
152. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991.
153. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968 – 155.
154. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985 – 368.
155. Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы. Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы, 1968 – 300-304.
156. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971.
157. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінен очерктер. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1942. – 248.
158. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236.
159. Мұхамедханов Қ. Бұқар жырау. – Қазақ әдебиеті, 1982, 30 июль, 6 август.
160. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 544.
161. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 290.
162. Мұқанов С. Жарық жұлдыз. Алматы: Санат, 1995.
163. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих – и Рашиди. Алматы: Тұран, 2003.
164. Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме. Дастан. Құрастырған Әбсаттар қажы Дербісәлі. – Алматы: Білім, 2006. – 432.
165. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
166. Макшеев А. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб., 1890. – 375.
167. Марғұлан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. – В кн.: М.О.Ауэзов: Сборник статей к его шестидесятилетию. – Алма-Ата, 1959. – 70-89.
168. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322.
169. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.) – М. –Л.: Изд-во АН СССР, 1940. Т.IV. – 544.
170. Материалы па истории казахских ханств XV-XVIII веков. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 652.
171. Молдобаев И.Б. Эпос «Жаныш и Байыш» как историко-этнографический источник. – Фрунзе: Илим, 1983. – 168.
172. Мусинов А.О. Казахско-киргизские литературные связи. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 159.
173. Нарымбетов Ә., Тұрбекова А. Қазақ әдебиетнің тарихы. – Алматы, 1966. – 96.
174. Наурызбаев Б. Дәуір суреткері. – Алматы: Ғылым, 1969. – 285.
175. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 346.
176. Нұрғазин Т. Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма. – Әдебиет

және искусство, 1951, №6.

177. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 2002.

178. Новиков В. Художественная правда и диалектика творчества. – М.: Советский писатель, 1974. – 520.

179. Очерки истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период – М.: Наука, 1967. – 480.

180. Өтемісұлы Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. – Алматы, 1962.

181. Позднеев А. Сказание о хождении в Тибетскую страну мало-дорботского База-Бакши. – СПб, 1897. – 254.

182. Проблемы историзма в русской литературе конца XVIII-начало XIX в. – М.: Наука, 1981. – 292.

183. Прошлое Казахстана в источниках и материалах (У в. До н.э. – XVIII в. н.э.). – Алма-Ата. – М.: Казахское краевое издательство, 1935. – 300.

184. Песни степей. Антология казахской литературы. – М., 1940.

185. Повстанческие песни казахов XIX века. – Алма-Ата, 1936.

186. Поэты Казахстана. – Л.: Советский писатель, 1978. – 608.

187. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзунгарской степи. – СПб., 1870, ч.3.

188. Радчук – Павленко С.Т. Народно-исторические основы развития древнерусской литературы XIV-XV веков: Автореф.дисс...канд.филол.наук. – Минск, 1966.

189. Россия: Киргизский край. Полное географическое описание нашего отечества. Т.18. – СПб., 1903. – 432.

190. Русско-китайские отношения в XVIII веке: Материалы и докуменъы (1700-1725). Т. I. – М.: Наука, 1978. – 704.

191. Рычков Н. Дневные записи путешествия капитана Н.Рычкова в киргизкайсацкие степи в 1771 году. – СПб., 1772. – 104.

192. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-1837 г.). – Кзыл-Орда, 1927. – 102.

193. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость (1797-1838). – Кзыл-Орда, 1926. – 292.

194. Сабырханов А. Ұлы бетбұрыс. – Алматы: Мектеп, 1981. – 296.

195. Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224.

196. Сәтбаева Ш. 5 томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2007-2011.

197. Сейдеханов К. Исатай-Махамбет. Кітапта: Қазақ тарихы жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 182-206.

198. Сейфуллин С. Шығармалар. Алты томдық. 6-т. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. – 456.

199. Смирнова Н.С. Абылай туралы жыр. Кітапта: Қазақ тарихы жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 81-91.

200. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 386.
201. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті. XVIII-XIX ғ.ғ. – Алматы: Мектеп, 1981. – 168.
202. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 980.
203. Сыдықов Қ. Ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1983. – 130-178.
204. Сыдықов Қ. Ақын, жыраулар. – Алматы, 1974. – 240.
205. Сыдықов Қ. Шөлгез (Шалкиіз) Тіленшіұлы. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983. – 197-246.
206. Сыдықов Қ. Біртума қыр саңлақтары. Алматы: Ғылым, 2001. – 260.
207. Сыдықов Т. Ғасырлар кәусар бұлағы. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 213.
208. Сәтбаева Ш. Уақыт шуағы. – Алматы: Ғылым, 2000.
209. Сәтбаева Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2007-2011.
210. Сәтбаев Қ. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 440.
211. Серәлин М. Топжарған. Хикая. Мұхамеджан Серәліқожаұғлының шығарғаны. – Троицк, 1900. – 13.
212. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928.
213. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006.
214. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 200.
215. Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 184.
216. Сербаринов Г. Исатай Тайманов: Очерк народного движения в Букеевской орде в 1837-1838 гг. – Оренбург: Издание общества изучения киркряя, 1925. – 20.
217. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1957. – 294.
218. Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата, 1967. – 134.
219. Смирнова Н.С. Казахская поэзия XV–XVIII вв. – В кн.: История казахской литературы. В 3-х томах. Т.2. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 14-15.
220. Соколова В.К. Русские исторические песни XVI-XVIII вв. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – 332.
221. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. – М., 1976.
222. Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы туралы. Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 202-208.
223. Төрекұлов Н. Жанқожа батыр. Кітапта: Қазақ тарихы жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 231-251.

224. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200.
225. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 392.
226. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220.
227. Тілепов Ж. Историзм казахской литературы XVIII-XIX веков. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 140.
228. Тілепов Ж. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы һәм жыраулар мұрасы. Алматы: Үш қиян, 2011. – 168.
229. Творогов О.В. Литература древней Руси. – М.: Просвещение, 1981. – 126.
230. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160.
231. Уахатов Б. Тарихи өлеңдер. Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. 64-81.
232. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965. – 680.
233. Умбетаев М.Б. Поэтическое наследие Суюнбая Аронулы и его исторические основы. Автореф. дисс...канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1981.
234. Унковский Иван. Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цэван-Рабтану. – СПб., 1887. – 278.
235. Харузин Алексей. Киргизы Букеевской орды. Вып.1-е. – М., 1889. – 550.
236. Чулошников А.П. Очерки по истории киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая. – Оренбург, 1924. – 294.
237. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1973. – 286.
238. Шаир яки қазақ ақындарының басты жырлары. – Оренбург, 68.
239. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы: Жазушы, 1976. – 161.
240. Шал ақын Құлекеұлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264.
241. Шалабаев Б. Очерки истории казахской дореволюционной литературы. – Алма-Ата, 1958.
242. Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1946. – 254.
243. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963. – 366.
244. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 320.
245. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1982.
246. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері (Баспаға дайындаған, беташар сөзін жазған ф.ғ.к., доцент Ж. Мәмбетов). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 288.

Жұмат Тілепов

филология ғылымдарының докторы, профессор

XIV-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

Басуға 30.12.2015 ж. қол қойылды. Формат 60x90^{1/16}.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Көлемі – 24,25 б.т.

Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 1100 дана.

Баспа есебінен – 30 дана.

Тапсырыс № 287.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz



Тілепов Жұмат Жұмалыұлы — қазақ әдебиетін зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналисттер одағының мүшесі.

Ол 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Алғашқы еңбек жолын Жетібай (Маңғыстау облысы) кентінде мұнайшылықтан бастаған. 1969-1999 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Қазақстан Коммунисті» журналында, «Қазақстан», «Жалын» баспаларында әдеби қызметкер, редактор, «Ғылым» баспасында бас редактор, Қазақстан ұлттық ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, ғылыми орталықтың басшысы, директордың орынбасары, Халықаралық журналистика институтының проректоры қызметтерін атқарған. 2000 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор.

300-ден астам ғылыми зерттеу еңбегі (оның ішінде 11-ы монография мен оқу құралы), бір проза, екі өлең кітабы жарық көрген. «Қазақ әдебиеті тарихы» (3-том, 2000), сондай-ақ бірнеше ұжымдық монография (1983-2012) авторларының бірі болған. «Бабалар мұрасының» 65-томының алғы сөзін жазған.

